

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Қ.ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ ӨңІРЛІК МЕМЛЕКЕТТІК  
УНИВЕРСИТЕТІ**



**«ЖАСТАР, ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯ» атты Елбасы  
Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы мен  
«Жастар жылы» аясында өткізілген студенттер, магистранттар, PhD  
докторанттардың XV Халықаралық ғылыми-тәжірибелік  
конференциясының  
МАТЕРИАЛДАРЫ  
II ТОМ  
2019 жылдың 12 сәуірі**

**МАТЕРИАЛЫ**

**Материалы XV Международной научно-практической конференции  
студентов, магистрантов, PhD докторантов «МОЛОДЕЖЬ, НАУКА И  
ИННОВАЦИИ», проводимой в рамках программы главы государства  
Н.А.Назарбаева «Взгляд в будущее: модернизация  
общественного сознания» и «Года молодежи»  
ТОМ II  
12 апреля 2019 года**

**MATERIALS**

**of the XV International Scientific-Practical Conference of Students,  
Postgraduates and Doctoral Students «YOUTH, SCIENCE AND  
INNOVATIONS» in the Frame of the Program of the State Head  
N.A. Nazarbayev “View to the Future: Modernization  
of Social Consciousness” and “Year of Youth”  
II TOM  
April 12, 2019**

**Ақтөбе-Актобе-Aktobe**

УДК 001(063)

ББК 72 Ж33

**Редакция алқасы:** **Ердембеков Б.А.** – Қ. Жұбанов атындағы АӨМУ ректоры, филолог.ғ.д., профессор, ұйымдастыру комитетінің төрағасы; **Шүңкеев К.Ш.** – Стратегиялық даму жөніндегі проректор, ф.-м.ғ.д., профессор; **Абенова Б.С.** – Оқу ісі жөніндегі проректор, тар.ғ.к., доцент; **Бекназаров Р.А.** – Ғылым және инновациялар жөніндегі проректор, тар.ғ.д., доцент; **Бердыбаев Н.М.** – Әлеуметтік және тәрбие ісі жөніндегі проректор, құқықтану магистрі; **Борамбаев Г.М.** – Ректор аппаратының басшысы; **Иісбек Б.** – Ғылыми-инновациялық бағдарламалар департаментінің директоры; **Бишекен С.К.** – Білім беру процессін ұйымдастыру департаменті директоры; **Сатыбалдина Қ.Т.** - Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты департаментінің директоры; **Шоқым Г.Т.** - Халықаралық ынтымақтастық орталығының директоры; **Абилдаева Ж.І.** – Маркетинг орталығының директоры; **Мухтаров А.Т.** – Техникалық факультетінің деканы; **Бекбауова А.У.** – Физика-математика факультетінің деканы, ф.-м.ғ.к., доцент; **Мұхтаров С.С.** - Кәсіби-шығармашылық факультетінің деканы, филолог.ғ.к., доцент; **Тасмағанбетов А.Б.** - Экономика және құқық факультетінің деканы, э.ғ.к.; **Жүсіпова Ж.А.** – Педагогика факультетінің деканы, пед.ғ.к., доцент; **Махамбетов М.Ж.** – Жаратылыстану факультетінің деканы, PhD докторы; **Купенова Г.Ы.** – Тарих факультетінің деканы, тар.ғ.к., доцент; **Садирова К.Қ.** – Филология факультетінің деканы, филолог.ғ.к., доцент; **Баядилова-Алтыбаева А.Б.** – Шетел тілдері факультетінің деканы, гуманитарлық ғылымдар магистрі; **Үйсінбаева Г.Н.** – Жоғары колледж директоры. ; **Иманбаева З.Ө.** – экономика және құқық факультеті деканының ғылыми-зерттеу жұмыстары жөніндегі орынбасары, э.ғ.к.; **Оспанов Д.Е.** – Мемлекеттік басқару және маркетинг кафедрасының оқытушысы, экономика ғылымдарының магистрі.

**Ж33. «ЖАСТАР, ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯ»** атты Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы мен «Жастар жылы» аясында өткізілген студенттер, магистранттар, PhD докторанттардың XV Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. 2019 жыл. = Материалы XV Международной научно-практической конференции студентов, магистрантов, PhD докторантов **«МОЛОДЕЖЬ, НАУКА И ИННОВАЦИИ»**, проводимой в рамках программы главы государства Н.А.Назарбаева «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» и «Года молодежи». 2019 год. = **YOUTH, SCIENCE AND INNOVATIONS: Materials of the XIV International Scientific-Practical Conference of Students, Graduates, Postgraduates, Doctoral Students and Young Scientists in the Frame of Program of State Head N.A. Nazarbayev «View in the Future: Modernization of Social Consciousness»** – Ақтөбе: Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, 2019.

**ISBN 978-601-7959-12-8**

Жинаққа «Жастар, ғылым және инновация» атты XV Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының қорытындысы бойынша философия, тарих, филология, педагогика, психология, экономика, құқық, музыка, спорт, математика, физика, информатика, жаратылыстану және техникалық ғылымдарының өзекті мәселелері бойынша студенттер, магистранттар, аспиранттар, докторанттар және жас ғалымдардың ең үздік ғылыми еңбектері енгізілген.

В сборнике по итогам XV Международного научно-практического конференции «Молодежь, наука и инновация» представлены лучшие научные работы студентов, магистрантов, аспирантов, докторантов и молодых ученых, посвященные актуальным вопросам философии, истории, филологии, педагогики, психологии, экономики, правоведения, музыки, спорта, математики, физики, информатики, естественных и технических наук.

The best scientific works of students, graduates, postgraduate students, doctoral students and young scientists on the top issues of philosophy, history, philology, pedagogy, psychology, economics, law, music, sports, mathematics, physics, computer science, natural and technical sciences are presented in the collection following the results of the XV International Scientific and Practical Conference «Youth, Science and Innovations».

УДК 001(063)

ББК 72

**ISBN 978-601-7959-12-8**

© Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті. 2019

**№ 4 СЕКЦИЯ**  
**«ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ БИОЛАНУАНТҮРЛІЛІКТІ САҚТАУ**  
**ПРОБЛЕМАЛАРЫ»**

**СЕКЦИЯ № 4**  
**«ОХРАНА ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДЫ И ПРОБЛЕМЫ СОХРАНЕНИЯ**  
**БИОРАЗНООБРАЗИЯ»**

**ЖШС «ТЕҢІШЕВРОЙЛ» ӨНЕРКӘСІБІНДЕ ӨНДІРІС КЕЗІНДЕ ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ӘСЕРІ**


**Тауова Н.Р.**

Х.Досмухамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

Қазіргі таңдағы ең өзекті проблеманың бірі ол табиғат экологиясы, оның ластанып адам денсаулығын күрт нашарлату болып отыр. Қоршаған ортаға қауыпті заттардың қатарына улы заттар, ауыр металдар, нитраттар, нитриттер, пестицидтер т.б жатады. Кең таралған химиялық заттардың ішінде канцерогендер өте қауіптісі - бензопирен. Бұл заттар адам организміне ауаның құрамы, су азық түлік арқылы түседі. Мұндай улы заттар көбіне тыныс органдарын-өкпе мен қолқаның қызметін бұзады. Егер біз өкпе арқылы тәулігіне 200л ауа өткізсек онда ауаның құрылымындағы зиянды газдарды қоса қабылдайтынымыз белгілі.

Соның ішінде ауаның ластануы оған шамадан тыс  $H_2S$  (күкірт сутегінің) бөлінуі өзекті проблеманың бірі. Осы проблеманы шешуге ауаға зиянды заттарды жібермеуге, соның ішінде улы газдар мен қалдықтарды жою әр бір тұрғынның күресуге тиісті ісі. [1, с. 11-13]

Атмосфераның бұзылуына байланысты экологиялық проблемалар да кездесетінін біздің жасырмауға болады. Айталық мұнай өндіру көлемі 13,5 млн тонна құраса содан ауа атмосферасына 68,2 мың тонна зиянды заттар бөлініп шығып отыр. Облысымызда күннен күнге мұнай өндіру компаниялары көбейіп келеді. Ал олардың қалдық шығындарын төмендегі диаграммадан көруге болады:



Олардың ішінде Маңғыстау мұнай газ, Қазмұнайгаз, Қаражанбас мұнай, және тағы сол сияқты ірі компаниялардың бірі ол Теңізшевройл. Теңіз кенішін 1993 жылдан бері игеріп жатырған Теңізшевройл кәсіпорыны жер бетіне 8 миллионға жуық күкірт жинақтап оны ашық алаңға блок күйінде сақтап отыр. Ал жалпы күкірттің мұнай өнімімен бірге шығу мөлшерін 2015 жыл мен 2016 салыстырсақ 2015 жылы 650 мың тонна сұйық күкірт бөлінсе ал 2016 жылы 800мың тонна бөлінген, 2015 800мың тонна ұсақ күкірт бөлінсе 2016 жылы 130 мың тонна бөлініп шыққан. Сонымен қаттар 2015 жылы қиыршықты күкірт 500 мың тонна қабықшақты 100мың тонна; 2016жылы қиыршықты 500 мың тонна қабыршақты 900 мың тонна бөлінген. Бұл ең үлкен көрсеткіш және өте үлкен көлемде мұнай қалдықтарының еш пайдасыз қалып қоюы олардың атмосфераға әкелер зияны негізгі проблемалардың бірі болып табылады. [2, с. 21-23]

Күкірттің химиялық белсенділігі жоғары Менделеев тізбегіндегі түгелге жуық элементтермен қосылып кетуге бейім. Бөлме температурасында күкірт сілтілік және тақылтетес металдармен, сондай-ақ мыс пен күміс пен қорғасын мен сынап пен қызған кезде қорғасын мен қалайы мен никель мен кобальт пен мырыш пен қосылып кетеді. Бөлме температурасы жағдайында ылғалы мол жерде күкірт күкіртті газ немесе күкірт қышқылы пайда болатындай аз мөлшерде ғана қышқылданады. Бұл процесс теңіздегі күкірттің қышқылдануы-күкірт қышқылы пайда болатындай аз мөлшерде ғана қышқылданады. Күкірт пен оттегі булары араласып кетсе жарылыс болады. Күкірттің тотықтануы үшін әсіресе жаз мезгілі өте қолайлы; күкірт бетінің жатуы, оттегі мен еркін араласу мүмкіндігі, ультра күлгін сәуленің түсуі бар.

2011 жылғы жалпы шығарынды құрамындағы ластаушы заттардың үлесі 2-ші суретте көрсетілген. [3, с. 41-43]



Сурет 2- 2011 жылғы жалпы шығарынды құрамындағы ластаушы заттардың үлесі

Стационарлық шығарынды көздерінен шығатын ластаушы заттардың сарабы нәтижесінде 2004 жылы ауаға шамамен 37 % күкірт диоксиді (SO<sub>2</sub>) және шамамен 27 % көміртек оксиді (CO) шығарылғандығы анықталды. Ал, 2009 жылы ластаушы заттар шығарындыларының үлесін ауаға таралу пайызы өзгерді (2-суретін қараңыз). Шығарынды құрамындағы негізгі үлесті 35 %-бен көміртек оксиді (CO) құраса, көмірсүтегі шамамен 28 %-ды құрады. Күкірт диоксиді (SO<sub>2</sub>) сәл ғана аз 23 %, азот оксиді (NO<sub>2</sub>) – 13 %-дай және мардымсыз мөлшерде күкіртті сутек пен басқа заттар болды. Жылжымалы шығарынды көздері стационарлық шығарынды көздеріне (жылына 60908 тонна) қарағанда 6,5 %-дан (шамамен жылына 3940 тонна) төмен ластаушы заттар бөледі. Олардың ішінде азот оксиді (NO) мен көміртек оксиді (CO) ең көп бөлінеді. [4, с. 2-5]

Күкіртті сақтау алаңынан атмосфераға бөлінетін негізгі ластаушы зат – күкіртті сутек болып табылады. ТШО үшін атмосферадағы қалдықтарды төмендету шаралары:

1. көбікті шаңсыздандыру жүйесінің құрылғысы;
2. сұйық күкірттен күкіртті сутек буын аулау үшін сұйық күкіртті газдансыздандыру жүйесінің құрылғысы;
3. қалдықтарды 100%-ға кемітетін, екі механикалық насостарды пайдалану;
4. арматураларды ашық тығындармен жабу;
5. клапандарда графитті тығыздықтарды пайдалану;
6. газды анықтайтын электронды жүйелерді пайдаланумен газдану деңгейін бақылау. [5, с. 16-18]

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Способствуя процветанию Казахстана и сохраняя окружающую среду (ежемесячный журнал) Тенгизшевройл 2011
2. Тенгизшевройл (Экологический бюлетень 2006-2007-2008)
3. Отчет. Оценка современного состояния компонентов окружающей среды в районе размещения объектов ТШО. 2015
4. Журнал «Нефть и газ» №2. 2015 г. статья «Проблемы загрязнения окружающей среды нефтегазовой отраслью РК». Е.Т. Жанбуршин.
5. Инструкция по проведению оценки воздействия намечаемой хозяйственной и иной деятельности на окружающую среду при разработке предплановой, предпроектной и проектной документации. Астана, 2012 г.

## РАДИАЦИОННАЯ ОБСТАНОВКА АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ

Бекбаулина Н.С.

Актюбинский региональный государственный университет  
им. К. Жубанова

Актюбинская область занимает обширную территорию - более 300,000 тыс.кв.км, включает в себя разные экосистемы с разнообразной флорой и фауной. Территория Актюбинской области расположена на высоте 200 до 260 м над уровнем моря. Регион удален от морей и океанов и расположен в центре Евро - Азиатского континента. Климат региона резко континентальный и характеризуется резкими перепадами температур. Зима холодная и суровая, лето жаркое. Отмечается дефицит атмосферных осадков и низкая влажность воздуха. В летние периоды сухие подогретые массы воздуха поступают из пустыни Средней Азии и Ирана, северные холодные – из Урала. Актюбинская область относится к засушливым районам Казахстана. Сток рек и временных водотоков формируется почти исключительно за счет зимних осадков. Основной фазой водного режима рек области является весеннее половодье, на которое приходится большая часть годового стока. В летне-осеннюю и зимнюю межень водность большинства рек области незначительна, многие водотоки в это время пересыхают и замерзают. Гидрографическая сеть представлена семью основными реками: Орь, Илек, Большая Хобда, Уил, Сагиз, Иргиз, Эмба. Актюбинская область имеет достаточно высокий уровень экономического развития. Открыты крупные месторождения нефти, газа, хромовых, медных, титановых, фосфоритных руд, калийной соли. Имеются месторождения угля, которые используются для местных нужд. По видам природных ресурсов и отраслям специализации на территории области выделяют 3 основных региона: северная часть области индустриально-аграрная, где сосредоточены горно-добывающая, металлургическая, машиностроительная отрасли промышленности и земледелие; горно-добывающий аграрный центр (Эмба, Илекское междуречье) с добычей нефти и газа, с развитым земледелием и животноводством; южная часть области животноводческая, где получили развитие овцеводство, коневодство и верблюдоводство. В течение многих десятилетий при экстенсивном развитии экономики, воздействие на окружающую среду не учитывалось, в связи, с чем в регионе накопилось много нерешенных проблем.

К ним относится интенсивное загрязнение бассейна реки Илек шестивалентным хромом и бором, загрязнение воздуха и почв, деградация земель, накопление твердо-бытовых и промышленных отходов, уменьшение лесопокрытых территорий, видового разнообразия животного мира. Одновременно огромное отрицательное воздействие на окружающую среду оказало усыхание Аральского моря. Развитие промышленного и сельскохозяйственного производства в области зачастую происходило с нарушением экологических норм и требований, что оказало негативное влияние на все виды природных ресурсов и здоровье населения. Защита природной среды от загрязнения отходами в немалой степени зависит от оснащенности предприятий очистными сооружениями и эффективности степени очистки загрязняющих веществ.

Анализ экологической обстановки, лабораторные исследования, отчеты предприятий показывают, что состояние окружающей среды в области остается напряженным. В результате выполнения намеченных приоритетных направлений за 2017 год радиационная обстановка на территории Актюбинской области остается стабильной. На контроле по Актюбинской области находятся 174 объекта использующие источники ионизирующего излучения (2017 г-167), в т.ч.:30 промышленных предприятий, 144 кабинета лучевой диагностики и терапии (ЛПО). Общее количество источников ионизирующего излучения 510 ед., в т.ч. ампульных радионуклидных источников 204 единиц, 2 аппарата нейтронного излучения, 304 аппарата генерирующих рентгеновское излучение. В открытом виде техногенные радионуклидные источники на территории области не используются. На территории Актюбинской области радиоактивных отходов подлежащих захоронению нет. Месторождения Актюбинской области в радиационном отношении в основном характеризуется, как благополучные. Производственное облучение работников нефтегазового комплекса за счет природных источников ионизирующего излучения не превышают  $1 \text{ м}^3/\text{год}$ . Проводились радиометрические замеры на производственных участках, на территории нефтедобывающих скважин, местах складирования различных отходов производства, в помещениях административно-бытового комплекса. Проведено 452 замеров мощности экспозиционной дозы гамма излучения – и содержание эквивалентной равновесной объемной активности дочерних продуктов и радона и торона -162. Превышение установленного уровня МЭД гамма излучения и плотности потока радона не обнаружены. Профессионально работают с источниками ионизирующего излучения 530 человек. Индивидуальным дозиметрическим контролем охвачено 100%. Вводится постоянное наблюдение за радиационной обстановкой на территории Байганинского района, где в 1987 году был произведен подземный ядерный взрыв. В соответствии с годовым планом работы по Актюбинской области, проведено радиологическое обследование место ядерного взрыва на территории Байганинского района. Проведены радиометрические замеры мощности экспозиционной дозы гамма излучения в эпицентре взрыва в радиусе 400 м, уровень ионизирующего излучения составил 0,11 – 0,16 мкЗв/час, что не превышает допустимые значения. За 2018 г. проведены радиометрические исследования на радиоактивность: питьевой воды 49; пищевых продуктов 4; почвы 34; травы 5; топливно- энергетического сырья 23, вода из открытых водоемов 5. При гаммаспектрометрическом исследовании отобранных образцов внешней среды с эпицентра взрыва и с территории близлежащих населенных пунктов удельная активность техногенных радионуклидных источников не превышает нормативные показатели. Проведены обследования с замерами

мощности экспозиционной дозы гамма излучения территории земельных участков под строительство объектов различного назначения: земельные участки под строительство объектов мощности дозы гамма излучения 72931, радон 415, в жилых и общественных зданиях проведены мощности дозы гамма излучения 69 773 измерений, радон 4708. Превышение установленного уровня мощности экспозиционной дозы гамма излучения и плотности потока радона не обнаружены. За 2017 года проведены лабораторные исследования проб на содержание радиоактивных веществ: вода с открытых водоемов 83; топливно-энергетическое сырье 122; стройматериалы 270, почвы 309. В исследованных пробах превышение допустимых уровней техногенных радионуклидных источников не выявлено. На территории Актобинской области урановой отрасли нет. Контроль за радиоактивным загрязнением в приземной атмосфере территории Актобинской области осуществляется Актобинским центром Казгидромет, Тобыл-Торгайским департаментом экологии и Департаментом комитета государственного санитарно - эпидемиологическим надзором МЗ РК по Актобинской области. Казгидромет ведет наблюдение за радиацией на трех метеорологических станциях (МС), - в Шалкаре, Жаркамысе в Байганинском районе и в Родниковке Мартукского района. На станциях проводится пятисуточный отбор проб. Отобраны пробы планшеты высылаются в отдел химико-аналитических исследований Центра экологического мониторинга окружающей среды в г. Алматы. Среднесуточная плотность радиоактивных выпадений в приземной атмосфере на территории Актобинской области колеблется в пределах 0,9- 1,3 Бк/м<sup>2</sup> (9-13 мкр/час). Под контролем департамента КГСЭН МЗ РК по Актобинской области находятся 169 объектов использующие источники ионизирующего излучения и в т.ч.: 138 кабинетов лучевой диагностики, 15 объектов промышленной радиографии, 7 по проведению геофизических исследований, 1 по производству рентгеновских аппаратов, 1 специального назначения, 2 по добыче хромовой руды, 1 по добыче медной руды, 1 завод ферросплавов, 1 по производству силикатного кирпича, 1 по сбору, заготовке и реализации металлолома, 1 по производству минеральной ваты. Продолжается работа по радоновым замерам территории области. Исследования проводились на территориях населенных пунктов в здании ДДУ, школ и ЛПО. Проведено 3306 замеров эксхляций радона и 62332 замеров мощности экспозиционной дозы гамма излучения. Результатами обследования превышений в разрезе территории районов области не установлены. В среднем объемная активность радона по территории области составила 137 Бк/м<sup>3</sup>, мощность экспозиционной дозы 0,05-0,17 мкЗв/час, что не превышает допустимые уровни. На территории области зарегистрировано 12 организации занимающихся экспортом лома черных и цветных металлов. Обследованы 1925 вагонов с грузом вторичного сырья (металлолома). Случаев возврата вагонов на территорию области по причине радиоактивного загрязнения не зафиксировано. За отчетный период Тобыл - Торгайским департаментом экологии проведено 9 проверок на радиацию. Это АО «Компания ГИС», АО «Вагонсервис», ТОО «Бриг», ТОО «ТЭК Казахстан» и т.д., превышение радиационного фона не наблюдалось.

#### **Использованные источники:**

1. Белянин В.И. Отчет «Оценка воздействия на окружающую среду (подземные воды и экзопроцессы) ликвидации Березовского рудника и рекомендации по уменьшению отрицательных последствий (геоэкологические исследования)», 1998г.
2. Казовский Г.Л. Отчет «Оценка влияния хвостохранилища обогатительной фабрики Зыряновского горно-обогатительного комплекса на водные ресурсы района и меры по обеспечению его экологической безопасности», 2009 г.
3. Амбросьев В.К. Безопасность жизнедеятельности: Учебник для вузов – М. Юнити, 1998г.
4. Сугробов Н.П., Фролов В.В. Строительная Экология. – учеб. Пособие для сред. Проф. Образования –М: издательский центр «Академия» 2006.-416с.

## **ОЧИСТКА ПРОИЗВОДСТВЕННЫХ СТОЧНЫХ ВОД С ПОМОЩЬЮ ПОЛЕЙ ФИЛЬТРАЦИИ**

**Бекбаулина Н.С. Жусупова А.А.**

Актобинский региональный государственный университет  
им. К. Жубанова

Целью данной работы является создание биологических полей фильтрации для очистки производственных сточных вод. Проблема очистки сточных вод является одной из острых тем нашей современности и несмотря на предпринимаемые усилия, остаётся актуальной. Современной промышленности необходимо много воды. Ее потребляется в сотни раз больше, чем всех природных веществ вместе взятых. [1, с.392].

Сложность и многогранность проблемы охраны окружающей среды и рационального использования природных ресурсов заставили человека более пристально посмотреть на естественные механизмы самовосстановления и самосохранения, которыми обладает природа. Создавая заслоны на пути загрязнения атмосферы и водоемов, ученые все более активно подключают к этому процессу и механизмы природные. Я считаю, что если существует загрязнение, то должен существовать способ очистки, а лучше всего если этот способ будет биологическим, ведь именно такой способ обеспечит наибольшую эффективность и также низкую себестоимость. Таким способом могут послужить растения. Природа возложила на высшие водные растения

ответственнейшие обязанности-быть очистителями водных источников от загрязнения. Пожалуй, лучше всего с этим справляется тростник. Тростник крупное многолетнее и неприхотливое растение. Именно в силу своей неприхотливости оно распространено и необычайно широко встречается во всех частях света. (рис.1) [2, с. 344]



Рисунок 1. Тростник обыкновенный

Растет тростник в периодически затопляемых паводковыми водами поймах и по берегам рек, прудов, озер, по побережьям морей, искусственных водохранилищ, даже если его корни скрыты двухметровым слоем воды. Какие же факты говорят о том, что тростник мощный природный очиститель водоемов? Да вот хотя бы такие наблюдения: тростник способен расти в воде соленых лиманов, озер, по берегам морей, вблизи серных источников, в сильно загрязненных промышленными стоками водоемах. Объясняется это явление некоторыми биологическими особенностями строения и развития тростника. Полые побеги тростника, напоминающие узловатую соломинку, ежегодно отрастают от так называемых почек возобновления, образующихся на длинных трубчатых и узловатых подземных корневищах. Корни толщиной 5-6 см имеют большие внутренние воздушные полости, перегороженные поперечными диафрагмами. Именно эти воздушные полости помогают тростнику приспособляться к крайне неблагоприятному газовому составу болотных почв. А в такой почве содержится до 70% метана, около 10% двуокиси углерода, 2% сероводорода и примерно 17% азота и 1% водорода, причем азот и водород находятся в активной восстановительной форме. Примечательно, что в составе почвенного воздуха болот почти нет кислорода, а содержание углекислоты резко увеличено. [3, с.704 -705] Метод очистки с помощью тростника предложила ещё в 60-е годы XX века немецкий учёный Кате Шейдел. Она заметила, что в почве около корней тростников и камышей обитает большое количество микроорганизмов разных видов, способных легко разлагать органические соединения и соединения тяжёлых металлов. Продукты разложения при этом хорошо поглощаются и накапливаются тростниками и камышами. Эффект очистки таким методом достигает для бытовых сточных вод 92—95% (например, по аммонии, нитратам, фосфатам и др.) и для промышленных сточных вод, содержащих металлы, — 90% (по меди, железу, цинку и др.).

Тростник обыкновенный особенно хорошо развивается и пышно растёт там, где больше сероводорода и сульфидов. На трех-пяти нижних узлах побега, покрытых водой, развивается густая мочковатая сеть дополнительных водно-воздушных корней. По данным исследователей, осмотическая поверхность их часто превышает площадь, занятую растениями, в пять - десять, а иногда и в пятнадцать раз. В жизни растений эти корни являются как бы механическим фильтром, с помощью которого задерживаются находящиеся в воде всевозможные мелкие частицы: минеральные и органические твердые взвеси, глина, песок, мелкие растительные и животные волокна, жировые и нефтяные эмульсии, хлопья коллоидов и так далее, и вода очищается от этих твердых компонентов. Однако, роль дополнительных водно-воздушных корней тростника не ограничивается только механической очисткой воды от взвешенных в ней частиц. С помощью этих корней растения извлекают из воды различные растворенные в ней питательные вещества для тростника, но балластные и даже токсичные для водоемов и рек вещества и соли. Особенно опасны для живых существ свинец и ртуть. Трагические последствия отравления соединениями ртути, аккумулировавшимися в морских животных, которые используются человеком в пищу, были зафиксированы в Японии. Тростник и здесь выходит победителем. [4, с.248]

Таким образом, мы предлагаем создание полей фильтрации. В верхнем слое почвы высадить тростники с плотностью 20 растений/м<sup>2</sup>. Ниже расположить слой песка и слои гравия, состоящие из частиц различного диаметра. В самом низу расположить трубы, которые послужат для отведения очищенных вод с помощью системы насосов. Стены и дно поля покрыть непроницаемым материалом. Из чего следует, что сточные воды, перекачанные в очищающее поле, сначала подвергаются биологической очистке слоем тростника, затем — механической очистке в слоях песка и гравия, после чего их выкачивают с помощью системы труб и насосов. (рис.2) [5, с. 480].




Рисунок 2. Компьютерная модель принципа действия полей фильтрации

В заключение хочу сказать, что данный метод не требует больших затрат ни на постройку поля, ни на его эксплуатацию, продолжительность которой может достигать от 30 до 50 лет. Этот способ благоприятно воздействует на окружающую среду и не загрязняет биосферу.

#### Использованные источники:

1. Родионов А.И., Кузнецов Ю.П., Соловьев Г.С. Защита биосферы от промышленных выбросов. Основы проектирования технологических процессов. – М.: Химия, Колос, 2005
2. Кривошеин Д.А., Кукин П.П., Лапин В.Л. Инженерная защита поверхностных вод от промышленных стоков/Учеб.пособие – М.: Высшая школа, 2003
3. Яковлев С.В., Воронов Ю.В. Водоотведение и очистка сточных вод/Учебник для вузов: - М.: АСВ, 2004
4. Евилевич А.М., Евилевич В.А. Утилизация осадков сточных вод – Л.: Стройиздат, 1988
5. Хенце М. Очистка сточных вод: Пер. с англ./ Хенце М., Армоэс П., Ля-Кур-Янсен Й., Арван Э. – М.: Мир, 2006

## ВЛИЯНИЕ АВТОТРАНСПОРТНЫХ СРЕДСТВ НА ОКРУЖАЮЩУЮ СРЕДУ

**Бекбаулина Н.С., Китибаев Б.Д**

Актюбинский региональный государственный университет  
им. К. Жубанова

С момента своего появления человечество неумолимо движется по пути именуемым прогрессом. Прогресс является его главным двигателем и также является его главным оружием. Именно благодаря научно-техническим революциям, на данный момент мы являемся созерцателями невероятных вещей, которые до смеха упрощают нам повседневную жизнь. Одним из таких великих творений является автомобиль. Транспорт являлся предметом необходимости еще с древних времен. Наши предки довольно быстро сообразили, что оседлать коня и преодолеть на нем степь много легче многодневных скитаний пешком. Итак, наш прогресс в транспорте эволюционировал от коня и вьючных животных до современных автомобилей, самолетов, поездов и т.д. И тем не менее, у каждой медали есть обратная сторона. Каждая покоренная научно-техническая вершина сказывалась на окружающей среде. И, к сожалению, в основном негативными последствиями. Сегодня мы поговорим о влиянии автомобилей на окружающую среду. На данный момент ситуация в Казахстане обстоит таким образом, что автомобиль уже давно не является предметом роскоши, скорее он для нас уже как предмет необходимости. Жить в ритме современных реалий и поспевать за всем этим без личного транспортного средства, довольно таки проблематично, не так ли? А вы задумывались вообще о том, насколько сильно вы причиняете вред окружающей среде? Если да, то насколько часто? Чтобы упростить вам задачу я решил провести некий наблюдательный эксперимент, результатом которого, будет примерное влияние человека с личным транспортным средством на окружающую среду. В качестве субъекта эксперимента возьмем среднестатистическую семью города Актобе, состоящую из работающих мужа, жены и их ребенка, посещающего детский сад. Условно возьмем за место работы мужа, неизвестный завод АЗФ, жена, скажем, работает там же, детский сад ребенка находится в паре километров от их дома, в то время как они сами проживают в центре города, скажем, они являются счастливыми обладателями квартиры в многоэтажном здании, напротив главного футбольного стадиона города. Рабочий график вышесказанной пары, стандартный 5/2. То есть приступаем к расчету ежедневных поездок нашей замечательной



семейки. Расстояние от их жилья Стадиона (ориентировочная точка) до завода АЗФ примерно 5 км + 2 км на то чтобы завезти ребенка в садик. После закончившегося рабочего дня, чтобы добраться домой они покрывают примерно то же расстояние, плюс добавим еще 1 км на внезапные посещения супермаркета и т.д. Итог в день получается суммарно 15 км. А также возьмем в расчет 2 выходных дня, где сумма километража варьируется от количества различных деловых и домашних дел, скажем примерно 10 км на 2 выходных дня в среднем. Прибегая к помощи математики, мы вычисляем среднее арифметическое число, т.е.  $(15+15+15+15+15+5+5)/7=12$  км. И так, теперь мы имеем примерное количество километража среднестатистической семьи за день. Далее высчитываем выбросы отработанных газов с помощью пройденного километража. За нормы выброса примем стандарт Евро -6, согласно требованиям которого, для бензиновых двигателей устанавливаются следующие допустимые выбросы вредных веществ (г/км):

Оксид углерода(CO) -1  
Углеводород(CH)-0,1  
Оксид азота(NOx)-0,06  
Взвешенные частицы (PM)-0,005  
Тем самым, считаем примерный выброс CO,  
 $12 \times 1=12$   
 $12 \times 30=360$   
 $360 \times 12=4320$  г CO

Одна машина объемом всего лишь в 2 литра, при таком, почти что минимальном эксплуатировании, в год выбрасывает в атмосферу 4 кг оксида углерода. По данным Комитета статистики РК, на 1 января 2019 года в Казахстане зарегистрировано 3 848 000 легковых автомобилей. Цифры здесь, красноречивей любых слов. И так, теперь просто представьте, что в своем эксперименте, мы все данные взяли условно и в более позитивной форме нежели в действительности. Весь эксперимент был проделан исключительно для наглядного примера и представления примерной картины в целом. Ведь выбросы зависят от многих других факторов, таких как год выпуска автомобиля, тип используемого топлива, манера езды, загруженность автотрафика и т.д. И это только легковые автомобили, и как насчет автобусов, скутеров, мотоциклов, различной строительной техники, военной техники, авиатехники и других машин чей расход сгораемого топлива во много раз превышает расход обычного легкового автомобиля. Каждый день безостановочно. В эту секунду, пока вы читаете этот текст в мире сжигаются тысячи тонн топлива и столько же выбрасываются в атмосферу вредных, отработанных газов. Это проблема существует также, как и её решение. Нам всем стоит принять активное участие в поисках этого решения, бороться за наше “чистое”, безопасное будущее, бороться за природу.

#### Использованные источники:

1. Вишаренко В.С., Толоконцев Н.А. Экологические проблемы городов и здоровье человека. – Л.: Знание, 1982, - 32 с.
2. Земля людей. Круглый стол по проблеме «Человек и природа» Выпуск 5. М.: Знание, 1983, - 33 с. Народный университет, Естественнонаучный факультет.
3. Лебедева М.И., Анкудимова И.А. Экология: Уч. пособие. Тамбов: Изд-во Тамбовского государственного технического университета, 2002.
4. [www.aif.ru](http://www.aif.ru)
5. [www.stat.gov.kz](http://www.stat.gov.kz)

## БАЙҚОҢЫР ҒАРЫШ АЙЛАҒЫНЫҢ ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ӘСЕРІН АНЫҚТАУ

Муфтуллин Ғабдолла

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина университеті

Ғылым мен техниканың жетілуі, өндірістің қарқынды дамуы, жерасты қазба байлықтарын кеңінен пайдалану, транспорт түрлерінің көбеюі қоршаған ортаны түрлі химиялық қосылыстармен ластануда. Сондықтан, атмосфералық ауаға «Байқоңыр» ғарыш аймағынан ұшырылатын зымырандардың жанармай қалдықтары мен Арал теңізінен көтерілетін тұздың қоршаған ортаға әсері туралы толық мәліметтерді зерттеу қажет екендігін баса айтқымыз келеді. Жалға берілген Қазақстан аумағындағы ғарыш аймағын бақылау, болжау, зерттеу жұмыстарын қарқынды жүргізу негізге алынды. Қоршаған ортаның және халықтың экологиялық қауіпсіздігін нығайтып, қазіргі кездегі өзекті мәселелерді шешу көптеген жұмыстардың атқарылуын талап етеді[9].

**Зерттеудің мақсаты:** «Байқоңыр» ғарыш аймағының тигізер зиянды әсерін, жалпы ғарыш аймақтарының экологияға жеткізер зиянын, қолданыстағы зымыран тасымалдағыштар жанармайының зиянын айқындау.

#### Зерттеу міндеттері:

1. Байқоңыр ғарыш аймағы жөнінде мәліметтер жинақтау.
2. Зымыран тасымалдағыштардың қызметімен әртүрлі әдеби деректер арқылы танысу.
3. Зымыран тасымалдағыштардың қоршаған ортаға тигізетін әсерін қарастыру.

#### Зерттеу әдістері:

- 1.Ғылыми зерттеу жұмысы бойынша әдеби шолу жасау, материалдар жинау;
- 2.Жиналған материалдарға талдау жасау және жүйелеу;
- 3.Алынған мәліметтерге сәйкес нәтижелерді талдау.
- 4.Мәліметтерді статистикалық талдау негізінде қорытынды жасау.

#### **Зерттеу нысаны:**

Байқоңыр ғарыш айлағы.

«Байқоңырдың» құрылысы 1955 жылы басталып, әртүрлі мақсаттағы 1100 ғарыш аппараттары және 100-ден астам континентаралық баллистикалық зымырандар сыналыпты.«Байқоңыр» ғарыш айлағы 9 ұшу кешенін, ғарыш аппараттары мен зымыран тасығыштар құрастырып, сынақтан өткізілетін 11 ғимаратты, ғарыш аппараттары мен екпінді блоктарға отын және сығылған газды құюға арналған 3 стансаны, 2 аэродромды және өлшеу кешенін қамтиды. [1-2]

Аймақтың рельефі–тұзды топырақты, жылжымалы құмды төмпешіктер.Қуатты ғарыш ұшу аппараттары ұшырылатын «Байқоңыр» ғарыш айлағына жақын орналасқан аймақтарда ауа райы күрт бұзылып, 3-5 тәулікке дейін боранды құм суырып, жел болып, температураның (0-60С) төмендеу процесі жиі байқалатыны белгілі[4].

«Байқоңыр» ғарыш айлағынан ұшырылатын «Протон» зымыран жеткізгішінің бір рет ұшырылуына 180 тонна гептил құйылады. Радиоактивті гептил-суда ерімейтін қосылыс,азотты органикалық қосылысы гидрозин туындыларына жатады.Жер бетіне көп жиналып, улылығын жоғалтпай ұзақ уақыт сақтай алатын қосылыс. Тез арада тотығып кетеді де, кез келген денелермен реакцияға түседі және неше түрлі өнімдер түзеді. Олардың ішінде канцерогенді түрде әсер ететін заттар болады. Олар адам ағзасында неше түрлі қауіпті ісіктер туғызып, рак дертін дамытады. Арнаулы түрде жүргізілген зерттеу жұмыстарының қорытындыларына қарағанда, жерге түскен гептил жер бетіне, жердің үстіндегі және оның астындағы суларына тарап, оларды уландырады[5-6].Оттегінің ауа құрамындағы аз ғана ауытқушылығы тыныс алуға ғана емес, адам ағзасындағы зат алмасу процесіне де кері әсерін тигізіп, қан аздық, ақ қан түйіршіктерінің көбеюі, қатерлі ісік, тері аурулары мен көптеген медицинаның шамасы келмейтін дертті көбейтті.

2013 жылғы 2 шілдесінде Байқоңыр ғарыш айлағында «Протон-М» зымыран тасымалдағышы жарылды. Ол Ресейдің 3 спутнигін орбитаға алып шығу тиіс болатын. Алайда, ұшу барысында траекториясын өзгертіп, 10 секунд өткенде апатқа ұшырады. Апат болған аймақтағы халықтар денсаулығына зиян келмейтініне мамандар кепілдік бере алмады. Себебі, зымыран тасымалдағыштың бортында улы компоненттер 600 тонна гептил мен онил болған. Жарылыс салдарынан аспанда қою қара түтін аз уақыттан соң қою сары түсті бұлпақ айналды. Түтін гептил мен онилдің жануынан пайда болған.

Көптеген ғылыми зерттеулер ауа ылғалдылығының төмендеуін, жылдың әр мезгілінде температураның күрт өзгеруін ғарыш ұшу аппараттарының жұмысымен байланыстырады.Гептилдің экологияға келтіретін зардабы ұлтымызға төнген қасірет екенін сезінуіміз керек және сөзден іске көшетін уақыт жетті .

Қуатты ғарыш ұшу аппараттары ұшырылатын «Байқоңыр» ғарыш айлағына жақын орналасқан аймақтарда ауа райы күрт бұзылып, 3-5 тәулікке дейін боранды құм суырып, жел болып, температураның (0-60С) төмендеу процесі жиі байқалатыны белгілі.

«Байқоңыр» ғарыш айлағы орналасқан аймақтың басты экологиялық мәселесі – Арал теңізі деңгейінің төмендеуі және жердің тұзданып құрғақшылыққа айналу процесі.Ғарыш айлағының жұмысы қоршаған ортаға қосымша кері әсерін тигізуде:

- 1.Ұшу процесінен кейін, атмосфераның табиғи режимі бұзылады;
- 2.Атмосфераны және жер беті қабаттарын токсинді зымыран жанармайының қалдықтарымен ластайды;
- 3.Атмосфераның озон қабатын бұзады;
- 4.Территорияларды ұшу аппараттарының қалдықтарымен, сынықтарымен зақымдайды;
- 5.Қышқылды жаңбырдың жаууына себепші болады;
- 6.Ауқымды масштабта температураның жоғарлауына әсерін тигізеді.

#### **Қорытынды:**

1.Екі күн сайын Байқоңыр ғарыш айлағынан бір зымыран, айдан бір зымыран ұшатын болғандықтан, жердің қорғағыш озон қабаты тесіліп, метеориттер мен астероидтардың құлау қаупі пайда болды. Сол себептен зымыран ракеталардың ұшуының көптігін азайту үшін екі айда зымыран бір рет ғана ұшырылып отырылуы тиіс.

2.Байқоңыр ғарыш айлағының проблемасы сол аймаққа ғана емес, қазіргі күнде әлемдік проблема болып табылатын Арал теңізінің экологиясының нашарлауына да әсерін тигізуде.

3.Егінді жинау және бау-бақшалардың гүлдеуі кезінде токсинді химиялық қосылыстарды бөлетін зымырандарды ұшырмау;

4.Токсинді зымыран жанармайларын сақтауда және тасымалдауда қауіпсіздік шараларын сақтау;

5.Аймақтың суы, топырағы, өсімдіктеріне жан-жақты зерттеу жұмыстарын жүргізу;

6.Зымыран бөлшектері құлайтын аймақтардағы халықтың денсаулығын медициналық тексерулерден өткізу т.б. жұмыстар атқарылуы қажет.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. “Дүние”, 2004ж журнал №6,3
2. www.malimetter.org

3. Ермекбаев К.К. Актуальные проблемы влияния космодрома «Байконур» на состояние здоровья населения / К.К.Ермекбаев, Е.Н.Сраубаев, 2002
4. Ақбасова А.Ж., Саинова Г.Ә. Экология. Жоғары оқу орындарына арналған оқу құралы. Алматы, 2003.
5. Акимова Т.А., Хаскин В.В. Экология. Адам-экономика-биота-орта., М., «ЮНИТИ», 2007.
6. Сарпеков Р. Экологиялық қауіпсіздік- ғаламдық проблема // Дүние.-2003.-№5.-25б.
7. Сыбанбай У. Отарбамен-«Байқонырға» // Дүние.-2003.-№3,12б.
8. Концепция перехода Республики Казахстан к устойчивому развитию на 2007-2024 гг. (2006 г.).
9. Колумбаева С.Ж., Бильдебаева Р.М. Жалпы экология. Алматы, «Қазақ университеті», 2006.
10. Айбын. Энциклопедия. / Бас ред. Б.Ө.Жақып. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2015. - 880 бет.

*Ғылыми жетекші – медицина ғылымдарының кандидаты, доцент Айбасова Жұлдыз Абдрашитовна*

## **АВТОМОБИЛЬ КӨЛІГІ ЭКОЛОГИЯСЫНЫҢ КЕЙБІР ПРОБЛЕМАЛЫҚ СҰРАҚТАРЫ (Ақтөбе қаласы жағдайында)**

**Асқарова Ә.М., Сәнжан А.С.**

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Ақтөбе қаласы жағдайында автомобиль көлігінің қоршаған ортаға және адамға әсері көп қырлы және жол-көлік оқиғаларының салдарымен ғана шектелмейді.

Көлік атмосфералық ауаны, су қоймаларын және топырақты басты ластаушыларға жатады. Көлік ластануының әсерінен экожүйелердің азып-тозуы және жойылуы орын алады, ал негізгі магистральдарға жақын уытты заттардың ең жоғары концентрациясы шекті рұқсат етілген мөлшерден жиі асады. Бұл мәселе Қазақстан дамуының қазіргі кезеңінде өзекті болып табылады. Автомобильдер апат салдарының ғана емес, мыңдаған өлімнің себебі болып табылады. Статистикаға сәйкес, пайдаланылған газдардан автокөлік апаттарына қарағанда, әлдеқайда көп адам қайтыс болады [1,2].

2019 жылдың наурыз айына Ақтөбе қаласы бойынша қоршаған ортаның жағдайын қарастырайық. Атмосфералық ауаның жай-күйін бақылау стационарлық бекеттерде жүргізілді.



1-сурет. Ақтөбе қаласы бойынша атмосфералық ауаның ластану деңгейінің сипаттамасы

1-суретте көрсетілгендей, атмосфералық ауа өте жоғары ластану деңгейімен сипатталады, ол 12-ге тең Халықаралық бірліктер жүйесі мәнімен анықталады (өте жоғары көрсеткіш).

Мысалы, 2019 жылғы 7 наурызда № 2 Автоматты постының мәліметтері бойынша атмосфералық ауаның жоғары ластануының 1 жағдайы тіркелді - күкіртті сутегі бойынша 11,9 ШРК [5]

Автомобильдердің іштен жану қозғалтқыштарын диагностикалау және реттеу - бұл пайдаланылған газдардың уыттылығын төмендету, іштен жану қозғалтқыштарының үнемділігін және оларды пайдалану мерзімін арттыру жөніндегі қызметтің ең маңызды бағыттарының бірі. Бұл міндеттер тізбегі пайдаланылған газдардың құрамын бақылайтын газ анализаторы кіретін арнайы диагностикалық жабдықтың көмегімен шешіледі. Шығу тактасында жану камерасынан шығарылатын пайдаланылған газдардың құрамында улы және улы емес компоненттер

(барлығы - 200-ге жуық атау) бар, оларды химиялық құрамына, қоршаған ортаға және адам ағзасына әсер ету сипаты мен қасиеттеріне байланысты бірнеше топқа біріктіруге болады:

- улы емес компоненттер;
  - улы газ(көміртегі оксиді CO);
  - азот оксиді NO және азот диоксиді NO<sub>2</sub>;
  - хош иісті көмірсутектер (C<sub>x</sub>H<sub>x</sub> түр қосындылары) .Отын толық жанбаған кезде де пайда болады.
- Өлшеуді дәлірек жүргізу үшін MGA-5 газталдағышы негізге алынды.

№1 кесте. Қоршаған ортаны ластайтын көрсеткіштердің есебі.

Құраушылар	Шамасы	Lifan Solano Газ-бензин 4 цилиндрлі V= 1,5л 2010 ж. шыққан
CO	0,34%	
HC	384ппм	
CO <sub>2</sub>	12,86%	
O <sub>2</sub>	2,02%	
λ	1,085	

1-кестені негізге ала отырып, HC және O<sub>2</sub> құрамының жоғарылауы көрінеді, яғни оттегі Іштен жану камерасының пайдаланылған газдарына түседі және жанбаған бензинмен бірге қоршаған ортаның ластануына ықпал етеді. Бұл ретте газдың шығуы ұлғайтылды.

Ақтөбе қаласының Әбілхайыр хан және Ә. Молдағұлова көшелерінің қиылысындағы көміртек тотығының концентрациясы (CO) мен күкірт оксиді шығарындыларының (SO<sub>2</sub>) есебін зерттеу көрсеткендей, жол қиылысы ауданында бағдаршамның тыйым салатын сигналының алдында тежеу және тоқтау және бағдаршамның рұқсат беретін сигналынан кейін екпіндеу режимінде оның қозғалысы есебінен автомобильдің ластанушы заттардың едәуір мөлшері шығарылатынын көрсетті. Есептің деректері мынадай формула бойынша анықталады:

$$M = \sum_1^n (M_{П_1} + M_{П_2}) + \sum_1^{n_1} (M_{L_3} + M_{L_4}) + \sum_1^m (M_{П_3} + M_{П_4}) + \sum_1^{m_1} (M_{L_1} + M_{L_2})$$

Мұндағы  $M_{П_1}$ ,  $M_{П_2}$ ,  $M_{П_3}$ ,  $M_{П_4}$  - бағдаршамның тыйым салатын сигналы кезінде көше қиылысындағы автомобильдердің атмосфераға шығарындысы;

$M_{L_1}$ ,  $M_{L_2}$ ,  $M_{L_3}$ ,  $M_{L_4}$  - қарастырылып отырған уақыт кезеңінде осы автомагистраль бойынша қозғалатын автомобильдердің атмосфераға шығарындысы;

$m$ ,  $n$  – жол қиылысының алдындағы автокөлік ағынының тоқтау саны, тиісінше, 20 минуттық уақыт кезеңінде оны құрайтын бір және басқа көшелерде;

$m_1$ ,  $n_1$  - 20 минуттық уақыт кезеңінде бағдаршам сигналының қозғалысына рұқсат беретін кездегі көше қиылысындағы автокөлік құралдары ағынының қозғалыс кезеңдерінің саны [4].

Алынған нәтижелер күкірт оксиді шекті рұқсат етілген мөлшер шамасы 1 сағат ішінде 6,75 есе артқанын көрсетті.

Жол-көлік кешені Қазақстан экономикасының маңызды құрамдас элементі болып табылады. Бұл ретте көліктің жұмыс істеуі пайдаланылған газдардың шығуы және қоршаған ортаның ластануы есебінен табиғатқа теріс әсермен көрінуде. Сондықтан автокөліктің экологиялық мәселесі біздің өңірде өткір мәселе болып тұр. Оны шешу жолдарын іздеу қажет: отынның экологиялық таза түрлеріне көшу, автомобильдерді жаңа құрылымды қозғалтқышпен жабдықтау және т.б. Алайда бұл проблема бүгінгі күні шешуді талап етеді, ал бізге тек қана бейімделуге тура келеді [6].

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Автомобиль жолдары мен көпір өткелдерін жобалау кезінде қоршаған ортаны қорғау жөніндегі талаптарды есепке алу бойынша ұсынымдар / РФ Көлік министрлігі. М.: ОАО ГипродорНИИ, 1995. 124с.
2. СНиП;
3. Факторович А.А., Постников Г.И. Защита городов от транспортного шума. Киев: Будивельник, 1982.144с.
4. Қоршаған орта: энциклопедиялық сөздік-анықтама. М.: Прогресс 1999.304с.
5. Павлова Е.И. Экология транспорта: Учебник для вузов. - М.: Транспорт, 2000. 248с.
6. ҚР қоршаған ортасының жағдайы туралы ақпараттық бюллетень. Шығарылым №3, наурыз 2017ж. 180с.
7. Қалалық елді мекендер үшін жиынтық есептеулерді жүргізу кезінде автокөлік шығарындыларын есептеу әдісі ГОСТР 56162-2014. Москва. 18с.

*Ғылыми жетекші – аға-оқытушы, ғылыми магистрі Кантарбаев Н.А.*

## АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ АТМОСФЕРАСЫНЫҢ АВТОТРАНСПОРТ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫМЕН ЛАСТАНУЫН БАҒАЛАУ

Капина М.А.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Бағалау бойынша, қалаларда автокөлік үлесіне (қаладағы өндірістің дамуына және автомобильдер санына байланысты) шығарындылардың жалпы массасының 30 ... 70% тиесілі [1]. Аталған атмосферадағы зиянды ластаушы заттар көлік қозғалтқыштарындағы жанармайдың жануынан туындайтын атмосфералық химиялық ластану көздеріне жатады. Қазгидромет РММ мәліметтеріне сәйкес 2018 жылдың стационарлық бақылау желісінің деректері бойынша Ақтөбе қаласының атмосфералық ауасының ластану деңгейі жоғары болып бағаланды. Атмосфераның ластану индексі (АЛИ)  $I_{\text{н}}=7$  (жоғарғы деңгейді) құрады [2].


Жеңіл автокөліктер, оның ішінде бензин және газды көлік қозғалтқыштары атмосфералық ластанудың 85% құрайды. Жанармай газдарының құрамында кездесетін аса химиялық қосылыстар - күкіртті газ (0,5-10%) және көмірқышқыл газы (1-12%), 3,4-бенз(а)-пирен ( $20 \text{ мкг/м}^3$ ), альдегидтер, көміртегі тотығы - CO, көмірсутектер - CH<sub>4</sub>, азот тотығы - NO, азот диоксиді -NO<sub>2</sub>, күкірт диоксиді SO<sub>2</sub>. Дихлорэтан қосылған этилденген бензинмен жүретін автокөліктердің шығарынды газдарының құрамында қауіпті супер токсиканттар-тетрахлорбензо-диоксиндер (ПХДД) және полихлорланған дибензофурандар (ПХДФ) кездеседі. Аталған қосылыстар мөлшері көлік қозғалтқышының баяу жұмыс істеуі кезінде (кептеліс, автотұрақ) артады.

Көміртегі тотығы- қан гемоглобинімен байланысып, оттегінің ұлпаларға жеткізілуіне кедергі жасайды. Ауаның ластануының негізгі себебі, жанармайдың толық және біркелкі жанбауынан болады. Жанармайдың бар болғаны 15%-ы ғана автомобильді қозғауға жұмсалса, ал қалған 85 %-ы ауаға шығарылады. Автомобильдің қозғағышының жану камерасы да бұл улы заттарды синтездеп, оларды атмосфераға шығаратын өзгеше бір химиялық реактор. Тіптен ауадағы зиянсыз азоттың өзі жану камерасына түскенде, азоттың улы тотығына айналады. Жанармайдан бөлінген газ құрамы қолданылатын жанармайдың, майдың түріне, қозғалтқыштың жұмыс режиміне, оның техникалық жағдайына, автомобильдің қозғалу жағдайына байланысты.

Автотранспорттардың іштен жану қозғалтқыштарының жұмысы кезінде атмосфераға NO<sub>2</sub>, CO, SO<sub>2</sub> күйе және т.б. улы газдарды бөледі. Ауаға автотранспорттардан бөлінетін ластаушы заттар тыныс жолдары, бауыр, қан тамырлары, жүйке жүйесі ауруларын көбейтеді, ал түрлі зиянды заттардың қосындысы иммундық жүйені әлсіретіп, қатерлі ісік ауруларына шалдықтырады. Өкпе демігеді, онкологиялық аурулар пайда болады.


**Зерттеу материалдары мен әдістері.** Қала атмосферасының автотранспорттардың шығарындыларымен ластануын бағалау – Ақтөбе қ. Ә. Молдағұлова даңғылына (Әбілхайыр хан даңғылы мен Қ. Жұбанов көшесінің қиылысы) жүргізілді. Есептеу мәндері ретінде белгілі мерзім аралығында бақыланатын көшедегі автокөліктердің қозғалысының интенсивтілігі және нақты жол қозғалысының жағдайы мен автотранспорттардың әртүрлі типтері ескеріледі. (1- суретте есептеу жұмыстары жүргізілген көше көрсетілген). «Автотранспорт кәсіпорындарының ластаушы шығарындыларын есептеу әдістемесіне» сәйкес жүргізілді

Атмосфераның ластануын есептеу ОНД-86 «Кәсіпорынның шығарындыларының құрамындағы зиянды заттардың концентрацияларын есептеу әдістемесіне» сәйкес, атмосфераның ластануын есептеудің унифицирленген бағдарламасын пайдалану арқылы жүргізілді.



Сурет 1 – Автотранспорттар бөлетін аэрополлютанттармен атмосфераның ластануын анықтау жұмыстары жүргізілген көшенің көрінісі

Автотранспорттың іштен жану қозғалқыштарының жұмысы кезінде бөлінетін ластанушы заттардың атмосферада таралуы 2-3 – суреттерде көрсетілген.




Сурет 2 – SO<sub>2</sub> атмосферада таралу картасы

Атмосфераның ластануын есептеу ОНД-86 «Кәсіпорынның шығарындыларының құрамындағы зиянды заттардың концентрацияларын есептеу әдістемесіне» сәйкес, атмосфераның ластануын есептеудің унифицирленген бағдарламасының көмегімен жүргізілген есептеулер келесі нәтижені анықтады:

1) Бақылау нүктелерін SO<sub>2</sub> концентрациясы орта тәуліктік шекті жол берілген (ШЖК<sub>0,т.</sub>) мөлшерден асу үлесі 1,2 деңгейді құрады, қалған ластанушы заттардың концентрация ШЖК<sub>0,т.</sub> деңгейінен аспайды;

2) Автотранспорттардан бөлінген ластанушы заттар есептеу жұмыстары жүргізілген аумақты локалды түрде ластайды. Біршама уақыттан кейін қоршаған ортаның жағдайына (температура, желдің жылдамдығы, ауа қысымы және т.б. параметрлер) сәйкес ластанушы заттар ауада сейіледі.



Сурет 3 – Күйенің атмосферада таралу картасы

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Владимиров А.М. и др. Охрана окружающей среды / А.М. Владимиров и др. – СПб.: Гидрометеиздат 2004. – 624 с.
2. <https://kazhydromet.kz/kk/bulleten/okrsreda?year=2018>

Ғылыми жетекші - аға оқытушы, PhD Сарсембин У.Қ

## ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ БИОАЛУАНТҮРЛІЛІКТІ САҚТАУ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

### Елеу Мереке

Б.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты

- тұтынушылардың танымдық іс-әрекетін басқару;
- олардың жұмыс жасау қарқынын бақылау;
- курсты меңгеру қорытындысы бойынша бақылау жасау.

Автоматтандырылған оқыту курсы – бұл сандық, кескіндік, бейнелік, сурет, басқалай хабардың жиынтығы, сонымен қатар пайдаланушының баспа құжатнамалары [1].

Автоматтандырылған оқу құралы - бұл, оқулықты толық немесе жартылай ауыстыратын оқулық толықтырушы және ресми бекітілген басылым.

Гипермәтін – бір беттен екінші бетке тез өтуге мүмкіндік беретін тармақты жүйемен жабдықталған байланысы бар және электрондық түрде берілген мәтін

Интеллектуалдық түйін – логикалық операцияларды сандық және цифрлық формаларда іске асырушы бағдарламалардың арнайы кешені.

Компьютерлік түйсік – сұрағыңызға «ия» және «жоқ» индукция ойша пайымдаулар және ұғымдардың құруы жолымен көрнектілік қолданатын түсіндіру.

Компьютерлік қорытынды - қарапайым және табиғи ең келе, есептеулердің және өзгертулер сонша талап етілгенде компьютер көмегімен қолданатын шешім.

Көзбен байқау – графикалық кескіндер мен суреттердің және анимация арқасында көрнекті формаға ұсыну.

Автоматтандырылған оқыту курсы оқулықтың орнын ауыстырмайды және ауыстырмауы тиіс. Қандай туындыны алмайынша, оларды экранизациялау басқа жанрға жатады, осы қарқында автоматтандырылған оқыту курсы да туындылар жүйесінің жетілген жанрына жатады. Автоматтандырылған оқыту курсы жасау барысында материалдарды тек жақсы оқулықтан алу жеткіліктісіз, оны навигациямен жабдықтау (гипермәтінді жасау) және бай көрнекті материал қосу (мультимедисымен қоса) және компьютер экранында іске асыру тиіс [2].

Автоматтандырылған оқыту курсының түсінікті тілде еске сақтау үшін барынша көп маңызды ұғымдарды, бекітулерді және үлгілерді оқу процесіне қатыстырып, әдеттегі оқулық, адам бойындағы борыштық қасиет мүмкіншіліктері болғанмен, оған қоса есту және қызу жад және компьютерлік түсіндірулерді қолдана алады.

- Әрлендіру принциптері: тараулар бойынша есте сақтау мен түсінуін жеңілдету үшін визуализация мен текстен кадр коллекцияларынан құралатыны болу керек;

- Тізімделу принциптері: тұтынушының кез-келген тарауға өту таңдауы үшін әрбір тарауда басқа тараулармен гипермәтінді сілтемелерімен байланысуы керек;

- Қалыпқа келтіру принциптері: тұтынушы өздігінен кадрлардың ауысымын реттейді, экрандық бейнеге кез келген мысал санын шақырту мүмкіндіктері болады. Оқытушы есептің деңгейіне байланысты белгіленген есептердің шешу. Сонымен қатар белгіленген күрделі деңгейіне байланысты бақылау сұрақтарына жауап беру;

- Үйренісу принциптері: оқыту курсының қолданушының оқыту барысында үйреніп жатқан материал күрделілігі мен тереңдігін меңгеруін үйрету;

- Әрқилы демеу принциптері: кез-келген жағдайда тұтынушы бірталай есеп шығару мен көптеген мысалдарды қарастыру, үйреніп жатқан материалдарға зейін қойғызуға комплекстік демеу алу керек. Компьютер тек қана ірі өзгерістер, әртүрлі есептелер мен графиктер құрастыру ғана емес, басқа күрделі деңгейдегі математикалық операцияларны шығарады;

- Жинақтылық принциптері: оқыту курсына жаңа жүйеленген дәрістерді қосуға және кеңейту жолымен қатар әр пән бойынша электрондық кітапхана құрастыру және студенттің оқытушылық және зерттеушінің жеке электрондық біріккен электрондық кешенге сыйғызуға мүмкіндік беретіндей форматта орындалуы керек [3].

Автоматтандырылған оқыту курсы күндізгі бөлімде оқитындардың жұмыстарына керек, себебі:

- оқулыққа қарағанда үйренуге тиесілі материалдарды түсінуге жеңілдетеді;
- тұтынушының интеллектуалдық деңгейіне сәйкес жүргізіледі;
- көп материалдарды оқу барысында өзіне керек материалдарды қарауға мүмкіндік алады.

Оқулық әр адамға керек, себебі оқылықсыз сапалы және түсінікті білім мен біліктілікті оқыту курстарынан толыққанды ала алмайды. Автоматтандырылған оқыту курсы пайдалануға берілген компьютерлік аудиторияларда тәжірибелік сабаққа пайдалы, себебі:

- есептерді шешу бағытында компьютерді пайдалануға мүмкіндік береді, шешім анализіне және оның графикасынамен интерпритация үшін уақыт босайды;

- тұтынушыға өздігінен өзіндік жұмыстарын жүргізу мүмкіндігі бар;

- тексерушіге өзіндік жұмыстарды компьютер көмегімен тексеруді күнделікті әрекеттен және мазмұны бойынша тарауға бөлу студенттің білімін тиімді және тез бақылауға мүмкіндік береді.

Автоматтандырылған оқыту курсы тексеруші үшін өте ыңғайлы. Себебі:

- тезистің көлемі жағынан аз, бірақ мазмұны бойынша түсінікті дәріс пе тәжірибелік материалды өз қалаулары бойынша, қалғанын сабақтан тыс лекцияларды электронды оқулықпен өзіндік жұмыс жасауына толыққанды мүмкіндік алады;

- үй жұмыстары мен бақылау жұмыстарын тексеруден босатылу.

Қазіргі «ақпараттандыру», «білім беруді ақпараттандыру» деген сөз тіркестері біздің сөздік қорымызға еніп кетті. Олай болса, қоғамдағы ақпараттандыру дегеніміз - ғылыми техникалық прогресс жетістіктерінің күнделікті тұрмысқа ауқымды енуінің нәтижесі, яғни адам өміріне іс-әрекеттің интеллектуалды түрлерінің жан-жақты әсер етуі мен ролінің жоғарылауына байланысты объективті прогресс.

Автоматтандырылған оқыту курс программалары - дербес компьютерге жүктелетін арнайы форматталған электронды құжат немесе қағазға басылған кітапты толықтай ауыстыратын мамандандырылған құрылғы. Білім берудің кез-келген саласында «Автоматтандырылған оқыту курс программаларын» пайдалану оқушылардың, танымдық белсенділігін жоғарлатып ғана тоқтатамай, жоғарғы деңгейде ойлау жүйесін қалыптастыруға шаруашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды. Осы уақытқа дейінгі білім беру саласында тек мұғалімнің айтқандарын немесе бір ғана оқулықты пайдалану қазіргі заман талабын қанағаттандырмайды.

Сондықтан қазіргі ақпараттандыру қоғамында бұл оқыту программа-ларын пайдаланбай алға жылжу мүмкін емес. Адамзат өркениетінің дамуындағы негізгі ерекшелік информацияны жинау және өңдеу, пайдалану. Ақпарат көзі көп мына қоғамда бастапқы компьютерлік сауатты болмайынша, белгілі бір міндетті немесе мәселені шешуде компьютерлік құралдарды қолдана білмейінше қазіргі ғылымда, мәдениетте, өндірісте, іскерлік және басқа да тіршілік салаларында адамның шығармашылық күш – қуатын жүзеге асыру мүмкін емес.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. А.Н.Романовтың басқаруымен, Информатика: мәліметтер,технология, маркетинг, М, 1991 ж., 224 бет.
2. Е.Л.Богданова.Ақпараттық маркетинг, Оқу құралы, «АЛЬФА» 2000 ж., 175 бет.
3. Симонович С.В., Евсеев Г.А., Алексеев А.Г. , «Специальная информатика», АСТ пресс, М., 2000 ж.

*Ғылыми жетекші – аға оқытушы, магистр Кубашева А.Н.*

### **ҮШ ӨЛШЕМДІ МОДЕЛЬДЕУ ЖӘНЕ ОНЫҢ МЕКТЕП ИНФОРМАТИКА КУРСЫНДАҒЫ ОРНЫ**

**Дәуренов Елнұр**

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

Соңғы онжылдықтарда үздіксіз дамып келе жатқан компьютерлік технология бірегей үш өлшемді объектілерді құруға мүмкіндік туғызып отыр. Қазіргі таңда үш өлшемді визуализация геоақпараттық жүйелерді құруда, дизайн мен архитектурада, жарнама, сондай-ақ веб-дизайн салаларында кеңінен қолданылып келеді. Үшөлшемді модельдеудің арқасында мамандар зерттеу, таныстыру мен қарастыруға неғұрлым қолайлы көрнекілікті қажет ететін жобаларды құрастыра алады.

Үшөлшемді графика – бұл компьютерлік графика бөлімі, көлемді объектілерді бейнелеуге арналған әдістері мен құралдар жиынтығы (бағдарламалық және аппараттық) [1].

Жазықтықтағы үшөлшемді сурет мамандандырылған бағдарламалардың көмегімен жазықтықтағы үшөлшемді сахна моделінің геометриялық проекциясын салады. 3D модельдеу – бұл объектінің үшөлшемді моделін құруға арналған процесс. Үшөлшемді модельдеудің басты мәселесі – кескіннің болашақ талаптарына сәйкес геометриялық түрлендірулерді пайдалана отырып осы объектілерді суреттеу және оларды сахнада орналастыру.

Виртуалды шындық объектілерін модельдеуге және осы суреттердің негізінде модельдер құруға мүмкіндік туғызатын бағдарламалық пакеттер әр түрлі: Autodesk 3ds Max, Autodesk Maya, Autodesk Softimage, Houdini, LightWave 3D, Google SketchUp, Blender.

Берілген бағдарламаларды пайдаланудың негізгі бағыттары: сәулеттік жобалау және интерьер дизайны; теледидарға арналған жарнама және ғылыми-көпшілік фильмдер дайындау; компьютерлік мультипликация және фантастикалық сюжеттермен берілген көркем фильмдердің түсірілімдері; компьютерлік ойындарды дамыту; кітаптар мен журналдарға иллюстрациялар; көркем компьютерлік графика, Web-дизайн; кеңістіктегі ой-қиялды дамыту мен арнайы әсерлер.

3 қатпарлы, яғни 3D, анимация және модельдеу қазіргі уақытта тез қарқынмен дамып, кең ауқымды қолданысқа түсіп отыр. Бұл, сөзсіз, өнердің жаңа саласы кино, мультипликация, жарнамалық роликтер дайындау, ойын жасау және түрлі презентациялар жасаудан бастап, сәулет өнері мен инженерияда және көптеген тағы басқа салаларда қолданылады. 3 қатпарлы модельдеу мен анимацияны түрлі этаптарға бөліп қарастырамыз. 3 қатпарлы модельдеу мектеп бағдарламасындағы геометрияны еске түсіреді. Декарттық координаттар жүйесін еске алсақ (X, Y және Z осьтері). Ал енді функцияларды және олардың графикаларын еске алайық. Мысалы: сызықтық функция, квадраттық функция және т.с.с. (Парабола, гиперболалар). Жалпы 3D анимацияның не екенін түсіну үшін көзіміздің алдында тұрған барлық заттарды кеңістікке (декарттық X, Y, Z кеңістігі) жайғастырайық. Сонда әрбір заттың белгілі бір координатасы бар нүктелерден және түрлі өзінен кіші фигуралардан (сызық, эллипс, куб т.б.) құралғанын байқаймыз. Міне 3D модельдеу және оны анимациялау негізінде осы принципке жасалған, яғни «аса күрделі заттарды қарапайым нүктелер не фигуралар көмегімен кеңістікте құрастыр».

Мысалы: компьютер монитормың өзі бірнеше сызықтар мен төртбұрыштардан құралған. Ал одан әрі оны кіші бөліктерге бөлсеңіз, оның аса кіші төртбұрыштардан, яғни нүктелерден тұратынын байқайсыз. Бұдан келіп шығатын ой: белгілі координаталарда орналасқан нүктелерге түс беру арқылы, кеңістікте кез-келген фигураны жасап шығуға болады.

3D модельдеу үшін түрлі бағдарламалар пайдаланылады. Олар біздің жұмысымызды жеңілдету үшін, майда жұмыстарды автоматты түрде жасайды, тіпті кейбір бағдарламалар аса қиын функцияларды да іске асыра алады.

Білім саласында компьютерлік модельдеуді талап ететін инженер-құрылысшы, сәулетші, инженер-дизайн сияқты дәстүрлі мамандықтармен қатар компьютерлік технологиялардың қарыштап дамуында үлкен рөл атқаратын қызықты әрі тиімді және жоғары сұранысқа ие жаңа мамандықтар да пайда болды. Олар: визуализатор, 3D-аниматор, 3D-модельер, 3D-дизайнер және т.б.

Компьютерлік графикамен байланысты осындай жоғары дәрежедегі сұранысқа ие мамандықтарға мектеп бітіруші түлектердің қызығушылығы артып тікелей компьютерлік графикамен байланысы бар мамандықтарды таңдайды. Сондықтан, осы бағытта студенттерді қосымша дайындау олардың болашақ мамандығын таңдауға көмектеседі.

Жалпы білім беру мемлекеттік білім беру стандартында информатика бойынша оқыту нәтижесінде студенттерді дамыту үшін қажетті тақырыптар анықталған: автоматтандырылған конструкторлық жұмыстарды, компьютерлік дизайн және мультимедиялық ортада жобалау жүйелерін ұсыну; әр түрлі пәндік аймақтар үшін күрделі графикалық объектілерді құру: түрлендіру, әсер, жобалау; математикалық және компьютерлік модельдердің құрылысына байланысты мамандықтар [2]. Сонымен қатар, оқушылар нақты объектілер мен процестерді ақпараттық модельдер түрлері мен қасиеттерін, ақпараттық модельдердің компьютерлік іске асыру әдістері мен құралдарын, компьютерлік модельдерді құру қызметінің жалпы құрылымын білуі тиіс; сонымен бірге ақпараттық модельдің нысандарын құрастыру және виртуалды эксперименттер жүргізу және модельдеуші ортада қарапайым модельдерді өз бетінше құра білуді үйрену.

Кейбір информатика оқулығының авторлары VisualBasic, TurboDelphi жобалау модельдері мен қоса электронды кестелерге баса назар аударады. Алайда үш өлшемді қолданбалы бағдарламалық модельдеу пакеттерінің әртүрлілігіне қарамастан үш өлшемді графиканы сабақта жасау жағы қарастырылмайды. Мұның себебі бір жағынан, 3d модельдеу үшін бағдарламалардың басым бөлігі өте қымбат, екінші жағынан, берілген тақырыптарды зерттеуге бөлінген сағат саны оны оқып-үйренуге жеткіліксіз болуынан болса керек. Курсты толықтыру үшін және оқушылардың білім деңгейлерін көтеру үшін үш өлшемді модельдеу элективті курсының шеңберінде оқытудың маңызы зор. Бағдарламалау ортасы ретінде, үш өлшемді графика саласындағы көшбасшыларға балама, пайдалануы тегін және оңай өнімдерді таңдауға болады мысалы, Blender. Blender - салыстырмалы қарапайым үш өлшемді объектілерді модельдеу бағдарламасы. Blender бағдарламасының артықшылығы – бірегей қарапайымдылығы және интерфейстің жүйелілігі мен жеңілдігінде [3].

Мектепте компьютерлік графикамен жұмыс бойынша қарастырып болғаннан кейін, мұғалімдердің көпшілігі тақырыпты зерттеуге сағат санын ұлғайту қажет деп айтады. Қазіргі заманғы 3D графика мүмкіндіктерімен жұмыс істеуге, әр түрлі қуатты және қызықты графикалық бағдарламалармен оқытуға уақыт жеткілікті емес. Мектеп бюджетіне байланысты элективті курсының шеңберінде үш өлшемді модельдеу кәсіби ортада ретінде қарастырылуы мүмкін (мысалы, «3D MAX ортасында 3D графика» курсы, сондай-ақ ақысыз бағдарламада «Blender-де 3D-модельдеу»).

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Сапарғалиева, Б.Қ. «Информатика» 11-сынып. Қоғамдық-гуманитарлық бағыт / Б.Қ.Сапарғалиева, Н.Е.Масалимова, Г.А.Тезекбаева – Астана, 2015.

2. Элективный курс 3D-моделирование в Blender [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://younglinux.info/blender.php>
3. Трёхмерное моделирование и параллельное программирование в начальной школе [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://saratov.ito.edu.ru/2013/section/207/92541/>

Ғылыми жетекші – аға оқытушы Болсынбекова Ш.Ж.

## ANDROID STUDIO-ДА ҚОСЫМША ҚҰРУДЫҢ АЛҒАШҚЫ ҚАДАМДАРЫ


Умирзакова Бану, Мағжанқызы Гаухар

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

2003 жылы инженер-бағдарламашы Энди Рубин Android мобильді операциялық жүйесін құрған Android Incorporated компаниясының негізін қалады, ал 2005 жылы бұл компанияны Google сатып алды. Android-та құрылған бірінші телефон (T-Mobile G1) 2008 жылы сатылымға шықты. Android-тың бірінші нұсқасында бейне ойнату, браузер және виртуалды пернетақта болған жоқ. Әрбір нұсқамен жаңа функционалдылық қосылды.

Android Studio-да жұмыс жасау үшін келесі кезеңдер орындалады:

1. Android Studio-ты орнатудың алгоритмі
2. Android SDK-ні баптау.



1-сурет. API деңгейі

Android-тың әрбір нұсқасына өзінің API(application programming (interface). деңгейі сәйкес келеді. API деңгейі төмен болған сайын, соғұрлым көп құрылғылар қосымшада жұмыс істей алады. Сонымен қатар, API деңгейі төмен болса, сәйкесінше жаңа мүмкіндіктер де аз болады. Біздің қосымшамызды құрылғылардың 90,1% қолдауы үшін Android 4.4 KitKat (API 19) қолданамыз.


Әрі қарай, біз іске қосу үшін Activity-ді таңдауымыз керек (іс жүзінде, бұл экранға арналған қосымша). Мысалы, бағдарламаны бастаған кезде авторизациялау экранын көресіз - бұл бірінші Activity болып табылады. Пайдаланушы атын, құпия сөзді енгізесіз, жазбаны басып, екінші Activity- негізгі экранды ашады. Сіз Баптау батырмасын бассаңыз үшінші Activity- баптау экраны ашылады.

2-сурет. Activity типін



таңдау

Empty Activity таңдаңыз, Next басыңыз. Мұнда Activity атауын таңдаймыз.



3-сурет.Негізгі терезе


4-суретте кодты тікелей жазатын негізгі терезе. Мұнда MainActivity файлы ашық, бұл көріп тұрғаныңыздай, java файлы. Java-файлдық классында біздің қосымшамыздың бизнес логикасын жазамыз. Басында бізде MainActivity.java коды пайда болды [1]:

```
Истинг 1.1: MainActivity.java
package com.example.azretmagometov.myfirstapp;
import android.os.Bundle;
import android.support.v7.app.AppCompatActivity;
//стандартно для всех
public class MainActivity extends AppCompatActivity {
//наша MainActivity наследуется от AppCompatActivity.
//Из-за обратной совместимости работает везде одинаково.
//При написании Android-приложений мы наследуемся компонентов
//android, которые вшиты в телефоны и добавляем свою логику
@Override
protected void onCreate(Bundle savedInstanceState) {
super.onCreate(savedInstanceState);
//вызов метода родителя
setContentView(R.layout.activity_main);
//задаём layout экрана
}
}
```

4-сурет. MainActivity.java коды

Жоба аяқталғаннан кейін, біз Android-тың түпнұсқа компоненттері болып табылмайтын арк-ларды ала аламыз. Арк-да өзіміз жазған компоненттер немесе кітапхана арқылы қосылған компоненттер болады.

Activity құрылған кезде экранды құратын onCreate әдісі шақырылады. Ctrl арқылы activity\_main түймесін бассақ келесі экран пайда болады:



5-сурет. Design activity\_main.xml файлының терезесі

Жоғарғы сол жақта Palette (палитра) орналасқан, яғни онда формаға қосуға болатын интерфейс элементтерінің тізімі бар. Ол түрі бойынша сұрыпталған: мәтінмен жұмыс істеу, виджеттер, және т. б.

Палитраның астында Component Tree (элементтер ағашы) - ағымдағы форма тұратын компонент ағашы. Мұнда біз түптамыры ConstraintLayout екенін көріп отырмыз, және онда Hello World мәнімен textView орналасқан. Оң жақта біз экранды алдын ала қарауға мүмкіндік беретін Preview панелін көре аламыз, құрылғыда экран дәл осылай көрінеді.

Preview басқару панелінің жоғарғы жағында app іске қосылған құрылғыны таңдауға, алдын ала қарауды тексеруге, қалаған кезде телефонды бұруға болады.

Оң жақта Attributes (атрибуторлар тақтасы) орналасқан. Бұл атрибуторлар тізімі шын мәнінде толық емес. Төменде View all attributes сілтемесі бар. Сілтемені бассаңыз атрибуторлардың барлық тізімін көре аласыз. Әрбір элемент үшін өзінің атрибуторлары бар. Яғни, қазір ConstraintLayout-ке бассаңыз, атрибуторлар өзгереді.

Осы уақыт ішінде біз Design вкладкасында болдық. Бірақ Text қосымша беті де бар-бұл Activity-дің XML белгісі. Сонда, Studio бізге элементтерді тінтуірмен сүйреп, оларды қосымша дизайны арқылы немесе тікелей XML арқылы түзетулер жасауға мүмкіндік береді [2].

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Голошапов, Алексей Google Android. Программирование для мобильных устройств / Алексей Голошапов. - М.: БХВ-Петербург, 2012. - 448 с.
2. Машнин, Т. С. Eclipse: разработка RCP-, Web-, Ajax- и Android - приложений на Java / Т.С. Машнин. - М.: БХВ-Петербург, 2013. - 384 с.

## LAZARUS ПРОГРАММАЛАУ ОРТАСЫНДА ФИЗИКАЛЫҚ ҚҰБЫЛЫСТАРДЫ МОДЕЛЬДЕУ

Шакенова Арай

Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті

Қазіргі уақытта компьютерлер біздің өмірімізге әбден кірікті. Олар супермаркеттерде де сондай-ақ ғалымдар мен инженерлердің фундаментальды заңдарды зерттеулерінде және жаңа техникалық құрылғылар жасауларында және тағы басқа адам өмірінің барлық салаларында қолданылып жатады. Компьютерсіз өмірді елестетудің өзі мүмкін емес, біз компьютерді жаңалықтарды білу үшін де, достарымызбен хабар алысу үшін де, ойындар ойнау үшін де пайдаланамыз.

Өкінішке орай, адамдардың көпшілігі компьютерді қарапайым қолданушы деңгейінде ғана біледі. Ал көптеген тұрмыстық мәселелерді шешу үшін өзің программа жасай отырып, сол программаларды пайдалана салуға болады. Ол үшін бағдарламалау тілдерінің біреуін білсең жеткілікті.

Компьютер, әдетте, программаны нольдер мен бірліктердің тізбектелген екілік коды ретінде қабылдайды. Әрине программаны осындай түрде де құрастыруға болады, бірақ бұл онша қолайлы емес және өте күрделі. Сол үшін программалау тілдері жасалған, программалау тілдері кәдімгі адам тілінен күрделірек болса да, оларды орасан көп спецификалық білімдерді меңгермеген адамдар да пайдалана алады. Мұндай тілдерге Basic, C++, Pascal, Fortran, Lazarus тағы басқаларын жатқызуға болады.

Әдетте қолайлылық үшін стандартты интерфейсі, кнопкалары, терезелері, енгізуге арналған өрістері және тағы басқалары бар программаларды жылдамдық құруға арналған программалау орталары қолданылады.

Онымен қоса, мұндай әрбір ортада компилятор орнатылған, ол сәйкес тілдегі кодты компьютерге түсінікті екілік кодқа ауыстырады. Қолданушының тұрғысынан алғанда еке кенейтілімімен файл шығады да, тышқанның сол жағын екі рет басу арқылы оны орындауға жіберуге болады.

Lazarus программалау ортасы өте қолайлы программалау орталарының бірі [1]. Ол Pascal программалау тілінің модификацияларының бірінде құрылған. Бұл орта дизайн тұрғысынан алғанда біршама жақсы программалар жасауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, Lazarus еркін таратылымдағы программаларға жататынын және пайдалануға ресми түрде тегін болып келетінін айта кету керек.

Біздің мақсатымыз Lazarus ортасында программалауға үйрену арқылы физикалық есептерді шығаруға пайдалану.

Ол үшін келесі мәселелер қарастырылды:

- Lazarus программалау ортасын пайдаланып, Pascal тілінің программалау ерекшеліктерін зерттеу.
- Компьютер көмегімен шығаруға болатын физикалық және математикалық есептер мысалдарын жинақтау.
- Олардың шығарылу программаларын жазу.
- Мұндай программалардың мұқият сипаттамасын әзірлеу.

### Бірқалыпты емес тұзусызықты қозғалыс туралы есеп

Lazarus программалау ортасын әртүрлі мектеп пәндері бойынша көптеген есептерді шешу үшін пайдалануға болады. Жекелей алғанда, физика есептерін шешуде пайдасы өте көп деп айтуға болады. Заманауи техникалық құрылғылардың қазіргі кездегі жобалау есептерінің барлығы компьютер көмегімен шығарылып, содан кейін ғана барып, тәжірибелік үлгілер түріне айналатынын айта кету керек. Физикалық есептер шешудің әдістерін механика бөлімі бойынша қарапайым мысалында келтіре кетейік:

«Автомобиль  $0,4\text{м/с}^2$  үдеумен қозғала отырып, қанша уақытта өзінің жылдамдығын  $12\text{м/с}$  -тан  $20\text{м/с}$  – қа дейін арттырады?» [2]

Алдымен барлық керекті айнымалыларды var блогына енгіземіз:

var

V, a, z, V0: double;

Айнымалылар келесіні сипаттайды:

V – ақырғы сәттегі жылдамдық;

a – үдеу;

z – уақыт;

V0 – алғашқы жылдамдық.

Бұл есептің физикада қалай шығарылатын еске түсірейік. Егер дене бірқалыпты қозғалса, онда оның жылдамдығы келесі заң бойынша өзгереді:


$$v = v_0 + at.$$

Сондықтан шартта сұралып тұрған уақыт былайша жазылады:

$$t = \frac{v - v_0}{a}.$$



Алдымен мәліметтерді енгізу үшін формада орнын дайындап алу керек (бастапқы және соңғы жылдамдықтар, үдеу). Ол үшін “Label” элементтерінің көмегімен бірнеше “Edit” элементтерін жасаймыз. Сонымен бірге формаға кнопка орналастырамыз (Сурет 2).



Сурет 2. Форма жасау

Бұл есептеу процесін программалық код көмегімен жазу керек:

```
V0:=StrToFloat(edit1.text);
```

```
V:=StrToFloat(Edit2.Text);
```


```
a:=StrToFloat(Edit3.Text);
```

```
z:=((V-V0)/a);
```

Содан кейін жауапты формада алдын ала дайындалған орынға шығару керек:

```
Label4.Caption:=FloatToStr(z);
```

Енді программаны орындауға жіберуге болады. Кез келген сандарды енгізе отырып, программаның жұмысының дұрыстығын тексереміз (Сурет 3).



Сурет 3. Программа жұмысы

Мектеп оқушыларын Lazarus программалау ортасын оқып үйрену арқылы математика мен физика есептерін шығару сияқты пайдалы әрекеттермен айналысуға үйретуге болады [3]. Сандық схемаларды (мысалы, Эйлер схемасын) қолдануды талап ететін, көпшілігі мектеп әдістері көмегімен шешуге келмейтін есептер қатары әзірленді.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Е.А Михайлов Д.А.Коняев Компьютерное моделирование в задачах кинематики с использованием среды Lazarus. М., 2017.
- 2.Рыжиков С.Б., «Классический опыт Галилея в век цифровой техники: численное моделирование и лабораторный эксперимент», М., 2015.
- 3.Алексеев Е.Р., Чеснокова О.В., Кучер Т.В. Самоучитель по программированию на Free Pascal и Lazarus. Донецк, Унитех, 2015.

*Ғылыми жетекші – аға оқытушы Болсынбекова Ш.Ж.*

### «КӘСІБИ БАҒДАР БЕРУ» МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫН ҚҰРУ

**Таскалиева Р.Н.**

ҚЖұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Кәсіби бағдар беру дегеніміз — педагогтардың, психологтардың, дәрігерлердің және басқа да қызметкерлердің қоғамның қажеттілігіне қарай әрбір оқушының қабілеттілігі мен бейімділігін ескере отырып,

кәсіптік қызығуы мен қабілеттілігін қалыптастыруға және мамандық таңдауға көмектесуде, мақсатты істелетін жұмыс [1, 91-6].

Flipabit – бұл визуальды конструктор, ол арқылы оңай iOS, Android, Windows және Mac үшін нативті қосымшаларды жасауға және жариялауға болады. Бұл конструктор арқылы Windows және MacOS операциялық жүйелерінде визуальды (және аздаған код қосу арқылы) мобильды қосымшаларды құруға болады. Оның аудиториясы – дизайнерлер, озық пайдаланушылар және өздерінің шағын бизнесі үшін мобильды қосымшаларды құрғысы келетін кәсіпкерлер.

Жұмыс құралдарын дұрыс пайдалану қажетті пайдаланушы интерфейсін тез жасауға мүмкіндік береді. iOS және Android үшін дайын қолданбаларды жариялау қосымшалар дүкендері (Play Market, App Store) арқылы жүзеге асырылады. Еркін қолжетімділіктің арқасында құралды барлық қалаушылар пайдалана алады, ал сервистің егжей-тегжейлі сипаттамасы жұмысты жеңілдетеді.










Оқушылардың болашақ мамандығын таңдауға көмекші құрал ретінде «Кәсіби бағдар беру» мобильді қосымшасы дайындалды және қолданысқа ұсынылып отыр.

Жобаны Flipabit конструкторының мүмкіндіктерін, мобильді құрылғының негізгі программалық жабдықтарының функциясы мен қосымша құру әдістерін меңгере отырып, кәсіби бағдар беру жұмысына арналған мобильдік қосымша құрылды. Мобильді қосымша пайдаланушыға түсінікті, ыңғайлы, телефон жадында көп орын алмайды.

Қолданушы қосымшаны қосқан кезде басты бет ашылады (сурет-1).



Сурет-1 – Қосымшаның басты беті.

Басты бетте бірнеше батырмалар бар:  - Кафедраның тарихы,  - Академиялық ұтқырлық,  - Халықаралық байланыс,  - Мамандықтар туралы қысқаша ақпарат,  - Кафедра түлектері,  - Оқу және ғылыми әдістемелік жұмысы,  - Кафедра жетістіктері,  - Мамандықты таңдауға негіз,  - Байланыс. Осы батырмаларды басу арқылы әр бетке өтеді.

«Кафедра тарихы» бетінде кафедраның қысқаша тарихы жазылған (сурет-2).




Сурет-2 – «Кафедра тарихы» беті.


«Академиялық ұтқырлық» бетінде академиялық ұтқырлық бағдарламасына сәйкес оқу орындары көрсетілген (сурет-3) . Әр суретті бағдаршаны басу арқылы өзгертіледі.



Сурет-3- «Академиялық ұтқырлық» және «Халықаралық қатынастар» беттері. «Мамандықтар туралы қысқаша ақпарат» бетінде кафедра мамандықтары көрсетілген (сурет-4).



Сурет-4 – «Мамандықтар туралы қысқаша ақпарат» беті.



Сурет-5– Әр мамандыққа қатысты ақпараттар. «Кафедра түлектері» бетінде кафедра түлектері туралы толық ақпарат алуға болады (сурет-6).



Сурет-6 – «Кафедра түлектері» беті.

«Оқу және ғылыми әдістемелік жұмысы» бетінде кафедраның ғылыми жұмысының бағыты, өткізіліп жатқан шаралар көрсетілген (сурет-7).



Сурет-7 – «Оқу және ғылыми әдістемелік жұмысы» беті.  
«Кафедра жетістіктері» бетінде мамандық студенттерінің жетістіктері көрсетілген (сурет-8).



Сурет-8 – «Кафедра жетістіктері» беті.  
Мамандықты таңдауға негіз болатын нақты ақпаратпен қамтылған (сурет-10).



Сурет-9 – «Мамандықты таңдауға негізі» беті.  
«Байланыс» бетінде канцелярия, қабылдау бөлімінің, факультет деканатының байланыс номерлері, кафедраның орналасқан жері көрсетілген (Сурет-10).



Сурет-10 – «Байланыс» беті.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ә.Мүсілімов, А.Сыимова. Кәсіптік бағдар берудегі мектептен тыс жұмыстардың түрлері. // Жоғары мектеп, №2.
2. З.Әділшынова. Кәсіби құндылық бағдарды қалыптастыру. // Қазақстан мектебі. №10, 12-б.
3. Соколова В.В. Разработка мобильных приложений // Изд-во Томского политехнического университета, 2011. — 174 с.
4. www.flipab.it

Ғылыми жетекшіі - п.ғ.к., доцент Байганова А. М.

## ЖИҢАЗ ДҮКЕНІНДЕ ЕСЕПКЕ АЛУ МЕН САТУДЫ АВТОМАТТАНДЫРУ

Уразова А.А

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Қазіргі уақытта электрондық деректер базасын құру және жүргізу қазіргі заманғы нарыққа шығатын кез келген қызмет саласындағы жетекші орындардың бірін алады. Автоматтандырылған ақпараттық жүйелерді құру және пайдалану қажеттілігі ақпаратты өңдеудің дәстүрлі әдістерінің түбегейлі кемшіліктерінен туындайды. Ақпараттық жүйелерді енгізудің мақсаты көрсетілген кемшіліктерді азайту және толық жою. Бұл ретте технологиялық, өндірістік, экономикалық және ұйымдастырушылық процестерді басқарудың тиімділігі артады. [1, с. 221]

Жиһаз цехының бизнес-процестерінің жұмысын бағдарламалық жүйеде жүзеге асыру болып табылады.

Жиһаз дүкенін автоматтандыруға арналған бағдарлама 6 негізгі бағдарламалық модульден тұрады, олармен жұмыс істеу үшін кіріс деректері талап етіледі:

- «Өнім» кестесінде жазбаларды өзгерту үшін деректерді енгізу»;
- «Жинақтаушылар» кестесіне жазбаларды өзгерту үшін деректерді енгізу;
- «Жинақтау» кестесіне ақпаратты іздеу үшін деректерді енгізу;
- «Цех» кестесінде ақпаратты іздеу үшін деректерді енгізу;

– «Жасау» кестесінде ақпаратты іздеу үшін деректерді енгізу;

Добавить запись

Продукция | Комплектующие | Комплектация

Код продукции:

Наименование продукции:

Цена:

Добавить

1-сурет. «Өнім» кестесіндегі жазбаны қосу терезесі

«Өнім» кестесіндегі жазбаларды өзгертуге арналған кіріс деректері:

- Өнім коды;
- Комплектующие;
- Бағасы.

Добавить запись

Продукция | Комплектующие | Комплектация

Код комплектации: 1

Единица измерения: шт

Название комплектации: тумбочка

Цены единицы: 100

Добавить

2-сурет. «Жиынтықтаушы» кестесіндегі жазбаны қосу терезесі

Бағдарламаны орындау үшін пайдаланушы «Жиһаз цехы» папкасындағы файлды іске қосу қажет. Бағдарламаны іске қосқан кезде деректер қорының барлық кестелері бойынша навигацияны ықшамдауға мүмкіндік беретін оның басты мәзірі пайда болады.

Барлық кестелер басқа терезелерге ауыспай, пайдаланушының таңдауы бойынша іске қосылуы мүмкін. Барлық операциялар бір терезеде операцияны таңдау және кестелерді таңдау принципі бойынша жасалады.

Мебельный цех

Добавить | Изменить | Удалить | ПОИСК: | Дата: | ПО: | Код продукции

Код продукции	Наименование продукции	Наименование продукции	Цена
4	диван		1000
3	стол		200
2	стулья		200
1	тумбочка		200

3-сурет. «Жиһаз цехы» мәліметтер қорымен жұмыс

Осы автоматтандырылған жүйенің мақсаты "жиһаз цехы" қосымшасы мысалында деректерді есепке алу деректер базасын жобалау және модельдеу. Өзірленген диалогтық терезелері нақты мақсатқа тез бейімделуге мүмкіндік береді. Бұл мәліметер қоры пайдалануға дайын аяқталған өнім болып табылады.

**Қолданылған әдебиеттер:**

1. Базы данных/ Т. Коннолли, К. Бегг, А. Страчан. - Киев: Вильямс, 2000. - 111с.
2. Дейт К. Дж. Введение в системы баз данных/ К. Дж. Дейт. - Киев: Вильямс, 2000. - 846с
3. Вейкас Дж. Эффективная работа с Microsoft Access 97/ Дж. Вейкас. - СПб.: Питер, 1999. - 973с. .
4. Розанов В.А. Информационные технологии управления: Учеб. пособие / В.А. Розанов, М.И. Малышев, Н.В. Катаргин. - М.: АТиСО, 2005. - 154 с.

*Ғылыми жетекші - т.ғ.м., оқытушы Жайлыбаева А.О.*

**ПОСТРОЕНИЕ РЕШЕНИЙ НЕОДНОРОДНОГО  
УРАВНЕНИЯ КЛАУЗЕНА**

**Убаева Жанар Картбаевна**

Актобинский региональный государственный университет им.К.Жубанова

**Постановка задачи.** Рассматривается обобщенное неоднородного уравнение Клаузена

$$L(y) \equiv x^2(1-x) \cdot y''' + [1 + b_1 + b_2 - (3 + a_1 + a_2 + a_3)x]x \cdot y'' + [b_1b_2 - (1 + a_1 + a_2 + a_3 + a_1 \cdot a_2 + a_2 \cdot a_3 + a_3 \cdot a_1)x] \cdot y' - a_1 \cdot a_2 \cdot a_3 \cdot y = 0 \quad (1)$$

где  $f(x)$  представляется в виде обобщенного степенного ряда

$$f(x) = x^\lambda \cdot \sum_{j=0}^{\infty} \alpha_j \cdot x^j, \alpha_0 \neq 0. \quad (2)$$

Частное решение неоднородного уравнения будем искать методом неопределенных коэффициентов в виде ряда

$$y = x^\rho \cdot \sum_{j=0}^{\infty} A_j \cdot x^j, A_0 \neq 0 \quad (3)$$

где  $\rho, A_j (j = 0, 1, 2, \dots)$  - неизвестные постоянные.

Подставляя ряд (3) в уравнение (1) приходим к соотношению

$$x^{\rho-1} \cdot \{A_0 \cdot f_0(\rho) + [A_1 \cdot f_0(\rho+1) + A_0 \cdot f_1(\rho)] \cdot x + [A_2 \cdot f_0(\rho+2) + A_1 \cdot f_1(\rho+1) + A_0 \cdot f_2(\rho)] \cdot x^2 + \dots\} = x^\lambda \cdot \sum_{j=0}^{\infty} \alpha_j \cdot x^j. \quad (4)$$

Нетрудно заметить, что при  $\lambda = \rho - 1$  обобщенный ряд (3) будет формальным частным решением уравнения (1) с правой частью (2) в том случае, когда неизвестные коэффициенты удовлетворяют рекуррентной системе

$$\begin{aligned} A_0 \cdot f_0(\rho) &= \alpha_0 \\ A_1 \cdot f_0(\rho+1) + A_0 \cdot f_1(\rho) &= \alpha_1 \\ A_2 \cdot f_0(\rho+2) + A_1 \cdot f_1(\rho+1) + A_0 \cdot f_2(\rho) &= \alpha_2 \\ \dots & \\ A_k \cdot f_0(\rho+k) + A_{k-1} \cdot f_1(\rho+k-1) + \dots + A_0 \cdot f_k(\rho) &= \alpha_k \\ \dots & \end{aligned} \quad (5)$$

Отсюда, неизвестные коэффициенты  $A_j (j = 0, 1, 2, \dots)$  частного решения (3) определяются последовательно при условии, что  $\rho + k$ , где  $k$  - любое натуральное число, не является показателем решения уравнения (1).

**Теорема 1.** Общее решение обобщенного неоднородного уравнения Клаузена (1) с правой частью

$$f(x) = a_1 \cdot a_2 \cdot a_3 - \frac{2 \cdot a_1^2 \cdot a_2^2 \cdot a_3^2}{b} \cdot x - \frac{a_1 \cdot a_2 \cdot a_3 \cdot a'}{b(b+b')} \cdot 2 \cdot (2 \cdot a + 2 \cdot a' + a_1 \cdot a_2 \cdot a_3) \cdot x^2 \quad (6)$$

где  $a' = 1 + a_1 + a_2 + a_3 + a_1 \cdot a_2 + a_2 \cdot a_3 + a_1 \cdot a_3, b' = b_1 b_2$ , представляется в виде суммы общего решения  $\bar{y}(x)$  соответствующего однородного уравнения Клаузена (3) и частного решения  $Y(x)$  неоднородного уравнения (1) с правой частью (6), то есть

$$y(x) = \bar{y}(x) + Y(x) = A_3 F_2(a_1 a_2 a_3; b_1 b_2; x) + B \cdot x^{1-b_1} \cdot F\left(\begin{matrix} a_1 + 1 - b_1, & a_2 + 1 - b_1, & a_3 + 1 - b_1 \\ 2 - b_1 & & b_2 + 1 - b_1 \end{matrix}, x\right) + C \cdot x^{1-b_2} \cdot F\left(\begin{matrix} a_1 + 1 - b_2, & a_2 + 1 - b_2, & a_3 + 1 - b_2 \\ b_1 + 1 - b_2 & & 2 - b_2 \end{matrix}, x\right) + 1 + \frac{2 \cdot a_1 \cdot a_2 \cdot a_3}{b'} \cdot x + \frac{a_1 \cdot a_2 \cdot a_3}{b'(b+b')} \cdot x^2. \quad (7)$$

**Доказательство.** Как нам известно, общее решение неоднородного линейного обыкновенного дифференциального уравнения [1, с.199], состоит из суммы общего решения соответствующего однородного уравнения и какого-нибудь частного решения неоднородного уравнения. Общее решение соответствующего однородного уравнения  $\bar{y}(x)$  нами построены в виде (5). Поэтому достаточно построить частное решение неоднородного уравнения (1) с правой частью (6). Исходя из формы задания правой стороны  $f(x) = A_0 + A_1 \cdot x + A_2 \cdot x^2$ , частное решение можно искать методом неопределенных коэффициентов в виде многочлена второй степени

$$Y(x) = C_0 + C_1 \cdot x + C_2 \cdot x^2. \quad (8)$$

Для облегчения вычисления введем следующие обозначение в коэффициентах уравнения Клаузена:

$$b = 1 + b_1 + b_2, a = 3 + a_1 + a_2, b' = b_1 \cdot b_2, a' = 1 + a_1 + a_2 + a_3 + a_1 \cdot a_2 + a_2 \cdot a_3 + a_1 \cdot a_3. \quad (9)$$

Теперь подставляя (8) в уравнение (1) с правой частью (6):

$$\begin{aligned} (bx - ax^2) \cdot 2C_2 + (b' - a'x) \cdot (C_1 + 2C_2x) - a_1 \cdot a_2 \cdot a_3 (C_0 + C_1x + C_2x^2) = \\ = a_1 \cdot a_2 \cdot a_3 - \frac{2a_1^2 \cdot a_2^2 \cdot a_3^2}{b'} \cdot x - \frac{a_1 \cdot a_2 \cdot a_3 \cdot a'}{b'(b+b')} \cdot (2a + 2a' + a_1 \cdot a_2 \cdot a_3) \cdot x^2, \end{aligned} \quad (10)$$

сравнивая правые и левые стороны, с учётом обозначения (9) определим неизвестные коэффициенты

$$C_0 = 1, C_1 = \frac{2a_1 \cdot a_2 \cdot a_3}{b'}, C_2 = \frac{a_1 \cdot a_2 \cdot a_3 \cdot a'}{b'(b+b')} \text{ многочлена } Y(x), \text{ то есть частное решение}$$

$$\text{неоднородного уравнения определяется в виде } Y(x) = 1 + \frac{2a_1 \cdot a_2 \cdot a_3}{b'} \cdot x + \frac{a_1 \cdot a_2 \cdot a_3 \cdot a'}{b'(b+b')} \cdot x^2.$$

Поэтому на основании выше указанной теоремы, общее решение неоднородного уравнения (1) с правой частью (6) представляется в виде (7), что и требовалось доказать.

**Теорема 2.** Частное решение «резонансного» неоднородного уравнения Клаузена (1), где правая часть  $f(x)$  совпадает с одним из частных решений  $y_j(x), (j = 1, 2)$  соответствующего однородного уравнения Клаузена, когда отсутствуют кратные показатели и показатели отличающиеся на целые числа, имеет вид

$$Y(x) = \frac{C_0}{A_0} \cdot [y_j \cdot \ln x + x^{\rho_{j+1}} \cdot Y_j(x)],$$

$$\text{где } (C_0 = \left. \frac{Y_j}{x^{\rho_j}} \right|_{x=0}) \neq 0, A_0 - \text{известная постоянная, не равная нулю;}$$

$$Y_1(x) = \sum_{i=0}^{\infty} b_{i+1} x^i - \text{аналитическая функция, регулярная в } x=0, \text{ коэффициенты которой находятся из}$$

рекуррентный системы:

$$b_1 \cdot \frac{C_0}{A_0} \cdot f_0(\rho_j + 1) = C_1 - \frac{C_0}{A_0} \cdot A_1,$$

$$b_2 \cdot \frac{C_0}{A_0} \cdot f_0(\rho_j + 2) + b_1 \cdot \frac{C_0}{A_0} \cdot f_1(\rho_j + 1) = C_1 - \frac{C_0}{A_0} \cdot A_2.$$

Таким образом, приведенная выше теорема 2 выделяет одну из основных свойств функции и неоднородного уравнения Клаузена. «Резонансный» случай связанные с уравнением Бесселя и его резонансные

решение представленные в виде функциями Бесселя, а также их приложения в задачах науки и техники хорошо изучены [2, с.71-78]. Такая задача случае функции Клаузена возникает впервые, в связи с изучением построения решений неоднородного обобщенного уравнения Клаузена. Исследования вопросов существования резонансного решения уравнения Клаузена ждет своего продолжения.

#### Использованные источники:

1. Сикорский Ю.И., Терещенко Н.И. О неоднородных линейных дифференциальных уравнениях в регулярном случае// Математическая физика. Республиканский межведомственный сборник. Киев, 1972, с.133-137.
2. Корнев Б.Г. Введение в теорию бесселевых функций. Изд. «Наука», ГРФМЛ, М., 1971,287 с.

*Научный руководитель - профессор, доктор ф.-м.н. Тасмамбетов Ж.Н.*

### КОРНЕЛЬСЕН ЭКСПЕРИМЕНТТЕРІ. ЛАБОРАТОРИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТАРҒА ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛ

**Жаманғарина Айдана Аманкелдіқызы**

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Физика – табиғи дүниенің жалпы қасиеттері, болмыстағы барлық заттардың өмір сүру жолдары, түрлері және бүкіл заттардың құрылымы туралы ғылым [1].

Бұл еңбекте физиканың механика, жылу (молекулалық физика), оптика, электр бөліміне арналған лабораториялық жұмыстар жинақталған. Сонымен қатар дидактикалық құралдың мазмұнына құрылымдық әдістемелік талдау жасай отырып, физика пәніне сәйкес тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар жүргізу сипатталған.



Сурет 1. Корнельсен эксперименттерінің жинағы [2]

Оқу құралының мақсаты – оқушылар мен студенттердің физикалық экспериментке дайындалуына, алынған нәтижелерді өңдеуіне және оның мәнін түсінуіне көмектесу. Әрбір лабораториялық жұмыстың сипаттамасында тиісті әдебиеттерге сілтеме жасалып, зерттеліп отырған құбылыстың мәні қысқаша баяндалған. Материалды оқушы мен студенттің қай дәрежеде игергендігін тексеру мақсатында әрбір жұмыстың соңында бақылау сұрақтары келтірілген. Лабораториялық жұмысты орындау кезінде оқушы, студент қарастырылып отырған құбылыстың мәнін түсініп, оны өмірде қолдана білуге дағдылануы керек. Өлшеу жұмыстарына ерекше зейін қойып, жинақы да саналы жүргізу – тәжірибені сәтті өткізудің алғашқы шарты. Лабораториялық жұмысқа арналған дәптерге жұмыстың орындалу мерзімі, нөмірі және аты көрсетіліп, қысқаша негізгі теориялық мәліметтер мен формулалар жазылады. Қондырғының принциптік сұлбасы мен қарастырылған шаманы есептеуге арналған формула келтіріледі. Сонымен қатар дәптерге өлшенетін шамалардың мәндері толтырылатын кесте сызылады. Әрбір жұмысты орындауға кірісер алдында студент «Лабораториялық жұмысты орындауға жіберілді» деген рұқсат алуы тиіс. Ол үшін студент орындалатын жұмыстың теориясы мен лабораториялық қондырғының жұмыс істеу принципі туралы бірқатар сұраққа жауап береді. Өлшеу жұмыстарын жүргізгеннен кейін тәжірибенің нәтижесі дәптердегі кестеге жазылады. Жазылған цифрларды түзетуге болмайды. Егер өлшеу нәтижелері қате жазылса немесе оқушыны, студентті қанағаттандырмаса, онда өлшеу қайта жүргізіліп, оның нәтижесін жаңа кестеге жазу керек. Әрбір лабораториялық жұмысты көрсетілген мерзімде өткізгенде ғана келесі жұмысты орындауға рұқсат етіледі [3].

Лабораториялық жұмысты орындау барысында оқушыларға, студенттерге мынадай талаптар қойылады:  
- қарастырылып отырған құбылыстың теориясын түсініп, оны өмірге қолдана білу;



- орындалатын жұмысты қандай процестер өтетінін, оларды талдаудың эксперименттік әдістерін, сол сияқты электрмен жұмыс істеген кезде пайдаланылатын қауіпсіздік техникасының ережелерін білу;
- физикалық экспериментті дәл жоспарлап, физикалық шамаларды жоғары дәлдікпен өлшей білу;
- әртүрлі өлшеуіш аспаптармен, қондырғылармен жұмыс істеу білу дағдығысын игеріп, ол аспаптарды жұмыс қалпына келтірудің әдістерін меңгеру;
- эксперимент нәтижелерін математикалық жолмен өңдей білу.

Әрбір жұмысты орындаудың алдында оның мақсатын, теориялық негізін, қолданылатын аспаптардың аттары мен жұмыс істеу принциптерін біліп алу керек [4].

Бұл оқу-әдістемелік құралда мынадай лабораториялық бөлімдер қарастырылған: «Табиғаттағы және технологиядағы күштер мен қозғалыс», «Механика», «Механика 1», «Механика 2.0», «Болат тақтаға арналған механика», «Жылу», «Электр негіздері», «Электр энергиясын жаңғырту», «Оптика», «Оптикалық стенд», «Іргелі физика». Сонымен қатар лабораториялық жұмыстардың мақсаты, жұмысты орындау үшін өтілетін теориялық материал, эксперименттік қондырғының техникалық сипаттамасы мен қондырғының құрылысы, қауіпсіздік шаралары, жұмысты орындау реті, лабораториялық жұмыстар бойынша орындалатын тапсырмалар, әрбір лабораториялық жұмыстың соңында материалды игеруге және оны пысықтауға көмегі тиер деген мақсатпен бақылау сұрақтары мен пайдаланылған әдебиеттер тізімі көрсетілген. Әр лабораториялық жұмысты орындауға арналған қондырғының суреттері мен қондырғының құрылысымен танысуға арналған қондырғының сұлбасы, жұмысты орындау кезінде алынған мәндерді жазуға арналған кестелер де бар. Әр лабораториялық жұмыстардың нәтижесін есептеуге арналған формула көрсетіліп, оқушыларға, студенттерге оңай меңгере алатын тілмен түсіндірілген.

Оқу-әдістемелік құрал жоғары оқу орындарының студенттеріне сонымен қатар мектеп оқушыларына арналған.

Физиканың механика, жылу (молекулалық физика), оптика, электр бөлімдерін қамтитын бұл тәжірибелер оқу орнындағы физика пәнінің материалдық базалық негізіне сай жасалып отыр және физика пәнін игерудегі негізгі қиыншылықтар көбіне лабораториялық жұмыстардың қазақ тілінде көп болмауы. Сондықтан бұл еңбекте жасалынатын тәжірибелер қазақ тілінде оқырмандарға таныс түсініктерге сүйеніп құралған.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. М. Құдайқұлов, Қ. Жаңабергенов. Орта мектепте физиканы оқытудың әдістемесі – Алматы: «Рауан», 1988 ж. – 158 бет.
2. [www.cornelsen-experimenta.de](http://www.cornelsen-experimenta.de)
3. Разумный Д. В., Степанов С. В. Принципы создания видеозаписей демонстрационных опытов по физике // Преподавание физики в высшей школе. – 2003. - №5. – Б. 26
4. Хоршавин С. А. Физический эксперимент в средней школе: 6-7 класс. – М.: Просвещение, 1988 г. -174 с.

*Ғылыми жетекші – PhD, физика кафедрасының доценті Жантурина Н. Н.*

## **ЛАБОРАТОРНАЯ РАБОТА ПО ИЗУЧЕНИЮ РАДИОАКТИВНОГО ИЗЛУЧЕНИЯ**

**Омарпатша Г.Ж.**

Актюбинский региональный государственный университет  
им. К. Жубанова

Перед выполнением лабораторной работы необходимо обсудить вопросы о радиации и ее влиянии на человека, о предсказуемости поведения радиации.

Рассматриваются общие сведения по радиоактивному излучению, влиянию его на биологические системы и защитные материалы, информация по счетчику Гейгера-Мюллера.

Ознакомление с материалами и оборудованием: система сбора данных, счетчик Гейгера-Мюллера с электропитанием, электронный переходник, источники радиоактивного излучения (альфа-, бета-, гамма-), трехпальцевый зажим, защитные материалы (бумага, пластик, кожа), стержень, измеритель (линейка).

Вопросам техники безопасности необходимо уделить особое внимание. Ознакомьтесь с правилами обращения с радиоактивными источниками и счетчиком радиоактивного излучения.

Выполнить задание по определению последовательности шагов процедуры лабораторной работы, расположенных в хаотичном порядке. В кружочках вписываются цифры последовательности шагов выполнения действий

<p>Отобразить число импульсов в таблице Display counts in a table.</p>	<p>Соединить счетчик Гейгера-Мюллера с цифровым адаптером</p>	<p>Включить статистику в таблицу и записать значение среднего числа счета, а также расстояния</p>	<p>Построить график среднего значения счета импульсов от расстояния</p>	<p>Применить различные кривые для графика среднего значения счета импульсов от расстояния</p>
--	---	---	---	---

Лабораторная работа состоит из трех частей.

Часть 1 – Фоновое излучение

Установка

1. Начать новый эксперимент в системе сбора данных.
2. Подключить цифровой адаптер к системе сбора данных.
3. Подключить трубку Гейгера-Мюллера к цифровому адаптеру.
4. Выбрать "General Counting" из списка доступных измерений.
5. В свойствах счетчика установить "Count Time Interval" равным 5 сек.
6. Отобразить число импульсов в таблице.
7. С помощью трехпальцевого зажима присоединить к стойке штанги трубку Гейгера-Мюллера с чувствительным элементом, направленным вниз на стол. Убедиться, что стандартные источники излучения удалены от трубки.

8. Аккуратно извлечь колпачок из трубки Гейгера-Мюллера.

9. Ответить на вопрос: Будет ли обнаружена радиация, даже если источников нет? Почему?

Сбор данных


10. Начать запись данных.
11. Записать данные, по крайней мере, для 4 интервалов времени (~20 с).
12. Закончить запись данных.

Анализ данных

13. Просмотреть среднее значение.
14. Записать это значение в качестве фонового излучения в разделе Анализ данных.

Часть 2 – Излучение и расстояние

Установка



15. Поместить радиоактивный источник на стол под трубкой Гейгера-Мюллера.

16. Опускать трубку Гейгера-Мюллера до тех пор, пока чувствительный элемент не окажется на расстоянии 2 см от источника.

Сбор данных

17. Начать запись данных.
18. Записать данные, по крайней мере, для 4 интервалов времени (~20 с).
19. Закончить запись данных.
20. Просмотреть среднее значение.

21. Записать это значение рядом с соответствующим расстоянием в Таблице 1 раздела "Анализ данных".

22. Отодвинуть трубку Гейгера-Мюллера на 2 см дальше от источника и повторить записи данных до достижения расстояния 12 см.

23. Повторить шаги по сбору данных для каждого из трех источников.

Часть 3 – Излучение и защита

Установка

24. Установить трубку Гейгера-Мюллера на расстоянии 4 см над столом.
25. Поместить источник под трубку Гейгера-Мюллера.

26. Записать тип материалов, которые будут использоваться в качестве экранирования, в таблице 2 раздела «Анализ данных». Если будут использоваться один и тот же материал с различной толщиной, то необходимо включить эту информацию тоже.

Сбор данных

27. Поместите экранирующий материал между источником и трубкой Гейгера-Мюллера

28. Начать запись данных.

29. Записать данные, по крайней мере, для 4 интервалов времени (~20 с).

30. Закончить запись данных.

31. Просмотреть среднее значение.

32. Записать это значение рядом с соответствующим материалом в таблице 2 раздела "Анализ данных".

33. Повторить шаги по сбору данных для каждого из материалов экрана, используя все три источника, и записать среднее значение в таблице 2.

Анализ данных

34. Построить график зависимости среднего значения от расстояния для источника гамма-излучения в соответствующих осях пустого графика ниже.

Вопросы для анализа

1. Подчиняется ли излучение обратно квадратичной зависимости?

2. Какие первые действия были бы важны, чтобы защитить себя от радиации, выпущенной из сломанного контейнера радиоактивного материала?

3. Какие выводы можно сделать о влиянии толщины защитного материала на скорость счета?

4. Какие выводы можно сделать о влиянии плотности экранирующего материала на скорость счета?

Вопросы для синтеза

Используйте доступные ресурсы, чтобы ответить на следующие вопросы.

1. Как будет отличаться риск воздействия радиоактивных веществ, если ядерная радиация будет следовать обратно кубическому закону?

2. Поскольку энергия излучения поглощается экраном (например, бумагой, пластиком, свинцом), какое влияние поглощенная энергия оказывает на экран?

3. Почему существует разница в проникающей способности трех основных типов излучения?

4. Насколько эффективны другие материалы, такие как воздух или вода, для защиты от излучения?

5. Какой материал наиболее эффективен в поглощении энергии ядерного излучения?

Подготовлены тестовые задания, в которых нужно выбрать лучший ответ или дополнение к каждому из вопросов или неполных утверждений.

#### Использованные источники:

1. Physics through Inquiry Student Guide: Handout Masters. 21st Century Science. PASCO scientific, 2014, Roseville, USA. 457 p.

*Научный руководитель – к.ф.-м.н., доцент Жубаев А.К.*

## КОМПЬЮТЕРНОЕ МОДЕЛИРОВАНИЕ МАГНИТНОЙ ЛОВУШКИ НА ОСНОВЕ ОСЕСИММЕТРИЧНЫХ ПОЛЕЙ

**Жеткергенов Д.Б.**

Актюбинский региональный государственный университет  
им. К. Жубанова

Обычно магнитные ловушки создаются путем использования неоднородных полей «принцип магнитных зеркал», при этом заряженные частицы отражаются от областей с сильным магнитным полем (см., например, [1,2]). Однако возможны и другие конфигурации магнитных полей, позволяющих удерживать заряженные частицы в ограниченной области пространства.

Рассмотрим движение заряженной частицы с зарядом  $e$  и массой  $m$  в однородном магнитном поле с индукцией  $B_0$  и поле бесконечного прямого тока  $I$  параллельного однородному магнитному полю. Индукция магнитного поля, создаваемого бесконечным прямолинейным проводником, по которому течет ток  $I$ , определяется выражением:

$$\vec{B} = \frac{\mu_0 I}{2\pi \rho^2} \vec{n} \times \vec{r}, \quad (1)$$

где  $\mu_0 = 4\pi \cdot 10^{-7}$  Гн/м – магнитная постоянная,  $\vec{n}$  – единичный вектор, направленный по направлению тока,  $\rho$  – расстояние от прямолинейного проводника до точки  $\vec{r}$ , в которой определяется поле.

Начало декартовой системы координат выберем в произвольной точке прямолинейного тока, который направлен вдоль оси  $z$  две другие оси  $x$  и  $y$  перпендикулярны току. В этой системе координат уравнения движения заряженной частицы могут быть записаны в виде:

$$\ddot{x} = -A \frac{x\dot{z}}{x^2 + y^2} - \frac{eB_0}{m} \dot{y}, \quad (2)$$

$$\ddot{y} = -A \frac{y\dot{z}}{x^2 + y^2} + \frac{eB_0}{m} \dot{x}, \quad (3)$$

$$\ddot{z} = A \frac{x\dot{x} + y\dot{y}}{x^2 + y^2}. \quad (4)$$

Здесь постоянная  $A = \frac{\mu_0 e I}{2\pi m}$ , имеет размерность скорости, а ее величина зависит линейно от тока  $I$ ,

точки обозначают дифференцирование по времени  $t$ .

Президент Республики Казахстан Нурсултан Назарбаев в статье «Взгляд в будущее: Модернизация общественного сознания» напоминает: «Каждый казахстанец должен понимать, что образование – самый фундаментальный фактор успеха в будущем. В системе приоритетов молодежи образование должно стоять первым номером. Если в системе ценностей образованность станет главной ценностью, то нацию ждет успех» [2].

Образование признано одним из важнейших приоритетов долгосрочных стратегических программ. В настоящее время в Казахстане проводятся экономические и образовательные реформы, выстраиваются модели

высшего образования, соответствующие тенденциям развития экономики и образования, обеспечивающие вхождение в мировое образовательное пространство. Это дает новый импульс для тесного сотрудничества вузов и выхода в международное образовательное пространство.

В начале XXI века высшее образование Казахстана переживает качественно новый этап сотрудничества с мировым сообществом. Этот этап открывает возможности не только позаимствовать новое, прогрессивное, проверенное многолетним мировым опытом, но и поделиться лучшим из того, что имеется в практике работы наших высших учебных заведений. Международная интеграция и сотрудничество в области высшего образования определяется взаимным доверием и обменом опытом вузов стран.

Академическая мобильность всегда была движущей силой высшего образования. По мере развития интеграционных процессов в обществе, интерес к проблеме мобильности усиливается, что в свою очередь становится толчком к развитию программ, которые будут способствовать изучению иностранных языков, изучению различных культур, межкультурной коммуникации студентов. В современном обществе, характеризующемся процессами глобализации и интернационализации, международная мобильность студентов и преподавателей способствует повышению эффективности системы высшего образования в целом [3].

Актюбинский региональный государственный университет имени К.Жубанова видит свою миссию в развитии системы образования, фундаментальной и прикладной науки как источников новых знаний и технологий, укрепления международных связей с зарубежными вузами, а именно с университетами Турции, Польши, Китая.

В настоящее время, современная образовательная система Республики Казахстан направлена на повышение уровня образованности как фактора конкурентоспособности нации. В современном мире конкурентоспособность страны определяется уровнем интеллекта ее граждан, поэтому система образования должна развиваться в соответствии с потребностями завтрашнего дня [4].

Международная академическая мобильность в современное время рассматривается как фактор, способствующий повышению качества образования и интеграции казахстанских вузов в международное образовательное пространство.

#### **Использованные источники:**

1. Назарбаев Н.А. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» («Курс на будущее: духовное возрождение»). [Электронный ресурс]. – Режим доступа: [http:// infozakon.kz/life/1479-kurs-na-buduschee-duhovnoe-vozhrozhdenie.html#sel= 3:18,3:19](http://infozakon.kz/life/1479-kurs-na-buduschee-duhovnoe-vozhrozhdenie.html#sel=3:18,3:19)
2. Назарбаев Н.А. Взгляд в будущее: Модернизация общественного сознания [Электронный ресурс] // Режим доступа: akorda.kz. 14 апреля 2017г.
3. Болонская декларация и международная академическая мобильность – основные положения и определения : учебно-методическое пособие / Рост.гос. ун-т путей сообщения. – Ростов н/Д, 2011. – 38 с.
4. Назарбаев Н.А. Семь граней Великой степи. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.akorda.kz/ru/events/statya-glavy-gosudarstva-sem-granei-velikoi-stepi>

*Научный руководитель – к.истор.н., доцент Бегимбаева Ж.С.*

## **ҚАЗАҚ МҰНАЙЫНЫҢ АРДАҚТЫСЫ – Ж. ДОСМҰХАМБЕТОВ**

**Айса И.**

*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті*

Батыс Қазақстан аймағының Атырау облысына қарасты Жылыой ауданы - мұнай қорының бай өлкесіне жатады. Аталған ауданда әлемдегі ірі кен орындарының бірі – Теңіз кеніші орналасқан. Осы Теңіз кенішінің алғаш ашушылардың бірі, қазақ мұнайының ардақтысы - Жолдасқали Досмұхамбетов.

Жолдасқали Досмұхамбетов жайлы Досмұхамбетов Қ.Ж. «Жолдасқали Досмұхамбетов» атты өмірбаян еңбегі [1, 4 б.], мерзімді басылымдарда мақалалар жарық көрген.

Теңіз кен орнының өзіндік тарихы бар. Кенестік мұнайшылар өткен ғасырдың басында-ақ Каспий маңы ойпатында, атап айтқанда Оңтүстік Ембі өңірінде мұнай мен газ өндірудің зор келешегі бар деген жорамал жасаған болатын. Бұл жерде геологиялық зерттеу жұмыстары 1930-шы жылдарда жүргізілген еді, бірақ пайдаланылатын технологиялардың жетілмегенінен, олар ұзақ уақыт бойы жүйесіз және нәтижесіз болып қала берді. Кеңес Одағының Үкіметі 1970-ші жылдардан бастап, энергетикалық қуаты мол бұл аймаққа назар аударма бастады. Қазақстанның байырғы кәсіпорны «Ембімұнай» мамандары бастама көтеріп, тұзасты түзілімдердің төбесін және тұздың астындағы кешеннің ішкі тектоникасын зерттеу әдістемесін дербес өздері әзірледі. Келешегі зор Қаратон-Прорва карбонат аймағын айқындап, «ғасыр жаңалығын» ашты. «Ембімұнайгаз» басшылары Жолдасқали Досмұхамбетов, Бөлекбай Сағынғалиев және Мақаш Балғымбаев зерттеу деректерін КСРО Мұнай өнеркәсібі министрлігіне ұсынып, сонымен бірге Ембі ауданында кең ауқымды барлау жұмыстарын жүргізу қажеттігі туралы мәселе қойды. 1971 жылдың тамызында КСРО мұнай өнеркәсібі министрі «Ембімұнай» бірлестігінің географиялық, іздеу және құрылыс жұмыстарын күшейтуі туралы жарлық шығарды. Содан кейін үш жыл өткен

соң геофизикалық зерттеудің нәтижесінде жоғары амплитудалық үш асу, 1976 жылға таман іздеу бұрғылауы үшін 30-дан астам нысан айқындалды. Сол тұста Теңіз алаңының дөңесінде бірінші іздеу ұңғымасын бұрғылау туралы шешім қабылданып, 1976 жылдың шілдесінде іске асырылады. Белгіленген жұмыстарды жүргізуге ерекше дайындық жасалды, бұл орайда төтенше жағдайда өтетін сынақтың айрықша күрделі әрі қауіпті екені назарға алынды. Себебі, жер қабатының тереңдігінде жатқан мұнай құрамында қышқыл мен күкіртсутектердің қалыптан тыс жоғары болуы. «Ембімұнай» мамандары ұңғымаларды тоттануға қарсы тиісті жабдыкпен қамтамасыз ету бойынша ізденістер жүргізді [2].

Осылайша сан мыңдаған мұнайшылардың қажымас еңбегінің арқасында Теңіз кен орнының сарқылмас қазынасы ашылды. Кейінірек осынау орасан зор алыпты ашу жұмысына қатысқан мұнайшылар тобы марапатталды. Олар Жолдасқали Досмұхамбетов (қайтыс болғаннан кейін), Асабай Қысметов (қайтыс болғаннан кейін), Бөлекбай Сағынғалиев, Мақаш Балғымбаев, Құмар Балжанов, Валентин Авров, Болат Еламанов, Орынғазы Есқазиев еді [3].

Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің 1995 жылғы 4 сәуірде «Батыс Қазақстандағы бірегей Теңіз мұнай-кен орнын» ашқаны үшін Қазақстан Республикасының ғылым, техника және білім саласындағы 1994 жылғы Мемлекеттік сыйлығын алғандардың бірегейі - Досмұхамбетов Жолдасқали Ахметұлы еді. Жолдасқали Ахметұлы - 1916 жылдың 15 қыркүйегінде бұрынғы Гурьев облысы, Мақат ауданы, Ракуша селосында дүниеге келген. 1926 жылы Ракушадағы мектеп-интернаттың 1-сыныбына барып, 1929 жылы 4 жылдық мектепті аяқтайды. 1929 жылы Доссордағы жеті жылдық орыс мектебіне қабылданып, 1932 жылы бітіреді. 1932 жылы Гурьев мұнай техникумына геология бөлімінің 2 курсына қабылданады. 3 курсты үздік аяқтаған соң, «Эмбанефть» трестінің басқармасы 1934 жылы академик И.М.Губкин атындағы мұнай институтына оқуға түсіп, 1940 жылы кен инженер-геологы мамандығы бойынша бітіреді. 1940 ж. мамыр – 1942 ж. сәуір аралығында Байшонас кенішінде бас геолог, 1942 ж. сәуір – 1943 ж. тамыз аралығында «Қазақстаннефтекомбинат» басқармасында бас геологтың орынбасары, 1943 ж. тамыздан – 1947 ж. желтоқсан айына дейін Байшонас кенішінің директоры, 1947 ж. желтоқсанынан – 1950 ж. желтоқсаны аралығында «Қазақстаннефтеразведка» трестінің басқарушысы болып қызметін атқарған. 1951-1953 жылдары мұнай өнеркәсібі Академиясында оқып, Құлсары мұнай кәсіпшілігінің директоры, «Қазақстанмұнай» бірлестегінің бас геологы, кейін бастығы қызметіне өскен. Мұнай өнеркәсібінің дамуына қосқан үлесі және қажырлы еңбегі үшін «Құрмет белгісі» (1942 ж.), екі мәрте «Еңбек Қызыл Ту» (1948 ж., 1966ж.), «Ленин» (1959 ж.), «Октябрь Революциясы» (1971 ж.) ордендерімен, бірнеше медаль, грамоталармен марапатталған. 1966 жылы Кеңестер Одағы Жоғарғы Кеңесі алқасының қаулысымен «ҚазақКСР-нің еңбек сіңірген мұнайшысы» және сол жылы Маңғыстау мұнай-газ кешенін ашуға қатынасқаны үшін КСРО Лениндік сыйлықтың лауреаты атақтары берілді. 1971 жылы өлкедегі мұнай кенішінің ашылуының 60-жылдығына орай «Құрметті мұнайшы» атағы берілді. 1977 жылы 61 жасында қайтыс болған [4].

Жолдасқали Досмұхамбетовтың отбасына тоқталып өтсем. Ең тұңғышы - Ақжонас 1947 жылы дүниеге келді. Ол Мәскеудегі академик И.М. Губкин атындағы мұнай институтын бітірген. Автоматика және телемеханика саласының маманы. Бірқатар жыл облыс орталығындағы «ҚазНИПИнефть» институтында жобалаушы инженер боп істеді. 1988 жылы

ауыр науқастан дүние салды. Одан кейін Қарлығаш 1948 жылы дүниеге келген. Жолдасы Сәлімжан екеуі де геолог. Қазір Алматы қаласында тұрады. Шара 1954 жылы туған. Мамандығы дәрігер. Күйеуі Еңсепов Зинетолла физика-математика ғылымдарының докторы. Қазіргі таңда Жапонияда тұрады.

«Ембімұнайгаз» АҚ атақты геолог-мұнайшы Ж.Досмұхамбетовтің 100 жылдығы мен Теңіз кен алаңы мұнайының және геологтің есімін иеленген облыстық лицейдің 25 жылдығына орай мерекелік шараларды ұйымдастырды. Ж.Досмұхамбетов атындағы кен алаңында (ЕМГ қарасты «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы) майталман геолог-мұнайшының құрметіне ескерткіш тақта салтанатты түрде ашылды. Шараға Компания басшылығы мен ардагер-мұнайшылар, мұнай-газ өндіру басқармаларының ұжымдары мен жергілікті атқарушы органдардың өкілдері қатысты. Шара барысында «Ембімұнайгаз» АҚ бас директорының өндіру және игеру жөніндегі орынбасары Қ.Қасымғалиев, ардагерлер кеңесінің төрағасы Б.Сматуллин, кәсіподақ ұйымының төрағасы К.Шанқанов, «Жылыоймұнайгаз» басқармасының бастығы М.Науқенов, еңбек ардагерлері, ғалымның ізбасарлары, аудан әкімдігі өкілдері сөз сөйлеп, ескерткіштің орнатылуы келешек ұрпақ үшін маңызы зор, тамаша тағылымды оқиға екенін айтты. Тақта шымылдығын «Ембімұнайгаз» АҚ бас директорының өндіру және игеру жөніндегі орынбасары Қ.Қасымғалиев пен Ж.Досмұхамбетовтың ұлы Исатай ашты. Сонан кейін шараға қатысушылар ескерткішке гүл шоқтарын қойды.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қ.Досмұхамбетов. Жолдасқали Досмұхамбетов. Алматы: «Мұнайшы» қоғамдық қоры, 2006 -272 б.
2. Теңізшевройл – 15 жыл. - Астана: «Caspian Publishing House Ltd» баспасы, 2008. – 22 б.
3. Атырау облыстық мемлекеттік мұрағаты (одан әрі, АтОММ.- Ұ. А., А. Ж.) 146 к., 1 т., 9365 іс.
4. АтОММ,193 к., 3 т., 2 іс.

*Ғылыми жетекші – тарих магистрі Жумабаев А.Ж.*

## ҚАРШЫҒА АХМЕДИЯРОВ – ҚАЗАҚ КҮЙ ӨНЕРІН НАСИХАТТАУШЫСЫ

Ганиұлы А.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

Қазақстанның күйшілік өнері өркен жайып, ерекше дамыған өлкелердің бірі – еліміздің батыс аймағы болып саналады. XVIII-XIX ғасырларда Батыс Қазақстанның Бөкей ордасында аса күшті домбырашылық мектеп қалыптасты. Бөкей ордасының күйшілік өнерінің қалыптасуына хан-сұлтандардың да ықпалы зор болған. Арынғазы, Жантөре, Дәулеткерей, Салауаткерей, Түркеш тағы басқа күйшілер ақсүйектер әулетінен шыққан. Батыс Қазақстан күйшілік дәстүрінің орнығуына мұрындық болған Боғда, Баламайсаң, Ұзақ сынды күйшілер болған. Сонымен қатар, осы күйшілік мектептің қалыптасуына зор ықпал еткен күйшілердің бірі Махамбет Өтемісұлы. Махамбет күйлері өзінің дауылпаз жырларымен сарындас болып келеді. Кейін екі үлкен бағытта дамыған Бөкей күйшілік дәстүрі Құрманғазы, Дәулеткерей есімдерімен тығыз байланысты болып келеді. Қазақ күй өнерінің классигі, бүкіл түркі дүниесінің мақтанышына айналған, әлемдік өредегі алып композитор Құрманғазы Сағырбайұлының шығармашылығы осы орындаушылық дәстүрдің даму шыңы, қазақ халқының баға жетпес рухани қазынасы болып табылады. [1, 105 б.].

Асыл мұрадан адасып қалмай, бүгінге жеткізген академик А.Қ. Жұбановқа, А.В. Затаевич пен Б.Г. Ерзаковичтерге замандастарымыз бен болашақ ұрпағымыз қарыздар. Осындай игілікті істің жалғасы Х.Тастанов, Қ. Мұхитов, М. Айтқалиев, М. Әубәкіров, С. Хұсаинов, Қ. Ахмедияров, А. Жайымов, Т. Мерғалиев, Б. Ысқақов, А. Раимбергеновтардың еңбектерінде, ізденістерінде, қазіргі қолданыстағы күй жинақтарында, үн-бейне таспаларда, домбыра мен фортепианоға арналған шығармаларда, зерттеулік-әдістемелік оқу құралдарында өз жалғасын тапты. Осы орайда Қаршыға Ахмедиярұлы атқарған істердің өзіндік орны бар [2, 20 б.].

Күйші қауымға бой тұмар болған жәдігерлерді хаттап, зерттеп жинақтауда оның аймақтық, нақыштық, дәстүрлі күй мектептік ерекшеліктерін, композитордың стильдік қол таңбасын дөп басуға көңіл бөлінетіндігі белгілі. Осы қағиданы берік ұстанған Қаршыға Ахмедиярұлының бірнеше зерттеу еңбектері баспадан жарық көрді.

Шашақты найза – Шалқар күй еңбегі - бұл жалынды жырдың уыты күйіне де дарыған Махамбет баба шығармашылығының жинағы. Бірде өнер зерттеушісі Мұстафа Ысмағұлов Қаршыға Ахмедиярұлына академик Ахмет Қуанұлы Жұбановтың талантты күйші Оразғали Сүйімбековтен Махамбет күйлерін жазып алғанын, өзінде де үн таспа және дерек бар екенін айтып, осы істі қолға алуын сұрап қолқа салады. Айтқанындай бәрі табылып: тарих ғылымдарының кандидаты Н. Көшекбаев (өнер зерттеуші), Мұстафа Ысмағұловтар еңбегі нәтижесінде Махамбет бабамыздың тағы бір дара

қасиеті – күйшілігі барша жұртқа аян болды. Қазақ халқында батырдың ақын, ақынның әнші, күйші болғаны заңдылық. Жинақта Махамбет күйлерін толықтай хаттап, орындаушылық ерекшелігі жақында ұтымды ойлар толғаған. Батыр баба мұрасы әлі күнге ұрыс даласындағы қиқуындай құлаққа келеді. Жұмыр Қылыш, Қайран Нарын, Өкініш күйлері орындаушылық үрдісте берік орын алған шоқтығы биік шығармалар. Артынша үлкен күйтабақ та өмірге келді [4, 9 б.].

Әсем қоңыр (1991 ж. 1-ші басылымы, 1997 ж. 2-ші басылымы) – Дина шешей күйлерінің жинағы. Қаршыға Ахмедиярұлы еш уақытта ізденуден, білім іздеуден жалықпаған. Өнерін ұштау мақсатында 1986-88 жылдары Мәскеу қаласында жоғары дирижерлік курста білімін жетілдірді. Осы кезде де күйдің жоқшысы болу қызметін ешбір тоқтатқан емес. Осындағы мұрағаттан Дина шешей орындауында өзінің барлық (Байжұма, Домалатпай, Кербез) күйін, басқа да халық композиторларының күйлерін тауып, дыбыс жазу қорымен келісіп бәрін үн таспаға түсіреді. Сол кездегі консерваторияның ғылыми жұмыстары жөніндегі проректоры, өнертану ғылымдарының кандидаты Ғапура Нұрғалиқызымен хабарласып, осы жұмысты қолға алады. Себебі Ғапура апай ғылым жолындағы бастауын Дина шешей шығармашылығына арнаған, қасына еріп, сырлы сұхбат құрып, біраз дәйекті деректеріне, мың құбылған ғажайып домбыра ойнау шеберлігіне тәнті болған [3, 10 б.].

Шешей күйлерін түгел және жете орындайтын күйші сиректеу. Қ. Ахмедиярұлы, С. Жалмышев, А. Үлкенбаевлар шешей қолының дуасы жұққан, күй әуезінің лебі шарпыған, бар күйін өндіріп ойнайтын мұрагерлері. 1996 жылы Әсем қоңыр жинағы екінші рет басылып шықты. Күйлер жинағының шығуы бар да, оның өмірге енуі, сіңуі бар, кітап, нота күйінде қалмауы – ізгілікті іс. Осы мақсатпен Қаршыға Ахмедиярұлының орындауында Дина шешейдің үлкен күйтабағы шықты. 1992 жылы Дина атындағы 1-ші қалалық сайыс өткізілді. Бұл игі істі ұйымдастырып, алға апарушы да Қ. Ахмедиярұлы, сайыс қалалық деп аталғанымен батыс өңірінен домбырашы қыз-келіншектер қатысып өнер додасының ауқымы кеңейе түсті. Күйлер түгел Әсем қоңыр жинағынан орындалды. Күй Отанында Күй анасының ізбасарларының мұндай абыройлы жеңістері әр уақытта осы биіктен түспегені жөн. «Динаны тану» енді басталды» - деді сайыстың аяқ алысына риза болған Қаршыға Ахмедиярұлы [2, 22 б.].

Жігер (1996 жыл). Дәулеткерей күйлерінің жинағы. Күй баспасы Дәулеткерей шығармашылығы жақында А.В. Затаевич, П.В. Аравин, А.Қ. Жұбановтар өндіріп еңбек сіңірген болатын. Біздің қолданып, күнделікті орындап жүрген күйлеріміз – Қ. Ахмедиярұлының осы істердің жалғасы ретінде шыққан «Жігер» кітабында жинақталған. Кітаптың алғы сөзінде белгілі жазушы, мемлекет қайраткерлері Ә. Кекілбаев: «Қиян кесі қиянаттар дүниесінде, қым қиғаш тартыс пен таластың жыртысын жыртысып, сол ызу-қиқу болмыстан осынша сұлулық, парық парасат тапқан – Дәулеткерей періште болмаса, пайғамбар – тіпті соның екеуі де» деген-ді [5, 3 б.]. Әсем сазға, сикырға толы Бапастың күйлерін жете саралаған академик А. Жұбанов болса, Қ. Ахмедиярұлы оны жаңа

деректерімен толықтырып өз қаржысымен баспадан шығарды. Мұнда Қазақстанның халық әртістері Қ. Жантілеуов, Р. Ғабдиев, Р. Омаров, Ә. Есқалиев, Б. Қарабалина, Қ. Ахмедияровтардың орындауындағы Науша, Махамбет Бөкейхановтар жеткізген күйлермен 36 күйі енген. Қ. Ахмедиярұлының жаңа деректермен, күйлермен, талдауымен қайта толықтырып, әр күйшіні терең тану, орындаушылық және шығармашылық жұмыстарын зерделеу зор құлшынысқа алмасуда. Оның айғағы Дәулеткерейдің Меңзерлері, Кербез ханымы, Салауаткерей күйлері. Дәулеткерей – күй өнеріндегі лирикалық, философиялық дәстүрдің қолбасшысы, оның күйлері жүрек түбіне бойлайтын сүйікті, нәзік келеді. Қазір алда тұрған мақсат еңбекті осы жаңа табылған күйлермен, деректермен толықтырып қайта баспадан шығару, іздестіруді тоқтатпау – Дәулеткерей қазақтың маңдайына күнде бітетін тұлға емес, сондықтан да оның ыждағаттаған дұрыс. Зираты Капустин жары полигонында қалып, басына баруға рұқсат болмаған. Ештен кеш жақсы, сүйегін Орда ауданына әкеп басына кесене орнатып, туғанына 185 жыл болса да елдімізді көрсеттік. Дәулеткерей күйлері үн таспасы шықты [5, 11 б. ].

Күйлерді тереңірек, етене жақын білудің, таланттарды танудың ең бір ұтымды саласы – әр түрлі деңгейдегі сайыстар ұйымдастыру. Ең алғашқы Қаршыға Ахмедиярұлы қолға алған Дина атындағы қалалық сайыс қазір кең арнаға түсіп, Дина тану, оның орындаушылық қыры мен сырын, егжей-тегжейін ашуға бет бұрыс жасалынып, мол істер атқарылды. 1998 жылы Музыка қайраткерлері қоғамымен бірге I Дина атындағы республикалық қыз-келиндешектер сайысы өтті. Күй дүбірінің саңлақтары, Дина ізбасарлары – Салтанат, Сәния, Айнагүл, Баян, Жәниба, Айгүл, Динаралар сында күйші қыздарымыздың аяқ алысы өте қуантады. Халықаралық, республикалық сайыстарда, фестивальдарда сарапшы болу, жас жүйріктерінің талпынысын, болашағын жазбай тану – өнер жалғасуының алғышарты.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Әбуғазы М. Қазақтың домбыра өнері / М. Әбуғазы. - Алматы: "Нұрсәт" баспасы, 2016. - 480 б.
2. Ахмедияров Қ. Табыну. – Алматы: Дайк-Пресс, 2000. – 471 б.
3. Өтемісұлы Махамбет. Шашақты найза, шалқар күй. (күйлерді нотаға түсірген Қ. Ахмедияров). – Алматы: Өнер, 1982. – 55 б.
4. Нұрпейісова Д. Әсемқоңыр/ Құраст. Қ. Ахмедияров. – Алматы: Өнер, 1991. 120 б.
5. Дәулеткерей. Жігер: Күйлер (Құраст., түсініктерін жазған Қ. Ахмедияров; Әдеби өндеген М. Құлкенов). – Алматы: Өнер. 1995, 96 б.

*Ғылыми жетекші – т.ғ.д., профессор Таңатарова Ж.Т.*

## **БАЛАЛАРДЫ РУХАНИ МӘДЕНИЕТКЕ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ МАҢЫЗЫ**

**Темирханова Қ.Ш.**

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты

Қазірден ұлттық рухани мәдениетіміздің бүгінгі заман талабына сай жаңа бағдарламасын жасап, соны күнделікті өмір салтымызға батыл ендіруіміз керек. Сонда ғана біз өзінің дербес ұлттық рухы, мәдениеті, санасы дамып жетілген өркениетті ел болып, адамзаттың ұлы көшіне ілесіп, басқа халықтармен терезесі тең халық ретінде өмір сүре аламыз.

Тұлғаны рухани-мәдениетке тәрбиелеудің маңызы зор болып табылады. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек. Тәрбиенің жалпы негізі рухани мәдени құндылықтар болуы керек. Рухани мәдениет үлкен мен кішінің арасындағы шынайы қарым-қатынас кезінде бала бойына дариды. Ал педагогтің басты мақсаты - өзіндік рухани мәдениетті тұлғаның бойына дарыта отырып, оның жүрек түкпіріндегі рухани қазынасын жарыққа шығару, әрбір баланы жеке тұлға ретінде жетілдіру үшін оның бойындағы бар құндылықтарды дамыту. Жақсы тәрбиеленген, саналы білім алған шәкірт өмірде өз орнын табады. Жас ұрпақтың бойында адамзаттық құндылықтарды қалыптастыру, оларды бала күнінен соған тәрбиелеу адам шыр етіп жерге түскеннен бастап қолға алынғанда ғана мүмкін болады. Мұны, ең алдымен, шұғыл өзгеріп жатқан тіршілік жағдайларын ескере отырып отбасы, әлеуметтік-мәдени ортасы, мұғалім және тәрбиеші жүзеге асырады. Бала тәрбиесіне ең үлкен әсер ететін нәрсе-орта. Әлеуметтік ортаға бейімделу тіршіліктегі таза ізгілікті, адамгершілік қатынастарды жасауға, жеке адамның бойында жақсылықтарға бағытталған жүйе қалыптастыруға байланысты. Бала үлкендердің саналы да мақсатты өмір сүре білуге үйретуінің қажеттілігін өзі түсінетін болса, егер оның белгілі бір дүниетанымдық білімі болса, ол үнемі жаңалыққа ұмтылып отырса, егер ол өзін қоршаған орта мен адамдарды түсінуге қабілетті болса, онда оның әлеуметтік ортаға бейімделуі қалыпты деңгейде жүзеге асатын болады[1, с.35-38].

Ұрпағымыз өнерлі, еңбексүйгіш, үлгілі, абзал азамат болуын қалаған қазақ халқы бұғанасы енді қата бастаған қыз баланы төсек-орнын жинау, ыдыс-аяқ жуу, үй сыпыру, ою, өрнек тігу, кесте, өрмек тоқу; ұл баласын мал бағып, күтуге, шөп шабуға, түрлі бұйымдар жасауға, зергерлікке үйреткен. Ән айтқызып, қобыз бен домбырада күй тартқызуға, өлең-жыр жаттатуға, жаңылтпаш айтқызып, жұмбақ жасыруға, қонақ күтуге, түрлі ұлттық ойындарға баулыған.

Тәрбие ісі, ой-шұңқыры, қыры мен сыры мол, неше түрлі тәсілдерді қажет ететін аса күрделі үрдіс. Тәрбие әдістерінің бірі - тәрбиеленушілерге талап қоя білу, оның нәтижесін қадағалап отыру мәселесіне тоқталмақпыз.

Адамға дұрыс талап қойылмаса, тапсырылған іс уақытында қадағаланбаса, біртіндеп берекесіздік пайда болады. Сондықтан баланы кішкентай кезінен бастап, шамасы келетін талаптар қойып, міндеттер жүктеп, олардың орындалуын бақылап отыру, оларды жауапкершілікке, өз борышын дұрыс түсіне білуге машықтандыру қажет [2, с. 102-105].

Балалар әлемге қызыға қарайтын, жаратылысты енді ғана танып келе жатқан аңғарымпаз, ойы мен жүрегі таза жандар. Мектепке дейінгі кезеңде негізгі қоршаған орта жайлы түсінік іргетасын қалайтын шақты бастан өткізеді. Нақ осы шақта баланың психологиялық денсаулығын күтімге алып, ұлттық санасын дұрыс қалыптастыру қажет. Ал, ол үшін көптеген факторлар әсер ететіні белгілі. Соның ішінде елеулі орын алатыны қазіргі тәрбие құралдарының бірі мультфильмдер болып табылады. Мультфильмдер бүгінде ертегінің орнын басты десек те болады. Қалыпты дамыған бала 5-6 жасында заттарды зерттеп, олардың сапасын этолондық нормалармен, түстермен, шамаларды байланыстыра алады. Мектепке дейінгі жаста ақыл-ой әрекетінің жоғары формасы ұғым қалыптаса бастайды. Өз ұлты, ұлттық болмысы жайлы түсініктер қалыптасады. Бұл шақта қазақ тарихымен тығыз байланысты аңыз әңгімелер, ертегілер жиі айтылып, баланың санасында өзінің ұлттық болмысы жайлы, негізгі дұрыс түсініктерді қалыптастырған абзал.

Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік тәрбиесі мен мінез-құлқын қалыптастыруда мынадай кемшіліктер бар екенін байқадық. Балалардың мінездері көп жағдайда бейнетаспадағы, мультфильмдердегі кейіпкерлерге, еліктейтінін, ата-аналар мен тәрбиешілер тарапынан баладан әдептілікті талап еткенмен оны баланың өзі орындап жатқандығы жайлы мәлімет алмайтынын, халық педагогикасын аз пайдаланатынын, олардың мінез-құлық мәдениетіндегі түсінігі ақпараттық жүйелердің болғанымен, балалар адамгершілік қарым-қатынаста мәдениетті сақтауға ынталы емес екені байқалды. Қазіргі таңдағы маңызды міндет, ұрпақтың бойындағы адами құндылықтарды, қайырымдылықты, сүйіспеншілікті дамытуды, сонымен бірге әділдікке, бақытты бағалай білуге тәрбиелей отырып, оқытуды талап ету.

Соның нәтижесінде, айналасындағылармен жақсы қарым-қатынас орната алатын, адамгершілігі мол, рухани бай, ата-ана қадірін жете түсінетін жүрегі таза саналы ұрпақ қалыптасады.

Мектеп жасына дейінгі балалар, өздерінің жас ерекшеліктеріне қатысты айтылатын этноәлеуметтік ролдердің маңызын, мәнін түсінуі керек. Мысалы: «ұл бала», «қыз бала», «немере», «жиен», «аға», «іні», «қарындас». Сонымен қатар олар «ата», «әже», «әке», «шеше», «апа», «жезде» т.б. сөздердің оларға қандай қатысы бар екендігін білулері қажет.

Осыған орай қарым-қатынастың қандай нормалары мен тәртібі барын ұғып, оны сақтауы тиіс. Этноәлеуметтік ролдердің түп негізін кішірек кезінен түсіну, олардың айналасындағы адамдар мен қарым-қатынасын дұрыс құруға көмегін тигізеді, туыстық, жақындық туралы сезімдері қалыптасып, олардың алдындағы парызы, жауапкершілігі артады [3, с. 85-86].

Сондықтан келер ұрпақты тәрбиелеу мен білім беру өзегі ұлттық құндылықтар негізінде рухани мәдениеттілігін қалыптастыруда жатыр деп түсінемін және ол кезек күттірмейтін мәселе. Жас ұрпақты рухани-мәдениеттілікке тәрбиелеу қай елдің, қай кезеңнің болмасын маңызды мәселесі болып келгеніне көз жеткізуге болады. Ендеше, балаларға халқымыздың рухани байлығын, мәдениетін, дәстүрін, терең таныстырып, ойшылдарымыздың ой-пікірлерін оқу-тәрбие ісінің тірегіне айналдыру, яғни, рухани тәрбиенің жаңарған жүйесін жасау-бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Капенова А. Ә. Қазақ отбасындағы мектеп жасына дейінгі балалардың қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру: пед.ғыл.канд. дис. –Алматы, 2004.
2. Кирабаева Ш. А. Формирование социально-ориентированного поведения младших школьников в учебно-воспитательном процессе. Автореф. дис.канд.пед.наук. –Алматы, 2003.
3. Құрсабаев М. Қ. Мектептегі оқушылар ұйымы арқылы ұлттық тәрбие берудің педагогикалық шарттары. Автореф.пед.ғыл. канд.дис. Қарағанды. 2008.

## **СОВРЕМЕННЫЕ МЕТОДЫ ПРОЕКТИРОВАНИЯ ЗАВОДОВ ПО ПРОИЗВОДСТВУ ПОЛИУРЕТАНА**

**Калинчук Б.В.**

Актубинский Региональный Государственный Университет им. К.Жубанова

Полиуретановые материалы являются широко распространенными полимерами в народном хозяйстве. Они характеризуются комплексом ценных эксплуатационных свойств, а именно высокой прочностью, высоким относительным удлинением устойчивостью гидролитическому воздействию и устойчивости к воздействию некоторых видов агрессивных сред. Однако, основным недостатком полиуретановых материалов является их низкая устойчивость к воздействию к термической и термоокислительной деструкции, причем полиуретаны являются горючими полимерами, их кислородный индекс составляет 17-19%. Поэтому повышение устойчивости



полиуретанов к воздействию высоких температур и к воздействию открытого пламени является актуальной задачей.

Снижение влияния этого недостатка на работоспособность полимеров в процессе их эксплуатации осуществляют за счет модификации. Существуют несколько способов модификации. Модификация может быть физической и осуществляется путем наполнения полимерного материала различного рода продуктами без образования химических связей, либо химической. В этом случае присутствуют химические связи между полимерной матрицей и соединением модификатора. В свою очередь химическая модификация может быть осуществлена на различных стадиях получения и переработки полимеров.

Таким образом, существует реальная возможность варьирования свойств полимерного материала в широких пределах, а также получение полимера с комплексом заданных свойств.

В настоящее время ведутся активные работы в области получения модифицированных полимерных материалов, в том числе и полиуретановых, которые сохраняют исходные свойства и характеризуются дополнительными, в частности имеют повышенную термическую устойчивость.

#### **Использованные источники:**

1. Саундерс Дж. Х., Фриш К. К. Химия полиуретанов. – М.: Химия, 1968. – 470 с.

*Научный руководитель – пр., магистр Айкенова Н.Е.*

### **ХАЛЕЛ ДОСМҰХАМЕДҰЛЫ ӨМІРІНЕН**

**Хасан А. М. Батырова Ж.Ж.**

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Ел қамын ойлаған батыс азаматы киелі Тайсойған құмында дүниеге келіп, өз еліне өшпейтін із қалдырып кеткен Халел Досмұхамедұлы сонау ХХ ғасырда қазақ тарихында азапты елдің тағдырын шешудегі рөлі ерекше. Бойына табиғат ана берген дарынды ала отырып, қазақ халқының білімділігін арттыру мақсатында көптеген ірі-ұсақты мақалалары мен кітаптары жарияланған. Жалпы, зоология, ботаника, әдебиет, тарих білім-ғылымдарына өзінің үлкен үлесін қосу арқылы артында мол мұра қалдырды.

Халел Досмұхамедұлы (1883 жылы 24 сәуір Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Тайсойған құмы – 19 тамыз 1939 жыл, Алматы) – Алаш қозғалысының қайраткері, дәрігер, ұстаз, ғалым. 1894 ж. Орал әскери-реалдық уч-щесінің даярлық сыныбына қабылданып, оны 1902 ж. үздік бітіреді де, тағы бір жылға қосымша сыныпта оқуға қалдырылды. [1, 140 б.]

Халелдің зеректігін көрген азаматтар оған Петербор Императорлық Әскери-медициналық Академиясына баруға кеңес береді. Жас Халел 1903 ж. табандылығы мен білімділігінің арқасында осы академияның студенті атанады. 1909 ж. Академияны тәмамдағанда, ол Петербордағы Әлихан, Мұстафа, Міржақып сынды қайраткерлермен және де басқа да қазақ һәм мұсылман депутаттарымен қоян-қолтық араласып үлгерген саналы да саликалы азамат болатын. 1905 ж.-ақ Кадет (конституциялық-демократиялық) партиясына кіреді. Оралдың «Фикр» газеті төңірегіндегі татар зиялыларымен кеңесіп тұрады. Саяси көзқарасы үшін 1906 ж. патша жандармериясының қаһарына шаршылады. 1909 ж. оқуын аяқтаған соң алғаш Пермьде, сонан соң 2-Түркістан, 2-Орал казак атқыштар батальонында әскери кіші дәрігер қызметін атқарады. [2, 155 б.]

Осы жылдары Орал қалалық ауруханасында бір жылдық мамандану курсынан өтеді. 1912, 1913 және 1915 жж. оба індетіне қарсы күрес ісіне қатысты. Бұл еңбектері үшін императорлық қола медальмен марапатталды. 1913-18 жж. «Қазақ» газетінде «Тамыр дәрі хақында», «Сары кезік – сүзек», «Жұқпалы ауру хақында» сынды кәсіби, әлеум.-саяси тақырыптарда мақалалар жариялап, өзіндік ой-пікірін білдіріп тұрды. [1, 140 б.]

55-56 ғұмыр кешкен Х. Досмұхамедұлы қысқа да мәнді тәржіме халін (өмірбаянын) 4 кезеңге бөліп қарастырған:

1. Тұлғалану жылдары (1916-шы дүрбелең жылдарғы дейін);
2. Ат үстінде өскен, күрес жылдары (1916-1920);
3. Ғылыми-шығармашылық һәм қоғамдық-педагогикалық қызметпен айналысқан жылдары (1921-1928);
4. Қуғын-сүргінге ұшыраған азапты жылдары (1929-1939). [6, 6 б.]

Сәуір айында 800-ден аса делегаттың қатысуымен өткен Орал обл. қазақ съезінде Ж.Досмұхамедовпен бірге «Орал облысының далалық бөлігін басқарудың уақытша ережелері» атты жергілікті және обл. деңгейдегі басқару жүйесін толық қамтыған заң жобасын ұсынып, оған делегаттар бір ауыздан дауыс берді. 1917 ж. мамырда Мәскеуде өткен Бүкілресейлік мұсылмандар съезіне қатысты. I жалпы қазақ съезіне Бүкілресейлік құрылтай жиналысына депутаттықта кандидат ретінде ұсынылды. 1917 ж. желтоқсанда II жалпы қазақ съезінде жарияланған Алашорда үкіметі – ұлт кеңесі құрамына сайланды. Уақытша үкіметтен билікті күшпен тартып алған большевиктердің үстемдігі нығайған тұста, 1918 ж. наурыз айында Ж. Досмұхамедов пен бірге кеңес үкіметінің басшысы В.И.Ленинмен, Ұлт істер жөніндегі халық комиссары И.В.Сталинмен бетпе-бет келіссөздер жүргізді. [1, 140 б.]

Алашорданың талаптарын айтты: Большевиктер кеңес үкіметін толық мойындап, сөзсіз бағынуды талап етсе, ал олар Алашордаға ішінара билік беру (заң шығару, атқарушы билік, сот жүргізу), өз әскері болу сияқты талаптарын, қазақтар көп шоғырланған жердің бәрін, ата қонысты қазаққа түгел қайтарып, бір орталыққа және әр жерде кеңес комитеттері тұтқындаған Алаш қайраткерлерін түрмеден босату, оларды қудалауды тоқтату, қаржылай көмек алу сияқты шұғыл шешімін табуды қажет мәселелерді өткір қойды. Соның кейбіреуіне қол да жеткізді. [3, 20 б.]

Халел Досмұхамедұлының ғұмыр жолын қысқаша шолу үстінде, оның бір қырына – ұстаздық, педагогтық қызметіне тоқталмай өту мүмкін емес. Шет жақта айдауда жүргенде да қарапайым мектеп дәрігері қызметін қоса атқарып отырған. Ал институтта бала тәрбиесі ғылымы – педология кафедрасын ұйымдастырып, осы пәннен дәріс оқып, «педология ғылымының доценті» (1926), «педология ғылымының профессоры» (1929) атанғаны белгілі. [3, 25 б.]

Ұзақ жылдар бойы, дәлірек айтсақ, 30-жылдардың басынан 80-ші жылдардың соңына дейін Алаш пен Алашорда тарихын зерттеуге ресми түрде тыйым салынды. Осы қозғалысқа қатысқан қайраткерлер 20-30 жылдары «контрреволюционерлер», «ұлтышылдар», «халық жауы» деп жалған жаламен айыпталып, соттады, айдалды, атылды. Сондықтан да Алаш жөнінде, оның жетекші қайраткерлері туралы шындық айтылмайтын болды да, бұл тақырып ресми түрде «жабылды». [4, 101 б.]

Мәдени қайраткер ретінде Х. Досмұхамедұлы Ташкентте жүрген кезінде мемлекетті ғылым кеңесінің жанынан «Талап» қауымын құрып,

ұлттық мәдениетімізді өркендетуге қомақыт үлес қосқаны да ұмытылмас оқиға. [5, 6 б.]

Кеңес үкіметі ұйымдастырған қуғын-сүргін саясаты кезінде тұтқындалып (15 қыркүйек 1930 ж.), 1932 ж. 20 сәуірде ОГПУ үштігінің шешімімен Воронеж қ-на 5 жылға жер аударылды. 1938 ж. 26 шілдеде жалған саяси айыппен екінші рет тұтқынға алынып, Мәскеуге, кейін Алматыға әкелінді. 1939 ж. 24 сәуірінде әскери трибуналдың үкімімен ату жазасына кесілді. 1939 ж. 19 тамызда түрме ауруханасында өкпе туберкулезінен қайтыс болды деген хабар келген. Қазір туған жері Атырау обл. Миялы кентінде оған ескерткіш қойылған. Халел Досмұхамедов 1958 ж. 11 ақпанында ақталды. [2, 142 б.]

Алаш ордасы Батыстан шыққан азаматтар дегенде қазіргі жастардың ойына Халел Досмұхамедов келеді. Оның артында қалған ұлы мұрасы қазіргі уақытта жастардың білім алуына үлкен септігін тигізеді. Ғұмыры ұзаққа созылмаған Халел Досмұхамедовтың аты мәңгілікке тарих беттерінде қалады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Алаш. Алашорда. Энциклопедия/ Құраст: Ғ. Әнес, С. Сұмағұлова, - Алматы: «Арыс» баспасы, 2009, /-544 бет.
2. Е. Тілешов, Д. Қамзабекұлы Алаш қозғалысы. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: Сардар, 2014, 528 бет.
3. Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы (Избранное). – Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 бет.
4. Ағартушы Халел: жинақ / құраст. Ғ. Қабдолқайырұлы. – Алматы: Арыс, 2004. – 272 б.
5. Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы. (Құрастырған Ғарифолла Әнес. 2-басылым). Алматы: "Өлке" баспасы, 2003. – 240 бет
6. Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы еңбектері. Избранные труды. – Астана : "Астана-Полиграфия", 2008. – 400 бет

*Ғылыми жетекші – тарих ғылымының магистрі Калыбаева А.Ж*

## **ДЕСТРУКТИВТІ ДІНИ АҒЫМ ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ ЭВОЛЮЦИЯЛЫҚ ПАЙДА БОЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Энчбай Серикжан**

«Нұр Мүбәрак» Египет ислам мәдениеті университеті

Қазіргі таңда еліміздегі дін саласындағы өзекті мәселелердің бірі деструктивті діни ағымдардың таралуы болып табылады. Алдымен «Деструктив» ұғымына талдау жасай кетсек, терминдік мағынасы бойынша бұл сөз латын тілінен «destructio», яғни бүлдіргіштік, залал тигізуге ұмтылыс, нәтижесіздік деген мағыналарды береді [1, 201 б].

Атақты ғалым – Эрих Фромм қоғамдағы адамның өзгерістерін зерттей келе олардың деструктивті тұрғыдағы өзгерістерін де қарастырып өтеді. Деструктивтілік феноменіне Эрих Фромм өзінің маңызды шығармаларының бірі «Адамның деструктивті анатомиясы» атты еңбегін арнаған. Эрих Фроммның ойынша, деструктивтілік дегеніміз адам бейнесіне ең жақын сипаттамалардың бірі. Философтың ойынша, ол физиологиялық тіршілік үшін қажет емес бірақ, адамдық психиканың маңызды бөлігін құрайды. «Ағартушылық диалектикасы» рухына Эрих Фромм мынандай анықтама береді: «басқа тіршілік иелеріне шексіз үстемдік етуге және оны қиратуға (зұлымдық агрессия) деген адамның құмарлығын мен ерекше топтарға бөліп, «деструктивтілік» және «қатыгездік» деген атау беремін» [2, 62 б.]

Қазақстандық ғылыми тәжірибеде «деструктивті діни ағымдар» түсінігінің нақты анықтамасын кездестіру қиынға соғады, алайда, осы саланың зерттеушілері бұл терминді белсенді түрде қолданылып келеді.

Деструктивті діни ағымдардың жеке тұлғаға психологиялық ықпал ету әдістері «Діни экстремизмнің әлеуметтік-психологиялық сараптамасы (діни фанатизм шарттарының бірі өлімге тарту)» атты тақырыптағы ҚР БҒМ ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру бағдарламасы аясында орындалған М.П. Кабакова мен Е.А. Лазареваның «Психологические методы контроля сознания и поведения в деструктивных культах» еңбегінде сипатталған. Сонымен қатар, қазақстандық ғалымдар мен сарапшылардың кейбір еңбектері деструктивті діни ағымдардың жеке әлеуметтік топтарға ықпалы туралы мәселелерге арналған, мысалы Ж.К. Ақсақалова мен М.П. Кабакованың «Особенности психологической устойчивости молодежи к новым деструктивным религиозным течениям» мақаласында жаңа деструктивті діни ағымдарға жастардың психологиялық орнықтылығының ерекшеліктерін зерттеудегі эмпирикалық нәтижелерді ұсынып, жастардың арасында «Мен деген не?», «Өмір деген не?» түсініктеріне қатысты дүниетанымды қалыптастырудың қажеттілігі туралы қорытынды жасалған [[3, 54 б]].

Сондай-ақ зерттеушілер тарапынан деструктивті діни ұйымдардың (ДДҰ) сипаттамасы ретінде түрлі ерекшеліктер қарастырылады. Белгілі ресейлік ғалым

А.Л. Дворкин, ДДҰ – қатаң құрылымды, аса қатты дәріптелген көшбасшысы бар, өз жақтаушыларының санасын бақылауға қатысты әдістер қолданатын, жаңадан қосылған адамдарды өздерінің бейілді, көнгіш және жағымпаз мүшесіне айналдыруға қатысты түрлі әдістер қолданатын ұйым деп есептейді [4, 41 б].

Әлемдік тәжірибеде «дәстүрлі емес ағымдар», «жаңа діни қозғалыстар» (ЖДҚ) терминдерін кеңінен қолдану таралған. Алайда, олар XIX ғасырдың екінші жартысында пайда болған дәстүрлі діндерге оппозициялық бағыттағы діни ағымдар түсінігін ашып көрсетеді. ЖДҚ келесідей ерекшеліктерін көрсетуге болады: ол белгілі бір үстемдік етуші дәстүрге қарама-қайшы болады, діни түсінікте эмоциялық-психологиялық жағы басым келеді, көшбасшылары өздеріне «Құдай» мәртебесін иеленеді, діннің әлеуметтік міндеттеріне және т.б. басымдық береді. Тұтастай алғанда, отандық және шетелдік зерттеушілердің, мысалы Е.Е. Бурова, Я.Ф. Трофимов, Л.С.Астахова, Л.И. Григорьева, Bryan R. Wilson, Paul J. Olson, және т.б. еңбектері дәстүр- лі емес діни ағымдар және дәстүрлі емес діни қозғалыстарды зерттеу мәселелеріне арналған.

Оған қоса, тұтастай құрылым және тұлға ретінде «деструктивті табыну» және «тоталитарлық секта» сынды терминдермен тығыз байланысты белгілі бір дәрежеде мемлекетке теріс ықпал ететін, діни қозғалыстар, ағымдарды сипаттайтын «деструктивті діни ағымдар/ұйымдар/ қозғалыстар» термині кеңінен таралғанын айта кеткен жөн. Шетелдік, оның ішінде американдық әдебиетте бұл құбылыс «деструктивті табыну» түсінігімен қатар қарастырылады [5, 18 б].

Оған қоса, зерттеулер аясында еліміздің ақпараттық кеңістігінде кеңінен таралмаған «деструктивті идеологиялық ағымдар» түсінігі қызығушылық танытады. Алайда бұл терминнің астарында қоғамдық қатынастарды тұрақсыздандыруға негізделген көзқарастар жүйесі, нормалар мен құндылықтардың түсінігін қарастырылады. Ресейлік зерттеуші Л.А. Калининнің анықтамасына сәйкес «деструктивті идеология тарихи жағдайда қоғамның дамуына объективті түрде қажетті болып табылатын қоғамдық қатынастардың бұзылуына, әлсіреуіне немесе олардың қалыптасуына ықпал ететін идеология (теория, көзқарастар, нормалар, құндылықтар жүйесі және белгілі бір әлеуметтік топтың қызығушылықтарын қоғамға тарату әдістері) болып табылады» [6, 55 б].

Сонымен қатар, В.Г. Джаназяна мен О.И. Чердаковтың пікірінше, осы зерттеудің аясында көңілге қонымды болып келетін, деструктивті идеологияның таралу себептерінің бірі мемлекеттегі діни экстремистік ұйымдар позициясының күшеюі болып танылады. Яғни, деструктивті идеология ұғымының астарында бекітілген құқықтық тәртіп пен құқықтық құндылықтарды бұзуға бағытталған идеологиялық нұсқаулықтардың кешені қарастырылады [6, 12].

Осылайша, деструктивті діни ағымдар термині дәстүрлі діндерге, әлеуметтік құрылымға және қалыптасқан мәдениетке қатысты оппозициялық қатынаста болып, қылмыстық сипаты басым топ көшбасшыларының жеке қызығушылықтарын дамытуға және топ мүшелеріне пси- хологиялық тұрғыдан ықпал етуге бағытталып, қоғам мен мемлекеттің қалыптасқан құндылықтарын

бұзу идеясын ұстанатын діни қозғалыстарды сипаттайтынын атап өткен жөн. Осының негізінде «дәстүрлі емес діни ағымдар», «жаңа діни қозғалыстар» анықтамаларынан жоғарыда көрсетілген терминнің негізгі ерекшелігі айқындалады. Оған қоса, бұл терминнің ғылыми-сараптамалық ортада, сондай- ақ ақпараттық кеңістікте кеңінен қолданып отырғаны байқалады.

Мемлекеттің қоғамдық-саяси өмірінде конфессиялық фактор елеулі рөл атқарады, сол себептен де қоғамдық өмірдің бұл саласы заңнамалық тұрғыдан реттеледі. Бұл заңдар конфессияаралық келісім мен бейбітшілікті қолдауға, сонымен қатар еліміздің территориясында деструктивті діни ағымдардың таралуының алдын алу әрекеттерін жүзеге асыруға арналған.

Деструктивті діни ағымдардың таралуына қарсы әрекет ету және дәстүрлі емес діннің құрбандарын оңалту жұмыстары бойынша халықаралық тәжірибенің сараптамасы дүниежүзіндегі көптеген мемлекеттердің заңнамасы дәстүрлі емес діни ағымдардың теріс ықпалы мойындалады, сонымен қатар мемлекет территориясында олардың қызметіне шектеу қою және тыйым салу әрекеттері қарастырылады. Деструктивті діни ағымдардың теріс ықпалына түскен адамдарды анықтаудың негізгі механизмі ретінде дін мәселесі бойынша әлеуметтік-психологиялық көмек пен кеңес беруді жүзеге асыратын орталықтар мен мониторингтік және барлау қызметін атқаратын институттар жұмыс атқарады. Осы орайда, Қазақстан үшін қандай тәжірибені қолданған қолайлы, әр

түрлі бағытта оңалту жұмыстарын жүргізу сияқты мәселелерді қарастыру үшін халықаралық тәжірибеге жүгінген жөн.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Адамчик В.В. Новый словарь иностранных слов. – Мн.: Современный литератор, 2006. – 303б.
2. Фромм Э. Человек для самого себя. Революция надежды // Психиатрия и этика. - М., 1993. - 416 с.
3. Аксакалова Ж.К., Кабакова М.П. Особенности психологической устойчивости молодежи к новым деструктивным религиозным течениям // Вестник КазНУ. Серия психологии и социологии. No3 (54). (Алматы: Қазақ университеті, 2015)
4. Дворкин А. Сектоведение. Тоталитарные секты. (Новгород, 2000)
5. Angell, Ami. Gunaratna, Rohan. Terrorist Rehabilitation: The U.S. Experience in Iraq. 1st Edition. (CRC Press, 2017)
6. Калинин Л.А. Деструктивная идеология как социальный феномен: социально-философский анализ. (Нижегород, 2007)
7. Джаназяна В.Г., Чердакова О.И. Влияние идеологических концептов деструктивной направленности на правовую среду современной России // Юридическая наука, №1. (Москва, 2016)

*Ғылыми жетекші – PhD докторы М. Исахан*

## **ҚР-ДА ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМНІҢ АЛДЫН АЛУ ІС-ШАРАЛАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ МЕН МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Сүлейменов Ж.**

«Нұр - Мұбарак» Египет ислам мәдениеті университеті

ҚР-ң Ата заңының 1 бабында «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп көрсетілген. [1] Тіпті, барлық заңдар осы бірінші бапқа қызмет етеді десек те артық айтқандық болмас. Тәуелсіздік алған тұстан бері еліміздің қарыштап дамуы үшін көптеген жұмыстар атқарылды. Қоғам болғаннан кейін әрине оның әлеуметтік - материалдық қажеттіліктерінен бөлек, рухани да қажеттіліктері бар. Осы тұрғыда да мемлекетімізде азаматтардың рухани кемелденуіне оң жағдай жасалып келеді. ҚР-да діни жағдайды реттеуге діни қызмет туралы арнайы заң қабылданған болатын. Осы аталған заңның шеңберінде еліміздегі діни қатынастар реттеліп отыр.

Дін – бұл адамның рухани жанын қанағаттандыратын сенім күші. Дін арқылы қоғамда мейірімділік, кешірімділік, құрметтілік және т.б. жақсы қасиеттер орын алады. Қысқасы дін арқылы адам баласы жақсы бір ортақ үндестікке байлануда. Демек діннен келетін зиян жоқ, керісінше пайда бар. Өкінішке орай, қазіргі кезде кейбір діннің атын жамылған әсіре діншілдер шынайы, дәстүрлі діндердің атына кір келтіруде.

Әлемдегі барлық дамыған және дамушы мемлекеттердің бәріне тән ортақ мәселе бар. Ол – діни экстремизм мәселесі. Қазіргі таңда, тіпті бұл дерттің күллі әлемге меңдегені сонша, «XXI ғасырдың дерті» атауын да алып үлгерді. Бұл жадған діни идеологиялардың өздерінің шынайы бет-бейнесін таза діннің атымен бүркемелеп, қоғамды жікке бөліп, отбасы құндылығын аяқ асты етумен, тіпті мемлекеттік билікке күш көрсетуге дейін ұласып жатқанын көріп отырымыз.

Діни терроризмді зайырлы саяси терроризмнен бөлетін нәрсе, ең алдымен діндар адамның қатаң бір зорлық-зомбылықтарды жасауды Илахи (Құдай тарапынан берілген) тапсырма секілді көреді. Олар өздерін абсолютті шындықты айтататын монополист түрінде санайды. [2] Бұл негізінде бар жоғы саяси ойын ғана. Бұл ойында идеологияны жасаушылар ұтып шығуды көздейді. Басқа мақсат жоқ.

Демек, бұл жағдайда үлкен қауіп бар деген сөз. Ал бұл қауіпті дер кезінде емдемесе, жоймаса апатқа әкеліп соғатыны анық. Сол үшін барлық елдер дін атын жамылушы діни радикалды ағымдармен күрес жүргізуде.

Тарихтағы қоғамдарда дін мен саясаттың байланысы әр түрлі болған. Дін танымы қалыптасқан қоғамға сәйкес, сол бейнеде анықталып, ісі жүргізіліп отыруға тырысылған. Ал қазіргі кезде басқа қоғам салаларына қалай тығыз қатынас жасалса, солай да діни танымды кеңейту мағынасында дін мен мемлекеттің арасында тығыз байланыс болуы керек. [3]

Жоғарыда атап өткеніміздей діни қатынасты ҚР «діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңы реттеп отыр. Бұл жерде елімізде діни бірлестіктердің қызмет етуі, миссионерлік қызметті жүзеге асыру, діни әдебиеттерге сараптама жасау, діни жағдайды мемлекеттік қадағалау және талдау жұмыстары қамтылады. Сондай-ақ, діни радикализмнің алдын алуға бағытталған ҚР «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы» заңы және ҚР «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» заңы, сонымен қатар, ҚР «Қылмыстық кодексі» мен ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодекстерінің «ғасыр дертінің» алдын алу және жоюда оң әсері де мол. Елімізде діни экстремизмнің алдын алу бойынша көптеген жұмыстар жасалынып келе жатқаны белгілі. Соңғы жылдары елімізде діннің атын жамылушы жымысқы ниеттілерге қатысты діни экстремизм және терроризм баптары бойынша елімізде көптеген

қылмыстық істер қозғалып, жауапты адамдар жазасын алған. Демек жыл өткен сайын діни экстремизм, терроризм мәселесі қоғамда өткір екенін көрінеді.

Бұл «ғасыр дертінің» алдын алуға ең бірінші әдіс ол құқықтық негізде қарсы жұмыстарды тиімді жүргізу. Жоғарыда аталған заңдық нормаларды тиімді қолдану керек.

Сонымен қатар, алдын алу шарасы ретінде мемлекеттік бағдарламалардың да үлесі өте зор. Мәселен ҚР президенті бекіткен «2013-2017 жылдарға арналған діни экстремизмге қарсы бағдарлама» іске қосылып жүзеге асып шықты. Атаулы жылдар ішінде еліміздің барлық аумағында алдын алуға бағытталған көптеген жұмыстар атқарылды. Бұл бағдарламаның ішінде алдын алуға бағытталған кешенді тұрғындармен ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізу, діни радикализм деңгейін анықтау мақсатындағы әлеуметтік зерттеулер жүргізу, бейнеөнімдер әзірлеп тарату, дін саласындағы мамандарға әдістемелік құралдарды әзірлеп тарату, түрлі форматтарда ғылыми конференциялар және т.б. көптеген жұмыстар әлеуметтік тапсырыс негізінде атқарылды. Осының нәтижесінде Республика тұрғындарында діни радикализмге қарсы иммунитет күші пайда болды.

Ал бұл жұмыстардың мобильдік тұрғыда жүзеге асуына жергілікті жердегі әр облыс орталықтарында ашылған дін мәселелерін зерттеу орталықтарының орынын айрықша атауға болады. Сонымен қоса, мемлекеттік тапсырысты орындау мақсатында қызмет етуші үкіметтік емес ұйымдардың да тигізген септігі мол.

2014 жылы Дін істері комитеті жұмысы тұсында әр өңірлерде дін мәселелерін зерттеу орталықтары құрылған болатын. Бұл орталықтардың құрылтайшысы облыстық әкімдік болып, қаржыландыруда әкімдік есебінен

жүргізілді. Орталықтар негізінен басым көпшілігі коммуналдық мемлекеттік қызмет түрінде құрылып, бекітілген ережеге сәйкес қызметтер атқарды. Орталықтардың жалпылама қызмет мақсаттары әр өңірде діни тұрақтылықты қалыптастыруға ат салысу, әлеуметтік зерттеу жұмыстарын өткеру, тұрғындарға ақпараттық түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру, әдістемелік құралдар әзірлеп тарату, діни ағымдардан жапа шеккендерді теологиялық оңалту. Теологтар, дінтанушылар, исламтанушылар, психологтар және әлеуеттанушылар осы орталықтарға топтастырылды. Халық ішінде дін саласында туындаған мәселелермен алдымен осы орталықтар кездесіп отырды. Сондай-ақ, діни радикализмнен оңалту жұмыстарына тікелей ықпал етуші мекеменің бірі осы орталықтар болып табылды. Мәселен, радикалдық діни көзқарасымен шетелдегі қарулы қақтығыстарға қатысқан жазасын өтеушілерді діни оңалту жұмыстарына орталықтың психолог, теолог мамандары тартылады. Оңалту жұмысы барысында құқықтық мәселелер де жиі туындап отырады. Ал сол атқарылған жұмыстардың нәтижесі көзге онша көріне бермейтін жұмыстардың бірі. Мәселен, бір адам радикалданудың себебінен, салт-дәстүрге, тарихқа қарсы келуі мүмкін, бір адам жақындарынан жырақтап Таяу Шығысқа аттануы мүмкін немесе бір адам қолына қару алып өз еліне қарсы шығуы да бек мүмкін. Осындай «мүмкіндердің» болмауын мемлекеттік органдармен қоса алдын алған, залалсыздандырған, қоғамға «мүмкін» бағамынан «қалыптатпа» бейімдеген дін саласындағы теолог, психологтар болып табылады. Ал егер бұл жұмыстар дер кезінде атқарылмаса, елестетіңіз қаншама «мүмкіндер» ортаға шығып зұлымдық болған болар еді.

Қорыта келе, діни экстремизмнің алдын алу шараларын жалғастыруды қоғам қажет етеді. Сондай-ақ, шараларды кешенді, тиімді жүргізу үшін құқықтық тұрғыда жетілдіруді керек етеді. Оңалту жұмыстарына тағы да құқықтық тұрғыда баға беріп, қайта қарауды талап етеді. ҚР-да діни сенім заңмен кепілдендірілген. Ал ұстанған сенім құқық бұзушылыққа жетелеп, тарихымызды мойындамауға шақырып, салт-дәстүрді радикалдық көзқараспен қабылдамай және мемлекет заңдарына бағыну тәртібіне мойынсұнғысы келмейтін қандай да болсын идеологияны құқықтық жауаптылыққа әкеліп соқтыру керек.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. ҚР Конституциясы. 1995. - 2 б.
2. Карлссон И. Dîn, Terör ve Hoşgörü. – Стамбул: «Барыш», 2005. 180 б.
3. Ақюз Н. Чапжыоглы И. Dîn sosyolojisi. – Анкара: «Графикер», 2012. 353 б.

*Ғылыми жетекші - Дінтану ғылымының Phd докторы - Мұқан Исaxан*

### **НУРСУЛТАН НАЗАРБАЕВ: ВОСХОЖДЕНИЕ ЛИДЕРА НАЦИИ**

**Байдосов Д.З.**

Актобинский региональный государственный университет им.К.Жубанова

Одной из важных проблем при рассмотрении творчества Сологуба является проблема личности. В русской литературе рубежа веков вопрос о личности встал в самых сложных отношениях – к революции, к истории, к религии, к природе, в разных соотношениях сознательного и бессознательного в структуре самой личности и в аспекте – личность и культура. Лидия Колобаева с точки зрения проблемы «личность и культура» в русском символизме выделяет "две ведущие тенденции: символистов-неоромантиков и символистов-неоклассицистов. В первой группе можно назвать К.Бальмонта, А.Белого, А.Блока и Ф.Сологуба (по сути одного из зачинателей русского неоромантизма). Творчество Ф.Сологуба представляет один из поэтических вариантов декадентски-неоромантического типа личности" [1, с. 20]. Это тип личности, замкнутой в себе и одновременно одержимой стремлением к безграничному «расширению» самой себя и к «анархии духа». Сологуб заявил – «расширай бытие без конца» и «расширение» личности мыслится у него возможным через жизнь человеческого «Я» в творческой фантазии, в «творимой легенде».

Понимание личности и мирозерцание в целом окрашено у Сологуба в безысходно-трагедийные тона. Понимание свободы личности у Сологуба насковзь индивидуалистично. Проблему свободы он видит абсолютно неразрешимой: она необходима для личности, но невозможна. Для Сологуба существует только индивидуальная свобода, и она – в одиночестве: «Свобода – только в одиночестве...», «Свобода – трагическая маска мировой иронии: в плане возможного ее нет, в плане должного она, безусловно, необходима». Причем в лирике он часто показывает «совершеннейшую жизнь», свободную, «без власти и без норм», она существует только в «мечте», в искусстве, в лирике. «Необходимость чуда» сталкивается с «невозможностью его» - есть трагическое противоречие бытия современного человека и современного искусства в представлении Сологуба. Исследователь этим и обуславливает два основных начала в творчестве Сологуба, которые можно определить так: 1) пафос мечтательно-фантастического лиризма и 2) пафос гротескно-иронический (или трагико-иронический). Первый с наибольшей полнотой выразился в его поэзии, второй – в прозе (Хотя каждый из них обнаруживает себя в разных формах в той или иной сфере). «Чудовищное жизни» и

«необходимое чудо», творимое фантазией, - вот два полюса, два крайних и характерных устремления творчества Сологуба в целом [1, с. 21].

"Пессимистическая поэзия Сологуба выразила трагедию художника, который отвергает окружающую его жизнь, но не верит в возможность ее пересоздания, не видит реальных путей к сопротивлению и борьбе".

Бессилие, тоска, уныние, растерянность — мотивы, общие для всей поэзии 80-х годов, и Сологуб напряженно ищет выражения своей собственной лирической темы. Для него в эти годы зло — не абстракция, оно имеет свой конкретный, непосредственный смысл. В устойчивом облике его лирического героя резко выделяется социальный момент — он беден, это его определяющая черта: «Неотвязная нужда Идет со мной везде, всегда», «Нужно с нуждою бороться», «С заботой обычной, Суровой нуждою влекомый к труду», и «труд этот рабский» — «невольный», «неотвязный» и потому «ненужный», «скудный и скудный».

Бедность определяет судьбу человека:

Родился сын у бедняка...

...На свете встретил он печали,  
А счастье, радость и любовь  
От знака темного бежали. [2, с. 464].

В конце XIX века, когда утрачиваются прежние духовные и нравственные ценности, подобная душевная организация перерождается в декадентскую. В лирике Сологуба обнаруживаются присущие декадентству черты — субъективизм, тягостное переживание усталости, эстетизированная эротика, отвращение к жизни. Эти черты не только отражают болезненные моменты психики поэта, они прежде всего следствие неуклонного разобщения личности в гнетущей социальной обстановке. [3, с. 6].

Надо признать, что большую известность Сологуб приобрел не поэтическими, а прозаическими произведениями, прежде всего романом «Мелкий бес». Это произведение — особое явление в творчестве Сологуба.

Роман «Мелкий бес» создавался в течении 10 лет — с 1892 по 1902 гг. В наследии Сологуба он выделяется прежде всего широтой содержания. Роман принес в свое время громкую славу Сологубу. Имя Передонова, «передоновщина» стали понятием нарицательным, определяющим все косное, человеконенавистническое.

Главный герой романа Сологуба «Мелкий бес» - Ардальон Передонов —школьный учитель, но им владеют тривиальные демоны: он жадный, подозрительный карьерист, который убивает в конце концов своего предположительного противника — Володина, которого принимает в бреду за превратившегося в человека барана.

В романе «Мелкий бес» проблема личности возникает перед нами в негативе, от противного, как гротескное преломление «чудовищного» обезличивания человека в жизни российской провинции, в быту мещанской интеллигенции. [4, с. 21].

Главный герой «Мелкого беса» - воплощенная безликость, даже антиличность. «Мелкобесовская» суть главного героя, потребность делать пакости ближнему выражаются не в поступках собственно, не в действиях, а в пародии на поступки: Передонов норовит изюм украсть, чтобы на кухарку свалить, обои испачкать перед отъездом из квартиры, столб покривить, потому что слишком прямой и так до бесконечности.

Таким образом, роман, отличающийся искусностью композиции и стилистической цельностью, обретает свою художественную гармонию благодаря тому, что абсурд поведения Передонова «снимается» кажущейся простотой, наивностью повествовательной манеры (сказка) и авторской иронией (опосредованное разоблачение Передонова). С помощью описания полного распада сознания Сологуб достигает комического и гротескного эффекта. Роман пронизан каламбурами и комически звучащими в своей обыденности поговорками. В стилистическом отношении чувствуется влияние Гоголя.

Замысел Сологуба, - представить всеобщий, мистически вечный дух «мелкого беса» в человеке. По меткому выражению К.Чуковского, в своем романе Сологуб обличает «не быт, а бытие» [5, с. 22]. Каждый человек, обыкновенный, «бытовой», массовый, в художественной трактовке Сологуба, по сути «мелкий бес», существо безликое, над которым в состоянии возвысится якобы только личность исключительная, «поэтическая», живущая собственной внутренней и воображаемой жизнью вне «всяких норм» и морального долга, без «оков общности». Это и есть идеал Сологуба — его лирический герой в поэзии.

Итак, роман «Мелкий бес» стал значительным явлением русской литературы рубежа 19-20 веков. В этой книге мы и сейчас находим важное для себя. Она по-своему предупредила о духовных бедах, испытанных человечеством на протяжении всего 20 столетия.

#### **Использованные источники:**

1. Концепция личности в русской литературе рубежа XIX-XX вв. / Л. А. Колобаева, 333,[2] с. 21 см, М. Изд-во МГУ 1990
2. Сологуб Ф. Собрание стихотворений: В 8-ми т. Том 1. СПб.: Навьи Чары, 2002. — 464 с.
3. Печатается по: Собрание Сочинений, т.5., Современники: Портреты и эподы, М., Терра-Книжный клуб, 2001. См.: Корней Чуковский, Книга о современных писателях. СПб, 1914.
4. «Мелкий бес» Ф. Сологуба и русский реализм // В. Ерофеев. В лабиринте проклятых вопросов. — М.: Советский писатель, М. 1990.
5. «Мелкого беса» // Сологуб Ф. Мелкий бес. Роман. Рассказы / сост., вступ. ст. В. В. Ерофеева. - М.: Правда, 1989.

*Научный руководитель- Э. Т. Идрисова, канд.филол. наук, доцент*

## **Т.ГОББСТЫҢ «ЛЕВИАФАН» ЕҢБЕГІНІҢ ҚҰҚЫҚТАНУ МАМАНДЫҒЫ ҮШІН ӨЗЕКТІЛІГІ**

**Дуйсекова Д.Е.**

ҚЖұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

«Құқықтану» мамандығы қазіргі қазақстандық қоғамда ең қажетті, әрі тез дамып келе жатқан шаруашылық – құқық саласындағы қажетті маман ретінде қалыптасуға мүмкіндік беретін мамандық. Жоғары деңгейлі маман дерлік, бұндай тұлғаның бойында ертеден қалыптасып келе жатқан әділ қолбасшыға тән қасиеттер мен қылықтар болуы шарт. Болашақ басшыға, мемлекет қайраткеріне, елінің адал құлына қажетті қасиеттерді бойына қалайша



жинауға болады деген сұрақ өте орынды, әрі өзекті. Жауапты әлемге мәшһүр таңымал болған философтар мен саяси – қайраткерлердің көзқарастары мен еңбектерінен неге таппасқа? Мұндай адамдардың қатарына номиналистік – эмпириялық гносеологияның, материалистік онтологияның негізін қалаушысы – ағылшынның материалист ойшылы Т.Гоббсты жатқыза аламыз. Томас Гоббс жаңа дәуірде саясат мәселесімен терең айналысқан алғашқы философ еді.

«Левиафан» – оның кемеліне жетіп, толысқан шағында жазған еңбегі. Билік туралы айтқанда, ағылшын тілінде power сөзін, ал латын тіліндегі тәржимасында «potentia» және «potestas» деген екі терминді қолданады. Оның біріншісі «potentia» билік ықпалын да жүргізетін, ықпалға да ұшырайтын күш деп түсіндіріледі. Бұл күш қарекет барысында байқалады. Ал нәтижесі сыртқы жағдайларға тәуелді. Екінші термин «potestas» заңға бағынатын билікті білдіреді. Табиғи күштен айырмашылығы – саяси билік қолдан жасалады. Гоббс үшін билік ұғымы – танымның әрі қайнар көзі, әрі нысаны мен мақсаты.

Адам туралы.

Гоббс трактатын түйсікті зерттеуден бастайды. Түйсікті, алдымен, физикалық және физиологиялық тұрғыдан, содан кейін психикалық жағынан сипаттайды. Сыртқы нысан сезім мүшелерінде түйсіну әрекетін туғызады, ол тікелей не болмаса қоршаған орта арқылы алдымен миға, одан кейін жүрекке белгі береді. Содан кейін әрекет кері бағытта өріс алады. Сыртқы әсерден туған бұл кері әрекет енді бізге айналадағы шындықтың бейнесі болып көрінеді. Гоббс өз теориясында мәселенің үш қырын біріктіруді көздейді: түйсікті механистік тұрғыдан түсіндіріп, санадағы сезімді субъективті түрде мақұлдап, осы сәтте пайда болатын сыртқы жағдайды қабылдауға ұғындырады.

VI бөлімде құмарлық туралы сөз қоғалады. Гоббс біздің өміріміз – шын мәнісінде, дене мүшелеріміздің ерік – қалауымызға бағынбайтын үздіксіз қозғалысы деп есептейді. Бұл – еркін қозғалысқа қарсы органикалық қозғалыс. Біз ұғынатын объектілер жүрекке қозғалыс береді, демек, олар органикалық қозғалысқа әсер етеді немесе кедергі жасайды.

Құмарлық адамды өзіне жақсы күй сыйлайтын, яғни оның органикалық қозғалысына сай келетін объектіге бағыттайды. Бірақ құмарлық қара бастың қамына айналып кетуі де мүмкін. Құмарлықтың кейбір түрлерін органикалық қозғалыспен түсіндіру қиынға соғады. Әйтсе де адам, негізінен, өзінің сыртқы әлемнен қарым қатынасын еркін ерік – жігердің негізінде емес, керісінше, сыртқы жағдайлардан алған білімі мен құмарлығын бір арнаға тоғыстыру арқылы түзеді. Философ, сонымен қатар, құдіреттілік туралы мәселеге көңіл бөледі: «Адамның құдіреттілігі, тұтастай алғанда, оның келешекте қандай да бір игілікке жетуге жәрдемдесетін мүмкіндіктері. Ол табиғи, не инструменталды түрде болуы мүмкін». Табиғи құдіреттілік – жеке физикалық күш – қуатпен байланысты. Инструменталды құдіреттілік – одан да артық күш – қуатқа ие болуға мүмкіндік беретін құдіреттіліктің түрі:

«Өзара келісіммен біріккен қауымның бар күш – қуатын өз еркімен нақты бір жеке немесе азаттық тұлғаға беруі – адам құдіреттілігінің биік шыңы. Ол күш бұл құдіреттің бәрін өз еркімен жұмсай алады, мысалы, мемлекет құдіреттілігі немесе әр тұлғаның қалауына қарай, партиялар мен партия лигаларының құдіреттілігі секілді...»

Содан кейін Гоббс құдіреттіліктің түрлі формаларын және олардың көрініс табатын салаларын қарастырады: ол – дәулет, абырой – бедел, табыс, дворяндық лауазым, сұлулық.

«Адамның абыройы – оның құны мен бағасынан, сондай – ақ сіңірген еңбегінен бөлек нәрсе. Бұл – оны ел неге лайықты деп санаса, соған берілген арнайы дарыны немесе қабілеті».

Мемлекет туралы

Қоғамдық келісімнің нәтижесінде мемлекет, яғни ұйымдасқан қоғамдық өмір пайда болды. «Левиафанның» екінші бөлімі тұтасымен мемлекет тақырыбына арналған. «Мемлекет дегеніміз – біртұтас тұлға. Ел – жұрт өзара келісімге келу жолымен мемлекетті өздерінің іс – әрекеттеріне жауапты етті. Осылайша, осы тұлғаның өздерінің бейбіт өмірі мен қауіпсіздігі үшін бар күш – қуатын қалауынша пайдалануына келісім берді». Т.Гоббс жайында сөз қозғаған мезетте, оның мемлекеттің басқару формасының ең қуаттысы монархия екенін айқындап кеткен еді. Неге?

«Монархия басқарудың өзге формалармен салыстырғанда мынандай ерекшелігін аңғарамыз...Халықтың атынан сөйлейтін, яки осындай құқыққа ие мәжіліс мүшесі – ең алдымен, өз болмысының да иесі. Сондықтан ондай адамсаяси тұлға тұрғысынан бар ынта- жігерімен ортақ игілікті қамтамасыз етуге барын салса да, жеке игілігі, отбасының, туған – туыстары мен достарының игілігіне де бей – жай, атүсті қарай алмайды. Ортақ мүдделер жеке мүдделермен үйлесіп, тоғысқанда ұтады. Ондай үйлесім тек монархияда бар. Монархтың бақ – дәулеті, құдіреті, атақ – данқы ел – жұртының абыройы мен дәулетімен біртұтас».

Жалпы Томас Гоббс 16 заң ұсынды. Олардың барлығының түйіні: «өзіңе тілемейтінді, өзгеге істеме». Гоббс тұжырымы бойынша келісім мен алмасу – адам қоғамындағы бейбітшілікті орнатудың шарттары. Дамыған мемлекеттің көрінісі айқын көрінісі.

Томас Гоббстың бұл еңбегі студенттер үшін берер ақпараты мол, әрі қазірдің өзінде актуалды болып табылады. Құқықтану мамандығында оқу барысында талай сұрақтың туындайтыны анық, бұған жауапты қайдан табуға болатыны да анық. Т.Гоббстың бұл еңбегі қаншалықты кері сөз бен дауға қалғанымен, ойшылдың қаншалықты теологияны ғылым ретінде қабылдамай, саясатқа қатысын жоққа шығарғанымен, бұның астарында терең дүние жатыр. Білімнің үлкен қоры мен көзі бар. Міне, дәл осындай ақпаратты білікті қолдана алған, кенестерге құлақ салған студенттен келешекте абыройлы қолбасшыны күтуге болады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Әлемдік философиялық мұра: Жиырма томдық. 6 – том. «Жаңа дәуір философиясы» – Алматы: Жазушы, 2006 – 512 б.
2. Философияның тандаулы 25 кітабы – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018 – 350 б.
3. Т.Гоббс. Левиафан. – Москва: Мысль, 2001 – 1327 б.

*Ғылыми жетекші – М. Өтемісов атындағы БҚМУ доценті, т.ғ.к. Л.С.Серикова*

### **МОДЕЛЬ ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ ЮЖНОЙ КОРЕИ И ЕЕ ВОЗМОЖНОСТИ ПРИМЕНЕНИЯ В КАЗАХСТАНЕ**

**Ербаева А.Б.**

Актюбинский региональный государственный университет им. К.Жубанова

С недавних пор все чаще стали говорить о таком явлении в мировой экономике, как возникновение "новых индустриальных стран" и "азиатских драконов", обладающие в настоящее время более высоким экономическим ростом, чем страны Западной Европы. Среди таких "азиатских драконов" как Гонконг, Тайвань и Сингапур, Южная Корея отличается более высокими темпами экономического роста. Государство, не имеющее значительных природных ресурсов, разрушенное войной, имевшее доход на душу населения, не превышающий \$100 в 1962 году, достигло показателя в \$10 000 к 1995 году, а средний ежегодный прирост ВВП составил 10%. В настоящее время Корея занимает 13-е место в производстве товаров и услуг, а доход на душу населения достигает отметок более чем \$25 000 в год. Южная Корея за столь короткий срок выдвинулась в число мировых экономических лидеров.

Модель экономического развития Южной Кореи можно систематизировать и представить в виде схемы. Ориентация на экспортное производство; мобилизация финансовых источников накопления; развитие науки, техники и подготовка квалифицированной рабочей силы представлены внутри центрального круга. Также, в центре этого круга находится треугольник, символизирующий достижение определенного уровня импортозамещения. На разных орбитах центрального круга помещены макроэкономические условия функционирования данной модели. На самом отдаленном уровне находятся такие макроэкономические условия, как социально- политическая стабильность, конфуцианские традиции и трансформация от традиционного, "азиатского" к рыночно-еврокапиталистическому способу производства. Затем, политика распределения доходов и на следующем уровне находится развитие сельского хозяйства и обеспечение населения продовольствием. Ближе всего к центру расположены факторы, которые определяют механизм сочетания государственного регулирования с рынком. Следует также отметить причины экономического развития Южной Кореи: ориентация на удовлетворение потребностей внешнего рынка в процессе индустриализации; сочетание рыночного механизма и государственного регулирования; приток иностранного капитала; создание высокого научно-технического потенциала; обеспечение нормального снабжения населения продовольствием; приостановление инфляции еще в 60-х годах; существование

социально-политической стабильности, а также переход страны от традиционно "азиатского" к рыночно-еврокапиталистическому способу производства. Эти причины южнокорейского феномена являются основой модели экономического развития этой страны. При изучении южнокорейской модели экономического развития, естественно, возникает вопрос: возможно ли эту модель применять и другими странами, которые взяли курс на индустриализацию? Опыт Южной Кореи поучителен для развивающихся стран, но успех применения подобного рода модели, ориентированный преимущественно на удовлетворение потребностей мирового рынка, зависит от многих факторов внутреннего и внешнего порядка, которых в других странах может не оказаться. Между Казахстаном и Кореей существуют многие схожести и различия, однако модель развития Кореи может быть очень полезной для Казахстана, именно потому, что они схожи. Во-первых, обе придерживаются восточной культуры, ценностями которой являются не личные интересы, а потребности общества в целом. Во-вторых, имеют колониальное прошлое страны. И в-третьих, с Казахстаном Корея схожа в том, что в борьбе за право называться конкурентоспособными, страны придерживаются политики, основанной на поддержании компаний гигантов. На сегодняшний день Казахстан не отстает ни на шаг в потоке экономических реформ и глобализации, ведя политику «открытых дверей», основанную на рыночных отношениях. С 2000 года Казахстан последовал мировому тренду и повысил уровень экономики на 8-9% за счёт расширения производственных мощностей в нефтяном секторе и роста цен на нефть, а в 2008 году разразился кризис в ходе которой открытая рыночная экономика подверглась суровым испытаниям. Однако в настоящее время Казахстан разработал детальную Стратегию развития "Казахстан- 2050". Своевременно разработанная стратегия на средне-долгосрочную перспективу позволит до 2050-го года войти в тридцатку передовых мировых держав. Казахстану необходима модернизация функций развития и для того чтобы развивать взаимовыгодное сотрудничество между Южной Кореей и Казахстаном, необходим обязательный обмен опытом. Так, например, уже в 2017 году Казахстан и Южная Корея обменялись опытом по жилищному строительству и системе медстрахования. Для этого в рамках программы обмена знаниями в Южную Корею пригласили представителей Администрации Президента, Правительства и нацхолдинга Казахстана. Также, В Астане был подписан Меморандум о взаимопонимании совместного сотрудничества и продвижения в области

инвестиционных проектов ГЧП между АО "Казахстанский центр государственно-частного партнерства" Министерства национальной экономики Республики Казахстан и Институтом развития

индустрии здравоохранения Кореи. В ходе встречи стороны обсудили вопросы участия корейских медицинских клиник в проектах доверительного управления объектами здравоохранения в рамках ГЧП и рассмотрели вопросы аккредитации корейских медицинских учреждений, признаний медицинских лицензий корейского персонала. Меморандум о взаимопонимании станет стартом разработки и реализации, совместных пилотных проектов, а также будет содействовать выходу на рынки обеих стран.

Республика Корея достигла действительно высоких результатов за короткий временной промежуток, используя точную и правильную экономическую политику. Характеризуя южнокорейскую модель экономического развития, можно заметить, насколько тесно и удачно в ней сочетались принципы рыночного механизма с государственным регулированием. Казахстан, как молодое независимое государство, непрерывно работает над созданием модели развития государства и рассматривает вопрос применения опыта Южной Кореи в данном направлении. Для Казахстана, желающего реализовать третий индустриальный переворот, став лидирующей страной в области «Энергетики Будущего», Южная Корея является наиболее близким партнером, вызывающим доверие и не имеющим политических препятствий, и из всех восточных стран Южная Корея является самым оптимальным партнером. Казахстан достигнет высоких результатов, если сумеет правильно применить южнокорейскую модель экономического развития, при этом дополнив ее и при необходимости внести свои корректировки и изменения.

#### **Использованные источники:**

1. З.М. Окрут, Фам За Минь Модель экономического развития Южной Кореи. - Москва 1992 год.
2. С.С. Сатубалдин "Драконы" и "Тигры" Азии: сможет ли казахстанский "Барс" пройти их тропами? - Алматы 1998 год.
3. С.С. Сатубалдин Азиатский кризис: причины и уроки. - Алматы 2000 год.

*Научный руководитель – кандидат экономических наук, профессор Жунусов Б.А.*

## **ЖАҒАНДЫҚ ДӘУІРДЕГІ ӘЛЕМДІК ЖҮЗ ЖАҢА ОҚУЛЫҚ**

**Ергалиева Эльнора Байғалиевна**

М.Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті

Жаһандану кезінде өзіміздің салт-дәстүрімізді, тілімізді, мемлекеттілігімізді қалай сақтап қаламыз деген ой әр азаматты толғандырады сөзсіз. Елбасының «Таяу жылдардағы міндеттер» атты екінші бөлімінде қоғам алдына жақын келешекте атқарылуы тиіс бірнеше өзекті міндеттер қойылған. Соның ішінде жаңа гуманитарлық білім беру аясында «Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасын іске асыру міндетіне тоқталуды жөн көрдім. Өйткені, бұл жоба қоғамдық сананы жаңғыртудың басым бағыттарының қатарына кіреді, сонымен қатар, гуманитарлық білімнің барлық бағыты бойынша әлемдегі ең жақсы 100 оқулықты әртүрлі тілдерден аударып, жастарға дүниежүзіндегі таңдаулы үлгілердің негізінде білім алуға мүмкіндік жасай отыра, отандық білімді жаңа деңгейге көтеруге жол ашатын жоба. Елбасымыз осы бағдарлама арқылы қандай жетістіктерге қол жеткізетінімізді айтқан болатын. «Ең алдымен, жүз мыңдаған студентке жаңа сапалық деңгейде білім бере бастаймыз. Бұл – білім саласындағы жаһандық бәсекеге неғұрлым бейімделген мамандарды даярлау деген сөз. Оған қоса, жаңа мамандар ашықтық, прагматизм мен бәсекелік қабілет сияқты сананы жаңғыртудың негізгі қағидаларын қоғамда орнықтыратын басты күшке айналады. Осылайша, болашақтың негізі білім ордаларының аудиторияларында қаланады» [4, с.23] Ал, Бәсекеге қабілетті ел болу үшін әлемдік экономикамен байланыса дамуымыз қажет. Әлемдік экономикалық үндестікке білім арқылы ғана қол жеткізе аламыз. Білім мен ғылым оқулық арқылы келеді. Сол оқулық арқылы санамызды жаңғырта отырып, бәсекеге қабілетті маман дайындай аламыз. Экономикамыз дамыса, рухани көкжиегіміз кеңейеді. Аударудағы маңызын айта кететін болсам, еліміздегі барлық оқу орындарынан ұсыныстар жиналып, жалпы саны сегіз жүзден аса оқулық атауы арқылы аударылатын кітаптар таңдалды. Жинақталған тізімдердің негізінде бірнеше рет басылған, соңғы басылымы кейінгі 3 жылда шыққан, мамұндық тұрғыдан бейтарап болуы қажет деген талаптарға сүйе отырып, 2017 жылға 18 оқулық таңдалып, оларды жоғары оқу орындарына жеткізді. Жаңа оқулықтар 2018-2019ж оқу жылынан бастап жоғары білім беру жүйесіне енгізілді. Қазіргі уақытта келесі 30 кітаптың аударма жұмысы жалғасып жатыр. Іріктелген оқулықтарды қазақ тіліне аударуға Қазақстанның алдыңғы қатарлы оқу орындары мен 300-ге жуық маман қатысуда. Мәтіндер бірнеше лексикалық әдеби және ғылыми редакциядан өтуде. Әлеуметтану, философия, тіл білімі, психология салаларымен қатар,

атқарылатын жұмыстың үлкен бір бөлігі экономика ғылымын да қамтып отыр. 2018 жылы жарық көрген оқулықтардың төртеуі – осы саладан. Грегори Мэнкьюдің атақты «Экономикс» оқулығының төртінші басылымы, Томас Гриффиннің «Менеджменті», Дональд Куратконың «Кәсіпкерлік: теория, процесс және практика» оқулығы және Клаус Швабтың «Төртінші индустриялық революция» еңбегі – осы уақытқа дейін тек ағылшын және орыс тілдерінде қолжетімді болып келген, пән саласы бойынша маңызды оқулықтар. Жаһандану заманында бәсекеге

қабілетті экономист мамандар дайындау үшін әлемде бар озық тәжірибелерді пайдалануымыз қажет, ал ол үшін әлемнің танымал білікті экономист мамандардың тәжірибелеріне сүйене отыра, олардың оқулықтарымен танысу міндетті. Көшбасшымыз ұсынып отырған «Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасымен таныса отыра, бұл жобаны әрі қарай дамыту үшін кішкене болса да, өз үлесімді қосқым келеді. Еліміздегі ірі бизнесмендер, банкирлер мен кәсіпкерлер ұлтжандылық танытып, Елбасы жобасына қолдау көрсетіп «Қазақ тіліндегі 1000 жаңа оқулық» жобасына неге айналдырмасқа деген еліміздің ірі бизнесмендерінің ұсынысы болса, елімнің патриоты ретінде, елімнің игі істеріне өз үлесімді қосуға деген талпынысым болады. Өз ұсынысымды ортаға салсам, әр жоғары оқу орындарында осы жобаға байланысты ай сайын түрлі интеллектуалдық ойындар ұйымдастырып, студенттердің ойлау жүйесін арттырып, “Ұшқыр ойлы, жүзден жүйрік” немесе “Үздік оқырман” атты номинацияға ие болу мүмкіндігін ұйымдастыру. Немесе тренинг ойындарын, онлайн олимпиада түрінде жарыстар өткізу, сонымен қатар, шетелдік ғалымдардың еңбегімен онлайн түрде танысу. Кітаптың онлайн нұсқасымен таныстыру бағытында конференциялар өткізу. Әр студент оқулықтарды оқи отыра, ойына бірнеше суреттердің бейнесін елестеді, соған сәйкесті, студенттер арасында жарыстар өткізу және де оқулықтан алған білімдерін белгілі бір дәптер шегінде сақтап, өз идеяларын жазу. Осы ауқымды ғылыми жобасының арқасында, біздің еліміз әлемдегі алдыңғы қатарлы жоғары білім беру орындары, ғылыми орталықтар мен оқулық шығаруға маманданған баспа ұйымдарымен тығыз әріптестік орнатты. Кең көлемді аударма жұмысы қазақ тілін халықаралық ғылыми лексикамен байыта түсуге, ғылыми терминологияны дамытуға, академиялық жазу стилін жетілдіруге, қазіргі ғылыми зерттеу және баяндау әдістерін игеруге зор мүмкіндік береді.

Бұл оқулықтарды аудару барысында бірнеше қиындықтар да туындаған болатын. Мысалға, Ағылшын тілін білетін маман қазақ тілін еркін білмейді, білген күннің өзінде еркін жаза алмайды. Қазақшаны еркін білетін тіл мамандарына ағылшын тілі қиындау тиіп тұр. Сондықтан аударма жұмысы үш кезеңге бөлінген: аудармашылар аударарды, ғылыми редактор қарайды, әдеби редактор өңдейді. Аударманың тағы бір осал тұсы – ғылыми терминология. Ел тәуелсіздік алған алғашқы тұста көптеген терминдерді қазақшалап жібердік. Кейбіріне қисынға келмейтін аудармалар жасалуда. Ғылым мен білімнің тілінде қолданылмағанымен, қазақ тілінде синонимдер көп. Бірақ ол синонимдер ғылыми терминді дәл мағынасында бере алмауы мүмкін. Мәселен, Клаус

Швабтың еңбегін «Төртінші индустриялық революция» деп алдық. Орыс тілінде «Четвертая промышленная революция» деп алынған. Промышленность – өнеркәсіп. Егер «Төртінші өнеркәсіптік революция» десе, онда мағынасынан сәл ауытқып кетеді. Ағылшын тілінде «Industrial» деп жазылған. Терминология мәселесіне келсек, бұл сөздіктерде бірізділік жоқ. Бір терминнің өзінің бірнеше нұсқасы бар. Қайсысын пайдалану қажеттігін білмей, қиналасың. Мәселен, осыдан 100-120 жыл бұрын Түркия тіл реформасын жасады. Олар неден бастады? Ең алдымен, басқа тілден енген терминдерді өзгертті. Қазіргі түркі тілінде гуманитарлық ғылым ерекше дамыған, сол себепті неге біздің елде де тіл реформасын жасап, өзгертпеске? Ауқымды жобаның беретін нәтижелеріне тоқталсақ. Біріншіден, гуманитарлық бағыт бойынша әлемнің 100 үздік оқулығы қазақ тіліне аударылады. Сол арқылы тілдің дамуына аса қажетті ғылыми мазмұн мен лексика дамиды. Екіншіден, гуманитарлық салалар бойынша оқитын студенттердің заман талабына сай білім алуына жағдай жасалады. Біздің оқу орындарындағы мазмұн мен академиялық талқы деңгейі әлемнің ілгері ғылыми орталықтарының деңгейін шығады. Үшіншіден, ауқымды аударма жобасы қазақстандық аударма мектебінің күшейіп, жетілуіне жағдай жасайды. Кітаптар латын қарпінде басып шығарылғаннан кейін, оларды шетелде тұратын жастарымыз да оқи алатын болады. Аудармашы мамандар, ғалымдар мен оқытушылардың жаңа негізде жұмыс істеуіне алғышарт болады. Рухани жаңғыру – бүкілхалықтық іс, оған әркім атсалысуы керек. Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдармен 100 жаңа оқулық арқылы танысуға шақырамын.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Көшімова А. Үстірттегі көненің іздері. – Аспантау, 2017 – 536 б.
2. «Egemen Qazaqstan» – [13сәуір, 2017ж]
3. «Айқын» газеті - [21маусым, 2017ж]
4. «Ақиқат» журналы – [№10, 2018ж]
5. Ыбырайқызы Г. Қазақстан тарихы (Қазақ елі) – Алматы, 2016
6. Ахметбек, Бақытжан. Сыр ескерткіштері. – Алматы, 2017 – 304 б.

Ғылыми жетекші - **М.Өтемісов атындағы БҚМУ оқытушысы, Қуспанова А.Ж т.ғ.м**

### **АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДАҒЫ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ТУРИЗМДІ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Спанова Д.**

ҚЖұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Археологиялық туризм – туризмнің ерекше түрі, оның басты мақсаты сәулет ескерткіштеріне, мұражайларға, тарихи маршруттарға және т.б. бару арқылы әртүрлі тарихи, сәулет немесе мәдени дәуірлермен танысу болып табылады; туризмнің осындай түрін жүзеге асыру кезінде турист ой-өрісін кеңейту қажеттілігін қанағаттандырады, мәдени құндылықтармен танысады, өз таңдауы бойынша білім алады [1].

Мәселенің өзектілігі мен теориялық және практикалық әзірлену дәрежесінің жеткіліксіздігі, Қазақстан мен оның өңірлерінде археологиялық туризмді дамыту проблемалары болған кезде белгісіздік немесе перспективаның болмауы зерттеу тақырыбын таңдауды анықтады.

Тарихшылар, геологтар немесе археологтар болып табылмайтын, бірақ осы археологиялық экспедицияларға қатысуға, тарих құпияларына жақындауға, ежелгі артефактілер мен көмбелерді табуға, өткен жылдардың жұмбақтарын шешуге ниет білдірген адамдар үшін археологиялық туризмнің маңызы зор.

Археологиялық қазбалар көптеген есте қаларлық әсерлер алып келеді, сонымен қатар табылған заттарды (тарихи құндылығы жоқ) туристерге өз жұмысы үшін көтермелеу ретінде алып кетуге рұқсат береді, ерекше құнды заттарды мұражайға тапсыруға тура келеді. Мұндай олжаларды мақтан тұтуға, туысқандары мен таныстарына айтып, далалық практикада өткізген уақытты ұзақ еске алуға болады. Мұндай экспедициялардың ең аз мерзімі бір апта, еріктілер мен мамандардың жалпы саны отыздан екі жүзге дейін қатысушы болуы мүмкін. Еріктілер қатан жағдайларға және күнделікті қол еңбегіне дайын болуы тиіс. Бірақ бұның бәрі қазба жұмыстарынан алынған эмоциялар мен көне заттар фотосуреттерімен салыстырғанда ұсақ-түйектер... Туристер бұл ретте үй-жайларда немесе шатырларда барлық археологиялық лагерь мерзімі бойынша тұрады, бұл шамамен 30-200 адам. Қазба жұмыстары ауа райы нашар күндерді санамағанда, аптасына 6 күн жүргізіледі. Күн тәртібі біркелкі (таңғы ас, қазба, түскі ас, бос уақыт, кешкі ас, ұйқы). Кеңсе жұмысшылары үшін мұндай демалыс түрі қызықты өтеді [2].

Өртүрлі елдер мен өңірлерде туризмнің бұл түрі дамудың әр түрлі сатыларында орналасқан. Бір жерде ол сәтті іске асырылуда, ал бір жерде тек енгізу сатысында тұр.

Шетелде археологиялық туризм өте танымал. "Турпутевкамен" қазбаға Греция, Египет, Ливан, Үндістан, Моңғолия және басқа да елдерге баруға болады. Мысалы, Израильде қазба жұмыстарын жүргізу аптасы туристке \$400-450, АҚШ пен Еуропада \$600-1200. Ең қымбат нұсқа – археологиялық мектептерде оқыту, курс 3-5 мың \$ тұрады. Бірақ та, онда бұл ақшаны болашақ

мамандарға әдетте мамандандырылған ғылыми-білім беру қорлары төлейді. Археологиялық туризмнің әуесқойлары – американдықтар мен немістер [2].

Әдетте қазбаларға кем дегенде 1 аптаға келуге болады. Кейбіреулер қазба жұмыстарына бірнеше рет келеді. Қатысу құны – күніне 2000-5000 теңге аралығын құрайды. Бұл азық-түлік пен шатырларда немесе үйлерде тұру үшін ақша құны. Экспедицияға азық-түлік пен тұру ақысын төлемей, бірге тұруға болады, бірақ бұл негізінен экспедицияны қажет ететін кәсіби археологтар мен басқа да мамандарға қатысты.

Қазақстан Республикасында тек қана 2000 жылдан бастап қазба жұмыстарына қатысуға ниет білдірушілерді өз қаражаты үшін ресми түрде шақыра бастады. "Ақша үшін" ғылыми туризмнің мұндай түріне бірінші болып "Археология" қорының коммерциялық емес ұйымы тәжірибе жасай бастады, одан кейін археологиялық қызметпен айналысатын басқа да ғылыми ұйымдар ақылы топтар ала бастады. Археологиялық туризм аясында орындардың үлкен таңдауы бар. Ол үшін ең танымал аймақтар: Түркістан аумағы, Жетісу жерлері, Жамбыл облысы, Орталық Қазақстан, т.б.

Ақтөбе облысы археологиялық ескерткіштерге бай тарихи аймақ болып есептеледі. Ақтөбе облысының археологиялық ескерткіштерін зерттеудің негізі ерте кезеңнен Ресей оқымыстыларының біздің өлкемізге келіп, алғашқы деректер қалдыруынан басталды [4].

Жүргізілген зерттеу барысында Ақтөбе облысындағы археологиялық ескерткіштерді тарту арқылы туризмді дамытудың басты проблемасы бір жағынан бай мәдени-тарихи мұралар арасындағы қарама-қайшылық, және екінші жағынан бұл мұралардың зерттелмеуі болып табылатыны анықталды.

Бұл мәселе Ақтөбе өлкесінің аумағында археологиялық туризмді дамыту перспективаларын көрсететін практикалық сипаттағы бірқатар басқа да проблемалармен байланысты:

- мемлекеттік және жеке инвестициялардың жетіспеушілігі;
- жаңа экскурсиялық-туристік маршруттар әзірленбейді, қажетті мәдени өнімдер мен туристік инфрақұрылым жоқ;
- Ақтөбе өлкесіндегі археологиялық ескерткіштердің туристік қызметте пайдалануға дайын болмауы (археологиялық барлау, мұражайлау, табиғи модельдеу);
- Ақтөбе өлкесінің бірегей табиғи объектілеріне, тарих және мәдениет ескерткіштеріне қолжетімділіктің болмауы (көп жағдайда), тиісті туристік маршруттардың аздығы, тіпті болмауы;
- археологиялық туризм мәселесімен айналысатын арнайы орталық, қоғам немесе клубтардың болмауы.

Осы проблемаларды шешу қаралып отырған археологиялық туризмді неғұрлым табысты дамытуға ықпал ететін болады.

Зерттеулер жүргізе келе, облыста шын мәнінде де қызықты археологиялық ескерткіштер және мұралар арқылы туризмді дамыту үшін бізге қажет:

- Жергілікті жерлерде мемлекеттік тізілімге енгізілген барлық археологиялық ескерткіштерді қорғау белгілерімен және арнайы тақтайшалармен жабдықтау;
- Археологиялық ескерткіштерге жақын мектептерде мұражайлар ұйымдастыру және осы мұражайларға басқа мұражайлардың қорларынан сол жерде өткізілген археологиялық экспедициялар нәтижесінде табылған заттарды (аса құнды болмаса да) беру. Сондай-ақ әрбір мұражайдың жанында «тарих», «өлкетану» әуесқойлары клубын ұйымдастыру қажет. Қазір өңірде өңірлік мұражайлардың дамуына және археологиялық ескерткіштерді жабдықтауға зор ықпалмен және тегін көмектесетін бірнеше белсенділер бар;

· Археологиялық туризмді дамытуда ақпараттық-жарнамалық шараларды ұйымдастырудың маңызы зор. Әлеуметтік желілерде арнайы парақшалар ашу;

· Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану мұражайымен бірлесе жұмыстар жүргізу;

· "Тірі археология" деп аталатын анимациялық жоба түрінде туристік маршруттарды ұйымдастыру, туристерді далалық (ең алдымен қазбаларға) және камералдық археологиялық жұмыстарға қатысуға тарту. Бұл туристердің білімін нығайтып қана қоймай, Ақтөбе облысы халқының өлкетанудағы сана-сезімінің дамуына өзге серпін береді.

Тарихымызды түгендеп, тамырымызды танып білуде археологиялық жұмыстардың орны орасан. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша мәдени-тарихи ескерткіштерді зерделеп, өз ұсыныстарын әзірлеуде зерттеушілер ұсынып отырған Ақтөбе облысындағы археологиялық туризмді дамыту идеялары өте орынды болмақ.

Анықталған проблемаларды шешу үшін, ең алдымен, туроператорлар қызметінің жаңа бағыты – туристік қызмет көрсету объектісі ретінде өңірдің археологиялық мұрасын пайдалану мүмкіндігіне талдау жүргізу, сондай-ақ Ақтөбе облысының аумағында жаңа туристік өнімді табысты іске асыру үшін қажетті туристік инфрақұрылымды дамыту мүмкіндіктерін бағалау қажет.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Бабкин А.В. Специальные виды туризма. – Ростов-на-Дону: Феникс, 2008. – 252 с.
2. Популярность археологического туризма – [Электронный ресурс]: Travelluxtour.info – портал любителей путешествовать с комфортом. – Режим доступа: <http://travelluxtour.info/vidy-turizma/arheologicheskij-turizm/>.
3. А.М. Сергеева, А.Ж. Әбденев, А.М. Мамедов, Г.Ж. Сулейменова, Ф.С. Досмуратов «Ақтөбе облысының табиғи, тарихи-мәдени мұралары: қорғау және тиімді пайдалану» - Астана, 2016-6
4. Еспенбетова А.М. «Археология: оқу құралы» - Ақтөбе, 2012 – 104 б.
5. Мазбаев О., Асубаев Б., Токпанов Е. «Туризм және өлкетану негіздері» - Астана: Фолиант, 2013. – 152 бет.

*Ғылыми жетекші – т.ғ.к., Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің «География және Туризм» кафедрасының меңгерушісі Әбденев А.Ж.*

### **АҚТӨБЕ АГЛОМЕРАЦИЯСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ: ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ МЕН ПЕРСПЕКТИВАСЫ**

**Қуантаева С.М.**

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Қала - адамның ең керемет және күрделі туындыларының бірі. Қалалардың бейнесі - адамзаттың тас дәуірінен қалған ізі, әлемдік тарихтағы ең маңызды оқиғаларды еске түсіреді.

Бүгінгі таңда агломерация ұғымы мен термині ешкімге де таңсық емес. Ол негізінен индустриялық аймақтарға тән құбылыс. Агломерация жекелеген ірі қаланың төңірегінде топтасып, қалыптасатын ядро. Бұл біріншіден, еңбек ресурстарының аумақтық шоғырлануын сипаттай алады. Соған сәйкес мұнда өнеркәсіп, инфрақұрылым, денсаулық сақтау мен білім беру салалары бір-бірімен үйлесімді түрде қатар дами береді. Сол дамыған аймақтарға халықтың көп қоныстануына ықпал жасайды. Агломерация өзінің төңірегіндегі аймақтың экономикалық және әлеуметтік жағынан өркендеуіне үлкен ықпалын тигізеді.

«Агломерация» - латын тілінен аударғанда, «топтану», «шоғырлану» деген мағынаны білдіреді. Яғни, бұл сөз «экономикалық, мәдени және тұрмыстық жағынан бір-бірімен тығыз байланысты елді мекендердің (әсіресе, қалалардың) шағын аумаққа топтануы, шоғырлануы» деген мағынаны білдіреді. Агломерация терминін алғаш рет ғылымға енгізген француз географы М.Руже [1], белгілі бір қаланың шаруашылығының дамуына байланысты өзінің әкімшілік шекарасынан өтіп, көрші елді-мекендерге таралуы, сондай-ақ ол елді-мекендердің бірігіп, топтасуы.

Президент Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында Қазақстанның шағын қалалары мен аймақтарын әлеуметтік-экономикалық дамыту бойынша көптеген жұмыстар көзделген. «Ірі кәсіпорынды немесе бір саланы тірек еткен шағын қалалардың дамуы - өз алдына бөлек мәселе... Қазақстанда келешегі зор қалалар шоғырына Астана, Алматы, Ақтөбе, Ақтау, Шымкент шаһарлары жатады», - деді Елбасы Жолдауында. Осыған байланысты, Елбасы үкіметке елді мекендер шоғырын (агломерация) дамыту жөнінде бағдарлама қабылдауды тапсырды [2].

Зерттеушілер, ғалымдар, қоғам қайраткерлері бұл мәселеге үлкен мән беріп қараған болатын, себебі бұл қадам болашақта Қазақстан мемлекетінің әлемге таңылуына деген үлкен себепкер болатыны сөзсіз түсінікті болатын. Астана атануға үміткер болған қалалар: Тау бөктерін бағындырған, алманың отаны - Алматы, бас қаланы қақ бөліп тұрған Есіл жағалауындағы – Астана, , кіші жүз хандары мен батырларын біріктірген - Ақтөбе, қазақ тарихының сахнасында аты өшпес киелі жер Ұлытау тауында орын тепкен - Жезқазған қаласы.

Тарих, географ, саясаттанушы мамандар өз салалары бойынша зерттеп, қарастырып әр қаланың географиялық орналасу жағдайына, өткен тарихына, геосаяси жағдайына мән бере отырып, әр қаланы артық-кем тұстарын ескерген болатын. Үшінші астаналық нұсқа Ақтөбе қаласын алға тартты. Ол еліміздің батыс аймағында орналасқан, болашақта ірі агломерация болатындай қала. Ол Ресей мемлекетінің Орынбор қаласына жақын орналасқан, және де елімізді шығыс аймағынан біршама қашықтықта орналасқандықтан біршама қиындық туғызады деген шешімге келген болатын. Сондықтан да Ақтөбе қаласы Батыс Қазақстанның бас қаласы болып қала бермек [3].

Ақтөбе агломерациясына Ақтөбе қаласы мен облыстың Алға, Қарғалы, Қобда, Мәртөк, Мұғалжар, Хромтау сынды алты ауданның елді мекендері кіреді. Ақтөбе облысы-Қазақстанның өндірісі дамыған аса күшті облыстарының бірі.

Осы орайда әлеуметік-экономикалық дамуға қатысты алғанда облыстың бес саусақтың саласындай бес бірдей ерекше сипатқа ие.

**БІРІНШІ ЕРЕКШЕЛІК.** Ақтөбенің отандық төрт агломерацияның бірі екендігінен туындайды. Қазақстанның өндірісі дамыған аса күшті облыстарының бірі - Ақтөбе мұнай-газ химиясы кешенін құруға лайықты. «Қазхром» трансұлттық компаниясы Ақтөбе феррокорытпа зауыты, «Ақтөбе хром қосындылары зауыты», «Актобренгентен», «Ақтөбе мұнай құрал-жабдығы зауыты», «Ақтөбе металл құрастыру зауыты». Ақтөбе рельс-арқалығы зауыты да дамып келеді. 80 кен өндіруші қатарында «СНПС-Ақтөбемұнайгаз», «Казахойл Ақтөбе» ЖШС, «Урихтау Оперейтинг» ЖШС және т.с.с.

**ЕКІНШІ ЕРЕКШЕЛІК.** Ақтөбе еліміздің басты көлік-логистика орталығының және металлургия, құрылыс салаларының бірі ретінде дамымақ. Ақтөбе облысының көлік-логистикалық әлеуетін дамыту аясында қазіргі уақытта Батыс Еуропа - Батыс Қытай халықаралық көлік дәлізін қайта құрылымдау мен Хромтау - Алтынсарин, Жезқазған - Сексеуіл - Шалқар - Бейнеу теміржол желісі тартылған.

**ҮШІНШІ ЕРЕКШЕЛІК.** Өңірдегі шағын және орта бизнес субъектілерінің белсенді іс-әрекеттері мен қарқынды қимылдарынан бастау алады. Өзге өңірлермен салыстыра қарағанда Ақтөбенің тұтастай еліміздің ішкі жалпы өніміне қосатын үлесі жоғары.

**ТӨРТІНШІ ЕРЕКШЕЛІК.** Ақтөбе облысы экономикасында өнеркәсіпті өркендету жетекші рөл атқарғанымен мұнда агроөнеркәсіптік кешен мен ауыл шаруашылығы өндірісінің даму деңгейі де жоғары. Ауыл шаруашылығында ет және сүт кластерін белсенді түрде дамыту, сонымен қатар үш пилоттық жобаны: фермерлерге қызмет көрсету орталығын, индустриалды-аграрлық аймақты және «Болашақтың ауылын» жүзеге асыру жоспарын жүргізудің пайдасы мол.

**БЕСІНШІ ЕРЕКШЕЛІК.** Табиғи экожүйелер мен биологиялық алуан түрліліктерді сақтау мақсатында «Қарғалы» аймақтық табиғат паркін (Қарғалы ауданы) және «Айдарлыаша» аумағында геопарк (Хромтау ауданы), агломерация аумағында «тарихи» ластаулар орындарын жою үшін Елек өзенін алты валентті хром мен бордан ластанудан тазартып, бұрынғы Алға химия зауытының қалдықтарын жою қажет [4].

Ақтөбе облысының тоғыз жолдың торабында орналасуы, көлік-логистика қызметінің оң жолға қойылуы және энергетикалық ресурстардың молдығы да оның жүйе тұзуші кешен ретіндегі орнын айқындай түседі. Еліміз үшін басты рынок саналатын Ресейге шығатын қақпамыздың бірі де осында. Осы арқылы оңтүстік және орталық аймақтағылар Каспий теңізіне шыға алады. Міне, сондықтанда осындай 5 ерекшелікті қамтып отырған қала, ірі агломерация болуға лайықты.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Лаппо Г.М. География городов. – М.: ВЛАДОС, 1997. – 478 с.
2. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2012 жылғы 27 қаңтар.
3. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 жыл, V том
4. Темір Құсайын, «Егемен Қазақстан», - 2017 жылғы 22 шілде., 12 бет.

*Ғылыми жетекші - т.ғ.к., аға оқытушы Әбденов А.Ж.*

## **ОТВЕТСТВЕННОСТЬ ЗА МЕЖДУНАРОДНЫЕ ПРЕСТУПЛЕНИЯ И ПРЕСТУПЛЕНИЯ МЕЖДУНАРОДНОГО ХАРАКТЕРА**

**Ишқұлова А.Р**

Западно-Казахстанский Государственный Университет им. М. Утемисова

История помнит бесчеловечные деяния международного характера – истребление в лагерях нацистской Германии, геноцид в Руанде, массовые убийства в Сребренице. Это лишь несколько примеров самых чудовищных преступлений человечества, совершенных в прошлом веке. Для борьбы с этими основными формами насилия и возник режим международного уголовного права.

Поскольку эффективное реагирование в данной области проявилось только с начала девяностых годов, когда Советом Безопасности Организации Объединенных Наций были учреждены специальные трибуналы по Руанде и бывшей Югославии, международное уголовное право можно рассматривать как относительно новую отрасль права [1, с. 1-26].

Недавнее создание различных международных уголовных судов и трибуналов привело к огромному развитию международных уголовных норм. В качестве постоянного международного института действует Международный уголовный суд (МУС), учрежденный на основе Римского статута, принятого в 1998 году. Официально начал свою работу с 1 июля 2002 года. Это первый постоянный международный орган уголовной юстиции, в компетенцию которого входит преследование лиц, ответственных за геноцид, военные преступления, преступления против человечества [2, с. 1].

Суд проводит политику индивидуальной уголовной ответственности в отношении тех, кто несет наибольшую ответственность за совершение «серьезных преступлений, вызывающих тревогу международного сообщества в целом».

В процессе становления и развития международного уголовного права существенным представляется вопрос о субъектах уголовной ответственности. До Нюрнбергского процесса (1945-1946) международная практика не знала случая привлечения к уголовной ответственности индивидов [3, с. 89].

На настоящий момент концепция индивидуальной уголовной ответственности за нарушение норм, влекущая уголовные последствия, является общепринятой для всех систем уголовного правосудия, будь то в национальном или международном уголовном праве. На основании ранее сказанного, данная концепция является одним из основных принципов МУС. Она появилась после окончания Второй мировой войны, как часть процесса трансформации международного права. Люди вышли на сцену как субъекты международного правопорядка, имея свои собственные права и обязанности [4, с. 16].

Следующее заявление Международного военного трибунала в Нюрнберге материализовало независимый статус людей в соответствии с международным правом, заявив, что: «преступления против международного права совершаются

людьми, а не абстрактными субъектами, и только путем наказания лиц, совершающих такие преступления, могут быть соблюдены положения международного права» [5, с. 121].

На основании вышесказанного мы можем прийти к выводу о том, что МУС стремится применить наказание к тем, кто несет наибольшую ответственность за совершение преступлений, над которыми он имеет юрисдикцию. Это подводит нас к неизбежному вопросу о том, кто эти индивиды и чем обусловлено совершение ими преступных деяний. Вопреки ожиданиям людей, исследования подтвердили, что лица, совершающие международные преступления, часто являются обычными людьми, действующими в чрезвычайных обстоятельствах [6, с. 32]. Ханна Арендт уже говорила об этом в 60-х в своей книге «Банальность зла: Эйхман в Иерусалиме» утверждая, что Эйхман просто выполнял свою работу во время нацистского режима и тем самым фундаментально оспаривает наше понимание того, чем обусловлено совершение человеческого зла. Так, она приводит слова Эйхмана, сказанные им во время судебного процесса, которые демонстрируют отсутствие какого-либо пристрастия его к проводимым им преступным деяниям, отсутствию какой-либо меры ответственности за содеянное: ведь он лишь «делал свою работу»: «...Он выполнял свой долг...; он не только повиновался приказам, он повиновался закону...» [7, с. 135]. Данное произведение было раскритиковано и получило широкую огласку в глазах общественности.

Общеизвестно, что каждый человек занимает определенную позицию в обществе и имеет особую точку зрения в отношении неизбежного конфликта. Лица, совершившие международные преступления, часто действуют в специфическом контексте массового насилия, когда их преступления воспринимаются как законные и необходимые [8, с. 233-235]. Хотя преступления, подпадающие под юрисдикцию Суда, неопровержимы и совершаются в среде, которая способствует и определенному преступному поведению, Смелерс и Вернер подтверждают, что лица, совершающие международные преступления, часто являются «обычными людьми, не характеризующимися умственными недостатками, чертами садизма, насильственным прошлым или наличием судимости» [9, с. 32]. Это опровергает представление о том, что у всех правонарушителей должна быть предпосылка психического безумия для совершения таких ужасных действий.

Следовательно, это не игнорирует факт, что меньшинство будет страдать от умственного расстройства. Постоянное воздействие зверств может спровоцировать развитие психологических особенностей, который может превратить более или менее психически устойчивых людей в тех, кто совершает самые ужасные преступления. Эти фактические обстоятельства, приводящие к совершению жестоких действий, часто забываются в ходе уголовного процесса. Однако крайне важно признать и обеспечить права и гарантии правонарушителей в ходе судебного разбирательства. Поэтому важно учитывать эти обстоятельства

при установлении ответственности и вынесении соответствующего приговора, несмотря на жестокость, которую они совершили во время конфликта.

На наш взгляд, в данном вопросе имеется аспект, заслуживающий наибольшего внимания - то, как в настоящее время распределяется ответственность за международные преступления, игнорируя сложные причинно-следственные связи преступного поведения и важность социальных и косвенных факторов при совершении таких преступлений. Вместо этого закон не учитывает тот факт, что как социальный вид общество оказывает огромное влияние на наше поведение. Проблема заключается не только в том, что судьи не обладают соответствующими знаниями психологии, но и в том, что у них уже есть твердо установленное представление о поведении человека,



которое они считают правильным, но которое противоречит психологическим данным. На наш взгляд, законодателям необходимо пересмотреть свои базовые предположения о поведении человека, включая такие традиционные понятия, как «моральный выбор» и наличие «аргументирующих фактов» на поле битвы, и принять во внимание психологию человека.

#### Использованные источники:

1. R. CRYER et al., *An Introduction to International Criminal Law and Procedures*. Third Edition, Cambridge, Cambridge University Press, 2014, 1-26
2. [https://ru.wikipedia.org/wiki/Международный\\_уголовный\\_суд](https://ru.wikipedia.org/wiki/Международный_уголовный_суд)
3. Абашидзе А.Х., Солнцев А.М. Нюрнбергский процесс и прогрессивное развитие международного права, 2006, 89 4. А. BIANCHI, “State Responsibility and Criminal Liability of Individuals” in A. CASSESE (eds.), *The Oxford Companion to International Criminal Justice*, Oxford, Oxford University Press, 2009, 16 5. Нюрнбергский процесс: сб. материалов / под ред. К.П. Горшенина, Р.А. Руденко, И.Т. Никитченко. — М., 1954, 121 — Т. II.
4. A. SMEULERS and W. WERNER, “The Banality of Evil on Trial” in C. STAHN and L. VAN DEN HERIK, (eds.), *Future perspectives on international criminal justice*, The Hague, TMC Asser Press, 2010, 32
5. Ханна Арендт «Банальность зла: Эйхман в Иерусалиме». 1960, 135
6. A. SMEULERS, “Perpetrators of International Crimes: Towards a Typology” in A. SMEULERS and R. HAVEMAN (eds.), *Supranational criminology: towards a criminology of international crimes*, Antwerpen, Intersentia, 2008, 233-235.
7. A. SMEULERS and W. WERNER, “The Banality of Evil on Trial” in C. STAHN and L. VAN DEN HERIK, (eds.), *Future perspectives on international criminal justice*, The Hague, TMC Asser Press, 2010, 32.

## MYTHOLOGY OF THE GOLDEN NOMADS

**Seksembayeva D.A.**

K. Zhubanov Aktobe Regional State University

Boundless Eurasian steppes lie from the Altai Mountains to Danube River. Many tribes of nomads lived here in the beginning of the first millennium BC. The Scythians belonged to the Indo-European family and spoke different dialects of the Iranian language [1; p.23]. Diodorus of Sicily, the Greek historian, stated that the Sakas were the closest relatives of the Scythians [2; p.45]. The nomadic Saka tribes inhabited the Kazakhstan’s territory, from the Aral Sea to Amurdarya River. As the archaeological excavations showed, the material and spiritual culture of Sakas has a lot in common with the Scythian culture. Both groups spoke dialects of the Iranian language [2; p.45]. The Saka tribes used typical Scythian weaponry and horse equipment, which were decorated, as a rule, with paintings of the Scythian animal style [1; p.93]. Moreover, they had the general mythology. I would like to tell about their gods to imagine better their unique culture.

In the Greek historians’ opinion, the leader of the Scythian and Saka pantheon was a trinity of supreme gods: Thabiti, Papai and Api. One of the most prominent Greek historians, Herodotus claimed that first of all the Scythians worshipped Thabiti. She was similar to the Greek goddess Hestia. Hestia was worshipped by the Greeks as a goddess of hearth, which was a symbol of social and political unity of a community. It was thought that Hestia’s fire was a successor of a royal hearth’s fire. Even so, she wasn’t the Supreme goddess in the ancient religion. In all Indo-European pantheons the Gods were supreme [1; p.78]. What about the Scythians?

Herodotus was of the opinion that the specific fire veneration among the Iranian tribes in ancient times proves Thabiti’s high status, linked with the fire element. That is why she was the queen of the Scythians. They thought of fire as a reviving and purifying element. The usage of fire in funeral rituals in the seventh and fifth centuries BC proves it. The fire cult is clearly shown in funeral rituals of the early Saka and Sarmatian tribes [1; p.79].

Papai is an embodiment of the Sky, Api’s husband and the ancestor of all Scythians. In Scythian myths he is described as a universe and people’s creator. People sought his help in high dangerous times. The sky god-creator is usually associated with a shamanic tree. For example, Papai’s portrayal is related to a find in the Kurgan Lysyya Gora near the town Dnepropetrovsk. We can see the god of nature and thunder, which lives on the world tree. There is an eagle, sacred bird, above his head, animals and birds (spirit helpers) on tree’s branches, which hold chains with bells, crescents and circles (thunder’s symbols) [1; p.79]. The name “Papai” is of Iranian origin and means “father” or “defender”. In Scythian myths and stories he acts as the lord of all people and therefore he is similar to the Greek god Zeus [1; p.80].

Api is the most understandable goddess of the Scythian mythology. Her name means “water” or “river” in Indo-European languages. She represents a wetland.

Scythians trace their origin to a unity of sky and water and in one of the legends the goddess appears as a half woman-half snake. It is possible that the legendary mother of the Scythians or Api herself is shown on the horse equipment from the Kurgan Tsymbalova Mogila. The horned griffins, snakes and plant twigs rise from the Goddess’s body on long necks. There is a stylized picture of a bull’s face above her head. The goddess’s symbol is the bull, which was worshipped along with her. Since the ancient times snake deities are worshipped as cattle’s protectors [1; p.80].

Argimpasa is the deity of mainly human and animal fertility. Since the first centuries of civilizations' creation, she is worshipped under many names in Middle East and Mediterranean countries: Inanna, Ishtar, Astarta, Kibela, and eastern Artemis. Ancient Persians had the similar deity, Anahita. Her main feature was protection of all human kind. Archaeologists found pictures of this Iranian- Middle Eastern deity in Scythian kurgans of the eighth century BC. She is shown as a winged goddess made of gold, silver or bronze, with two griffins and large felines at the sides. Her iconic image was called the "Queen of animals" in the Middle East. As the worship of wild nature played a huge role in nomads' life, Argimpasa's functions were one of the main. We can usually see in a long dress, high headwear, surrounded by hoofed animals – deer and fallow deer. Argimpasa's priests were women of the royal kin. They were buried along with the king in headwear, decorated with the goddess's image, where she also appeared as the deity of the underworld. On golden buttons from kurgans she is shown sitting on the throne with a mirror in her hand and there is a dead king in front of her, which has a sacred drink, the drink of immortality [1; p.80].

Targitai is the Scythian deity. To describe him, we should, first of all, describe more understandable character from the ancient Greek mythology, Heracles. Heracles was a half man- half god as his parents were the Greek god Zeus and the mortal woman Alcmena. There is a great amount of stories about his heroic deeds, which he did in other countries, in Thrace and the Caucasus. After Heracles defeated the three-headed beast Herion and took his herd of cows, he allegedly came to Scythia. Here he met the half woman- half snake and three sons were born of their unity. They were ancestors to tribes of Agaphyrs, Gelons and Scythians. What about Targitai, he was the first man, son of divine parents and like Heracles, father of three sons, which were Scythians' ancestors. The name "Targitai" is of Iranian origin and it means "powerful, mighty" [1; p.81].

Tagimasad was not a part of the Scythian pantheon. He was worshipped only by the royal Scythians as he was their deity- protector. Herodotus equates him with the Greek god Poseidon. What is the reason of the equation with the Greek god? Some researchers think that the reason is Poseidon's role as a protector of horse breeding, which was a part of Scythian household [3]. Tagimasad's image as a winged horse on a silver amphora from the kurgan Chertomlyk proves it. The magnificent receptacle is entirely covered with mythological images, including scenes of taming the horse and its sacrifice. There is also a possibility of Tagimasad's connection with the water element [1; p.82].

Only Api's cult and worship has reached our days. Some scientists suppose that her name isn't of Iranian origin, but it is related with the ancient Turkic word "abi",

which means "mother". "Abi" evolved into the word "apa", which means the same [4; p.95]. Moreover, her silhouette, which was used as pendants and earrings by women two thousand and a half years ago, is still used in making national jewelry of Central Asia's countries [5].

To sum up, the Scythian mythology is unusual. It took some elements from Indo-European religions and had a significant impact on the Turkic religion, especially Tengrism. As an example, we could take the deity Api, who turns into another deity Umai-ana [4; p.96]. Based on archaeological digs, the Scythian mythology is complicated and it needs further study. In the article "Seven facets of the Great Steppe", Nursultan Nazarbayev highlighted the events that every Kazakhstan citizen should know. The animal style and the Golden Man represent specificity and uniqueness of the Sakas and Scythians. Decorated with the animal style, the ingenious golden appearance of the Saka warrior shows the rich mythology, reflecting the power and aesthetics of the Saka civilization. We are descendants of the outstanding people. Their spiritual culture formed the basis of the Turkic culture. The Turkic people, in turn, could make a symbiosis of the nomadic and sedentary civilizations that led to the medieval cities' blossom. Eventually, they became centers of art, science and world trade [6].

#### References:

1. V.Gulyaev "Scythians: rise and fall of the great kingdom", Moscow, Litagent "Novyi Acropol" Array, 2005.
2. E.Murphy "The Antiquities of Asia: A Translation with Notes of Book II of the Library of History of Diodorus", New Brunswick (U.S.A.) and Oxford (U.K.), Transaction Publishers, 1989.
3. <http://mifolog.ru/mythology/item/f00/s01/e0001890/index.shtml>
4. Z. Gasanov "The Royal Scythians", New York, Liberty Publishing House, 2002.
5. [https://www.instagram.com/p/BrCkKwSn\\_-I/](https://www.instagram.com/p/BrCkKwSn_-I/)
6. <http://www.akorda.kz/ru/events/statya-glavy-gosudarstva-sem-granei-velikoi-stepi>

*Academic adviser – Ussenova S.G., MA (philology)*

## АЛАШ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУ МЕН ТАНУДЫҢ БҮГІНГІ ҰРПАҚ ҮШІН МАҢИЗЫ

**Шалхарова Ж.Т.**

Ақтөбе қаласы № 8 қазақ орта мектебі

«Тарих дегеніміз өткеннің ғана сабағы емес, ол едәуір дәрежеде болашақтың да көрінісі. Қазақ тарихы фактілердің өлі қоймасы емес, бұл өзі орасан зор дәйектеуші және дәлелдеуші күш» деген Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тұжырымы теориялық және әдіснамалық тұрғыда бүгінгі ұрпақтың тарихи санасын қалыптастыру үдерісіндегі кешенді міндеттерді айқындайды [1].

Қазақ тарихының белесті асуларының бірі – Алаш қозғалысы. Қазақ даласының барлық жерін азаттық идеясына жұмылдырған бұл ұлы қозғалыстың тарихы мен тағылымы уақыт өткен сайын айқындалып келеді. Алаш тарихы Отан тарихында белгілі деңгейде зерттелгенімен ғылыми зерттеу бағыттары алдыңғы қатарға шығарып отырған күрделі тарихи үдерістердің себеп - салдарлы байланыстарын, ортақ заңдылықтары мен ерекшеліктерін айқындау, ғылыми-зерттеу жұмыстарында тың әдіснамалық тәсілдерді қолданып, жаңа бағыттарды игеруді қажет етеді.

Бүгінгі тәуелсіз Қазақстан жастарын отансүйгіштікке баулып, тәрбиелеуде Алаш тарихы туралы деректерді саралаудың, танудың ерекше маңызы бар екені сөзсіз. Маңызын нақты зерттеулерге сүйеніп саралау да бүгінгі ұрпақтың еншісінде.

"Алаш" партиясы бағдарламасы жобасының негізгі мақсаты – Ресей федеративтік демократиялық республикасының құрамындағы қазақ автономиясын құру болды. Себебі сол кезеңдегі қалыптасқан жағдай бойынша Қазақстанның тәуелсіз ел болуы үшін қажетті шарттар әлі қалыптаспаған еді. Бағдарлама жобасына қысқаша тоқталатын болсақ, оның бірінші бөлімі "Мемлекет қалпы" деп аталды.

Бағдарлама жобасының "Жергілікті бостандық" деп аталатын екінші бөлімінде қазақтар мекендейтін облыстарда тұратын барлық ұлттар үшін автономия құру туралы мәселе ең бірінші кезекке қойылады.

"Негізгі құқық" деп аталған үшінші бөлім демократия мен адамгершілікке негізделді. Республикада дінге, қанға қарамай, бар адам тең құқылы болуы, жиылыс пен қауым жасауға, жариялыққа, газет пен кітап бастыруға еркіндік берілуін қолдады.

"Дін ісі" атты төртінші тармақта мемлекеттің зайырлық негізін бекітудің қажеттігі бекітілген. Ар-ождан бостандығы мойындалып, әркім діни сенімі бойынша тең және еркін, діни сенімі бойынша астамшылық немесе дискриминацияға жол берілмейтіні айтылған.

"Билік хәм сот" деп аталатын бесінші бөлімде сот билігі және оның ішінде билер соты туралы айтылады. Билік пен соттың әр халықтың тұрмысы мен әдет-ғұрып ерекшеліктеріне қарай жүргізілуіне басты назар аударған жоба авторлары халыққа жат құқықтық нормаларды енгізуге қарсы.

Жобаның алтыншы тармағы ел қорғау мәселесіне арналған. Әскер жасына жеткендерді жергілікті жерлерде әскер ісіне үйрету және қызмет еткізу ұсынылды. Егемен ел болу үшін әскер жасақтау қажеттігін, әскерлік жасына жеткен жастар жерінде үйретіліп, жерінде қызмет ету, әскер табына бөлгенде туысқан табына қарай бөлу, әскерлік міндетін қазақ атты милиция түрінде атқару айтылады.

Жобаның жетінші бөлімі салыққа арналды. Салық салудың пропорционалды жүйесін енгізу ұсынылды: "Салық мал-ауқат, табысқа қарай байға-байша, кедейге-кедейше ғаділ жолмен таратылу". Бұл ізгі демократиялық қағида болатын. Көріп отырғанымыздай, әлеуметтік әділеттілік мәселесін алаш зиялылары ту етіп көтерді.

"Жұмысшылар" деп аталатын сегізінші тармақта еңбекшілердің құқығын заңмен қорғау қарастырылған. Қазақ жерінде завод-фабрикалардың аз болуы себепті жұмысшылар да аз, сондықтан «Алаш» партиясы жұмысшыларға қатысты социал-демократтардың меньшевик табының программасын жақтайтыны айтылған.

Тоғызыншы "Ғылым-білім үйрету" деп аталатын бөлімде тегін білім алуға баршаның құқығы болуы басты назарда. Мектептерде ана тілінде оқыту, қазақ мектептері мен университет ашу, үкіметтің оқу үрдісіне араласпауы, оқытушылардың сайланбалы болуы, кітапханалар ашу туралы ұсыныстар бар. Білім мен ғылым ісі қай заманда болмасын өзекті, қажетті, болашаққа бағытталған жауапты міндет.

Соңғы, оныншы бөлімде қарастырылатыны "Жер мәселесі". Құрылтай негізгі заң қабылдағанда жерден тиесілі үлесін алдымен жергілікті жұртқа берілуін, өлшеу нормасы жердің топырағы мен шаруашылық түріне қарай жасалу мәселесі қойылды.

Зерделеп, сараптак қарасақ, «Алаш» партиясының осы бағдарламасында көрсетілген ел басқару жүйесі, жастардың білім алуы, ұрпақ тәрбиесі, ұлттар теңдігі, азаматтардың құқы мен бостандығы жөніндегі ұстанымдар тәуелсіз қазақ мемлекетінің саясатымен сабақтас жатыр. Сол себепті Алаш көсемдерінің өмірінен өнеге, тірлігінен тағылым алып, Алаш мұратын ұлт мұраты ретінде тануымыз керек.

Алаш идеясы – ұлтты біріктіруші, тұтастырушы идея ретінде қашан да қазақпен бірге жасайды. Алаштың жолы, Алаш қайраткерлері қалыптастырған ұлттық санамызды жаңғырту сапары – бүгінгі тәуелсіздігімізді тұғырлы етер берік ұстындардың бірегейі болатынын естен шығармағанымыз абзал.

Кешегі Алаш идеясы – бүгінгі тәуелсіз Қазақстан! Алашорда басшысы Әлихан Бөкейханов бастаған ұлт зиялыларының XX ғасыр басында қазақ автономиясын құрмақ болған алғашқы ұмтылыстарын, саяси күресін, жалпы Алаш қозғалысын зерделеу, тәуелсіздіктің арқасында ғана жүзеге асқаны ақиқат!

Қорытындылай келе, Алаш қозғалысын зерттеу мен тану бізге, яғни, бүгінгі ұрпаққа, әсіресе мектеп оқушыларына не үшін қажет дейтін болсақ:

1) Тәуелсіздікті құрметтеу, тәуелсіз елдің азаматы бола білу үшін біз оның қасиеті мен қадірін түсінудің айқын жолы өз халқының жүріп- өткенін білуге, құрметтеуге үйренуіміз қажет.

2) Алаш арыстары көсемсөзде, ақындық өнерде, кәсіби маман ретінде де арттарында өшпестей із қалдырды.

3) Ерінбей үздіксіз ізденіп, қиыншылыққа қарамай өз заманындағы озық біліммен қаруланып, тек бір мамандықты ғана игеріп қоймай, бірнеше мамандықты қатар иеленген

4) Алаш зиялылары денсаулық саласына да айрықша көңіл бөлді.

5) Алаштың асыл аманаты бізге тарихи-мәдени бірегейлігімізді, қарапайым тілмен айтсақ, қазақы қалпымызды қасиеттеп сақтауға міндеттейді.

6) Өткеннің мұрасына мұқият қарауды Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, Х. Досмұхамедов сынды арыстар өсиет етіп қалдырды.

7) Алаш жолын зерделей түссек, бүгінгі «Мәңгілік ел» мұратымыз баянды болмақ.

Ұлт тарихы тек қана саяси, әлеуметтік-қоғамдық оқиғалардан ғана емес, сонымен қатар ұрпақ жалғастығынан, өміршең дәстүрлерден құралатыны да белгілі. Сол игі дәстүрлерден тағылым ала отырып, мемлекет, әлеумет, жеке адам күшін түзейді, бағытын айқындайды.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Назарбаев Н. Тарих толқынында. -Алматы: Атамұра, 1999. -296 б.
2. Қозыбаев М. Ақтандақтар ақиқаты. –Алматы, 1992. –Б. 18.
3. Құл-Мұхаммед М. Алаш қайраткерлері саяси-құқықтық көзқарастарының эволюциясы. -Алматы: Атамұра, 1998. -360 б. –Б. 33.
4. Тайшыбай З. “Қарқаралы петициясы” туралы ақиқат // Ақиқат. -2003. -№ 8. –Б. 80-82.
5. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. (Көмекші оқу құралы). Алматы: Санат, 1995. -368 б. –Б. 98-99.
6. Н.Әшкеева. Әлихан Бөкейханов саясат сардары // Саясат. 2002. № 3-4.

*Ғылыми жетекшісі – Бишенова Айжан Аульбаевна, Ақтөбе қаласы, № 8 орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі*

## **ДОКАЗАТЕЛЬСТВА В ГРАЖДАНСКОМ ПРОЦЕССЕ**

**Марфина А.С.**

Западно-Казахстанский Государственный Университет им. М. Утемисова

Гражданский процесс представляет собой урегулированную федеральным законом деятельность судов общей юрисдикции и мировых судей по рассмотрению и разрешению споров, возникающих из гражданских, семейных, трудовых, жилищных, земельных, экологических и иных правоотношений, дел приказного и особого производства, дел, возникающих из публичных правоотношений, а также осуществлению судами защиты иных прав и охраняемых законом интересов.

Статьей 63 ГПК РК [1] установлено, что доказательствами по гражданским делам являются «любые фактические данные, на основе которых в определённом законом порядке суд устанавливает наличие или отсутствие обстоятельств, обосновывающих требования и возражения сторон, и иные обстоятельства, имеющие значение для правильного разрешения дела». В этой же статье указывается, что фактические данные устанавливаются объяснениями сторон и третьих лиц, показаниями свидетелей, письменными и вещественными доказательствами, заключениями экспертов.

Непосредственное восприятие явления составом суда - очень редкий случай. Знакомство с личностью сторон, местный осмотр – вот немногочисленные примеры такого непосредственного познания. В подавляющем большинстве случаев суду приходится познавать необходимые для него факты и явления действительности не прямо, а опосредованно, с помощью доказательств. Доказывание в суде представляет собой, таким образом, способ опосредованного познания, когда суд делает вывод о существовании или не существовании фактов, имеющих значение для дела, на основании других фактов, получая сведения о подлежащих установлению фактах из соответствующих источников [2].

В повседневной жизни люди постоянно вынуждены прибегать к опосредованному познанию и использованию доказательств: в науке и технике, в сфере государственной деятельности, в домашнем обиходе. Особую роль доказательства играют в деятельности правоприменительных органов. Суд, арбитражный суд, административные органы- все они используют доказательства. Поскольку эти доказательства являются средством установления юридических фактов и обстоятельств и поскольку сфера их применения связана с деятельностью юрисдикционных органов, они могут быть названы юридическими доказательствами. Используемые в суде юридические доказательства называются судебными. Это обусловлено тем, что конечной целью представления и использования доказательств является формирование на их основе внутреннего судейского убеждения, которое определяет содержание любого акта правосудия. Собираение, исследование и оценка доказательств происходят в специальной процессуальной форме, присущей именно деятельности судебных органов.

Судебными доказательствами являются фактические данные, способные прямо или косвенно подтвердить имеющее значение для правильного разрешения дела факты, выраженные в предусмотренной законом процессуальной форме (средствах доказывания), полученные и исследованные в строго установленном процессуальном законом порядке [3].

Особую трудность в судебной практике вызывает правильное определение предмета доказывания при разрешении споров, вытекающих из правоотношений, урегулированных нормами материального права с относительно определенной диспозицией (спору о лишении родительских прав, о передаче детей на воспитание, споры о возмещении вреда при необходимости учета вины потерпевшего и имущественного положения лица,

причинившего вред, споры о возмещении морального вреда), когда суд должен учитывать конкретные обстоятельства дела и сам призван оценивать те или иные факты с точки зрения их правовой значимости.

Такие нормы права получили в теории гражданского процесса название «ситуационных» норм, поскольку правоотношения ими урегулированы с расчетом на судебное усмотрение, на судебную конкретизацию зафиксированных в законе обобщающих обстоятельств, с которыми связаны правовые последствия.

Доказательственная деятельность подробно регламентируется законом и введена в четкие процессуальные рамки. Эта деятельность направляется общими принципами процесса (состязательность, непосредственность и т.д.) и детализируется на всех стадиях процесса. Каждое действие суда или лиц, участвующих в деле, по собиранию, исследованию или оценке доказательств подчиняется процессуальным правилам. В ряду этих правил особое место занимают общие правила доказывания: а) относимость доказательств; б) допустимость доказательств.

Доказательство признается судом, относящимся к делу, если оно содержит сведения о фактах, которыми подтверждаются, опровергаются либо ставятся под сомнение выводы о существовании обстоятельств, имеющих значение для дела [4]. Очевидно, что норма об относимости доказательств адресована суду, поскольку стороны и другие заинтересованные лица, представляя доказательства, в силу различных обстоятельств могут не иметь правильного представления о свойствах относимости доказательств.

Доказательство признается судом допустимым, если оно получено в порядке, предусмотренном настоящим Кодексом [5].

Допустимость доказательств с «негативным» характером содержания определяется последствиями нарушения сторонами формы гражданско-правовых сделок. Например, несоблюдение простой письменной формы сделки лишает стороны права в случае спора ссылаться в подтверждение сделки и ее условий на свидетельские показания, но не лишает их права приводить письменные и иные доказательства.

Обеспечение доказательств - особый способ их фиксации, применяемый до исследования доказательств в судебном заседании, если есть основания опасаться, что их представление суду в дальнейшем станет невозможным или затруднительным. Обеспечение доказательств производится судьей по правилам, установленным Гражданско-процессуальным Кодексом РК. Лица, имеющие основание опасаться, что предоставление необходимых для них доказательств сделается впоследствии невозможным или затруднительным, могут просить суд об обеспечении этих доказательств.

До возбуждения дела в суде доказательство обеспечивается нотариальными конторами, а после возбуждения дела - тем судом, в районе деятельности которого должны быть совершены процессуальные действия по обеспечению доказательств.

Заявление об обеспечении доказательств подается сторонами и другими лицами, участвующими в деле, с указанием, какие доказательства нужно обеспечить, в подтверждение каких обстоятельств нужны доказательства, по какой причине заявитель обращается с просьбой, а также для какого дела доказательства необходимы.

Обеспечение доказательств - особый способ их фиксации, применяемый до исследования доказательств в судебном заседании, если есть основания опасаться, что их представление суду в дальнейшем станет невозможным или затруднительным [6]. До возбуждения дела в суде доказательство обеспечивается нотариальными конторами, а после возбуждения дела - тем судом, в районе деятельности которого должны быть совершены процессуальные действия по обеспечению доказательств.

В заключении, хочется отметить, что доказательства имеют значение не только для судей, которым они предоставляются, но и для юристов, которые их предоставляют, так довольно сложно отобрать то же внутреннее убеждение, которое есть в наличие у судьи, у того же юриста. В связи с этим и возникают всевозможные пересмотры дел, но это уже другая тема и её мы хотя и задеваем, но только косвенно.

#### **Использованные источники:**

1. Гражданско-процессуальный Кодекс РК от 31 октября 2015 года № 377-V (с изменениями и дополнениями по состоянию на 21.01.2019 г.)
2. Мусина В.А., Чечина Н.А. Учебник гражданского процесса. М.1996г.
3. Треушникова М.К. Гражданский процесс. – М.: Юриспруденция, 2001
4. Гражданско-процессуальный Кодекс РК от 31 октября 2015 года № 377-V (с изменениями и дополнениями по состоянию на 21.01.2019 г.)
5. Гражданско-процессуальный Кодекс РК от 31 октября 2015 года № 377-V (с изменениями и дополнениями по состоянию на 21.01.2019 г.)
6. <https://www.zakon.kz/160060-dokazatelstva-v-grazhdanskom-process.html>

### **XIX ҒАСЫРДЫҢ АЯҒЫ МЕН XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДА ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ОҚУ - АҒАРТУ ІСІНЕ ТАТАР МЕДРЕСЕЛЕРІНІҢ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ**

**Аман А.Б., Болимбетов Р.У.**  
Қ.Жұбанов атындағы АМӨУ

Тарихқа арқа сүйемесе, болашақ бұлдыр екендігін айтып, басты мақсат - қазақтың этногenezін ұғына отырып, ұлттық тарихты қалыптастыру ғана емес, ұлттық сәйкестілікті нығайту ісі қолға алынатындығын тілге тиек етті. Ал мұндай жағдай тарихшыларға үлкен жауапкершілік жүгін артатыны белгілі. Мәселен халыққа білім беру саласының даму жолдары тарих саласында осы уақытқа дейін біршама зерттелінген тақырыптардың бірі деуге болады. Алайда зерттеу үрдісінде әрдайым шыншылдық, ғылымилық, объективтілік принциптері қатаң сақталады деп айту қиын. Себебі, Отан тарихы ондаған жылдар бойы жалпы одақтық тарих ғылымының құрамдас бөлігі деп табылып, нәтижесінде оның даму арнасымен жазылған болатын. Бұл жағдай өзгеде орыс емес ұлттар тарихы секілді қазақ халқы тарихында екінші дәрежелі сипатта деп ұғуға барлық прогресивті оқиғалармен құбылыстар тек орыс халқы арасында болды деп түсінуге алып келгені белгілі. Бұқара санасына күштеп сіңірілген мұндай партиялық принциптерге құрылған шамадан тыс идеологияландырылған тарих ұлттық оқу-ағарту ісін зерттеуге де өз көлеңкесін түсірмей қойған жоқ.

Тарихымыздың тереңіне үңіліп, біраз ақтаңдақтарды орнын толтыру үшін ғалымдарымыз барынша жұмыс жүргізуде. Соның ішінде, қазақ қоғамындағы татар зиялыларының ағартушылық қызметі жайлы мәселе қазіргі күнге дейін қызығушылықты туғызып отыр.

XIX ғасырдың ортасындағы Қазақстан территориясында мұсылман мектептері мен медреселерге оқытушылардың басым бөлігі татар молдалары болды. Қазақтың алдыңғы қатарлы зиялылары осы татар молдаларынан білім алған [1, 24 б]. Мәселен, қазақтың тұңғыш ағартушыларының бірі Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов алғаш рет татар молдаларынан білім алып, алыс мекендерде мұсылмандық сауаттылықты таратқан. Ғалым Б.Ысқақов «Татар-қазақ әдебиеттері байланысының негізгі кезеңдері» атты еңбегінде Ш. Уәлихановтың татар тілі мен жазуын еркін меңгергендігін, оның үстіне татардың алдыңғы қатарлы ағартушыларымен, солардың ішінде Ш. Маржанимен таныс болғандығын атап өткен. 1860 жылы Ш.Маржани мен оның шәкірті Х.Файзханов татардың алдыңғы қатарлы элитасының және дінін құруға талпынды. Орынбор діни басқармысының муфтиі орнына келуге тырысты. Татар ағартушыларының бірі Хұсайын Файзханов пен Шоқанның арасындағы достық қарым-қатынастың болғандығы туралы ғалым Б.Ысқақов, өз еңбегінде Шоқанның Петерборға барған кезде Хұсайынның үйінде қонақта болғандығы турасында жазып өтеді. Татар ұлтынан шыққан зерттеуші этнограф және өлкетанушы Құрбанғали Халиди 1846 жылы Аягөзде туып, Семей медреселерінің бірінде оқыды. Ол 1889 жылы «Тарих-и Джарида и Джайда», ал 1910 жылы «Тауар-и Хамса шарки» кітаптарын Қазан қаласында басып шығарды. Галиев В.З. «Караванные тропы: Из истории общественной жизни Казахстана XVII-XIX веков» атты еңбегінде өзінің басты мақсатының не екендігін былайша көрсеткен: «Орта Азия мен Шығыс Түркістанда болған оқиғалар желісін бітірген соң қазақ ахуалдары мен хандары туралы жазуға кірістім. Бұл халықтың тарихы жалпы ауызда бар. Алайда жекелеген жазба тарихы мен естеліктері болмаған, әркім әртүрлі пікір айтып, біреулер жаман ниет арам оймен, енді біреулері тек мұқатуды мақсат еткен. Кезіндегі бақсылар тарихты анығырақ түсіндіруге білімдері жете тұра, оған мән бере қоймаған. Нәтижесінде мағынасы анық ел тарихы баяндалмады. Осындай себептермен, мен бар күшқайратымды жұмсап жиырма жылдан астам уақыт бұл тарихқа қатысты ақпараттар мен мәліметтер жинап, жалпы жиналған мәліметтердің қаймағын қалқып алып осы кітапты жаздым», - дейді [2, 75 б].

XIX ғасырда татар молдаларының қазақ жерінде мұсылман мектептерін ашуы патша үкіметіне секем туғызды. 1870 жылғы ереже бойынша барлық мұсылман мектептеріне бақылау орнатылып, Ильминскийдің жүйесі енгізіле бастады. Оның себебі, бұл мектептерде орыс грамматикасы мен жазуына үйретпейді, молдалар отырықшы жерлерде мектеп ашпайды, бұл мектептердің еш маңыздылығы жоқ - деп көрсетті. Ғалым М.Мырзахметов көрсеткендей, миссионерлер алдымен қазақтарды татарлардың рухани әсерінен бөлшектеп ұстауды, араластырмауды мақсат етіп қойды. Себебі, біріншіден, татарлар қазақ арасындағы мектеп, медреселерде сабақ беріп, дін таратты, кеңсе жұмыстарын атқарып, тілмаштық қызмет етсе, екіншіден қазақтар татарларға ислам дініне наным осалдау, оларда ескі исламдық наным мен мұсылмандықты қосарлана пайдалану жағы басым болды [3, 47 б].

Міне, сондықтан патша үкіметі осындай ерекшеліктерді сезініп, қазақ жеріне миссионерлерді жіберіп, орыстандыру саясатын жүргізе бастады. XX-ғасырдың басында Қазақ жеріне алдыңғы қатарлы демократиялық татар мәдениеті, ойшылдарының прогресивті ақыл-ойлары кең түрде еніп, қазақ халқының ағартушы - демократиялық көзқарастарына әсер еткені белгілі. Қазақ даласында тілмаш болған және сауда жасауға келген татар көпестері бұл елде оқудың маңыздылығын көздерімен көргендіктен мешіт пен медреселер салып, Қазаннан арнайы оқыған молдаларды шақыртқан. Қазандағы медреселерде Орынбор, Семей сияқты қалаларынан келген қазақ балалары да дәріс алған. Қазақ зиялыларының бірі Ахмет Байтұрсынов Н.Ильминскийдің ағартушылық әрекетінің түп төркінін: «Қазақ діні шынығып жетпеген, шала мұсылман халық. Мұны мұсылман дінінен христиан дініне аударып жіберу оңай деген пікірмен, патша өкіметі қазақ пен ноғай арасында жік салып, екеуін айырғысы келді. Ол үшін қазақ байлары ноғайша оқымай, орысша оқитын саясат жүргізілді.» дей келе, қазақ балалары үшін орыс мектептері ашылып, кітаптардың бірте бірте орысша шығарыла бастады. Патша үкіметінің орыстандыру саясатының бір көрінісі екендігін де келтіреді. XIX ғасырдың 90-жылдары мен XX ғасырдың басында татарлар арасында «жаңа әдісті» мектептер ашыла бастады. Онда география, тарих, есеп, жаратылыстану пәндерін оқу бағдарламасына енгізді.

Мұсылман мектептері мен медреселері Н. Сәбитов көрсеткендей, қазына мен жергілікті жердегі құрылтайшылардың есебінен қаржыландырып отырған. 1905 жылға қарай мұндай мектептердің саны арта түсті. Ғалым Т.Тәжібаевтың жазуы бойынша, патша үкіметі татар молдаларының бет пердесін қазақ арасына мұсылман дінін таратуды ғана емес, сонымен қатар Қазақстан мен Орта Азияға Ресейдің беделін түсіруші есебіне көрді.

Әулиеатаның қазағы Садық Абанов «Айқап» журналына жариялаған мақаласында Орынбордағы «Медресе Хусаинияға» түсуге Хасен Бегиев, Шарифалдин Мұхиталдинов сияқты татар азаматтарының 20 сом ақша беріп, көмектескендігін жазып, рахмет айтқан. Уфадағы «Медресе Ғалияның» шәкірттері қазақ тілінде шығатын кітаптарға мұрындық болған. Мәселен, 1911 жылы Ішкі Орданың Ғұмар Қарашұлының «Өрнек» атты кітабын қазақ – қырғыз шәкірттері бастыртқан. Бұл «Ғалия» медресесінде оқыған қазақ шәкірттері жиі-жиі бас қосып, мұқтаж шәкірттерге көмек көрсету, ағарту мәселелері жөнінде ақылдасып отырған. Негізінде бұл медресе қазақтың алдыңғы қатарлы зиялылары оқыған. Олардың ішінде М.Жұмабаев, Б.Майлин, Б. Серкебаев, барлығы 50 -ден астам азаматтар білім алған болатын. 1911 жылы «Ғалия» медресесіндегі қазақ шәкірттерінің қаражатымен «Әліппе яки төте оқу» атты қазақша оқулық жарық көрді. Медреседе оқыған қазақ жастары 1913-1914 жылдары «Садақ» атты қолжазба журналын шығарған, көкейдегі ойларын жазған. «Ғалия» медресесінде оқыған қазақ жастары жер – жерде мұғалім болып, халықты сауаттандыру ісіне үлкен үлес қосты. Қарағандыдағы «Медресе Әмирияда» қазақ -татар балалары аралас оқыған. «Айқап» журналында бұл медреседе 1912 жылы қазақ шәкірттерінің оқығандығы жөнінде мәлімет келтірілген.

Қорыта айтсақ, XX ғасырдың басындағы қазақ жерінде болған татар зиялылары патша үкіметінің қатаң бақылауына қарамастан қазақ халқының оқу-ағарту салаларына елеулі үлес қосты. Қазақ жеріне қазақ тілінде шыққан кітаптарды таратуда айтарлықтай жұмыстар істеді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Жексенбаева Ғ. Орыс-Қазақ және Отарлау саясаты // Қазақ тарихы,-1996, - 24-26 б.
2. Рүстемов С. Орынбор мүфтілігі және Қазақтар.- Алматы.: 2004, – 165 б.
3. Ғайнуллин М. Татар тарихы (XIX-ғасыр ). – Қазан.: 1957, – 321 б.

### **ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ МАТУРИДИ МЕКТЕБІНІҢ ІРІ ӨКІЛІ –НӘЖМИДДИН ӘБУ ХАФС ОМАР ӘН-НАСАФИ**

**Сатыбалдиева А. Исахан М.**

Нұр-Мұбарак Египет Ислам мәдениеті университеті

Қаракан дәуірінде өмір сүрген Ханафи мәзһабы мен Матуриди ақида мектебінің ірі өкілі Нәжмиддин Әбу Хафс Омар ән-Насафи еді. Ол 1069 жылы Насаф қаласында дүниеге келді. Туабітті алғыр әрі зерек Әбу Хафс Омар ән-Насафи жастайынан кәлам, тафсир, хадис, фикһ ілімдерін игеруге талпынды. Қажырлы ізденістің арқасында кейін ол аты аңызға айналған әмбебап ғұламаға айналды. Оның Ханафи фикһ іліміндегі ұстазы атақты Садр-ул Ислам Әбу Юср Мұхаммед Бәздауи болатын. Ол ақида бойынша Матуриди мектебінің ірі өкілі саналады. Жалпы, Әбу Хафс ән-Насафи телегей-теңіз ілім иесі болғандықтан, сондай-ақ, фикһ мәселелерінде жындарға да пәтуа бергендіктен оған «Муфти-ус-Сакалайн» лақабы берілді [1, с. 182].

Нәжмиддин Әбу Хафс Омар ән-Насафи мұсылман әлемінде классикалық ғұламалардың бірі болып есептеледі. Оның ақида, фикһ, тәфсир саласы бойынша жазған еңбектері негізгі түпдеректердің қатарына жатады. Оның есімі Ханафи мәзһабы мен Матуриди мектебінің ірі өкілдері және тәфсир саласының ірі майталмандарымен қатар аталады. Тіпті, ақида мен фикһ іліміндегі негізгі еңбектерінің силисласында Әбу Хафс Омар ән-Насафидің аты-жөні жиі ұшырасады [2, с. 16].

Әбу Хафс ән-Насафи артынан жүзге жуық шығарма жазып қалдырды. Оның ішіндегі атақты еңбектері «Ақайд-Насафи», «Захира», «Тафсири-тафсир», «Әрбағайн-и Салмани», «Тарихи-Бұқара», «Китаб-ул-Машари», «Китаб-ул-Канд фи улама-и Самарханди», «Тамхид», «Мажма-ул-улум» және т.б. еңбектері еді. Ұзақ жылдар бойы ғұмырын ғылымға арнаған исламның жарық жұлдызы 1142 жылы Самарқанда қайтыс болды. Қайтыс болған соң оның ілім жолын Мәжд-и ан-Насафи, Әбу Ләйс Ахмад, Әбу Бәкір Ахмад Балхи, Бурханаддин Маргинани секілді шәкірттері жалғастырды. Оның шығармаларына мұсылман ғұламалары жүздеген түсіндірме (шарх) еңбектер жазды.

Әбу Хафс Омар ән-Насафи фикһ ілімі бойынша Ханафи мәзһабын дамытушы мәшһүр факиһтердің бірі еді. Ол өзі жазған шығармаларда фикһ ілімін әдептілік қағидаларымен әрлеп және біртұтастандырып, ислам шариятының қоғамдық рөлін арттыруға барынша ықпал жасады. Әбу Хафс Омар ән-Насафи: «Дінді танып білген мұсылман харамнан аулақ болып, өсім

алмай сауда-саттық жасаса, мол табысқа кенеледі. Адал әрі берекетті табыс табуымен ұлт пен мемлекетке зор пайдасын тигізеді» – деп, фикһ қағидаларын берік ұстанудың қоғам мен мемлекет үшін аса маңызды екенін алға тартты.

Әбу Хафс Омар ән-Насафи тәпсір ілімі бойынша да өзіндік ой-тұжырымы бар ғұлама ретінде танылды. Ол тәпсір әдіснамасына қатысты еңбектер жазып, қатаң әрі берік қағидаларды ортаға қойды. Осы арқылы тәпсір ілімінде Құран ақиқатына сай емес теріс көзқарастардың айтылуын тоқтатпақ болды. Оның пікірінше мынадай санаттағы адамдар тәпсір жасауға құқылы емес:

1. Тәпсірге қатысты мағұлматтарды терең білмегендер.
2. Мутәшабих аяттарға тәпсір жасауға талпынғандар.

3. Теріс ағым өкілдері мен дінге реформа жасаушылар, бұзық ниеттегі және өзінің жеке мақсатына сай тәпсір жасаушылар.

4. Дәлел және иснадты (тізбек) терең түсінбегендер.

5. Нәпсісіне берілген және сайтанның азығыруына ергендер.

Әбу Хафс Омар ән-Насафи ақида ілімі бойынша іргелі еңбектер жазып қалдырды. Ол «Мажма-ул-улум» атты шығармасында әһлі-сүннет ақидасы мен фикһына қатысты былай дейді:

Алла Тағаланың барлық сипаттарын эзали әрі мәңгілік екеніне сенуіміз керек. Іс-әрекеттердің Алла Тағаланың қалауымен және тағдырымен болатынын біліп, құлдық міндеттерімізді орындаудан бас тартпауымыз керек. Алла Елшісінің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сахабаларының бәрін жақсы көріп, әһлі-байтқа (Алла Елшісінің ұрпақтары) тіл тигізуімізге болмайды. Мұсылман адам қанша жерден жақсы болса да Алландан қорқуға тиісті. Қанша өзін күнәһар сезінсе де, Алладан үмітін үзбеуі керек. Әһлі-сүннет жолын ұстанушылар мына он шартты берік ұстануы қажет:

1. Құран-Кәрімнің Алла Тағаланың кәламы екеніне сенуі.

2. Өзінің иманына шүбә келтірмеу.

3. Алла Елшісінің (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сахабаларының ешқайсына тіл тигізбеуі керек. Алла Елшісінен (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) кейін Әбу Бәкірді (р.а) халифа ретінде мойындауы тиіс. Одан кейін кезегімен Омар әл-Фарукты (р.а), сосын Осман Зиннуринді (р.а), сосын Әли ибн Таліпті (р.а) халифа ретінде мойындауы керек. Жалпы, сахабалардың ешқайсына дұшпан болмау керек әрі құрметсіздік танытпауға тиісті. Өйткені, оларға дұшпан болғандардың иманнан айырылу қаупі бар...

4. Мүміндердің ақыретте Алла Тағаланы көретініне сенуі.

5. Мемлекет басшысына қарсы келмеуі әрі оның тағайындаған қызметкерінің артында тұрып Жұма намаз оқудың дұрыс екенін біліп, мемлекет басшысына дұға жасауы.

6. Әрбір мұсылманның артында тұрып намаз оқуына болады (Бірақ, әһлі-сүннет ақидасын ұстанбаған, харам жасаудан тыйылмаған, дінге жаңалықтар жасаған, тазалыққа немқұрайлы қараған, сондай-ақ, иман, ғұсыл, дәрет секілді мәселелерді ақида және фикһ ғұламаларына мойынсұнбаған адамға намазда ұюға болмайды).

7. Мұсылман адамның жаназа намазын білуі керек.

8. Бір мұсылман күнә жасаса, оны кәпір деп айтуға болмайды.

9. Мәсіге мәсік тартудың діни үкім екенін білуі шарт.

10. Жақсылық пен жаманшылықтың Алланың тағдырымен болатынына нануы қажет [3].

Әбу Хафс Омар ән-Насафи телегей-теңіз ілімімен қатар асқан тақуалығымен мұсылмандардың есінде қалды. Ол дін ғұламасы болу үшін Аллаға адал құл болуды әрі дегдарлық ғұмырды насикаттаған еді. Насафи өзінің шығармаларының бірінде:

Бұйрықтар мен тыйымдарға бол берік,

Намазда да жалқаулыққа берме ерік,

Ынталы бол, үлкен ғалым боларсың,

Шариғаттан алсаң ілім меңгеріп.

Құдайыңнан сақтауды да жадыңды,

Құмарланып сұра салып жаныңды,

Жақсылығы оның, сірә, ерекше,

Алла деген сақтаушы ғой нанымды

– деп жырлаған болатын [4, с. 57].

Қорытынды

Әбу Хафс Омар ән-Насафидің тәпсір, хадис, фикһ және ақида ілімі бойынша жасаған ой-тұжырымдарын (ижтиһады) мұсылман әлемі ерекше құрметтейді. Әсіресе Ханафи мәзһабын ұстанушы қауым оның «Нәсафи Ақидасы» еңбегін ерекше қастерлейді. Ол осы шығармасы арқылы бұқара халыққа Имам Матуридидің ақидалық көзқарастарын ықшамды түрде жеткізген еді. Осы рисала арқылы әлемге Матуриди мектебі танымал болды. Жалпы, Ханафи фикһы мен Матуриди ақидасын кейінгі буынға жеткізуде Әбу Хафс Омар ән-Насафидің еңбегі өлшеусіз. Сондай-ақ, хадис ілімі мен тафсир саласында да оның шығармалары үлкен беделге ие.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. М.Исахан. Ислам дінінің Орталық Азияға таралуы және алғашқы түркі-ислам мемлекеттері. (VII-XII ғғ). «Рухани құндылықтарды қолдау қоры». Астана, 2018.
2. Анарбаев Нұрлан Сайлауұлы. Орта ғасырлық ханафи ғалым Әбу-л Қасым әл-Фараби//әлФарйабидің (?-1210) «Халисату-л хақ'йю» трактатындағы моральдықэтикалық нормалар: мәні мен маңызы (диссертациялық жұмыс). Алматы, 2017.
3. Aye Humeуra Asanturk. Neseфи. islamansiklopedisi.org.tr
4. Бурханиддин Зарнужи. Тәлімгер тағылымы. «Нұр-Астана» мешіті» Астана, 2011.



## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТАНЫМАЛ ФОТОСУРЕТТЕРДІҢ ТАРИХЫ: МӘНІ МЕН МАЗМҰНЫ

Қожаева Б.

С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан Мемлекеттік университеті

Фото – уақыт көлігі, фото – уысымыздан сырғып бара жатқан сәттің фиксаторы, фото – ол тарих. Сәтті түсірілген сурет мәтіннен артық сөйлейді, мың сөздің бір ғана айғағы бола алады. Арнольд Ньюман бір сөзінде: «Көбісі қымбат камера алсам, жақсы фотоның авторы боламын деп санайды, алайда қымбат камера сіз үшін жұмыс істемейді, өйткені сіздің жүрегіңізде – сезім, бойыңызда – талант, басыңызда – идея мен қиял болуы тиіс», - деген екен [1]. Расымен де, қиял мен сезім бар жерде тарих бетінде қалар туындылар пайда болады. Фотографтың бір ғана объективі бар – ол қырағы көз. Жақсы фотосурет ол мөлшерімен түсірілген жарық, қанық шыққан түстер, я болмаса дұрыс алынған ракурс емес, жақсы фото - адамның жүрегін жаулап, оны ойландыратын, бір сәт ойлануға септігін тигізген туынды болуы қажет. Әр суреттің автордан бөлек, өзінің айтып тұрар мазмұны, баяндап тұрар тарихы болады. Фотография 1839 жылдың 7 қаңтарында дүниеге келеді. Яғни, сол күні Париж Ғылым академиясының ғылыми хатшысы Доминик Франсуа Араго осы ғылым академиясының сол күні өткен кезекті мәжілісінде француз өнертапқышы Луи Жак Манде Дагер ашқан «Камера обскура» («Қара қобдишаның») ішкі артқы қабырғасынан салынған иодталған қалайы табақшаның бетінде «Қара қобдишаның» алдыңғы саңылауынан жарық түсіру арқылы заттың бет-бейнесін алуға және оны сынап буына ұстаудың көмегімен сақтауға болатыны жөніндегі жаңалығын жария етті [2, 4 б.]. Осы уақыттан бастап фотография тарихы қалыптасты деп тұжырым жасауға болады. Себебі бұл күн ресми түрде фотографияның туған күні болып тарихқа енеген. Ал, Қазақстандық алғашқы фотолардың авторының бірі Бөкей әулетінен шыққан –Шәңгерей екені айтылады. 1901 жылы Петерборда Бөкей хандығының құрылғанына 100 жыл тоуына орай, үлкен салтанатты түрде өтіп, оған ішінде Шәңгерей де бар делегация барып қатысады. Сол жылы Шәңгерей Екінші Николайдың өз қолынан сыйлыққа фотоаппарат алған [2, 64 б.].

Кейбір танымал фотосуреттердің тарихын, олардың авторын қарапайым жандар білмей жататындығы бар. Сондықтан кейбір фотолардың тарихына және оларды әйгілі еткен авторлардың шеберлігін қарастырсақ:

«Назарбаев» қалай дүниеге келді? Бұл тарихи фотоны Армения президентінің жеке фотографы Давид Акопян былтыр Сочиде өткен ТМД елдері көшбасшыларының Саммитінде түсірген екен. Ғаламторды шарлап, әлеуметтік желіде қызу талқыланған ғажайып туындының қалай дүниеге келгені туралы автордың өзі Қазақстанға келген сапарында айтып берген.

– Жалпы мен фотоға түсіргенде ең әуелі кадрдың фонына, жарыққа мән беремін. Бастапқыда дәл осылай өз елімнің президентін түсірмек болдым. Елу шақты фотограф лауазымды тұлғалардың есіктен кіруін тапжылмай күтіп тұрғанбыз. Осы сәтте төбеден түскен сәуле мен айналадағы көлеңкені сәтті пайдалану қажеттігін ойладым. Сөйттім де ортаға қарай ығысып, өз президентімнің жарық түскен жерден өтуін күттім. Алайда ең бірінші болып Қазақстанның Президенті Нұрсұлтан Назарбаев кіріп келе жатты. Мен дереу фотоаппараттың түймесін басып қалдым. Сол сәтте шамамен 10-15-тей кадр түсіріп үлгердім. Бірақ бұл фотосурет көпшілікті қызықтыратын ғажайып туындыға айналады деп ойламаған едім. Нұрсұлтан Назарбаевтың көзқарасындағы сенімділік пен әр қадамын нық басқан жүрісі кадрдың шығуына әсер еткені анық. Оның өткір жанары, ақсақалға тән байыпты, ең басытысы өзіне деген сенімділік фотосуретте айқын көрініп тұр. Меніңше, кадр керемет шықты! – депті құралдарында берген сұхбатында Давид Акопян [3]. Аталған фотосуретке автор «Назарбаев» деген атау беріпті.

Татами тарланы. Бұл кадр осыдан отыз жылдай уақыт бұрын таспаға тартылған. Фотосуреттің авторы – белгілі қазақстандық фотограф Олег Ионов.

Тэквондодан әлемнің алты дүркін чемпионы, жетінші дан иегері, даңқты қазақ Мұстафа Өзтүрік 90-шы жылдардың басында атажұртына алғаш ат басын байлаған-ды. Сол сапарында ол қазақ даласының түкпір-түкпірін аралап, ел-жұртымен емен-жарқын қауышып, сартап сағынышын баса жүріп тарихи отанында жекпе-жек өнерінен шеберлік сабағын өткізеді. Алматыдағы спорт сарайында өткен дәл сол жиынды көпшілікпен бірге Олег Ионов та тамашалаған екен. Тамашалап қана қоймай, сол кезде біздің ел үшін таңсық болған тэквондо спортының сан қилы айла-тәсілін көрсеткен татами тарланын таспаға тартып алады. Кейін бұл фотосурет көптеген газет-журналдың бетінде жарық көріп, әртүрлі плакаттарға басылып, кең тарап кетеді. Белгілі спорт журналисі Несіп Жүнісбаевта өзінің «Мұстафа Өзтүрік» атты кітабының мұқабасына осы фотосуретті таңдапты [4, 1 б.]. 1990 жылы түсірілген бұл кадрдың сәтті шыққаны соншалық Мұстафаны көзімен көрмеген адамдар оны әлі күнге дейін дәл осы суреті арқылы жақсы танытыны анық.

Көк тудың желбірегені...

Дүниежүзінің алдында әнұранымызды әуелетсем дейтін асқақ арманын небары 20 жасында орындаған дүлдүлдің өмірден өткеніне биыл 18 жыл болыпты. Олимпиада ойындарына аттанып бара жатып ұшақ баспалдағында тұрып: «Менен алтын күтіндер» деген Бекзаттың сөзінде тұрып, Сиднейден алтын медаль олжалап қайтуы бүкіл қазаққа зор қуаныш сыйлағанымен, қайғылы қазасы қалың елінің қабырғасын қайыстырып кетті емес пе? Шаң басқан архивтерде сақталған естеліктерді сипап қалған халқы үшін Олимпиада чемпионына қатысты материалдардың қай-қайсысы да қымбат. Сондай құнды дүниелердің бірі – Сидней төріндегі Бекзаттың даңқты сәті. Құшағын кең жайып, көк туды желбіреткен тым бөлек сипатына қарап құдды бір қыран бүркіт дерге болады. Ал дәл осы тарихи сәтті «сырт» еткізіп таспаға түсіріп, өлмес мұраға айналдырған - белгілі фототілші, марқұм Дендербай Қажығалиұлы Егізов. Көптеген әлемдік доданы көзімен көріп, тарихи сәттерді кадр арқылы халыққа

жеткізе білген фототілшінің бұл туындысы мазмұнымен де, түсіру шеберлігімен де, сөзсіз, бірегей суреттер қатарынан саналады. 2000 жылы Сидней Олимпиадасында түсірілген бұл суреттен Бекзаттың бойындағы жігер мен намысты, елге деген құрметті, кеудесін кернеген мақтанышты анық байқалады.

Фотожурналистика әлемінде түрлі құнды жәдігерлер бар. Олардың тарихы біреуге мәлім, ал кейбіріне ашылмаған жұмбақ. Әрбір әйгілі суреттің тарихына көз жіберіп қарасаңыз, өзіне ғана тән мазмұн мен мәнге ие.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Электрондық ресурс: <https://cameralabs.org/4208-vdokhnovlyayushchie-tsitaty-masterov-fotografii>
2. Әбдірайымұлы А. Фотожурналистика: оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 116 бет. Электрондық ресурс: <https://www.nur.kz/1741380-kak-stat-licnym-fotografom-prezidenta-rasskazal-david-akoran.html>
3. Жүнісбек Н. Мұстафа Өзтүрік: (Деректі повесть). – Алматы: Жалын, 1992 – 72 бет.

*Ғылыми жетекші – ф.ғ.м., оқытушы Чыншаева Н.Т.*

## **ЖАҢА МЕДИАНЫҢ КОНЦЕПТУАЛДЫ МҮМКІНДІКТЕРІ**

**Исан Күмісжан**

С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті

Қазіргі уақытта БАҚ жүйесі айтарлықтай өзгеріске ұшырауда. Компьютерлік технологияның жылдам дамуы, ғаламтордың бүкіл әлемге тарала бастауы, заманауи ақпараттық- коммунікативтік ортаға жаңа медианың мүмкіндіктері тың, жаңа өзгеріс әкелуге ықпал жасады. Жаңа медиа 20 ғасырдың соңында фильм, сурет, музыка, ауызекі және жазбаша сөз тәрізді дәстүрлі медианы қамтитын компьютер мен коммуникациялық технологиялардың, компьютермен лайықталған құрылғылар мен Интернеттің интерактивті қызметтерін танытатын медиа ғылымда пайда болған термин [1]. Ол кез келген мәліметке уақыт пен кеңістікке қарамастан әртүрлі компьютерлік құрылғыларға жүгініп қол жеткізуге, пікір алмасуға, сонымен қатар өз апаратынды түзуіне мүмкіндік береді. Бұл туралы О.Стинс пен Д.Ван Фухт өз еңбектерінде: «В настоящее время под ним обычно подразумевают цифровые, такие как Интернет, компьютерные игры, цифровые фильмы и фотографии, мобильная телефония и виртуальный мир. Новые медиа занимают свое место среди других вещей, порожденных новыми технологиями и изменениями в человеческом поведении» - деген тұжырым жасайды [2, 98 б.]. Ғаламтордың соңғы кездері қарыштап дамуы журналистикадағы соны үрдіске айналған жаңа медианы жасады. Елімізде ғаламтор пайдаланушылары да айтарлықтай артқаны байқалады. Дәстүрлі ақпарат құралдарындағы ақпарат қабылдаушылар өз назарларын жаңа медианың жаңалықтарына тіккен. Интернет, мультимедия, конвергентті ұғыммен қолданып жүрген журналистикада ақпаратты тұтынушыға жеңіл қабылдауға мүмкіндік тудыратын дыбыс, бейне, инфографика, видео және мәтін арқылы беру – оның жылдам дамуын қамтамасыз етуде. Себебі жаңа медиа толассыз ағылған ақпарат ағымында уақытты көп қажет ететін ұзын сонар мәтінге тәуелділікті жойды. Ақпаратты тұтынушының мәліметтерді қабылдау тәсілі өзгерген, жылдам әрі ықшамды болуы басты талаптардың бірі. Осы жағынан алғанда дәстүрлі ақпарат құралдары жаңа медиадан қалыс қалуда.

Интернет, дата, мультимедия, конвергентті журналистиканың пайда болуы таңдау мүмкіндігін едәуір арттырды. Салалық сайттар мен порталдардың саны артып, тұтынушының қалағанын тезірек табуына жағдай жасауда.

Жаңа медианың басты ерекшелігі – ақпарат таратудағы шапшаңдығында. Дәстүрлі мерзімді баспасөз алыс аймақтарға жеткенше ақпарат ескіреді. Сонымен қатар ақпарат алушымен пікір алмасу да жолға қойылған. Жаңа медиа мен дәстүрлі медианың көптеген айырмашылықтары бар. Олардың ең маңыздылары:

- жаңа медианың жылдамдығы;
- жаңа медианың ашықтылығы;
- жаңа медианың қолданушылары, дәстүрлі медианың публикалық аудиториясы болуында;
- жаңа медиа қысқа да нұсқа ақпараттандырады;
- дәстүрлі медианың мәтінді негізге алуында;
- жаңа медианың белсенділігінде;
- жаңа медиа тұтынушыға ақпараттың мазмұнын қалыптастыруға жайдай жасаса, дәстүрлі медиа бұл мүмкіндікті өндірушіге береді [3, 98 б.].

Қазіргі әлемдік медиа жүйенің даму тенденциясы қазақ журналистикасына ауқымды ықпал жасауда. Нәтижесінде, БАҚ-тың ақпаратты беру тәсілінде өзгерістер пайда болды. Оған жаңа медианың концептуалды мүмкіндіктерін жатқызуға болады. Т.Флюдың пайымдауынша, жаңа медиа технологияларының дамуының нәтижесінде жаһандану тенденциясы нығая түскен, ал жеке тұлғааралық өзара әрекеттесу үшін цифрлық құрылғыларды қолданудың арқасында қашықтық мәселесі өзектілігін жоғалтпақ [4, 18 б.].

Концептуалды мүмкіндіктердің қатарына иммерсивті журналистика да енген. Иммерсивті журналистика не болмаса қатысу әсерін беретін журналистика соңғы кездері ақпаратты берудің жаңа формасын сипаттау мақсатында жиі қолданылып жүрген термин. 3D құрылғылардың көмегімен кеңістіктің нақты бейнесі жасалып,

қолданушы сол ортада қозғалып, көріп, естуге мүмкіндік алады. Оқиға орнын 360 градуста тамашалауға жағдай жасалған сандық технология қашықтықты ескеруді артта қалдырған. Фото, видео арқылы виртуалды шындыққа назар салуға болатын жаңа технология біздің елде енді қанат жаюда.

Өздерінің репортаждары арқылы оқырманмен тығыз байланыс орнатуға тырысқан жандар тарихта болған. Телекорреспондент Уолтер Кронкайт деректі репортаждар сериясын жасап, көрерменін шындыққа жақындатқысы келген. Ал қазіргі таңда Newsweek-тің бұрынғы корреспонденті және The New York Times газетінің авторы болған Нонни Де Ла Пенья 2012 жылы виртуалды шындық технологияларын қолданып репортаждар сериясын жасай бастады [1]. 2015 жылы The New York Times Google-мен серіктесіп NYT VR жобасын іске қосты. Бұл жобаның аясында түсірілген тұңғыш фильм «Перемещённые» деп аталды. Оның сюжетіне соғыстың әсерінен елдерінен кетуге мәжбүр болған балалардың тағдыры арқау болған. Алғашқы қадамдары жасалып жатқан виртуалды шындық технологиясын игеру елімізде жаңа медианың дамуына өз үлесін қоспақ.

Жаңа медиа жаңа технологияларды пайдаланып тиімді хабар тарату жолы. Елдегі елең еткізер жайттардан жылдам хабардар ететін жаңа медиа шығармашылық мүмкіндіктерді жетілдіруге, креативті ойлауға бастауда. Қоғамдық пікір қалыптастыруда тікелей және жанама әсер етумен, еркін ой алмасу алаңына айналғандығымен, көпшіліктің қалауын зерттей отыра қанағаттандыруымен озық. Жаңа медиада демократиялық ұғымы толық көрініс табуда. Дәстүрлі ақпарат құралдарының тұтынушыларының жаңа медиаға ауысуы дәстүрлі медианың интернет-журналистиканы қолға алу керектігін көрсетеді. Коммуникациялық міндет – осы екеуін біріктіретін басты шарт. Ақпарат таратып, хабарландырудың жолдары мен формаларымен ғана өзгешеленетін екі саланың басын қосып, бір арнаға тоғыстырған конвергентті

журналистика буыны бекімеген жаңа сала. Сандық технологияларға жүгінген жаңа медианың концептуалды мүмкіндіктері бұл саланы одан әрмен жетілдіріп, ақпарат айдынындағы орнын сақтап қалуға жағдай жасамақ.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. I.Электрондық ресурс көзі: <https://ru.wikipedia.org/wiki>
2. Стинс,О, Ван Фухт,Д. Вестник ВолГУ. Серия 8. 2008
3. Флю,Т New Media. Oxford University Press, 2008
4. Володенков,С.В Особенности и возможности применения технологий интернет –пропаганды в политическом управлении. PolitBook, 2016

*Ғылыми жетеші – ф.ғ.м., оқытушы Чыншаева Н.Т.*

## **ӘЙЕЛДЕР СӨМКЕСІНІҢ ДИЗАЙНЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ДАМУ ЭВОЛЮЦИЯСЫ**

**Каушева Рита Жанболатовна**

**Хасан-Ханова Алма**

**Қ. Жұбанов атындағы АӨМУ**

Сөмке-заманауи өмірдің қажетті атрибуты. Сөмке барлық жерде қажет: жұмыста, оқуда, серуендеуде, дүкенде, демалыста —біз өзімізді сөмкесіз өмірімізді елестете алмаймыз. Қазіргі уақытта сөмкелер түрлі жастағы және кез келген өмірлік жағдайларда қажет: оқушы — рюкзак, іскер адам — портфель, саяхатшы — чемодан, әйел — әйел сөмкесі. Тіпті ең кішкентай балалар сүйікті ойыншықтарды, фломастерлерді, кітапшаларды жинайтын плюшты жануарлар түрінде әдемі сөмкелермен бөліспейді. Жас қыздар да жиі сөмкелерді пайдаланады, бірақ олардың қолдарында аздаған әсем сөмкелерді немесе жарқын эмблемаларды көруге болады.

Заманауи сәнқойлар бұрын осындай әдемі және көпфункционалды сөмкелер жоқ екенін елестете алмайды. Айналаға қараңызшы-үлкен және кішкентай, жарқын және көрінбейтін, қолдан жасалған және қымбат бутиктерде сатып алынған сөмкелердің алуан түрлілігі! Алғашқы сөмкелер қашан пайда

болды, олар қалай көрінді, қандай материалдан жасалды? Бұл туралы білу керек. Әртүрлі сөмкелерді жасаудың ерекшеліктері мен құпияларын қарастырайық.

Тарихшылар соңғы пайда болуы міндетті сөмкелердің ізашары әдеттегі қалтаға қызмет еткенін айтады. Сөмкелердің пайда болу тарихы шамамен алты мыңжылдықта. Бұл таңқаларлық емес, өйткені барлық уақытта адамдар ақша мен түрлі ұсақ-түйектерді сақтау және тасымалдау керек болды. Ғалымдар алғашқы сөмкелер XVII ғасырда пайда болған қалталар болды деп санайды. Олар камзолдарды, кеудешелерді, ал біраз уақыттан кейін шалбарды безендірді. Киімде қалталар пайда болғанға дейін, монеталар немесе басқа да қажетті заттар қаптарда сақталған. Әйелдер оларды юбка астында киген (қазіргі уақытта ханымдар ақшаны бөтен көзден жасырын жерлерде жасыруды жалғастырады), ал ерлер оларды белдікке салды. Орта ғасырларда мұндай қаптар "жақсылыққа арналған қалталар" немесе "омоньерлер" деп аталды. Сонымен қатар, ұсақ монеталарға арналған кішкентай былғары қапшықтар жиі өзімен бірге жүрді. Олар аулалық дәретхананың әшекейі болды. XV-XVI ғасырларда сән қаптарға одан әрі қарай жылжыды, оларды көлемі жағынан әр түрлі жасады – ең кішкентайлардан өте кеңге дейін. Қалталар пайда болғанда, ерлер оларға өз қаптарының барлық ішіндегісін ауыстырды және өзін ыңғайлы сезінді. Әйелдер қалталары жеткіліксіз болып шықты, сондықтан олар барлық қажетті ұсақ-түйектерді жинаған сөмкелерді өзімен бірге алып жүре бастады. Сол уақытта мұндай сөмкелер түрлі маталардан тігілген.

Оларды моншақпен әшекейлеп, кестемен және әйнекпен безендірді. Өрілген және тоқылған ридикюльдер пайда болды. Сөмкелер жасырынып, сәндеу, дәретхана элементі сияқты белсенді көрсете бастады. XVIII ғасырға "помпадур" кружевные сөмкелер кірді, оларды XV Людовиктің XV королінің фавориткасының құрметіне атады. Олар дөңгелек түбі бар қапшықтар болды, олардың аузы тоқымамен созылды. "Помпадурмен" бірге сәнге юбкаға тігілген жасырын қалталар кіреді. Бұл аксессуар біз үшін үйреншікті түрде қашан пайда болды? Қазіргі заманғы сөмкелердің пайда болу тарихы Француз төңкерісі кезінде басталады (XVIII-XIX ғасырдың басы), жаңа сән пайда болады, оған сәйкес әйелдер қолдағы қалталар-сөмкелерді, ал ерлер қолдарын – қалталарда ұстауға тиіс болатын. Бұл жаңалық әлсіз жыныстағы өкілдердің қалталарда, монеталарда, қаптарда және басқа да ұқсас заттарда қажеттілігі жойылғанына әкелді. Мұның бәрі оларға қолындағы кішкентай әйел сөмкесін алмастырды. Бұл уақытта сөмкелердің ауқымды өндірісі болған жоқ. Олар жеке шеберлер, әдетте, тапсырыс берді. Бірақ жағдай уақыт өте келе өзгерді. Мәселен, XIX ғасырдың ортасы мен соңына дейін, Викторияның Ұлыбритания патшайымының басқаруында сөмкелер өндірісі бойынша фабрикалар ашылды (мысалы: Netmès және Louis Vuitton). Осы кезеңнен бастап оларды көп мөлшерде шығара бастады. Сонымен қатар, қолмен жұмыс сөмкелері өнеркәсіптік үлгілерден жоғары баға берді, бірақ оларға тек өте бай адамдар ғана мүмкіндік берді, өйткені құны өте жоғары болды. XIX ғасырда сөмкелерде құлыптар жасай бастады, ал бүгін таралған найзағай тек XX ғасырда пайда болды. Сол кезде жақсы тонның ережелері сөмкенің түсі костюмдегі басқа аксессуарлармен сәйкес келуі үшін міндеттеді,

сондықтан оны таңдау оңай емес. Дұрыс геометриялық пішіндердің қатаң сөмкелері классика болып саналады, сонымен қатар олар әмбебап. XX ғасыр сөмкелерді, әйелдер гардеробындағы шалбарды, қысқа юбкалар мен шаштарды түпкілікті және сөзсіз мойындады. 4 қазан күні Ұлыбританияда арнайы мереке — ұлттық сөмкелер күні атап өтіледі. Әйелдердің қоғамдағы жағдайы түбегейлі өзгерді, сондықтан әйелдердің жаңа қажеттіліктерін ескере отырып, көлемі жағынан үлкен сөмкелер пайда бола бастады. Бұл затқа сән әрқашан тез өзгерді-жіңішке белбеу немесе тізбекте шағын сөмкелер, керісінше, үлкен. Сөмкенің үлкен өлшемдері мен функционалдығы XX ғасырдың басында алынды. XX ғасырда сөмкелердің функционалдығына байланысты жіктелуі пайда болады. Қазіргі уақытта сөмкелердің алуан түрлілігі шексіз, ал оларды таңдаудағы басты критерий-ыңғайлылық пен дәмдік таңдау. [2]

Қазіргі уақытта өзекті қолмен жасалған сөмкесін қарастырайық. Сөмкелер үшін идеялар көп, тоқылған сөмкелерді қарастырайық. Олардың ерекшелігі-әрбір сөмке эксклюзивті және қайталанбас болып табылады. Оның әрбір бөлігі қолмен жасалады. Тоқылған сөмкелер өте әмбебап. Мұнда бәрі ең алдымен материалды таңдауға байланысты. Әрине, тоқылған ілгекті жеңіл сөмкеде біз ыстық жаз туралы бірден еске аламыз. Бірақ тығыз жүн жіптерден жасалған сөмкелер күзгі плащпен, тоқылған шарфикпен және маусымдық етіктермен үйлеседі.

Көптеген танымал брендтердің коллекцияларында кішкентай ұқыпты клатчтар, және сіздің жаныңызға кез келген нәрселерді сыйдыратын көлемді үрмелі сөмкелер бар. Сондықтан, кешкі және курортқа тоқылған сөмкелерді алуға болады. Сәндік элементтер әртүрлі болуы мүмкін: түрлі-түсті және ірі өрнектер мен арандардан алтын иірімжіптерге және ұзын шашақтар. Жаздың соңында тоқылған сөмкелерге қызығушылық жоғалмайды, тіпті керісінше күшейеді. Көптеген танымал сән үйлері өздерінің киім-кешектері мен аксессуарларын ұсынды, олардың ішінде соңғы орынды тоқылған сөмкелер алды. Бұл көктемгі-жазғы және күзгі-қысқы коллекцияларға қатысты. Карл Лагерфельд жасаған Chanel көктемгі-жазғы коллекциясының деревендік романтикасы қызыл маскалармен безендірілген өрілген және тоқылған сөмкелермен керемет толықтырылған. Chanel және басқа да fashion-алыптар артта қалмайды. Миланда өзінің жаңа күзгі-қысқы коллекциясын елестете отырып, Prada дизайнерлері сәншілерді сөмкелердің жаңа сериясымен қуантты. Олардың бірегейлігі қарапайым жүннен емес, бір түсті немесе түрлі-түсті былғары жолақтардан байланысты. Мұндай ерекше техникада үлкен көлемді сөмкелер де, кешкі шығу үшін клатчалар да жасалған. Бұл сөмкелер өте ерекше көрінеді және дизайнымен айналысады. [1]

Белгілі маркалардың сөмкелері даусыз артықшылықтарға ие: олар әдемі, өте жақсы орындалған, берік. Және, әрине, брендті нәрсе әрдайым көзге түсіп, айналасындағыларға таңданыс пен қызғаныш тудырады. Chan, Chan Chanel, Prada Dolce & Gabbana жиі баға жетпес. Осы брендтердің тоқылған сөмкелері қалта бойынша әркімге алыс емес. Сондықтан қолмен тоқылған сөмкелерді жасау өте актуалды деп санауға болады. Сөмкені өз бетінше тоқуға болады. Бұл сіздің бос уақытыңызды толтырып қана қоймай, шығындарды айтарлықтай

қысқартуға мүмкіндік береді. Ал сөмке арзан емес. Интернетте сәнді сөмкені өз бетінше байланыстыруға мүмкіндік беретін көптеген схемалар бар. Егер сіз нағыз тоқу шебері болсаңыз, Сізге ұнаған танымал шебердің жауһарларын қайталау қиын болмайды. Сонымен қатар, сіз бірегей ұқсас емес сөмке жасай аласыз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. <http://www.justlady.ru/articles-125059-vyazannye-sumki-2011-foto-sumki-ruchnoy-raboty-hand-made-sumki#ixzz5iXfOqiOE>
2. <http://история-вещей.рф/galantereya/istoriya-sumok.htm>

## **ҚОҒАМНЫҢ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУЫНДАҒЫ ДІНИ САНАНЫҢ ОРНЫ**

**А. К. Амидуллаева**

Құдайберген Жұбанов атындағы Ақтөбе Өңірлік Мемлекеттік университеті

Қазіргі кездегі Қазақстан Республикасы тұрақты экономикалық өсімі, қоғамдық келісім мен орнықты саяси жағдайы қалыптасқан, көп ұлтты сипаты бар, көп конфессиялы, біртұтас ел. Еліміздің тәуелсіздік алғаннан бастап дін саласындағы мемлекеттік саясаты конфессияаралық тұрақтылық пен толеранттылықты жүзеге асыруға бағытталды. Бүгінгі күні Қазақстанның рухани әлемінде діни жаңару үрдісі қарқынды жүруде. Осы үрдіс барысында біз діннің – дұрыс түсінген адам үшін парасатқа, иманға жетелейтін нығмет, ал қате түсінген адам үшін үлкен қасірет екенін ұққандаймыз. Сондай – ақ, егер шалыс кетсек оның бүтіндей елді анархияға ұшырататын құрал екендігін де естен шығармағанымыз дұрыс. Ендеше, діннің мәнін ілім ретінде дұрыс түсініп, оның адамзат қоғамындағы орны мен ролін анықтап алғанымыз жөн.

Адамзат тарихына назар салсақ, руханиятың бір саласы ретінде өте ерте заманда пайда болған дін, әлі күнге өз позициясын адамзат санасының басқа түрлерінің алдында сақтауда. ХХІ ғасырда да түрлі конфессиялар мен діни ұйымдар өзара әрекеттесуші институттар ретінде өркениеттің бір саласы болып дами бермек. Жалпы діннің негізі оның дүниеге көзқарастық жақтары. Көптеген ғылым салалары адамның табиғат және қоғаммен байланысын түсіндіреді, алайда осы байланыстардың күрделі бейнесін дін ғана қалыптастыра алады. Дін — әлемді рухани игеру процесіндегі тарихи қалыптасқан құрылым, қоғамның белгілі бір кезеңінде пайда болып және бүгінгі күнге дейін өмір сүріп келе жатқан әлеуметтік ой-санасының, адамзат жәдігерінің маңызды бөлшегі.

Қазіргі жаһандану заманында әлемдік қауымды адамзаттың болашағы қалай болмақ деген мәселелер толғандырады. ХХ ғасырда әледегі алып мемлекеттер «дүниенің жаңа тәртібін» түзуде бірқатар жетістіктерге жетті дегенмен де, жер бетінде адам мәніне түзу көзқарас толық қалыптасқан жоқ, адамгершілікке жат құбылыстар да жойылмауда.

Қазіргі кезең «БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» атты бағдарламалық мақалада: «Күллі жер жүзі біздің көз алдымызда өзгеруде. Әлемде бағыты әлі бұлыңғыр, жаңа тарихи кезең басталды»[1, 3 б.] – сипатталған. Себебі қазіргі уақытта өркениеттер қақтығысы, тарихтың ақыры, мультимәдениеттің күйреуін жариялайтын үндер жиі естіледі, ғасырлар сыннан өткен құндылықтарымызды сақтау арқылы, ұлтымыз заман ағымына икемделіп және жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойына сіңіріп көш басындағы елдермен терезесін теңеп, иық түйістіре даму керек. Бұл туралы «ҚАЗАҚСТАН - 2050» Стратегиясында: «Біз мәдениеттер мен діндердің қатар өмір сүруі жағдайында өмір сүріп үйренуіміз керек. Біз мәдениеттер мен өркениеттер диалогына бейілді болуға тиіспіз» - делінген [2,78-79 бб.].

Жалпы әлемдік діннің бірі – Ислам діні интеллектуалды пайымдауды басшылыққа алып, басқалармен тату болуды, адамның өзін-өзі жетілдіруімен айналысуын, әрбір өмірдегі құбылысты жүреппен сезінуді ұсынады. Дін — рухани ілім ретінде адами қатынастарды жүреппен, таза ниетпен ұғынуға, түсінуге үндейді. Мұндай қатынас Исламда —«абд» (көнгіштік), Үнді елінде «бахти» (құдайшылық), Батыста —«агейп» (құдайға деген махаббат) деген атауға ие. Құдайшылықтың бұлай сипатталуы пенде бойына сенім ұялату, иман келтіру арқылы ғылыми компетенцияның шекарасын кеңейтеді. Дінді ғылыми тұрғыдан зерттеу, қасиетті текстерді философиялық, дінтану, этнография тұрғыдан түсіндіру — бұл кәдімгі ақылға сыйымды, мүддеге сай қарапайым объектілерден асып түсетін құбылыстарды рационалды түсінуге ұмтылу. Демек дінге рухани өмірдің жанды құбылысы ретінде қарау.

Философия тарихында Гегель де абсолюттің қалыптасу процесіндегі діннің маңызына аса назар аударған. Оның пікірінше: «қабылдап алынған (святое) өнер - дінмен барабар, қабылдап алынған (снятая) дін - абсолютті біліммен барабар»[3, 218 б.].

Діннің әлемдік мәдениеттегі алатын ерекше орны түсіну үшін Гегельдің тарихтағы ЕРКІНДІКТІ ұғыну прогресс деп қарастырған пікірін талдаудың танымдық – тағылымдық мән – маңызы зор. Гегельдің пікірінше, Шығыста еркін адам тек – патша, басқалардың барлығы құлдар; Антикалық Грецияда мен Римде қоғамның біршама бөлігі еркін деп санала бастады; ал Христиан діні (жаңа дүниеге өту) барлық адамдардың әлеуметтік жікке тәуелсіз «еркіндігі мен теңдігі» приципі секілді жаңа қағиданы қалыптастырды. Бұл принцип алғашқыда тек дінге ғана тән болса, кейіннен бүкіл қоғамдық салаларға таралды. Осы жағынан алғанда Гегель үшін діннің қоғамдық сана формасы ретінде де, таным процесінің сатысы ретінде де маңызы бар[3]. Қай заманда да дін біздің өміріміздің бір бөлшегіміз болып қала бермек, себебі оның бастауы — ғылыми тұрғыдан тарих болса, ал оның қайнар көзі — теологиялық тұрғыдан мәңгілік.

Қазіргі ғылыми техникалық прогресс заманында, ғылымның барлық саласы жедел дамуда, тіпті ғылымдардың түйісуінен олардың жаңа бағыттары, жаңа салалары пайда болуда. Тарихта дінді мемлекеттен бөлектеумен ғана шектелмей, ғылымдарды да діннен бөлектеп, оның жетістіктерін дінге қарсы қоюға бағытталған саясатта болды. Оларды бір – біріне қарсы қою шын мәнінде қисынсыз еді. Тарихқа көз салсақ, дінге сенбеген бірде – бір қоғам болмағанын байқаймыз. Дін қоғам дамуындағы кедергілерге, материализмнің кең таралуына қарамастан ол бүгінге дейін жетті. Тіпті атеистік қоғамның өзінде де бұрмаланған діни ойлар, жеке басқа табыну, қоғамдық идеология, немесе, идеяға құлшылық ету ссекілді ұстанымдар пайдаланылды.

Адамзат тарихында дінге деген сан – алуан көзқарастарға қарамастан, әлемнің ауқымды бөлігі қазіргі кездің өзінде дінді мойындайды. Сондықтан, біз әлемде маңызды рөл атқаратын діннің өмірдегі орнын оқып білуіге тиіспіз. Қазіргі әлемдегі қайшылықтар мен қақтығыстардың астарында діни негізі бар, демек осындай оқиғалардың астарын танып білу үшін сол оқиғаға қатысты адамдардың діни тәжірбиесіндегі ерекшеліктер мен олардың сенімін дұрыс

түсіне білудің маңызы бар. Дінін білмей, халықтың тарихын, мәдениетін олардың тарихи тұлғаларының іс-әрекетін түсіну, ұғыну, зерттеу мүмкін емес. Дін - халықтың рухани – мәдени өмірінің, тарихының бір бөлігі, оның

даналығын және тәжірбиесін сақтаушы рухани мұра. Дін күрделі де көп қырлы сипатына қарамастан, тұлғаның рухани ұмытылысының негізгі үш бағытын сипаттайды. Олар: өмірдің, қайғы-қасіреттің, өлімнің мәні жайлы мәңгілік сұрақтарға жауап іздеу, өмірде басшылыққа алатын қағидаларды іздеу, ұйымшылдық сезімін дамыту және қауымдастық құру.

Әр діннің өзіне тән дүниетаным бар және дін мен мәдениет тығыз байланысты. Діни таным мәдениеттің кайнар көзінің бірі және оның жүзеге асуы діни салт-жоралар арқылы жүзеге асады. Кез - келген адамгершілік және рухани қағидалар діннен бастау алады. Адамдардың өміріндегі дін жақсы мен жаманды түсіндіреді. Қоғамның және моральдық құндылықтардың негізі отбасы болса, осыған байланысты барлық әлемдік діндер отбасындағы және өркениеттегі құндылықтарды қолдайды. Бұл адалдық, пәктік және жеке меншікті құрметтеу. Адамгершілік құндылықтарды түсініп оны өмірде қолдануға үйрететін діннің мақсатының бірі – адамның руханилық, адамгершілік қасиеттерін жетілдіру арқылы, барлық қоғамды дамыту.

Біздің байқауымызша әлемдегі діндер алуан түрлі болса да олардың этикалық, яғни, әдеп жүйесі бір – біріне ұқсас. Әрине этиканы діннен тыс қалыптастыруға болады, бірақ та қай кезде де өмірдегі ар-ождан, отбасылық және қоғамдық мәселелер дінге негізделіп дамуда. Дінді мойындамай-ақ тарихта ізгілікті өмір сүріп, этикалық қалыптарды ой мен қисынға лайықтап жасаған адамдар да болды, бірақ та күні бүгінге дейін діннен тыс құрылған бірде - бір ізгілікті де, тұрақты қоғам болған жоқ. Ендеше, дін тек жеке адамның ісі емес, ол қоғамдық сананың бір түрі.

Қазіргі кезде әлемдік адамгершілік қалыптардың бір-бірінен айырмашылығы қарамастан, түрлі діндердің арасындағы көптеген өзгешеліктер болғанымен де жалпы принциптерінен ортақ адамгершілік құндылықтар жүйесін байқаймыз. Әлемде көпшілік адамдар сенетін, ұстанатын қағидалар бар. Олар барлық мәдениет пен діндерде адам болмысының шынайлығын, қоғамның діни санасын сипаттайды. Сондықтан Тәуелсіз Қазақстандағы қоғамдық сананы жаңғыртуда діннің ролі мен орны ерекше.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Назарбаев Н. Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. Астана, 2017.
2. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы – «ҚАЗАҚСТАН - 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» (14 желтоқсан 2012 жыл). Астана, 2013.
3. Гегель Г.В.Ф. Философия религии. В 2-х томах. Т.1. М., 1974.

*Ғылыми жетекші – аға оқытушы Симуқанова Г.С.*

## **БАЙҒАНИН АУДАНЫ КЕМЕРШИ АУЫЛЫНДАҒЫ ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫНЫҢ ШЫҒУ ТАРИХЫ**

**Н. О. Бөкенова**

Құдайберген Жұбанов атындағы Ақтөбе Өңірлік Мемлекеттік университеті

Табиғи орта өзгерістерін анықтауда топонимикалық зерттеулердің маңызы арта бермек. Төл атауларымыз арқылы мағыналық жүктемесі көрініс тапқан топонимикалық деректерді әлі де зерттеп, ғылыми түрде «қуәландырып», айғақтаудың маңызы зор. Антропогендік, техногендік әрекеттің әсерінен өзгерген табиғаттың бұрынғы сипатын айғақтайтын дәлелдерді жергілікті жердегі атаулардан көруге болады. Кемерши-бұл қазіргі Кемерши селосы тұрған жер. Кемерши селосының оңтүстігінде тау сілемдері, ал солтүстігінде ұзын қырқалар бар. Міне осы екеуінің арасымен бұрындары Жем өзені аққан дейді. Жем өзені арнасы, яғни кемері өзен арнасы азайған соң, бұл жерге қалың ши шыққан. Көрген көне қариялардың айтуы бойынша шидің қалыңдығы сонша, атты адамның бойы көрінбеген деседі. Осы екі сөз тіркесінен «Кемерши» атауы шыққан. Міне, осы жерде Көктүбек, Қызылшоқы, Меңді-Болат, Ұйтас, Құртұрмас, Ақбұлақ, Егіндібұлақ, Ақжарсай және т.б. жер – су атаулары кездеседі. Бұл мақалада осы атаулардың кейбірінің тарихына талдау жасамақпыз.

Көктүбек-бұл ертеден келе жатқан елді мекен. Көктүбек аталуында ерекше тарихи мағына жоқ. Жем өзені иініне орналасқан. Бұл иін теңіз, көлдердегі түбектерге ұқсас, сонымен қатар шүйгін. Жем өзені табанына жақын болғандықтан, үнемі көк күйінде болады. Бұл жерде қалыңды ну жиде тоғайы болған. Сондықтан да бұл жер көк және түбек сөздерімен бірігіп «Көктүбек» деп аталған.

Меңді-Болат - жер аты, әрі биік төбе. Ол төбенің «Меңді-Болат» аталу себебін көнекөз қариялар былай түсіндіреді: Меңді деген байдың қызы болған. Болат-сол байдың жылқысын бағып жүрген жалшы жігіт. Екі жас бір-біріне сырттай ғашық болып, көңіл қосқан. Бірақ, ескі заманның шырмауына түскен екі жас қосыла алмайтынына көзі жеткесін, ат жаратып елден қашады. Темір өзенінің бас жағынан қашқан екі жас, біздің елді мекеннің үстімен өткен. Тағдырдың жазуы солай болды ма біздің елді мекенге жеткен соң артынан қуғыншы топ келеді. Озбыр топ сәнмен кетіп бара жатқан екі ғашықты көздері шалып, Қарт Ешен қырында тұрып садақмен екеуінде атып салады. Сол жерде Меңді мен Болат бір-біріне бұрынғы ғашық сезімдерін бүлдірместен бірге құлаған екен. Сол себепті осы төбе екі жас құрметіне Меңді-Болат деп аталған.

Ұйтас – жер атауы. Егіндібұлаққа қарай жүргенде, Қызылбұлақпен Қаратұмсық арасында Мақпал әженің зираты (моласы) бар. Мақпал әже әруақ қонған адам болған екен. Ауруларды емдеп, қойдың топалаң ауруын

жазған деседі. Сондықтан көп адамдар ауруынан айығу үшін, Мақпал әженің басына барып түнеген. Осы күнге дейін ауырған адамдар, бала көтере алмаған әйелдер

түнейді. Мақпал әженің моласының жанынан өткен адамдар, құран бағыштаған. Егіндібұлаққа қарай жүргенде «Ұйтас» көрінеді. 1964 жылға дейін совхоз ( кеңшар) құрылғанша айналасында алыстан қарағанда алдында шөгіп жатқан түйе, ұсақ малдар жайылып жүрген сияқты. Жер сонымен бірге 500 м шақырым жерде отар – отар қойлар іріліп, ауыл аймақ көшіп бара жатқандай. Тастардың орналасуы үлкен әсер қалдырады. Аңыз бойынша: Ертеде бай қызын ұзатпақ болып алған жүктерін қызына көрсетіпті. Қыз әкесінің күмістен берген ыдыстарына көңілі толмай, әкесіне:«итаяқ ішетін табағымды» алтыннан бермедің деп өкпелепті. Итаяқ деген сөзді естіген әке көңілі қалып, баласын тас болғыр деп қарғапты. Кетіп бара жатқан адамдар,жүктер лезде тасқа айналған. Бұл жер кетіп бара жатқан жолаушыларды еріксіз өзіне қаратады.Ұйтастың аталуы бұл жер қарғысқа ұшыраған жер. «Ана қарғысы-боқ,әкесі қарғысы-оқ» деген сөз осыған саяды.

Құртұрмас - Жем өзені бойындағы ең биік шоқылардың бірі. Бұрынғы жаугершілік заманда қазақ даласында қалмақ, түркімендер соғыс ашып малдарын айдап, ұрлап барымта жасап тыныштық бермеген. Сондықтан осы бір биік шоқының үсті күндіз түні қарауыл қойып ел тыныштығын күзеткен. Содан бері бұл жерді «Құртұрмас» деп атап кеткен. Бұл тарихи жер әлі күнге дейін өз жерінің құнарлығымен табиғатының сұлулығымен ерекше көз тартады.

Аманай - Жем өңірінде көптеген оқиғалар болған деседі. Осы Кемерши ауылынан 4-5 км жерде «Аманай» деген тарихи жер болған. Сол жерде қыш ыдыстарды жасайтын үлкен шеберхана болған. Құмыраларды әртүрлі пішінде жасаған. Біреуі үлкен, екіншісі кішілеу, үшіншісі орта деңгейде қалыпқа құйып жасаған. Құмыраның сыртында ирелектелген судың ағысын бейнелеген, екіншісінде бүршіктеп, үшіншісі геометриялық фигуралармен бейнелеп жасаған. Қасында үлкен құдығы болған, қазіргі таңда бұл құдық көміліп қалған.

Ақбұлақ - Ақ кебірдің арасын жарып,сылдырап аққан бұлақ.Жем өзенінің арғы жақ бетінде. Айналасында бордан құралған таулар бар.

Егіндібұлақ - Байсары тауының солтүстік-шығысынан басталады.Бұлақтың бойын өрлей егін өскен екен. Жері егін, мөлдір бұлақ болған соң жер аты осылай аталған. Соғыс кезінде ауылда қалған қарт адамдар, жастар, қыз- келіншектер жерге егін салып, көкөніс егіп жауды жеңуге көмегін тигізген. Жері егінге сай құнарлы, қара топырақты мол өнім алуға лайықты деуге болады. Сонымен бірге қасында тап – таза мөлдір бұлақ ағып жатыр. Жолаушылар жерге келіп бұлақтан су алып ішіп түрлі емдік қасиеттерге пайдаланады.

Байсарысай өзені-ұзындығы 50 км,арнасы 611 км құрайды. Басын Байсары тауының солтүстігінен алады, Кемерши ауылының жоғары жерінде Жем өзеніне құйылады. Өзен арнасы жіңішке басталып,құйылысына қарай кеңейе түседі. Судың деңгейі су тасу уақытында, өктемгі кезде ерігенде күрт көтеріледі.

Туған жердің тарихын, оның мәдениетін мен салт-дәстүрлерін білу шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі. Ұлы дала қойнауы- қазақтың

қасиетті де қадірлі атамекені тұнып тұрған тарих. Әр өлкенің ерте заманнан бергі тарихы тұстаса келіп, бүгінгі дейін талай жақсылықты да, қорлық пен қасіретті де бастан кешеді. Әр жердің өз тарихы бар. Жер атауларының шығу тарихы – кешегінің бүгінге қалдырған, бүгіннің ертеңге енші болар жылнамасы. Тарихты жоқ ете алмайсың. Жер атауы белгілі бір ортаның ерекшелігіне, табиғатына, оның климат ерекшелігіне байланысты қойылады. Кемерши өңірі- ата тарихы әріден басталатын қасиетті мекен. Кемерши жерінен құмыра, құмыра сынықтарын, ат әбзелдерін, әшекей жапсырмалар табылуда. Бір айта кететіні, бұл жерден табылған жәдігерлердің қола дәуірі тарихымен сәйкес келуі. Өлке тарихын зерттеудің барлық заманда да өз құндылығын жоймайды. Қорыта келгенде, өлке тарихының өткенін жана көзқарас тұрғысынан зерттеп, саралау бүгінгі таңдағы маңызды міндеттердің бірі. Ал, оның тарихымыздың қалтарысты, қатпарлы тұстарына сәуле жүгіртіп, тың деректермен толықтырсақ өлке тарихын түгендеуге тамшыдай болса да үлес қосқан болар едік.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Назарбаев Н. Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. Астана, 2017.
2. Ақтөбе облысының топонимикалық кеңістігі. Ақтөбе, 2007.
3. Ақтөбе энциклопедиясы. Ақтөбе, 2001.
4. Байғанин ауданы энциклопедиясы. Ақтөбе, 2008.
5. Туған өлке Байғанин ауданы. Ақтөбе, 2014.
6. Жанұзақ Т. Жер-су атаулары. Алматы, 2011.
7. Ақтөбе облысының топонимикалық кеңістігі. Ақтөбе 2007.
8. Тәжібаев М. Ақтөбе облысының тарихы. Ақтөбе, 2007
9. Назарчук М.К., Сергеева А.М., Абдулина А.Ф. Ақтөбе облысының географиясы. Алматы, 2017.

### **ЗАЙЫРЛЫ ҚОҒАМДАҒЫ ДІННІҢ ОРНЫ**

**А. Высоцкая**

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік Мемлекеттік университеті

Діннің қоғамдағы басты мақсаты - адамды рухани жетілдіру. Ал адам танымы мен дүниеге көзқарасының тұлғааралық қарым-қатынастағы биік адамгершілік қағидасы РУХАНИЛЫҚ деп аталады. Халық армандаған тұлғалық бейнелер руханилық кемелденген кейіпкерлер түрінде фольклорда, аңыз әңгімелерде көрініс тауып отырды. Оқу, білім, ғылым, өнер және дін адамның рухани дамуына ықпал ететін факторлардың бірі. Әлем тарихында оқу-білімге, өнерге, ғылымға, олардың жетіліп дамуына айта қаларлықтай қарсылық болмаған. ДІН – адам пайымының бүкіл әлем мен болмысқа, қоршаған дүниеге, табиғатқа, өзі өмір сүретін ортаға және өзінің ақыл-ойы мен сана-сезімінен тысқары тылсым дүниеге қатынасы. Адамның ақыл-ойы, сезім мүшелері қабылдай алмайтын болмыс түрлеріне сену және оны мойындау діннің басты белгісі. Дін - әлемді байланыстыратын күш ретінде оның басты мақсаты – адамның рухани жетілуі, адамды сенімге бастауы. Осы сенім - оны жаман істерден тежеуші және дұрыстықтан, имандылықтан шықпауына себепші ғана емес, ұлттық рухтан бастау алатын ұлттық идеяны да қалыптастырушы.

Қазіргі әлеуметтік-экономикалық және зайырлы, саяси жағдай бізге ұлттың дәстүрлеріне негізделген моральдық және ұлттық білім беру құндылықтарын дамытады. Қазақстан Республикасының Конституциясының 1-бабы 1-тармағында: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде белгілейді, оның ең құнды қазынасы адам мен адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары болып табылады» [1] - жазылған. Кез – келген мемлекеттің негізгі қазынасы азаматтардың дінге қатынасы олардың конституциялық құқығы болып табылады, өйткені бұл адамның жеке өмірі, оның құқықтары мен бостандықтары. Конституциядағы бұл қағидалар біздің мемлекетіміздің зайырлы сипатындағы басты рәміздері. Мемлекет заңына сәйкес, азаматтарға мүліктік, әлеуметтік, қызметтік немесе мүліктік жағдайын, жынысын, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дініне, нанымына, тұрғылықты жеріне немесе басқа да жағдайына байланысты кемсітуге, айыруға тыйым салынады.

Болашақ қоғам бізден тек кәсіби шеберлікті ғана емес ақыл-ой мен салауаттылықты, яғни дені сау, рухани таза болуды, дүниежүзілік қауымдастықта өз орнын таба білуді, қоршаған орта мен рухани тығыз байланыста өмір сүруді талап етеді. Осы мәселелердің шешілуіне қазіргі кезеңде діннің тигізер әсерінің, атқаратын ролінің маңыздылығы ерекше. Мысалы, Мұхаммед Ғ.С. оның серіктерінің істері мен сөздері жөніндегі діни-философиялық өсиеттері мен тұжырымдарында, яғни Хадисте, тазалық туралы көп айтылған. Ол тән тазалығы, жан тазалығы, ар тазалығы. Бұлар бүгінгі қоғамымызға ауадай керек қажеттіліктер. Жалпы алғанда ең қарапайым Хадистерде терең философиялық мән жатыр. Пайғамбардың хадистерінде: «өзіңді өзің танысаң, жаратқан иенді де танысың» [2, 216 б.]. Ендеше адам

алдымен өзінің жан дүниесін, яғни өзін-өзі тануы керек. Өзін өзгелермен салыстыра отырып, әлеумет арасында, қоғамда алатын орнын түсіну, соған сәйкес әрекет ету адам зиялылығының, руханилығының белгісі.

Профессор Алтай Тайжановтың пікірінше: «Шығыс қоғамында дінді моральдық құндылықтармен астастырудың нәтижесінде адам тек материалдық емес, сонымен қатар рухани болмысқа да ие. Рухани құндылықсыз ішкі үйлесімділікке қол жеткізу және оны сақтап қалу қиын болмақ. Адамның және қоғамның іс-әрекеттеріне баса назар аударатын шығыс дүниетанымында жүйелі өмір сүру түсінігі басымдық танытады, адамның жан дүниесін, руханиятын және табиғи қабілетін дамытуға, оны бақылауға ерекше мән береді. Адамға оның тәрбиесіне, адамгершілігіне, имандылығына қарай құрмет көрсету, бағалау біздің Шығыстық қоғамның тұрақты қағидасы» [3, 29 б.].

Халқымыздың тарихи жолына көз салсақ не бір қилы кезеңдерге кездесеміз. Сол кезеңдерде әлсіз болсаң азулының аузында, қорқақ болсаң қарулының қолында кететінің көзің жетеді. Сондай-ақ, ұрпақтың жүрегіне парасат пен ізгілік қасиеттерін дарыта білмесең батырлықпен алған несібенді бойыңа дарытып, ұрпағыңның жарқын болашағын жасай алмайсың. Үлкен парасат иелері, ұлы гуманистер ең алдымен ұрпақ жүрегіне ізгілік пен иман дарыту, олардың парасат-пайымдарын тереңдету бағытында жұмыс істеген. Елдің зайырлы сипаты мемлекеттік органдардың діни көзқарастарға деген көзқарасын айқындайды. Зайырлы мемлекетте мемлекеттік билік дін мен діни бірлестіктерден бөлінеді. Мемлекет дінге араласпайды, діндер мен діни бірлестіктер мемлекеттік істер мен саясатқа араласпайды. Зайырлы мемлекеттегі діннің бейнесі «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңында анық көрінеді.

Діни білімнің астарын әдет-ғұрыптар, моральдық құндылықтар, этикалық және ұлттық дәстүрлер құрайды. Отбасы және мектеп қаншалықты қиын болса да, өз күш-жігерін адамның үш негізгі компонентіне - жүрекке, ақыл-ойға, еркіндік сияқты қасиеттерге тәрбиелеуге бағыттауы керек. Дін дәстүрлі қоғам мен жеке адамның өміріндегі маңызды рөл атқарды. Білім беруді жаңғыртудың қазіргі заманғы тұжырымдамасы тәрбиенің басты рөлін жариялайды. Дін әлемнің өкілдігі, қабылдауы және түсіндірмесі ретінде ғана емес. Діннің қоғам өміріндегі күші мен маңызы соншалықты, діннің, дәлірек айтқанда, діни тәжірибенің адамның тиісті мінез-құлқын қамтамасыз ететін ең маңызды әлеуметтік тұрғыдан маңызы зор.

Адамзаттың ортақ құндылықтарына, жалпыға ортақ құндылықтарға мұқият қараудан бастап, мемлекеттердегі және әлемдік қоғамдастықтағы адамдардың өзара тәуелділігін саналы түрде түсінуден діни этика қалыптасуы керек. Ар-ождан бостандығы конституциялық принципін және мемлекет алдындағы дәстүрлі діндердің теңдігін сақтауды қамтамасыз ететін руханилық пен моральдің ортақ қағидаттарын жасау қажет. Қазіргі уақытта діни білім адамгершілік тәрбиеде шешуші мәнге ие.

Дін адамға құндылықтардың белгілі бір жүйесінен, мінез-құлық белсенділігінің нормаларын, отбасылық саладағы, күнделікті өмірде, қоғамдағы қарым-қатынастарды анықтайды. Діни мәтіндер оқыту мен тәрбиелеу компоненттерін қамтиды. Діни педагогикада тәрбиелеу мәселелері терең



дамыды, өйткені олар ғасырлар бойы қадірленді, сондықтан қасиетті мәтіндердің ашық түрде дамуы ерекше мойынсұнушылық сезімімен қабылданады.

Адамзат өркениетінің дамуының барлық кезеңдерінде дін әр мүмдіктің дүниетанымын және тұрмыс-тіршілігіне, сондай-ақ жалпы қоғамдағы қарым-қатынасқа әсер ететін ең маңызды факторлардың бірі болып қала бермек. Адамның әлеуметтік қалыптасуы үшін діннің маңыздылығы әрқашан байланысты уақыт, мемлекет, әлеуметтік қабат, жеке тұлғаның ерекшеліктері және ең алдымен адамның дінге қатынасы керек. Сондықтан діннің қоғамдағы адамның әлеуметтік қалыптасуына әсері туралы мәселе қоғамдық бағыттағы бірқатар ғылымдардың: философия, дінтану, әлеуметтану, педагогика және психологияда қарастырылуы керек.

Қазақстан Республикасы үшін баланың тәрбиесі оған толеранттылықты, салт-дәстүрді, қайырымдылық пен патриотизмді құрметтеуге үйрету маңызды. Себебі, отбасында баланың өмір негізін алатындығы анық. Мұның бәрін ескере отырып, рухани білімге назар аудармау қылмыс, экстремизм, басқа нанымға төзімсіздік, конфессияаралық, ұлтаралық араздық сияқты жағымсыз салдарларға әкелуі мүмкін екенін ескеру керек. Зайырлы мемлекет діни сенімдердің нақты қажеттіліктерінің бірі болып саналады және құқықтық нормаларды басшылыққа алады. Зайырлы мемлекетте дін дін емес, адамның дінге деген құқығы әлеуметтік құқық шеңберінде қарастырылады. Ал дүниетанымдық тұрғыдан келсек иман, инабат, адамгершілік, ізеттілік, ізгілік іздері, қайнар көзі көне таным - діни танымда, дінде жатыр. Дін – адамның күнәдан тазару жолы, адамды адамшылыққа бастау, тәрбиелеу жолы.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Алматы, 1995.
2. Құран Кәрім (қазақша мағына және түсінігі). Аударған: Халифа Алтай. Алматы, 1991.
3. Тайжанов А.Т. Тәрбиедегі дін мен дәстүр диалектикасы // «Діни ахуалдың аймақтық ерекшеліктері» Аймақтық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Ақтөбе, 2012.
4. Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңы, Астана, 2011.

### **АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ТУРИСТІК ОБЪЕКТІЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЖАС ҰРПАҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ РӨЛІ**

**Ә.Қ. Қибадуллаева**

Құдайберген Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Әлем бойынша жер көлемі жағынан алпауыт ондықтар арасында ойсыра орын алатын елімізде тарихынан талай сырды шертетін киелі жерлер, құпиясы көп қасиетті мекендер, туристік нысандар жетерлік деуге болады. Әйтсе де, олардың жеткілікті дәрежеде зерттеліп, дәріптелмеуі салдарынан халқымыз олардың көбісінің барынан хабарсыз десек те болады. Н.Ә.Назарбаев: «...Жергілікті нысандар мен елді мекендерге бағытталған «Туған жер» бағдарламасынан бөлек, біз халықтың санасына одан да маңыздырақ - жалпыұлттық қасиетті орындар ұғымын сіңіруіміз керек»[1] - дегендей, осынау Ұлы Даланың аумағында тарихынан талай сырды шертетін киелі жерлер, құпиясы көп қасиетті мекендерді жас ұрпаққа, халқымызға насихаттау уақыт талабы.

Халқымыз ұлан-ғайыр жерге ғана емес, тарихи рухани мол мұраға да ие екенін жас ұрпақ санасына сіңіріп, ұғынып өсуі өте маңызды. Жалпы әлемнің қай елін алсақ та мұндай қасиетті, киелі туристік нысандар өте көп. Бұл жерлер мемлекет тарапынан қорғалып, даңқын асырып дәріптеліп отырғандықтан, өз елдері түгілі әлем елдерінен туристер ағылып іздеп барады. Мәселен, ағылшындар Кентерберий ғибадатханасын мақтан етсе, немістер Кельндегі рим-католик готикалық соборын ұлықтайды. Сол секілді біздің елімізде де халықтың қызығушылығын тудыратын туристік нысандар жеткілікті. Тек оларды дәріптеп, халқымызға кеңінен таныстырып, өзге елдердің де қызығушылығын тудыра білуіміз керек.

Бүгінгідей жаһандану дәуірінде жұтылып кетпеу үшін, рухани-мәдени мол мұрамызға мән беріп, ұлттық құндылықтарымызды саралау, рухани географиялық, тарихи-мәдени белдеудегі қасиетті жерлерімізді жаңғыртудың ұрпақ тәрбиесінде маңызы зор.

Тарихы терең, тағылымы мол орындарға бару біздің рухани дүниемізді байытады және жас ұрпаққа ұлттық тәрбие береді. Республикамыздың территориясының 300 шаршы шақырым жерін алып жатқан біздің Ақтөбе облысында да мұндай нысандар жеткілікті. Облыстың басты ерекшелігі — географиялық тұрғыдан Еуропа мен Азияның түйіскен тұсында өте ыңғайлы орналасуы. Облыс территориясында мәдени, табиғи-тарихи ескерткіштер, әлемнің өзге жерінде кездеспейтін ғажайып дүниелер бар. Осындай нысандар қатарына халыққа қалаулы дана, шешен ақсақалдармыздың кесенелерін, қиын-қыстау кезеңде халқы үшін жанын берген батырларымыздың мавзолейлерін және басқа да көне ескерткіштерді жатқызуымызға болады. Ескерткіш - ұлттық тарих пен мәдениеттің құнды жәдігерлері. Олар елдің өткенінен сыр шертетін халық байлығы ғана емес, тәрбие берудің құралы. Тарихи құндылықтар мен

ескерткіштерімізді қорғау, сақтау, қайта қалпына келтіру – біздің тарих алдындағы парызымыз бола бермек. Ал парызға берік болу – азаматтық, отаншылдық борыш.

Сондай ескерткіштің бірі - Қобда өңіріндегі сонау орта ғасырлардан қалған Абат-Байтақ кесенесі. Абат-Байтақ — зират, Батыс Қазақстандағы діни - жерлеу кешені. Кесенеге жақын жерде XVIII ғасырда Абат – Байтақ

кесенесіне ұқсас шитті күйдірілмеген кірпіштен салынған басқа кесене орналасқан. Халық арасында оны «Қыз моласы» немесе «Әулие Қыз» деп атайды.

Зерттеушілердің айтуынша, эпостағы Қобыланды батыр — тарихта болған тұлға. Болжамдар бойынша, ол әрідегі, яғни Алтын Орда ыдыраған тұстағы Әбілқайыр ханның төбе биі, сонымен қатар, бас батыры да болған. Бұл Әбілқайыр кейіннен қазақ хандарымен жауласып өткен Шайбанилердің атасы екені белгілі. Қарақыпшақ Қобыланды оған ел іргесі сөгілмей, жұрт қақ жарылып бөлінбей, тұтас тұрған тұста қызмет еткен болса керек. Кесенеге баратын жолдың екі жағына екі метрлік тастар қойылған.«Қобыландының меңгіртасы» аталатын қайрақтас та осында жеткізілді. Бұл тасқа батыр семсер, қылышын қайраған деседі.

Ел жадында ғасырлар бойы жатталған: «Ердің соңы Есет, пірдің соңы — Бекет» — деген сөздің түп мағынасын бүгінгі ұрпақ анық білмесе де, Есет батыр бейнесін ерліктің, ұлттық намыстың, ұлттық рухтың символы ретінде қабылдайды. Есет Көкіұлы кесенесі Ақтөбе мен Алға қалалары аралығында орналасқан Бестамақ ауылындағы көне қорымда тұр. Тіпті кеңес заманында да ұрпақтары оның аруағын кие тұтып, басына тәу етті.

Облысымыздағы туристік нысанның бірі ретінде «Хан моласы» мемориалдық кешенін алуға болады. «Хан моласы» — Әбілқайыр хан жерленген көне қорым. Облысымыздың Әйтеке би ауданындағы Толыбай елді мекенінен 90 шақырым қашықтықта орналасқан. Хан сүйегінің осы қорымда жатқанына ел аузындағы деректер ғана емес, орыс зерттеушілерінен қалған жазба деректер де дәлел болады.

Қорытындылай келе, қай елдің болмасын өзіндік ұлттық құндылықтарымен қатар қайталанбас тарихы, халықты мойындата білген ұлы тұлғалары бар. Ал осындай ұлы тұлғаларымызды құрметтеп, олардың қалдырған өшпес мұраларынмен сусындап өскен әрбір қазақ ұлттық тәрбиені бойына сіңіріп өседі деуге болады. Өскелең ұрпақ өз елінің, өз туған жерінің тарихын басқа емес, өз халқының тарихи санасы тұрғысынан жазылған тарихтан біліп, жадына сақтап, одан мол тәрбие алып өсуі қажет. Осындай тарихи нысандар мен туристік объектілеріміздің арқасында халық даналығы үнемі ұрпақтан – ұрпаққа мол қазына ретінде беріліп, жалғасын тауып отырары сөзсіз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Назарбаев Н. Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. Астана, 2017.
2. Ақтөбе газеті 17 тамыз 2017 жыл.
3. Ақтөбе энциклопедисы. Ақтөбе, 2001.

## **РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ САНА**

**А. Рахим**

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Сана адам болмысын анықтайтын басты белгілердің бірі [1, 1005]. Ендеше, ХХІ ғасырдағы ұлттық сана, оның ерекшеліктері туралы білу бүгінгі заман қажеттілігі. Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты Бағдарламалық мақалада тарихи қадамдар жасап отырған халқымыздың біртұтас ұлт ретінде болашаққа қалай қадам басу және бұқаралық сананы қалай өзгерту қажеттігі туралы көзқарастары сараланған. «Күн санап өзгеріп жатқан дүбірлі дүниеде сана – сезіміміз бен дүниетанымызға әбден сіңіп қалған таптауырын қағидалардан арылмасақ, көш басындағы елдермен тереземізді теңеп, иық түйістіру мүмкін емес. Өзгеру үшін өзімізді мықтап қолға алып, заман ағымына икемделу арқылы жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойға сіңіруіміз керек»[2, 3] - делінген. Демек, Рухани жаңғыру тұсында сана тәуелсіздігін, ұлттық сананың жаңаша қалыптасуын зерделеу қажет.

2017 жылғы Жолдауда Қазақстанның үшінші жаңғыруының басталғандығы, біздің қайта түлеудің айрықша маңызды екі процесінен – саяси реформа мен экономикалық жаңғырудан нәтижелі өткеніміз туралы айтылды. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында бұл үшінші жаңғырудың рухани жаңғыру екендігін, мемлекетіміздің бүгінгі даму деңгейінде оның аса қажеттігін негізделді. Біздің елімізде бұл бағытта Тәуелсіздік жылдары ішінде 2004 жылы «Мәдени мұра», 2013 жылы «Халық – тарих толқынында» бағдарламалары көптеген істер жасады. Демек, алдағы уақыттағы болашаққа бағдарымыз руханиятқа негізделу керек. Соған байланысты аталған мақалада ХХІ ғасырдағы ұлттық сана туралы, бәсекелестікке қабілеттілік, іс-әрекеттегі прагматизм, ұлттық бірегейліктің сақталуы, елімізде білімнің салтанат құруы, мемлекетіміздің революциялық емес, эволюциялық жолмен дамуы, сананың ашықтығы туралы жан-жақты баяндаған. Мемлекетіміздің әрбір азаматын оның ішінде жастарды қоғамымызда болып жатырған әлеуметтік-саяси салалардағы өзгерістер барлық уақытта да алаңдатпай қоймайды. Өйткені, ел болашағы сауатты, ұлтын сүйетін, елі үшін еңбек ететін азаматтардың қолында.

Өткен ғасырдағы тоталитарлық жүйенің өктемдігі ұлттық санамыз бен ой – өрісіміздің жоғары деңгейде дамуына жол бермей, рухани дағдарысқа түсірді, нәтижесінде кіріптарлық сана қалыптасты. Басты мақсатымыз бүгінгі Тәуелсіздік тұсында мүмкін болған жағдайларды сараптай отырып, жас ұрпақтың бұрынғы ұрпақ бойындағы тәуелділік психологиясына ұрынбауын, кіріптарлық сананың келеңсіз зардаптарының буыннан – буынға ауыспау мүмкіндіктерін көрсету.

Қазіргі кезде елімізде ұлттың ұлттық санасының қалыптасуына ерекше мән берілуі керек. Ұлттық сананың негізі - тарихи таным, тарихи сана-сезім. Сен өзіңнің қайдан шығып, қалай жаратылғаныңды білмей, бұл өмірге келуіңнің мақсатын да түсінбейсің. Сондықтан түбінді білуің керек. Ұлттық

тарихи сана-сезім қалыптасуы үшін мұның бәрі алдымен оқулықтарда қамтылуы, іздемей-ақ табатын жерлерде болуы тиіс. Жаңарған қоғамның жастары жаңа ұлттық саясатты түсінуі және білуі уақыт талабы. Ұлттық саясат - бір мемлекетте тұратын әр түрлі этностардың, этникалық топтар мен диаспоралардың арасындағы қарым-қатынастарды реттеу. Өркениетті мемлекеттерде ұлттық саясат этносаралық татулық пен қоғамдық келісімді сақтауды және нығайтуды мақсат етеді. Сондықтан ұлт-аралық қатынастарды, ұлт мәселесін және ұлттардың өзін-өзі билеуі мәселесін шешуге, реттеуге бағытталған ұлттық саясатқа деген зәрулік әлем мемлекеттерінің басым көпшілігіне тән құбылыс. Ендеше оны біздің Қазақстан да айналып өтпейді.

Осы тұрғыдан алғанда жастар арасында қазіргі ұлттық саясат жүргізудің бір әдісі - оларға басқалардың құндылықтарына еліктеп кетпейтіндей деңгейде ұлттық болмысымызды насихаттай білу. Әрине бұл – олар басқа ұлт пен ұлыстардың озық үлгілерін үйренбесін, олардан тыс қалсын деген сөз емес. Бұл жердегі басты мақсат тұтастық, бірлік, елдік мәселесінің насихатталуы.

Ұлттың тарихи санасы - дегеніміз күрделі феномен болса, елімізде тарихи сананы қалыптастыру ел бірлігінің кепілі-тұтас руханиятқа жеткізеді. Оның қалыптасуында, дамып жетуінде мемлекеттің рөлі ерекше. Жеке адам да, ұлт та ұзақ уақыт тәрбиеден өту арқылы өз бойына ұлтжандылық, ізгілік, басқа ұлттармен бейбіт қатынаста өмір сүруге бейімделу секілді қасиеттерді жинақтайды, ұрпақтарының бойына дарытады. Не болмаса, ұлтсыздану процесіне жол беріліп, Кеңестік интернационализм кезіндегідей ұлтты ұйыстыратын ұйытқыларды жоғалту мақсатын көздеген саясат жүргізіледі.

Өткен тарихымызға көз жүгіртсек қазақ халқы өзінің табиғи дарыны, тарихи-саяси, қоғамдық ахуалына байланысты, батырлары мен билерінің ерен еңбегінің арқасында ұлттық сананың халықтық шеңберін бойларына терең сіңіре білді. Сондықтан да ұлтымыздың тарихи жолында ешбір отарлау саясатының зобалаңы қазақтың ұлттық санасын сансыратқанымен, түбегейлі жоя алмады.

Қазіргі жаһандану заманында тарихи сананы қалыптастыру, тарих ғылымын, басқа да қоғамдық гуманитарлық ғылымдарды жетілдіру біздің мемлекеттік саясатымыздың басым бағыттары болуы керек. Алайда кеңестік дәуірдің тар шеңберінде қалған тарихымызды, қоғамдық-философиялық ойымызды әлемдік биікке көтеру басты мақсат. Қазіргі уақытта Қазақ елі көшпелілер өркениетінің орталығы, түркі халықтарының Атажұрты ретінде әлемге таныла бастады, осындай жағдайда өткен тарихымыздың шынайы бейнесін жасау ұлттық идеямыздың құрамдас бөлігіне айналуы қажет. Идея - ой, түпкі ой, бірнәрсенің негізгі ойы, теориялық жүйенің, логикалық құрылымның, соның ішінде дүниетанымның негізінде жатқан анықтаушы түсінік. Ұлттық идея – халықты топтастыратын, біріктіретін, өз елі үшін мақтаншылға бөлейтін асқақ рух болып табылады. Сондықтан Отан үшін, ұлты, халқы үшін адамдар ғажап ерлік көрсетіп, идея үшін өзін құрбан етуге дейін барады. Осындай істің жарқын үлгісін, сана болмыстарының биіктігін кезінде Алаш азаматтары көрсетті. Жастарды ұлт бірлігі мен отаншылдыққа тәрбиелеудің басты факторларының бірі тарихи сана қалыптастыру екенін,

оның халықтың зердесі, қайнар күші екенін ұстаздар қауымы мен аға ұрпақ өкілдерінің естен шығармағандары жөн. Өйткені, әр халық өз тарихынан ғана қуат алады, өз болмысын қалыптастырады, сонысымен де ерекше.

Сондықтан да тәуелсіздікті ұлттық болмысты қалыптаудың ұлттық рухты көтерудің, ұлттың тарихи санасын қалыптастырудың маңызды факторы ретінде насихаттау әлі де болса қажетті деңгейге көтеру керек. Осы орайда Мұстафа Шоқайдың «ұлттық рухсыз, ұлттық намыссыз ұлт тәуелсіздігі болмайды» деген өсиетін еске сала кетсек артық болмас. Танымал Алаш қайраткерінің бұл ойы бүгін де өз өзектілігін жойған жоқ. Себебі, ұлттық рух - халықтың өзін-өзі тануымен айқындалатын, өскелең арман-мұраттарымен сипатталатын, елдік тұтастық идеясымен негізделетін өміршеңдік күш-қуаты. Ұлт болып ұядың өзі этностың мекендік және мезгілдік факторларына байланысты болуымен қатар, оның табиғи, тарихи, рухани бітім-болмысы, ұлттық санасы, ділі, мінезі, мәдениеті, әлеуметтік-саяси мұрат-мүдделерінің қалыптасып, тұлғалануы үздіксіз процесс және ұлттық рухтың түлеп-толысып отыратын өміршеңдігінің көрінісі.

Жалпы сана, сана болмысы, ұлттық санаға қатысты мәселелер әлеуметтік – дүниетанымдық тұрғыдан өз өзектілігін жоймайтын тақырып деген қорытындыға келдік. Тәуелсіздік – сананың, ұлттық рухтың негізі, күретамыры екеніне көз жеткіздік. Сондықтан осы бағытта идеологиялық жұмыстарды пәрменді жүргізе отырып, жас ұрпақтың этномәдени білім мен тәлім – тәрбие алуына ерекше көңіл бөлу қажет. Себебі, «рухани жаңғыруымыздың мән – маңызы да осында» [3, 13].

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. История философии. Энциклопедия. М., 2002.
2. Назарбаев Н. Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. Астана, 2017.
3. Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. Астана, 2018.

*Ғылыми жетекші – аға оқытушы Сімұқанова Г.С.*

## КӨНЕ ЖӘДІГЕРЛЕР - ҒАСЫРЛАР КУӘСІ

Р. Б.Трес

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Алғаш адамзат баласы қалыптасқаннан кейін тас құралдар, еңбек құралдарының жасалғанын білеміз. Бұл құралдардың өзіндік ерекшеліктері тас дәуірінің әр кезеңдеріне тән. Атап айтсақ, ерте тас ғасырында чоппер, чоппинг, болос т.б. құралдар пайда болса, орта тас ғасырында садақ пен жебе, ұсақ жаңқа тастардан жасалған микролиттер пайда болды. Мезолиттік уақыттың тұрақтарында әртүрлі сүйек және мүйізден жасалған гарпундар, садақтар мен сүнгілердің ұштары, пышақтар, қанжарлар, балта мен шот және оларға муфталар, т.б. көптеп кездеседі.

Тас құралдарды әртүрлі әдіспен өңдеп өткірлеген. Ретушь әдісімен тас құралдардың жүзін ұсақ кертік-ойықтар (араның жүзі сияқты) жасау арқылы өткірлеу. Қырғыштардың сыртқы пішіні сопақша, үшбұрышты, ұзынша төртбұрышты болып келеді. Қырғыштардың жүзін ретушьпен өңдейді.

Б.з. ҮІ ғасырында жақтың өзгеруімен қатар оқтың жебелерінің түрлік құрамына да өзгерістер енді. Темірден соғылғандықтан бұл кездегі жебелер жетелі болып келеді. Жебе ұштарының формасына келетін болсақ, ҮІІ ғасырдағы жебелер үшбұрыш немесе трапеция пішінді үш тілімді, үш және төрт қырлы болып жасалды. Кейде жебе ұштарында ұшқанда дыбыс шығаратын дөңгелек тесіктер жасалып немесе жетесінің түбінде тесіктері бар сүйек ысқырғыштар орнатылған. Х-ХІ ғасырларда ромб пішіндес немесе төртбұрыш пішіндес жасалған қозыжауырын жебелердің көптеген түрлері пайда болады. ХІІІ-ХІҮ ғасырларда қорғаныс жарағының жетілдірілуіне байланысты төрт қырлы, қимасы ромб түрінде жасалған сауыт бұзар оқтардың типтері көбейеді. Монғол шапқыншылығы кезеңінде мұндай оқтың көптеген жаңа формалары қолданылды. Оқтың саптарының ұзындықтары 43-80 см аралығында болды [1, 37 б.].

Сонымен қатар облыстық археологтардың зерттеуіне өз жеріміздегі Дүйсенбі аһун мешіті маңында да энеолит кезеңіне жататын тұрақтар болған. Бұған сол жерден табылған құралдар дәлел. Онымен қатар Жайсаңбай ауылынан 40-50 км шамасында Құрдым тебізі жағалауынан қырғыш тас құралдар мен тастан жасалған жебе ұшы табылды. Жайсаңбай ауылынан 75 км шамасында Жанбай шыңы жерінен темірден жасалған жебе ұшы табылды. Ол орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы 7-класс оқулығында бейнеленген монғол садағы жебелерімен, [2, 103 б.] «Қазақ өнерінің тарихы» ІІ томында 305 - беттегі суретте ортағасырлық кезеңдегі ІХ-Х ғасырларға жаттатын жебеге сәйкес келеді [1].

Неолит заманың тағы бір жетістігі - ол керамикалық ыдыстар өндірісі. Қыш құмыра өндірісі — қыш-саз бен олардың минералды қоспаларымен араласқан қоспаны көзеші ұршығында қалыпқа келтіріп, сосын оны күйдіріп керамикалық қыш құмыраларға айналдырумен айналысатын өндіріс. Көзе ыдыс дайындау үшін сарытопырақтан иленген сазбалшыққа ұсақ құм қосылған. Сөйтіп, дайындалған сазбалшықты айналдыра дөңгелек түпке

жабыстыра отырып ыдыстың формасын шығарған. Содан соң ыдысты отта күйдірген. Алғашқы ыдыстардың өзінде де сызып, бастырып салған қарапайым геометриялық оюлар кездеседі. Қыш құмыра өндірісінің технологиясында алдымен қалыпқа келтіру, күйдіру, сосын өнімді шыны әшекейімен жалату сатылары болады. Орта ғасырларда қыш құмыра, шыны, металл бұйымдарын жасайтын ұсташылық, зергерлік кәсіптер қалыптасты.

Қыш құмыралар орта ғасырларда мықты, әрі сәнді жасалынған. Қыш құмыра жасайтын шеберханалар Отырар, Құйрықтөбе, Талғар, Тараз қалаларында табылған. Көбіне табылған қыш құмыралардың іші, сырты сырмен сырланған. Олардың көбі қанша жер астында жатса да сыры кетпеген күйінде сақталған. Қоныстар мен обаларға қазба жұмыстарын жүргізген кезде алынған негізгі материал-қыш. Ең бастысы, қыштан жасалған бұйымдар шаруашылық пен тұрмыста және кейде ғұрыптық мақсат үшін пайдаланылатын ыдыс түрі болған. Жайсаңбай ауылынан 2 км шамасында «Жолдасбай» төбесі аталатын жерден сынған құмыралар бөліктері табылды. Құмыралардың іші сырланған. Жайсаңбай ауылынан 7 км шамасында Дүйсенбі аһун мешіті маңынан сынған құмыралар бөліктері табылды. Құмыра бөліктерін құрастырғанда тостаған тәрізді болды.

Жайсаңбай ауылынан 10-12 км шамасында «Бегімбай» мазары мен Балтабай қыстағының арасында өткен жылы су құбырын жүргізген кезде бүтін құмыра табылды. Осы жерден адам сүйектері де табылған. Жорамал бойынша ертеде бұл жермен Ұлы Жібек жолының тармақтары өткен. Керуен ауыл жанымен Орскіге қарай кетеді екен.

Қазіргі заман ғылым мен білім ғасыры. Сондықтан тарих тағлымын терең ұғынып, бүгінгі танылып жатырған тарихи деректерімізді көпшілікке дұрыс насихаттауымыз қажет. Өз жерімізден табылып жатырған ғасырлар куәсі болған көне жәдігерлердің құпия сырларын ашу жас ұрпақтың басты парызы. Бүгінгі жас ұрпақ өз елінің, жерінің тарихын, ата-бабаларымыздың тарихын білуі және оның жақсысынан үйреніп, жаманынан жиреніп қорытынды жасауы, сабақ алуы тиіс. Бұл ретте сан ғасырдан жеткен көне жәдігерлерді танып – білудің орны айрықша.

### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақ өнерінің тарихы 3 томдық .- ІІ томы Алматы, 2007.
2. Жолдасбаев С. Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы 7-класс. 2012 .

## АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ АДАМГЕРШІЛІК МӘСЕЛЕСІ

Джумагалиева Н.Б.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Қазақ халқының ұлы ақыны, кемеңгер ойшылы Абай Құнанбаев еліміздің саяси – әлеуметтік пікір мен философиялық пайымдаулары тарихында айрықша орын алады. Оның шығармашылық мұрасы өлең, поэма, философиялық мазмұнды кара сөздерден, аудармалардан тұратыны белгілі. Абайдың дүниеге келген, рухани қалыптасқан уақыты халқымыздың отарлық зардаптарының ауыр сынына ұшыраған кезі болатын. Қазақ даласында жаңа қалалар салынып, көшпенді өмірдің өткен шаққа айналауының алғы шарты пайда бола бастап, отырықшылық дәріптеледі. Тарихи дәуір ерекшеліктеріне сай көшпенділер қоғамына ене бастаған капиталистік өндіріс тәсілі, бұған дейінгі сақталып келген сахара тұрмысының салт-дәстүрлері мен құқық негіздері шайқала бастағанынан көрінісін табады. Сондықтан Абай шығармаларының тақырыбына халықтың болашақ тағдыры, адамның жеке басының қасиеттері мен борыштары, пайдалы еңбек, оқу, білім мәселелері арқау болады.

XIX ғасырдың басында өмір сүрген қазақ оқығандарының бәрі де оны жоғары бағалап, ақынның әлеуметтік саяси ойының кемелдігін өскен ортасымен, білімдегі қол жеткізген табыстарымен байланыстырады. Ұлы ақын мұраларының қоғамның рухани өмірінде алатын орнын көрсеткен М. Әуезов болды. [1, 242 б.].

Қазақ философиясы тарихын зерттеуші, ғалым Ғарифолла Есімнің пікіріне ден қоятын болсақ, XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ даласы діни және саяси көзқарастарына байланысты жер аударылған демократтар идеяларымен толығады. Хат танитындар орыс және жалпы батыс елдері мәдениеттерімен танысуға мүмкіндік алады. Ояну дәуірі басталады. Қоғамдық қызметі осы тарихи дәуірге сәйкес келген «Абайды қоғам қызметкері деп атаймыз, оны ойшыл есебінде қабылдаймыз, өйткені оның шығармаларында жалпыадамзаттық қайшылықтар салдарлары бейнеленеді» [2, 30 б.].

Ақын түсінігіндегі дін бағуға тыныштық керек, сондықтан ол да болмайтын нәрсе. Дін бағуға әлеуметтік мән берген ол, «не көңілде, не көрген күнінде бір тыныштық жоқ, осы елде, осы жерде не қылған софылық!» -дейді. Абайдың сөзінен қазақ даласында Қ.Йассауи түсіндірмесі ретіндегі мұсылмандықтың кең таралымын тапқанын пайымдаймыз. Ол әрине, тыныштықты, зерделілікке жеткізетін тақуалықты, күнделікті күйбең тұрмыс сұраныстарынан тыс тұруды керек етеді. Мұның Абай үшін, сол тарихи дәуірде өмір сүрген ойлы адам үшін мүмкін еместігі түсінікті. Ақынның сөзінен бала тәрбиесіне көшпенділердің үлкен мән беріп, келелі мәселе ретінде қарастырғанын пайымдаймыз. «Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер», «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны ілер» - деп бала тәрбиесіне үлкен мән берген, өзекті мәселе ретінде қараған әлеуметтік ортаның өзіндік құндылықтары ұқыптылыққа меңзейді. Сондықтан ақын, болашақтың бұлыңғырлығынан баланы «бағар едім, қалайша бағудың мәнісін де білмеймін, не болсын деп бағам, қай елге қосайын, қай қаракетке қосайын»-деп толғанады.

Абайдың ойлау дәрежесі өте биік, ауқымы кең. Ол өз шығармаларында аз сөзбен, саралы да сырлы сөзбен қазақ болмысының көптеген мәселелерін қойып, шешімін айтып береді, ойға салады. Оның ой толғамының негізгі дінгегі адам төңірегінде, адам болу, адами өмір сүру шарттарын анықтауында. Бұл адам мәселесін қарастыруда Абай дүниежүзілік философиялық ой деңгейіне көтерілген. Адам мәселесін таза күйінде, жалпы заңдылықтар тұрғысынан, адам болудың жалпылама шарттары тұрғысынан қарастыра білуі оның мәніне үңілуі, адам ететін негізгі қасиеттерін дәл анықтауы, - міне олардың бәрі осының айғағы. Осы ретте ол адамгершілік жақында да көп толғанған, адамгершілігі жоқ адамның иманы жоқ, иманы жоқ адам ол адам емес, есуас, мақұлық «санасыз, ойсыз, жарым ес» ондайлардан «сасу», ондайларға жоламай «қашу» керек деген [3, 70 б.].

Оқуға, білімге шақырғанда да Абай кең ауқымда ізденуге, дүниежүзі ғұламаларына сүйенуге, оқығанынды, білгенінді ізгілікпен, әдеппен ғибратпен, имандылық жолынан таймай, адам қажетіне тарту, ойын, біліктігін, адамгершілік қасиеттерін арттыруға, әділдік, бостандық, сұлулық, сүйіспеншілік тұғырына көтеруге меңзейді. Сөйтіп ол жан-жақты дамыған, толықсыған, толған, адам бейнесін, тұлғасын жасайды, сол тұлға үлгісінің деңгейінен жан-жағына сын көзімен қарайды, бұл армандаған образына сай адамды таппай қиналады, «сөзінді ұғар адам жоқ» деп қынжылады. Оның: «Баяғы жартас - бір жартас, Қыңқ етер түкті байқамас», - деп, «надандардан түңіліп», ақыл ойға құлақ салар адам таппай, «ойланар», «сөз ұғар ел» таппай шарқ ұруы, «жалғыз қалуы», қамығуы - Абай атамыздың жүрегінің түкпірінен шыққан шынайы сезім, халқы үшін, соның болашағы үшін деген күйкі-күйзеліс, қайғы-мұң екені хақ [4, 122 б.].

Абай өлеңдері адамға деген сүйіспеншілікке толы, бірақ ол жалаң сүю де күйе емес, сүйіспеншіліктің ауыртпалығын, мұңлы тіпті қайырлы немесе қайғылы жақтарын да айтады, сөйтіп ой өрнегін нақтылап, нәрлеп салады. Өмірдің, тағдырдың, жалғанның екі жағы барлығын, екі жағын да ескеру, екеуіне де төзу керектігін, төзімді, қайырымды, тағатты, қанағатшыл болуға баулиды. Адамды сүйі, бүкіл адамзатты сүйейді, хақ жолы, имандылық жолы осы деуі Абайдың гуманистік ой-тебіренуінде терең мазмұнның ішкі астарын ашып берерлік қағида. Адамға қастық қылма, «адамдық атын жойма» деп, бүкіл адамзатқа, жан иесіне бір ғана, біреу де болса ұлы талап қоюы, Абайдың ақын ретіндегі, хакім ретіндегі ұлылығының белгісі [4, 122, 304 б.].

Алла – Тағала адамзатты махаббатпен жаратқан, олай болса әр адам, Алланы өз жанынан артық көріп сүюі керек, Алланы сүю ол жаратқан бүкіл адамзатты сүюмен барабар,- міне осы үш сүю адамның иманы, сенімі, діні. Осы ақиқатты берік ұстау, сақтау, өмір азығындай арқалап өту, осыны терең білу, түсіну шарт, - сонда сен адамдығыңнан айырылмайсың. Осы үш сүюдің қарама-қарсысы, оларды бұзатын үш істен, шайтан ісі болып табылатын «пайда, мақтан, әуесқойдан» сақтан, «онан шошы»дейді Абай. Яғни ұлы ақынның

айтуынша, әр адамның дүниетанымының, сенімінің түп қазығы, имандай сенер ұйытқысы адамды, адамзатты, Алланы сүю; бар ойын, сана-сезімін, іс қимылын осы түп қазықтан бастама алса, соны иман тұтса, шайтан ісіне жоламаса, сонда ғана сен адамдық мәнінді сақтайсың, адам атына сай боласың. Егер осы түп қазыққа берік болмасаң, сенімің, иманың таяз болса, қаншама «руза, намаз, зекет, хаж» жасасаң да, яки иман-сенімнің сырт көрінісін, шарттарын орындағаныңмен, ішкі сенімің, иманың таза болмаса, сен адам болмайсың:

Бастапқы үшін бекітпей, соңғы төртті

Қылғанменен тартымды бермес жеміс [4, 305 б.].

Адам бақытын тек жер бетіндегі ғұмырынан табады, о дүние, екінші мүмкіншілік деген болмайды. Бірақ жақсы істер өлмейді, жақсы адамның аты мәңгі жасайды. «Жақсының аты қалады, ғалымның хаты қалады» деген өнеге сөз, даналықтың басы Майқы биден бастап, әл-Фараби, Баласағұн, Иассауи, Абай сынды данышпандардың бәрі құптап, қайталап өткен өмірлік қағидасы. Абай еңбектің қадірін имандылық пен Алланың махаббаты сияқты шоқтығы биік заңғар түсініктер деңгейіне көтереді. Жиырма тоғызыншы сөзінде «Тыныш жатып, көзін сатып, біреуден тіленбей, жанын қарманып, адал еңбекпен мал іздемек – ол арлы адамның ісі» десе, отыз сегізінші сөзінде «Бақпен асқан патшадан, мимен асқан кара артық», «Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған жайуанның бірі боласың: Адамшылықтың қарызына еңбек қылсаң, Алланың сүйген құлы боласың», - дейді.

Иассауи дүниетанымынан сайын далаға ең кең тарағаны тәубашылдық ұғымы болды, ол тек қана Абай ойларына ғана емес, бүкіл қазақ менталитетіне тән нәрсе болды. Абай өз заманында махаббат, тәуба, қанағат, рахым ұғымдарының қазақтардың ұлттық санасына қажеттігін ұғып, олардың сопылық сарыннан арылған мәндерін барынша уағыздады.

Бұл ұғымдардың арасында махаббат, қанағат, рахым біржақты мәні бар, пікірталас туғызбайтын сипаттар. Ал тәуба, шүкіршілік түсініктері әлеуметтік ортаға қарай, ғұмыр кешіп жатқан заманға қарай бір жағынан жағымды, бір жағынан жағымсыз сипат алып отыруы мүмкін. Отаршылдық дәуірде Кенесары, Махамбет, Сырым, Мұстафалар барға қанағат, Алла халқыма шүкіршілік бере гөр деп отырғанда қазіргі ұрпақ мақтан тұтатын ұлтжандылық жолында туын көтеретін негіз бола қояр ма еді? Бұл бір сұрақ. Екіншіден, Елбасы айпақшы, Абай өз уақытында халқына жаны ашып орға жығатын емес, өрге бастайтын жол іздеді. Осы ізденіс жолында Иассауиге де соғып, оның «Даналық кітабынан» өзіне қажетті рухани қолдау іздеп, сопылықтың, өшпес, өлмес исламият жолының қағидаларын да тапты.

Махаббатпен жаратқан адамзатты

Сенде сүй, ол Алланы жаннан тәтті.

Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,

Және хақ жолы осы деп әділетті!

Руза, намаз, зекет, хаж -талассыз іс,

Жақсы болсаң, жақсы тұт бәрін тегіс...[5, 336 б.].

Абай мен Иассауи шығармаларындағы сабақтастық осы сөздерден кейін тіптен даусыз.

«Хикметтерде» Аллаға деген сүйіспеншіліктің адамды күнделікті өмір күйбеңдерінен, келеңсіздіктерінен, қоқыстарынан тазартатынын айтады. Бүгінгі күні біз бұл ғибраттардың тек діннің ғана емес, жалпы адамзаттық құндылық екендігі туралы қорытынды түйіндейміз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Әуезов М. Шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1969. – Т. XII – 536 б.
2. Есимов Г. Хаким Абай. – Алматы: Білім, 1995. – 192 с.
3. Абай. Книга слов. Алма – Ата: Жазушы, 1992. – 90 с.
4. Құнанбаев А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. - Алматы: Қазақ ССР- нің «Ғылым» баспасы, 1977. – Т.1. – 307 б.
5. Абай. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Ғылым, 1968. – Т. – 2. –734б.

*Ғылыми жетекші – гуманитарлық ғылымдар магистрі, оқытушы Жарасбаев Е.Е.*

### **ЖАҒАНДАНУ ДӘУІРІНДЕГІ САНДЫҚ ДИПЛОМАТИЯНЫҢ РӨЛІ**

**Абыллаева А. Б.,**

Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ, Тарих факультеті

Тарих көрсеткендей, адамзаттың жауы-адамның өзі, қанағатсыздық, нәсіпқұмарлық, жыртқыштық. Ізгілік жойылғанда мемлекет те, адамзатта жойылады. Адам баласының жүрегіне ізгіліктің нұрын құятын-тарихи тамырдан нәр алған тәрбие, дәстүр. Дәстүр мен тәрбиені халық өзінің рухани өкілдері арқылы жасады, ал оны қолдайтын, іске асырып пайдаланатын қоғам. Қазақ халқының да тарихтың өне бойында жүйеленіп, ысылған дәстүрлі дүниетанымы бар. Заман дамып, уақыт өткен сайын, ғылым мен технология, қоғамдық қатынастар жетілген сайын осы дәстүр өз маңызын артыра түсіп, қоғам қажеттілігіне барынша көкейтесті бола түсуде. [1, 243]

Космостық байланыс жүйесі мен теледидар көмегімен ғаламдық ақпараттық кеңестік пайда болып, ғылым, білім, мәдениет салаларында мемлекетаралық ауыс-түйіске қолайлы жағдай жасалады. Бірақ қалың

бұқараға күшті ақпараттық әсер жаңа қауіптер мен өркениетаралық қарама-қайшылықтарды тудырады. Ақпараттық жаңа отарлау», ақпараттық соғыс» сияқты жаңа ұғымдар пайда болды. Көрнекті қазақ философы Ә. Нысанбаевтың дұрыс көрсетуінше оны дамыған өркениет ұтымды пайдаланып, әлсіз өркениетті идеологиялық бағындыруға, әлемде жаңа тәртіп орнатуға күш салып келеді. [2, 21]

Қазақстан да әлемнің басқа да елдері сияқты заманымыздың осы бір қауіпті процесінен тыс қала алмай отырғандығы анық. Осы орайда, елімізде бұл алапат үрдіске анықтама беріп, өз мәдениетімізді бөгде өркениеттің шылауында жібермеу жолдарын ұсынған зерттеушілер пікірі анық сезіле бастады. Кей ғалымдар жаһандандуды экономикалық және мәдени империализмнің жаңа формасы», вестернизация», «американизация немесе «жаңа отарлау деп атап, оған дәлел ретінде жаһандандудың теориялық жұмысымен айналысушы ғалымдардың негізінен ағылшын, скандинав, австралия және америкалықтар екенін алға тартады. [2, 21]

Қазақ зерттеушілерінің қазіргі алдында тұрған міндетіде жаһандандудың тәуелсіз мемлекетімізге әсері, оның экономикалық және саяси қауіпсіздігі, халықтың этно-мәдени дәстүріне жағымды және жағымсыз әсерлерін мұқият талдау болып табылады [1, 244]

Сондықтан осындай жағдайда қазақ мәдениетін қайта түлетіп жандыруды жаһандану кезіндегі Батыстың мәдениетіне қарсы басты бәсеке ретінде бағалайтында көзқарас бар. Олар ұлттық құндылықтарымызды сақтап қана қоймай, мәдениетті қайта түлетіп, халықтың руханиятын көтеруге, жергілікті мәдени дәстүрлерді дамытуға мүмкіндіктер ашатынын ескертеді. [2, 23]

Яғни жаһандану процесінде шетелдік идеялардың емес, керісінше, жергілікті мәдениеттің іргетасы беки түсуі мүмкін. [1, 244]

Бұлай нақты жауап беруімізге ұлттық дәстүрлі дүниетанымның қазірдің өзінде белгілі бір дәрежеде ұлттық идеология тетігі ретінде қолданыста болып отырғандығы негіз бола алады. Кейде тікелей, кейде жанама түрде, бірақ ешқандай да сыртқы реттеусіз, механизмдерсіз дәстүрлі дүниетаным элементтері мемлекет саясатына өз ықпалын тигізіп отыр. Әлемдік қатерлермен бетпе-бет келіп отырған аяғына тәй-тәй басқан жас мемлекетімізді келген жұмысқы қатерді сездірместен, айналып өтпесі анық. Мемлекеттіліктің империялық кезеңдерін бастан кешкен ата-бабаларымыздың қалдырып кеткен өсиет-мұраларын көзге ілместен Батыстың алдамшы құндылықтарының артынан кетіп, адасқан елді көргенде ойымызға қазынаға толы сандығы үй іргесінде көмулі жатып, жоқшылықтан алақан бейшараға түседі. Осы тұста бір үлкен мәселе туады, ол-жаһандану заманында біз елдігімізді, мәдениетімізді, тілімізді сақтай аламыз ба-деген сауал. Батыстың мәдениеті ықпалды болып тұрғаны рас. Бірақ осы орайда біз Батыстан нені алуымыз, нені алмауымыз керек. Жалпы мәдениеттің өзі екі жолмен пайда болады. Біріншісі-дүниетанымнан келіп шығатын, екіншісі-ғылыми техникалық дамудан келіп шығатыны мәдениет. Біз батыстан ғылым мен техниканың дамуынан келіп шыққан мәдениетті алуымызға болады. Тіпті ХХІ ғасырда қазақ жастары озық технологияның барлық қыр-сырын білуі тиіс. Мұны меңгерумен біз бәсекеге қабілетті, іргесі мықты ел боламыз. Ал батыстың дүниетанымынан келіп шыққан мәдениет керек емес. Себебі батыс дүниетанымы өмірдің қызығын бұрмалап, қоғамымызға нашакорлық түнгі клубтар т.б. көріністерді енгізуде. Бұл әсіресе жас буынның санасын улап жатыр. Біз бұған жол бермеуіміз керек. Адамзат баласы рухани тығырыққа тіреліп, әлемдік қауымдастық жаңа қатерлермен бетпе-бет келіп, дінаралық, ұлтаралық қатынастардың маңызы артқан тұста халықты идеялық тұрғыда біріктіретін, басталған реформаларды ары қарай табысты түрде жүргізетін, қазақ халқының ұлттық құндылықтарын сақтап қалатын идеяларға қажеттілік артып отыр. [1, 244]

Тарихта өткен талай мемлекеттердің түбіне жеткен зобалаңнан аман қалып, өзіндік ерекшеліктерге ие дәстүрлі сол жаһандандудың алапат дауылына ептілікпен қарсы қоя білу-біздің мемлекетіміздің мәңгілігінің кепілі. Заман тағы өзгерер, ғылым мен технология дамып, адамзат санасы біздің түсімізге де кірмеген небір ғажайыптарға қол жеткізер. Өзге планеталар бағындырылар. Бірақ қазақ рухы, рухани ғажайыптардан жоғары тұруы керек. Қазіргі таңдағы әлемдік қауымдастықты шарпыған жаһандық мәселелер елімізді де айналып өтпесі анық. Осы орайда Елбасымыз Н. Назарбаев өзінің Қазақстан халқына Жолдауында Еліміз бен өңіріміз үшін он негізгі сын-қатерді бөліп көрсетті. Елбасымыздың айтуынша, егер біз өз дамуымызда жаңа табыстарға одан әрі қол жеткізуді жоспарлайтын болсақ, олардың әрқайсысын міндетті түрде ескеруге тиіспіз. [1, 244]

Бірінші сын-қатер-тарихи уақыттың жеделдеуі.

Екінші сын-қатер-жаһандық демографиялық теңгерімсіздік.

Үшінші сын-қатер-жаһандық азық-түлік қауіпсіздігіне төнетін қатер.

Төртінші сын-қатер-судың тым тапшылығы.

Бесінші сын-қатер-жаһандық энергетиялық қауіпсіздік.

Алтыншы сын-қатер-табиғи ресурстардың сарқылуы.

Жетінші сын-қатер-Үшінші индустриялық революция.

Сегізінші сын-қатер-үдей түскен әлеуметтік тұрақсыздық.

Тоғызыншы сын-қатер-өркениетіміздің құндылықтар дағдарысы.

Оныншы сын-қатер-әлемдік жаңа тұрақсыздық қауіпі [3, 2]

Елбасымыз осы он қатерді көрсете отырып, жаһандану жағдайында рухани құндылықтар мен ұлттық идеологияның маңызы туралы: Біз мемлекетіміздің рухани мәселелері экономикалық, материалдық мәселелерден ешбір кем бағаланбайтын даму кезеңіне келіп отырмыз. 2050 жылғы Қазақстан прогрессивті идеалдар қоғам болуға тиіс», - деп айқын көрсетті [3, 2].

Қазіргі замандағы саяси-экономикалық сұраныс ұлттық идеологиямыздың міндеттері ретінде жүйелі мәселелерді шешу талабын қояды. Ұлттық идеология тек ұлтты біріктіруші ғана емес, елдің ішкі, сыртқы

қадамдарын реттеп қазақ мемлекетінің абыройын асқақтатып,оның одан әрі өсіп,өркендеуіне мұрындық болуы тиіс.Әлем жұртшылығының алдында тұрған ғаламдық міселелердің төл ұлттық идеология тұрғысынан шешуге атсалысып,табысты нәтижелерге қол жеткізуге міндетті.Қазақ тарихын саралау барысында төл идеологияның тарих кезінен абыроймен шығып,өз заманының талабына сай міндеттерін атқарғаны белгілі болып отыр. [1, 246]

Барлығымызға белгілі, идеология-қоғамдағы әлеуметтік топтардың мүддесін білдіретін, қоғамдық сана, философиялық, моральдық,эстетикалық және діни көзқарастар мен теориялардың жиынтығы.Қазіргі кезде біздің қазақ қоғамының қажеттілігін өтейтін, шынайы, халық дәстүріне қайшы келмейтін,жалпыұлттық және саяси идея да қалыптасу кезеңін бастан кешуде.Халқымыздың ата-бабадан мұраға қалып,Елбасы тарапынан қайта түлеген өсиеті-қазақтың дәстүрлі дүниетанымынан нәр алған қазіргі Мәңгілік ел идеясы. Бұл идеяның түп максаты-қазіргі әлемді дағдарысқа тіреген рационалды идеяларға балама ретінде қазақ халқының тарих сынынан өткен ұлттық дүниетанымын барынша гуманистік идея ретінде әлемдік идеяға айналдырып, нәтижесінде тек Қазақстан мемлекетінің ғана емес,әлемдік қауымдастықтың,барша адамзаттың да бағдары болатын рухани темірқазығына айналдыру.Осы тұрғыда Елбасы тілегімен тығыз өріле жазылып,назарларыңызға ұсынылып отырған Мәңгілік ел идеясы да қолдан жасалған жасанды дүние емес,керісінше халқымыздың уақыт теңінен өтіп сыналған дәстүрлі дүниетанымын қоғам қажеттілігіне орай қазіргі жаһандану кезеңінде пайдалану мүмкіншіліктерін қарастырады. [4, 46]

Жалпы қоғамдық және саяси өмірге белсене қатысу ұлттың саяси дамуының басты көрсеткіші болып табылады.Бүгінгі күні саяси қатысу мәселесі ескі демократия елдерімен қатар жаңа демократия елдерін де алаңдатып отырған мәселелердің бірі.Ал посткеңістік кеңістіктегі түрлі түсті төңкерістер бұл мәселені өзекті де өткір мәселеге айналдырып

отыр.Қырғызстан Республикасындағы түрлі түсті төңкеріс азаматтардың саяси қатысуы игіліктен зорлық-зомбылыққа айналу мүмкіндігін көрсетіп отыр. Дегенмен, біз саяси қатысу қоғамымызды модернизациялауға қол жеткізетін инструменталдық игілік деген пікірдеміз.Әр демократиялық саясат саяси қатысуға бағытталған қауымдастыққа сүйенеді. [5, 165]

Сондықтан Қазақстан азаматтарының саяси қатысуын зерттеу отандық саяси ғылымның маңызды да өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.Қазақстан азаматтарының саяси қатысуын зерттеу Қазақстандағы саяси жаңару, саяси үрдісті басқару мен оны болжау талаптары, сайлаушылар мінез-құлықы өзгеру мүмкіндіктерін айқындау талаптарынан туындап отыр. [1, 255].

*Ғылыми жетекшісі – Калыбаева А. Ж.*

## **Ырғыз өлкесін тәркілеу барысы**

**Байымбетова Н.**

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Қазақстанды түгел қамтыған орман өртіңдей ашаршылық аранына Ырғыз елі де Голошекиннің «асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деген жойқын күшпен жүргізген қаскүнемдік ұранының малсыз, аяусыз қалдырған күйімен ұласқан еді. Ата-баба дәстүрінен мал арқылы күн көрген қазақ халқы үшін бір өрістің малмен толуы заңдылық. Бір қораның малға толы түрін көрген жат шенеулік бұл қазақ үшін көп деп танып, бұл жерде ұжымдастырудың лебі әлі бармағанын айтты. Мал амандығын сұрайтын қазақ халқы үшін орыны толмас қасірет күн басталды. Сонау жылдардан бері малдың қыр сырын білетін жаны жусан халық үшін қысқа мерзім ішінде егін ору қиынға соқпақ. Бұл жылдардың архивте сақталған құжаттарының халық тағдырына қатысты әрбір сөйлемін тас жүрек ханның да қайғырмай, қаймықпай оқуы мүмкін емес. 1931-1933 жылдары жалпақ қазақ елін түгелдей басқан нәубет бұлты болды.

1932 жылы 11-16 маусымда өткен өлкелік партия конференциясында жасалған баяндамада Ырғыз ауданында мал басының шектен тыс шығыны атап көрсетіліп, 1930 жылғы 383100 бастан 1930 жылы 53000 бас, ал 1932 жылы 20700 бас қалғаны ауыр сын ретінде айтылған. Аудандық «шаруа тілі» газетінің 1933 жылғы 25 қыркүйек күнгі санында аупаркомның ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі Тайлыбайұлының пленумдағы баяндамасы жарияланып, онда малды қыру ісінің жойқын жүріп жатқаны, 3 айда 4671 бас малдың қиянатпен жоқ болғаны, Ырғыз ауданы бойынша небәрі 16801 бас малдың қалғаны баяндалған. Егер бұл күйзелісті жинақты цифрмен айтсақ, ауданда 1930 жылғы барлық мал басының 1933 жылы небәрі 34 процентке жуығы ғана қалған. [1, 92]

Жойқын ашаршылық нәубетінің болатыны 1929 жылдың өзінде белгілі болып, бұл тиісті органдармен олардың саликалы кеңестері жиынның назарына жеткізілген. Бұған 1929 жыл 3-ші қаңтар мен 13-ші ақпан аралығында өткен кедейлердің округтік Конференциясының құжаттары дәлел. Бұл конференцияға Ырғыз ауданынан Төбетов Сарыбөпе, Төлебаев Сулеймен, Ербозыммен Алдияр, Жантайлақов, Тайжанова Тәмила делегат болып қатысқан. Делегаттар: Төлебаев, Ербозымов, Төбетов. Конференцияда шығып сөйлеп, аудан тұрмысының мүшкіл халін батыл айтқан. Делегат Төлебаев «Ырғыз ауданында егін аз, қазір астық жоқ. Кедейлер астыққа зәру. Округ органдары бұл ауданды шұғыл астықпен жабдықтауы керек»,- десе, делегат Ербозымов: 1928 жылы Ырғызда астықтың бір пұты 10 сом, ұнның бір пұты 6 сом болды. Ал, қазірдің өзінде бидай ұнының бір пұты 30



сом, жармақтың пұты 9 сом болып отыр. Ырғыз кедейлерінің жағдайлары нашар. Шұғыл шара алынуы керек», - деп мәлімдеді. Конференцияда ел ішінің

саяси ахуалына да үлкен мән берілген. Сондықтан делегат Төбетов өз сөзінде « Жергілікті кеңестердің жүріп жатқан сайлауында рушылдық кедергілер орын алуда. Біздің 13 ауылда бір рудан 170 үй, әр түрлі басқа рулардан 38 үй бар. Бізге теңдік бермейді. Сондықтан рушыл белсенділерді кеңес органдарынан түбірімен алыстап, бастарын кесу керек (қол шапалақтау)», - деп ұран тастапты. [2,94]

Жаппай ашаршылықтың үлкен нәубеті басталар алдында ауданның саяси және экономикалық өмірінде енді күйзеліске түсірген ірі саяси әрекеттер орын алды. Соның бірі – 1928 жылғы ірі байларды тәркілеу жөніндегі округтік арнаулы комиссия құрылды. Осы комиссияның 1928 жылғы 3 қазанындағы қаулысымен Ырғыз ауданынан ірі байлар қатарында бірнеше азаматтың мал-мүлкі тәркіге түсті олар: Байұзақов Қартбай, Байұзақов Қабылбай, Байғабылов Әміре, Қайымбаев Бәймен, Сәтбаев Ержан, Қарамақанов, Бижанов Қожабай, Жүргенов Қари, Орманов Оразалы, Қанатбаев Дәуіт. Кеңес үкіметінің бұл зорлығына Ырғыз ауданына 79 адам ілігіп, олардың 67-сі жер аударылды. Шолақ белсенділердің қағаз жүзіне түсірмей тәркілегендерінің өзі жүзден асады. Кезінде бай аталған бұл абзал ағалар өз ауылдарының батагөй ақылшылары, қиындық түссе қамқоршылары болған еді. [2,29]

Тәркілеу қарқыны басталды «бас ал десе шаш алатын шенеулік» байы түгел кедейді де тәркіледі. Күн күріп отырған қыстағынан айырып, арнайы белгіленген жерлерге қоныстандырып, адам тұруға келмейтін үйлерді құрастырумен болды. Мүлкіті колхоздарға тарату қарқыны белсенді жүрді солардың бірі архив деректерінде табылған мына жазбалардан көрініс тапты. «Ақтөбе облыстық Мемлекеттік мұрағаттың құжаттары Фонд №9, опись №1, арх. дело №102»

Согласно постановления Правительства КАСССР на конфискованного скота  
30-40 % передается Колхозам.

По Актюбинскому округу подлежит конфискации, в переводе на крупно 25537 голов скота. Таким образом на долю Колхозов приходится 7660 (30%)

Уп.Иргизский Район

Конфискация 2702 гол, в переводе на крупный. Передается колхозам голов.

Санкибаевское мелиоративное т-во аул К. З Иргизской волости. Состоят 54 х-в. Считаю что в данной артели имеется некоторое количество скотов при уловий выдачи на каждое хозяйство еще по 18 голов, в переводе крупный будем иметь приблизительно около нормы для скотоводческого

На каждое хоз-во необходимо выдать по 5 лош. 4 корову 3 верблюда

1. Лошадей 225-225

2. Коров 180-180

3. Верблюдов 135-135

4. Овец 1350-270

Итого 1890-810

Выдать инвентаря: сенокосилка-3, граблей-1, фургонов-1, телег-1 отношения кормообеспечения и др. Данных выяснить вопрос на месте.

Жергілікті халықтың ұлттық ерекшеліктері ескерілмеді Қазақ қоғамындағы байлардың рөлін түсінбеген Кеңес өкіметі таптық күресті, яғни «бай кулактарға қарсы» үгіт-насихат жұмыстарын күшейтті. Сөйтіп, ұзақ ондаған жылдар бойына экономика мен қоғамдық-саяси өмірде тек «күштеу» шарасының рухы үстемдік етті. Селодағы саясаттың ең басты шарты- әміршіл террорға сүйенген экономикалық емес жарлықтар, шаруалар қауымын кооперациялау идеясын жаманатты қылып қоймай, оның пайдалы әлеуетін де құртып жіберді. Еріктілік принципі мен қарапайым заңдылықты бұзу әуел бастан-ақ барлық жерде жалпыға бірдей ортақ сипат алды. Республикалық партия, кеңес органдары қайткен күнде аз уақыт ішінде ұжымдастыруды аяқтауға тиіс болды. Қазақстан колхоздар ұжымдастыруды негізінен 1933 жылы көктемінде ( көшпелі және жартылай көшпелі аудандардан басқасы) аяқтауға тиісті аймақтың топқа жатқызылады. Нәтижесінде Кеңес қоғамы пайыз қуалаушылық дертіне шалдығып, жазылмайтын ауруға ұшырады. [1,60]

1928 жыл. Ақтөбе округі бойынша ірі бай шаруашылықтарын тәркілеу және шығару жөніндегі КАСССР ОСК уәкілінің Құрамысовқа жіберілген хаттарынан көруге болады. Барлық хаттардың жеке-құпия белгісі бар. Республиканың Совнаркомына қатысты соңғы хаттың стилі тән. Сондай-ақ, Құрамысовтың КазЦИК-те жеделхат бар, онда ол тәркілеуге ұшыраған шаруашылықтардың саны және тәркіленген малдың саны туралы ірі малға аударуда баяндайды. Бұл оның мәртебесі көрсетілген жалғыз құжат – Казцик уәкілі Айта кетелік жайт Құрамысов Измұхан 1895 жылы туған, 1923 жылдың тамыз айынан бастап Ақтөбе губерниясының партия органдарында жұмыс істеді. Содан кейін Қызыл Ордаға жұмысқа жіберілді. «Ақтөбе облыстық Мемлекеттік мұрағаттың құжаттары Фонд №63, опись №1, арх. дело №443»

Жеке құпия

ОАК және тәркілеу жөніндегі

комиссия төрағасына

Ерназаровқа.

ХКК төрағасы т. Нұрмақов

Сем кезінде оқкомиссияның революциясын ұсына отырып, ҚКСР ХКК отырысында бекітуді сұраймыз, өйткені оның кейбір тармақтары нұсқаулыққа қайшы келеді.

Бірінші қарама-қарсы-бұл қыстақты ( кейбір аудандарда тіпті барлық аудандарда) Риктердің билігіне берілуі. Бізді бұған баруға итермелеген себебі, кейбір аудандарда ұжымдастырудың толық болмауы және жаңа колхоздар құруға перспективаның толық болмауы. РИК-ке бермесек кімге береміз олар пайдаланудың жөнін біледі.

Екінші қарама-қайшылық: бұл кейбір бағалы Қыстауларды шаруаларыңызға беру туралы пікірдің дұрыстығын мойындауға қатысты.

Өйткені, біздің округімізде мұндай арзан киіздер ондықтың айналасын алады, ал қыстақ сәл көп (әсіресе жартылай көшпелі аудандарда), бұл оларды қорғау жаңаларын сатып алудан арзан болмайды. Мұндай киіздердің бір бөлігін коолхозға береміз, бірақ қыстаулар бөлігінде іс қиын, өйткені қыстаудың көптеген жерлерінде қазіргі колхоздардан алыс орналасқан.

Осының бәрін санкциялауды өтінеміз. Үшінші қарама-қайшылық, екіншісінің салдары болып табылады, бұл қыстық немесе киіз-кедей малдардың үлесін азайту. Бұл жерде түсініктің уәжі (артық болмас үшін) және менің ойымша, олар сіздердің құзыреттіліктеріңізге толықтай сүйенеміз.

Өтініш барлық осы мәселелер бойынша жауапты тез беруіңізді сұраймын уақыт өтіп жатыр.

Жолдасдық сәлеммен! (Құрамысов)

Алдағы болғалы тұрған нәубеттің көрінісі осылай болмақ.

Аудандар мен округтер жеңіске жеткені жайлы бір-бірімен жарысқа түсті, газеттер «колхоз майданынан» өзге хабарларды басып үлгері алмайтын болды. Ұжымдастырудың төтенше сипаты, осынау шара бай-қулақты құртудың мемлекеттік бағытын жүзеге асыру жойқын күшпен көрінді. Жергілікті органдарға жеткізілген нұсқауларда жойылуға тиісті бай қулақтар шаңырақтары күллі шаруашылықтың жалпы санының 3-5 пайызынан аспады керек деген жайт айрықша ескерілді.

Алайда, әміршіл әкімшіл жүйе болғандықтан жоғарыдан түскен жарлық ешбір ойланып толғанусыз-ақ, қолма-қол екпінді қарқынмен жүзеге асырыла бастайды. Сол себептен де тәркіге салынғандар саны кез-келген жерде ең жоғарғы көрсеткішке жеткізді. Алайда, әміршіл әкімшіл жүйе болғандықтан жоғарыдан түскен жарлық ешбір ойланып-толғанусыз-ақ, қолма-қол екпінді қарқынмен жүзеге асырыла бастады. Сол себептен де тәркігесалынғандар саны кез-келген жерде еі жоғарғы көрсеткішке жеткізді. Алайды, бай-қулақты тәркілеу мөлшері туралы тап басып, дәл айту қиын.

Өңірдің негізгі кәсібі Ұлы октябрь Социалистік революциясына дейін де және одан кейін де ауыл шаруашылығы болды. Әсіресе, мал шаруашылығы басып түсіп отырды. Ырғыз өңірі бұрын үлкен территорияны (қазіргі Ырғыз, Шалқар, Қарабұтақ, Комсомол аудандарын) қамтыды. Осы аймақ мал

шаруашылығымен айналысатын жартылай көшпелі ел болған. 1979 жылы уезде 108709 жылқы, 78192 түйе, 38118 ірі қара, 575925 қой-ешкі болған. 1880-81 жылдың қысында жалпақ қоян жылындағы жұттан мал қырылып, 1881 жылы 29581 жылқы, 41159 түйе, 22503 ірі қара, 110237 қой-ешкі қалған. Ал 1890 жылы 10 жыл ішінде мал басы артып кеткен. Осыдан кейінгі жылдары-қоян жылы бар, ел ішіндегі неше түрлі толқулар бар- мал басының өсуі төмендеп, 1916 жылы ғана жоғарлай бастаған. Октябрь революциясынан кейін елде жер, меншік пайдалану туралы бірнеше заң актілері қабылданып, жер шаруа халықтың игілігіне берілді. Әсіресе, 1928-1930 жылдары ірі байлар конфискіленіп, оның иелігіндегі жер мен малдарының шаруа-кедейлерге бөліп берілді адамдардың арасындағы экономикалық теңдік жағдайын ретке келтірудің алғы қадамы болды.[4,135]

Октябрь революциясынан кейін елде жер, меншік пайдалану туралы бірнеше заң актілері қабылданып, жер шаруалардың иелігіне берілді. Әсіресе, 1926-1928 жылдары ірі байлар конфискіленіп, оның иелігіндегі жері мен малдарының шаруа-кедейлерге бөліп берілуі адамдардың арасындағы экономикалық теңдік жағдайын ретке келтірудің алғы қадамына айналды. Отызыншы жылдардың бірінші жартысында елді жаппай коллективтендіру шарасының қолға алынуымен байланысты ауданда 64 колхоз ұйымдастырылып, шаруалар соған біріктірілді. Бұл жылдары асыра сілтеудің зардаптары да аз болмады. Соған қарамастан колхоз құрылысы дамып, елдің экономикалық жағдайын көтеруге әсер етті.[5,47]

Кеңес кезеңі...Қасқағымда қараланып қазақтың қақ маңдайына біткен ауыр күндер. Отаршылдық езгінің тепкісіне төзбей, ертеңін еңселеймін деп шекара шегін шарпып кеткендер қанша? Осы сұрақтың жауабы әлі де нақтыланбай келе жатыр. Мүлікті тәркілеймін деп халық тағдырын тепкілеуі қайғыдағы сыза болып қалмақ. Бүгінде сол азаптың жарасы кері ашылып, сол жылдары мұхит, құрлық асқандар "оралман" атауымен туған жерге оралуда. Дүниенің жаннан қымбаттылығынан, отаршылдың озбырлығынан бүтіндей ел жағдайының жамырауына әкелді. Байырғы қазақ жеріне келімсектерді келтіріп өзімізді кетіру ұлттық дағдарыстың негізгі нышаны болды.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Оразымбетов С. Жармола жаңғырығы.; ұрастырған Рахымжан Өтеміс, Мейірхан Әттиев- Ақтөбе: «А-Полиграфия».2015.-408б
2. «Ырғыз» энциклопедиясы. Алматы: «Дала» ЖШС, 2010-440 б
3. Тәжібаев М.Қ. А37 Ақтөбе облысының тарихы (1864-1991)/Ақтөбе, 1999, «280» № 9965-01-183-4
4. Еламанов.Қ- Ақтөбе : [б. ж.], 2003 . – 9965-437-59-9 2-кітап .– 440 б.
5. Еламанов Қ. «Ырғыз», Ақтөбе, 1992жыл.

## Ақтөбе мұғалімдер институты тарихынан

Абенев Д.Қ., Сағитжан М.Қ.

Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ

Қаламыздағы жоғары оқу орындарының бірі Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің 80 жылдан астам тарихы бар. Университет өзінің тарихын 1935 жылы ашылған Ақтөбе мұғалімдер институтынан бастау алады. Қазақ КСР комиссариатының 1934 жылғы 15 желтоқсандағы №163 қаулысымен 1935 жылы 1 қаңтарда Ақтөбе облысындағы алғашқы жоғары білім беретін мұғалімдер институты ашылды. Институттың алғашқы директоры болып Қазан қаласындағы мұғалімдер семинариясын бітірген, батыс өңіріндегі ағарту жұмыстарын ұйымдастырушылардың бірі Залиев Нұғман бекітілді. Ақтөбе облыстық атқару комитеті Н. Залиевке оқытушылар құрамын білікті кадрлармен ұйымдастырып және алғашқы 70 студентті іріктеп алып, 1935 жылдың қаңтар айында жұмысты бастап кетуді тапсырды. Ең бірінші мәселе оқытушы кадрларды іріктеп, оқу процесін жүргізуде болды. Алғашқы оқу жылында профессор Х.А.Басымов, доценттер А.Б.Некрасов, Г.Б.Тонгши, И.Г.Белакановтар жұмыс жасады. КСРО ғылым ағарту комиссариаты сол кезеңдегі жетекші жоғары оқу орындарының түлектері Ю.Таласбаевты (Ташкент мемлекеттік университетінің география факультетінің түлегі), Т.М.Хабибулинді (Қазан мемлекеттік университетінің физика-математика факультетін бітірген), А.Е.Спиринцовты (Герцен атындағы Ленинград педагогикалық институтының түлегі) Ақтөбе мұғалімдер институтына жолдамамен арнайы жұмысқа жіберді.

Залиев Нұғманның ұйымдастыруымен 1935 жылы 1 қаңтарда құрамы тарих және физика-математика факультетінен тұратын екі жылдық Ақтөбе мұғалімдер институты өз жұмысын бастады. Кейінірек институтта 1935-1936 оқу жылында тіл факультеті ашылды. Алғашқы контингенті 70 студентті қабылдады. Оның 49-ы қазақтар болды. 1935 жылдың қыркүйегінде студенттерді екінші рет қабылдап, даярлық бөлімі ашылды. Мұғалімдер институтының алғашқы корпусы Красноармейская көшесі №14 үйде орналасты. Ол қазіргі №6 қазақ орта мектебі мен Орталық базар арасы, ұзындығы 30 метрдей қызыл қыштан салынған болатын. Жатақханалар үшін мекемелерге арналған үйлер белгіленіп, бөлінді, бірақ та студенттердің негізгі жатақханасы Сталин (қазіргі Алтынсарин) көшесі №7 үйдегі ғимарат болып саналды [1].

Архив құжаттарына сүйенсек, 1936 жылы 10 маусымда Ақтөбе облыстық комитетінің мектеп бөлімінің инспекторы С.К.Головиннің жазған есеп беру жазбасында 1935-1936 оқу жылындағы институттың жағдайы туралы айтылады. Оның жазуынша, негізгі курста барлығы 5 топ, 99 студент бар: қазақтар – 54, оның 9-ы қыздар; орыстар – 32, оның 20-сы қыздар; қалғаны басқа ұлт өкілдері (әсіресе татарлар) – 12, оның 7-уі қыздар. БКП (б) мүшелер саны – 2, БЛКЖО (б) мүшелері – 51, партияда жоқтар саны – 45. Әлеуметтік жағдайы бойынша 19 жұмысшы, 42 колхозшы, 27 ерікті шаруа (крестьян-единоличник) және 11 қызметші (служащий).

Сонымен қатар, оқытушылар құрамы да көрсетілген. Институтта 10 штаттық, 5 қоса атқарушылық, барлығы 15 мұғалім жұмыс жасады. Оның ішінде қазақтар – 3, татарлар – 2, орыстар – 6, ал басқа ұлт өкілдері – 4. Головин институтқа кем дегенде 5 оқытушының керектігін айтып, ерте және ортағасыр тарихының мұғалімдері мүлдем жоқ екендігін жазған.

Институтта бір және екіжылдық даярлық курстары болды. Біржылдық курста 40 адам білім алған: 38 қазақ, оның 12-сі қыздар. Алектіжылдық курста 30 адам оқыған: 28 қазақ, оның 20-сы әйелдер[2].

Сондай-ақ бірнеше музыка, пианино, би, хор үйірмелері жұмыс жасады.

Студенттер арасындағы ұлтаралық келіспеушіліктерді, орыс ұлтының қазақтарды менсінбеушілігін анық байқауға болады. Мысалы, жазбада орыстар мен қазақтардың бөлек отыратыны, орыстардың қазақтармен билеуден қашатыны, Елек өзеніне демалысты ұйымдастырғанда көп қазақ студенттерінің жиналғанын көрген орыстардың барлығы дерлік бармай қалғандығы, орыс студенттері қазақ оқытушыларымен амандасуды қажет деп те санамай, бірақ өз кезегінде орыс оқытушыларымен өздерін сыпайы ұстайтыны туралы жазылған жолдардан көруге болады.

Институт 1936 жылы 170 студенттің 100-ін жатақханаға орналастырса, қалған 70 студент 30-40 р. сомасында жеке пәтер немесе бөлме жалдап тұрады. 100 студентті 5 түрлі жатақханаға шашып тастады. Оның 30-ы колхозшылар үйінде тұрады.

С.К.Головин институттың жұмысын тұрақтандыру үшін 150 адамдық жатақхана, кабинеттерді толық әрі дұрыс жабдықтау, ерте және ортағасыр тарихы, орыс тілі мен әдебиет пән мұғалімдерінің қажеттілігін айта кетіп, өз жұмысын дұрыс атқара алмай жүргендер Залиевті, жаңа заман тарихы оқытушысы Незайнудина, даярлық кластарының орыс тілі мұғалімі Колмакованы жұмыстан босату керектігін жазған.

Өзінің есеп беру жазбасында Головин сабақ беру процесінің, мұғалімдердің методикасын, сондай-ақ әр пәннің өткізген сабақ тақырыбына дейін талдаған. Бұл институттың алғашқы оқу жылының сипаттамасы болатын.

Залиев Нұғманды 1936 жылы Орынбор қаласындағы мұғалімдер курсының директорына ауыстырды. Ақтөбе мұғалімдер институтының директоры болып профессор Шейнессон Семен Германович тағайындалады. Ол институт жұмысына көптеген жаңалықтар енгізді. Жаңадан кафедралар

ашты. Сол кезеңдерде Қазақстанда жоғары оқу орындар ашылып, жұмыстар жасап жатты. Материалдық жағдайлары төмен болды. 1930-1940 жылдар арасында саяси кұғындау орын алып, білімді адамдар соның зардаптарына ұшырады. Институттың алғашқы директоры 1937 жылы тұтқындалып, 1938 жылы атылды. С.Г.Шейнессон 1937 жылы Оңтүстік Қазақстан облысына жіберіліп, кейін қуғындалды.

Москва қаласындағы Плеханов атындағы халық шаруашылығы институтының экономика факультетінің түлегі Құрманғали Оспанов 1937 жылы институт директоры болып тағайындалды. 1940 жылы тамыз айында Қ.Оспанов неміс және ағылшын тілдер бөлімі бар шет тілдер факультетін ашуға ұсыныс жасап ашты. Соның нәтижесінде Орынбордағы шет тілдердің жоғары республикалық курсы Ақтөбе қаласына көшірілді [3].

Ұлы Отан Соғысы жылдарында институтты басқарған Кантемиров Дзандар Салангереевич (1941-1943 жж.), Пак Наум Федорович (1943-1947 жж.) ауыр жағдайларға қарамастан оқу процесін ұйымдастыра білді. 1941 жылы шілдеде институтты тіл, физика-математика және тарих факультетінің 67 студенті бітірді. Осы уақытқа дейін институт 3 рет түлек шығарды, орта мектептерге 240 жас мамандар даярлап берді. Соңғы екі жылда студенттерді қабылдау жақсы жүріп, 1940-1941 оқу жылында студенттер контингенті 300 адамға дейін өсті. Институтта 35 оқытушы және оқу-көмекші қызметкерлері бар 7 кафедра жұмыс жасады. Сондай-ақ көп жылдық тәжірибесі бар, студенттер алдында сыйлы, құрметті оқытушылар жеткілікті. Олар: педагогика ғылымдарының кандидаты, кафедра жетекшісі А.Е.Спиринов, С.Байтаков, Ж.Доскараев, М.Р.Решетов, П.А.Севрин және тағы басқалары.

Кітапхана қоры жалпы соммасы 100 мың рубль болатын маркстік-лениндік классиктердің, басқа ғылым салалары классиктерінің еңбектері, көркем әдебиет, арнайы пәндер бойынша оқулықтардан тұрады.

Білім ордасы өз білім алушыларына арналған студенттік асхана, киім жуатын бөлме, және басқа да қажетті жағдайлары қарастырылған жатақханалары бар. Институттың оқу корпусы 1941 жылы шілде айына дейін Красноармейская көшесі №44 үйдегі әскери ведомствоның ғимаратын алды. Ал 1941 жылы Ақтөбеге көшірілген шағын әскери заводқа институт корпусының берілуіне байланысты институт жатақхана үшін салынған Сталин (қазіргі Алтынсарин) көшесі №7 үйге орналасады.

Хор үйірмесі, драмалық үйірмесі, үрмелі ішектік оркестр, спорт және денешынықтырумен айналысу студенттердің күнделікті тұрмысына айналды. Шахмат үйірмесі бойынша институт бірнеше рет жеңімпаз атанса, 1939 жылы футбол және шаңғы командалары облыс бойынша бірінші орынды, ал хоккей командасы 1940 жылы Республикалық кубокты жеңіп алды [4].

Соғыстың басталған жылдары, яғни алғашқы екі жылда Отанды қорғау үшін кеңес армиясының қатарына 34 оқытушылар мен студенттер алынды. Соғыс болып жатқан аймақтардан көшіп келгендердің (эвакуация) ішінен 15 мұғалім Ақтөбе мұғалімдер институтында жұмыс істеді. Соғыс жылдарында студенттердің құрамы азайды. Көшіп келгендердің ішінен жоғары оқу орындарында оқып жүрген 15 студент институтта өздерінің білімдерін

жалғастырды. Ақтөбе мұғалімдер институтынан Ұлы Отан Соғысы жылдары әскер қатарына алынғандар Отан алдындағы борыштарын абыроймен атқарды. Үкіметтің марапаттарына ордендер мен медальдарына ие болып, Кеңес Одағы Батыры атағын алғандар да болды. Соның бірі Қожабай Жазықов (1945 ж.) алды. Ақтөбе педагогикалық училищесін бітірген, бастауыш мектебінің мұғалімі 1942 жылы Қызыл Армия қатарына шақырылған кіші командирлік құрам мектебін тәмамдаған. Соғыстан кейін Ақтөбе Ақтөбе педагогикалық институтына түсті. Мектеп мұғалімі, директоры, білім бөлімінің меңгерушісі, аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары болды. 1998 жылы Ақтөбе қалалық мәслихатының шешімімен Донский көшесін Қожабай Жазықовтың есімімен атап, батыр атағына құрмет көрсетіп есте қалдырды [5].

Ұлы Отан Соғысы аяқталғаннан кейінде Ақтөбе мұғалімдер институты негізгі және орта мектептер үшін мұғалімдер даярлау бағытындағы жұмыстарын жалғастыра берді.

Институттың оқу корпусы болмай, біраз қиындықтар көрді. 1945 жылы тамыз айындағы облыстық атқару комитетінің шешімімен Дзержинский (қазіргі Қобыландин) көшесі, №2 Ақтөбе педагогикалық техникумының оқу корпусы институтқа беріледі.

1945 жылы қарашада Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі президиумының шешіміне сәйкес институтқа Қазақ КСР-не еңбек сіңірген Мәдениет қайраткері, ақын жерлесіміз Нұрпейіс Байғаниннің есімі берілді.

Соғыстан кейінгі жылдары Қазақ КСР Үкіметі қазақ жастарының арасынан, әсіресе қыздарынан, мұғалімдер даярлаудың жоспарларын жасады. «Қазақ ССР-інде арнаулы және жоғары білім беруді дамыту туралы» КСРО Министрлер Кеңесінің 1947 жылы 16 қарашадағы №3801 қаулысымен Ақтөбе мұғалімдер институты Н. Байғанин атындағы қыздар педагогикалық институты болып қайта құрылды. Бұл республикадағы қазақ қыздарына жоғары білім беретін екінші жоғары оқу орны болды. Бұған дейін 1944 жылы Алматыда мемлекеттік қыздар институты ашылған болатын.

Н.Байғанин атындағы қазақ қыздар мұғалімдер институтының директоры болып әр жылдары Ж.А.Алимбаев (1948 жыл тамыз – қазан), З.М.Баймұхамедова (1948 жыл қазан – 1952 жыл мамыр), Х.Ж.Науанов (1952 жыл мамыр – қыркүйек), Қ.Б.Балниязова (1952 жыл қыркүйек – 1954 жыл тамыз) қызмет атқарды.

Жаңадан ашылған институтқа Қазақстан Үкіметі ерекше көңіл бөліп, оқу ғимаратын жоспарлап, салып беруді жүзеге асырды. Ол корпус 1956 жылы пайдалануға берілді. Қазіргі кезде Әйтеке би көшесіндегі бұл оқу корпусында Қазақ-Ресей халықаралық университеті орналасқан.

Жаңа ғимарат оқу кабинеттері, 120 орындық жатақхана және асханамен жабдықталды. Оқу ғимараты құрылысының жобалық-қаржылық құжаттарын әзірлеуде Одақ, Республика және облыс басшыларының алдына дер кезінде мәселе қойып, оның жүзеге асырылуына зор еңбек сіңірген Баймұхамедова Зиада Мырзагелдіқызы болатын [6].

1947-1948 жылдары тарих, тіл және әдебиет, физика-математика факультеттері (орыс-қазақ бөлімі) болса, 1950 жылы жаратылыстану-география факультеті ашылды. 1945-1946 оқу жылында 245 студент болса, 1951-1952 оқу жылында 294 студент, 29 оқытушы болды. [7].

1948-1949 оқу жылында оқытушылар құрамы жасақталып, Қазақ КСР Ағарту Министрлігінің жолдамасымен іргелі оқу орындарын бітірген білікті жастармен толықтырылды. Институттың тарих, тіл және әдебиет, физика-математика факультеттері алғашқы оқу жылында 267 студент қабылдады.

Директор Баймұхамедова Зида Мырзагелдіқызы кезінде институтта жалпы тарих және КСРО тарихы, маркстік-лениндік, қазақ тілі және әдебиеті, орыс тілі және әдебиеті, педагогика оқу кабинеттері мен бір лаборатория жұмыс жасап тұрды. Оқу жоспарында факультатив (қосымша) пәндері, оның ішінде музыка және ән сабағы, тігін және тігу сабағы болды. Институт республиканың орталау және орта қазақ мектептерінің 5, 6, 7 сыныптарына арнап мұғалімдер даярлады. Көптеген пәндер қазақ тілінде жүргізілді. Тек барлық оқу жоспарының 5 %-ын ғана алатын орыс тілі мен әдебиеті сабағы барлық факультеттерде орыс тілінде өткізілді [8].

Институтта оқитын студент қазақ қыздары толық мемлекет қарамағында болды, тегін тамақтанды. Жатақхана мәселесі шешіліп, жағдайлары біршама жақсарды.

Елімізде жоғары оқу орындарының бірі болып ашылған институт өзінің тарихи даму барысында өңірімізге жоғары білікті мамандар даярлап, білім беру саласына өз үлесін қосты.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Нурышев Г.Ж., Султанғалиева Г.С., Шалабаева Д.Н. История высшего педагогического образования в Актобинского области.-Актобе, 2006.-188с.
2. Ақтөбе облысы мемлекеттік архиві (АОМА.), 13 қор, 5- тізбе. 388 іс.
3. Нағымова М.М. Жоғары оқу орындарының оқу-тәрбие үрдісіне элективті тандау курсының енгізу мәселелері//М.Өтемісов атындағы БҚМУ Хабаршысы №2 (50). – Орал, 2013.-338б.
4. АОМА, 13 қор, 1-тізбе, 388-іс.
5. Нурышев Г.Ж., Султанғалиева Г.С., Шалабаева Д.Н. История высшего педагогического образования в Актобинского области.-Актобе, 2006.-188с.
6. Ниязбаев К.А., Кенжебаев К.К., Бекбауова А.У. Парасат биігінде. – Шымкент: «Жебе» баспаханасы, 2016.-252 б.
7. Тәжібаев М. Қ. Ақтөбе облысының тарихы /1864-1991/- Ақтөбе, 1999.-280б.
8. АОМА, 13 қор, 3-тізбе.

#### **Ресей империясы салық саясатының кейбір мәселелері**

**Абенова Б.С. Көлдеева Ж.**

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің

Ресейдің империялық салық саясаты қазақ даласындағы әкімшілік-территориялық басқаруды жеңілдетудің және саяси-экономикалық тұрақтылық орнатудың көзі болып табылды. Осыған байланысты, қаржылық тұрғыдан Орынбор өлкесі қазақтарын басқару шығынын патша чиновниктері жергілікті салық жүйесімен реттеуге тырысты. Қазақ қоғамында қалыптасқан негізгі шаруашылықтар мен халықтың тұрмыстық жағдайын патша үкіметінің пайдасына шешу, яғни қазынаны толтыру көзделді.

Реформалық кезеңнен бұрынғы қазақ қоғамындағы алым-салық құрылымының өзіндік ерекшелігі болды. XIX ғасырдың басында қазақ қоғамында қалыптасқан ірі алымдардың бірі зекет болды. Зекетті жазғытұрымғы мезгілде жылына бір рет хандар жинады, оның құны мал санына байланысты анықталды. XVIII ғасырдың соңында зекет кірістің 0,1 немесе 0,4 бөлігін құрады, нақтырақ айтатын болсақ, жүз қойдан 1 қой немесе екі жүз бас ірі қарадан 1 бас зекет ретінде төленуі тиіс болды.

1824 жылғы Кіші жүзде хандық биліктің жойылуына байланысты зекет өз мәртебесін өзгертіп, жарлы-жақыбай мен жетім-жесірлерге ортақтастық көмек деген мазмұнға ие болды. Бұрынғы хандардың орнына енді сұлтандардың қолына көшті.

Зекет жүйелі түрде жиналып тұрды және міндеткерліктің қазақ қоғамындағы заңдастырылған түрі болды. Бұнымен бірге, «сый-сияпат» деген желеумен билеуші топтың пайдасына заттай міндеткерліктің алуан түрі жиналды. Солардың ішінде «соғым» ерекше орын алды. Қыс кезінде хандарға, сұлтандарға және ру басыларына мал түрінде жиналатын салық «соғым» деп аталды. Орынбор Шекара Комиссиясының шенеунігі д.Андре соғым жинаудың міндетін: «соғым хан немесе сұлтан бүкіл қыс бойы халықтың есебінен күн көретін болсын және басшылардың тоқ болуы үшін ордалықтардың өздері аштыққа да шыдайды дегенді білдіру үшін беріледі» [1]деп сипаттады.

Заттай міндеткерліктің екінші түрі – сыбаға – шын мәнінде, соғымның бір түрі болды. Сыбағаның соғымнан өзгешелігі сол, хандар, сұлтандар және билер мұны көктем кезінде піскен ет түрінде алды. Берілетін адамның беделіне қарай сыбаға ретінде тұтас немесе жарты қой берілді.

Аталған заттай міндеткерліктер жайында Орынбор Шекара Комиссиясының төрағасы Ладженский былай деп жазды: «Зекет, соғым, сыбаға және солар сияқты басқа да алымдар әдет бойынша хан ұрпақтарының еншісіне тиді» [2].

Сонымен бірге, сұлтандарға, билерге және ақсақалдарға жүйелі түрде берілетін сый-сияпат түрлері де болды. Мысалы, жақсы хабар жеткізгені үшін қазақтар сүйінші беруі тиіс еді. Аялдау міндеткерлігі сияқты үнемі алынбайтын бірсыпыра міндеткерліктер де кездесті.

Егер өз істерімен жүрген сұлтан немесе би жолшыбай қандай да бір ауылға біраз уақыт аялдайтын болса, қазақтар оған қой сойып, сый-сияпат көрсетуге міндетті болды. Жазылмаған заңның күшімен, әдет бойынша сақталып қалған осынау ежелгі салт-жора кедейлерді күйзеліске ұшырататын. Өлкеде сақталып келген алымдар патша үкіметінің саяси билігінің кең таралуына байланысты жаңа міндеткерліктермен толықтырылды. Атап айтсақ, малы үшін, отын пайдаланғаны үшін, жалданғаны үшін, тағы басқа да түрлері көп. Орыс отаршылдары қазақ жерлерін жаппай басып алуды ендігі кезекте салық салу және елді тонау жолдарымен жалғастырды.

1806 жылдан бастап билеттік ақы жиналып, кейін, XIX ғасырдың басынан ортасына дейін заңды міндеткерлік ретінде бекітілді.

1820 жылы 12 сәуірде Орынбор шекара Шебінің тұрғындарына қызметшілікке жалданатын қазақтардан да алым жинау бекітілді. Жалданған әрбір байғұстан айына алынатын мұндай алым 50 тиын. Оның қаржылық қорының жыл сайын өсіп отырғанын төмендегі кестеден көруге болады[3]:

Кесте 1.2.1

Жұмысқа жалданған қазақтардан жиналған алым

1820 жылы 11924 рубль 00 тиын

1825 жылы 22892 рубль 30 тиын

1830 жылы 27228 рубль 26 тиын

1835 жылы 45116 рубль 64 тиын

1836 жылы 48104 рубль 55 тиын

Билет жүйесін енгізу қызығушылығының артқаны соншалық, оған қазақтарды мейлінше мол тартып, кедергісіз билет беру мәселесі көтерілді. Шамамен оның жылдық көрсеткіші 2212,9 рубльге өсіп отырғанын байқауға болады.

Үкімет үшін бұл қазынаны толтырудың өте тиімді көзі болды, сонымен бірге, барлық станицалық шенеуніктер арзан жұмыс күшімен қамтамасыз етілді. Каспий теңізіндегі балық аулау кәсіпшілігінде, тұз өндіру мен ағаш кесу саласында да арзан жұмыс күші кеңінен пайдаланылды. Бұл шарадан түсетін табыстың маңыздылығын Орынбор Шекара комиссиясының төрағасы Ладыженскийдің 1838 жылдың 7 мамырындағы кедей қазақтарды жұмысқа жалдануға барынша қызықтырып отыру және оларға билетті «өздері талап еткен бойда-ақ әрқашан еш кідіріссіз беру» [4]қажеттілігі туралы берген арнайы нұсқауы дәлелдейді.

Шөп маңындағы аудандарда жатақтар көп болды. Олар жыл бойы қыстауда қалып, станица казактарына жалданған. Олар казактар үшін қысқа отын дайындады, егіндік жерді, бау-бақшаны өңдеді, шөп шапты, мал бақты, балық аулау кәсіпшіліктерінде жұмыс жасады. Осының бәріне жатақтар бар болғаны айына 3 рубльден аспайтын ғана күміс ақша алды [5].

Жерді, тұз кенін, Каспий теңізіндегі, Жайықтағы, кейін Сырдария, Ырғыз, Торғай, Тобыл өзендеріндегі және Арал теңізіндегі балық өндірісін оброктық күтімге бергені үшін ерекше алым тағайындалды. Үкімет орман байлығын, өзен тоғандарын және жер қойнауы байлығын монополиялап алып, оларды жергілікті қазақ халқын аяусыз қанаудың құралына айналдырды.

Жұмысқа жалданушылар арасына билет жүйесін енгізу зор табысқа жеткені анық. Елдегі ауыр жағдай, халық шаруашылығының әлсіреуі нәтижесінде кедейлену процесінің өсімі, басым көпшіліктің жерінен айрылуы оның кең қанат жаюына жол ашты. Өзен-көл маңында берік орнығып алған казак әскерлерінің балық аулау кәсіпшілігіне, орман шаруашылығына жалданушылық шекара маңындағы қазақтардың мол тартылуына әкелді.

Жергілікті қызметке жіберілген дистанциялық бастықтар алым-салықтар жөнінде нақты есеп жүргізіп, ай сайын Шекара комиссиясына мәлімет беріп отырды. Олардың басым көпшілігі мал-мүлкінен ада болған байғұстар қатарынан құралды.

XIX ғасырдың ортасынан бастап жұмысшы ретінде шепте тұрғандығы үшін қазақтардан билет ретінде 15 тиын плакаттық салық жиналды. Одан түскен түсім Әскери Министрлікке беріліп, Орынбор кадет корпусының капиталын толықтырды. 1837 жылғы мәліметтер бойынша ол 13130 рубльді құрап, 1847 жылы 13871 рубль көрсеткішті құраған. Демек, плакаттық алым, әдетте, орташа деңгейде сақталып отырды.

1844 жылғы жаңа Ереже негізінде адал және өзін ісімен көрсеткен тұлғалаға арналған зейнетақы капиталы ұйымдастырылды. Зейнетақы мөлшері жылына 1000-800 рубльді құрады [6]. Ол негізінен қызметте болған ақсүйек өкілдерінің еншісіне тиді. Бұл зейнетақы қорының негізгі көзін айыптан түскен ақы құрады. Уақытынан асып кеткен билеттерден алынған айып – 30 тиын (айына) тұрады.

Отарлық әкімшілік шенеуніктері: «Енді, уақыт өте келе, ол халықты басқару шығынын тоқтатып, бұрын жұмсалған шығынды қайтаруға және мемлекеттік қазына үшін жаңа тұрақты кіріс көзін ашуға мүмкіндік туып отыр» [7]деп, масайрады.

Орынбор әкімдері қазақтың қалтасын қағып, қазына қаржысын арттыру жолдарын және көзін таба білді. Жұмысшылар қатарын толықтырғандарды тонау бір ізге салынып, жер өңдеп, отырықшылыққа бет бұрған тұрғындар да алым төлеуге міндеттелді. Жер жыртқаны үшін бір десятинаға 1 рубль 50 тиыннан 3 рубльге дейін ақы төленді [8]. Дәстүрлі мал шаруашылығын отырықшылықпен ауыстыру барысында жерлердің босап қалуымен қоса, жаңа алым көзін ашуға жалғасқан «игі істер» империяның мәртебесін арттыра түсті.

Қаптаған бекіністердің салынуымен қазақ жерлері Орынбор казак әскерлерінің құрамына енді, ал өздері даланы ішкерілей ығыстырылды. Заңдастыру процесінің қарқын алғандығы соншалық, тіпті, қазақ енді бұрынғы өз жерінде арендаторға айнала бастады. Қоғамдық процестер шаруашылықты бірден түгелдей өзертп жібере алмады.

Орын алған әкімшілік-территориялық қайта құрулар тұсында негізгі көшу бағытын сақтап қалу қиындықтар туғызды. Олардың бір бөлігі үкіметке өтіп, кейбірі отырықшы мекенге айналды. Сөйтіп, мал жайылымының еншісінде құнарсыз қу мекендер қалды. Қазақтарға тартып алынған жерлерді бір мезгіл жайлағаны үшін оны жалдауға тура келді.

Қазақстан аумағына орналастырылған казак шептерінің маңында көшіп-қонғаны үшін алынған салықпен қатар шептің ішкі бетіндегі жайылымға мал өткізуде «ұсақ малға 2 тиын, мүйізді малға 5 тиын, ал жылқы мен түйеге 10 тиын ассигнациясымен» [9] ақы төлеуге тиіс болды. Тіпті, патша қазынасының мөлшерін өсіру мақсатында салық көлемін өсіру жүргізілді. Кейбір деректер бойынша «әр қойға 2 тиын, түйе басына 25 тиын» [10] салық салынды. 1837 жылғы Орынбор шекара комиссиясының төрағасының жарлығымен жылқыға – 9 мүйізді ірі қараға – 6 қой мен ешкіге – 3 тиын төлем белгіленді [11]. Сөйтіп, біріншіден, қазақтың жері тартып алынды; екіншіден, сол жерін жалдауға мәжбүр болды. Тек үш жылда, 1837-1839 жылдары ғана көшіп-қонғаны үшін қазақтардан 60078 рубль ақша жиналды [12].

1835 жылдың ортасынан бастап шеп аралығында қалғысы кеген қазақтар шептің ішкі жағындағы жерлерде тұрғаны үшін берілетін билеттің орнына жылына белгілі бір мөлшерде ақы төлеуге міндеттелді. Бұл ақы олар көшіп-қонып жүретін жер кеңістіктеріне сәйкес есептелуі керек еді. Олар шеп тұрғындарына немесе шаруашылығына кедергілер келтірер болса, шеп тұрғындарынан осы мазмұнды шағымдар түскен жағдайда, уақыт созбастан-ақ, оларды қайтадан далаға шығырып салу, яғни бұрынғы өзінің жерінен қуып шығару губернаторларға нықтап тапсырылды. Оның орындалуы құжаттық негізде есепке алынып отырды.

Толып жатқан алым-салық әбден діңкесін құртқан қазақтар жиі-жиі өз балаларын құлдыққа беруге мәжбүр болған. 1809 жылы заң арқылы қазақ балаларын дворян еместердің де сатып алуына рұқсат етілді. XIX ғасырдың басында Атырауда бір айда ғана 100 қазақ баласын сатқан. Ұл баланың құны 4-5 қанар қара бидай ұнына, қыз баланың құны 3-4 қанар қара бидай ұнына бағаланған.

Орталық өкімет алым-салық арқылы өлкені қанаудың нәтижелі формасы ретінде түтін салығын жүзеге асыруды жоспарлады. Түтін салығы 1837 жылы енгізілді. Басында тек шеп маңындағы қазақтарға салық салынатын болып ұйғарылды. Үкімет бұйрығында: «Орынбор облысы қырғыздарына жалпы қолданысқа берілген және мемлекет қарамағындағы жерлерде көшіп-қону құқығы үшін олар жылына әр үйден, яғни әдеттегі қыстауларда орнатылған жертөлелер мен киіз үйлерден 1 сом 50 тиын күміс төлейді» делінген [13]. Бірақ, Орынбор әкімшілігі бұл міндеткерлікті, жоғарғы заңдық ережені бұзушылық бола тұрғанмен, далалық «Жайықтың арғы беті» қазақтарына да таратты.

Әрбір үй басының төлеуге тиісті төлемақысы, жоғарыда көрсетілгендей, 1 рубль 50 тиынды құрады. Сөйтіп уақыт созбастан-ақ, жалпыхалықтық міндеткерлік заңдастырылды. Тұрғындар саны басым Кіші

жүзге енгізілген бұл салық Ресей империясының қазақтарды салық саясаты арқылы отарлау мақсатын ақтады деп айта аламыз.

Түтін салығын дистанциялық бастықтар мен ауыл басшылары жинады, ал жиналған салық билеуші сұлтандар арқылы Шекара комиссиясына өткізіліп тұрды. Түтін салығының қазынаға дұрыс түсуіне билеуші сұлтандар өз бастарымен жауап берді. Өйткені, салықты жинау кезінде паракорлық және басқа да теріс әрекеттер кеңінен өріс алған.

Түтін салығын халық түгел төледі, олардың қатарында билеуші сұлтандар да бар. Шотай Бақыткереевтің бір хатында «әр жыл сайын біз өзге қазақтармен қатар көшіп-қонғаны үшін 1 сом 5 тиын күміс ақша төлейміз» деп мойындағаны [14] мәлім. Билеуші сұлтандардың бұл алымнан арылуға талпынысына рұқсат берілмеді. Мемлекеттік салық болып табылып, патша тарапынан бекітілді. Үкіметке қиындық туғызған үй санының нақты мәліметін алу болатын. Осы жайттар оның, кейінірек, 1844 жылғы Ереже арқылы бекітілуіне негіз болды. Халық санағын жүргізуге Орынбор әкімшілігінің мүмкіндігі болмады, сондықтан, ол істі билеуші сұлтандарға жүктеді.

Отарлық үкімет түтін салығының орнына көбіне халықтан заттай алым алып отырды. Түтін салығын төлеу үшін кейде әр түтін 6-8 пұттан бидай беретін болды, ол кезде ұнның бір пұты жәрмеікеде 20-30 тиын тұратын.

Көпшілік жағдайда, халық арасында ақша айналымының тар ауқымына байланысты салық малмен төленді, бұл жалпы салық түсімін есептеуде кейбір сәйкессіздіктер туындатты. Орынбор Шекара комиссиясына түскен хабарда «Орданың Шығыс және Батыс бөлігінің қазақтарынан түтін бас салығы үшін бір-бір қойдан алынады; қазақтарда ақша болмағандықтан есесіне ең тәуір деген қой алынады» делінген [15].

Мысалы, дистанция бастығы Асфендияр Сүйеуғалин шөмекей, төртқара руларының қазақтарынан түтін салығы деген сылтаумен мүйізді ірі қара алған. Жанқожа Нұрмұхамедов басқарған бес рудың қазақтары Орынбор губернаторына хат жазып, осы дистанция бастығын дереу орнынан алып, ісін сотқа беруді талап еткен. Ақырында, ол түтін салығын жинаудан аластатылған. Мұндай жағдайлар қазақ өлкесінде көп кездесетін әрекеттер еді.

Түтін салығын заттай жинау, әсіресе, кедей қазақтардың жанына қатты батты. Орынбор Шекара комиссиясының төрағасы өзінің бір мәлімдемесінде: «Орданың Шығыс және Батыс бөліктерінің қазақтарынан түтін салығы үшін бір-бір қойдан алынады; қазақтарда ақша болмағандықтан, есесіне ең тәуір деген қой алынады» [16] деп жазды.

Түтін салығын заттай алудың салдарынан өсімкорлыққа жол ашылды. Салық жинаушылар, билеуші сұлтандар, дистанциялар бастықтары салық есебінен жиналған малды, астықты және т.б. сатып, қазынаға ақшалай

төлеп отырды. Сатудан түскен қаржы мен түтін салығының мөлшерлері арасындағы айырма жоғарыда аталғандардың қалталарына түсіп жатты.

Орынбор Шекара Комиссиясының толық емес есебі бойынша 1837-1846 жылдар аралығында тек Торғай даласы қазақтарынан түтін салығы ретінде 572344 рубль күміс ақша жиналды.

Шеп маңындағы жерлерде көшіп-қонатын Орта жүз рулары әрбір 100 бас малға бір бастан алым төледі, сәл кейін бұндай алым алыстағы қазақ ауылдарына да тарады. Орта жүз қазақтары бұдан басқа ясақ деп аталатын тұрақты салық – заттай төлем төлеп тұратын.

Аталған міндеткерлік Орынбор ведомствосы қазақтарының жерін толықтай меншіктей алмаған әкімдердің салық салу әрекетін жүйелендіруге басқан қарқынды қадамы болды. Әскери-полицейлік қысым әдістерінен соң енген алым түрі империя қазынасын мол пайдаға әкелді.

Қазақ тарихында бұрын болмаған бұл түтін басы салығының өлкеге айтарлықтай қарсылықсыз енгізілуі Орынбор әкімшілігінің қалдырды. Заңдық күшіне ие болған алғашқы жылдың өзінде 15 мың түтіннен жиналған түтін салығы 23254 рубль 67 тиын күміс ақшаны құрады [17]. 10 жылдан соң 4 есе - 93570, ал 20 жыл өткесін 2 еседей - 178771 рубль күміс ақша болып өсті. Сөйтіп, түтін салығы чиновниктердің басты үмітін толықтай ақтап шықты.

Дистанциялық және жергілікті бастықтар 1844 жылғы Ережеге дейін төлемақы алмай келгенмен де, жерді пайдаланғаны үшін түтін басынан салық жинау барысында пайда табуға ұмтылды. Осылайша, салық жинауда казактар, орыс әкімдері және қазақ билеуші сұлтандары тұрғысынан қиянат жасаушылар мен салықты асыра сілтеудің орын алуына жол берілді. Әрине, мұндай салықтың енгізілуі дұрыс еместігі айқын, ал, үкімет, казактар үшін жердің маңыздылығын басты назарға ала отырып, шынайы аңғармаған кескін танытты. Ол жемісті нәтиже әкелді.

Жалпы, халықтың бұл міндеткерлікті қарсылықсыз қабылдауы оның жерінен айрылып, зәрулік күйге түскен кезімен пара пар келгендімен түсіндірілсе керек. Қалған жерін сақтап қалу, тартып алуға жол бермеу мақсатында оған ақы төлеуге де әзір болды.

Сайып келгенде, қазақ қоғамын қайта құру барысында Ресей үкіметі мейлінше мол ақша жұмсағандығын сан мәрте қайталағандығымен, империялық озбырлық саясат оның есесін қазақтың өз қалтасынан алып отырғаны ақиқат. Патшалықтың құйтырқы саясатының салдарынан қазақ халқы сан мәрте жапа шекті. Жерінен айырылып жетімсіреу үстіне, еңбекпен тапқан табысын, күнкөріс малын тонады.

Отарлық аппарат тарапынан қазақ ақсүйектерін сыйлық, марапаттарымен өзара қарсы қойып, іштей ірікті сала келе оны бөлшектеудің амалдарын қолданды. Жалпыресейлік жүйеге негізделген жүйе жоспарын жасап, 1824 және 1844 жылдардағы реформалар негізінде Орынбор өлкесі қайтадан жобаланды. Кіші жүз халқы заңдық топтамалар негізінде қол-аяғынан маталды. Әр басқан қадамы таразыға түсті.

Патша үкіметі қазақ халқын тонау арқылы қазына қаржысын толықтырды. Осылайша, орыс отаршылары жан-жақтан нақтыланған әкімшілік тәртіптерімен Орынбор өлкесіне батыл ене берді.

#### **Пайдаланылған деректер мен әдебиеттер:**

1. Крафт И.И. Принятие киргизами русского подданства //Известия Ор.отд. ИРГО. -Вып.12. - Оренбург,1897. -59 с.
2. Крафт И.И. Принятие киргизами русского подданства //Известия Ор.отд. ИРГО. -Вып.12. - Оренбург,1897. -59 с.
3. Бекмаханов Е. Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында (Оқу құралы) –Алматы: «Санат», 1994. – 416 б.
4. Крафт И.И. Принятие киргизами русского подданства //Известия Ор.отд. ИРГО. -Вып.12. - Оренбург,1897. -59 с.
5. Бекмаханов Е. Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында (Оқу құралы) –Алматы: «Санат», 1994. – 416 б.
6. Асфендияров С.Д. История Казахстана (с древнейших времен), 2-е изд. (Под ред. профессора А.С.Такенова). –Алматы, 1993. –304 с.; Прошлое Казахстана в источниках и материалах /Под ред. проф. Асфендиярова С.Д. – 2-е изд. –Алматы: Қазақстан, 1998. –350 с.
7. Бекмаханов Е. Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында (Оқу құралы) –Алматы: «Санат», 1994. – 416 б.–Б. 142.
8. История Западного Казахстана в трудах русских исследователей. Сборник материалов /Сост.: Абенова Б.С., Абенов Д.К. –Актобе, 2006. –222 с.
9. История Западного Казахстана ... –С. 74.
10. Бекмаханов Е. Қазақстан ... –Б. 144.
11. Бекмаханов Е. Қазақстан ... –Б. 145.
12. Жиренчин К.А. Политическое развитие Казахстана в XIX-начале XX веков. –Алматы: Жеті жарғы, 1996.–С.45.
13. Бекмаханов Е. Қазақстан ... –Б. 90.
14. Мұқтар Ә. Тарих тұңғығындағы тұлғалар (XVIII-XIX ғғ.). –Алматы: «Арыс» баспасы, 2008. –240 б.–Б. 161.
15. Мұқтар Ә. Тарих тұңғығындағы ... –Б. 161.



**№ 7 СЕКЦИЯ**  
**«ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ДАМУЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ**  
**МЕН БОЛАШАҒЫ»**

**СЕКЦИЯ № 7**  
**«СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКИХ**  
**ИССЛЕДОВАНИЙ»**

---

**ФОРМИРОВАНИЕ НАУЧНОГО МИРОВОЗЗРЕНИЯ У ШКОЛЬНИКОВ**

**Ермеқбаева А.Т. – доктор PhD, старший преподаватель,**  
**Тургунбаев М. – студент 4-курса специальности Биология**  
Аркалыкский государственный педагогический институт имени Ы.Алтынсарина

Научное мировоззрение – это единая система философских, научных, нравственных, политических, правовых, эстетических понятий, взглядов, убеждений, которые определяют отношение человека к себе и окружающей среде. Проблема формирования научного мировоззрения рассмотрена в трудах многих педагогов (Т.К.Ахаян, Ш.П.Балавадзе, В.Н.Жукова, В.Р.Ильченко, Г.Г.Кириленко, В.М.Медведев, В.Н.Мошанский, Н.Г.Огурцов, Р.М.Рогова, И.В.Сысоенко, Ю.Ф.Фоминых, В.Г.Школьник, Г.И.Школьник, В.С.Шубинский) и психологов (Л.И.Анциферова, Г.Е.Залесский, Л.В.Никонорова), а также в работах, посвященных методике обучения биологии (Н.Д.Андреева, Е.П.Бруновт, Н.М. Верзилин, А.Я.Герд, И.Д.Зверев, Б.Д. Комиссаров, А.Н. Мягкова, В.В. Половцов, Н.А.Рыков, В.П.Соломин, А.М. Цузмер, К.П. Ягодовский и др.) [1, с.64-66].

Достоверные идеи, знания, теоретические концепции, предположения объясняющие явления природы и общества принятые человечеством называется взглядом, они считаются основоположниками ориентиров в поведении, деятельности, взаимоотношениях.

Формирование и утверждение убеждений личности основываются на взгляды индивида. Тем самым убеждение – это психическое состояние индивида, оно характеризуется устойчивыми взглядами, уверенностью в правильности собственных мыслей, совокупность знаний, идей, концепций, стратегий, теорий, гипотез, в которые поистине человек верит.

Человеческие чувства являются неотъемлемой частью его убеждений - отражение действительности в которой показывается устойчивое отношение человека познающим существам и явлениям. Воплощение мировоззренческих убеждений в жизнь, их отстаивание и защита человека которое он переживает эмоционально является доказательством всего происходящего [2, с.45].

Кроме того существует теоретическое мышление, оно является важным элементом мировоззрения – способность анализировать, синтезировать, сравнивать, делать выводы. Теоретическое мышление дает возможность творчески осмысливать знания, расширять кругозор. Человеческая воля считается составляющей мировоззрения, это сознательная саморегуляция человеком своего поведения и деятельности, регулирующая функция мозга, заключающаяся в способности активно достигать поставленной цели, преодолевая внешние и внутренние препятствия. Реализуя мировоззренческие идеи в практической деятельности, человек проявляет волевые качества, такие как целеустремленность, решительность, принципиальность, самообладание.

Для формирования научного мировоззрения у школьников необходимо правильное понимание прошлого и современного мира, единое видение его

научной картины. Научное мировоззрение школьников определяется эффективным усвоением понятий, законов, теорий, готовностью отстаивать свои взгляды, целеустремленностью в своих учебных действиях. Определяющая роль в поведении человека подчеркивал В. Сухомлинский: «Убеждение - это не только осознание человеком истинности мировоззренческих и нравственных понятий, но и личная ее готовность действовать согласно этих правил и понятий. Убежденность мы наблюдаем тогда, когда деятельность человека мотивируется мировоззрением, когда истинность того или иного понятия не только не вызывает у человека сомнений, но и формирует ее субъективное состояние, его личное отношение к истине» [3, с.8].

Учебный процесс в школе возлагает огромные возможности формирования научного мировоззрения. Каждая наука занимается исследованием закономерностей явлений определенной области объективного мира и соответственно, каждый учебный предмет вносит свой вклад в формирование научного мировоззрения школьников. Предметы естественнонаучного цикла способствуют формированию системы знаний и понятий о явлениях, процессах, закономерностях в природе, воспитывают активное и бережное отношение к ней. Соответственно, изучение гуманитарных и общественных дисциплин дает возможность школьникам ознакомиться с развитием цивилизаций.

Каждый учебный предмет является составляющей единого целого в формировании мировоззрения. Если учитель хорошо владеет не только своим предметом, но и смежные учебные дисциплины, тогда в процессе обучения он может успешно формировать мировоззрение школьников. Данный факт позволяет раскрыть научную

картину вселенной, его целостность. Согласитесь сформировать научное мировоззрение школьников средствами одного учебного предмета невероятно и нереально [4, с.301].

Во время изучения дисциплин естественнонаучного цикла школьникам раскрывается естественно-научная картина мира, общественных наук - закономерности общественного становления и развития, трудовое и производственное обучение, развитие экономических отношений. Усвоение информации данных областей наук способствует формированию единого научного мировоззрения у школьников.

Превращение знаний и умений на научно-мировоззренческие установки и убеждения связано с формированием у учащихся системы отношений к окружающей среде и к самому себе, которое формируется в процессе деятельности личности. В связи с этим формирование научного мировоззрения создает условия в которых школьник мог реализовать свое отношение к событиям, явлениям, оценивания и высказывая свое мнение. Это способствует формированию единства слова и дела, мировоззрения и поведения, активной жизненной позиции.

Школьная внеклассная воспитательная работа выполняет соответствующую роль в формировании научного мировоззрения у школьников. Школьные воспитательные мероприятия обогащают обучающихся общими и научными мировоззренческими понятиями, знаниями и представлениями, идеями и теориями, способствуя реализации собственных взглядов и убеждений.

Активная внеучебная деятельность позволяет выявлять и корректировать ошибочные мировоззренческие взгляды и убеждения, отклонения от норм поведения. Важную роль в формировании научного мировоззрения школьников выполняет социальная и профессиональная позиция педагога. Глубокая убежденность в сочетании с высоким профессионализмом, умение реализовать мировоззренческий потенциал своего предмета и организовать разнообразную деятельность для проявления школьниками своих мировоззренческих позиций является важным условием формирования их научного мировоззрения.

Ниже представляем факторы, влияющие на эффективность умственного воспитания:

- умение учителя выявить в учебном предмете мировоззренческие утверждения, идеи, законы, закономерности, концепции и реализовать их в процессе обучения;
- соблюдение учителем принципа внутрипредметных и межпредметных связей;
- овладение школьниками анализом, синтезом, сравнением, обобщением, умением аргументировать свои мысли, защищать свои мировоззренческие позиции;
- привлечение школьников к активной общественной деятельности с целью укрепления единства мировоззрения и поведения;
- своевременное корректирование изменений в сознании и поведении школьников;
- соответствие мировоззренческой позиции учителей и родителей потребностям общества.

В завершении, об уровне сформированности научного мировоззрения свидетельствуют ответы учащихся из мировоззренческих вопросов на уроках, их деятельность и поведение в различных проблемных ситуациях, сравнительные данные наблюдений учителей, родителей и других участников педагогического процесса, специальные собеседования, обсуждение моральных и других проблем.

#### **Использованные источники:**

1. Морозова М.И. Формирование научного мировоззрения у учащихся при обучении общей биологии: Автореф. дис. на соиск. ученой степ. канд. пед. наук. – Санкт-Петербург, 2012. –С.64-66.
2. Андреева Н.Д. Система эколого-педагогического образования студентов-биологов в педагогическом вузе. Монография. - СПб: Изд. РГПУ им. А.И.Герцена, 2000. – С.45.
3. Грачева В.И. Педагогические условия формирования экологических убеждений как компонента научного мировоззрения учащихся: Автореф. дис. на соиск. ученой степ. канд. пед. наук. - М., 2001. – С.8.
4. Сериков В.В. Личностный подход в образовании: концепции и технологии. - Волгоград: Изд. ВГТШ, 1994. – С.301.

## **ЖОҒАРЫ МЕКТЕПТІҢ ЗАМАНАУИ ОҚЫТУШЫСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ КӘСІБИ-ТҰЛҒАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Тұтқабай Г.М.**

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті

Қазіргі қоғам техниканың, ғылымның прогресіне, әлеуметтік қатынастардың сипатының өзгеруіне байланысты әрбір тұлғаға барынша жоғары талаптар қояды. Бұл кез-келген маманның дайындығын үнемі дамыту және жетілдіру қажеттілігін тудырады. Леонтьева А.Н. анықтамасы бойынша, тұлға қызметте қалыптасады. Оқытушы үшін бұл педагогикалық қызмет болып табылады, оны игеру кәсіптік оқыту кезеңінде басталады. Педагогикалық мақсатты бағытталған қызмет қажетті кәсіби-тұлғалық қасиеттерді «тудырады», содан кейін кәсіби еңбектің табысты болуын қамтамасыз етеді.

Жоғары оқу орнында білім берудің өзекті мәселесі болашақ мамандардың құзыреттілігін қалыптастыру туралы мәселе болып табылады. Менің мақалам үшін, болашақ маманның құзыреттілігі және оның ЖОО-да қалыптасу факторлары туралы оқытушылардың түсініктерін зерттеу маңызды болды. Өйткені, педагог, оқытушы педагогикалық мақсаттың жолсерігі болып табылады.

Қазіргі қоғам жоғары мектептің алдына болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін ғана емес, сонымен қатар ұжымдағы жұмысқа, әріптестермен кооперацияға, кәсіби қызмет процесінде даулы жағдайлардың алдын алу мен конструктивті шешілуіне қабілетін қамтитын жалпы мәдени міндеттерді; күрделі және экстремалды жағдайларда психологиялық орнықтылықты көрсету; өз қызметін және психологиялық жағдайын оңтайландыру үшін эмоциялық және когнитивті реттеу әдістерін қолдану қабілетін; оңтайлы ұйымдастырушылық-басқару шешімдерін қабылдау қабілеті болуын талап етеді[1].

Қазіргі заман ЖОО оқытушысы бір мезгілде педагог, тәрбиеші, студенттердің қызметін ұйымдастырушы, кәсіби және жеке өмірде геймификатор және жаттықтырушы, зерттеуші және кәсіби дағдының инженері, психолог және тәлімгер, көшбасшы болып табылады. Ол үнемі өзінің кәсібилігі мен педагогикалық шеберлігінің деңгейін жоғарылатады, жаңа шығармашылық ізденісті жүргізеді. Оқытушы студенттерге толық көлемде мықты және терең білім беруге, оларды тәжірибеде қолдануға үйретуге бағыттайды.

Психология ғылымы жүздеген жылдар бойы педогогиканың серіктесі болып келеді, оның себебі білім беру үрдісінде білім алушылардың психологиялық ерекшеліктерін ескеру міндетті құбылыс болып табылады.

Бәрімізге белгілі болып табылатындай, білім беру жүйесіндегі психологиялық қызметке әлеуметтік ортадағы мәдени-тарихи, ұлттық ерекшеліктер, тіпті, саяси жағдай да ықпал етеді. Бүгінгі таңдағы ғылыми-техникалық прогрестің жедел даму жағдайындағы тұлғаның жан-жақты өзін-өзі жетілдіру ерекшеліктері мен заманауи нақты психологиялық зерттеулер

нәтижесінде алынған ғылыми деректер базасы білім алушыларды оқыту және білім беруде психологияны қолдану бойынша қайта қарауға мүмкіндік береді.

Қазіргі кездегі еліміздегі жоғары білім беру саласындағы мамандарды даярлау сапасын басқару мәселелерінің бірі - ЖОО оқытушыларының жоғары тиімділігін қамтамасыз ету болып табылады. Жоғары білім беруді дамытудың қазіргі заманғы тұжырымдамасы бойынша, жоғары білім беру жүйесінің ортасында тұлға мәселесі тұратындығына меңзейді, ал оқытушы мен студент білім беру процесінің бірдей субъектісі болып табылады, яғни ежелдегі «объект-субъект» қағидасынан, «субъект-субъект» негізіне көшу орын алды. Сондықтан да, қазақстандық ЖОО-ның оқу үрдісінің психологиялық сүйемелдеуінің басты мақсаты оның қатысушыларын психологиялық қолдау болып табылады. Бұл мақсатта Х.Т.Шерьязданова, А.Р.Ерментаева, Р.Б.Қарамұратова сияқты ғалым-психологтарымыз ерең еңбек етіп, «жоғары мектеп педагогикасы» ғылымына өз үлестерін қосты. Осы еңбектерінің нәтижесінде оқытушыларға қажетті психологиялық біліктіліктер мен дағдылар, оқытушылардың сапалық ерекшеліктері көрсетілді.

ЖОО оқытушыларында қазіргі кезде білім беру барысында көптеген мәселелер туындайды, ол күнделікті эмоциялық толғаныстардан бастылып, кәсіби қажуға дейін алып келуі мүмкін. Ал, осындай өзгерістер міндетті түрде білім алушыларға өз әсерін береді. Мұндай жағдайларды алдын алу мақсатында қай пән мұғалімі болмасын, психологиялық білімі болуы міндетті және өз білім деңгейін тренингтер, өз ізденістері нәтижесінде көтеріп отыруы қажет [2].

Мектеп, университет, жұмыс, отбасы, адамдармен қарым-қатынас, күнделікті өмірде - күн сайын көптеген жағдайларды шешіп, қиыншылықтарды жеңуге тырысамыз және мұндайда психология ғылымы бізге көмектеседі. Жүсіпбек Аймауытовтың «Баланы тәрбиелеу үшін әрбір тәрбиешінің өзі тәрбиелі болу керек. Себебі, бала көргеніне еліктегіш келеді» деген ұлағатты сөзіне сүйене отырып, педагогикалық мәдениеттің ерекшелігі оқытушы өз үлгісі бойынша студенттерді ынталандыруы керектігіне куә боламыз. Шындығында, ЖОО оқытушысы әрбір студенттің зияткерлік, рухани және шығармашылық қасиеттерін қалыптастырушы маман болып табылады.

Оқытушы өзінің педагогикалық тәжірибесін әр түрлі бағыттар бойынша жетілдіре алады:

- кәсіби салада (өз пәнін білу);
- оқыту әдістемесі саласында (заманауи технологияларды, оқытудың жаңа түрлері мен әдістерін меңгеру)

[3].

Өз бетімен білім алу үшін педагог түрлі ақпарат көздерін пайдалана алады: ғаламтор желісінде әдебиет пен материалдарды зерттеу, біліктілікті арттыру курстарынан өту, семинарлар мен конференцияларға қатысу, әріптестердің сабақтарына қатысу, тәжірибе алмасу, мастер-класта оқыту. Өзін-өзі жетілдіру – қандай да бір қасиеттерді немесе дағдыларды жетілдіру мақсатында саналы, өзіндік танымдық іс-әрекет үрдісі. Оқытушының тұрақты қызметі ретінде өздігінен білім алуға:

- ғылыми-зерттеу жұмысы;
- ғылыми-әдістемелік және оқу әдебиеттерін зерттеу, тұрақты ақпараттық іздестіру, жаңа әдеби көздермен танысу;

- өз әріптестерінің сабақтарына қатысу, сабақтарды ұйымдастыру, оқыту мазмұны, оқыту әдістері мәселелері бойынша пікір алмасу кіріктіріледі.

Оқытушы өмірлік және кәсіби жолының қай кезеңінде болса да, ол ешқашан өз білімін аяқталған, ал өзінің кәсіби құзыреттілігін түпкілікті қалыптасқан деп санай алмайды. Әрбір педагог өз шеберлігін жетілдірудің ең маңызды аспектілерін өзі анықтайды.

### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Дюркгейм Э. Социология образования. – М: Интор, 1996. – 80 с.
2. Батурин В.К. Социология образования: учебное пособие. – М.: Юнити-Дана – 320 бет
3. Шерьязданова Х.Т. Программа повышения квалификации педагогов.
4. Алматы: КазГос- ЖенПУ, 2012.

*Ғылыми жетекшісі – г.ғ.к., профессор Ауезова З.Т.*

## ОҚЫТУДЫҢ БЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРІ

**Альдешова Эльмира Балгабаевна**

«Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек»  
Н.Ә.Назарбаев

Қазақстан Республикасының Білім туралы заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті-ұлттық және жалпы азаматтық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға, кәсіби шыңдалуға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасауы» делінсе, басым міндеттерінің бірі ретінде «жеке адамның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы интеллектіні байыту», -деп көрсетілген.

Егер біз жоспарлар мен іс-әрекеттерімізде жүйелілік пен іскерлікке жетсек, онда бұл міндеттерді орындау әбден мүмкін.

Бастауыш мектеп-оқушы тұлғасы мен санасының дамуы қуатты жүретін, ерекше құнды, қайталанбас кезеңі. Сондықтан бастауыш білім-үздіксіз білім берудің алғашқы басқышы, қиын да қадірлі жұмыс. Бүгін жас ұрпаққа жан-жақты білім беру, тәрбиелеу әрбір ұстаздың міндеті.

Қазіргі таңда оқу үрдісіне жаңа технологиялық әдістер мен жаңа технологиялық қондырғыларды кең көлемде қолдану мүмкіндігі бар. Сондықтан мен үшін жаңа технологияларды меңгеру менің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами қабілетімнің қалыптасуына игі әсерін тигізіп, оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыруыма көмектесті. Өйткені, мен оқыған Қазақстан Республикасының педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының үшінші (негізгі) деңгей бағдарламасының оқушыларды тәрбиелеу, дамытуға бағытталған мұғалімнің сыныптағы күнделікті жұмысы оқыту үдерісі мен оқушылардың оқу нәтижелеріне оң ықпал етеді.

Қазіргі технологияларды қолдану дегеніміз-келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына жағдай жасау. Себебі, оқушы пәнді терең түсіну қабілетін дамытып, алған білімдерін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету.

Осыдан келіп жұмыс жүйесі келесідей жасақталды:

Мақсат: Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдерді сабақтарға енгізу арқылы баланың білім сапасын арттыру.

Міндет: Жаңа сапаға ие, өзіндік дәлел-уәждерін нанымды жеткізе білетін, сыни пікір-көзқарасы дамыған, сандық технологияларда құзырлылық танытатын, ой-өрісі кең, шығармашыл ұрпақ тәрбиелеу.

Педагогикалық ұстаным: Ұстаз үйрету барысында ғана ұстаз, ал үйрету тоқтаған күні ұстаздық та тоқтайды.

Ұстанған бағыт: Оқушыларды шығармашылық жұмысқа баулу, өзара бірлесе әрекет жасау, терең және жүйелі ойлануға машықтандыру.

Білім беру әдісі: Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер, дәстүрлі емес оқыту жүйесі, сыни ойлауды дамыту технологиясы, интербелсенді әдістер.

Нәтижесі: Қазіргі заман талабына сай білімді, білікті, ой- өрісі дамыған, ынталы, сенімді, еркін, қабілетті тұлға қалыптастыру.

Сабақ үрдісінде әрқайсысының деңгейіне қарай жұмыстың түрін таңдап білім игертуді көздеймін. Сол үшін оқыту үрдісінде тиімді әдіс-тәсілдердің ерекшелігін байқадым. Сабақ үстінде тек білім беруді ойластырып қана қоймай, оқушылардың жеке бастарының қасиеттерін шығармашылық қабілеттерін дамытудың жағдайларын ойластырамын. Шәкірттерімнің шығармашылық ойлау қабілеттерін дамытуда алдымен оқушыларымыздың көңіл-күйлерінің көтеріңкі болуына көңіл бөлемін.

Әрбір сабағымды баланың жас ерекшеліктеріне сай түрлі оқыту мен оқудағы жаңа әдістерді пайдалана отырып, сабақты белгілі бір мақсатпен пәнді терең түсіну қабілеттерін дамыту арқылы оқушының шығармашылық қабілетін ұйымдастыратындай етіп өткіземін. Осыған орай өткізілген әр сабағымның басын шаттық шеңберімен бастасам, одан әрі сабақтың тақырыбын өздері шығаратындай етіп, түрлі тәсілдерді, «Жаңа сабақтың құпиясы», «Бортты шарлау», «Қалам стол ортасында», «Дайындал. Назар сал. Байқа» әдістерін алсам, мағынаны тану бөлімінде «Кір жаятын жіп», «Ой қозғау», «SWOT», кластермен жүргізем, қорытындысында «БББ» кестесі, «Менен он сұрақ», «Құс» әдістерін қолданған кезде кері байланысты оқушылардың өзі-ақ айтады. Сондай сабақтарымыздың бірі-дүниетану пәнінен «Су қоймасы өсімдіктері мен жануарлары» тақырыбында өткізілген сабағымнан көруге болады. Сыни ойлауды дамыту технологиясы әдістерінің бірі «Зерттеушілік конференциясы» әдісі. Бұл әдісті қолдану оқушыларға да, өзіме де қызықты болды. Жалпы мақсаты: «Су қоймасы» деген ұғымның

мағынасын түсіндіру, су ішіндегі тіршілік жағдайлары, өсімдіктері, жануарларының алуан түрлілігі туралы білімдерін кеңейту. Алған білімін өмірде қолдануға үйрету. Оқу нәтижесі: Сын тұрғысынан ойлауға дағдыланады. Түйінді идеялар: Оқушылардың қызықты ақпарат арқылы мәліметтермен танысуы, жұмыс жасауы. «Бір қадам артқа» әдісі. Мақсаты: бұрыннан бар білімге сүйене отырып, ой қозғау. (Оқушылар біз қандай тараумен танысып жатырмыз?) Осы арқылы бүгінгі күнге дейін Қазақстанның өсімдіктері мен жануарларының тіршілік мекенжайларының бейімделуі туралы білетін айтады. Қызығушылықты ояту. Мақсаты: Ой белсенділігінің дамуына ықпал ету (Интерактивті тактадан суретті көрсете отырып, сабақ тақырыбына байланысты болжам жасату). Су құстары мен жануарларының дыбысын тыңдату арқылы, бүгінгі сабақтың тақырыбын ашу. Оқушылар қызығушылықпен, белсенділікпен сабақтың тақырыбын ашты және осының барлығын бір сөзбен қалай атайды? (Су қоймасы). «Су қоймасы дегеніміз-су жиналатын жер, су құйылатын жер, су тұрақтайтын жер»- деп ережені де өздері шығарды. Мағынаны тану (Жазбаша сұрау).

Сәйкестендіру (Суретпен жұмыс). Су қоймасы жағасы мен оның ішіндегі тіршілікке зер салу арқылы су қоймасының ылғалы мол, кейде батпақты жағасында шөптекті (қалың құрақ, шоқ-шоқ қоға, қамыс) өсімдіктер мен су қоймасының ашық жеріндегі гүлдерді мына беріліп отырған суреттер және сол өсімдіктердің сипаттамасына сай ажыратайық. Кім табар екен? Елестете отырып, оқушылар бір-бірін толықтыру кезінде ерекшелігін де шығарып алды.

Семантикалық картаны (бетше) толтырып, бүгінгі сабақтарының қорытынды бағалау нәтижесін өздері шығарады. Міне, оқушылар өздерінің кешегі күндеріңіз өткен күннің еншісінде қалып, бүгінгі күні қаншалықты деңгейде есейгендерін, ақылдарының толысқанын, іс-әрекеттерінен байқап, алған білімдерін өмірмен байланыстыра отырып, бүгінгі күннің үлкен сый екенін дәлелдеді, енді бір қадам аттасаң орта буынға аяқ басасыңдар. Алған білімдеріңді ертеңгі күні нәтижелі пайдалана алады деп сенім артамын. Қорыта келе, оқыту үрдісінде тиімді әдіс-тәсілдерді пайдаланудың сабақ сапасына әсері мол. Сабақта жаңа технология элементтерін тиімді пайдалану оқушылардың танымдық әрекеттерін, белсенділігін дамытып, оларды шығармашылыққа жетелейді. Баланың логикалық ойлау қабілеті дамып, сабақтың сапасын артады. Ізденушілігін арттырып, өз ісіне сенімін нығайтады. Оқушылар сабаққа зор ынтамен қатысады, сабақта сапалы өтеді. Егерде жаңа технология элементтерін сабақта өз дәрежесінде ұйымдастыра білсек, өз нәтижесін береді. Ең бастысы оқу үрдісін жаңаша ұйымдастыру, ойлау дағдыларын жетілдіру, өз бетінше білім алу, әрекет ету, мақсатқа жету оқушының өзі арқылы іске асады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық, 2016 жыл, №2
2. Бастауыш сыныпта оқыту, 2018 жыл, №4
3. Әдіскер мұғалім, 2017 жыл, №5, 6

#### **Студенттердің қарым-қатынас ерекшеліктерін дамытуында жүргізілетін жұмыстар**

**Қурқбасова Г.  
Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ**

Психология ғылымындағы негізгі ұғымдардың бірі – қарым-қатынас мәселесі. Қарым-қатынас – өте маңызды, әрі күрделі де ұзақ мерзімді қажет ететін көкейкесті мәселелердің бірі. Қарым-қатынасқа түспей тұрып жеке адамды толық түсіну, оның адами қасиеттерін, дамып жетуін талдау мүмкін емес. Сондықтан тұлғаның дамуында қарым-қатынастың орны ерекше [1, 55].

Әлеуметтік-психологиялық жағынан алғанда студенттер жоғары білім деңгейін қажетсінуімен, мәдени белсенділігімен және танымдық әрекетінің жоғарылығымен ерекшеленеді [2, 32]. Сонымен қатар, студент – әлеуметтік белсенділігі жоғары, интеллектуалдық және әлеуметтік кемелденуі үйлесімді сәйкестендірілген топ болып саналады.

Студенттер қатарына мақсатты және жүйелі түрде білім алуға, әрбір іс-әрекетін саналы бағдарлауға және кәсіби машықтануға ден қойған, ынталы түрде ой еңбегімен айналысатын адамдар жатқызылады. Олар өздерінің кәсіби бағытымен, болашақ мамандығына деген қалыптасқан көзқарасымен, өмірлік ұстанымы мен саналығымен ерекшеленеді.

Халықтық тәлім-тәрбие үрдісінен бастау алатын қарым-қатынас мәдениеті студенттерге тәрбие беруде, олардың азаматтық тұлғасын қалыптастыруда маңызды орын алатыны сөзсіз. Қазіргі қоғам алдындағы студенттердің оқу ізденісіне құлшынысын ояту мен ортадағы беделін көтеру жолында ұлттық рухани қазынаны қарым-қатынасынан бөлек қалыптастыруға болмайды. Жас адам бойындағы ғылым мен білімге деген құлшыныс студенттер мен топ арасындағы қарым-қатынасты көрсетеді

Қазақстандық психология ғылымында адамдардың тілдесу барысындағы өзара әрекет пен қарым-қатынастағы мағына, мотив және мақсат құрылым механизмдерін зерттеуде С.М.Жақыповтың концепциясы өте маңызды. Жалпы және жас ерекшелік психологиядағы қарым-қатынас мәселесін М.М.Мұқанов, Қ.Б.Жарықбаев, С.М.Елеусізова; мектепке дейінгі мекемедегі балалардың қарым-қатынастарын тренингтік жұмыстар арқылы

дамыту ерекшеліктері Х.Т.Шерьяданова, Ж.Ы.Намазбаева; этнопсихология С.Қ.Бердібаева, О.Х.Аймағанбетова және басқалардың теориялық эксперименттік жұмыстарының алатын орны ерекше [3].

Әр адамның қарым-қатынас ерекшелігі оның жекелік қасиеттерімен тікелей байланысты. Сондықтан да студенттердің өзара қарым-қатынасын анықтауда әлеуметтік психологияда қалыптасқан әдіс-тәсілдердің басым көпшілігін қолданумен қатар әр студенттің жекелік ерекшеліктерін анықтау керек. Ол әдістемелерді студенттердің қарым-қатынасын толық зерттеуді топ ұжымымен жүргізудің көптеген ұтымды жерлері бар.

Студенттердің оқу барысында, оқудан тыс іс-шаралар жүргізгенде, көптеген оқу-тәрбие мәселелерін шешу барысында бір-бірімен себептес байланыста болып, қарым-қатынас жасайды. Осы қарым-қатынас барысында әр студенттің жеке позициясы және каузалдық атрибуциясының көрініс беруі т.б. қасиеттері үлкен рөл атқарады. Демек, жоғарыда өтілген оқу әдістемелік және тәрбие іс-шарасында түрлі оқу-танымдық дәрістер мен қарым-қатынасын дамытуға арналған әңгімелесу, этикалық сұхбат пен дөңгелек үстел, дебат пен диалогтік оқулар қатарымен, қорытынды ұсыныста студенттердің сабақтан тыс бас қосатын кездесу ұйымдастыруды, яғни, психологиялық тренингтердің өткізудің тиімділігі анықталды. Өйткені, қарым-қатынас ерекшеліктерін зерттеу әдістерінің көптеген түрлері студенттерді зерттеуге ыңғайлы етіп жасалған.

Болашақ мамандардың оқу-танымдық және кәсіби іс-әрекетте, өзіндік даму нәтижесі қарқынды жүргізілуі үшін тәрбие іс-шарадан, дәрісханадан тыс психологиялық тренингті пайдаланған жөн. Психотренинг студенттердің өзін және қоршаған өзгелерді терең түсінуіне, «субъект-субъект» негізінде қарым-қатынасы өзгереді, мінез-құлық, жан-дүниесі, сөйлеу мәнері мен жүріс-тұрысы кеңінен өзгереді [4, 23]. Сонымен қатар, болашақ мамандардың психологиялық тренинг барысында оқу-танымдық іс-әрекетті және қарым-қатынасты жетілдірудің маңызын терең ұғынуға мүмкіндік береді.

Эксперименттік тәжірибе кезінде студенттерге «Әдемі сөйлеу өнер», «Менің ерекше қасиетім.....», «Мәдениет сақтау әдептіліктің белгісі» т.б. тақырыптарда тәрбие сағатында сайыстар «Идеал басшы», «Сын және сендер» тақырыптарында іскерлік ойындар да ұйымдастырылды.

Зерттеу барысында толық дамыту жұмыстары өткізілген соң, қарым-қатынас деңгейлерін қайта анықтау мақсатында жоғары оқу орны студенттерінен сауалнама алынды. Сауалнама мынадай сұрақтарды қамтиды:

- «Қарым-қатынас» және «қарым-қатынас мәдениеті» ұғымдарының арақатынасы қандай?

- Студенттердің дұрыс қарым-қатынасқа үйретудің танымдық-тәрбиелік мәні неде?

- Студенттердің оқу-тәрбие барысында өзара қарым-қатынасында мәдениеттілікке тәрбиелеу деңгейі жеткілікті ме?

Сауалнама нәтижесінде көпшілік студенттердің жауаптары дұрыс қарым-қатынас орнатуға ынталы, ықыласты екені оларды «жоғары», «орта», «төмен» деңгейлі көрсеткіштерге бөлу нәтижесінде анықталды.

Зерттеу жұмысымыздың негізінде студенттердің білім, дағды, іскерліктерін жетілдірумен қатар, қарым-қатынас деңгейін қалыптастыру жайына да көңіл бөлініп, өзіміз ұсынған арнайы тапсырмалардың ықпалын, тиімділігін анықтау мақсатымен жұмыстар жүргізілді.

Эксперименттік топтағы жағымды қарым-қатынасын қалыптастыру барысында ұйымдастырылған тәрбие сағатының өткізуімен қатар, қорытынды ретінде жүргізілген сауалнама нәтижесі студенттердің өзін-өзі бағалау дәрежесін анықтау, өзара қарым-қатынас жасау бейімділігін сараптау негізінде жүзеге асты.

Кесте 1. Сауалнамаға жауап беру нәтижелері

Топ деңгейі % Жоғары Орта Төмен

Бақылау 31 30,8 39,6

Эксперименттік 50 35 15 5,8

Зерттеу проблемасы бойынша тәрбие міндеттерін нәтижелі шешуге, студенттердің шығармашылық, іскерлік, дағдыларын дамытуға бағытталған қарым-қатынас көрсеткіштері эксперимент тобында бақылау тобымен салыстырғанда екі есе жоғары болды, яғни қарым-қатынастың жоғары деңгейі эксперимент тобындағы 50 %, ал бақылау тобындағы 31% көрсетті.

Жалпы алғанда, эксперимент тобындағы студенттердің басым көпшілігі қарым-қатынас ерекшелігін қалыптастыру мақсатында жүргізілген шаралар арқылы жан-жақты, терең тәрбие беруде іскерлік танытты.

Қарым-қатынас – адамзат үшін әртүрлі деңгейде, әртүрлі кезеңде қалыптастыруды қажет ететін құбылыс. Қарым-қатынасты білім мен біліктілік, дағды және адамның ішкі құндылықтарына негізделген мәдени сауаттылық, танымдық іс-әрекет дамуының деңгейі ретінде қарастыруға болады. Тұлғаның жеке дара ерекшеліктері қарым-қатынас процесінде дамиды. Қарым-қатынас оның танымдық іс-әрекетіне ықпал етіп, психикалық процестерінің қалыптасуына негіз болады [5, 64].

Тұлғаның қалыптасуы мен дамуы жайлы заңдылықтар танымдық іс-әрекет пен қарым-қатынас мәселесінде байланыс тауып, өзара қиылысады. Қарым-қатынас жеке тұлғаның дамуында басты көрсеткіш әрі фактор болып табылады.

Сонымен, оқытушылардың студенттердің оқу-тәрбие үрдісінде қарым-қатынас ерекшелігін есепке алуы, осы бағытта білім, іскерлік, дағдысының қалыптасуы, педагогикалық оқыту тәжірибесіне қарым-қатынас мәселелерін енгізіп, жағымды қарым-қатынасты қалыптастыруды қажет етеді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Шерьяданова Х.Т., Ермекбаева Л.Қ., Әбеуова Р.Н.Алибаева, М.Ә.Әмірбекова. Қарым-қатынас психологиясы. – Алматы: Отан ЖҚ, 2014 -314 бет.

2. Тұрдалиева Ш.Т. Қарым-қатынас психологиясы. Оқу құралы. Алматы,
3. ЖШС «Эверо», 2013ж., - 120 бет
4. Тұрдалиева А.Ш.Әлеуметтік психология: Оқу – әдістемелік құрал. Алматы: «Отан» баспа 2015 ж. – 106 б.
5. Дружинин В.Н. Психология. – Санкт-Петербург: 2001.
6. Әбеуова И.Ә. Әлеуметтік психология (оқу құралы). –Алматы:2001-586.
7. Ғылыми жетекшісі: -п.ғ.к., профессор Тасимова А.А.

## **БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҢАРТЫЛҒАН МАЗМҰНЫ ЖАҒДАЙЫНДА ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТІҢ ОРТА СЫНЫПТАРЫНДА ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ЕНГІЗУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Смадияр М.С.**

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Зерттеудің өзектілігі келесі себептермен анықталады. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың "Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері" атты Қазақстан халқына Жолдауында "...орта білім беруде жаңартылған мазмұнға көшу басталды, ол 2021 жылы аяқталады...." деп аталған. [5, б. 5].

Зерттеу мәселесі бір жағынан, студенттердің, дене шынықтыру мұғалімдерінің білім берудің жаңартылған мазмұны жағдайында "дене шынықтыру" пәнін оқыту әдістемесін енгізу қажеттілігі мен Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында осы үдерісті ғылыми - әдістемелік қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі арасындағы қарама-қайшылықтары болып табылады.

Жұмыстың мақсаты – ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау және практикалық тәжірибені жинақтау негізінде білім берудің жаңартылған мазмұны жағдайында жалпы білім беретін мектептің орта сыныптарында дене шынықтыру бағдарламасын енгізу ерекшеліктерін негіздеу.

Бұл мақсат зерттеудің келесі міндеттерін іске асыру арқылы шешілді.

1. Білім берудің жаңартылған мазмұны жағдайында жалпы білім беретін мектептің орта сыныптарында "дене шынықтыру" пәні бойынша бағдарламаны енгізудің ғылыми-теориялық алғышарттарын анықтау.

2. Білім берудің жаңартылған мазмұны жағдайында Ақтөбе қаласының № 30 орта мектебінің 7-сыныбындағы "дене шынықтыру" пәні бойынша критериалды бағалау және оқу үдерісін жоспарлауды жүзеге асыру ерекшеліктерін зерделеу.

3. Ақтөбе қаласындағы жалпы білім беретін мектептің 7-сынып оқушыларының спринті бойынша физикалық, теориялық дайындығы мен қозғалыс әрекетінің техникасы деңгейін анықтау.

Қойылған міндеттерді шешу үшін келесі зерттеу әдістері қолданылды: ғылыми-әдістемелік әдебиетті және деректі материалдарды талдау; бақылау сынақтары; оқушылардың теориялық білімдерін тестілеу; математикалық статистика әдісі.

Зерттеудің нәтижелері. Ғылыми-әдістемелік әдебиетті талдау [1-5] негізінде білім берудің жаңартылған мазмұны жағдайында жалпы білім беретін мектептің орта сыныптарында дене шынықтыру бағдарламасын енгізудің ғылыми-теориялық алғышарттарымен келесілер болып табылатыны анықталды.

а) "Дене шынықтыру" пәні бойынша білім мазмұнын жаңарту бағдарламасы мыналармен ерекшеленеді: спиральды оқыту жүйесі; оқыту Блум таксономиясына сәйкес жүргізіледі; пәндер бойынша оқыту және пәнаралық педагогикалық тапсырмалар жүзеге асырылады; бағдар оқу үдерісін ұзақ мерзімді, орта мерзімді, қысқа мерзімді жоспарлауға жасалады;

б) критериалды бағалаудың мазмұны мен құрылымы келесі элементтерден тұрады: оның мақсаты; қалыптастырушы және жиынтық баға;

в) қазіргі заманғы жоспарлау түрлерінде оң тараптар мыналар болып табылады: ұзақ мерзімді жоспар: бағдарламада нақты өту бөлімдеріне сәйкес мақсаттар көрсетілген; орта мерзімді жоспар: алдын ала Білім ұсынылады; құзыреттілікке көңіл бөлу /оқушылардың сөзі; қысқа мерзімді жоспар: кол жеткізу критерийлері, тілдік мақсаттар, пәнаралық байланыстар, сабақ бойынша рефлексия.

Адамзаттың саяси дамуының қай кезеңінде де мемлекет өз алдына қандайда нақты мақсат, міндеттер қойғанымен, мемлекеттік дамудың өзіндік ерекше мақсаты – жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

Мемлекеттік жүйені демократиялық қайта бағыттау жолында, Қазақстан Республикасы бұрынғы кеңестік жүйеде болған азаматтық тәрбиенің үлкен ғылыми-әдістемелік негізін қайта құрып отыр. Бүгінгі күннің жаңа әлеуметтік-саяси шынайылығы оқушыларда азаматтық тәрбиені қалыптастыруды, оның мазмұнын, формаларын, әдістерімен құралдарын жанарту мен жетілдіруді талап етіп отырғандығы еш талас тудырмайтындығы айқын.

Азаматтылықты тәрбиелеу қоғамдық қатынастардың шынайы тәжірибеде іске асырылатын жалпы мемлекеттік принциптік конституциялық дүниетанымдық қалпы мен анықталады. Яғни, оқушыларға құқықтық мемлекет құрудың стратегиялық және тактикалық жолының мақсат, мұраттарын анықтап, түсінуін қамтамасыз етеді.

Жас ұрпақты Отан сүйгіштікке және Атамекенге деген жауапкершілік сезімге тәрбиелеу бүгінгі ұлттық негізде білім беру жүйесіндегі қоғамда маңызды орын иеленіп отыр.

Көп ұлтты Қазақстан үшін отансүйгіштік сезімнің рухани саладағы тату-тәтті тірлік, азаматтық келісімге ғана емес, мемлекеттік патриалдық негізін нығайтуға да тікелей ықпалы бар. Отан сүйгіштік рух қазақ елінің әлемдік өркениетті елдер көшіне қосылып, дүниежүзілік қауымдастықтан лайықты орын алуға мүмкіндік беретін бірден бір күш.

Оқушыларда азаматтылықты тәрбиелеуде қарым-қатынас процесінің ролі ерекше. Қарым-қатынассыз жеке адамды түсіну, оның дамып-жетілуін талдау мүмкін емес.

Адамдар өміріндегі әр түрлі дәстүрлер – амандасу, түрліше көңіл аудару рәсімдері «бекітілу терапиясы» деп саналады. Қарым-қатынастың төртінші функциясы жеке адамдарлық қатынастарды ұйымдастыру және қолдау болып табылады. Басқа адамдарға деген эмоциялық көзқарастар – «сүйкімді-сүйкімсіз», «ұнайды-ұнамайды» деген терминдермен белгіленеді. Әрине, эмоциялық қарым-қатынас адам өміріндегі жалғыз қатынастың түрі емес, бірақ олар адамның барлық қарым-қатынас жүйесінде көрінеді, көбінесе іскерлік немесе тіпті рөлдік қатынасына да өз әсерін тигізеді. Келесі, бесінші функциясы «жеке адам ішілік функциясы». Бұл жағдайда адамның өз-өзімен қарым-қатынас жасауын (ішкі немесе сыртқы сөйлеу арқылы-диалог типінде) адамның ойлауының әдісі түрінде қарастыруға болады. Осыған байланысты Л.С.Выготский былай деген: «...адам өзімен өзі болғанда да қарым-қатынас функциясын сақтайды» [1].

Жеке адамдарлық қарым-қатынасты зерттеуде американ психологы Дж.Морено (1958) ұсынған социометрия әдісі кең қолданылады. Социометрия негізінде нақты іс-әрекет кезіндегі шағын топтың қарым-қатынасын (жақтыру, жақтырмау) анықтауға болады. Дегенмен, топты толық зерттеу үшін тек социометрия әдісі жеткіліксіз болып табылады.

Кеңестік психологияда қарым-қатынасты бір жағынан, іс-әрекеттің бір түрі, екіншіден, іс-әрекеттің өзіндік көрінісі деген ұғымда қолдану басым. Қарым-қатынастың іс-әрекетке кіріктірілуі оған қатысушылардың

әрекеттерін «үйлестіріп» немесе «үйлестірмей» іске асырады. Мұндай үйлестірушілік қарым-қатынастың ерекше әсер етушілік функциясымен байланысты.

Қарым-қатынас мәселесін талдауда оның құрылымдық компоненттерін анықтап алу шарт. Бұл мәселені алғашқылардың бірі болып В.В.Давыдов көтерген. Г.М.Андреева, П.Яноушек, М.С.Каган, Д.Б.Парыгин, И.С.Кон зерттеулерінде қарым-қатынас мақсат-бағдарлы, индивидтердің бір-бірін қабылдай алуы, түсіне алуы, өзара бірлесіп іс-әрекет жасауы және ақпарат алмасу процесі деп қарастырылады. Қарым-қатынастың психолінгвистикалық жағы Л.А.Леонтьев, әлеуметтік психологиялық жақтары Б.Ф.Поршнева, Г.М.Андреева, жас ерекшелік және балалар психологиясы бойынша В.С.Мухина, Я.Л.Коломинский, педагогикалық психология жағынан В.А.Кан Калик еңбектерінде зерттеу пәніне айналған.

Қарым-қатынас мәдениетін көтеру үшін, ерте жастан бастап адамның басқа адамға жанашырлық, тілектестік, ортақтастық, мейірімділік қасиеттерін қалыптастыра білу керек. Қарым-қатынас ең алдымен, бір адамның екінші адамды өзара түсінушілігінен басталады. Немқұрайлық қатігездік тұрпайылық сыйламысыздық қарым-қатынасты бұзады. Ал, егер тілек, өзара сұрақтар, өзара келіспеушілік басым болса, онда достық қатынас, яғни ол жанұяға қажетті психологиялық атмосфера болып табылады. Біз білетіндей адамның өзара түсінушілігіне бөгет болатын жағдайлар; оның қайталанбастығы, жеке даралығы, бір-біріне ұқсамайтындығы. Өзара түсінушіліктің тағы бір кедергісі қабылдаудың стереотиптілігі. Бала өмірге келісімен алдымен үлкендермен, одан кейін құрбы-құрдастарымен қарым-қатынасқа түсе бастайды. Осының нәтижесінде жаратылысынан берілген адам болу қабілетін іске асырады. Қарым-қатынас баланың психикалық дамуының негізгі факторы және жағдайы. Қарым-қатынаста адамдар өзін-өзі және басқаларды тану қажеттілігін қанағатандырады. Өзін-өзі тану және қарым-қатынас бір-бірімен тығыз байланысты.

Қарым-қатынаста адамдардың әлеуметтік қатынасы жүзеге асады. Қарым-қатынастың бір-бірімен байланысты үш жағын қарастыруға болады. Коммуникативті жағы, мұнда – қарым-қатынас адамдар арасындағы ақпарат алудан тұрады; интерактивті жағы – адамдар арасындағы өзара әсер етуді ұйымдастырудан тұрады; перцептивті жағы – қарым-қатынасқа түскен адамдардың бір-бірін қабылдау негізінде өзара түсінушіліктің пайда болуы.

Коммуникация ортақ түсінушілікке әкелетін екі жақты ақпарат алмасу. «Коммуникация» терминін латын тілінен аударғанда, «жалпы, барлығымен бөлісу» дегенді білдіреді. Егер өзара түсінушілік болмаса, коммуникация да болмайды. Коммуникация жетістігін білу үшін, кері байланысты білу керек, яғни адамдар сізді қалай түсінді, қалай қабылдады тағы сол сияқты сұрақтарға жауап берілуі тиіс. Коммуникациялық компетенттілік – адамдармен керекті контактіні құру және ұстай алу қабілеттілігі. Коммуникативті қабілеттілік адамның жасына, біліміне, мәдениетіне, психологиялық даму деңгейіне, өмірлік және кәсіби тәжірибесіне байланысты ерекшелінеді.

Қарым-қатынастың көп қырлығы және көп сапалығы. Бұл тұрғыдан алып қарайтын болсақ, қарым-қатынас адамдардың бір-біріне қатынасы, ақпарат алмасуы. Жеке адамның өзара қатынас аспектісі – бұл құбылыстың бір ғана компоненті. Адамдық қарым-қатынастың ғылыми-технологиялық революцияның әсерінен ең кең тараған формасы – рухани коммуникация.

Атақты психолог А.А.Леонтьев өзінің бір жұмысында «Қарым-қатынасты тек қана жеке даралық деп түсінбеу керек, оны әлеуметтік феномен ретінде, оның субъектісін бөлек индивид емес, әлеуметтік топ және тұтастай қоғам ретінде қарастыру керек» деген [2]. Осы айтылғанға анализ жасай отырып, Б.Ф.Ломов өз көзқарасын былай білдірген: «Біздің ойымызша әлеуметтік және интер-жекедаралықты бір-біріне қайшы қою заңды емес, олардың арасындағы қатынас – жалпылық пен бірліктің көрінісі» [3].

Педагогикалық іс-әрекеттің сәттілігі мұғалімнің оқушымен, олардың ата-аналарымен дұрыс қарым-қатынасқа түсе алуымен анықталатыны психологияда аксиома болып кетті. Ол жоғары техникалық педагогикалық шеберліктің алғы шарты. Қарым-қатынасқа түсу шеберлігінің болуы – тәрбиелеу мен оқытудың сәтті болуының кепілдігі. Жақсы қарым-қатынас болу үшін бірсыпыра психологиялық білім мен психологиялық тренингтер керек.

Біздің пікірімізше, қарым-қатынастың оқушыларды азамат, жеке тұлға ретінде қалыптастыруда рөлі зор. Бұл тақырып ауқымы кең күрделі әлеуметтік, әрі педагогикалық мәселе ретінде түрлі қырынан әлі де өз жалғасын табуы тиіс деп ойлаймыз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Выготский Л.С. Психология искусства /Л.С.Выготский. – М.: Педагогика. – 1987. – 344 б.
2. Леонтьев А.А. Внутренний мир личности. - СПб.: Питер, 2000. - С.372-377 с
3. Ломов Б.Ф. Личность как продукт и субъект общественных отношений. - М., 1989. – С. 6-23.

*Ғылыми жетекші – п.ғ.магистрі, аға оқытушы Имагамбетова А.А.*

### **СЫНЫПТАН ТЫС ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ – ОҚУШЫЛАРДЫ ЖАН-ЖАҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ФОРМАСЫ РЕТІНДЕ**

**Жазит Аида Ақылбекқызы**

Ақтөбе қаласы, С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті, Педагогика және психология мамандығының 1-курс студенті.

Бүгінгі таңда ұлттық мәдениет әдебиетінің, тілдің, әдет-ғұрып, дәстүр, салттың тағдыры мен болашағы мектептегі жас ұрпақ тәрбиесіне байланысты.

Тәрбиедегі басты бағыт: “Әрбір адам ең алдымен өз халқының президенті, өз отанының азаматы болу керек екенін, ұлттың болашағы тек өзіне байланысты болатынын есте ұстауға тиіс”. Оның осындай тұжырымға тоқталуына ұлттық әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер көптеп көмектеседі. Солар арқылы ол жалпы адамзаттық әлемге аяқ басып, өз халқының игілігін басқа халықтарға жақын да түсінікті ете алады. Сондықтан әрбір, ұрпақ өз кезі мен өткеннің талаптары, объективті факторлар негізінде жеткіншек ұрпақты өмірге даярлап, оны жинақталған тәжірибе арқылы тәрбиелей отырып, өзінің ата бабаларының рухани мұрасын игере түсуі керек.

Бұл болса, кәсіби шеберлікпен ұйымдастырылатын мектептің тәрбие жүйесі арқылы жүзеге асады. Мектептің сыныптан тыс тәрбие жүйесі сол мектептің өзіндік ерекшелігі негізінде жасалған тәрбие тұжырымдамасы бойынша айқындалады.

Жеке тұлғаның қалыптастып дамуы үздіксіз сипатта болатыны бізге мәлім. Оның жүзеге асуы тек сабақ жүйесінде ғана емес, сабақтан тыс жүргізілетін әртүрлі тәрбиелік әрекеттермен ұштасады. Ол әдетте сыныптан тыс және мектептен тыс жұмыс болып бөлінеді.

Тәуелсіз мемлекетіміздің бүгінгі мен ертеңі болашақ ұрпақ қолында екенін ескере отырып, жан-жақты дамыған тұлға тәрбиелеу – кезек күттірмейтін мәселелердің бірі. Сондықтан жас ұрпақты шыңдап өсіру, білікті азамат болып қалыптасуын қамтамасыз ету – бүгінгі мектеп алдына қойылып отырған басты міндет.

Ұстаздар мен ғалымдардың екінші Қазақстандық съезінде Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Қымбатты ұстаздар, сіздер біздің балаларымызды өсіріп, олардың ақыл-ойын жетілдірудесіздер. Олар үшін кейде ата-аналарына карағанда сіздердің беделдеріңіз үлкен. Жаңа ұрпақтың болашақ азаматтық бағдары, олардың патриотизмі, туған жерге етенеілігі көп ретте сіздерге байланысты. Оларды зиянды әдеттерден, есірткіден сақтап, бойларында салауатты өмір салтын орнықтыруға сіздердің күш-қуаттарыңыз жетеді. Ел үшін оның балалары балғын шағынан тәуелсіз Қазақстан үшін мақтаныш сезімін бойларына сіңіріп, оның тарихы мен заңдарын, мемлекеттік нышандарын білгені өте маңызды», - деген [1].

Сыныптан тыс жұмыста балалардың жас және жеке ерекшеліктерін есепке алу принциптерінің мәні зор. Осыған сай сыныптан тыс жұмыстың мазмұны,

түрі және әдістері өзгеріп отырады. Бұл өзгерістер мұғалімнің тәрбие жұмысы жоспарында орын алу керек. I-II сыныптарда кітап оқу, кино және диафильмдер көру, кітап және кинофильм үзінділерін сахнаға дайындау, III-IV сыныптарда табиғатқа, өндіріске экскурсиялар, модельдеу, мектеп компьютерлерімен, құрылыс материалдарымен, металмен жұмыс, викториналарға, конкурстарға қатынасу. Осылардың барысында оқушының қылығы мен пікіріндегі жаңа құрылымды есепке ала отырып, мұғалім балалардың ерекшеліктерін тұрақты зерттейді. Сыныптан тыс жұмыс балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере құрылса, олардың әлеуметтік ортадағы кез келген қарым-қатынасын реттеуге болады.

Сыныптан тыс оқушылардың бастамаларын және өзіндік іс-әрекетері болу принципі есепке алу арқылы да жүргізіледі. Осы принципті еске ала отырып, мұғалім, ата-аналар, жұртшылық өкілдері, қамқоршы оқушылар іс-әрекет түрлерін ұсынады. Ұсыну қызықты істерді оқушылар өз бастамасына сай таңдап алатындай болып шығуы керек. Сыныптан тыс жұмыстың өзі де ұдайы дамиды. Бұл оқушылар құрамын, олардың қызығуын есепке алып отыруға жағдай жасайды.

Сыныптан тыс жұмыстардың негізгі түрлері. Сыныптан тыс жұмыстың көпшілік және жалпы түрлерін бөліп қарайды. Тәрбиенің міндеттерін шешу үшін сыныптан тыс жұмыстың жалпы түрлерін пайдаланады. Тәрбиенің белгілі бір бағытының өзіндік ерекшелігін бейнелейтін сыныптан тыс жұмыстың арнайы түрін анықтайды. Педагогика ғылымында сыныптан тыс жұмыстардың түрлерін топқа бөлу айқын қалыптасқан жоқ. Дегенмен, мектеп тәжірибесінде сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру түрлерінің жүйесі айқын көрінеді.

Сыныптан тыс жұмыстардың тәрбиелік -әлеуметтік және қоршаған ортаға, уақытша балалардың және педагогикалық ұжымның ерекшелігіне, зерделі, әсершіл, заттық шығармашылықты, денсаулықты жақсартатын қызметтердің өзгеше мазмұнына, қарым-қатынас, өзара байланысқа, сондай-ақ, мектептен тыс бірлестіктердің мектеп, жанұялар, балалар мен жастардың қоғамдық ұйымдарымен өзара байланысына сүйенеді.

Сыныптан тыс тәрбие жұмысы мектептегі тәрбие жұмысының құрамдас бөлігі болғандықтан, ол тәрбиенің жалпы мақсатын орындауға бағытталған - балаға қоғамда өмір сүруге қажетті әлеуметтік тәжірибені меңгерту және қоғамдық тұрғыдан қабылданған құндылықтар жүйесін қалыптастыру. Соған орай оның негізгі мақсаты – сабақ үстінде жүзеге асыратын тәрбие міндеттерін толықтыру және тереңдету, олардың қабілеттерін неғұрлым толық ашу белгілі, бір нәрсеге қызығушылығы мен ынтасын ояту, қоғамдық белсенділіктерін шыңдау, бос уақытын дұрыс ұйымдастыруды көздейді.

Демек, тәрбие жүйесінде олардың қызметі ерекше. Олар тәрбие берудің жалпы жүйесінің ажырамас бөлігін құрайды.

Кейде сыныптан тыс жұмысқа оқушылардың барлығы емес, актив қана тартылады. Басқалары, ең алдымен қиын мінезді балалар, сабақтан тыс уақытта ұйымдастырылған әсер ету өрісінен тыс қалады. Ал алдыңғы қатарлы мектептердің тәжірибесі болса, мұндай балаларды сыныптан тыс қызықты

жұмысқа тартуда, оларды қайта тәрбиелеуге, сабақтан тыс уақытта бірлескен ұжымдық іс-әрекетке деген ынтаны арттыруға көмектеседі. Тәрбиені комплексті түрде жүргізуді жүзеге асыру оқушылардың ешқайсысын қалдырмай, бәрін сынып жұмысының түрімен қамтуды көздейді.

Қазіргі жағдайдағы сыныптан тыс жұмыстың жетінші ерекшелігі - оның бұқаралығы. Ол табиғатты, техниканы өнерді сүйетін жеке балаларды ғана емес, барлық оқушыларды қамтиды. Оның бұқаралық формалары топтық және жеке-дара сабақтармен толықтырылып отырады.

Сыныптан тыс тәрбие жұмыстарында оқушылардың еңбек тәрбиесі мәселесіне теориялық -әдістемелік тұрғыда жүргізілген зерттеулерде кездеседі.

Айталық, Б.Н.Буттов оқушыларды қоғамдық пайдалы жұмыстарға тарту арқылы олардың белсенді ұстанымын тәрбиелеу процесін қарастырады [2].

А.П.Сперанский оқушыларды сыныптан тыс жұмыстарда политехникалық тұрғыдан дайындау міндеттерін қарастырады [3].

Сыныптан тыс тәрбие жұмыстарында балалардың ойын элементтерін пайдалану мәселесі де арнаулы зерттеу нысанына айналады. Мәселен, зерттеуші В.А.Шмаков шығармашылық сюжетті-рөлді ойын түрлерін жетілдіріп оларды жазғы жұмыс тәжірибелеріне қолдануды жүзеге асырады [4].

Ұйымдастырушылық құрылымдардың бейімделгіштігі тұрақты және мезгілді бірлестіктерді т.б. құруға және алуан түрлі клубтық формаларды пайдалануға мүмкіндік береді.

Балалар мен үлкендердің өзін-өзі басқаруы ұжымдық шығармашылық тәрбие негізінде қосымша білім беру ұйымдары жұмысы мазмұны жанданады. Ұлттық, аймақтық шарттармен табиғат факторларын ескеру балалардың талаптануларымен салауатты-сауықты т.б. қызметтерін ұштастырудың сапалық кепілі болып табылады.

Қорыта келгенде, қай халық болса да өзінің дамуында қилы-қилы жолдардан өтеді. Сол жолдардың көрінісі сыныптан тыс жұмыстар арқылы көрінеді. Оқушыларды жан-жақты жетілдіре тәрбиелеуде сыныптан тыс жұмыстардың барлық түрлерін қолданудың білімдікте, тәрбиелікте мәнінің зор екені сөзсіз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Назарбаев Н.Ә. “Қазақстан -2030: Ел президентінің Қазақстан халқына жолдауы” Егемен Қазақстан № 194, 1994
2. Буттов Б.Н. Трудовое воспитание детей дошкольного возраста: из опыта работы /под.ред. Н.А. Васильевой. – М.: Просвещение, 1984. – 95 с.
3. Сперанский А.П. Содержание образования. -М., 1989.
4. Шмаков В.А. Психология переживания: Анализ преодаления критических ситуаций 1984г

*Ғылыми жетекші – п.ғ.магистрі, аға оқытушы Имагамбетова А.А.*

### **ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ – ҚОҒАМ ҚАЖЕТТІЛІГІ**

**Жақсылықова Д.**

Марат Оспанов атындағы Ақтөбе медицина университеті

Жалпы бұл тақырыптың өзектілігі – Қазақстан қоғамының қазіргі даму кезеңінде мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық дамуының күдіретті факторы ретінде білім беру жүйесін модернизациялауға ерекше назар аударылып отырғандығы. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Әлеуметтік-экономикалық жаңарту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Қазақстанда адами капиталдың сапалы өсуі» мәселесі қойылды, соған сәйкес оқу жастарға тек білім беріп қана қоймай, сонымен бірге оларды әлеуметтік бейімделу үдерісінде пайдалана білуге үйретуі тиіс.

Инклюзивті білім беру – барлық балаларды, соның ішінде мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім үдерісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік мұқтажықтарына арнайы қолдау, яғни жалпы білім беру сапасы сақталған, тиімді оқытуға бағытталаған мемлекеттік саясат.

«Инклюзия» сөзі шет елдердің сөздіктерінде жоқ. Өйткені ол ағылшын тілінің inclusion – қосу, енгізу деген мағынаны білдіреді. Ал қазіргі инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс жүргізетін мектептерде білім мазмұнын үш түрлі бағдарлама бойынша реттеледі. Атап айтқанда:

- жалпы мектептерге арналған типтік оқу бағдарламалары;
- мүмкіндігі шектеулі балалардың ақаулық типтеріне сәйкес арнаулы білім беру бағытындағы оқу бағдарламалары;
- мүмкіндігі шектеулі балалардың психофизикалық ерекшеліктерін есепке ала отырып әзірленетін оқытудың жеке бағдарламасы.

Бүгінгі таңда Қазақстанда білім алуы интегралдау, инклюзивті білім беру сияқты, еліміздің білім беру жүйесіне интегралдау инновациясын енгізу әдістерін ауыстыру қажеттілігі туралы сұрақ туындайды. Шындығына келгенде, Қазақстанда екі жүз жылдықтан бері білім берудің интеграциясы негізінен экстрополяция әдісімен, яғни шетелдерде өзін жақсы жағынан көрсеткен интеграциялаудың түрлері арқылы жүзеге асырылып келеді. Жоғарыда айтылғандай, инклюзивті білім беру жүйесін жүзеге асыру, елдегі ертеректе қалыптасқан кешенді көмек беру жүйесіне байланысты.

Қазіргі уақытта ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға 13 оңалту орталығы, 149 психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттері, 58 психологиялық-медициналық-педагогикалық консултацияларды, педагогикалық -коррекциялау қолдауды көрсетуде.

ИПБТ жүйесінде мүмкіндігі шектеулі жандар қатарынан мамандарды даярлау ісін 178 колледж жүргізуде. Аталмыш санат студенттерінің

контингенті 3 мыңға жуық адам құрайды. «Дефектология» мамандығы шеңберінде кадрларды даярлау елдің 17 ЖОО-да жүргізіледі. Бұдан басқа педагогтардың біліктілігін арттыру бойынша жұмыс жүргізілуде. 3 жыл ішінде 2771 педагог инклюзивті білім беру бойынша біліктілігін арттыру курстарынан өтті. Педагог кадрларының біліктілігін арттырудың барлық курстарының тыңдаушылары үшін инклюзивті білім беру бойынша міндетті лекциялар әзірленді және енгізілді.

Республикамызда балалар білім алуы үшін жағдай жасаудың басым бағыттарына сәйкес келесідей бағыттар бар.

Бірінші бағыт – балалардың дамуындағы кемшіліктерді тауып, жастық кезеңнен бастап түзету-педагогикалық жұмыстарын жүргізу. Мектепке дейінгі уақытылы көрсетілген көмек жалпы білім беру ортасында оқуға баланың негізгі кемшіліктерін түзетуді қамтамасыз етеді. Республикадағы арнайы білім беру жүйесінің бастапқы буыны баланың оқу, әлеуметтік, медициналық және педагогикалық консультация болып табылады. (Бір ПМПК 60 мың тұрғындарға ашылады) Бүгінгі таңда елімізде 56 облыстық, қалалық және аудандық, соның ішінде бір республикалық ПМПК жұмыс істейді.

Екінші бағыт – барлық деңгейдегі балаларға олардың психофизикалық ерекшеліктерін ескере отырып, білім алу құқығын жүзеге асыру үшін вариациялық жағдайлар құру болып табылады.

Соңғы кездері Қазақстанда дамуына ақыл-ойы және дене ауытқулары бар балаларды жалпы білім беретін мекемелерге оқыту тәжірибесі қалыптасқанын байқауға болады. Жалпы білім беретін бағдарлама бойынша мектептерде оқытылатын мүмкіндігі шектеулі балалар арнайы педагог, психолог, әлеуметтік педагогтің қолдауынсыз білім алуда. Жалпы мектептердің психологтары мен педагогтері мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алу қажеттіліктеріне білікті көмек көрсете алмайды. Нәтижесінде, балалардың оқыту сатысының алғашқысында-ақ қиындықтар туындайды. Осы қиындықтарды шешу үшін білім жүйесінде біршама кедергілерді атауға болады:

1. Ұйымдастырушылық бағыт
2. Нормативтік-құқықтық негізді жасау қажеттілігі
3. Қаржылық қамтамасыздандыру
4. Бағдарламалық-әдістемелік және дидактикалық тұрғыдан қамтамасыздандыру
5. Кадрлық қамтамасыз ету

Осыған сәйкес инклюзивті оқытудың төмендегідей моделін құрастыруға болады

Қорыта келгенде жалпы білім беретін мектептерде мүмкіндігі шектелген балаларды оқыту қазіргі таңда білім беру ісінің өзекті бағыттарының біріне айналған. Сондықтан инклюзивті білім берудің теориялық маңызын және практикалық қажеттілігін қарастыру мәселелерінің шешімін іздестіру біздің негізгі міндеттеріміздің бірі.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Руководящие принципы политики в области инклюзивного образования. Париж, ЮНЕСКО, 2009г
2. Бгажнокова И.М. «Школа для детей с нарушениями интеллекта: тенденции перспективы развития» Дефектология 2004ж
3. Жарықбаев Қ. Жалпы психология, 2000
4. Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарына арналған мемлекеттік бағдарламасы.-Астана, 2010

*Ғылыми жетекші- п.ғ.м., аға оқытушы Жұмалиева Г.С*

## **СТУДЕНТ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ПСИХИКАСЫНА ПСИХОТРОПТЫ ЗАТТАРДЫҢ ӘСЕРІ**

### **Отарова Ш.**

Марат Оспанов атындағы Бастыс Қазақстан медицина университеті

Бүгінгі таңда студент жастағы балалардың психотропты заттарды қабылдауы, олардың психикасына психотропты заттардың әсері өте ауқымды мәселеге айналып отыр.

Қоғам өмірінің түбегейлі өзгеріп жатқан қазіргі заманда, өмірлік тәжірибесі жоқ, әлі өмірге, ортаға толық көзқарас қалыптаспаған жастар үшін қалыпты тіршілік ағымынан ауытқуы жиі кездесетін құбылыс. Мұндай әрекеттерден белең алуынан бастап – ақ оларды алдын алмаса, қоғам үшін өте қауіп тудыруы ықтимал.

Қоғамда қалыптасқан нормалардан ауытқуға жол ашатын мінез-құлық жастардың психотропты заттарға әуестілігі деп аталады.

Студенттік шақтың басталуы бірнеше арнайы қасиеттер арқылы байқалады. Олардың ең маңыздысы жолдастарымен қарым-қатынасқа ұмтылу, өзбетімен болуға тырысу және тәуелсіз болуға ұмтылу болып табылады.

Психотропты заттарға құмарлық ең қауіпті және апатты аурулардың бірі. Соның ішіндегі ең қауіпті есірткі заттар. Есірткіні пайдаланудың кезеңі қоғамдық факторлармен байланысты болуы мүмкін.

Психотропты заттар жастардың көңіл-күйін, сана-сезімін, мінез-құлқын бұзатын қауіпті, тыйым салынған химиялық зат. Ол олардың есін алып, құмарлық желігіне ұшыратады, студент психотропты затсыз көңіл-күйі түсіп, бейшара халге түседі. Психотропты зат – бұл аса қауіпті, қоғамның жас тобының тағдырына зиянды әсер етеді. Жастар психотропты заттардың кеселінен өзін-өзі ұстай алмай, жағымсыз мінез-құлықты көрсетеді.

Студент жастағы балалардың психотропты заттарды қабылдауына әсер ететін факторлар өте көп. Психотропты заттарды қабылдауға әсер ететін факторлар ішкі және сыртқы факторлар болып екіге бөлінеді. Ішкі факторларға жастардың мінез ерекшеліктеріне; оның пубертантты кезеңінің көріну формасына; орталық жүйке жүйесінің микроағзалық және дисфункционалды аутқушылығына (перинаталды ауытқушылық кезінде, бас-сүйек зақымы болғанда, жүйке инфекцияға шалдыққанда) байланысты. Басқа сөзбен айтқанда, жоғары қатерлікті көрсететін жеке бас ерекшеліктерінің жиынтығынан психотропты заттарды қабылдауға бейім болады.

Зерттеу мақсаты – Психотропты заттардан студенттер әр түрлі улану қалпына келеді. Осы тұрғыдан ала отырып, олардың адам психикасына әсерін зерттеу.

Жастық кезең – бұл балалық шақтан жасөспірімдік шаққа ауысқан кезең. Ол 17 жастан басталады. Студенттік шақтың басталуы бірнеше арнайы қасиеттер арқылы байқалады. Олардың ең маңыздысы жолдастарымен қарым-

қатынасқа ұмтылу, өз бетімен болуға тырысу және тәуелсіз болуға ұмтылу болып табылады.

Бұл жаста баланың аутизмі «өзіне кетуі» анық байқалады. Студент әр нәрсеге уайымшыл болады. Жастар жасайтын қылмыстар мен өзі-өзіне қол жұмсаулар олардың кезеңіндегі дағдарыспен түсіндіріледі. Студенттердің тұйықталу себептері, олардың физиологиялық өзгерісіне тәуелді емес. Оның ересектермен дұрыс қарым-қатынас құра алмағандықтан туады.

Студенттік жаста балалар өздерінің мінез-құлқын және қарым-қатынасқа түсуін қадағалап, өзіндік бағасы адекватты болады. Олармен қарым-қатынасқа түскенде ересектер жеке басын сыйлау керек. Жастар ересектер қатарына ену үшін, олардың мінез-құлықтарына еліктейді. Әсіресе, ұл балалар мықты, күшті ересектерге, тренерлеріне ұқсағылары келеді.

Студенттік шақ психотропты заттарды қабылдауға итермелейтін негізгі фактор болып табылады. Ағзаның құрылымдық және қызметтік жүйесінің нәтижесінде елікті өрісінің қысымы (жастық гиперсексуалдық, агрессивтілік және т.с.с.) пайда болады.

Психологиялық факторлар. Психотропты заттарды қабылдаудың себебі эмоционалды қозушылық, депрессия, өз көңіл-күйін жоғарылату себептері түрткі болады. Психотропты заттар үрейді жояды. Дәрігерлер депрессиядан емдеу үшін антидепрессанттарды ұсынады. Антидепрессанттардың құрамында психотропты заттар болады.

Биологиялық факторлар. Бүгінгі таңда психотропты заттарға тәуелділік адамдардың әлеуметтік және жекебас – психологиялық мәселелерінен туындайды.

Әлеуметтік фактор. Әр адамның өмірінде отбасы болады. әрбір адам отбасынан шығады. Отбасы ең бірінші әлеуметтік институт және баланың дұрыс өсіп жетілуіне әсер етуші әлеуметтік фактор болып табылады. Жақсылық та, жамандық та отбасынан шығады. Отбасында баланың қатынас құру дағдылары қалыптасады, отбасынан бастап бала әлемді тани бастайды. Отбасында ата-аналар мен балалар өзара рухани байланыста болады.

Студенттің психотропты заттарға немесе есірткіге құмарлығы тұқымқуалаушылықтан немесе тәрбиеден болады.

Психикалық күйі. Психотропты заттарды психикалық бұзылыстары бар жастар қабылдайды. Психикалық аурулар физиологиялық себептерден пайда болады. мысалы, бас миының эндогенді ауруы. Ондай ауруға шалдыққандар өте көп. Оған шизофрения, психоз бен психопатияның кейбір түрлері жатады.

Зерттеулер бойынша 84,1 % психотропты заттарды қабылдайтын жеткіншектердің тұқымында психикалық ауытқушылықтар бар. Адамның есірткі заттарға бейімделуінің психикалық және биологиялық автоматизмнің үш деңгейі бар.

1) Өзін-өзі реттеудің жалпы биологиялық деңгейі. Ағзаның ішкі ортасының тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

2) Неғұрлым жоғары. Жалпы биологиялық үрдістерді анықтайды.

3) Өте жоғары – гностикалық автоматизм. Индивидтің өмір бойы дамуын қамтамасыз етеді. жеке бастың қажеттіліктері мен еріктік

белсенділігі ықпал етеді. Ол бас миының қыртысының іс-әрекетімен байланысты.

Психотропты заттардан жастар әр түрлі улану қалпына келеді. Бұл олардың физиологиялық және психологиялық ерекшелігіне байланысты. Сонымен қатар, ішімдіктен уланған студент артикуляциясы, сөздері анық естілмейді, қозғалыстары тепе-теңдікті ұстамайды, бет әлпеті бозарады, сөздері қайталанады. Мұндай күйде жастар қылмысқа баруы мүмкін.

Есірткі затты қабылдаған студенттің көз алдына әр түрлі елестер көрінеді. Жүйелі түрде психотропты заттарды қабылдаған кезде, студенттің соматикалық өзгерістері пайда болады. Олардың физиологиялық тәуелділігі пайда болады. Оның жұмысқа қабілеттілігі азаяды. Баланың интеллектуалды қабілеттілігі төмендейді, ұйқысыздық, мазасыздық пайда болады.

Студенттердің есірткіге құмарлығы – әлеуметтік ортаның ең қауіпті құбылысы. Ең бастысы, әлі толық жетілмеген жас ағзаның өмірі бұзылады. Жастардың ағзасына кез келген психотропты зат өте қауіпті.

Көптеген жастар қауіпті еліктеулердің адам ағзасына қаншалықты зиянды екенін білмегендіктен, оларды қабылдауға жол береді.

Жалпы оқу орындарында студенттердің психотропты заттар, есірткі заттар, психобелсенді заттар, шылым шегу және ішімдік туралы ақпараттану деңгейі әлі дұрыс артпаған деп айтуға болады. Қазіргі қоғамда көптеген жастар ішімдікке, шылым шегуге және психотропты заттарды қабылдауға жол береді. Солардың нәтижесінде жауапсыз және зиянды мінез-құлыққа барады.

Қорытындылай келе, психотропты заттардың студент жастағы балалардың психикасына әсері жағымсыз және өте қауіпті. Психотропты заттардың жас ағзаға зияны туралы толық суреттелді. Бұл жұмыста астар психикасына қауіпті еліктеулердің, әсіресе, психотропты заттардың қауіпті әсері жайлы жазылған. Бұл мәселелер тәжірибеде тұрғылықты орынға сүйеніп, теориялық және практикалық негізіне енгізілді.

Бұл жұмыстың алынған тақырыбы өз өміршеңдігін жоғалтқан жоқ. Қазіргі заманда өте ауқымды мәселеге айналып отыр. Студент психикасына психотропты заттардың әсері өте зиянды және психотропты заттар жеткіншекте химиялық тәуелділікті тудырады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Ваисов С.Б.- Наркомания и алкогольная зависимость, практическое руководство по реабилитации детей и подростков. Изд: Спб. Наука и техника, 2008-272с.
2. Клейберг Психология девиантного (отклоняющегося) поведения//
3. Вопросы психологии. № 2, 1998. С.141-146.

*Ғылыми жетекші- II және II магистрі*  
**Ерғуқешова Г.М.**

## **ВОЛОНТЕР ТҰЛҒАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ФАКТОРЛАРДЫҢ ӘСЕРІ**

**Серік А.**

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті

Жеке адамның бір-бірінен ажырағысыз және оған пәрменді түрде ықпал ететін биологиялық белгілері мен ерекшеліктері бір-бірімен байланысты. Анықтауыш қасиеттер - жеке адамның әлеуметтік сипаттамасы, оның себептері, мүдделері, мақсаттары. Жеке адам болу үшін психикалық дамудың белгілі бір дәрежесіне өтіп, басқа адамдарға карағанда ерекшелігі бар екенін білетіндей біртұтас тұлға болуы тиіс. Өмір бойы даму мен тәрбиенің нәтижесінде жеке адамның орнығып, жетілуін қалыптасу деп атайды. Жеке адамның қалыптасуы - күрделі, ағзаның өсуі мен жетілуін, стихиялы әсерлерді, мақсатты, ұйымдасқан тәрбиені қамтитын қарама-қайшылықты процесс. Жеке адамның қалыптасуы өмірге келген сәтінен басталады, жеткіншек және жасөспірім шақта жедел жүреді, ересек шақта өзінің біршама аяқталу кезеңіне жетеді. Сондай-ақ жеке адамның дамуы деген ұғымды анықталық.

Ерік немесе еріктік қызмет(лат. voluntarius - ерікті) - сол қызметтің кең ауқымы, көмектің дәстүрлі пішіндерін және қызмет атқарудың ресми және азаматтың қатысуының сырт пішіндердің, нешінші ерікті игілік кең жұрт есеп немесе ақшалай сыйақы жүзеге асты. Қайырымдылық жасаушының ұйымының қызметі сарбаздың сүйенішінде мұқтаж болады. Аралық игілік кем бағалаудың ақысыз еңбегі үшін ерікті қызметтің ұйымы үшін, бір жақтан, сарбаздың бос орындары игіліктер ұйымдарында құралады, сырт жақтың - қостаушы ұйымның ауқымы және өз игіліктерінің қызметімен қатысқандар өз ерікті кеуде, араласу белгілі нысанға келтіріледі. Олармен ақысыз еңбек әртүрлі көзқараста болып табылады. Ұғыммен ерікті(волонтерлік) қызмет орыс тілде жиі "қоғамдық қызмет" деген ұғымды білдіреді, нешінші көрінген пайдалы қызметті игілікті қоғамдар белгілейді. Үмітсіз көмектесу мүмкіндік өз өзімен(қартайғандық, қорғансыздық, кемтарлық, мылқау бәле-қазалар, әлеуметтік астан-кестен өзгерістер) сарбаздың қызметі бірінші кезекті немесе көмекті халықтың кембағал қабаттарына оқтаулы.

Азаматтық әлеуметтік санаттық көмек болып мыналар танылады: егде адамдар, қамқорсыз балалар, жастар мен студенттер, баспанасыздар, адамдар мүмкіндіктері шектеулі (мүгедектер), көшіп-қонушылар, босқындар, бұрынғы тұтқындар мен т.б. адамдар жатады. Нашакорлықтың алдын алу жасөспірімдердің айыпкерлігінің оқтаулы әнгімелері;

Қайырымдылық концерттер және театрландырылған көріністер;

Негізінде дамыған мемлекеттерде еріктілердің көмегі болып ерікті болу жатады.

Экологиялық бастамалар және лас қоқыстарды тазарту;

Тәртіп сақшыларына, құтқарушыларға, дәрігерлерге және т/б. қосымша көмек қорсету.

Волонтер деген кім? "Волонтер" деген сөздің синонимом "доброволец" деген сөз болып табылады. Анда-санда волонтер қоғамдық көмекші, ерікті қызметкерлермен, ассистенттермен, көсемдермен, дәнекерлермен атайды. Ажырымды атауда негізгі оның жұмысында қолдан- әдістемелер анықтайды.



Неге адамдар волонтер болады?

Оның себептері әртүрлі, соның негізгісі :

Ең басты - ой, абзал ой, кердеңдікті және қызметтің ұстанымдарын қайтарушы. Барін ой анықтайды, намыс, өзін құрметтеу және қанағат жұмыс және қызметтің нәтижелерінен бітеді. Ішкі психологиялық болуға қажеттілік керек. Волонтер қозғалысы осы қажеттілікті, сезім өзінің берекелілігін жүзеге асыру қояды.

Қызығушылық: Жұмыс волонтері көбіне әркелкі тіл табу және жаңа мүмкіндіктермен тоқулы.

Антраж: Бастаушылар үлкен қозғалыстың сырт қылықтылығы қызықтырып кетеді ешқандай ой- мақсаттар немесе ақырғы нәтиже, айрықша сол бала-шағаның және жасөспірімдерге тигізеді. Мансап, бедел : Мында жақсарту мүмкіндік өзінің әлеуметтік жағдайын карьерной шеңберде қарайды. Анда-санда психологияның және педагогтың мансабы бастапқы тап волонтер қозғалыста.

Шығармашылық мүмкіндіктер: Айқындау болады өз қызметінің түрлі көріністерінде тыс тәуелділік немесе бар кәсіптен - журналистика, оқыту менеджмент, аттанулар, сценарилер , дизайн.

Өзінің мәселесінің шешімі: Ұйым мәселелерімен түйіссе - ол сол шыға берістер.

Бос уақыт: Уақыт жұмсау болады екі әдіспен болады. Айламен және пйдамен. Бірінші нұсқа - сол волонтерлік қозғалыс.

Өз мүдделерін қорғауда, көбіне ішімдікті қойып, дағдарысты басынан өткізген адамдар нақты, дал болжам жасап және әр түрлі жағдайлардың алдын ала алады. Іштей жамандыққа бой ұрғанша өзінің күш қуатынды бастан өткерген жамандықтарымен күресуге жұмсау керек.

Ресурсты мүмкіндіктер. Ерікті болып жұмыс жасай жүре адамдар тосын жақсылыққа кезигеді - жол журу, қызықты кітаптар және фильмдер, өзге адамдармен байланыс орнату, интернет ресурс, компьютер және т.б.

Еріктілердің бастамасы неден басталады? Бари биреуге көмек қорсету деген ойдан басталады.

Еріктілердің қозғалысы қалай ұйымдастырылады? Еріктілердің кейіпі мен жүйесі таң қалдыруы мүмкін, бірақ негізі барлық ұйым турлерін санаулы топтарға бөлуге болады. Жанында жақсы ортада араласу топтардың құрамындағылардың бірігуіне әкелетін фактор.

Волонтердің функциясы.

Волонтерларды қолдану көптеген қызмет түрлерінде мүмкін, бірақ, тиматиканы ескере отырып, біз төменде тек алдын алуға қатысты ғана қызмет түрлерін тізіп көрсеттік:

Алдын алу жұмыстары мен тренингтерін жүргізу

Көптеген акциялар, көрмелер, жарыстар мен ойындар өткізу.

Мәліметтер тарату (полтграфиялан үлестіріп беру, плакаттар ілу, өзінің әлеуметтік ортасында жұмыс жасау).

Алғашқы кеңес беру мен жол көрсету

Басқа да волонтерлық командалар мен қатысушыларды дайындау

Жабық топтармен жұмыс жасау (нашақорлыққа тәуелділер, әскери қызметшілер, көшеде кездесушілер)

Шығармашылық қызметтер. Станциялық ойындар құрастыру, массалық акциялар, плакаттар, брошюралар, бейне роликтер жасау.

Жинақ (анкеталау, тестілеу, сұрастырулар) және мәліметтерді өңдеу,

Көрсетілген қызметтердің сапасын бағалау бойынша мамандық қызмет (экспертная деятельность).

Жасы 13 тен асқан кез келген адам волонтер бола алады (бірақ, кейбір жағдайларда жасы кішкентай балалар да бола береді) Сол себепті волонтер болу үшін ешқандай шектеу жоқ.

Волонтер адамдар ерікті өзінің күшінің және уақытты на пайдаға қоғам немесе нақты адамға қолынан келгенше көмектесуге әзір адамдар. "Волонтер" деген сөздің синонимымен "сарбаз" деген сөзі сәйкес болып табылады. Анда-санда волонтерлерді қоғамдық көмекші, ерікті қызметкерлермен, ассистенттермен, көсемдермен, дәнекерлермен атайды. Ортақ, не оларды біріктіреді, - ықтиярлылық (ақшалар жұмыстың негізгі себебі болып табылмайды). Ажырымды атауда арада негізгі оның жұмысында қолдан- әдістемелер анықтайды.

Сонымен қорыта келе, Волонтер, бұл волонтерлық қызметтің қағидаларына сүйене отырып, волонтерлық қызметтің жүзеге асырылуына, волонтерлықтың дамуына өз үлесін қосатын әрбір жеке тұлға, соның ішінде шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалар.

Былай айтқанда, біздің қоғамның түсінігіндей, волонтердың еңбегіне ақы төленбейді. Тіпті дағдымы мен білімі жоқ адамға жалақы төлейді деп ойлаудың өзі мыйға қонымсыз нәрсе. Бірақ бұл, волонтерлар мүлдем тегін жұмыс жасайтынын білдірмейді. Олар бұл қызмет түріне аптасына 6 сағаттан астам уақытын жұмсай алады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Гиппенрейтер Ю.Б. Введение в общую психологию. Курс лекций. –Москва, 2000.
2. Жарықбаев Б.Қ., Қалиев С.К. Қазақ тәлім тәрбиесінің антологиясы – Алматы;
3. Мұхамбетова С.Қ., Дәрібаева С.Қ., Исатаева Б., Төрахметова Ә.Б. Конфликтология негіздері. Ақтөбе, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің баспаханасы, 2006 ж.
4. Мұхамбетова С.Қ., Қожаева С.Қ. Тәрбие теориясы. Астана, 2005

*Ғылыми жетекші - п.ғ.м., аға оқытушы Бекешова Г.У*

## ОТБАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕЛІК РОЛІ

Қушкенбаева Альбина Зарлыковна

Ақтөбе қаласы, С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті, Педагогика және психология мамандығының 1-курс студенті.

Бүгінгі күнгі білім беру жүйесінде және оның мазмұны мен оқыту технологиясында да өзгерістер орын алуда. Жалпы орта білім берудің жалпы ұлттық деңгейдегі мақсаты – Қазақстан Республикасының әлеуметтік, экономикалық, қоғамдық, саяси өміріне белсенді араласуына дайын, еңбекқор тұлғаны қалыптастыру. Ал бұл отбасынан бастау алатыны сөзсіз. Осыған байланысты қазіргі таңда жастарға отбасының ерекшеліктері және олардың тәлім-тәрбиелік ролін үйрету маңызды орын алуда.

Қазіргі кезде отбасылар өз елінің педагогикалық саясатының ең басты компоненті болып қалыптасатын объективті мақсатты белгілі бір дәрежеде бағдарға алады. Соңғы жылдары тәрбиенің объективті мақсаты ретінде «Адам құқы декларациясы», «Балалар құқығы декларациясы», «Қазақстан Республикасы Ата Заңында баяндалған өзгермейтін жалпы адамзаттық құндылықтар алынып отыр. Әрине, бала тәрбиесінде әрбір отбасы мақсат етіп «тұлғаны жан-жақты үйлесімді тәрбиелеуде» ғылыми педагогикалық терминді басшылыққа алды деп айта қою қиын. Бірақ, әрбір ана жаңа туған нәрестесін құшағына қыса отырып, оның дені сау, бақытты, жақсы азамат болып өсуін тілеп, армандайтыны даусыз [1].

Егеменді елімізде баланы жан-жақты тәрбиелеуге арналған педагогикалық озық тәжірибелер жинақталды. Баланың азамат болып қалыптасып өсуінің негізі отбасы тәрбиесіне тікелей байланысты. Әр баланың дамуына отбасының ықпалын ешнәрсе алмастыра алмайды. Адам баласының өсіп-өнер, болашаққа қанат қағар ұясы отбасы болып табылады.

Балаға ата-ана тәрбиесінің орны қай кезде болмасын бірінші кезекте ерекшелене түседі. Бала өмірі мен дамуының негізі болып табылатын отбасы, ата-аналардың әлеуметтік-мәдени өлшемдері олардың білімділік деңгейімен және олардың қоғам өмірімен қатысуымен айқындалады.

Бала бойында жас кезінен бастап мәдени құндылықтар мен адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру барысында ата-ана, бүкіл отбасының ықпалы жүйелі түрде іске асырылып отырылуы қажет. Қай ата-ана болмасын өз баласының болашағына немқұрайлы қарай алмайды. Оның бойында азаматтық, елжандылық, отансүйгіштік қасиеттерін қалыптастыруға, келешек «Атаның ұлы емес, халықтың ұлын» тәрбиелеуге өз мүмкіндіктеріне сәйкес ат салысады.

Ғасырлар бойы отбасындағы тәрбие ұрпақтан-ұрпаққа ауызша беріліп келе жатқан салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар негізінде жүзеге асып келді. Дегенмен соңғы ғасырда педагогика ғылымы барлық ғылымдар сияқты едәуір дамығаны белгілі. Балалардың даму заңдылықтары, тәрбие үдерісін дұрыс құру

жөнінде көптеген ғылыми зерттеулер жүргізіліп, бай тәжірибе, қомақты мәліметтер жинақталды.

Енді бір ескеретін жайт халық арасында «бала тәрбиесі аса қиын шаруа емес, ол әркімнің-ақ қолынан келеді» деген түсінікпен тоқмейілісіну қалыптасқан. Мұндай надан түсінікті кезінде К.Д.Ушинскийдің өзі айыптап жазған болатын. Бүгінгі таңда да кейбір ата-аналар өздерін баласына жеткілікті дәрежедегі білікті тәрбие берудемін деп есептейді, ондайлар арнаулы мамандармен кеңесуді, психологиялық-психикалық әдебиеттермен танысуды қажет деп есептемейді. Дегенмен соңғы кездердегі социологиялық зерттеулердің көрсетуі бойынша, білімді, жас ата-аналардың басқа бағыт ұстайтыны, олардың бала дамуы, тәрбиесі мәселесі жөнінде тереңірек білуге құштарлық танытып, өздерінің педагогикалық біліктілігін көтеруге ұмтылатыны байқалып отыр [2].

Қазіргі кезде бала тек қана отбасы аясында шектеліп қалмай, көп қырлы әлеуметтік, табиғи, мәдени ортаны көріп өсетіні белгілі. Ол сәби шағынан бастап-ақ радио тындап, теледидар көреді, серуенге шығады, онда алуан түрлі адамдармен араласады және т.б. Айнала қоршаған орта белгілі бір дәрежеде балаға өз ықпалын тигізбей қоймайды, яғни жағдайлар тәрбиелеу факторына айналады.

Демек, тәрбиенің көп факторлы болуының оң жағы да, теріс жағы да бар. Біздің балаларымыз теледидар көру арқылы көптеген қызықты хабар естиді, ақыл-ойы, сезімдері толығады, бірақ сол теледидар әсерінен олар үшін кісі өлтіру, тонау, қатыгездік, алдау тағы сол сияқты теріс құбылыстар үйреншікті картиналарға айналып барады, теледидардағы «жарнамалар» балалардың тілін әр түрлі тілдік штамптармен, күдікті неологизмдермен шұбарлап отыр.

Отбасы – қоғамның ең маңызды тобы, бірлестігі. Жас баланы отбасында тәрбиелеуде халқымыздың сан ғасырлар бойы жинақтаған ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан ұлттық тәлім-тәрбиелердің, тәлпума халық педагогикасының орны зор. Оның өзекті арқауына ұлттық сана сезім, қадір – қасиет, ар-ождан, ұлтжандылық, отансүйгіштік, ізгілік, ізеттілік, парасаттылық, тектілік, қайырымдылық және т.б. жататыны, олардың өмірдегі мән-маңызы сараланады. Отбасында жас баланы ерлікке, жігерлікке, батылдық пен батырлыққа, сөз бен істің бірлігі сияқты қасиеттерге тәрбиелеудің орны ерекше.

Отбасында, әсіресе, ата-ананың, туған-туыстың айтқан сөздері, қоғамдық өмірде болып жатқан құбылыстар, саяси-әлеуметтік өмірдегі өзгерістер жөнінде оларға айтқан пікірлерді, қабылданып жатқан шешімдерге берген бағаларды т.с.с. жас бала арнайы тындап, мән бермегенімен ойын арасында естігенін біртіндеп белгілі бір ой қалыптастырып, тұжырымдар жасайды. Отбасында негізі қаланған тәрбие өсе келе өмірлік нысанаға айналуы мүмкін. Халық отбасындағы тәрбиеге ерекше көңіл бөлген. Оны «Таяқтау оңай, тәрбиелеу қиын», «Балақан өсіру-Балапан ұшыру емес» деген мақал-мәтелдерден көруге болады. Ал «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер»,

«Ұлың өссе - ұлы жақсымен ауылдас бол, қызың өссе - қызы жақсымен ауылдас бол», «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» мақалдары халықтың

бала тәрбиесіне, оның қалай өсіп-өнуіне, болашағына үлкен көңіл бөлгендігі байқалады. Яғни, бала ата-анаға, өскен ортаға қарап өседі, үлкендердің үлгі өнегесіне қарап тәлім алады [3].

Баланың адам ретіндегі қалыптасуында тәрбиенің негізі ата-анадан деп есептегенімен, жүрген ортаның, ағайын-туыстың, жора-жолдастың, жанұяның, ең әуелі туған жердің табиғатына дейін әсер тигізетіні рас. Бұлардың бәрін, ержетіп, азамат болуда ықпал етер шартты жағдайлар деп бағаласаң, көгеріп, көркейіп өскен жастың жанына азық, бойына қуат, өнеге беретін аялы алтын дінгегі - әке-шешесі. Тіршіліктегі барлық нәрсенің бір-бірімен сабақтас болғаны сияқты, баланың бойындағы, әдетіндегі небір жақсы, жаман қасиеттің көздері осыларда. Ананың, тәрбиешінің бойында ұстамдылық, ұқыптылық, нәзіктік, кішіпейілдік қасиеттер қалыптасса, әке арқылы еңбекқорлық, батылдық, адамгершілік, азаматтық, табандылық мінезге ие болады. Сондықтан да, ата-анаға, ұстазға өз жүрегінің тебіренісін, жай-күйін бала сезіміне әсер ететіндей жеткізе білуге тырысқан жөн.

Ата-ананың балаға деген махаббаты - әрбір азаматтың отанға, досқа, туыстарға, сүйген жарға деген махаббатының жетекшісі, көш басы деп түсінуге болады. Өмірдегі небір сырлы махаббаттар ата-ананың балаға деген мейірім махаббатынан таралған. Сол ата-ананың өзі еккен махаббаты қартайғанша тозбай, ондай ата-ана өткен өміріне өкінбей, еңбегінің жанғанына риза болады.

Демек, «алмақтың да салмағы бар» дегендей, әрбір жас, ең алдымен, өзін дүниеге әкелген ата-анаға, түрлі қамқорлық жасап отырған Отанға, білім берген ұстаздарға, рухани азық, үлес қосқан адамдарға қарыздар. Оның өтеуі – азаматтың жан-жақты білімді, мәдениетті, еңбекшіл, мейірімді адам болып қалыптасуы, өмірден өзіне лайықты орын табуы, Отан мен ананың игілігін арттыруға үлес қосуы деп түсінгеніміз жөн.

Қорыта келе, отбасы тәрбиесі – қоғамдық тәрбиенің бір бөлігі, ата-ана борышы. Отбасының жоғарыда көрсетіліп отырған белгілерінің тәрбиелік ықпалы өте күшті, оларға тәрбие барысында ерекше көңіл бөліп, ескеру қажет.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Назарбаев Н.Ә.Қазақстан халқына «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» жолдауы \\\ Егемен Қазақстан, 2007 жылдың 28 ақпаны.
2. Ушинский К.Д. Собр.соч. Т.2. – Москва: АПН РСФСР, 1984. 516 с.
3. Жарықбаев Қ., Қалиев С., Смайылова М. Тәлім-тәрбие тарихынан. – Алматы: Кітап, 1992. – 224б.

*Ғылыми жетекші – п.ғ.магистрі, аға оқытушы Имагамбетова А.А.*

### **БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЖАҢА МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕР**

**Зейноллаева Н.Ж.**

Баишев университет

Қоғам ілгері дамыған сайын білім беру жүйесінің алдына қойған мақсат білім беруді ақпараттандыру, пәндерді ғылыми – технологиялық негізінде оқыту болып табылады. Сондықтанда мультимедиялық технологиялардың зерттелуі уақыт талабы, себебі мұғалім жаңа технологияларды, алға қойылған педагогикалық мәселелерді сапалы және тиімді пайдалануы қажет.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» атты Жолдауында «Сапалы білім беру Қазақстанның индустриалдық-инновациялық дамуының негізі болуы тиіс» деп атап көрсетілгендей қазіргі кездегі білім беру жүйесі әлемдік өркениет көшіне сай, жан-жақты, ақпараттық-коммуникациялық, соның ішінде мультимедиялық технологиялармен қамтамасыз етілуі керек. Қазіргі таңда дидактикалық оқыту жүйелерін қалыптастырудың перспективалық бағыттарының бірі – мультимедиялық технологияларды оқыту процесінде пайдалану. Оқытуда мультимедиялық технологияларды пайдаланудың теориялық және практикалық аспектілерін Ю.Н.Егорова дидактикалық аспектілерін Н.В.Клемешова, тұжырымдамалық аспектілерін О.Г.Смолянинова, орта мектептің информатика, математика пәндерін оқытуда мультимедияны пайдалану әдістемесін С.С.Кравцов, Т.Г.Пискунова, жоғары оқу орындарында студенттердің өзіндік жұмыстарын дамытудағы мультимедияның мүмкіндіктерін Д.Э.Френки, студенттердің болашақ кәсіби іс-әрекетінде мультимедиялық технологияларды пайдалану даярлығын қалыптастыру мәселелерін О.Г.Смолянинова, О.В.Лобач, А.И.Гридюшко, Е.Я.Шипнягова, жоғары оқу орындары оқытушыларының оқу-әдістемелік іс-әрекетінде мультимедияны пайдалану әдістемесін Т.Ю.Волошинова, В.Г.Казаков, мультимедиялық оқыту кешендерін бағдарламалық жабдықтау жолдарын И.В.Голубятников секілді ғалымдар өз еңбектерінде зерттеді.

Білім беру жүйесінің жаңа талаптары мен жоғарыдағы ғалымдардың зерттеу еңбектерінің нәтижелерін ескере отырып, мынадай тұжырымға келуге болады: үздіксіз білім беру жүйесін жетілдірудің негізгі бағыттарының бірі ретінде мультимедиялық технологияларды қолдану бүгінгі күннің басты талабы. Сондықтан да, оның техникалық және дидактикалық мүмкіндіктерін дамыту, одан әрі зерттеу маңызды болып табылады.

Компьютерлік технологиялардың ішіндегі оқу үрдісінің қолайлысы- мультимедиялық технологиялар. Бұл дегеніміз ғылыми негізде дайындалған педагогикалық ақпараттық өнім. Ол өскелең ұрпақтың ақпарат

құралдарымен жұмыс істей білуінің бірден бір себебі. Бүгінде ауыл мектептерінде де компьютер, интерактивті такта секілді игіліктер жете бастады. Мультимедияны қолдану оқушылардың оқуға деген ынтасын, белсенділігін, қызығушылығын арттырады. Мультимедиялық технологияларды қазіргі білім беру саласында дер кезінде игеру және тиімді пайдалану өз дәрежесінде жүргізілмеуде.

Мұның себептері:

1. Мультимедиялық технологияларды педагогикалық іс- әрекетінде тиімді пайдалана алатын мұғалімдердің аз болуы;

2. Оқу орындарының материалдық-техникалық базасын үнемі жаңа технологиялармен жабықтап отыру қажеттілігінің ескерілмеуі;

3. Оқу әдістемелік жұмыстардың жаңаша сипатта жүргізілмеуі т.б. жағдайлар болып отыр.

Елімізде орта мектептерді ақпаратты-коммуникациялық тұрғыдан жабдықтау мақсаты іске асырылып келе жатқанымен, сол мақсат – мүдденің қандай қажеттіліктен туындығанына мән берілмей келеді.

Ең алдымен, ұлы дидактик Я.А.Коменский «Алтын ережеге» балаған көрнекілік ұстанымының талаптарына толық жауап бере алатын мультимедиялық технологиялар ұғымдарын қарастырайық. Олай болса мультимедиа ұғымына талдау жасап көрейік. Мультимедиаға зерттеуші ғалымдар түрліше анықтама береді: Мультимедиа – әр түрлі типті ақпараттарды компьютердің ұсыну мүмкіндігін дамытатын және адамның мультисенсорлық табиғатына негізделген технология (D.Little). Мультимедиа – екі не одан да көп типті ақпараттарды интерактивті формада біріктіру (D.H.Jonassen). Мультимедиа – әртүрлі формада ұсынылған ақпараттарды біріктіруге мүмкіндік беретін компьютердің аппараттық және бағдарламалық құралдары кешені (И.И.Косенко). Мультимедиа – графика, гипермәтін, дыбыс, анимация, бейнемәліметтерді пайдалануға мүмкіндік туғызатын аппаратты-бағдарламалық құрал (И.Вернер). Мультимедиа термині латын тілінің «multy» (көп) және «media» (орта) деген сөздерінің бірігуінен құралған. Сондықтан да, мультимедиялық жүйеге арналған оқулықтарды, ғылыми еңбектерді саралай келе бұл терминге «ақпараттық орта» деген мағына беруге болады. Ал, ақпараттық орта түсінігін белгілі бір ортада ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы ақпаратты ұсыну мен өңдеуге бағытталған арнайы ұйымдастырылған процесс деп қабылдай аламыз. Мультимедиялық технологиялар – әр түрлі типті мәліметтерді дайындау, өңдеу, біріктіру, ұсыну әрекеттерін аппараттық және бағдарламалық жабдықтарды пайдалану арқылы жүзеге асыратын технологиялар (әдістер мен тәсілдер) жиынтығы. Білім берудегі мультимедиа – біріншіден, таным процесінің жоғарылауына септігін тигізетін, екіншіден, білім беру мазмұнын интерактивті формада ұсынатын дидактикалық аппаратты-бағдарламалық құрал. Мультимедияның бағдарламалық құралдары – кез келген типті ақпаратты интерактивті режимде пайдалануға мүмкіндік беретін компьютердің бағдарламалық жабдықтары. Мультимедиялық ресурстар – мультимедиялық құралдар және арнайы бағдарламалық жабдықтар көмегімен дайындалған ақпараттық өнімдер. Мультимедияның дамуы бейнетехникалық және дербес компьютерлік технологиялардың өркендеуі нәтижесінде жүзеге асуда. Мультимедиа статикалық (мәтіндік, кестелік, графиктік), динамикалық (анимациялық, бейнелік) және дыбыстық ақпараттарды талапқа сай дәрежеде ұсынуды іске асырады. Мультимедиялық технологияларды пайдалану негізінде жүргізілетін

оқыту әдісі оқытудың теориясы мен технологиясын бір-бірімен байланыстырып отыруды қажет етеді.

Әрбір оқытушы өзінің педагогикалық қызметін жоғары деңгейде көрсетуі үшін мультимедиялық технологияларды пайдалана білуімен қатар, сол аталған технологияларды тікелей оқыту процесінде қолданудың қажеттіліктерін анықтай білуі керек. Бірінші қажеттілік – дәстүрлі оқыту әдісінде тәжірибелік дәлелдеулері жүзеге асырылуы мүмкін емес заңдылықтар мен теорияларды, ұғымдарды, макро және микроәлем жөніндегі түсініктерді, пән аралық байланыс сипатындағы күрделі оқу материалдарын оқыту үшін студенттер мен оқушыларда қажетті білімдер жүйесінің болуы. Екінші қажеттілік – студенттер мен оқушыларда репродуктивті дағдының қалыптасуы. Мұндай қажеттілік оқу экспериментін жобалау, оқу мазмұнына қатысты мәліметтерді жинақтау, жүйелеу, жіктеу, талдау секілді іс-әрекеттер кезінде байқалады. Үшінші қажеттілік – студенттерде, оқушыларда шығармашалық (креативтілік) дағдының қалыптасуы. Бұл қажеттілік күрделі есептерді шешу, зертханалық эксперименттерді жүргізу, объектіні модельдеу, қандай да бір процестің өтуіне әсер етуші факторларды анықтау кезінде байқалады. Төртінші қажеттілік – студенттер мен оқушыларда белгілі бір тұлғалық сапаның қалыптасуы. Бұл қажеттілік әлеуметтік мәселелерді шешу арқылы жас жеткіншектерді адамгер-шілікке, ізгілікке тәрбиелеу кезінде көрініс береді. Жастарда тұлғалық сапаның болуы оның қоғам алдында жауапкершілігін күшейтеді. Мультимедиа құралдарына оқыту процесінде әртүрлі типті ақпараттарды ұсынушы кез келген оқыту құралдарын жатқызуға болады. Атап айтқанда: дыбыстық құралдар (CD-ойнатқыш, магнитофон т.б.); телерадио жүйелері (телеқабылдағыш, радиоқабылдағыш, оқыту теледидары, DVD-ойнатқыш т.б.); проекциялық құрылғылар (графопроектор, мультимедиялық проектор, оверхед проектор, бейнепроектор, интерактивті проектор); интерактивті такта; ақпарат көбейткіш құралдар (микрофильмдеу құралдары, ксерокс, ризограф); компьютерлік құралдар; телекоммуникациялық жүйелер мен желілер (кабельдік, спутниктік, оптоволокондық желілер т.б.). Сонымен қатар, мультимедиялық технологиялардың таным процесін жетілдірудің тиімді құралы ретінде қарастырып кетейік. Білім беруде қолданылатын тиімді әдістердің бірі – ақпарат берудің сөздік-логикалық және көрнекілік тәсілдерінің үйлесуі, яғни, оқытушының сөзбен түсіндіруінің сәйкесті көрнекі құралдармен бекітілуі. Үздіксіз монотонды әңгіме тыңдап отырған адамның назары тіпкерендіргіштің біркелкілігінен – сөйлеушінің даусынан 20 минуттан кейін-ақ басқа жаққа ауа бастайды екен. Егер, әңгіме қандай да бір объектілерді көрсетумен қатар жүрсе, естумен қатар көру анализаторы да жұмыс жасайды. Адамның көз алдына көрнекі образдың пайда болуы ұсынылған материалды толықтай меңгеруге септігін тигізеді. Көрнекілік әдіс «жүз рет естігеннен, бір рет

көрген артық» деген нақылдың бекер айтылмағандығын айқындай түседі. Мультимедианы пайдаланудың артықшылығы мынада: мысалы, кескін немесе сурет – адамның ой-санасында белгілі бір бейнені, ұғым-түсінікті қалыптастыруға, мәтін және дыбыс – қозғалыстағы бейнелік әрекетті онан әрі дамыту негізінде образдың ішкі болмысын аша түсуге, музыка – эмоционалдық көңіл-күйдің көтерілуіне әсер етеді.

Қорыта айтқанда, таным процесінің заңдылықтарын зерттейтін таным теориясының атқаратын мынадай міндеттерін оқыту процесінде мультимедиалық технологияларды пайдалану арқылы түсіндіруге болады: объектінің болмысын, даму заңдылықтарын ашып көрсету; объектінің ішкі табиғатын ашу арқылы оның болашақтағы даму бағытын айқындау; объектілерді зерттеу жөніндегі ғылыми саланың дамуына ықпал жасау; заңдылықтардың практикада қолданылуын ұғындыру т.б.

Қорытындылай келе, мультимедиалық технологиялар: әрбір пайдаланушының қабілетімен ерекшелігін ескере отырып, олардың оқу мотивациясын арттыруға септігін тигізеді; түрлі типті ақпараттарды біріктіріп ұсыну арқылы оқытудың интерактивтілік ұстанымын қамтамасыз етеді, өйткені, әр түрлі типті ақпаратты пайдалану адамның әр түрлі ісезім мүшелері арқылы оқу материалын жан-жақты қабылдауына ықпал етеді; нақты, күрделі де қиын, белгілі көлемде шығын мен ұзақ уақытты қажет ететін экспериментті модельдеуді жүзеге асырады; құбылыстар мен процестерді динамикада көрсету арқылы абстрактілі ақпараттарды көрнекі тұрғыда ұсынаалады; макро және микро әлемдегі нысандарды визуалдауға мүмкіндік береді; білім беруге жұмсалатын шығынның азаюына ықпалын тигізеді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» атты Жолдауы.
2. Есжанов А. Электрондық мультимедиа: ресурстары мен құрал-дары.//Қазақстан мұғалімі, 16 сәуір, 2008.
3. Досжанов Б.А. Тұлғаның танымдық іс-әрекетін мультимедиалық технологияларды пайдалану арқылы дамыту. Қ.А.Яссауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің хабаршысы. –Түркістан. 2007. - №3. –Б.176-180.
4. Досжанов Б.А. Мультимедиа және оның техникалық құрамы. Оқу құралы. –Қызылорда: ҚМУ, 2004, -81 б.

*Ғылыми жетекшіі: э.ғ.магистрі Байкелова Б.Ә.*

## **СТУДЕНТТЕР АРАСЫНДАҒЫ ЖАЛҒЫЗДЫҚ СЕЗІМІН СЕЗІНУДЕГІ ҚАРЫМ –ҚАТЫНАСТЫҢ РӨЛІ**

**Баймуззина П.**

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті

Жалғыздық — басқа адамдардан оқшаулаған, өзгерген (үйреншікті емес) жағдайға ұшыраған адамның эмоциялық күйіне ықпал ететін психогендік факторлардың бірі. Адамның жалғыздық жағдайда болу уақыты ұзарған сайын тілдесуді, қарым-қатынасты қажетсіну күшейе түседі. Бұл қажетсінуда қанағаттандыру мүмкіндігінің болмауына жауап ретінде адамдар заттарды (қуыршақтарды және т.б.), әртүрлі жануарларды (өрмекшіден бастап аттарға дейін) тұлғаландырып тіл бітіргендей әрекет жасайды, қиял күшімен серіктестер тудырады (бірқатар жағдайларда түсінде көрген жарқын эйдетикалық бейнелер түрінде), олармен дауыстап сөйлесе бастайды. Бұл экстериоризациялық реакциялар қорғаныштық (есесін өтеушілік) реакциялар деп бағамдалып, психологиялық норма шеңберінде қарастырылады. «Жалғыздық» сөзінің түбірі «жалғыз» деген сөз. В.Дальдің түсіндірме сөздігінде жалғызбастыға: «оқшау, өз-өзімен, жеке» деген анықтама беріледі. «Жалғыз тұратын» деген сөз тіркесі «өзімен-өзі, отбасынсыз, жолдастарынсыз» деп түсіндіріледі. Физикалық жалғыздық деген де бар – егер адам еріксіз немесе ерікті түрде жалғыз қалатын объективті жағдай. Бірінші жағдайда оның күйзелісі аянышты болуы, екінші жағдайда – қанағаттанушылық (ерікті оқшауланудан әрқашан шығуға болады) әкелуі мүмкін. Рухани жалғыздық – жалғыздықтың ең ауыр түрі, оның негізінде жоғалту, басқалардың сені ұнатпау сезімі жатыр.

Жалғыздық жалқылықты да білдіреді. Жеке-дара болу да жалғыздық Салт адам да жалғыздық отбасында, жанұяда жалғыз өзінің тіршілік етуі. Психология ғылымында адамның жеке басын зерттеу даралық немесе дифференциалды психология деп аталады. Жеке басты зерттеуде адамның жан дүниесінің сыр-сипатын, психологиялық ерекшеліктерін зерттеу күрделі мәселе болып саналады да, оның кісілік қасиеттерінің дамуын, жеке процестері мен ерекшеліктерін ашып көрсетуге ерекше мән беріледі. Жеке басқа тән сипаттар темперамент пен мінез, оның дара басына тән қабілеттілігін айқындап көрсету, бұл ғылымда айрықша орын алатын маңызды проблема болып саналады. Жалғыздық ешкімі жоқтық, саяқтық. Жалғыздық бірен-саран, аздаған, некен-саяқ дейтін ұғымды да білдіреді. Халықтық ұғым-түсінік бойынша жалғыздық қиындыққа төзіп, тіршілік етуіне жанашырлық білдіруі адами-гуманистік сезімді білдіреді. Оған мүмкіндігінше көмек көрсетіп, есіркейтін болған. Ауаның ластануы, ас-ауқат сапасының нашарлауы, ауыр жұмыс, сарыуайым тағысын тағы мәселелер адам өмірінің қысқаруына себеп деп жүрміз. Бірақ, ғалымдар соңғы жылдары басқаша тұжырым айтады.

Зерттеулер нәтижесі бойынша, адам ажалын ерте шақыратын негізгі фактор – жалғыздық болып шыққан. Американдық психологтардың

сараптауынша жалғыздық дерті аптал азаматтың ең аз дегенде 10 жылын қиып түседі екен. Әйелдерде бұл дерт екінші орында. Нәзік жандылар ең бірінші жүрек ауруынан, сосын барып жалғыздықтан жапа шегіп, өмірден ерте озатын болып шықты. Жер бетінде халық саны көбейгенде адамзаттың жалғыздықтан жапа шеккені түсініксіз секілді.

Медицина ғалымдары әр түрлі ауруларды әбден зерттеп: «ем қонбайтын көп аурудың басты себебі – жалғыздық пен тұйықтық» деп тоқтады.

«Олай болса, жалғыздықты жеңу мүмкін емес екен» деп, салыңыз суға кетпесін. Бұл бәледен құтылудың жолы – ар ғылымы. Мәңгілік жолдас болатын достарды туыстық, жерлестік белгілеріне, дәрежесіне емес, таза жүрегіне қарап таңдаған дұрыс. Сонда ғана сырласып, сөйлесетін адам айналанда мол болады. Сондай-ақ, Алла тағаланы өте көп еске алу керек. Хадисте: «Бір құлым ернін жыбырлатып, мені зікір етіп еске алса, Мен ол құлыммен бірге боламын» деген. Ұлық Аллаға мөлшерсіз көп зікір айтып, хазреті Мұхаммед пайғамбарға (с.ғ.у.) өте көп салауат айтатын адамның таза рухы бұл пәниден жалығып, жүректегі ой бұлағын күнә мен күмәннің кірінен аршып алады. Ақжүрек адам үшін жеке отырып та оңаша құлшылық ету өте пайдалы. Исламда: «килует, жер асты мешіті, шілхана» деген түсініктер бар. Бұл – көңілінде алаңы көбейіп, Алладан алшақтап бара жатқан пендені Алламен достастыратын рухани тәсіл.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Старовойтова Л.И. Одиночество: социально-философский анализ: автореф, Дис ... канд.филос.наук: (09.00.11)
2. Фромм Э. Душа человека
3. Маслоу Д. Мотивация и личнос

*Ғылыми жетекшіі- ПәжәнеП магистрі Ергүкешова Г.М.*

## **СТУДЕНТТЕРДІҢ ЖОҒАРЫ МЕКТЕП ЖАҒДАЙЫНДА БЕЙІМДЕЛУІНЕ ӘСЕР ЕТЕТІН ФАКТОРЛАР**

**Бурамбаева К.М.**  
Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ

Қазіргі таңда жоғары мектеп жағдайында алғашқы курс студенттерінің «студент» мәртебесіне бейімделу мәселесі педагогикалық, психологиялық әдебиеттерде, әлеуматтану ғылым салаларында кеңінен талқылануда. Осы орайда, бейімделу мәселесі қазіргі жағдайда үлкен мәнге ие болып отырған білімнің түрлі салаларының тоғысында орналасқан ғылыми ізденістердің маңызды саласы болып табылады.

Адамның бейімделу процесінің жүзеге асу механизмі оның қоршаған ортасын ауыстыру болып табылатыны белгілі. Бейімделу процесі әдетте жаңа жағдайларға байланысты пайда болған қиындықтарды жеңу үшін туындайды және ол кезде үйреншікті мінез-құлық дағдылары өзгеріске ұшырайды. Осы кезекте, ортаның өзгеруінен пайда болған осындай қиындықтарға жоғары мектеп жағдайында бұрынғы мектеп оқушысы, ал қазіргі студент оқу орнына түскен уақытта тап болады. Сондықтан жоғары мектеп жағдайында студенттердің жаңа жағдайларға бейімделу процесін көптеген аспектілері бар құбылыс ретінде қарастыруға болады. Студенттердің бейімделуі – мінез-құлық стереотиптерінің, тұлғалық қасиеттердің өзгеруіне байланысты күрделі құбылыс. Кейбір білім алушыларда бұл процесс сәтсіз аяқталады, бұл студенттердің оқудың бірінші семестрінде төменгі белсенділік, қарым-қатынас қиындықтары, қанағаттанарлықсыз оқу үлгерімі куәландырады. Осы құбылыстың артында жиі адамның бейімделу жүйелерінің жеткіліксіз икемділігі тұрады [1]. Қалыптасқан құлдырау жағдайында құндылықтарды қайта бағалау, олардың дағдарысы осы әлеуметтік топтың санасында неғұрлым жиі байқалады. Сондықтан бүгінгі таңда қазіргі жастардың санасында болып жатқан өзгерістерді зерделеу ерекше өткір сипатқа ие болып отыр.

Кез келген оқу, әсіресе жоғары мектепте білім алу оңай емес. Бұл ұйымдастырушылық, танымдық, әдістемелік және психологиялық сипаттағы көптеген себептерге байланысты. Осы орайда, барлық курс студенттеріне, сондай-ақ тек кіші курс студенттеріне тән қиындықтар бар, мысалы, жаңа білім алу жағдайларына көшуге байланысты кешегі мектеп бітірушілерде пайда болатын стресстік жағдайлар [2].

Кеше ғана мектеп қабырғасында білім алған түлектер бірінші күннен бастап мүлдем басқа, таныс емес өмірге аяқ басады. Осыған байланысты олардың жаңа жағдайларда сәтті бейімделуі мәселесін шешу үшін маңызды болып табылатын, жиі кездесетін, типтік қиындықтарды атап кетуге болады:

бұрынғы оқушылардың мектеп ұжымынан, ондағы мұғалімдер тарапынан көмегі мен моральдық қолдауынан алыстауына байланысты жағымсыз сезімдер;

мамандық таңдаудан қателесу, оған психологиялық дайындықтың жеткіліксіздігі;

психологиялық өзін-өзі реттеуді жүзеге асыра алмау;

жаңа жағдайларда еңбек пен демалыстың оңтайлы режимін іздеу;

әсіресе үй жағдайынан жатақханаға ауысқан кезде өзіне-өзі қызмет көрсете алу дағдыларының жеткіліксіздігі;

өз бетінше жұмыс істеу дағдысының болмауы (конспектілеу, алғашқы көздермен, сөздіктермен, анықтамалармен және т.б. жұмыс істей алмау). Аталған қиындықтар туындауына пайланысты әртүрлі, олардың біреуі объективті сипатқа ие болса, басқалары - субъективті сипатқа ие және студенттердің тәрбие кемшіліктері мен дайындықтың жеткіліксіздігіне байланысты [3, 185].

Ал өз кезегінде, бейімделу процесінің табыстылығы, біздің жағдайымызда студенттердің бейімделуіне, жоғарыда аталған қиындықтарды жеңуіне көптеген жағдайлар әсер тетеді. Олардың ішінде, маңызды әсер етуші факторларды атап өтуге болады. Солардың бірі студенттердің кураторлық, өзін-өзі басқару, оқытушылық және психологиялық қызмет болып табылады.

Сондай-ақ, Г.И. Александрова, И.А. Аливердиева, Ю.С. Бабахина, Л.В. Меньшикова, О.В. Нагоркина, А.А. Реан, Н.А. Савотина, А.В. Сиомичев, Р.Р. Хусаинова және т. б. ғалымдардың жұмыстарын талдау негізінде факторлардың келесі топтарын бөліп көрсетуге болады:

- 1) кәсіби дайындық деңгейін көрсететін факторлар;
- 2) студенттің бейімделу процесінің субъектісі ретіндегі жеке ерекшеліктерін сипаттайтын факторлар;
- 3) жоғары мектепте оқыту жағдайларына байланысты факторлар;
- 4) отбасында өмір сүру жағдайларына байланысты факторлар[4].

Бірінші курс студенттерінің жоғары мектептің білім беру процесіне бейімделуіне әсер ететін объективті (орта, сыртқы) және субъективті (жеке тұлғаның жеке ерекшеліктеріне байланысты ішкі) факторлардың тұтас кешені бар, оларды есепке алу білім алушылардың табысты бейімделуін қамтамасыз ету бойынша қызметтің негізгі бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді. В.Ю. Хицкая студенттердің жоғары мектеп жағдайларына бейімделуіне әсер ететін факторлардың тізімін толықтырып, оны 3 топқа біріктірген:

Бірінші топ білім алушылардың жоғары мектеп жағдайында оқу қызметіне дайындық деңгейін көрсететін факторларды: талапкерлердің білім көлемі мен деңгейін, талапкерлердің кәсіби бағыттылығын, оқу қызметіне қажеттілігін айқындайды.

факторлардың екінші тобы әлеуметтік және адамгершілік жетілу деңгейін, құқықтық сана деңгейін, психикалық процестердің жеке-жеке даму ерекшеліктері сияқты бейімделудің жеке ерекшеліктерінің дамуын сипаттайды.

үшінші топқа бейімделу процесіне педагогикалық әсер ететін факторлар жатады: тәлімгерлік институтының болуы, оқытушылардың теориялық және әдістемелік даярлауы, оқу процесінің барысына педагогикалық және психологиялық мониторинг жүргізу, үлгерім көрсеткіштеріне қарамастан студентке жеке көзқарас [5, 74-77].

Ғалымдардың пікірінше, бейімделу факторлары адамды анықтайтын қасиеттер, оның жеке сипаттамалары мен сыртқы қызметі болып табылады.

Субъект оқу тобына сәтті бейімделсе де, бейімделу процесі аяқталмаса да, әрбір семестр жаңа пәндер пайда болады және бір оқытушылар басқаларын ауыстырады, әрбір оқытушы өз ережелерін белгілейді және өзінің оқыту стиліне ие. Қандай да бір оқытушының стиліне үлгермеушілік, жеке оқу тәртібін меңгерудегі қиындықтар немесе қызметтің бір оқу түрінің дағдыларын қалыптастырудағы проблемалар тіпті соңғы курста да жоғары оқу орнында жалпы бейімделуіне әсер етуі мүмкін. Мұндай үзілістің жағымсыз нәтижесінде оқу орнын аяқтаудың үлгермеушілігі немесе жалпы психологиялық денсаулықтың төмендеуі болуы мүмкін. Демек, студенттердің жоғары мектеп жағдайында оқуға бейімделуі олардың мінез-құлықтары мен іс-әрекетіндегі көптеген ерекшеліктердің болуын көздейді [6].

Сонымен, қорыта айтқанда студенттердің жоғары мектеп жағдайында бейімделуінің көпфакторлылығын ескере отырып, жоғарыда айтылған әсер етуші факторлардың барлығы да бейімделу процесінің нәтижелілігі үшін маңызды.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Березин Ф.Б. Психическая и психофизиологическая адаптация человека. - П., 2004. - 270 с.
2. Стамова Л.Г., Сикачева Ю.М. Влияние повышенной двигательной активности на адаптацию к обучению и здоровью студентов // Культура физическая и здоровье. - 2009. - № 3. - С. 15.
3. Томкив Е.Л. Взаимосвязь социальных значений и ценностей: к проблеме социальной адаптации личности студента // Современные гуманитарные исследования. - 2008. - № 4. - С. 185.
4. [http://www.voskrekasenko.ru/p/blog-page\\_0.html](http://www.voskrekasenko.ru/p/blog-page_0.html).
5. Кушнерова Ю.Ю., Кушнерова О.Ф. Социально-психологическая адаптация как фактор успешности студента в вузовской среде // Современные наукоемкие технологии. – 2015. – № 8. – С. 74-77;
6. Дубовицкая Т. Д., Крылова А. В. Методика исследования адаптированности студентов в вузе // Психологическая наука и образование. 2010. № 2.

*Ғылыми жетекшісі: п.ғ.к., доцент Бахтиярова Г.Р.*

## ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ДАМУЫНЫҢ ҚАЗІРГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ

Салимгерей Замира Маратовна  
Қалиева Малика Шыңғысханқызы

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Адам тумысынан адамгершілік қасиетке ие болып тумайды, ол адам бойына тәрбие арқылы дариды. Ендеше адамның жақсы не жаман болып өсуі тәрбиеге байланысты екен. Сондықтан да ата - ана үшін, қоғам үшін жақсы адам тәрбиелеп өсіру басты міндет. Бірақ та бұл айтуға оңай болғанымен оны іске асыру өте қиын, себебі, уақыт, орта заман адамға өз әсерін тигізеді. Яғни, бізге ең алдымен адам қандай қоғамда, қандай өмір салтымен өмір сүретінін жақсы білуіміз керек екен.

Қазақтың ұлттық тәрбиесі негізінде Ислам дінінің қағидадарына негізделген имандылық жолы болатын, сондықтан да, олар рухани құндылықтарына жоғары қойған. Оған қазақтың «Малым жанымның садағасы, жаным арымның садағасы» немесе «жарлы болсаң да, арлы бол» деген мақал- мәтелдері дәлел.

Имандылық деген сөз қазақ халқының ұғымында тек діни мағынаны білдіріп қоймайды, сонымен қатар ол адамгершілік, ар - ұят деген мағынаны білдіреді. Егерде адамның ар - ұяты жоғары болса, ондай адамды ар - ұяттан ада, арсыз болса, ондай адамды имансыз деп онан түңіліп, оған сенбейтін болған. Яғни, имандылық қазақ халқы үшін адамгершілік қасиетінің ең жоғарғы белгісі. Ендеше кімде - кім өзінің адамгершілік қасиетін сақтағысы келсе, ол бірінші кезекте жеке басының ар - ұятын таза ұстауға ұмтылуы тиіс. Сондықтан да әр адамда нұрлы ой, ақ ниет қанағатты құлқын басым болуы керек.

Әрине, әрбір ата - ана өзінің баласын әдепті, арлы, адамгершілігі жоғары адам болуын қалайды, және сондай болып өсуіне, мүмкіншілігіне тәрбие беруге тырысады. Бірақ та, бұл мақсатқа екінің бірі жете бермейді. Бір отбасында тәрбиеленген ағайынды балалар өсе келе, адамгершілік дәрежесі әр түрлі деңгейдегі азамат болып өседі. Мұндайда, қазақ, бір анадан ала да туады, құла да туады деген. Яғни, адамгершілік қасиет тек тәрбиеге ғана байланысты емес, оның басқа да себептері бар екен. Ендеше, ол қандай себеп, және оны қайткенде түзеуге болады. Бұл, әрине, қазіргі Психология, Социология, Педагогика ғылымдарының алдында тұрған басты сұрақ. Біздің мақсатымыз, тек жеке тұлғалардың адамгершілік қасиетін біліп қана қою емес, сонымен қатар жалпы қоғамдағы моральдық құндылықтардың даму дәрежесі туралы болуға тиіс. [1, б. 65-67 Алтынсарин Ы. Үш томдық Алматы. 1975.]

Шынын айту керек, қазіргі кезде біздер адамдардан имандылық, ізгілік, инабаттылық қасиеттер азайып барады, оның орнынан қатыгездік, зұлымдық, қайырымсыздық күннен күнге күш алуға деген сөздерді көп естиміз, және бұл негізсіз де емес. Оған дәлел, қоғамымыздағы күнде болып жатқан түрлі қылмыстар мен зиянды әдеттердің көбейіп отырғаны. Осының бәрі айналып келгенде адам бойындағы имандылық қасиетінің жетіспегендігіне келіп саяды.

Қазақта «адам күні адам адаммен» дейді. Яғни, адамға жақсылық істейтін де, жамандық істейтін де адам. Себебі, жер бетінде жан - жануарлардың ең құдіреттісі де, күштісі де, ең айлакері де адам. Сондықтан, адамға адамнан басқа ештеңе де зиян келтіре алмайды. Адам жақсы іс істесе де, жаман іс істесе де, ақылмен ойланып істейді. Ендеше оларды жаман істен сақтандырып, жақсы іске бастайтын олардың ар - ұяты болуы керек.

Адамның ары таза, көңілі ақ, ниеті түзу болса, ол еш уақытта адамдарға жамандық ойламайды, және қылмыс жасауға бармайды. Ендеше, қылмыспен күресудің бірден бір дұрыс жолы, ол адамдарды имандылыққа тәрбиелеу екен.

Әрбір адам өмір бойы даму үстінде болады, және оның денесімен бірге, ішкі жан дүниесі де дамуға тиіс. Сонда ғана, ол адам деген ардақты атқа лайықты, жан - жақты жетілген жеке тұлға болып қалыптасады. Адамзат қоғамының өзі жеке адамдардан тұрады, олай болса қоғамның дамуы, оның әрбір мүшесінің дамып жетілу сапасына байланысты екен. Ендеше, біз жеке адамдардың өмір салтының рухани, жан - жақты дамуына жете көңіл бөлуіміз керек.

Адамдар қоғамда материалдық және рухани құндылықтарды жасаумен айналысады, және олардың жануарлардан бір айырмашылығы, адамдарға рухани жан азығы керек, онсыз адам адамгершілік қасиетінен айырылып, жабайы аңдарға ұқсап кетеді.

Егерде табиғатта адам ақылы жетіп болмайтын бес құпия сыр болса, соның үшеуі адам бойына шоғырланған. Сондықтан да, адамның ішкі жан дүниесін түгел біліп болу мүмкін емес. Оны тек адам бойындағы рухани болмысынан көріп тануға болады. Олай болса күнделікті өмірде көп қолданылатын рухани болмысынан, рухани мәдениет, рухани байлық, рухани құндылық т.б. сөз тіркестерінің мәнін анықтап алуымыз керек. Біз рухани мәдениет дегенде, ең алдымен тілімізді, дінімізді, салт - дәстүрімізді айтамыз. Тіл - Қазақ болуымыз үшін, дін - адам болуымыз үшін, салт - дәстүр - ұлт болуымыз үшін қажет. [2, б.15-18 Уәлиханов Ш. Қазақстанның педагогика ойларының антологиясы. Алматы. «Рауан» 1995.]

Рух деген сөз діни түсінік бойынша, адамның жаны деген ұғымды білдірсе, ғылымда оны адамның ішкі жан дүниесінің шабыт, сезімсіздігінің көрінісі деуге болады. Ал мәдениет - дегеніміз адамның іс - әрекеті, оның даму формасы. Өйткені адам, табиғи заттар мен құбылыстарды өзінің мүддесіне, талап тілегіне сай өзгертіп отырады. Мәдениет, адам мен

табиғаттың өзара тұтастығы, өзара қарым - қатынасының тарихи дамып өзгеруінің өлшемі.



Адамдар толыққанды өмір сүріп, тіршілік жасау үшін, оларға материалдық және рухани байлық керек. Байлық, еңбек етіп, тер төгу арқылы пайда болады. Сондықтан да, әркім өзінің қабілетіне, біліміне, талғамына қарай әр түрлі салада еңбек етіп, біреулер материалдық байлықты жасаса, екіншілер рухани байлықты жасайды. Бұл байлықтар, адамның жан құмарлығы қажетін қанағаттандыру үшін жасалынады. Тән құмарлығы дегеніміз, адамның ішіп, жесем, дүние жисам, рахат шатыққа өмір сүрсем деген мақсатта пайда болған, оның құлқыны. Көбіне, адамдарды қылмыс жасауға апаратын да, осы, тойымсыз нәпсісі. Ал жан құмарлығы дегеніміз, білімге, ғылымға, өнерге деген адамның, махаббат сезімі. Бұл, адамдарды болсам екен, көрсем екен деген жақсы арман қиялға жетелейді.

Әрине, бұның екеуінде, қажет қасиеттер, егерде, адам бай болса, оған өзінің қажеттілігін қанағаттандыру жеңіл болады, ал, жарлы болса, ондай мүмкіншілігі болмайды. Сондықтан да, адал еңбек етіп, тер төгіп, өзінің қабілетімен байыған адамды, ешкімде жазғырмайды. Бірақта, адал еңбегімен байығанның өзінде, оның рахаты, өз басынан ауыспаса, мүгедек, кедей кепшіктерге қамқорлығы болмаса, ондай адамдар, дүниеге бай болғанымен, рухани кедей адамдар, ондайлардан халыққа еш қайырым болмайды.

Сондықтан да, әрбір ата-ананың, қоғамымыздың басты міндеті, әрбір жеке адамды, рухани мәдениеті бай, жан-жақты дамыған, имандылық қасиеті жетілген азамат етіп тәрбиелеу.

Әрине, бұл, әрбір адамның дүние танымына, өмірге көзқарасына, мүддесіне байланысты. Кейбір адамдар жанын қинап, еңбек еткісі келмейді, ауырдың үстімен, жеңілдің астымен, біреуді қанап немесе тонап, болмаса, ұрлық жасап, басқалардың есесінен уайым қайғысыз рахатта өмір сүргісі келеді. Ондай адамдарды қоғам әшкерелеп, жазасын беріп жөнге салып отырады.

Адам, өмірге бәрі бірдей болып келеді, бірақ та, өсе келе, олардың тағдыры, әртүрлі болып қалыптасады. Мұның себебі, біріншіден, әрбір адамның туа біткен ерекше қасиетіне, ақылына, жігеріне қабілетпен байланысты болса, екіншіден, сыртқы ортаның әсеріне, тәрбиеге, біліміне, қажеттілікке байланысты. Былайша айтқанда, әр уақыт, әр заман, әр қоғам, өзіне қажетті адамдарды тәрбиелеп, өсіріп отырады.

Табиғат жаратылыста адам баласына күшті қару сыйлаған, ол адамның санасы, сол себепті, олар, табиғатқа жануарлар сияқты басыбайлы тәуелді емес. [3, б. 21 Ұлттық энциклопедия. Алматы. «Рауан» 1998.]

Адамның күдіреті санасында, сондықтан да әрбір адам саналы өмір сүрсе және бәрін ақылға салып, ойлап істесе, оның алдына қойған мақсатына да, байлыққа да, бақытқа да қол жеткізуіне болады. Әрине, біздің бұл айтып отырғанымызды коммунистер, субъективті бос қиял деген болар еді. Бірақта, адамзаттың жүріп өткен тарихына көз жүгіртсек, мұның ақиқаттылығына еш күмән жоқ. Оны ұлы Абайдың мына сөздерімен де

дәлелдеуге болады. «Ақыл, еңбек, терең ой, қанағат рақым, ойлап қой» немесе «Ақыл сенбей сенбеңіз, бір іске, кез келсеңіз».

Адамзат баласының осы кезге дейін құрған қоғамы, жасаған рухани және материалдық байлығы, осының бәрі сананың жемісі. Ендеше, біз адамды адамгершілік әдетке баулығанда, оның санасына салмақ салуымыз керек. Сана арқылы, адамның дүниетанымы, өмірге көзқарасы, рухани мәдениеті қалыптасады. Бірақта, қазіргі кезде ғылым мен техниканың дамуына байланысты, ақпарат құралының ықпалы, адам айтқысыз күшейіп, сананың қорыту мүмкіншілігіне, алдеқайда көп хабарлар тасқынын жеткізуде. Оның көбі, біздің ұлттық мүддемізге қарсы адамдарды, рухани имандылық құндылықтарынан қашықтататын зиянды хабарлар. Соның салдарынан адамдар шындықты өтіріктен ажырата алмай, олардың санасы ластанып, эрозияға ұшырауда. Сол себепті, осы кезден, ұлттық мүддемізді қорғау үшін, өзіміздің төл идеологиямызды қалыптастырып, оны әрбір, өзін, туған халқының, патриотымын деп санайтын азаматтарымыздың санасына жеткізе білуіміз керек.

Адамдардың өмір тіршілігі, ақыл-ойы, іс-әрекеті, үш шеңбердің ішінде өтеді, олар рухани имандылық, ол адам мен адамның арасындағы, әлеуметтік-экономикалық, ол адам мен ұжымның арасындағы және қоғамдық-саяси, ол адам мен қоғамның арасындағы қатынас.

Егерде, адам, өмірінде бақытқа жеткісі келсе, ол бірнеше асулардан өтуі керек, олар, қажеттілік, мүдде, мақсат, мұрат, арман. Сол адам осы жолда кездесетін қиындықтардың бәрін жеңіп, өзінің дегеніне жетсе, ол өзін бақыттымын деп санауына толық құқығы бар. Ол үшін адамға керегі, ақыл, жігер, білім, ниет және қабілеттілік. Осы бес қасиет, адамның бойынан түгел табалатын болса, тіл, оның алдына қойған мақсатына жетуіне кепілдік болмақ. [4, б. 27-28 Жумабаев М. Педагогика антологиясы. Алматы. «Мектеп» 1993.]

Адамның тағы бір жақсы қасиеті, ол қызығу. Қызығу, адамды білімге құмартатын, психикалық тіршіліктің мазмұнын байытатын қозғаушы күш. Қызығу болмаса немесе мардымсыз болса, адамның өмірі де ажарсыз болады. Ондай енжар адамның көңіл – күйі, барлық уақытта жабырқау жүреді.

Әрине, әр адам алдына әртүрлі мақсат қояды, сондықтан да, ол өзін бақыттымын деп санауы үшін қандай мақсат қойып, не істеуі керек деген сұрақ туады. Бұл, әрине өте маңызды сұрақ және оған бірден, былай деп жауап беру өте қиын. Әркімнің тағдыры, әрқилы қалыптасады және олардың қабілеті де, әр деңгейде болып келеді. Сонымен қатар бұл заман талабына да байланысты болмақ. Дегенмен бір нәрсені батыл сеніммен айтуға болады, ол әрбір адам өзінің мүмкіншілігіне, адамдарға, халқына, отанына жақсылық жасау үшін, қызмет етсе, сол адам әлбетте бақытқа болмақ. [5, б. 45 Әлжанов Ш. Е. Педагогика антологиясы. Алматы «Рауан» 1995]

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Алтынсарин Ы. Үш томдық. Алматы. 1975
2. Уәлиханов Ш. Қазақстанның педагогика ойларының антологиясы.
3. Алматы. «Рауан» 1995.

4. Ұлттық энциклопедиясы. Алматы. «Рауан» 1998
5. Жумабаев М. Педагогика. Алматы. «Мектеп» 1993
6. Әлжанов Ш.Е. Педагогика антологиясы. Алматы. «Рауан» 1995

## **БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІНІҢ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Сары Б.Б.,**

ҚЖұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Бастауыш мектеп оқушыларының тұлғалық және шығармашылық қабілетінің даму ерекшеліктеріне тоқталмас бұрын «қабілет» ұғымының мәнін ашып көрсетеміз. Өткен 50-60 жылдарда Б.Г.Ананьев, Б.Г.Ковалев, В.Л.Дранкова, В.И.Киренко, В.А. Крутецкий т.б. зерттеушілердің еңбектерінде қабілет проблемасын ғылыми тұрғыдан түсіндіруде маңызды істер жасалды. Бұл ғалымдар қабілет проблемаларын қарастырудың басты жолын анықтады. Олар қабілетті тұлғаның іс-әрекетімен тығыз байланысты қарастырды.

В.А.Крутецкий «қабілет дегеніміз ол белгілі бір нақты іс-әрекетке икемділік. Сондықтан да қандай бір болмасын қабілет – ол адамның нақтылы іс-әрекеті барысында ғана анықталады» - деп, түсіндіреді.

Б.М.Теплов «қабілет дегеніміз - белгілі бір нақты іс-әрекеттерді орындаудың табыстылығын анықтайтын адамдардың жеке психологиялық ерекшеліктері» - деп, анықтама береді.

Ал Л.Н. Леонтьев қабілеттің көпшілік таныған анықтамасы «белгілі бір іс-әрекеттің табысты орындалуын қамтамасыз ететін тұлғаның жеке басының қасиеттерінің жиынтығы», - дейді.

Сонымен қатар белгілі бір істі үздік орындауға мүмкіндік беретін адамның әр түрлі жеке қасиеттерінің қиысын келуі, яғни адам қасиеттерінің синтезі қабілет деп аталады.

Қабілет – органикалық бірлікте адам психологиясының толық қоймасына баратын адам қасиеттерінің синтезі.

Сонымен қабілет дегеніміз – нақтылы іс-әрекет барысында анықталып, белгілі бір іс-әрекеттің орындалуын қамтамасыз ететін тұлға қасиеттерінің жиынтығы.

Қабілет – оқушының жеке психологиялық ерекшелігі. Ол жалаң білім мен дағды емес, соны тез игеру жолындағы оның ептілігі мен табандылығы.

С.Л. Рубинштейн «Адамдардың қабілетінің дамуы олардың адамзаттық тарихи дамуының нәтижелерін құру және меңгеру барысында іске асады» - деп, жазды [5, 548].

Әдетте, қабілеттің дамуы ұрпақтың берілген туа пайда болатын нышанмен байланыстырылды. Нышан – адам бойындағы биологиялық (физиологиялық)

фактор болып саналса, қабілет нышанның дамып жетілу нәтижесі. Нышан – дақылдың дәні, қабілет сол дәннің өніп шығуы. Нышан анатомиялық және физиологиялық болып екіге бөлінеді (2- сызба).

Қабілет дамуы бірінші деңгейде болатын адамдар білімді игеруді және іс-әрекетті меңгеруді белгілі үлгі бойынша жүзеге асыруда жоғары нәтиже көрсетеді. Ал қабілет дамуы екінші деңгейдегі адамдар жаңа білімді игеруде өзіндік ерекшеліктері бар іс-әрекет бағдарламасын құра алады. Қабілет дамуының ең жоғарғы деңгейі – дарындылық, данышпандық.

Оқу жүйесінде оқушының қабілеті салыстырмалы түрде, өзіндік оқу танымдық қабілеттер тобын құрайды. Бұл топ ғылымды дамытатын адамдарға тән ғылыми-шығармашылық қабілеттер тобынан өзгеше болғанымен оқу процесінде студенттердің шығармашылықпен ойлауын қамтамасыз етуі қажет.

Шығармашылықпен ойлаудың ерекшеліктерін көрсететін қабілетке жататындар: игерген білім мен білікті жаңа жағдайда қолдана алу; белгілі және үйреншікті емес жағдайларда туындайтын жаңа мәселелерді айқындай алу; зертеу объектісінің атқаратын жаңа функциясын анықтай алу т.б.

Шығармашылықпен ойлауды жүзеге асыруды бірнеше кезеңге бөлуге болады, әр кезең бастауыш мектеп оқушыларының қасиеттерінің ерекше көрініс табуын талап етеді:

1. Бірінші кезең – шығармашылық ахуалдың пайда болу кезеңі. Бұл кезеңде оқушы шешуді қажет ететін мәселені жете түсінеді және ақиқат қайшылықтарын басынан өткізеді.

2. Екінші кезең – идеяларды, түпкі ойларды басшылыққа алу мен жаңа ойлауды синтездеу кезеңі.

3. Үшінші кезең – қорытындылау, аяқтау кезеңі. Бұл кезеңде жаңаны негіздеу, тексеру және іске асыру жүзеге асырылады. Аталған қасиеттер студенттің басқа қасиеттерін (соның ішінде интеллектуалдық, сезімдік және еріктік қасиеттерін) біріктіре отырып, шығармашылық қасиеттерінің жүйесін құрайды. Жүйе компоненттеріне жататын қасиеттер:

1. Шығармашылықпен әрекет ететін оқушының маңызды қасиеті – интуиция (сезу), білім, тәжірибе мен ақыл-парасаттың ерекше үйлесімділігі. Бұл қасиет бір-бірімен байланыссыз, қайшылықтағы нәрселерді байланыстыратын шығармашылықпен елестету және қиялдану қасиеттерімен тығыз байланысты. Сол себептен шығармашылықпен ойлауда диалектикалық ойлаудың атқаратын рөлі зор. Бірақ диалектикалық ойлауды формальды логикалық ойлаумен шатастырмау қажет.

2. Бастауыш мектеп оқушыларының шығармашылық процесін қорытындылай, аяқтай алу қасиеті – шығармашылық іс-әрекет нәтижесіне

сәйкес өз ісіне сын көзбен қарауы және бастаған істі аяқтауда табандылық көрсетуі. Бұл аталған компоненттер бастауыш мектеп оқушыларының коммуникативтік қабілетін дамытуға ықпалын тигізеді.

Қабілет жалпы қабілет және арнайы қабілет болып екі түрге бөлінеді. Жалпы және арнайы қабілеттер арасында тығыз байланыс бар. Жалпы қабілетті дамыту бастауыш мектеп оқушыларының жан-жақты дамуын қамтамасыз етсе, арнайы қабілетті дамыту – оқушыны, оның арнайы қабілет құрамын құрайтын қасиеттерге ие болу бейімділігі негізінде, белгілі мамандыққа баулуды қамтамасыз етеді. Әрбір атқарылатын іс-әрекет жалпы қабілетке де, арнайы қабілетке де нақты талаптар қояды.

Оқыту процесінде бастауыш мектеп оқушыларының оқу-танымдық әрекеттер олардың ақыл-ой қабілетінің дамуын қамтамасыз етуі керек. Ақыл-ой қабілетінің дамуының жоғары сатысы - дарындылық, данышпандық. Ой дарындылығын сипаттайтын қасиеттер:

- 1) Танымдық белсенділік пен білім құмарлықтың ерекше ерте пайда болуы;
- 2) Ой амалдарының тез және дәл орындалуы;
- 3) Зейіннің тұрақтылығы және еске түсіру шапшаңдығы;
- 4) Логикалық ойлау дағдысының қалыптасқандығы;
- 5) Қолданатын сөз қорының бай болуы, сөз тіркестерін тез құрастыру және оның өзіндік ерекшелігінің болуы;
- 6) Тапсырманы шығармашылықпен орындауға даярлықтың айқындығы;
- 7) Шығармашылықпен ойлау мен елестетудің жетілгендігі;
- 8) Оқу іскерлігінің негізгі компоненттерін қалыптастыру.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Абульханова К.А. Психология и сознание личности: Избранные психологические труды. – Москва., МПСИ, 1999.
2. Ананьев Б.Г. Проблемы подросткового возраста. – Киев., 1994.
3. Асеев В.Г. Возрастная психология. – Иркутск, 1989.
4. Бернс Р. Развитие Я – концепции и воспитание. – Москва., 1986

## **БІЗДІҢ ӨМІРІМІЗДЕ ОЙЛАУ ПРОЦЕСІНІҢ АЛАТЫН ОРНЫ**

**Қали Сымбат**

ҚЖұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Ойлау тарихы адамның пайда болып, дамуының тарихымен байланысты. Ойлау - қоғамдық-тарихи қалыптасқан адам миы қызметінің жемісі. Ойлау мен тіл өзара терең байланыста, тіл – адам ойлауының құралы. Адам ойы сөз арқылы өрнектеледі, сөздің ар жағында ой жатады. Ойлау тек табиғи тіл арқылы ғана емес, жасанды тілдер (мысалы, абстрактылы математика тілі немесе нақтылы-бейнелі “өнер тілі”) арқылы да іске асады. Ойлау күрделі тарихи-әлеуметтік құбылыс болғандықтан, оны зерттеумен көптеген ғылымдар – психология, логика, таным теориясы, лингвистика, және т.б ғылымдар шұғылданады. Ойлау тек адамға ғана тән қабілет ретінде оның шынайы адами болмысының қайнар көзі әрі басты құралының бірі, адам еркіндігінің мүмкіндігі мен шындығының кепілі болып табылады.

Психология тарихының бас кезінде, әсіресе ол XIX ғасырдың аяғында, Еуропада пайда болған кезде ойлауға деген қызығушылық басым болды. Бақылау ғылыми әдіс болғандықтан ертедегі зерттеушілер (мысалы Освальд Кюльпе) сынаушыларға ойлануды және өз ойларын суреттеуді ұсыну арқылы дұрыс ойлауды зерттеген деп санады. Бұл интроспективті ықпал көп нәтижелер берді, олар өз кезегінде тиімді ойлаудың кейбір факторларын анықтауға үлес қосты. [1, 8-126].

XX ғасырда В. Вундт, Джеймс, Э.Торндайк, Дьюи, Дж. Уотсон және М.Вертеймер және көптеген атақты психологтар өздері тандап алған теориялық модель негізінде ойлау тақырыбына көңіл бөлді. Ойлау қабылдау, елестермен тығыз байланысты. Түйсік пен қабылдау танымның алғашқы баспалдағы болғандықтан, олардан тыс ешбір ойлау болмайды. Ойлау сезім мүшелері арқылы алынған мәліметтерді өңдейді. Ойлау сезімдік мағлұматтардың негізінде ғана болатын нәрсе. Елестерде жалпылағыш элементтер көп болғанымен, оның таным мүмкіндігі ойлаудан әлдеқайда төмен. Ойлаудың камтитын шеңбері өте кең. Адамның ойы әрқашанда сөз арқылы білдіріледі.

Ойлау – өзіндік ішкі қарама-қарсы қайшылықтарға толы процесс. Бұл оның дамуының және іске асуының қозғаушы күштері болып табылады. Ойлаудың пайда болуына жаңа, белгісіз нәрселерге зер салып, қызығудың да маңызы зор. Әлде де белгісіз, түсініксіз нәрселерді білуге деген қызығушылық, түрлі сұрақтарға жауап іздеп, ой әрекетімен шұғылдануға адамды итермелейді. Ойлау – сұраққа жауап қайтарудан, мәселені шешуден, оның мән-мағынасын түсіне білуден де жақсы байқалады. Мәселен, «Сырдария Арал теңізіне құяды»

деген сөйлемде ой туғызуға негіз боларлықтай түрткі жоқ. Мұнда біреуден естіген, немесе көріп білген мағлұматтарды жәй қайталау бар. Ал, затты не құбылысты тұспалдап айтатын жұмбақтардан, айтыс өнерінен де ой процесінің небір көріністерін байқауға болады. Адам әркез өзінің алдына мақсат, міндет қоя білуі қажет. Өмір тәжірибесі мен білімі жеткілікті адам алда тұрған міндетті тез аңғарады да, мәселе қоя біледі, ой процесінің

бағытын айқындайды. Бұдан кейін мәселені шешеді, яғни ойдың ең негізгі кезеңі басталады. Бұл адам психологиясына ерекше әсер ететін өзекті, аса мәнді кезең болып есептеледі. Ойдың кейде «шындықтан ауытқитын кездері де болады». Бұл адамды шындықтағы құбылыстар жөнінде қате көзқарасқа, теріс пікірге де алып келеді. Қоғамдақ тәжірибенің, адам танымының тарихи дамуының барысында ғана бұлар біртіндеп, түзеліп отырады. Түйсік пен қабылдауға қарағанда ойлауда қателесуге мүмкіндік бар, әйтсе де, ойлау құбылыстарының мәнін екі жақтан (теория мен тәжірибе) бірдей қарастырып, тереңірек біліп отыратындықтан, қабылдау мен елестерге қарағанда әлдеқайда жоғары тұрады. Сөйтіп, ойлау сыртқы дүниені мида бейнелеудің ең жоғарғы формасы [2, 14-196] .

Ой тәсілдерінің түрлері көп. Оны төмендегі схемадан жақсы байқауға болады. Анализ бен синтездің схемасы:

Ойлау әрқашан да анализ және синтез процестерінен басталады. Ойлау – түйсік пен қабылдаудағы анализ бен синтездің жаңа мазмұнға ие болған түрі. Анализ дегеніміз ой арқылы түрлі заттар мен құбылыстардың мәнді жақтарын жеке бөліктерге бөлу. Синтезде ой арқылы заттың құбылстық барлық элементтері біріктіріледі. Анализ бен синтез бір-бірімен тығыз байланысты, бірінсіз-бірі болмайтын құбылыс. Бұл екеуі бірінен - бірі ешқашан ажырамайтын ой процесінің негізгі компоненттерінің бірі. Кез-келген сұраққа жауап табу, қандай болмасын бір мәселені шеше алу, анализ бен синтездің түрлі қиысуларын қажет етеді. Мәселен, мылтықты жеке бөліктерге ажыратсақ, бұл – анализ(талдау) болады да, кейіннен осы бөліктерді белгілі тәртіппен құрастырсақ синтез (біріктіру, топтастыру) болады. Балаларда оқу, жазу,

есептеу т.б. дағдылардың қалыптасу жолы да осы анализ, синтез операцияларының принциптеріне негізделген. Адам ойлауына анализ бен синтездің дәрежесі түрлі жағдайларға байланысты (жас, білім, тәжірибе т.б.) әр қилы көрініп отырады. Мәселен, бөбектің қағазды екіге бөлуі де, Эйнштейннің салыстырмалы теориясында анализ практикалық амал ретінде көрінсе, Эйнштейннің салыстырмалы теориясында анализ теориялық ой тәсілі ретінде көрінеді. Анализ бен синтездің негізінде салыстыру деп деп аталатын ой операциясы пайда болады және басқада ой операциялары жалпылау, абстракциялау, жүйелеу, нақтылау. Адамның ойлау әрекетінде шындықтағы заттар мен құбылыстардың негізгі қасиеттеріне, ерекше белгілеріне, мәніне түсіне білудің маңызы зор. Түсіну арқылы ғана біз айналамыздағы заттардың себеп-салдарлы байланыстарын, бір-біріне тәуелділігінің шығу тегі мен даму жолын ажыратамыз. Түсінудің басы – шындықтағы заттар мен құбылыстарды танудан, көріп - білуден басталады. Өйткені қандай нәрсені болмасын «ұғыну үшін, ұғынуды, зерттеуді эмпирикалық жолмен бастау» қажет. Түсіну күрделі ой жұмысын керек етеді. Мәселен, «Бұл не нәрсе?» деп сұрақ қоюдың өзі де түсінудің қарапайым формасы, ал «Бұл қалай және қашан пайда болған?», «Бұл не үшін жасалынады?» деген сұрақтарға жауап беру арқылы шындықтағы құбылыстардың негізгі белгілерін, олардың байланыстарын ашып, түсіну қабілетімізді білдіреміз. Заттар мен құбылыстардың тек ішкі мәніне түсінудің арқасында ғана түрлі амал-әрекеттердің себебін, олардың бір-бірімен байланысын, ішкі мазмұнын, яғни ғылымның тұжырымдамасын аңғарамыз. Бұл айтылғандармен бірге түсіну сан алуан құбылыстардың бөліктері мен ұсақ-түйектерін айыруда, басқа біреудің сөзінің мәнін ұғуда да (мәселен, интонация, пауза, метафора, әзіл, қалжың т.б.) ерекше көрінеді, бірақ барлық жағдайда да дұрыс түсіну үшін адамға білім қоры, дағды, іскерлік қажет. Түсіну екіге бөлінеді: оның бірінші түрі – тікелей түсіну. Тікелей түсіну жанама түрде ой операцияларын керек етпейтін, қабылдауға ұқсас процесс. Мәселен, бізге жақсы таныс сөздер, сөйлемдер, белгілі құбылыстар, адамдардың қылықтары т.б. Түсінудің екінші түрі - жанама түсіну. Жанама түсіну бірнеше аралық басқыштардан тұратын, ой операцияларын керек ететін, көмескі нәрсені анық та айқын етіп бейнелеуде бірнеше ой түйіндерін талап ететін процесс. Жанама түсінуде сұрақ қоюдан басталатындығын, сұрақ пен жауап табудың арасында аралық түйіндерді табу жаңа мәселені шешудің кілті екендігін атап өтуіміз қажет. Тіпті, қарапайым есептің өзінде де осы жолды көруге болады. Мәселен, «Ахметте үш алмұрт бар. Хасенде екі алмұрт бар. Екі балада барлығы қанша алмұрт бар?» деген мәселе есепті шешуде де белгілі шығару амалынсыз (яғни бұл екі санды бір-біріне қоспайынша) оның жауабы шықпайды. Бұл жерде қосу аралық амалдың қызметін атқарып отыр [3, 16-216].

Проблемалық ситуация адам ойлауының түрткі қазығы. Бізге әзірше белгісіз, ойланып толғануды қажет ететін құбылыстың бір-бірі проблемалық жағдайда саяды. Мәселен, құйғытып келе жатқан жеңіл машина кенеттен тұрып қалды делік. Мұндайда шофер машинасының әр тетігін басып көріп, осы жайттың неден болғанына ой жүгіртеді де, көп ұзамай өзіне бұрыннан белгілі нәрсенің енді жарамсыз екендігіне көзі жетіп, жаңа мүмкіндіктерді іздестіре бастайды. Адам сұрақ қою арқылы алдындағы кедергіні сезеді, оны біртіндеп жояды, сөйтіп, өзінің әртүрлі тану қызығуларына жауап алады. Сұрақ қою, оны дәлелдеп тұжырымдау, мәселені «ойда ұстай білу» сұрақты талдай білу және жинақтау, шығару тәсілі мен амалдың ортақ түйінін табу, жорамалдар жасай білу т.б. ойлау процесіне мәселелерді шешу үшін аса қажетті жағдайлар болып табылады [4, 6-96].

Сонымен, ойымызды қорыта келе, ойлау дегеніміз – сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының байланыс – қатынастарының миымызда жалпылай және жанама түрде сөз арқылы бейнеленуі. Ойлау – объективті шындықты белсенді бейнелеудің жоғарғы формасы, дүниені тану мен игерудің жоғарғы сатысы, тұлғаның танымдық әрекеті. Ойлау формалары мен құрылымдарында адамзаттың бүкіл танымдық және тарихи-әлеуметтік тәжірибесі, материалдық және рухани мәдениеті дамуының басты нәтижелері қорытылып, бекемделген. Біз тікелей біле алмайтын заттар мен құбылыстарды тек ойлау арқылы ғана білеміз. Осының арқасында адам дүниенің заңдары мен заңдылықтарын танып білуге мүмкіндік алады, алды-артын болжап, болашағын айқындап, алдына саналы мақсаттар қойып, соларға жету жолдарын саралайды, табиғатты өзгертеді және өзі де өзгереді. Адам

өмірінде, тәжірибелік және танымдық қызметінде шешуді қажет ететін мәселелер туындап, оларды шешу барысында ойлау қабілеті де түрленіп, шығармашылықпен дамып отырса, ойлау процесінің алатын орны осы.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Библер В.С., Арсеньев А.С., Кедров Б.М. Анализ развивающегося понятия . - М.: Наука, 2016 – 118 с.
2. Брушлинский А.В. Мышление как процесс и проблема деятельности // Вопросы психологии. - 2018. - №2. - С. 28-31.
3. Мұқанов М.М. Бақылау және ойлау. Алматы: 1999 - 120 б.
4. Жарықбаев Қ.Б. Қазақ психологиясының тарихы. Алматы: 1996 – 160б

*Ғылыми жетекші: аға оқытушы Наренова А.Б.*

## **Э.ЭРИКСОН ТЕОРИЯСЫНДАҒЫ ТҰЛҒА ДАМУЫНЫҢ КЕЗЕҢДЕРІНЕ СИПАТТАМА**

**Байсалбаева А.**

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Психологиялық ғылымда «тұлға» категориясы іргелі ұғымдардың қатарына жатады. Бірақ «тұлға» ұғымы тек психологияға тән емес, ол барлық қоғамдық ғылымдармен зерттеледі, оның ішінде философиямен, әлеуметтанумен, педагогикамен, т.б. Сонда психологиялық ғылым шеңберінде тұлғаны зерттеу спецификасы неде және психологиялық тұрғыдан тұлға дегеніміз не?

Алдымен сұрақтың екінші бөлігіне жауап беруге тырысайық. Бұны жасау оңай емес, себебі тұлға деген сұраққа барлық психологтар түрліше жауап береді. Олардың жауаптары мен ойларының әрқилы болуы тұлға феноменінің күрделі екендігін білдіреді. Осы орайда адам тұлға болып туылмайды, ол қалыптасады деген көзқараспен қазіргі психологтардың көбісі келісуде. Бірақ тұлғаның дамуы қандай заңдарға бағынатыны жөніндегі көзқарастар сан алуан. Өйткені тұлға дамуы үшін қоғам мен әлеуметтік топтардың мәні, дамудың заңдылықтары мен кезеңдері, тұлға дамуының дағдарыстары (кризис), даму процесін тездету мүмкіндіктері әрқилы түсіндіріледі. Дегенмен, тұлғаны барлық теориялар позициясынан шоғырланған, біртұтас етіп қарастыру тенденциясы бар. Тұлға даму деңгейлеріне мән беріп, тұлға теориясын жасауда американ психологі Э.Эриксон тұжырымдамасының өзіндік орны бар[1, 6-9б], (1-кестеде көрсетілген).

Эриксонның ұсынған даму деңгейлерін қарастырайық.

Тұлға дамуының кезеңдері (Э.Эриксон бойынша)

Өмірлік жолдың деңгейлері Әлеуметтік қатынастар аймағы Тұлғаның полярлық сапалары Прогрессивтік даму нәтижесі

1. Ерте нәрестелік шақ (0-1 жас) Ана немесе оның орнын алатын адам Сенімділік-сенімсіздік Энергия және өмірлік қуаныш

2.Кейінгі нәрестелік шақ (1-3жас) Ата-аналар Автономия-қобалжу, ұялу Тәуелсіздік

3. Ерте балалық шақ (3-6 жас) Ата-аналар, ағалары мен апалары Инициативтілік-кінә сезімі Мақсаттылық

4.Орта балалық шақ (6-12 жас) Мектеп, көршілер Қолжеткізу-толықансыздық Білім, іскерлікті меңгеру

5.Жасөспірімдік жас (12-20 жас) Құрбы-құрдастар топтары Біртектілік- біртектілік- диффузиясы Өзін-өзі анықтау, жанқиярлықпен берілгендік

6. Жастық шақ Достары, жақсы Интимділік-Қызметтестік,

(20-25 жас) көретін адамдары изоляциясы махаббат

7. Ересектік (25-65 жас) Кәсіп, туған үйі Шығармашылық-тоқырау Шығармашылық пен қамқорлық

8. Кәрілік (65жасан кейін) Адамзат, жақын адамдары Интеграция-өмірге көңіл қалу Данышпандылық

ҚР тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында «Білім және кәсіби машық – заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары. Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет», – деп атап көрсетті. Сондықтан білім берудің мазмұнын жетілдіре отырып, үздіксіз білім беру арқылы оларды кәсіби тұрғыдан жан – жақты жетілдіру мәселесі бүгінде күн тәртібіне қойылып отырғанын көріп отырмыз. Бүгінгі күні «құзыреттілік» ұғымы оқыту үдерісінде білімді қолданудың негізгі нәтижесі ретінде қарастырылуда.[1]

Еліміздің келешегі – болашақ маманның қолында десек, білім – мемлекетіміздің өркениетке бару жолындағы үлкен стратегиялық қоры. Қоғамдық мәні үлкен тағы бір мәселе: білім беру жүйесін заман талабына сай өзгерту, дамыту және жаңартуда жаңа талаптарға бейімдеу.

Білім беру саласында соңғы жылдары болашақ мамандардың негізгі құзыреттілігін қалыптастыру туралы көптеген зерттеу жұмыстары жарық көріп, әртүрлі пікірлер айтылуда. Жалпы құзыреттілік – белгілі бір саладағы маман дайындығына қойылатын талаптар. Құзыреттілік деп маманда қалыптасқан тұлғалық сапа мен сол іс – әрекетке қатысты жинақталған тәжірибені айтады.

А.В.Хуторскойдың пікіріне сүйенсек, «құзырлылық – жекебастың білім, білік, дағдысының жиынтығы, құзыреттілік – жалпы адамның өз ісін жақсы білу арқылы сапалы қызмет ету қабілетін білдіреді». С.И.Ожеговтың сөзінде «құзыреттілік» сөзіне төмендегідей анықтама берілген: «құзыреттілік» – біреудің бір топ мәселе төңірегінде жақсы хабардарлығы». [2, б. 35 – 36]

«Құзыреттілік» терминін ХХ ғасырдың ортасында Н.Хомский енгізген болатын, алғашында ол ана тілінде нақты тілдік қызметті орындау үшін қабілеттіктер деген түсінік берсе, латын тілінен аудармасында белгілі сала бойынша жан – жақты хабардар, білгір деген мағынаны қамтиды және қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді түрде шешім шығара алады дегенді білдіреді.[3, б. 150 – 151]

«Құзыреттілік» ұғымы студенттердің білімі мен тәжірибесін, дағдылары мен біліктерін белгілі бір мәселені шешуде қолдана білуі, ал бүгінгі күні оқыту үдерісінде білімді қолданудың ақырғы нәтижесі ретінде қарастырылуда.

Ш.Т.Таубаева «Педагогика әдіснамасы» еңбегінде «құзыреттілік» ұғымы туралы: біріншіден, өзінің әлеуетін жүзеге асыру қабілеті мен оған талпынысы;

екіншіден, табысты шығармашылық әрекет үшін өзінің білімін, іскерлігін, біліктілігі мен тәжірибесін іс жүзінде көрсете білу қабілеті; үшіншіден, өз әрекетінің нәтижелеріне жеке жауапкершілікпен қарау және оның әлеуметтік мәнін түсіну, оны әр уақытта жетілдіру қажеттілігі, - деп айтып өтті.[4, б.65- 66]

Ғалымдардың зерттеулерінде құзыреттілік ұғымы әр түрлі мәнде берілген. Құзыреттілік ұғымының мәні төмендегідей қарастырылады:

- алдын – ала анықталған кез – келген проблемаларды шешу, өңдеу және талдау үшін білім, білік пен өмірлік тәжірибелерді игеруі;
- өмірде кездесетін танымдық кедергілерді өз бетінше шешу, жеке көзқарасты анықтау үшін қажетті маманның білімділік деңгейі;
- студентке белгілі бір саланың стандарт талабына сай қойылатын жоғары біліктілік дайындығы;

Білім берудің негізгі мақсаттарына, әлеуметтік тәжірибенің құрылымы мен жеке тұлға тәжірибесіне, сондай – ақ студенттің коммуникативтік әрекетінің негізгі түрлеріне байланысты мынадай түйінді құзыреттіліктер маңызды:

1) Коммуникативтік құзыреттілік – тілдерді білу, айналасындағы адамдармен сөйлесу, топта жұмыс істей білу дағдысы, түрлі әлеуметтік рольдерді меңгеруі.

2) Жалпымәдени құзыреттілік – таным мен жалпы адамзаттық мәдениет, ұлттық мәдениет аймағындағы адамның іс – әрекет тәжірибесі, адамзат қоғамы мен жеке халықтардың, адам өмірінің рухани – адамгершілік түсінігінің болуы.

3) Оқу – танымдық құзыреттілік – студенттің дербес танымдық іс – әрекет арнасындағы құзыреттіліктер жиынтығы: білім мен мақсаткерлік, жоспарлау, талдау, оқу – танымдық әрекетті өзіндік бағалау.

4) Ақпараттық құзыреттілік – студенттің оқу пәніндегі және білім алу шеңберіндегі, сондай – ақ қоршаған әлем туралы ақпаратты қолдана білу дағдылары.

5) Құндылық түсінігі құзыреттілігі – бұл студенттің құндылық бағдары, қоршаған әлемді көре білуі мен түсіну қабілеті, өзінің ондағы рөлін сезінуі, өз іс – әрекетінің мәнділік және мақсатты ұстанымының болуы, шешім шығара білуі.

6) Әлеуметтік – қызмет құзыреттілік – азаматтық – қоғамдық әрекет шеңберіндегі (азамат, бақылаушы, сайлаушы, өкіл т.б. рөлін орындау), әлеуметтік – қызмет аумағында (тұтынушы, сатып алушы, өндіруші), отбасы қатынастары мен міндеттері көлемінде, экономика және құқық сұрақтарында, кәсіби бағдар бойынша білімдері мен тәжірибелерін меңгеруін көрсетеді.

7) Жеке тұлғалық өзін – өзі жетілдіру құзыреттілігі – студенттің дене, рухани және интеллектуалдық өзіндік дамуы, эмоционалдық тұрғыда өзін –өзі реттеу мен жүзеге асыру тәсілдерін меңгеруге бағытталады.

Педагогика ғылымында Т.Н.Лобанов пен Ю.А.Тихомиров құзыреттіліктердің бірнеше тобын коммуникативтік түрге біріктіруге

болады деп есептейді: ұйымдастырушылық қабілеттер, топта жұмыс жасау, коммуникативтік – іскерлік қабілет, келіссөз жүргізе білу іскерлігі, студентке бағдарлану. Аталған құзыреттіліктердің әрқайсысы студент тұлғасын жан – жақты қалыптастыруда маңызды орынға ие. Басты құзыреттіліктердің негізі ретінде, біздің ойымызша, коммуникативтік құзыреттілік танылады. Себебі, адам қоғамда өмір сүргендіктен ол, ең алдымен, басқа адамдармен байланысқа түседі және ақпаратты жеткізу, қабылдау, жинақтау, өзгерту, сақтау және қолдану қызметі қарым – қатынастық байланыста жүреді.

Сонымен, «құзыреттілік» ұғымы әлеуметтендіру мен оқыту үрдісі барысында қалыптасқан білім мен тәжірибеге негізделген, жалпы қабілеттер мен белгілі бір іс – әрекетке деген дайындығында көрінетін, сонымен бірге қызметке өзіндік және табысты әрекет етуге бағдарланған жеке тұлғаның интегралдық қасиеті. Қазіргі әдеби сөздікте құзыреттілік: дербес және жауаптылықпен әрекет етуге, белгілі бір жұмысты орындауға қабілеттілік пен икемділікті игеруге жол ашатын психологиялық ахуал, психикалық сапалардың қосылымы ретінде белгіленуде. Құзыреттілікті адамның білімдарлығымен жоспарластыруға және адамның белгілі бір мәселені шешу қабілетімен де шатастыруға болмайды. Себебі, адамның өз саласында кәсіпқой және білімдар болуы мүмкін, ал бірақ кәсіби мәселелердің бәрін шешуге құзыреті жетпейді.

Студенттердің негізгі құзыреттілігін қалыптастырудағы педагогикалық – психологиялық ерекшеліктерді ескеру оқыту процесін оңтайлы ұйымдастыруды қамтамасыз етіп, болашақ педагог – психологтың даярлау сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Жоғары оқу орнында болашақ педагог – психологтың негізгі құзыреттілігін қалыптастырудың ұстанымдары мен деңгейлері, компоненттері мен өлшемдері және көрсеткіштері студенттердің өзін –өзі жетілдіру жұмыстарының түрлерін, әдістерін, мазмұнын айқындауға мүмкіндік береді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. Астана, 14 желтоқсан, 2012ж.
2. Хуторской А.В. Ключевые компетенции: технология конструирования // Народное образование, 2003.
3. Хомский А.М. Лингвистическая компетенция. Всемирная философская энциклопедия: Философия XX век / Главн.науч.ред.и сост. А.А.Грицанов. – М.: АСТ, Мн.: Харвест, Современный литератор, 2002.
4. Таубаева Ш.Т. Педагогика әдістемесі. Оқу құралы. – Алматы: Қарасай, 2013. – 432б.

*Ғылыми жетекші – PhD, аға оқытушы Иманчиев Ж.Е.*

## **МОДЕЛИРОВАНИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ ПСИХОЛОГА**

**Пилипенко В.С**

Акпобинский региональный государственный университет им. К. Жубанова

Рассматривая профессиональную компетентность в данной статье необходимо отметить ее значимость для настоящего времени. Психология, интенсивно развивается в последнее время и тем самым, внедряется во все сферы жизни человека. Поскольку, постоянно происходят большие изменения в социуме, под влиянием социальных и экономических факторов, обновляется система образования: другими становятся ее вопросы и требования, которые необходимо разрешать психологам. Вследствие этого, значит, что не каждый психолог способен решать эти проблемы. Это можно объяснить, недостаточной организацией студентов в усвоении



учебного материала, а также отсутствии понимания компетенций, которыми должен обладать будущий специалист. Отсутствие или слабо развитая компетенция, приводит к накоплению ситуаций неудачи; способствует снижению удовлетворенности от профессии, постепенно разрушает профессиональную мотивацию, приводит к эмоциональному истощению, на фоне этого развивается профессиональное выгорание. В итоге подобные эффекты негативно отражаются на непрерывности процесса становления психолога как профессионала в своем деле. Неоспоримая связь компетенции с профессиональной успешностью психолога делает значимым полноценное формирование у будущих специалистов ее стержня, способного выступить основой для дальнейшего моделирования профессионального и личностного роста.

Целью данной статьи является анализ и систематизация научных источников, как зарубежных, так и отечественных авторов на вопрос о становлении понятия «компетенция».

Прежде всего стоит рассмотреть мнение отечественных и зарубежных авторов на формирование и становление самого термина «компетенция», т.к. его определение лежит в основе проблемы моделирования профессиональной компетенции психолога. А также благодаря формулировке данного понятия, сложится общее представление о данной статье.

Согласно поставленной задаче данной работы, мы провели анализ, научных источников (Э.Ф. Зеер, В.И. Байденко, А.В. Хуторской, И.А. Зимняя, Н. Хомский, Дж. Равен, Л.В. Львов, Н.В. Кузьмина и др.), вследствие этого, можно сказать, что в настоящий момент нет общепринятого определения суждения «профессиональная компетентность». Однако, он выделяет, тот факт, что многие из авторов, рассматриваемых эти понятия солидарны с тем, что данное понятие близко к практическим умениям, чем к теоретическим знаниям.

Некоторые авторы, например, Ирина Алексеевна Зимняя говорят о том, что понятие «компетентность» связано с древнегреческим философом Аристотелем, который называл это греческим словом «*atere*», оно означает силу, развиваясь и прогрессируя до такого уровня, что становится неким свойством личности. Сама же Ирина Зимняя, трактует компетентность говоря, что это «социальная и профессиональная жизнедеятельность человека основывающаяся на знаниях, обусловленную интеллектуально-личностными характеристиками». Вместе с тем разграничивая сущность двух рассматриваемых нами понятий, она говорит, что: «компетентность всегда есть актуальное проявление компетенции» [1, с. 13]. Тут можно отметить, что все авторы трактуют эти понятия, по-своему, при этом, одни авторы их отождествляют, а другие дифференцируют.

Вследствие этого, мы рассмотрим точки зрения различных авторов в рамках этого вопроса. Так, отождествляя понятия «компетенция/компетентность» Н.Д. Никандров, В.С. Леднев, М.В. Рыжаков, отмечают, что они используются вместо слов знания, умения, навыки, способности [2].

Дифференцируют эти понятия: Дж. Равен, А.К. Маркова, И.А. Зимняя, А.В. Хуторской, Л.А. Петровская, Э.Ф. Зеер, Н.В. Кузьмина, Р. Уайт, В.И. Байденко, Н. Хомский, и др. Э.Ф. Зеер, представляет компетентность в виде принципов, понятий, законов, которые содержатся в теоретических (внутренние свойства предметов) и эмпирических (внешние свойства) знаниях. В то же самое время обобщая он отмечает, что компетентности — это систематизированные и

целостные обобщенные знания; в свою очередь компетенции – это обобщенные способы действий, благодаря которым осуществляется эффективное выполнение деятельности. Данные способности и есть реализация специалистом своей компетентности» [3]. Основой компетенции он считает деятельностные способности, которые описываются им совокупностью порядка выполнения действий.

В середине прошлого века, Р.Уайт впервые рассматривает компетенцию как эффективное взаимодействие с окружающей средой [4].

В 1965 году понятие «компетенция» вводит Ноам Хомский (N. Chomsky), применяя его к трансформационной грамматике. Говоря в рамках своей концепции, он пишет: «проведя основательное различие между компетенцией (подразумевается знание) и употреблением (использование), только в совершенном случае ... употребление будет являться естественным воспроизведением компетенции» [5]. В данных строчках Ноам Хомский говорит о расхождении знания(компетенции) и применения(употребления), и что употребление является главным проявлением компетенции.

Компетентность как деятельностную составляющую рассматривает доктор педагогических наук Андрей Викторович Хуторской. Он говорит, что компетентность составляют определенные компетенции, вместе с тем компетентность включает личностное отношение человека к этой компетенции и предмету деятельности. Компетенция же определяется им как совокупность взаимосвязанных качеств личности (ЗУНов, способов деятельности), относящиеся к определенному кругу предметов, а также процессов» [6]. Вследствие этого, компетенция — это социальное требование, которое было задано наперед в рамках образовательной подготовки студента, нужной для его эффективной деятельности в определенной области знаний, а компетентность – совокупность качеств личности, которыми уже обладает студент при минимальных навыках в заданной деятельности [6, с. 62]. А. В. Хуторской также отмечает, что благодаря введению понятия «компетенция» в практику обучения позволит решить обычную и в то же самое время актуальную проблему, когда учащиеся, обладая набором теоретических знаний, испытывают некоторые проблемы в их применении при решении конкретных вопросов или сложных ситуаций. Образование на основе компетенций предполагает комплексное обладание необходимыми знаниями, умениями и навыками, а не усвоение учащимися отдельных компонентов знаний и умений. Особенность педагогического подхода в вопросе развития компетенций в том, что аспектом их моделирования является результат деятельности, а не конкретные действия преподавателя [6].

В 1989 году Л.А. Петровская, в своем труде «Компетентность в общении» рассматривает коммуникативную компетентность, а также для формирования этого «свойства личности» она описывает специальные программы тренингов [7]. Важно отметить, что с помощью применения программы тренинга, можно будет диагностировать, а как результат повысить уровень формирования компетенций у будущих специалистов.

В это же самое время выходит книга Нины Васильевны Кузьминой [8]. Автор книги рассматривает данное понятие как свойство личности на базе трудовой деятельности.

Аэлита Капитоновна Маркова рассматривая компетентность в контексте психологии труда определяет ее набором психических качеств личности, включая психическое состояние, которое позволяет проявлять инициативу и ответственность (здесь подразумевается действенный компонент), а также это его способности и навыки, с помощью которых он продуктивно выполняет свои рабочие обязанности [9, с. 31]. Заметим, что позднее А. Маркова рассматривает в своих работах компетенцию, также выделяет виды профессиональной компетенции: социальную, индивидуальную, личностную и специальную [9].

Валентин Иванович Байденко рассматривает данное понятие в рамках образовательного процесса. Он пишет: «компетенции - единый(согласованный) язык, благодаря которому будет возможно определить уровень квалификации специалистов, поскольку содержание образования значительно отличается не только между странами, но и вузами, даже при подготовке одной и той же специальности» [10]. Компетенции как результат образования также определяет Л.В. Львов.

Оценив вклад Дж. Равена в развитие понятия компетентности, можно сказать, что он одним из первых дает развернутое описание данного термина, отмечая, что компетентность включает в себя компоненты, важнейшими из которых являются инициатива и ценности. Необходимо отметить, что человек может быть успешным в своей деятельности, компетентным специалистом, поскольку инициатива имеет внутреннюю мотивацию, а цель в свою очередь представляет для него ценность [11].

Развитие и расширение сферы деятельности психологов неразрывно сопоставляется с мотивами, которые ставит их профессиональная вузовская подготовка. В силу этого, сейчас главным и ведущим направлением развития психологии образования у нас в стране следует быть моделированию профессиональной компетенции психологов, это бы позволило им незамедлительно решать поставленные перед ними вопросы, профессиональные задачи, применять полученные знания в работе, не мало важно уметь добывать знания самостоятельно, иметь уникальный и творческий подход к делу. Именно образование, которое ориентировано на формирование компетенций, ставит в приоритет умение разрешать проблемы, которые есть и в профессиональной деятельности, и в реальной жизни. Обязательным является моделирование умения у будущего специалиста проявлять инициативу, также решать проблемные вопросы на основе полученных знаний, в полную силу использовать имеющиеся знания и собственный опыт в различных ситуациях [12].

#### **Использованные источники:**

1. Зимняя И.А. Ключевые компетентности как результативно-целевая основа компетентного подхода — М., 2004.
2. Леднев В.С., Никандров Н.Д., Рыжаков М.В. Государственные образовательные стандарты в системе общего образования: теория и практика. – М., 2002.
3. Зеер Э.Ф. Компетентный подход к образованию Уральское отделение Российской Академии Образования, 2004. – 145с.
4. White R.W. Motivation reconsidered: The concept of competence. Psychological review, 1959
5. Хомский Н. Аспекты теории синтаксиса. — М., 1972 (англ. 1965).
6. Хуторской А.В. Ключевые компетенции как компонент личностно-ориентированной парадигмы образования / А.В.Хуторской. Народное образование. 2003. № 2. С. 58-64
7. Петровская Л.А. Компетентность в общении. М., 1989.
8. Кузьмина Н.В. Профессионализм личности преподавателя и мастера производственного обучения / Н.В.Кузьмина. М., 1990.
9. Маркова А.К. Психология профессионализма. М.: Знание, 1996. 308 с.
10. Байденко В.И. Компетентный подход к проектированию государственных образовательных стандартов высшего профессионального образования (методологические и методические вопросы): Методическое пособие. – М.: Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов, 2005. – 114 с.
11. Равен Дж. Компетентность в современном обществе. Выявление, развитие и реализация. — М., 2002. (англ.1984)
12. Тубеева Ф.К. Становление компетентного подхода в сфере образования // Современные проблемы науки и образования. – 2015.

*Научный руководитель – к.п.н. Урмурзина Баян Газизовна*

Балалардың танымдық іс-әрекет құрылымы танымдық қызығушылықтан, танымдық белсенділіктен, танымдық ізденімпаздық пен шығармашылық іс-әрекеттерден тұрады. Бала қоғам өмірінде маңызды іс-әрекетке дайындалып жатқандықтан, оның оқу танымдық әрекеті болашақ кәсіби әрекетінің дидактикалық бейнесі болуы керек. Сондықтан баланың іс - әрекеті бағытталған, ал оның әлеуметтік және танымдық белсенділігі оның өмірлік жолын анықтаудағы ұмтылысы болып табылады. Сонымен қатар, балалардың іс - әрекет ерекшелігіне: өзіндік мақсаты мен нәтижесінің болуы (білім, білік және дағдыны игеру, жеке қасиеттерінің дамуы); оқу нысанының ерекше сипаты (ғылыми білім, болашақ қызметі туралы ақпарат және т.б.); бала іс-әрекетінің жоспарлы жағдайда өтуі (бағдарлама, оқыту мерзімі); оқыту құралдарының болуы – кітаптар, лабораториялық құрал – жабдықтар, болашақ кәсіптік еңбектегі модельдер, техникалық құралдар, т.б. жоғары интеллектуалды жүктеме (емтихан, сынақ тапсыру, ғылыми жұмыс қорғау, т.б.) жатады.

Балалардың танымдық белсенділігі оқу үрдісінде қалыптасады. Белсенді оқу-танымдық іс-әрекетінің көздейтін мүддесі, білімнің қоғамдық мәнін ұғыну, қоғамға қызмет ету қарқынын үдету қажеттілігі негізінде дамиды. Белсенділіктің ең жоғары көрінісі балалардың алған білімдерін өмірде пайдалана білу болып табылады. Демек, балалардың оқу-танымдық белсенділігін қалыптастыру – оқу үрдісін жетілдірудің негізгі шарты ретінде қарастыру қажеттілігі туындайды.

Баланың белсенділігі, негізінен, екі түрлі сипатта болатындығын айтты. Олар: сыртқы және ішкі белсенділік. Сыртқы белсенділік дегеніміз – бала әрекетінің сыртқы көріністері (белсенді қимыл-қозғалыстары, практикалық әрекеттері, мұғалімге зейін қойып қарауы, т.б.). Баланың ішкі белсенділігіне оның белсенді түрде ойлау әрекеті жатады. Белсенділік жеке басқа тән, маңызды бір қасиет болып саналады. Бұл қасиетсіз адамның қандай да болсын жұмысы нәтижелі болуы мүмкін емес.

Танымдық белсенділік – жеке тұлғаның сан түрлі білім алуы, бұл білім алу танымдық әрекетке сезім, таным мен ерік процесінің нәтижесі болып табылатын өзін-өзі икемдеу көрінісімен: танымдық мотив пен ізденімпаздық мінез-құлық тәсілдерінің синтезімен; баланың мінез-құлқындағы танымға деген тұрақты көзқараспен тұрақталады деп қарастыруға болады.

Жеке тұлғаның өзіндік қасиетіне қарап баға беру үшін үш психологиялық мінездемеге (сипатқа) сүйенеміз:

1. Тұрақтылық – негізгі сапалары тұрақты, аз өзгереді, өзіне қалай ұстауын анықтауға болатын сипат.
- 2) Бірлікте болу – жай-күйінің, қасиеттерінің өзара байланыс, тәуелділігі, психикалық процестердің бірлік сипаты.
- 3) Белсенділік - өзінің ортасында тәуелді бола тұрып, оны өзгертуге, дамытуға ықпал ету сипаты.

Негізгі мектеп жасына дейінгі балалардың алдына мақсат қоюшылық, ар-намысты, өзгелердің мүддесімен санасуы, қиыншылықтан бас тартуы, берген уәдесіне тұруы, өмірдегі белсенді ұстанымы, оның есеюі өмірдегі әлеуметтік қатынастарының жемісі.

Сонымен, негізгі мектеп жасына дейінгі балалардың психологиялық табиғатын сипаттайтын негізгі психикалық процестердің ерекшеліктері мен мәнін білу оқу-танымдық іс-әрекетті белсендіруде және оның оңтайлы жолдарын табуда маңызды болып табылады деп есептейміз.

Балалардың оқу-танымдық іс-әрекетін белсендіру тәрбиеші бала Балаларды шығармашылыққа жетелеу Танымдық әрекетін өзіндік жоспарлауы Танымдық қызығушылығын туғызу, белсендіру Танымдық қажетсіну, әрекет мақсатын ұғыну, жігерлі әрекет ету Балалардың белсенділігін арттыруға жағдай жасау, интеллектуалдық өсуіне ықпал ету, оқу білік, дағдыларын, жоспарлау білігін қалыптастыру Оқу біліктерін дамытуға, өзіндік жұмыс істеу тәсілдерін меңгеру Балалардың өзіне сенімділігін, бағдарланушылығын қалыптастыру Оқу үрдісінде кездесетін қиыншылықты жеңуде еріктік талпыныс жасауға дайын болуы Бақылау жасау, әрекет қорытындысын болжау Өзіндік басқару және өз іс-әрекетіне баға беру Шығармашылық әрекет

Балалардың оқу-танымдық іс-әрекетін белсендіру үрдісінің құрылымы

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сабыров Т. Оқушылардың оқу белсенділігін арттыру жолдары. – Алматы, Мектеп, 1978.
2. Токсанбаева Н.Қ. Оқыту процесі жүйесіндегі танымдық іс-әрекеттің құрылымы. Дис. ... п.ғ.к. : 15.01.01. – Алматы, 2001.
3. Әбілқасымова А.Е., Омарова Р.С. Мұғалімдердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру негіздері. - Алматы: Ғылым, 2003.
4. Смаилов С Оқу процесінде студенттердің танымдық ынтасын қалыптастыру. – Жамбыл,1994.
5. Сабыров Т. Оқушы жастардың танымдық әрекетін арттырудағы оқытудың әдістері мен формаларының дидактикалық жүйесін тиімді қолдануға мұғалімді даярлаудың теориялық негіздері. Автореф. п.ғ.д.: 05.11.96. – Алматы, 1996.

*Ғылыми жетекші - п.ғ.к., доцент Қарғабәева Ж.Ж*

Педагогика, психология және бастауыш оқыту кафедрасының аға оқытушы, пед.магистрі

Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс. Бұл саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады», – деп атап көрсетті [1].

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының білім беру саясаты әлемдік білім беру кеңістігіне енуді мақсат қылып, білім беруде нәтижеге бағдарлану, оқытуды оқушының жеке тұлғасына бағыттау, ал оқыту әдістерін тұлғааралық қарым-қатынастарға бейімдеуді көздеп отыр. Осы тұрғыдан, білім беру жүйесінің басты міндеті – өзгермелі қоғамда өмір сүруге икемді, өздігінен білім алуға, алған білімін өмірлік жағдаяттарға сәйкес қолдана білуге, өзін-өзі толық жүзеге асыруға дайын, шығармашылыққа бейім, құзыретті және бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру мен дамыту болып табылады.

Әлемде білім беру жүйелерінің келешек ұрпаққа қандай білім беретіні туралы мәселе қайта қаралуда. Осы мәселе аясында «Балалар ХХІ ғасырда табысты болу үшін нені үйренуі керек?» және «Оқытудың тиімді әдістері қандай?» деген сияқты негізгі сауалдар туындайды [2].

Осыған орай қазіргі уақыттағы жаңартылған білім беру мазмұны оқушыларға мағлұматтар мен идеяларды өз беттерімен, тәуелсіз меңгеріп, алған мәліметтері пайдалы болатындай ойлануына мүмкіндік туғызады. Сонымен қатар бастауыш сынып оқушылары жаңа идеяларды әр түрлі көзқараспен зерттеп, шынайылығы мен пайдасын талқылап, идеяның жалпы құндылығын анықтай алады. Мұғалім, ең алдымен, оқушыда өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыруға ат салысуы керек. Өйткені, бұл тұлғаны ұлттық және әлемдік мәдениетке үйлестіруге апаратын сара жол. Бүгінде рухани құндылықтар жаңарып, адамның зияткерлік әлеуетін қалыптастырудағы білімнің маңыздылығы туралы қағидалар түбегейлі өзгерді. Әлемдегі құндылықтардың өзгеруі жаңа ғасырға жас ұрпақты дайындау міндетімен байланысты. Біздің қоғамға жаңа мағлұматтарды қабылдап қана қоймай, оны ойлана отырып, сыни талқылап, ой елегінен өткізе білетін оқушылар керек.

Оқытудың жаңа білім беру парадигмасы балаға оқу қызметінің субъектісі ретінде қарап, шығармашылық қызығушылықтары негізінде білімге құндылық бағдарын қалыптастыра отырып, танымдық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруды және жан-жақты дамыған, шығармашыл тұлға қалыптастыруды көздейді.

Мұғалім тек білім көзі ретінде ғана емес, оқушылардың өздерінің оқу-танымдық әрекеттерінің белсенді ұйымдастырушысы ретінде қызмет етеді. Оқушылардың сабақтағы іс-әрекеті мұғалімнің іс-әрекетінен басым болуын қамтамасыз ету өте маңызды. Оқу процесін жандандыру мақсатында инновациялық стратегиялар арқылы белсенділендіргіш тапсырмалар ұсынып, оқушылардың анағұрлым жақсы нәтижелерге қол жеткізуі үшін өз бетінше әрекет етуге бағыттау керек. Олай болса, бүгінгі күні білім беру саласындағы жаңа өзгерістер мұғалімдердің жеке басының үлгі өнегесіне, болмысы мен білім өресінің биіктігіне, кәсіби сапаларына жаңаша талаптар қойып отыр. Білім беруді жаңа сатыға көтерген сайын, мұғалімдерге қойылатын кәсіби құзыреттілікте жоғары болуда.

Жаңартылған бастауыш білім беру мазмұнының мақсатын іске асыруда түйінді рөлді құзыретті мұғалім тұлғасы атқарады.

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі – кәсіби педагогикалық қызметтің жоғары деңгейін қамтамасыз етуде тұлғаның теориялық және тәжірибелік әзірлігі мен қабілеттілігінің бірлігі. Қазіргі уақытта бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігі бес көрсеткішіне бөлінеді: жалпы мәдени, жалпыкәсібилік, коммуникативтік, тұлғалық, өзіндік даму және өзіндік білім алу.

Жалпымәдени көрсеткіш

Білім беру қызметі саласында маманға жақсы жалпы білім қажет, оның әртүрлі саладан кең және терең дүниетанымы болуы қажет. Жалпымәдени критерийі бойынша мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі үш көрсеткішке бөлінеді:

-жалпы білімділігі және дүниетанымының кеңдігі;

-мәдени жаңалықтар саласынан хабардарлығы

-сөйлеу мәдениеті.

Жалпыкәсібилік көрсеткіш

Мұғалімнің теориялық және тәжірибелік білімі, ұйымдастырушылық, басқарушылық қасиеті, кәсіби жинақылығы басым болуы керек. Коммуникативтік критерий

-балалармен тілдік қарым-қатынас мәдениеті;

-тілдік қарым-қатынаста кері байланысқа түсу;

-сындарлы тілдік қарым-қатынас.

Тұлғалық көрсеткіш

Табысты қызмет ету үшін мұғалім көптеген тұлғалық қасиеттер мен қабілеттерге ие болуы керек. Тұлғалық критерий бойынша мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің үш көрсеткіші:

-тұлғаның кәсіби бағыттылығы: тұлғалық өсу және жауапкершілік, кәсібилік үлгі тұтушылық, тандаған мамандыққа деген сүйіспеншілігі;

-арнайы кәсіби қасиеттерінің болуы: алға ұмтылушылық, талап қоюшылық, әділдік, икемділік, зияткерлік белсенділік, креативтілік;

-арнайы психофизиологиялық қасиеттердің болуы: жүйке жүйесінің шыдамдылығы, ішкі сезім, жігерді реттей алуы, жұмыс жасау қабілетінің жақсы болуы және психо-эмоциялық жүктемеге төзімділігі.

Өзіндік даму және өзіндік білім алу көрсеткіші

Мұғалімнің кәсіби педагогикалық мүмкіндігі бір күнге және мәңгіге қалыптаспаған.

Іс-тәжірибе қызметін жинақтау үдерісінде кәсіби жетілу мұғалімнің өзіне және өз жұмысына жауапкершілік пен сыни қатынастар негізінде іске асырылуы керек. Үнемі тұлғалық және кәсібилілік өсу мұғалімнің кәсібилілігінің ажырамас бөлігі ретінде алға шығады.

Білім берудегі жаңғырту мен инновациялық үрдістердің жалғасуына ықпал етудің маңызды факторының бірі мұғалімнің кәсіби шеберлігі. Жаңартылған білім беру парадигмасының қалыптасуы, құзыреттілік қатынастарға негізделген жаңа білім стандарты жаңа формация мұғалімін талап етеді. Жаңа формация мұғалімі әдіснамалық, зерттеушілік, шығармашылық, сыни ойлай алатын, рефлексияға қабілетті маман болуы шарт.

Білім мен тәрбие беру - қиын да қастерлі еңбек. Бұл жолда мұғалімдер талмай, тынымсыз еңбектеніп, шығармашылық ізденуді, үйренуді асыл мұратына, биік парызына айналдырғанда ғана жете алатыны сөзсіз.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру.- Астана: Ақорда.- 12 сәуір 2017 ж.8б.;
2. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015ж.37б.;
3. Бисембаева Б.С." Жаңартылған білім беру бағдарламасының маңыздылығы", 2017ж.,3б.

## **ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МАМАНДЫҚТАРДА ОҚИТЫН СТУДЕНТТЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУДЫҢ МАҢЫЗЫ**

**Кадешова А.К.**

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

ҚР тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында «Білім және кәсіби машық – заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары. Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Барлық жеткіншек ұрпақтың функционалды сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет», – деп атап көрсетті. Сондықтан білім берудің мазмұнын жетілдіре отырып, үздіксіз білім беру арқылы оларды кәсіби тұрғыдан жан – жақты жетілдіру мәселесі бүгінде күн тәртібіне қойылып отырғанын көріп отырмыз. Бүгінгі күні «құзыреттілік» ұғымы оқыту үдерісінде білімді қолданудың негізгі нәтижесі ретінде қарастырылуда.[1]

Еліміздің келешегі – болашақ маманның қолында десек, білім – мемлекетіміздің өркениетке бару жолындағы үлкен стратегиялық қоры. Қоғамдық мәні үлкен тағы бір мәселе: білім беру жүйесін заман талабына сай өзгерту, дамыту және жаңартуда жаңа талаптарға бейімдеу.

Білім беру саласында соңғы жылдары болашақ мамандардың негізгі құзыреттілігін қалыптастыру туралы көптеген зерттеу жұмыстары жарық көріп, әртүрлі пікірлер айтылуда. Жалпы құзыреттілік – белгілі бір саладағы маман дайындығына қойылатын талаптар. Құзыреттілік деп маманда қалыптасқан тұлғалық сапа мен сол іс – әрекетке қатысты жинақталған тәжірибені айтады.

А.В.Хуторскойдың пікіріне сүйенсек, «құзырлық – жекебастың білім, білік, дағдысының жиынтығы, құзыреттілік – жалпы адамның өз ісін жақсы білу арқылы сапалы қызмет ету қабілетін білдіреді». С.И.Ожеговтың сөзінде «құзыреттілік» сөзіне төмендегідей анықтама берілген: «құзыреттілік» – біреудің бір топ мәселе төңірегінде жақсы хабардарлығы». [2, б. 35 – 36]

«Құзыреттілік» терминін ХХ ғасырдың ортасында Н.Хомский енгізген болатын, алғашында ол ана тілінде нақты тілдік қызметті орындау үшін қабілеттіктер деген түсінік берсе, латын тілінен аудармасында белгілі сала бойынша жан – жақты хабардар, білгір деген мағынаны қамтиды және қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді түрде шешім шығара алады дегенді білдіреді.[3, б. 150 – 151]

«Құзыреттілік» ұғымы студенттердің білімі мен тәжірибесін, дағдылары мен біліктерін белгілі бір мәселені шешуде қолдана білуі, ал бүгінгі күні оқыту үрдісінде білімді қолданудың ақырғы нәтижесі ретінде қарастырылуда.

Ш.Т.Таубаева «Педагогика әдіснамасы» еңбегінде «құзыреттілік» ұғымы туралы: біріншіден, өзінің әлеуетін жүзеге асыру қабілеті мен оған талпынысы;

екіншіден, табысты шығармашылық әрекет үшін өзінің білімін, іскерлігін, біліктілігі мен тәжірибесін іс жүзінде көрсете білу қабілеті; үшіншіден, өз әрекетінің нәтижелеріне жеке жауапкершілікпен қарау және оның әлеуметтік мәнін түсіну, оны әр уақытта жетілдіру қажеттілігі, - деп айтып өтті.[4, б.65- 66]

Ғалымдардың зерттеулерінде құзыреттілік ұғымы әр түрлі мәнде берілген. Құзыреттілік ұғымының мәні төмендегідей қарастырылады:

· алдын – ала анықталған кез – келген проблемаларды шешу, өңдеу және талдау үшін білім, білік пен өмірлік тәжірибелерді игеруі;  
· өмірде кездесетін танымдық кедергілерді өз бетінше шешу, жеке көзқарасты анықтау үшін қажетті маманның білімділік деңгейі;  
· студентке белгілі бір саланың стандарт талабына сай қойылатын жоғары біліктілік дайындығы;  
Білім берудің негізгі мақсаттарына, әлеуметтік тәжірибенің құрылымы мен жеке тұлға тәжірибесіне, сондай – ақ студенттің коммуникативтік әрекетінің негізгі түрлеріне байланысты мынадай түйінді құзыреттіліктер маңызды:

1) Коммуникативтік құзыреттілік – тілдерді білу, айналасындағы адамдармен сөйлесу, топта жұмыс істей білу дағдысы, түрлі әлеуметтік рольдерді меңгеруі.

2) Жалпымәдени құзыреттілік – таным мен жалпы адамзаттық мәдениет, ұлттық мәдениет аймағындағы адамның іс – әрекет тәжірибесі, адамзат қоғамы мен жеке халықтардың, адам өмірінің рухани – адамгершілік түсінігінің болуы.

3) Оқу – танымдық құзыреттілік – студенттің дербес танымдық іс – әрекет арнасындағы құзыреттіліктер жиынтығы: білім мен мақсаткерлік, жоспарлау, талдау, оқу – танымдық әрекетті өзіндік бағалау.

4) Ақпараттық құзыреттілік – студенттің оқу пәніндегі және білім алу шеңберіндегі, сондай – ақ қоршаған әлем туралы ақпаратты қолдана білу дағдылары.

5) Құндылық түсінігі құзыреттілігі – бұл студенттің құндылық бағдары, қоршаған әлемді көре білуі мен түсіну қабілеті, өзінің ондағы рөлін сезінуі, өз іс – әрекетінің мәнділік және мақсатты ұстанымының болуы, шешім шығара білуі.

6) Әлеуметтік – қызмет құзыреттілік – азаматтық – қоғамдық әрекет шеңберіндегі (азамат, бақылаушы, сайлаушы, өкіл т.б. рөлін орындау), әлеуметтік – қызмет аумағында (тұтынушы, сатып алушы, өндіруші), отбасы қатынастары мен міндеттері көлемінде, экономика және құқық сұрақтарында, кәсіби бағдар бойынша білімдері мен тәжірибелерін меңгеруін көрсетеді.

7) Жеке тұлғалық өзін – өзі жетілдіру құзыреттілігі – студенттің дене, рухани және интеллектуалдық өзіндік дамуы, эмоционалдық тұрғыда өзін –өзі реттеу мен жүзеге асыру тәсілдерін меңгеруге бағытталады.

Педагогика ғылымында Т.Н.Лобанов пен Ю.А.Тихомиров құзыреттіліктердің бірнеше тобын коммуникативтік түрге біріктіруге

болады деп есептейді: ұйымдастырушылық қабілеттер, топта жұмыс жасау, коммуникативтік – іскерлік қабілет, келіссөз жүргізе білу іскерлігі, студентке бағдарлану. Аталған құзыреттіліктердің әрқайсысы студент тұлғасын жан – жақты қалыптастыруда маңызды орынға ие. Басты құзыреттіліктердің негізі ретінде, біздің ойымызша, коммуникативтік құзыреттілік танылады. Себебі, адам қоғамда өмір сүргендіктен ол, ең алдымен, басқа адамдармен байланысқа түседі және ақпаратты жеткізу, қабылдау, жинақтау, өзгерту, сақтау және қолдану қызметі қарым – қатынастық байланыста жүреді.

Сонымен, «құзыреттілік» ұғымы әлеуметтендіру мен оқыту үрдісі барысында қалыптасқан білім мен тәжірибеге негізделген, жалпы қабілеттер мен белгілі бір іс – әрекетке деген дайындығында көрінетін, сонымен бірге қызметке өзіндік және табысты әрекет етуге бағдарланған жеке тұлғаның интегралдық қасиеті. Қазіргі әдеби сөздікте құзыреттілік: дербес және жауаптылықпен әрекет етуге, белгілі бір жұмысты орындауға қабілеттілік пен икемділікті игеруге жол ашатын психологиялық ахуал, психикалық сапалардың қосылымы ретінде белгіленуде. Құзыреттілікті адамның білімдарлығымен жоспарластыруға және адамның белгілі бір мәселені шешу қабілетімен де шатастыруға болмайды. Себебі, адамның өз саласында кәсіпқой және білімдар болуы мүмкін, ал бірақ кәсіби мәселелердің бәрін шешуге құзыреті жетпейді.

Студенттердің негізгі құзыреттілігін қалыптастырудағы педагогикалық – психологиялық ерекшеліктерді ескеру оқыту процесін оңтайлы ұйымдастыруды қамтамасыз етіп, болашақ педагог – психологтың даярлау сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Жоғары оқу орнында болашақ педагог – психологтың негізгі құзыреттілігін қалыптастырудың ұстанымдары мен деңгейлері, компоненттері мен өлшемдері және көрсеткіштері студенттердің өзін –өзі жетілдіру жұмыстарының түрлерін, әдістерін, мазмұнын айқындауға мүмкіндік береді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. Астана, 14 желтоқсан, 2012ж.
2. Хуторской А.В. Ключевые компетенции: технология конструирования // Народное образование, 2003.
3. Хомский А.М. Лингвистическая компетенция. Всемирная философская энциклопедия: Философия XX век / Главн.науч.реди сост. А.А.Грицанов. – М.: АСТ, Мн.: Харвест, Современный литератор, 2002.
4. Таубаева Ш.Т. Педагогика әдістемесі. Оқу құралы. – Алматы: Қарасай, 2013. – 432б.

*Ғылыми жетекші – PhD, аға оқытушы Иманчиев Ж.Е.*

## ПСИХОЛОГО – ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ РЕБЕНКА С СИНДРОМ ДЕФИЦИТА ВНИМАНИЯ

Мусабаева А.Т.,

Актюбинский региональный государственный университет им. К. Жубанова

Синдром дефицита внимания/гиперактивности – дисфункция центральной нервной системы (преимущественно ретикулярной формации головного мозга), проявляющаяся трудностями концентрации и поддержания внимания, нарушениями обучения и памяти, а также сложностями обработки экзогенной и эндогенной информации и стимулов.[1,55]

Термин "синдром дефицита внимания" был выделен в начале 80-х годов из более широкого понятия "минимальной мозговой дисфункции". История изучения минимальной мозговой дисфункции связана с исследованиями в 1934 году Е. Kahn и соавт., хотя отдельные исследования проводились и ранее. Наблюдая детей школьного возраста с такими нарушениями поведения, как двигательная расторможенность, отвлекаемость, импульсивность поведения, авторы высказали предположение, что причиной данных изменений является повреждение головного мозга неизвестной этиологии, и предложили термин "минимальное мозговое повреждение". В дальнейшем в понятие "минимальное мозговое повреждение" были включены и нарушения обучения (трудности и специфические нарушения в обучении навыкам письма, чтения, счета; нарушения перцепции и речи). Впоследствии статическая модель "минимального мозгового повреждения" уступила место более динамичной и более гибкой модели "минимальной мозговой дисфункции".[2,83]

Частота синдрома дефицита внимания/гиперактивности, по данным разных авторов, варьирует от 2,2 до 18% у детей школьного возраста. Подобные различия объясняются несоблюдением четких критериев диагноза. Согласно данным Американской ассоциации психиатров, синдромом дефицита внимания/гиперактивности страдают около 5% детей школьного возраста. Практически в каждом школьном классе есть по крайней мере один ребенок с данным заболеванием. В исследовании Н.Н. Заводенко и соавт. частота синдрома дефицита внимания у школьников составила 7,6%. Мальчики страдают в 2 раза чаще девочек.[3,36]

Классификация. Согласно DSM-IV выделяют 3 варианта течения синдрома дефицита внимания/гиперактивности в зависимости от преобладающих клинических симптомов:

- синдром, сочетающий дефицит внимания и гиперактивность;
- синдром дефицита внимания без гиперактивности;
- синдром гиперактивности без дефицита внимания.

Некоторые исследователи подвергают сомнению объединение синдрома дефицита внимания и синдрома гиперактивности, так как до 40% всех больных

страдают только дефицитом внимания без гиперактивности. Дефицит внимания без гиперактивности чаще наблюдается у девочек.[4,15]

Нарушение внимания и/или явления гиперактивности – импульсивности приводят к тому, что ребенок школьного возраста при нормальном или высоком интеллекте имеет нарушения навыков чтения и письма, не справляется со школьными заданиями, совершает много ошибок в выполненных работах и не склонен прислушиваться к советам взрослых. Ребенок является источником постоянного беспокойства для окружающих (родителей, педагогов, сверстников), так как вмешивается в чужие разговоры и деятельность, берет чужие вещи, часто ведет себя совершенно непредсказуемо, избыточно реагирует на внешние раздражители (реакция не соответствует ситуации). Такие дети с трудом адаптируются в коллективе, их отчетливое стремление к лидерству не имеет под собой фактического подкрепления. В силу своей нетерпеливости и импульсивности, они часто вступают в конфликты со сверстниками и учителями, что усугубляет имеющиеся нарушения в обучении. Ребенок также не способен предвидеть последствия своего поведения, не признает авторитетов, что может приводить к антиобщественным поступкам. Особенно часто асоциальное поведение наблюдается в подростковом периоде, когда у детей с синдромом дефицита внимания/гиперактивности возрастает риск формирования стойких нарушений поведения и агрессивности. Подростки с данной патологией чаще склонны к раннему началу курения и приему наркотических препаратов, у них чаще наблюдаются черепно-мозговые травмы. Родители ребенка, страдающего синдромом дефицита внимания и/или гиперактивности, иногда сами отличаются резкими сменами настроения и импульсивностью. Вспышки ярости, агрессивные действия и упрямое нежелание ребенка вести себя в соответствии с родительскими правилами могут приводить к неконтролируемой реакции со стороны родителей и к физическому насилию.

Каждый взрослый, а не только родители, обязан быть воспитателем детей, которых ему доверили или которые почему-либо около него оказались. Рано или поздно дети вырастают, интегрируются в социум и, если их плохо воспитали, начинают его дезорганизовывать. Однако сейчас многие взрослые очень раздражительно относятся к суетливому, подвижному ребенку. Он им мешает заниматься важными делами, думать, отдыхать. А ребенок нуждается в двигательной активности. Примерно с трех до семи-восьми лет ребенок испытывает в ней повышенную нужду, и при ее подавлении у него возникают реакции протеста. Сперва в виде небольшого непослушания, а потом, если двигательная активность ребенка систематически подавляется и не канализируется в какие-то более рациональные формы детской деятельности, то реакции протеста приобретают стабильный

характер, невротизируют личность ребенка. В результате может возникнуть ситуация психической дезадаптации, и изначально здоровый, только чересчур подвижный малыш станет больным.

Как правило, годам к 12-13 синдром дефицита внимания и гиперактивности даже без лечения проходит, однако проявляется другая

патология. Гиперактивный ребенок уже научился обращаться с обществом так же, как общество обращалось с ним, то есть, отвергать его. Поведение его становится асоциальным: проявляется склонность к деструкции, лжи, воровству, поджогам, побегам из дому. Воля не сформирована, поэтому подросток легко попадает под влияние более сильных и волевых парней. А поскольку он доверчив, простодушен, внушаем, не умеет отделить главное от второстепенного, то авторитет, под влияние которого он попал, часто бывает асоциального характера. Такие подростки – легкая добыча для криминальных структур. Очень многие из них становятся наркоманами, алкоголизируются. Поэтому в подростковом возрасте ребятам, страдавшим в детстве СДВГ, необходим больший родительский контроль, чем здоровым сверстникам. А с другой стороны, ребенок должен чувствовать себя в семье любимым. Нельзя, чтобы в общении с ним преобладал негатив. Кроме того, крайне важно подыскать ему какую-то интересную деятельность.

Изучив литературу по данному вопросу можно сделать вывод, что у детей с синдромом дефицита внимания наблюдаются нормальные (иногда высокие) показатели интеллекта, но имеются нарушения поведения, навыков чтения и письма. Им трудно учиться, т.к. нетерпение и импульсивность не позволяет сосредоточиться.

Также возникает нарушения в поведенческой сфере – трудно общаться в коллективе, непризнание авторитетов, стремление к лидерству, конфликтность.

Причины возникновения синдрома дефицита внимания и гиперактивности до конца не изучены, но выделяют в основном генетическую предрасположенность, мутацию генов, социальное положение семьи, нейропсихологические нарушения и алкоголизация матери, нарушения в перинатальном периоде.

Также синдром дефицита внимания может осложниться такими расстройствами как дислексия, синдром Туретта, повышенная депрессивность и прочее.

#### **Использованные источники:**

1. Бадалян Л.О., Заваденко Н.Н., Успенская Т.Ю. Синдром дефицита внимания у детей // Обозрение психиатрии и медицинской психологии им. В.М. Бехтерева. 2008. № 3.
2. Белоусова Е.Д., Никанорова М.Ю. Синдром дефицита внимания и гиперактивности // Российский вестник перинатологии и педиатрии. 2000. №3.
3. Брызгунов И.П., Касатикова Е.В. Непоседливый ребенок, или все о гиперактивных детях. М.: Изд-во Института психотерапии, 2001.
4. Венгер Л.А. Структура психологического синдрома // Вопросы психологии. 2001. № 4.

*Научный руководитель – магистр Абдикаримова А.Ж.*

## **БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ МАМАН ТҮЛҒАСЫН ЗАМАНАУИ АҚПАРАТТЫҚ ҚҰРАЛДАР КӨМЕГІМЕН ДАМУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

**Әзім Данагүл Мақсұтқызы**

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Өркениетті қоғамның дамуы информация (ақпараттандыру) үрдісімен тығыз байланысты болып келеді. Бұл үрдістің басты ерекшелігі - қоғамдық өндіріс саласындағы үстемдік етуші қызметтің саласына ақпараттық және коммуникациялық технология құралдарының негізінде жүзеге асырылатын хабарларды жинау, өңдеу, олардың қорын жасау, сақтау және оларды тарату жатады. Қазіргі қоғамды хабарлар легімен жан-жақты қамтамасыз етудің ең басты бағыттарының бірі - білім беру саласын әдістемелермен және ақпараттық, коммуникациялық технологияны жасау мен оны тиімді пайдалана білудің тәжірибесімен қамтамасыз ету үрдісі болып саналады. Оның басты мақсаты:

-білім беру жүйесін басқару механизмдерін мәліметтердің автоматтандырылған банктерінің қолданудың негізінде жетілдіру;

-қоғамның информатизацияландырылуын қазіргі жағдайында білім берудің жеке адамды жан-жақты қалыптастыру мақсаттарына сай келетін әдістемелері мен тәсілдерді және ұйымдастырушылық формаларды және т.б. жетілдіріп отыру;

- студенттердің интеллектуальдық дамуларына, өз беттерімен білім ала білу қабілеттерін қалыптастыруға және олардың оқу-ақпараттық, тәжірибелік қызығушылығын қызметтерін жүзеге асыра білулеріне бағытталған білім берудің әдістемелік жүйесін жасау;

- студенттердің білім дәрежесін аз уақыттың ішінде жүйелі түрде бақылап, бағалауға мүмкіндік беретін компьютерлік жүйе бойынша естілетін және болжайтын әдістемелер жасау.

Білім беру жүйесіндегі қайта құрулардың негізгі субъектісі-мұғалім. Қазіргі оқу орындарына шығармашылық ізденіс қабілеті дамыған, жаңа педагогикалық технологияларды жете меңгерген, мамандық



шеберлігі қалыптасқан мұғалімдер қажет. Ол бір уақытта педагог-психолог және оқу процесін ұйымдастырушы технолог бола білуі керек. Компьютердің мүмкіндіктерін ескере отырып, оқыту мәселелеріне талдау жасасақ, психологияның, педагогиканың іргелі оқыту теориясынан психологиялық-педагогикалық, әдістемелік мәселелер туындайды.

Білім берудің ақпараттандырудың негізгі міндеттері: педагог кадрларды жаңа ақпараттық технологияны өз қызметтеріне еркін пайдалана білуге дайындау және жүйелі түрде біліктіліктерін көтеру [1].

Ақпараттандырудың негізгі бағыты ХХІ ғасырдың талаптарына сәйкес қоғамды дамыту жоғары тиімділікті технологияларына сүйенген жаңа білім стратегиясына көшу болып табылады, яғни қазіргі білім жүйесін ақпараттық-

коммуникациялық технологияларды білім беру саласына енгізу жұмыстары болып саналады.

Ақпараттық технология - ақпаратта жинау, сақтау, өңдеу және тарату тәсілдері мен құралдары динамикалық түрде өзгеріске ұшырап, солар арқылы қоғамның инфрақұрылымын қалыптастыруға бағытталады.

Ақпараттық-коммуникативтік технологияны оқу-тәрбие үрдісіне енгізуде мұғалім алдына жаңа бағыттағы мақсаттарды қояды:

- өз пәні бойынша оқу-әдістемелік электронды кешендер құру, әдістемелік пәндік Web –сайттар ашу;

- жалпы компьютерлік желілерді пайдалану;

- бағдарламалау ортасында инновациялық әдістерді пайдаланып, бағдарламалық сайттар, құралдар жасау. (мультимедиялық және гипермәтіндік технологиялар).

- қашықтықтан оқыту (Internet желісі) барысында өздігінен қосымша білім алуды қамтамасыз ету.

Бүгінгі заманда ақпараттандыру үдерісі студенттер мен оқытушылар еңбегінің өнімділігін көтеру құралы ғана емес, сондай-ақ, адамның кәсіби әрекеттері мен өмірінің бір бөлігі ретінде, қоғам өмірінің көрінісін қалыптастыратын, әлеуметтік қарым-қатынастар мен үдерістерді реттейтін факторлар ретінде түсіндіріледі. А.И.Ракитов, И.В.Соколова және Ю.А.Яковец атап өткендей, ақпараттандыру үдерісі бірнеше бағыттардан тұрады: компьютерлендіру, медиатизациялау және интеллектуалдандыру [2].

Ақпараттық технология екі құрамдас бөліктен тұрады: компьютерлік сауаттылық және компьютерлік білімдарлық. Компьютерлік технологиялардың даму жағдайындағы ақпараттық сауаттылыққа «компьютермен өз бетінше жұмыс істей білу, компьютерлік техниканың көмегімен есептеу, жазу, сурет салу, ақпараттарды іздеу дағдыларымен біліктіліктерінің болуы». Компьютерлік білімдарлықтың белгілеріне компьютерлер мен танымал бағдарламалардың кентүрлілігін бағдарлай білу, олардың мүмкіндіктерін білу, нақты бір жұмыс үшін тиімді бағдарламалық құралдарды таңдай білу. Қазіргі уақытта Қазақстанда білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі қалыптасуда. Бұл процесс білім парадигмасының өзгеруімен қатар жүреді. Мұндай жағдайда педагогикалық процестің маңызды құрамы оқу ісіндегі субъектілер-оқытушы мен студенттің тұлғалық-бағытталған өзара әрекеті болып табылады.

Оқытудың ақпараттық технологиясында қолданылатын бағдарламаны қамтамасыз етуді бірнеше категорияға бөлуге болады:

\* оқытатын, бақылайтын және үйрететін жүйелер;

\* ақпарат іздеу жүйесі;

\* модельдеу бағдарламалары, микромирлер;

\* танымдық сипаттағы инструменттік құралдар;

\* әмбебап сипаттағы инструменттік құралдар;

\* коммуникацияны қамтамасыз етуге арналған инструменттік құралдар [3].

Білім беруді ақпараттандыру жағдайында педагогтарға ақпараттық білім негіздерін игерту, ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарын өзіндік білім алуға қолдану мен оның мүмкіндіктерін кәсіби қызметтеріне танымдық және дидактикалық құрал ретінде пайдалану дағдыларын қалыптастыруы қажет. Қазіргі таңда, қоғамда кез-келген педагогтан өз пәнін терең білу ғана емес, теориялық, нормативтік-құқықтық, психологиялық-педагогикалық, дидактикалық, әдістемелік тұрғыдан сауатты және ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарының мүмкіндіктерін жан-жақты игерген ақпараттық құзырлылығы қалыптасқан маман болуды талап етіп отыр.

Ақпараттық білімді педагогтарға қалыптастыру мемлекеттік ақпараттық қоғамның саясаты мен келешегіне, білім беруді ақпараттандырудың мақсатына, ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарының дамуына байланысты педагогтардың ақпараттық-коммуникациялық құзырлылығын қалыптастыру жүйесіне; педагогтардың санатына; олардың біліктілікті көтеру деңгейлеріне; алған білім деңгейлері мен кәсіби шеберліктеріне және тәрбиелік міндеттердің ақпараттық қоғамның даму бағытымен өзара байланыстылығына тәуелді.

Ақпараттық технология құралдарын оқу үдерісінде қолдану әдістері сан алуан. Қорыта айтқанда, әрбір оқытушы қазіргі заманға сай кәсібін жетік білетін, өз ісінде жаңа технологияны пайдаланатын, іс-әрекетінде компьютерлік жүйенің ақпараттық мүмкіндіктерін қолдана алатын біліктілігі жоғары маман болуы керек.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Спесивцев А.В., Вогнер В.А., Крутяков А.Ю. и др. Защита информации в персональных ЭВМ.
2. Соколова И.В. Социальная информатика и социология: проблемы и перспективы взаимосвязи М.: Союз, 1999. - 228 б.

3. Жұмабаева А.  
Жанатұрпаттымұғалімді даярлауда ақпараттық технологияларды қолдану мәселелері жайынан. // Білім. - 2008.

*Ғылыми жетекші: п.ғ.к., доцент Тоғайбаева А.К.*

## **БЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРДІ ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕ ҚОЛДАНУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

**Сабрадинова Айжан Қыдырғалиқызы**

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Білім беруді ақпараттандыру, оқу процесін жетілдіруде белсенді оқыту әдістерін қолдану соңғы кезде өзекті мәселеге айналып отырғаны белгілі. Оқытудың белсенді әдістерінің пайда болуы мен дамуы оқытудың алдына жаңа міндеттер қоюда. Оқытудың белсенді әдістері, оқушылар мен студенттерге білім берумен ғана шектелмей, олардың бойында танымдық қызығушылық пен шығармашылық қабілеттің қалыптасуы мен дамуына ықпал жасайды. Оқытудағы болатын мұндай өзгерістер педагог еңбегін жетілдіруді және әрдайым психологиялық - педагогикалық талдауды талап етіп отырады.

«Белсенділік» термині ғылымның әрқилы саласында өздігімен дербес анықтама тұрғысында да, басқа терминдерге қосалқы ұғым тұрғысында да кең көлемде пайдаланылады. Бұл ұғым француздың *activité* (әрекет күші) – әрекеттілік, әрекетті мінез-құлық; белсенді – әрекетшіл, әрекеттегі, әрекетті деген сөзінен шыққан. Яғни, белсенділік – жеке тұлғаның алуан қырлы болмыс-бітімі болып табылады, ол сезімталдық, танымдық және еріктік үрдіс нәтижесі, танымдық мотив пен өзбеттілік әрекет тәсілдерінің жиынтығы. Демек, белсенді, активті әдіс - бұл студенттер мен оқытушы сабақ барысында өзара әрекетте болатын және студенттер тек пассивті тыңдаушылар емес, сабақтың белсенді қатысушылары болып табылатын өзара әрекеттесу формасы, тәсілдер жиынтығы. Мұнда, оқытушы мен студенттердің құқықтары бірдей.

Оқытудың белсенді әдістері – оқу материалын игеру үдерісінде студенттерді белсенді ойлау және практикалық әрекетке итермелейтін әдістер. Белсенді оқыту мұғалімнің дайын білімдерді баяндауына, оларды есте сақтауы мен қайта жаңғыртуына емес, студенттердің белсенді ойлау және практикалық әрекет үдерісінде өз бетінше білімдер мен біліктерді меңгеруіне бағытталған әдістер жүйесін пайдалануды білдіреді.

Белсенді оқыту әдістерінің ерекшеліктері олардың негізінде практикалық және ойлау әрекетіне талпындыру жатыр. Онсыз білімдерді игеруде алға жылжу болмайды. Оқытудың белсенді әдістерінің пайда болуы және дамуы оқытудың алдына студенттерге білім ғана беріп қоймай, танымдық қызығушылықтар мен қабілеттердің, шығармашылық ойлаудың, өз бетінше ақыл-ой еңбегінің қалыптасуы мен дамуын қамтамасыз ету т.б. жаңа міндеттер қойылуымен байланысты. Жаңа міндеттердің пайда болуы ақпараттың қарқынды дамуына тәуелді. Егер бұрын мектепте, оқу орындарында алынған білімдер адамға ұзақ уақыт қызмет ете алса, қазіргі ақпараттық заманда оларды үнемі жаңартып отыру қажет. Бұл өз бетінше білім алу жолымен жүзеге асуы мүмкін, ал бұл адамнан танымдық белсенділікті, өз бетінен ізденуді талап етеді [1].

Танымдық белсенділік пен дербестік - студенттердің оқуға деген зияткерлік қабілетін сипаттайтын сапа. Басқа қабілеттер сияқты, олар қызметте көрінеді және дамиды. Белсенділік пен дербестікті көрсету үшін қажетті жағдайлардың болмауы олардың дамуына әкеледі. Сондықтан, ой және практикалық қызметке итермелейтін белсенді әдістерді кеңінен қолдану ғана, сонымен қатар оқыту процесінің басынан бастап, адамның білімді үнемі меңгеруде және оларды практикада қолдануда оның белсенділігін одан әрі қамтамасыз ететін осындай маңызды зияткерлік қасиеттерін дамытады.

А. А. Вербицкий "белсенді оқыту" ұғымы жоғары оқу орнындағы дидактикалық үдерісті ұйымдастыру әдістерінен, алгоритмдік, бағдарламаланған формалардан және әдістерден танымдық уәждерді, болашақ кәсіби қызметке қызығушылықты, оқытуда шығармашылыққа жағдай жасауды қамтамасыз ететін дамытушы, проблемалық, зерттеу, іздеу тәсілдеріне көшуді білдіреді деп санады. Оның пікірінше, студенттерде белсенді оқыту танымдық мотивацияны қалыптастырады. Бірақ әңгіме белсенділікке "мәжбүрлеу" туралы емес, оған ынтылдандыру туралы болуы керек [2].

Оның пікірінше, оқытудың белсенді әдістеріне тән:

\* мұғалімнің оқушыға тең деген қатынасы;

\* жаңа материалды оқу кезінде білімді даусыз ақиқат ретінде қарапайым хабарлау емес, ал оқушының өзіндік құрылыс "білімі бар мәліметтерге, ақпаратқа сыни көзқарас және шығармашылық есептерді өз бетінше шешу әдісімен;

\* пікірлердің, тәсілдердің плюрализмі, басқалардың пікіріне құрметпен қарау.

Оқытудың белсенді әдістері, дұрыс қолданған жағдайда, бір мезгілде үш оқу-ұйымдастыру міндеттерін шешуге мүмкіндік беретініне назар аудару керек:

\* оқыту процесін мұғалімнің басқару әрекетіне бағындыру;

\* оқу қызметіне даярланған оқушылармен қатар, даярлығы жоқ балалардың белсенді қатысуын қамтамасыз ету;

\* оқу материалын меңгеру процесіне үздіксіз бақылау орнату.

Оқытудың дәстүрлі логикасына сәйкес, материалмен алғашқы танысу, оны ұғыну, бекіту және материалды меңгеру кезеңдерін қамтитын үш деңгей белсенділікті бөліп көрсетеді:

\* қабылдау белсенділігі-білім алушының білімді түсіну, есте сақтау, жаңғырту, үлгі бойынша алу тәсілдерін меңгеру ұмтылысымен сипатталады;

\* интерпретация белсенділігі-білім алушының оқылушының мағынасын түсіну, байланыс орнату, білімді өзгертілген жағдайда қолдану тәсілдерін меңгеру ұмтылысымен байланысты • ;

\* шығармашылық белсенділік-білім алушының білімді теориялық ұғынуға ұмтылысын, мәселелерді шешуді өз бетінше іздеуді, танымдық қызығушылықтың қарқынды көрінуін болжайды.

Ғалым М. Новиков педагогикалық технологияларды оқытудың белсенді әдістерінің келесі ерекше ерекшеліктерін атап көрсетеді[3]:

\* оқушының қалауына қарамастан белсенді болуға мәжбүр болған кезде ойлауды мәжбүрлеп жандандыру;

\* білім алушыларды оқу процесіне тартудың жеткілікті ұзақ уақыты, өйткені олардың белсенділігі қысқа мерзімді және эпизодтық емес, едәуір дәрежеде тұрақты және ұзақ, яғни сабақ барысында болуы тиіс • ;

\* өздігінен шығармашылық шешім шығару, оқушылардың мотивациясы мен эмоционалдық деңгейінің жоғарылауы;

\* білім алушылар мен оқытушының тікелей және кері байланыстардың көмегімен үнемі өзара іс-қимылы.

Студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамытуда, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруда, өзінің пікірін көпшілік алдында ашық түрде жариялап, тұжырымды ой қорытындысын жасап, оны қорғай алуға мүмкіндік беретін қазіргі кездегі оқыту үрдісінде кеңінен қолданылып жүрген осы белсенді әдістер десек қателеспейміз. Оқыту барысында дәстүрлі әдістермен қатар белсенді әдістерді кіріктіре отырып қолдану, студенттердің танымдық белсенділігін арттыратын бірден-бір фактор.

Белсенді әдістерді қолдану нәтижесінде студенттердің танымдық қабілеттері артып, олар оперативті ойлауға, өзбеттерімен шешім қабылдауға, өз ойын қысқа әрі нақты айтуға үйренеді, белсенділіктері мен қызығушылықтары жоғарылап, берілген материал толық меңгеріледі. Белсенді әдістерді жүзеге асыру барысында әрбір студент мәселені шешудегі біріккен зерттеуде, топтық пікірталас пен ми шабуылында белсенді қатысушы роліне ие болады. Студенттің танымдық қабілеттерін арттыру ретінде белсенді ідістерді қолданудың тиімділігінің жоғары болуы кәсіби білім үрдісінің сапалы жүруіне септігін тигізеді[4].

Жоғарыда аталған барлық алғышарттар студенттердің танымдық қабілеттерінің дамуын жоғарылату үшін оқу үрдісіне оқытудың белсенді әдістерін енгізудің тиімді екенін айқындайды. Яғни, оқытудың белсенді әдістерін енгізу:

-ақпаратты талдау және айқындау;

-мәселені шешу үшін мүмкіндіктер мен ресурстарды табу;

-мақсатқа жетудің стратегиясы мен нақты әрекеттерін жоспарлау;

-пікірталасу, сөйлесу, яғни өзге адамдарды тыңдау, сендіре алу, ұжымдық шешім қабылдау қабілеттіліктеріне әсер етіп, дамытады. Сонымен қатар белсенді әдістерді сәтті қолданудың нәтижесі ұжымдық жұмысқа және студенттердің өзара және педагогпен жолдастық қарым-қатынасқа қабілеттіліктерінің артуынан көрінеді. Сабақтың мақсатына орай және уақыттың мүмкіндіктеріне байланысты оқытудың белсенді әдістерінің элементтерін қолданумен шектелуге де болады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. «Қазақ тілі және әдебиеті (Т2)» «Орыс тілі және әдебиеті (Я2)», «Көркемөңбек» кіріктірілген пәндерді оқыту бойынша әдістемелік құрал. Әдістемелік құрал. - Астана:БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016. – 135 б.
2. Вербицкий А. А. жоғары мектепте белсенді оқыту: оқу. оқу құралы / А. А. Вербицкий.- М., 1991.- С. 52.
3. Учеб. пособие для студ. пед. спец. / Под общ. ред. В.С. Кукушина.- Ростов н/Д, 2002.
4. «Педагогика» 2000 №7, «Интерактивные методы обучения»

*Ғылыми жетекші: п.ғ.к., доцент Тоғайбаева А.К.*

### **ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДІҢ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ АГРЕССИВТІ МНІЗ-ҚҰЛҚЫНА ӘСЕР ЕТЕТІН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАРЫ**

**Саин Акмарал Ғабитқызы**

ҚЖұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Қазіргі қоғамда, әсіресе, жастар арасында өршіп тұрған дерттің бірі - әлеуметтік желі екені белгілі. Бүгінде әлеуметтік желілердің дәурені жүріп тұр. Яғни әрбір жастың өз виртуалды әлемі бар. Ол қазір көбіміздің сырымызды да, жырымызды да, барлық мұңымызды шығаратын орта болды. Тек жастар ғана емес, барлық буын өкілдері ұялы телефоннан бас алмайтыны шындық. «Уақыттың бос өткені – өмірдің бос кеткені» деп келген қазақ қазірде экранға телмірумен өмірін өткізіп жатқаны жасырын емес. Тіпті бесіктегі баланы жұбатамыз деп әуен

қосып, оның тыңдап, тынышталғанына қарап маз боламыз. Психологиялық тұрғыдан қарастырғанда, интернет, ұялы телефон, желі байланыстарының балаларға әсері өте үлкен. Балалар кішкентайынан дамыту, сергіту ойыншықтарына емес, ата-анасының ұялы телефонына ұмтылады. Алғашында ол балаға жай бір жарық беретін не сурет көрсететін зат сияқты қабылданса, кейіннен қызығушылығы сол темірге ғана байланады. Бұл баланың ой-өрісінің дамуына, қоршаған ортаны сезіп білуіне, адамдармен қарым-қатынас жасауына кедергі жасайды. Алдымен әлеуметтік желілердің қысқаша тарихына тоқталтын болсақ.

Ғаламтордағы әлеуметтік желінің бірінші баламасын 1995 жылы Рэнди Конрадс іске қосқан. Ол «Classmates» деп аталады, яғни «Сыныптастар». Сайттың мақсаты – сыныптағы және бір мектепте оқыған жастарды табуға мүмкіндік жасау. Бүгінде ол сайт жұмысын жалғастыруда. Кейінірек, 1997-1999 жылдары «AsianAvenue», «MiGente», «BlackPlfnet», «Livejournal» сынды желілер пайда болды. Ал 2004 жылы Марк Цукерберг «The Facebook» әлеуметтік желісінің негізін қалады. 2008 жылы бұл әлеуметтік желі әлемдегі ең танымал желіге айналды және де бүгінгі күнге дейін көштің басында. 2006 жылы Джек Дорси «Twitter» жобасын іске қосты. Ол тез дамып келе жатқан жаңа әлеуметтік желіге айналды. «Twitter»-дің ерекшелігі, тек 140 символдан ғана тұратын хабарлама жаза аласыз. 2010 жылдан бастап сайттан видео, фото көруге мүмкіндіктері пайда болды. Бүгінгі таңда «Twitter» әлем бойынша ең көп қаралатын сайттардың 10-на кіреді. Instagram желісі 2010 жылдың қазан айында іске қосылған. Оның басқа желілерден артықшылығы – қолданушы түрлі суреттерімен осы желі арқылы бөлісе алады. Алғашында Инстаграмм Iphone мен iPad-тарда ғана жұмыс жасаған, кейін 2012 жылдың сәуір айынан бастап Android арқылы да қосылатын мүмкіндік пайда болды. Бұл желіге әріп үйренген баладан еңкейген қарттарымызға дейін кіреді екен. Ал желімен бірге таңын атырып, күнін батыратындар оқушылар мен студенттер екен.

Шынын айтсақ, виртуалды әлемде бала тәрбиелеу – аса күрделі, ұзаққа созылатын үдеріс. Бір анығы, өз баласымен виртуалды тақырыпта сөйлесуі үшін әр ата-ана баланың желідегі қызығушылығын түсінуі тиіс. Ол үшін сенім керек. Ресейдегі балаларды ғаламтордағы қауіптерден қорғау орталығының директоры Владимир Роговтың пікірінше, егер ондай бала көп жылдар бойы әлеуметтік желіде өзінің ережесі, тәртібімен өмір сүретін болса, ол өміріне ата-анасын кіргізбейді.

«Сол себептен, бала әлеуметтік желіде пайда болған күннен бастап виртуалды өміріне етене араласқаны абзал. Әр ата-ана виртуалды әлемнің негізі – желілік этикетті, мәдени қатынасты сақтау, жанжалға жол бермеу, мүдделік таңдау жасау, жаман пиғылды жандар мен арандатулардан бойын аулақ ұстау екенін түсінгені жөн. Бұл жерде олар өз баласына үлгі-өнеге көрсетіп, желідегі парақшасын сауатты жазып, жағымды топтарға мүше болып, желідегі этикетті қатаң сақтағанда ғана жақсы нәтижеге жетеді», - дейді В.Рогов.

Психология мен педагогикада жасөспірімдік кезең 11-ден 15 жасқа дейін. Бұл жасөспірімдік балалық шақтан ересекке дейінгі өтпелі жас деп аталады. Соңғы кездері «жасөспірім» сөзін ағылшын тілінде «тинейджер» (teens – 13 пен 19 жас аралығы, age – жас) деп атайды[1].

Жасөспірімдік жас – ерекше және оның жеке басын одан әрі дамыту үшін өте маңызды болып табылады. Осы уақытта жеке тұлғаның қарқынды дамуы, оның қайта жаңғыруы жүзеге асады[2].

Бұл жастың өзіне тән ерекшелігі – қызығушылығы басым, білім мен ақпаратқа деген ұмтылысы, мүмкіндігінше көп білім алуға тырысады, бірақ кейде білімін жүйелендірілуіне назар аудармайды. Әдетінше, жасөспірім өзін қызықтыратын нәрселерге психикалық белсенділік танытады. Бірақ, қызығушылығы тұрақты емес. Жасөспірімнің өзіндік позициясы бар. Ол өзін жеткілікті ересек адам ретінде санайды және өзін ересектер қатарындамын деп есептейді[3].

Бұл жаста жетекші қызмет коммуникативтік саналады. Жасөспірімнің жетекші қызметі – құрбыларымен қарым-қатынас жасау. Байланыс жасау жасөспірімдер үшін өте маңызды ақпарат арнасы болып табылады. Ол жасөспірімде әлеуметтік өзара әрекеттесу дағдыларын дамытады. Байланыс – бұл эмоционалдық байланыстың ерекше түрі. Ол ынтымақтастық сезімін, эмоционалдық әл-ауқатын және өзін-өзі бағалауын білдіреді.

Жасөспірім өзінің құрдастарымен қарым-қатынас жасау барысында алдымен, өмір туралы қажетті білім алады. Кез-келген жасөспірім көңілді досты армандайды. Досынан ұқсастықты, түсіністікті, қабылдауды іздейді[4].

Жасөспірімдік жас – әлеуметтенудің маңызды кезеңі болып табылады. Әлеуметтену – жеке тұлғаның қоғам мүшесі ретінде өмір сүруіне мүмкіндік тудыратын құндылықтар мен нормалар жүйелерін игеруіне қажет бүкіл әлеуметтік процестерінің жиынтығы[5].

Осылайша, біз осы жаста тұлғаны қалыптастырудың маңыздылығы мен ерекшелігін көріп отырмыз. Біз жасөспірімдер арасындағы қарым-қатынастың алдыңғы қатарлы қызметінің психологиялық сипаттамаларын, формаларын

және мүдделерін қарастырдық. Бірақ соңғы уақытта интернеттің жас ұрпаққа әсер ету жағдайы нашарлады. Ғаламтор кеңістігінен әлеуметтік желілер жастарға ерекше әсер етеді. Қазіргі кездегі жасөспірімдерді әлеуметтендіруге барлық қажеттіліктер бар. Кейбіреулер бұл құбылыстың пайдалы, ал басқалары осы құбылыстың теріс әсерлерін анықтайды.

Әлеуметтік желіге көп адамдар танымал тұлғаларды, соңғы жаңалықтарды, қызықты кейде маскара видеолар мен суреттерді көру үшін кіреді екен. Бұл неге алып келеді? Біріншіден, жұлдыздар мен танымал тұлғалардың өміріне қарап, жастарда танымалдылыққа қызығушылық пайда болады. Танымал болу мақсатында кейбір жастар мен ересектер «атын шықпаса, жер өрте» деп небір ессіз қылықтарға барады. Мысалы, әйел кейпіндегі еркектер, өмірге қауіпті жаттығулар, ашық-шашық киіну, ақылға қонымсыз флешмобтар және т.с.с.

Екіншіден, парақшаларда жас ерекшелігі көрсетілмегендіктен, кейбір видеолар мен суреттер жас баланың психикасына кері әсерін тигізеді, мысалы, біреуді топпен бірге ұрып-теуіп жатқан видеолар немесе жартылай жалаңаш киінген қыздардың суреттері, жануарларды қинап, мазақ етіп түсірген видеолар жастарды қатыгездікке баулиды. Үшіншіден, азаннан кешке дейін ұялы телефонға телміріп отыра бергендіктен, көз қызметінің бұзылуына алып келеді және оқуға, жұмысқа арналған уақытты босқа кетіреді.

Әлеуметтік желілер бүгінде адам өмірінде елеулі орынға ие болды. Және сол өмірде ұзағынан қалуды ұйғарған секілді.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың жастарға әлеуметтік желілердің зиянды тұстарын түсіндіруінде: «Нағыз досты ғаламтордан іздеп, әуре болудың қажеті жоқ. Уақыттарыңды босқа ысырап етпеңдер. Ең дұрысы өз араларыңда көп әңгіме-дүкен құрыңдар. Өйткені, нағыз дос ғаламторда емес, жаныңда жүргенін ұмытпа. Бүгінгі қоғамда адамдарды кітап оқитындар мен компьютерде отырып уақыт өткізетіндер деп екі топқа бөлуге болады. Компьютерде отыратындар өмір бойы, кітап оқитындарға қызмет етеді. Компьютерге байланған адам түптің түбінде жалғыз қалады. Ал мұның арты жалғыздықтың кесірінен, жастардың өмірі қайғылы жағдайымен аяқталып жатады. Мұндай келеңсіз жағдайлар шағын мемлекеттерде көптеп кездесуде. Алайда біз неше түрлі жағдайды басымыздан өткергенбіз. Мұны да еңсереміз, бұл да өтеді, бұл да ескіреді. Ал, білім еш уақытта ескірмейді», - деді мемлекет басшысы[6].

Әлеуметтік желі XXI ғасырдың тапқан жемісі болғандықтан, оны қолданған дұрыс. Бірақ та оның пайдалы жақтарын пайдаланып, ал зиянды жақтарынан адам баласы өзін алшақ ұстауға тырысу қажет. Сонда ғана адам баласының шынай өмірмен қарым - қатынасы бұзылмайды, үзілмейді; адам баласы әлеуметтік желілерге тәуелді болмайды.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Браун С. «Мозайка» и «Всемирная паутина» Internet Пер. с англ. –М.: СК Пресс,1996. – 167с.
2. Кент П. Internet/ Пер. с англ. В.Л. Григорьева. –М.: Компьютер, ЮНИТИ, 1996. -267с.
3. Кон, И.С. Психология ранней юности/И.С. Кон. – М, 1989.
4. Кравченко, А.И. Обществознание: учебник для 7 кла. Общеобразовател. учрежд./ А.И. Кравченко, Е.А. Певцова. – М.: ООО «ТИД»Русское слово – РС», 2010
5. Синдоренко И.В. Тренинг влияния и противостояние влиянию. – СПб.: Речь, Санкт –Петербург, 2003.
6. [http://old.baq.kz/kk/news/aimaktik\\_bak\\_muragat/regmedia-80217](http://old.baq.kz/kk/news/aimaktik_bak_muragat/regmedia-80217)

*Ғылыми жетекші: п.ғ.к., доцент Тоғайбаева А.К.*

## **ОСОБЕННОСТИ ПРИМЕНЕНИЯ ИНТЕРАКТИВНЫХ МЕТОДОВ ОБУЧЕНИЯ В ДОШКОЛЬНОМ УЧРЕЖДЕНИИ**

**Г.Н.Айтқұл**  
Баишев университет

Важной задачей отечественной системы образования является воспитание компетентного, ответственного и духовно-нравственного гражданина, способный творчески решать проблемные ситуации и конкурировать на мировой арене. Специалиста нового формата необходимо обучать и воспитывать с начальной ступени в соответствие со всеми предъявляемыми требованиями. Так, воспитание, как неотъемлемая часть педагогического процесса в любой образовательной организации, в начальной школе составляет его стержневую основу.

Интерактивное обучение – (от англ. interation - взаимодействие) обучение, построенное на взаимодействии учащегося с учебным окружением, учебной средой, которая служит областью осваиваемого опыта [1]. Получается, что действие и общение лежат в основе интерактивных методов, а задачей педагога является организация деятельности в атмосфере сотрудничества, взаимного доверия и понимания среди всех его участников. Незаменимыми в решении этой задачи в методическом арсенале педагога являются интерактивные технологии.

Так, представления педагогом возможностей учебной дисциплины и процесс его реализации, определяют меру эффективности всех психолого-педагогических действий с целью организации учения в реальных условиях образовательного учреждения [2]. Успешность овладения и применения в своей практической деятельности педагога образовательных инноваций, в том числе интерактивных технологий определяет уровень его профессионализма .

Интерактивные технологии сопровождаются дидактическими принципами индивидуального подхода и субъектности в системе образования на всех ступенях обучения.

К тому же интерактивное, как и тренинговое обучение способствуют формированию культуры рабочего места (умением создавать и соблюдать санитарно-гигиенические условия на основе знания норм и правил труда, рационализации своего рабочего места уроке и в условиях домашней учебной работы) [3].

В своей практической деятельности, организуя образовательный процесс на основе интерактивного обучения (различные виды игр), мы вовлекаем практически всех детей в познавательный процесс, что в целом оказывает

положительное воздействие на психическое состояние ребенка (чувство успешности, высокая самооценка, взаимопонимание и поддержка).

Как известно, у дошкольника ведущей деятельностью является игровая, поскольку именно игра вводит ребенка в реальные жизненные ситуации для тренировки различных форм поведения. К тому же это особый способ познания окружающей среды, общества с его законами и правилами. Например, Д.Б. Эльконин считал, что признаком готовности ребенка к обучению в школе является принятие им и превращение всех социальных правил в личностную установку.

Таким образом, можем выделить некоторые преимущества использования интерактивных технологий в дошкольном образовании:

1. Наглядность – применение ИКТ вызывает у детей интерес и учебную мотивацию;
2. Доступность информации – образность и доступность изложения информационного материала для дошкольника;
3. Эффективность и продолжительность аудио-визуального воздействия на ребенка;
4. Практическая ориентация - моделирование жизненных ситуаций в учебной среде и др.

Таким образом, мы считаем, что знание и умение применять интерактивные технологии в своей деятельности составляют основу профессиональной компетентности воспитателя дошкольной организации в эффективной подготовке детей к школьному обучению.

#### **Использованные источники:**

1. Бим-Бад Б.М. Педагогический энциклопедический словарь. - М., 2002. – с. 107.
2. М.М.Книсарина Методические особенности формирования управленческих умений у младших школьников//VII Международной научно-практической конференции преподавателей, аспирантов, магистрантов и студентов «Непрерывное профессиональное образование: теория и практика». – 2016.– с. 285-288.
3. Книсарина М.М. Формирование управленческих умений у младших школьников: дисс. ... доктора философии (PhD). - Алматы, 2016.- 198 с.

*Научный руководитель - магистр пед.наук Сұлтан Жұдыз Исақызы*

## **ПАТРИОТТЫҚ ИДЕЯЛАРДЫ НАСИХАТТАУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ**

**Шукирбаева М.**

Байшев университет

Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіз мемлекет екендігін бүкіл әлемге дәлелдеді. Енді басты міндет – осы мемлекеттің өркендеп өсуі, халықтың әлеуметтік, экономикалық жағдайын көтеру. Қазақстанды – Отаным деп таныған әрбір азаматтың осыған өз мүмкіндігінше үлес қосуы тиіс. Осы мақсатқа жету жолында біздер мұғалімдер қауымы көп тер төгуімізге тура келеді. Ол дегеніңіз, болашақ жастар, оқушылардың бойында патриоттық сезімін ояту. Отанын, елін, жерін, Ата Заңын, Мемлекеттік Рәміздерін құрметтеуге үйрету. Еліміздің Президенті Н.Назарбаев: «Қазақстанның отаншылдық сезімін тәрбиелеу білім берудің мектепке дейінгі жүйесінен жоғарғы оқу орындарына дейінгі орталықтарда барлық ұйымдарда көкейкесті болып табылады. Балаларды Отанды, туған жерді, өзінің халқын сүюге тәрбиелеу – мұғалімнің аса маңызды, аса жауапты да қадірменді парызы» - деген еді. Әр дәуірдің тарихи кезеңдерінде Отансүйгіштікке тәрбиелеудің өзіндік мүдделері болады. Ол ең алдымен, «ұлтжандылық», «отансүйгіштік», «патриотизм» ұғымдары сол заманның ақиқаты, наным-сенімінен туындайды[1].

Еліміз егемендік алғаннан бері жас ұрпақ тәрбиесінің темірқазығы – қазақстандық патриотизм болды. Патриотизм туралы идеяларды кезінде өздерінің шығармаларында қазақ даласының ойшылдары Әбу-Насыр әл-Фараби, Хас Хажиб Баласағұн, Махмұд Қашқари, жыршы-жыраулары Асан қайғы, Доспамбет жырау Қалқаманұлы, Махамбет Өтемісұлы айтқан болатын. Аталған ғұламалардың еңбектері еліміздің егемендік алуымен байланысты педагогикалық тұрғыда зерттеліп, бір жүйеге келтірілді. Президентіміз Н.Ә Назарбаевтың «Қазақстанның болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде» - дейтін еңбегіндегі мына бір тамаша ойға жүгініс жасаған дұрыс болар: «Әрбір адам біздің мемлекетімізге, соның бай да даңқты тарихына, оның болашағына өзінің қатысты екенін мақтанышпен сезіне алатындай іс-қимыл жүйесін талдап жасауы қажет. Елдің мәселелері де, келешегі де барлық адамға жақын әрі түсінікті болуы тиіс[2]. Әрбір адам бала кезінен Қазақстан – менің Отаным, мен үшін жауапты екені сияқты мен де ол үшін жауаптымын деген қарапайым ойды бойына сіңіріп өсетіндей істегені жөн». Міне, осы сөздің өзі – тұла бойы тұнған отаншылдық тәрбие міндеттері. Өз ұлтына деген патриоттық сезімді қазақ ағартушылары Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев шығармаларынан да байқауға болады. Балаларға патриоттық рух беретін, халық үшін қызмет етуге үндейтін, өз елін қорғау үшін керек десе, жанын қиюға дейін баруға болатынын іспен көрсететін және үстем таптын озбырлық ниеттерін айқын әшкерелеп, оған қарсы күрес жүргізуге шақыратын Махамбеттің қуаты күшті шағын өлеңдерінің балалар үшін маңызы ерекше.

Махамбет балалар әдебиетінің өкілі емес, бірақ Махамбет өлеңдерінің бірсыпырасы балалар мен үлкендерге бірдей ортақ мұра. Абай халықтың болашақ жаңа қауымына, жасөспірімдерге арнап талай өлеңдер жазды, нақыл сөздер айтты. Жастарды өнер-білімге шақырды. Абай өз өлеңдерін жастарға үлгі-өнеге көрсету үшін жазатындығын алдын ала ескертіп өтеді. Білімді ұрпақ туған ұлт – халық үшін қызмет етсін дегенді басты міндет етіп қояды. Абай өз қызметін Отан мен халық алдындағы борышым деп түсінді. Оның шығармалары Қазақстан тағдырына деген, оның бостандық сүйгіш халқының болашағына деген қамқорлықпен айшықталған. Оның патриотизмі туған ел табиғатына, мәдениетіне, тіліне, озық дәстүрлері мен ұлттық мінезінің жақсы жақтарына деген сүйіспеншілігінен көрініс тапты. Ыбырай атамыз да бар үмітін жас ұрпаққа артты. Ыбырай атамыздың соңында қалған мұрасының жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру ісіне тигізетін әсері зор. Өйткені, патриотизм қашанда қандай қоғамда да өзінің әлеуметтік мәнін, маңызын жоғалтпайтын ұғым. Сәбидің бойында ең алдымен анасына, өз отбасына, өз үйіне, туған жеріне деген жылы сезімнен бастау алатын, тұлға есейген сайын біртіндеп ұлт, халық, әлеумет, мемлекет деңгейіне көтеріле беретін бұл сезім адамның бүкіл ғұмырына жалғасып жатады. «Қазақстан – біздің ортақ үйіміз, біздің өзіміз де, біздің бабаларымыз да осы жерді мекен етеді. Егер біз өзіміздің өмірімізді сынауды білер болсақ, оны жасампаздықпен жаңғыртып, бой көрсеткен әрбір талшыбықты мәпелеп өсіріп отырмасақ, онда біз өзімізді нағыз патриот деп санай алмас едік» деген Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың сөзі мемлекетіміздің келешегінің тұтқасын ұстайтын жас ұрпақты осы бастан Отанына, атамекеніне шын берілгендік рухында тәрбиелеуден артық борыш

жоқ екендігін көрсетеді. Адамгершілікті, тәрбиелі адам – кез келген мемлекеттің байлығы, әлеуметтік өмірдегі бейбәтшілік пен мәдениеттіліктің кепілі[3].

Оқушыларға патриоттық тәрбие беру барлық пәндердің үлесіне жатады. Сондықтан пәнге оқушылардың ынта-ықыласын, қызығушылығын арттыру үшін әр түрлі жаңа әдістемелік технологияларды қолданып сабақ өткізу тиімді. Бұл оқушылардың сабақтан жалықпауын, жөнсіз әрекетке бармауын, әр іске назар аударып жауапкершілікпен қарауды, ой елегінен өткізіп ойлануды қалыптастырады, бағдарламалық материалдарды жеңіл, тез меңгеруге септігін тигізеді. Осы мақсатпен оқу материалының күрделі және жеңіл түрлеріне қарай ерекшеліктерге тоқталайын. «Патриотизм дегеніміз – Отанға деген сүйіспеншілік, жеке адамның аман-саулығының қоғамдық-мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланыстылығын сезіну, ал мемлекетті нығайту дегеніміз – жеке адамды күшейту екенін мойындау, қысқасын айтқанда, патриотизм мемлекет деген ұғымды жеке адаммен, яғни оның өткенімен, бүгінгі күнімен және болашағымен қарым-қатынасты білдіреді.» Осыған байланысты сабақ берудің ең негізгі мақсаттарына төмендегілер кіреді. Бірінші – танымдық, екінші – тәрбиелік, үшінші – дамытушылық. Осы мақсаттарды орындау үшін, өз тәжірибемізде тарих және әдебиет сабақтарында оқушылардың өз бетімен білім алу дағдыларын қалыптастыру, шығармашылық

қабілетін дамыту, ізденіс жұмыстары мен алған білімдерін іс жүзінде пайдалана білуге үйрету бағытында жұмыс жүргізіп келеміз.

Балаларға ел сүйгіштік, ата-ананы сүйу, Отанды сүйу мәселесінде қандай шығармалар оқығанын, қандай шығармаларды оқуды ойлап жүргендігі жайындағы пікірлері жөнінде әңгімелер өткіздік. Бұл әңгіменің барысында шәкірттер өздерінің оқыған шығармаларын атады. Ауыз

әдебиетінен мысалы: «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр» т.б.шығармаларында – қазақ халқының Жоңғар шапқыншылығына қарсы күресі атап көрсетіледі. Ал Махамбеттің «Жұмыр қылыш» күйі, шығармалары, әсіресе, «Баймағанбет Сұлтанға айтқаны», «Ереулі атқа ер салмай», «Ұл туса», «Әй, Махамбет жолдасым». Патриоттық тақырыпқа оқыған шығармаларынан І.Есенберлиннің «Көшпенділер», М.Мақатаевтың өлеңдерінде атап өтті.

Отанға деген сүйіспеншілігін, яғни патриоттық санасын дарытуда халқымыздың біртуар ұлы, ержүрек қолбасшы, жазушы, Қазақстанның Халық Қаһарманы батыр Б.Момышұлы ағамыздың кейінгі ұрпаққа үлгі етіп қалдырып кеткен өсиеттерінің және ерлікке толы шығармаларының алатын орны ерекше. «Ұлттық патриотизм» және «Қазақстандық патриотизм» ұғымдары арқылы Отан, туған өлке, туған халқы туралы нақты түсініктер берудің тиімділігі арта түспек. Ал түсінік дегеніміз – бір нәрсенің мағынасы мен мәнін ұғыну. Сөйтіп, «Ұлттық патриотизм» және «Қазақстандық патриотизм» ұғымдарына анықтама беру, олардың мазмұнын құрайтын: отансүйгіштік сезімін дамыту, ұлттық салт-дәстүрді ұстану мен мемлекет рәміздеріне құрмет қалыптастыру, т.б. тәлім-тәрбиелік мүмкіндіктерін кеңейте түседі. Осыларды көздеп жүргізген зерттеу еңбегімізде педагог, психолог, философ ғалымдар мен акын-жазушылардың ой-пікірлеріне сүйене отырып, «Ұлттық патриотизм» және «Қазақстандық патриотизм» ұғымдарына анықтама беруге ұмтылдық. Сондай-ақ бұл ұғымның маңызын ашып көрсету жас буындарды тәрбиелеуде бүгінгі күннің кезек күттірмейтін қажеттігінен туындап отыр. Қазақстандық патриотизмнің арқауы қазақ мемлекетіне деген сүйіспеншілік, ұлтына сенімі, нанымы, саяси көзқарасы, т.б. қарамастан, әрбір қазақстандық өзі өмір сүріп, күн көріп отырған мемлекетін – «Отаным» деп тануы, оның негізін салып отырған қазақ ұлтына сыйластық, оның заңдарында бас ию, рәміздеріне құрмет, жетістігіне сүйсініп, мақтану, кемшіліктерін болдырмаудың жолын қарастыру қазақстандық патриотизмнің белгілері болуы керек деген ой келіп туады.

«Қазақстандық патриотизм» ұғымы біздің тәуелсіздігімізбен қоса туған жаңа сөз болып, еліміздегі саяси-әлеуметтік ахуалдың ерекшелігін көрсетеді. Елімізде жүзден аса ұлттар мен ұлыстардың өкілі өмір сүруде. Қазақстан олардың көпшілігінің туған отаны және бұдан былай да мәңгі тұрақтап қалар мекені болмақ. Сондықтан олардың әрқайсысы Қазақстанды ата-жұртым деп танып, оның тәуелсіздігін қорғауға және материалдық байлығын

арттыруға еңбек етуі тиіс. Сол себепті қазақстандық патриотизм ұғымы күнделікті өмірде жиі қолданылып, кеңінен қалыптасып келеді.

Патриоттық тәрбие мәселесі адамзат тарихының өн бойындағы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлы мақсат болғандықтан,

мектеп оқушыларының бойындағы Отанға деген сүйіспеншілігін, яғни патриоттық санасын дарытуда халқымыздың біртуар ұлы, ержүрек қолбасшы, жазушы, Қазақстанның Халық Қаһарманы батыр Бауыржан Момышұлы ағамыздың кейінгі ұрпаққа үлгі етіп қалдырып кеткен өсиеттерінің және ерлікке толы шығармаларының алатын орны ерекше. Мысалы, соғыс жылдарында Бауыржан Момышұлы ағамыз:

Ата мекен жер үшін,  
Қасиетті ел үшін,  
Әзиз ана, қарт ата,  
Ботакөз сұлу қарындас

Күң, құл бомасын, - деген жыр жолдары арқылы жауынгерлерге рух беріп, ерлік істерге шақырады. Бауыржан Момышұлы өз шығармаларында патриотизмге, ерлікке, батырлыққа байланысты біршама терминдерге анықтама берген. Енді соларға тоқталып өткім келеді:

Ерлік дегеніміз – табиғат сыйы емес, ең алдымен, өзінің ар-намысын және адамзаттың қасиетті абыройын ұятқа қалу, опасыздық пен масқара болу сезімінен қорғай отырып, адамның ең ұлы сезімін – азаматтық парызын орындау үшін, осындай адамгершілік теңдікті өзіңмен сайысқа түсе отырып тұтас ұжым өмірінің игілігіне ғана емес, оның қауіп қатерін де бөлісіп, жауды барынша жою, жанға-жанмен, қанға-қанмен аяусыз кек алу жолымен жеке басыңды және отандастарды қауіпсіздік етуге ұмтылу, саналы түрде қауіп-қатерге бас тігу.

Батылдық – қимыл, әрекет есебін тәуекелдеумен үйлестіре алушылық.

Табандылық – батырлардың қалқаны. Өжеттілік, қайсарлық – адамның тіпті мүмкін емес деген жағдайдың өзінде абыроймен өлімге бас тігуге тәуекел етушілік, игілікті құлшыныс. Сондай-ақ, Бауыржан ағамыз халықты ерлікке, патриоттыққа тәрбиелеуде артына көптеген мақал-мәтелдер, жақсы сөздерін қалдырған. Мысалы: Намысты нанға сатпа. Өз ұлтын сыйламау, оны

мақтаныш етпеу – сатқындық. Именіп жүріп көрген игіліктен – қарсыласып жүріп көрген бейнет артық. Өтіріктің балын жалап тірі жүргенше – шындықтың уын ішін өлген артық. Ерлік – елдің қасиеті, жүректілік – жігіттің қасиеті. Ешкім іштен батыр болып тұмайды: батырлық та, мінез секілді өскен орта, көрген тәрбиеге байланысты қалыптасады. Батырлық тәуекел мен ақылдың есебінен шығуға тиіс. Тәуекел кейде ақылды да ақтап алады. Ал ақылсыз тәуекелді ештеңе де ақтап ала алмайды. Ерлік – тайсалмас табандылық пен қайыспас қайсарлықтан шығады. Өршіл рухтан – өлмес ерлік туады. Белдескеннің – белін сындыр, тірескеннің – тізесін бүктірі. Ептілік те – ерлік. Қолбасшы болсаң сондай бол – жосылып жатқан жолдай бол. Осындай тағы да басқа батырлық, ерлік, тәлім-тәрбие, өсиет, тағлым туралы біздерге өсиет сөздер қалдырған[3].

Патриоттық тәрбие, ұлттық намыс, ұлттық сана-сезім рухани байлықтан көрініс табады. Олай болса, рухани байлыққа, ең алдымен, тілімізді, дінімізді, салт-дәстүрімізді жатқызсақ, тіл – қазақ болуымыз үшін, дін – адам болуымыз үшін, салт-дәстүр – ұлт болуымыз үшін қажет. Патриотизм сезімінің оянуы мен қалыптасу үрдісін белгілі бір асқақ сезімдерден, мақтаныш-сүйініштен бөле-

жара қарауға болмайды. Ол елінің өткен тарихын мақтаныш тұту, жерінің байлығына, әсем көркіне сүйсіну, атадан балаға жалғасып, жақсы үрдісін тапқан ұлттық тілді құрметтеу. Осы сезімдерден туатын, санада орнығып қалыптасатын асыл қасиеттер ұлттық патриотизм деңгейінде өркен жайып, азаматтық патриотизм биігіне ұласатын сыңайлы. Әрине, бұл өздігінен бола салатын нәрсе емес, ол да нақты тәрбиенің жемісі. Бұл тәрбиенің жемісін еккен әрине, мектеп жасына дейінгі балалар үшін – тәрбиеші, ал орта білім мен жоғарғы білім алушылар үшін – ұстаздар қауымы деп айта алар едім.

Қорыта айтқанда, осы жоғарыда баяндалғандай патриоттық сезімдерді жеткізе білсек, балалардың көкейіне патриотизм туралы ой сала білсек, үлгі көрсетсек, онда заманға сай, қоғамға керекті азамат, отансүйгіш, елсүйгіш азамат, елге қызмет ететін қайраткер тәрбиелейміз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы Қазақстан Республикасының азаматтарына патриоттық тәрбие берудің мемлекеттік бағдарламасы туралы 2006 жылғы 10 қазан №200 //Қызылжар нұры – 2006
2. Жастарды патриотизмге тәрбиелеу – мұғалімнің басты міндеті //Қазақстан орта мектебі – 2014
3. Патриоттық тәрбие және Б.Момышұлы // Қазақстан мектебі – 2005

*Ғылыми жетекшісі: - п.ғ.м. Сұлтан Жұдыз Исақызы*

**Формирование речевой культуры обучающихся среднего профессионального образования**

**Калмышева А.А**

Актубинский региональный государственный университет им. К. Жубанова



Изучение общения на протяжении ряда лет является актуальной проблемой для ученых, исследователей, педагогов-практиков, общественно-политических деятелей в связи с огромной востребованностью организаторских и коммуникативных способностей личности. Способность к общению предполагает развитую степень социально-психологической адаптации. Говоря о юношеском возрасте, где общение является ведущей деятельностью, мы все чаще сталкиваемся с тем, что при общении у подростков обнаруживаются такие черты, как хвастливость, высокомерие, эгоцентричность либо, наоборот, неуверенность в себе, робость, замкнутость, необщительность, зависимость от внешних обстоятельств и оценок, безынициативность, низкий самоконтроль, непредсказуемые реакции на критику и нереальные притязания и т.д. [1; с. 113 – 117.].

Развитие речевой культуры учащихся в наши дни выступает как требование государственной важности, так как от того, насколько выпускники будут свободно пользоваться языком как средством общения, зависит степень их участия в производственной и общественной жизни. По этой причине требование развивать речь обучаемых воспринимается как социальный заказ школам и вузам.

Повышение речевой культуры обучающихся среднего профессионального образования – одна из актуальных задач, стоящих перед современной системой образования. Известно, что одним из показателей уровня культуры человека, мышления, интеллекта является его речь, которая должна соответствовать языковым нормам.

Признание приоритета развития образования для цивилизации, отдельного государства, общества, каждого человека на сегодняшний день можно считать общепринятым фактом, подтверждение которому находится в основных законодательных актах и программных документах в области образования ( Закон РК «Об Образовании»), а также в научных публикациях ( Б.С. Гершунский, Ю.В. Сенько, В.А. Ситаров, В.А. Слостенин и другие).

В обществе формируется устойчивый и долговременный запрос на личность яркую и свободную, высокопрофессиональную. Поэтому образование как социокультурный феномен должно быть нацелено не на формирование личности с заранее заданными свойствами и качествами, а на создание условий

для полноценного развития потенциала человека, реализации его потребностей в самоизменении и самоопределении.

Проблема формирования речевой культуры речи имеет неодинаковое выражение в разных возрастных группах и распространяется в основном на школьников подросткового возраста. Следовательно, исключительной задачей всех образовательных учреждений и педагогов, работающих в них, является создание благоприятных условий для формирования и повышения речевой культуры.

Очевидно, что достижение целей современного образования- во многом связано с личностным потенциалом педагога, его общей и профессиональной культурой. Инвариантной составляющей общей и профессиональной культуры педагога, по нашему мнению, является речевая культура.

В послании Нурсултана Абишевича Назарбаева сказано «...мы обязаны сформировать передовую казахскую культуру новой эпохи, органичную и созвучную ценностям мировой культуры ...» [2; с.18.]. Следовательно, мы должны формировать мировоззрение и ориентированность на мировую культуру посредством воспитания через культуру народа, прививая патриотизм и принадлежность к своей стране подрастающему поколению.

Известно, что человек, будучи по своей природе существом социальным, не может жить вне связи с другими людьми: он должен советоваться, делиться мыслями, чувствами, а началом связи служит общение. Основным способом удовлетворения потребности ребенка в общении является речь. Для этого необходимо мотивировать желание детей быть образованными. Важным условием для улучшения культуры речи будущего поколения является педагогический уровень мастерства и культуры речи преподавателя. В силу этого крайне важно, чтобы речь преподавателя была на высоком педагогическом уровне.

Речевая культура предполагает широкое лингвистическое просвещение, внедрение в практику обучения достижений современного языкознания, ибо язык является органичной частью индивидуальной культуры человека и каждое подрастающее поколение обязано нести в себе идею сохранения и развития родного языка, выступать хранителем родного слова и его национальных особенностей.

Анализ современной литературы по вопросам языкового образования свидетельствует о необходимости рассмотрения проблемы развития речевой культуры обучающихся среднего профессионального образования в тесной связи с культурой и в частности с культурой личности. Основные аспекты проблемы отражены в трудах Е.Н. Ширяева, С.С. Степановой, П.Л. Сопер и других исследователей по разным проблемам взаимоотношения языка и культуры.

Таким образом, актуальность темы исследования обусловлена ухудшением культуры речи у подрастающего поколения, так же пассивностью посещения библиотек, увеличением числа учащихся, употребляющих брань, жаргон и просторечие.

В настоящее время в образовании происходит смена приоритетов, становится возможным усиление его культуuroобразующей роли, появляется новый идеал – человека образованного, в виде «человека культуры», человека, обладающего умственной, этической и общественно – духовной культурностью.

Данное исследование показало, что в педагогической деятельности такие свойства личности, ставшие профессионально личностными качествами педагога могут обеспечить продуктивность педагогического общения.

Педагог с низким уровнем развития речевой культуры, с отсутствием эмоциональной культуры, со слабо сформированными коммуникативными умениями, появляющимися в невысокой культуре речи и

профессиональной культуре, не способен создать культурно – развивающий потенциал среды, воздействующий на личности обучающихся, их познавательную мотивацию.

Успешное управление педагогическим общением требует умений в распределении внимания и поддержании его устойчивости: умения выбора по отношению к аудитории и отдельным студентам наиболее подходящего способа поведения и обращения, который обеспечивал бы готовность студентов к восприятию информации, помогая снимать психологический барьер возраста и опыта, приближая педагога к обучающемуся; умения анализировать поступки воспитанников, видеть за ними мотивы, которыми они руководствуются, определять их поведение в различных ситуациях, создавая опыт эмоциональных переживаний, обеспечивая в группе атмосферу благополучия.

Важным условием достижения этого идеала, самой целью образования становится формирование речевой культуры личности.

#### **Использованные источники**

1. Е.Ю. Киселева «Диагностика затрудненного общения личности подростка» Вестник Омского университета, 2008. № 2. С. 113 – 117.
2. Назарбаев Н.А. Послание Президента Республики Казахстан – Лидера нации Нурсултана Назарбаева народу Казахстана «Стратегия «Казахстан – 2050: новый политический курс состоявшегося государства // электронный журнал, 2014. - С.18.

*Научный руководитель – магистр Абдикаримова А.Ж.*

### **ФОРМИРОВАНИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ НАПРАВЛЕННОСТИ БУДУЩИХ СПЕЦИАЛИСТОВ**

**Куандыкова М.Р.,**

Актюбинский региональный государственный университет им.К.Жубанова

Каждая профессия — это разновидность общественно необходимой, постоянно выполняемой деятельности на основе приобретенных знаний, навыков, умений, личных качеств. Профессиональная деятельность выпускников колледжа — это деятельность интеллигентов в разных областях общественного труда.

За время обучения в колледже под влиянием преподавания общественных, специальных и других дисциплин, участия в общественной жизни у студентов развивается и формируется профессиональная направленность личности, т. е. личная устремленность применить свои знания, опыт, способности в области избранной профессии. В профессиональной направленности личности выражаются положительное отношение к профессии, склонность и интерес к ней, желание совершенствовать свою подготовку, удовлетворять материальные и духовные потребности, занимаясь трудом в области своей профессии. Профессиональная направленность предполагает понимание и внутреннее принятие целей и задач профессиональной, деятельности, относящиеся к ней интересы, идеалы, установки, убеждения, взгляды. Все эти черты и компоненты профессиональной направленности служат показателями уровня ее развития и сформированности у студентов, характеризуются устойчивостью (неустойчивостью), доминированием общественных или узколичных мотивов, далекой или близкой перспективой. Наибольшую социальную ценность имеет идейно выдержанная профессиональная направленность. Будучи сформированной, ставшей свойством личности, такая профессиональная направленность влияет на уровень текущих мотивов и эффективность деятельности в целом. [1,286]

Формировать профессиональную направленность у студентов — это значит укреплять у них положительное отношение к будущей профессии, интерес, склонности и способности к ней, стремление совершенствовать свою квалификацию после окончания колледжа, удовлетворять свои основные материальные и духовные потребности, постоянно занимаясь избранным видом профессионального труда, развивать идеалы, взгляды, убеждения, престиж профессии в собственных глазах будущего специалиста.

Положительные изменения в содержании профессиональной направленности проявляются в том, что крепнут мотивы, связанные с будущей профессией: стремление хорошо выполнять свои деловые обязанности, показать себя знающим, умелым специалистом, растут притязания успешнее решать сложные учебные вопросы, задачи, усиливается чувство ответственности, желание добиться успеха на работе. [2,94-95]

Вместе с развитием отношения к общественному долгу, к себе, к своим стремлениям, чувствам изменяется содержание профессиональных мотивов: одни оцениваются как значительные, другие как нежелательные. Встречаются случаи регресса профессиональной направленности (под влиянием неожиданных трудностей в обучении и других причин). Снижается ее общественный уровень, ослабевают деловые мотивы, с которыми пришел студент в колледж, и т. п. Недостатки профессионального воспитания в колледже проявляются в следующем:

1. Некоторая часть молодых специалистов на производстве еще не относится к профессии как к социальной ценности, т. е. не понимает и не ценит того факта, что общество бесплатно предоставило ему возможность получить специальность.

2. Когда молодые специалисты по каким-либо причинам испытывают чувство неудовлетворенности, они не проявляют интереса к работе. Следствие этого — большая текучесть кадров, отсутствие рационализаторских и изобретательских предложений, недостаточная общественно-политическая активность. 3. Весьма продолжительным (3—4 года) является процесс адаптации молодого специалиста в производственном коллективе. 4. Отсутствие интереса к профессии снижает уровень организаторских навыков, инициативность, деловитость, оперативность, умение работать с людьми и т.д. [3,192]

Каковы предпосылки успешного формирования профессиональной направленности у студентов?

Одной из них являются положительные мотивы выбора профессии. Как показали исследования, мотивы выбора профессии и мотивы обучения в институте органически взаимосвязаны в общей структуре личности. Подчеркивая роль положительных мотивов избрания профессии, К. Маркс писал: «...высокое мнение об идеях, на которых основана наша профессия, придает нам более высокое положение в обществе, повышает наше собственное достоинство, делает наши действия непоколебимыми. Тот, кто избрал профессию, которую он высоко ценит, содрогнется при мысли, что может стать недостойным ее,— он будет поступать благородно

уже потому, что благородным является положение, занимаемое им в обществе».

Поступив в колледж, студент постоянно занимается общественно-полезной, содержательной деятельностью, в которой в той или иной мере проявляются и формируются профессиональные мотивы и профессиональная направленность личности. Нередко в ходе обучения у студента возникают и развиваются несколько новых форм направленности. Например, он учится в авиационном институте, но у него появился интерес к живописи или музыке, к спорту или художественной самодеятельности. Очевидно, что новые формы направленности не должны становиться доминирующими, если студент не меняет профессию.

Постоянной предпосылкой успешного формирования профессиональной направленности является изучение изменений ее содержания и структуры в ходе обучения и воспитания студентов. Это изучение связано с определением показателей этих изменений: какие цели раньше ставил и ставит в данное время студент, как он проявляет себя в различных видах деятельности, каково его отношение к профессии, особенности интересов, установок, идеалов и т. д. Следует заметить, что профессиональная направленность не всегда коррелирует с успеваемостью (у хорошо успевающего студента может не хватать профессиональных устремлений) или с общественной активностью. Для изучения профессиональной направленности студентов может быть использована их самооценка на разных ступенях обучения профессионально важных качеств. Точность и адекватность самооценки этих качеств в значительной мере определяется характером представлений о будущей профессии. Изучение профессиональной осведомленности, выяснение знаний о тех качествах, которых требует избранная профессия, и тех из них, которые студент находит у себя, выявление отношения студентов к людям профессии (с указанием специальных, организаторских и производственных качеств) позволяют в какой-то мере определять изменения в профессиональной направленности будущих специалистов. [4,26]

Формирование профессиональных интересов в условиях колледжа достигается путем разъяснения целей и значений избранной профессии, привлечения студентов к изготовлению пособий по предмету, углубленного изучения теоретических вопросов, на стажировках, практических занятиях, работ в лабораториях и т.д.

Следует отметить, что хотя яркие впечатления и новизна фактов, обстановки влияют на интерес к профессии, но они не являются главным в его развитии. Более важными являются осмысливание значимости занятий,

самостоятельная умственная деятельность студентов, овладение знаниями. Когда студент испытывает удовлетворение от познания сложного материала, решения проблемного вопроса, нахождения решения трудной задачи, у него развивается действенный познавательный интерес и интерес к своей профессии. Формирование профессиональной направленности зависит от самовоспитания студентами в себе качеств, необходимых для будущей практической работы. Мотивами самовоспитания являются профессиональные идеалы, интересы, понимание значения для успеха в труде специально развитых личных качеств. Путем приобщения себя к тем видам деятельности, в ходе которых вырабатываются желательные качества, а также внутреннего противодействия интересам, желаниям, потребностям, которые являются неприемлемыми в будущей профессиональной деятельности, студент, на основе чувства ответственности, может сам формировать в себе профессиональную направленность личности.

#### **Использованные источники:**

1. Сейтешев А.П. Профессиональная направленность личности: теория и практика воспитания. Алма-Ата, 1990.
2. Нурмухаметова Л.Б., Салаватова Г.Р., Бильданова В.Р. Профессиональная направленность студентов // Международный журнал экспериментального образования. 2014. № 6.
3. Никиреев, Е.М. Направленность личности и методы ее исследования / Е.М. Никиреев. - М.: Изд-во Московского психолого-социального ин-та; Воронеж: Изд-во НПО МОДЭК, 2004.
4. Леонтьев В.Г., Жмыриков А.Н. Адаптация человека к новой деятельности как условие профессиональной направленности : сб. науч. тр. Новосибирск, 1982.

*Научный руководитель — магистр Абдикаримова А.Ж.*

## Аз қамтылған отбасында тәрбиеленетін балалардың өзін-өзі бағалауының психологиялық ерекшеліктері

Еңсеген А.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Қазақстан Республикасының егеменді ел болып қазіргі таңдағы даму кезеңі, қоғамның барлық саласындағы қозғайтын істерін қайта құрумен, әлеуметтік-саяси және экономикалық қарым-қатынастардың өзгеруімен сипатталады. Бұл қазіргі кезеңдегі оқушылардың әлеуметтік жағдайдағы дамуына үлкен өзгерістер келтіреді, яғни олардың өзін-өзі бағалауының жеке тұлға болып қалыптасуына әсерін тигізеді.

Қазіргі кезде аз қамтылған отбасында тәрбиеленетін балалардың тұлғасының ерекшеліктері, яғни өзін-өзі бағалауы, қарым – қатынас, мінез-құлық туралы мәселелер зерттеушілердің назарын аудартуда.

Сондықтан да, біздің ғылыми зерттеуімізде болашақ ұрпақтың, әсіресе отбасында қиыншылықтар бар балалардың теріс жолға түспеуін, адемігершіліктік-өнегелі қасиеттерінің жоғары және ізгі ниетті азамат болуына, олардың тұлғасының дұрыс қалыптасуы, яғни өзін-өзі бағалауы маңызды болып табылады.

Бұлай болу себебі, қазіргі таңда отбасы жағдайына, заман талабына сай, әр түрлі зиянды заттардың арқасында ешқандай кінәсіз толық қарым – қатынасқа түспейтін, мінез-құлықтарында ауытқушылығы бар балалар көбеюде.

Отбасы баланың ең жақын әлеуметтендіру ортасы. Осы ортада баланың өмірдің мақсаты, оның құндылықтары, не біліп, өзін қалай ұстау керектігі туралы алғашқы мағлұматтар меңгеріледі және онда басқалармен қарым-қатынас орнатуға дағдыланады. Сөйтіп, өзінің «кім» және «қандай» екенін, басқалардың «кім» және «қандай» екенін тәжірибеде сынап байқап көреді. Балар отбасында әртүрлі жағдаяттар мен төтенше ахуалдарда өзін ұстаудың нормаларын, мінез-құлқын реттеудің өлшемдерін меңгереді. Осы мәселе төңірегінде адамның тұлға ретіндегі ролін, оны қалай зерттеу керек екендігі жайында психология саласының зерттеушілері дауласуда.

Бұл тұжырымдағы төменгі қарапайым немесе табиғи психикалық үрдістері жоғары, мәдени үрдістерге айналдыру даму үрдістерін түсінудегі негізгі сәт болып табылады.

Қазақстан Республикасының Конституциясында «Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың табиғи құқығы әрі парызы» деп, отбасының міндеті нақты көрсетілген.

«Қазақстан-2030» бағдарламасында балаларымызды алыс болашақта қандай сапада көруіміз керектігі айтылған. Сонымен бірге, отбасы туралы заң жоғары және орта білім тұжырымдамасында әрбір отбасына өзінің ұрпағын тәрбиелеп, қатарға қосу міндеті жүктелген.

Қазіргі заманда отбасының құрылымы өзгеріп, оның мүшелер саны азайып, бала саны да кеми түсті. Қоғамдағы әлеуметтік, мәдени

экономикалық жаңғырулар, әр түрлі сипаттағы әлемдік деңгейдегі ақпарат алмасуы, отбасы мүшелерінің арасындағы қарым-қатынас сипатына да өз әсерін тигізіп отыр. Қазіргі аналардың көпшілігі жұмыс жасайтын болғандықтан бала уақытының көбін пассивті тәрбиешілермен өткізеді. Бала тәрбиесі қалалық отбасына тән болып отырған келесі ерекшеліктерімен шартталған: балалардың көбісі күннен күнге ұлғайып отырған айырылысулардың нәтижесінде әкесіз немесе анасыз өседі; теледидар, жеке бөлме т.с.с. өркениеттің жетістіктері балалар мен олардың ата-аналарының арасындағы қарым-қатынас процесін қиындатады.

Балаларды зерттеуге психология ғылымындағы базалық теориялар мен концепциялар негізге алынады. Психиканың онтогенезде дамуы мен тұлғаның қалыптасуы жайлы Л.С. Выготский мен А.Н. Леонтьевтің ғылыми мектебінде қалыптасқан психикалық даму теориялары жеткіншек жасының ерекшеліктерін зерттеген негізгі жұмыстар және жеткіншектердегі тұлғаның дамуындағы өзіндік сана сезімдерді зерттеген концепциялары Э.Берннің транзактілік талдауы, С.М. Жакыповтың бірлескен диалогты танымдық іс-әрекет концепциясы зерттеудің методологиялық-теориялық негізін құрады.

Балалардың агрессиялық мінез-құлқын зерттеген жұмыстар зерттеудің теориялық мәнділігін негіздеді. Оларға Н.Д. Левитов, Л.И.Божович және т.б. еңбектері негіз болды.

Балалардың психикалық даму мәселелеріне қатысты Қазақстандық жұмыстар зерттеудің теориялық негізі мен мәнділігін құрады. Жеткіншектер жайлы қазақстандық ғалымдар С.М.Жакыпов, Қ.Б.Жарықбаев т.б. зерттеді.

Ал басқа да қазақстандық ғалымдардың зерттеулеріне үңілсек, Елубаева С.Б. «қазіргі қазақ жеткіншектердің өзіндік бағалаулары мен этностық сәйкестік пен өзіндік бағалауларының психологиялық ерекшеліктері зерттелінген. Бұл зерттеу нәтижесінде қазіргі замандағы жеткіншектердің өзіндік бағалау құрылымын ересек алдыңғы толқын жеткіншектердің өзіндік бағалауымен салыстырғанда этностық сәйкестіктің компоненттері мәнді түрде азаятыны анықталды, өзіндік бағалаудың жалпы құрылымында түсінуі «өзін білу» және «ұйымдасқандық» сияқты сапалар бірінші орынға шықты.

Кішкентай балалардың өзіндік санасы мен өзіндік бағалауы, әдетте, ата аналарынан және басқа да беделді үлкендерден алған бағаны қайталайды. Бірақ, бала неғұрлым есейген сайын оның мінез-құлқы бағалардан гөрі өзіндік бағалауға соғұрлым бағдар алады. Алайда, өз қасиеттерін әсіресе, батылдық, ерлік немесе принципшілдік секілді күрделі құлықтық –психологиялық қасиеттерді ұғынудың өзінде-ақ эмоциялық бағалау мен әлеуметтік

салыстыру сәттері қамтылады. Жасөспірім шақтағылар да жеткіншектер секілді өзінің қандай екенін, қаншылық құнды, қабілетті екенін барынша білгісі келеді.

Өзіндік бағалаудың екі тәсілі бар:

1. Олар өзі туралы алдын –ала көзделген мақсатын қаншалықты жүзеге асырғанымен салыстырып, теңестіреді. Егер өзінің бұл туралы ойлағаны мен өзгелердің соған қойған бағасы дәл келсе, осы жетістікке жеткеннің белгісі деп санайды.

2. Өзгелердің өзі жөніндегі пікірін жинап, соларды өзара салыстыру арқылы жетіспейтін жақтарын білу. Мұдай жағдайда өзі мен үлкендер берген баға сәйкес келмеуі мүмкін. Әрбір адамда «Мен» деген біреу болғанымен, осылардың тиісті жағдайларға байланысты неше түрлері кездеседі: 1. «Мен шынында кіммін?» (шындықты көздейтін мен); 2. «Мен»-өзімді өзгелер қалай бағаласын деп ойлар едім? (эмпатикалық мен); 3. «Мен»-тілегім бойынша қандай болғым келеді? (тілек, яғни фантастикалық мен); 4. «Мен» келешекте кім болғым келеді? (болашақ мен). Сонымен, өзіндік бағалауда жасөспірімдік шақта тіпті, тұлға өзіне сындарлы көзқараспен қарап, өз мүмкіндігін өмір талабына сәйкес бағдарлай білуі, өз мақсатын нақтылау, ойын түйіндеу қабілеттілігіне ие болады. Өзіндік бағалау адамның өзіне деген сенімін арттырып, рухани үйлесімдігін дамытады. Осы шақта практикалық және танымдық іс-әрекеттің субъектісі, тұлға ретінде ұғынуы және бағалауы яғни, өзіндік сана- сезімі қалыптасады. Жасөспірімдік шақ ақыл-ойына келсек, мұның өзі жеткіншек жасына қарағанда сапа жағынан да, көлем жағынан да біршама қалыптасып қалған.

Жеткіншек жасындағылардың өзіндік бағалауының дұрыс қалыптасуына психологтің әсері зор. Өзіндік бағалау баланың өзінің жеке бас ерекшеліктерін білуде, тұлғасының дұрыс дамуында адекватты (барабар) болғаны өте маңызды. Баланың өзін өзі бағалауы, оның өзіне қатынасын және өзін қабылдауын, көбінесе оның мінез-құлқы мен үлгерімін анықтайды.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2018 жылғы 10 қаңтар.
2. Выготский С.Л. Психология развития как феномен культуры. - М., 1996. - 40 с.
3. Жақыпов С.М., Бизақова Ф.Ә Білім беру жүйесінде қолданылатын психокоррекциялық жаттығулар Тараз. 2007.
4. Елубаева С.Б Психологические особенности этнической и идентичности и самооценки современных казахских подростков. Автореф. канд.дис. Алматы, 2004.

*Ғылыми жетекші – психология магистрі, ағ оқытушы Утеуова А.А.*

#### **ЖОО студенттерінің оқу іс-әрекеті мотивациясының ерекшеліктері**

**Төлеубай А.**

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Қазақстанның білім беру үрдісіне кредиттік технологияны қолдану арқылы бүкіл әлемдік білім кеңістігіне интеграциялануы заман талабы. Кредиттік технология жағдайындағы студенттердің оқу мотивациясы мәселесі Қазақстан Республикасының білім беру үрдісін дамыту мен жетілдіру кезінде аз өңделген және күрделі мәселелердің бірі болып есептеледі [1]. Психология құндылықтарды өзінің қызметіне сәйкес қоғамдық және жеке сана феномені ретінде қарастырып зерттейді. «Құндылық» ұғымының көмегімен қоғам үшін әлеуметтік-тарихи мағынаға және белгілі бір құбылыстар шынайылығында индивидтер үшін тұлғалық мағына ие. Қоғамдық және жеке құндылықтарды атап көрсету қабылданған. Қоғамдық құндылықтар - бұл индивидтің әлеуметтік белсенділігінің регуляторы қызметін атқаратын дұрыс санкцияланған және қажетті объектілер, идеялар мақсаттар. Индивидуалдық құндылықтар іс-әректі бағыттап қана қоймайды, сонымен қатар оны туындата отырып, мотивациялық қызмет атқарады. Қоғам мен индивидтің құндылықтық қарым-қатынасының бастауы болып адамдардың әлеуметтік әрекетінің мәні танылады.

Құндылықтар белсенді түрде әлеуметтік-психологиялық және психологиялық-педагогикалық мәселелер аспектісінде кеңінен зерттеледі. Әрекетті әлеуметтік тұрақтандыруда, кәсіби қызметте, түрлі жас аралығындағы кезеңде тұлғалық құрылымдарды сипаттайтын құндылық мазмұнының, тұлғаның жеке-типтік және мінездік ерекшелігіне сәйкес құндылыққа бағыттылықтың өзара байланысының рөлі әлеуметтік құндылықта және құндылыққа бағытталықта зерттеледі [45]. Психологияда қолданбалы аспектіден басқа жеке құндылық жасамдардың табиғатын, құрылымын, қызметі мен механизмдерін нақтылаумен және олардың тұлға құрылымындағы орны, рөлі және белсенділігімен байланысты теориялық ережелерге қызығушылық сақталады.

Отандық психологияда М.Рокич құрастырған тұлғалық тәртіптің жалпыланған құндылық регуляторының тұжырымдамасы кеңінен қолданылуда. М.Рокич құндылықтарды нақты бір жағдайға тәуелді емес, абстракті идея түрінде көрінетін мақсат пеніс –әрекетке қатысты берік сенім ретінде анықтайды. Барлық адамдардың жеке құндылықтары бар, салыстырмалы түрде көп емес, олар жүйені құрастырады, әлеуметтік-мәдени шығу төркіні мен барлық әлеуметтік-психологиялық феномендерде табылады. М.Рокич құндылықтың екі класын ажыратады: терминалды және инструменталды. Терминалды құндылықтарды ол сенім ретінде анықтады, қандай да болмасын

жеке өмірлік мақсат жеке және қоғамдық көзқарас тарапынан болсын оған талпынуға тұрарлық. Инструментальдық құндылықтар әрекет бейнесін, жекелей де, қоғамдық түрде де барлық кез-келген жағдайда сипаттайды. [2].

Б.Г.Ананьевтың еңбектерінде тұлғаның құрылымында олардың орны мен рөліне қатысты құндылықтардың жағдайлық талдауы берілген. Б.Г.Ананьев тұлғалық құндылықтарды жеке белсенділігімен шартталған, бұл белсенділікті білдіретін және өмір мен мәдениет құндылықтарын қамтамасыз ететін субъективті сипаттамалар қатарына жатқызды. Олар индивидтің әлеуметтік дамуы процесінде тұлғалық құрылым аясында қалыптасады және оның өмірлік жолының өнімі болып табылады. Қандай да бір тұлғалық бағыттылықты Б.Г.Ананьев құндылық бағыттылықпен үйлесімділік ретінде қарастыруды ұсынды. Ол тұлғалық бағыттылықтың сипаттамасы түрлі түсінікті конструктормен ұсынылғанына басты назар аударады: тұлғаның қоғамға, топқа, өзіне саналы қарым-қатынасының жүйесі ретінде (В.И.Мясищев), мағына мен мәнге өзара енуі (А.Н.Леонтьев), нұсқаудың динамикасы (Д.Н.Узнадзе), тұлғаны қалыптастыруға адамгершілік позициясы мен мотивтері (Л.И.Божович).

Сонымен, Б.Г.Ананьевтың ұғымында нормалар, нұсқаулар, қарым-қатынастар, мағыналар және т.б. құндылықтармен қатар – бұл тұлғаның құрылымдық компоненттері, адамның қызметтегі әлеуметтік белсенділігін, сонымен бірге оның ішкі психологиялық ояну өзгерістерін талдауға мүмкіндік береді. Олар тұлғаның біртұтас құндылық-нормативтік сипаттамасы болып табылады және оның өмірлік жолын мазмұнды түрде сипаттайды. Қандай да бір бағыттылықты зерттеу жағдайында зерттеуші құндылық бағыттылықпен жұмыс жасайды.

XX ғасырдың 60-шы және 70-ші жылдарындағы белгілі әлеуметтік зерттеулердің нәтижесінде жеке және қоғамдық сананы өз бетіншелігіне қатысты дәйек белгіленді және жеке адамның құндылығының қалыптасуына қатысты, сонымен бірге факторлар арасындағы корреляциялық байланыс факторлары анықталды. Бұдан басқа кәсіптік қызметтегі құндылықтың маңызды рөлі белгіленді. Зерттеулер қорытындысы В.А.Ядовтың тұлғалық диспозициялық концепциясының эмпирикалық негізін құрастырды. Концепция тұлғалық қызмет бағыттылығын оның құндылық бағыттылық негізінде кәсіби қалыптасуына талдау жасайды[3].

В.А.Ядов адамның құндылығын біржақты тәртіппен бекітілген психикалық білім деп қарастырды. Белгілі бір қажеттіліктер үшін аталған жағдайда тұтас – тұлғалық жағдайға дайындық ретінде Д.Н.Узнадзениң теориясына сәйкес нұсқау немесе диспозиция жасалды.

Сонымен, «құндылық» ұғымының мазмұнын ашып көрсету алдымен жеке қажеттіліктермен байланыстыра отырып, нұсқау арқылы беріліп, жеке дамудың тәуелсіздігін түсіндірді. Нұсқау тұлғаның диспозициялық иерархиясын талдаудың бірлігі ретінде көрініс береді. Әлеуметтік нұсқау күрделі құрылымға ие, яғни ол эмоционалдық, когнитивті және тәртіп аспектілері қарапайым кірпіш компоненттері болып табылмайды, олар түрлі жүйешелер мен деңгейлерді жасайды [4].

Диспозициялар, сонымен қатар қажеттіліктер мен жағдайлар үш деңгейден тұратын иерархиялық жүйе жасайды: төменгі деңгей - қарапайым жағдайларда өзекті болатын және қажеттіліктердің негізінде қалыптасқан

қарапайым нұсқаулар; олар модальдылық пен түсінушіліктен ажырамаған. Екінші деңгей – әлеуметтік белгіленген нұсқаулар. В.А.Ядовтың пікірінше, олар В.Н.Мясищев бойынша «аттитюдпен» немесе «қатынаспен» сәйкес келеді. Әлеуметтік нұсқаулар қажеттіліктер негізінде әлеуметтік байланыста сәйкес әлеуметтік жағдайда қалыптасады.

Автор атап көрсеткен нұсқаудың маңызды әрі негізгі қызметі әлеуметтік қызметтің психикалық тұрақтандыруы болып табылады. Белгілі бір салада қызметке жалпы дайындық үшін жауапкершілікті жеке құндылықтар немесе құндылыққа бағыттылық алады. Ғұмырнамалық мақсатқа құндылық бағыттылық жүйенің жоғары деңгейін жасайды, өмір сүру салтына сәйкес тұлғаның жоғары әлеуметтік қажеттіліктері (адамды аталған әлеуметтік ортаға кең мағынада қосу қызметтің жалпыәлеуметтік шарттарын интернализациялау ретінде) негізінде қалыптасады және тұтас өмірлік жоспар ретінде көрініс береді. Сондықтан да, құндылыққа бағыттылық «жауапкершіліктің» жоғары деңгейін жүзеге асырады, ол эмпирикалық тұрғыдан әлеуметтік нұсқауды өзгертуде құндылыққа бағыттылықты трансформациялаудың статистикалық маңызды нәтижесінің жоқтығымен дәлелденеді[5].

В.А.Ядовтың пікірінше құндылыққа бағыттылық – бұл сол диспозициялар, тек оларға көбірек деңгейде саналылық тән. Жоғары деңгейдегі құндылыққа бағыттылық – бұл адам қызметінің басты әлеуметтік салаларымен байланысты жеке өмірлік мақсаттары маңызды элементі болып табылатын мінез-құлық жоспары мен бағдарламаларының субъективтік бейнесі. Көріп отырғанымыздай, В.А.Ядов құндылыққа бағыттылық пен нұсқаулар арасында айырмашылықты ажыратады: біріншісі - жалпылау түрінде берілген когнитивті-эмоционалдық құрылымдар, екіншісі - өзекті жағдайлар.

Оқу іс-әрекетіндегі мотивация мәселесі бойынша психологиялық және педагогикалық әдебиеттерге талдау жасау арқылы бірнеше ережені анықтадық, біздер оларды университет студенттерінің оқу іс-әрекетіндегі мотивациясын зерттеуде тәжірибелік бөлімде қолданысқа енгіздік:

1. Осы зерттеудің мақсатын жүзеге асыруда Е.П.Ильиннің көзқарасын басшылыққа аламыз:

Мотивация - бұл іс-әрекетке бағыттауға және оны орындауға жұмсалатын қуаттың мөлшеріне әсер ететін психикалық тұрақтандыру процесі;

мотив – бұл гипотетикалық конструкт, ұғым, ұқсас жағдайларда жүзеге асырылатын, іс-әрекеттегі жеке ерекшеліктерді түсіндіру үшін қолданылады.

2. Мотивацияны студенттің тәртібі мен іс-әрекетіндегі бағыттылықты анықтайтын және белсенділікті тудыратын факторлар жүйесі ретінде қарастырамыз[6].

3. колледж студенттерінің мотивациясы мәселесіне екі түрлі санаттағы фактор әсер етеді. Бірінші санатқа біз әлеуметтанумен байланысты анықталған: отбасы, дайындық деңгейі, таңдаған мамандығының беделі, оқу іс-әрекетіне деген қатынасы, болашақ кәсібі туралы пікірлері сияқты

факторларды жатқызамыз (дипломдық жобаның № 2, 3, 9 сауалнама сұрақтары).

Тәжірибелік-эксперименттік жұмысты жүргізе отырып, студенттердің білім мен тәрбиелік деңгейінің бастапқы дамыту және бекіту кезеңдерін салыстырғанда танымдық қызығушылықтары мен білімдік-тәрбиелік деңгейлерінің өскені байқалды. Сонымен қатар, психологиялық ерекшеліктерінің даму себептері: қажет, түрткі, ниет, тілек, ынта, ықылас т.б. қасиеттер танымдық қызығушылықты құрайтыны туралы мәліметтер берілді.

Сонымен қатар колледж студенттері бойына білім, кәсіп, іскерлік, іс-әрекет, игеру, дағдыны қалыптастыру жолдары да аталып өтілді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы // Егемен Қазақстан, 1999, 1 маусым.
2. Қазақстан Республикасы азамат тарихының жаңа әлеуметтік-экономикалық мінез-құлқын қалыптастыру тұжырымдамасы. –Алматы; 1999, 40 б.
3. Қазақстан Республикасы этникалық-мәдени білім беру тұжырымдамасы. //Егемен Қазақстан, 7 тамыз, 1996г.
4. Қазақстан Республикасының гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы. Алматы, 1994, 37 б.
5. Намазбаева Б.К. Развитие личности учащихся вспомогательной школы. Алматы, 2006, Б.56.
6. Сабыров Т.С. Оқушылардың оқу белсенділігін арттыру жолдары. Алматы, 2008, -110 б.
7. Ильин Е.П. Мотивация и мотивы. СПб., Питер., 2012.

*Ғылыми жетекші – психология магистрі, аға оқытушы Утеуова А.А.*

#### **Медициналық қызметкерлердің іс-әрекетіндегі мазасыздану мен қорқынышын психологиялық аспектілері**

**Қуанышбаева А.**

ҚЖұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Қазіргі жаһандану жағдайында мемлекеттің әлемдік білім кеңістігіне енуі барысында болашақ мамандарды даярлаудың сапасын жақсарту мәселесіне баса назар аударылып отыр. Осы тұрғыдан Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Ұлт жоспары «100 нақты қадам» бағдарламасында «Ұлттың дамыған мемлекеттердің отыздығына кіруі үшін адам капиталының сапасын көтеріп, кадрлардың бәсекелестік қабілетін арттыруымыз қажет» – деп, нақты тапсырмаларды міндеттеген болатын [1].

Осыған орай, ағымдағы заманауи білім беру әлемнің жетекші мемлекеттерінің бәсекеге қабілетті талаптарына және инновациялық даму моделінің стратегиялық дамыту бағытына сәйкес құрылуы қажет. Бұл жағдай әлемдік білім беру кеңістігінде жан-жақты интеграциялық білімге құмар, күнделікті өзгерістерге тез бейімделетін, өз бетімен шығармашылық іс- әрекеттер жасай алатын, әлеуетті, зияткер ұлтты қалыптастыруды талап етіп отыр.

Кәсіптің тұлғаға әсер ету мәселесі зерттеушілер көкейінде жүргенімен, қазіргі таңда өзекті және әлі де ары қарай қарастыруды қажет ететін мәселелердің бірі болып отыр. Қарқыны өте жылдамдықпен болып жатқан қоршаған ортаның түрлі жағдайларына адам баласының бейімделуі қиынға соғады, әрі адам бейімделе отырып эмоциялық тұрақтылықты сақтауы қажет болады. Адам ағзасы бойындағы күш-қуатты қайта-қайта қалпына келтіруге үлгере алмайтындықтан, мұндай жағдай жүйке жүйесінің әлсіреуі мен қажуына жеткізеді және психосоматикалық аурулардың пайда болуының алғышарты болады. Соның бірі кәсіби күйзеліс, яғни әр түрлі маман иелерінің жұмыс барысындағы қажуы.

Адам өміріндегі жағымды да, жағымсыз да жағдайларды бір қасиет біріктіреді – үйреншікті өмірді өзгертуге қалыптасу. Мазасыздану-тұлғаның қоршаған ортамен қарым-қатысына әсер етуінің нәтижесі, болып табылады. адамның ойлау образының өнімі, болған жағдады бағалау, өз мүмкіндіктерін түсіну мен білу[2].

Психология мен медицинаның белсенді назар аудару объектісі ретінде әр түрлі кәсіби топтардың мамандар еңбегін ұымдастыруды алуға болады. Бұл жағдай тұлғааралық қатынастың интенсивтілігі және кернеулілігі жатады.

Медициналық қызметкерлердің кәсіби іс-әрекеті – бұл психологиялық,

әлеуметтік, өндірістік-технологиялық қызметтерден тұратын кіріктірілген іс-әрекеттер жиынтығы. Кәсіби іс-әрекетінің нәтижесі оның көпқызметтілігімен анықталады: кәсіби (медициналық әдіс-тәсілдер, процедуралар, техникалық құралдар және т.б.), психологиялық (жекелік тәжірибие, психологиялық жаңашылдықтар, қабілеттерінің дамуы және т.б.). Медициналық қызметкерлердің кәсіби іс-әрекеттерінің негізгі нәтижесі тұлғаны кәсіби дамыту болып табылады. Ал, олардың кәсіби іс-әрекетінің негізгі мақсаты –кәсіби тұрғыдан даму және кәсіби өзін-өзі дамытуы үшін үйлесімді орта қалыптастыру болып табылады.

Медициналық қызметкерлердің тұлғалық-кәсіби қасиеттері – өзін-өзі белсендіру контекстінде тұлғалық, кәсіби-танымдық, әлеуметтік-қарым-қатынастық және эмоционалдық компоненттерден тұратын жүйелі психологиялық білім.

Қорыта айтқанда, кәсіби күйзеліс жаһандану заманындағы қалыпты жағдайлардың бірі болып, дені сау тұлғаның денсаулығына қауіпті, жұмысқа қабілеттілігін төмендететіндігі дәлелдеуді қажет етпейді. Дегенмен де, бұл ауқымды мәселе зерттелуі сонау ғасырлардан бастау алса да, әлі де жан-жақты талдауды, тереңінен зерделеуді қажет ететін, толықтай ашылмаған, күн тәртібінен түспейтін тақырып. Әр адам бір немесе бірнеше кәсіби қызметті атқаратынын ескере отырып, бұл тақырыпқа бей-жай қарамай, өзекті мәселелердің қатарына қоса аламыз. Осы себептен де, кәсіпке байланысты стресстің дер кезінде алдын алу шараларын жасау, одан шығуға көмектесу психолог қызметінің негізгі міндеттерінің бірі болып табылады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаевтың Ұлт жоспары «100 нақты қадам» бағдарламасы (20 мамыр, 2015ж).
2. Адлер А. Практика и теория индивидуальной психологии. – М., 1995. – 414 с.
3. Гремлинг С., Ауэрбах С. Практикум по управлению стрессом; Издательство: Питер-Юг; 2002.
4. Селье Г. Стресс без дистресса. Москва Прогресс 2002.
5. Водопьянова Н., Старченкова Е. синдром выгорания: диагностика и профилактика. спб., 2009.

*Ғылыми жетекші – психология магистрі, ағ оқытушы Утеуова А.А.*

### **ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ ЖЕПІСТІККЕ ЖЕТУДЕГІ ГЕНДЕРЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Сарина А.Ж.**

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Қазір Қазақстанда гендерлік саясатты жүргізу жұмысында Қазақстан Республикасының Президенті кезінде әйелдер жөніндегі Ұлттық комиссия және отбасы – демографиялық саясаты бақыланып отыр. Оның негізгі тапсырмасы болып отбасы қарым – қатынасындағы мемлекеттік саясат жинағының реттелуі, Қазақстан 2030 жылға дейінгі даму Стратегиясының жинағындағы әйелдер мен ерлердің теңдігі, Қазақстан Республикасының қазіргі кезде гендерлік теңдік Стратегиясы және гендерлік теңдік және отбасы жөніндегі халықаралық келісім жұмыстары жүргізіліп отыр. Бұл Қазақстандағы өзекті мәселелердің бірі, сондықтан алдымен гендерлік психологияға тоқталып өткен жөн.

XXI ғасырдың басында қоғамдағы әйел рөлін күшейту, босату, «гендер» түсінігі әдебиетте жиі кездеседі. Гендер - бұл әлеуметтік-биологиялық сипаттама, оның көмегімен күнделікті санадағы «адам» және «әйел» ұғымдарының анықтамалары жинақталған. Гендерлік ұғымдар тек эмпирикалық ғана емес, сонымен бірге философиялық және антропологиялық маңыздылығы бар, қоғамның және адамның мәдени дамуының жағдайын объективті түрде сипаттайды, адамның мәдени білімінің сипаты. Менеджерлердің қызметінде гендерлік айырмашылық мәселесі бойынша жүргізіліп жатқан зерттеулерге қарамастан, зерттеушілер отандық (Н.А.Афанасьева, И.А.Батурин, В.А.Белих) және шетелдік (D.McClelland, D.Atkinson, R. Сайнер, Д.Роттер, К.Левин) рейтингтердің өзгеруіне назар аударған жоқ (жоғарғы, орта және төменгі менеджерлер) [1, 2].

Зерттеу мәселесі заманауи жағдайда маңызды. Мұның бәрі көтерілген мәселелердің жиі зерттелуімен дәлелденеді. Өмірлік мақсаттарды саналы түрде орнатуға және оларға қол жеткізуге қабілетті, шешім қабылдау үшін жауапкершілікті сезіне алатын қызмет субъектісін қалыптастыру социализация процесінде қалыптасқан мінез-құлық стратегиясымен анықталады. Менің пікірімше, бұл мінез-құлық стратегиясы адамның жеке тұлға ретінде және қызмет субъектісі ретінде құнды қатынасын көрсете отырып, қол жеткізуге ынталандырады [3,4].

Мотивация мәселесі және мінез-құлық пен белсенділік мотивациясы психологиядағы басты мәселенің бірі болып табылады. В.Ф. Ломов, мысалы, психологиялық зерттеулерде мотивация мен мақсатты белгілеуде жетекші рөл атқаратындығын атап көрсетеді. «Бұл жердегі қиындық - ақыл-ойдың жүйелік

сипаты мотивтер мен мақсаттарда айқын көрінеді, олар ойлаудың ажырамас формалары ретінде әрекет етеді», - деп сипаттайды ол, жеке әрекеттердің мақсаттары мен мақсаттары қайдан пайда болады және олар қалай пайда болады? Бұл мәселелерді дамыту тек психология теориясын дамытуға ғана емес, көптеген практикалық мәселелерді шешуге де маңызды рөл атқарады ». Отандық сияқты көптеген монографиялардың мотивациясы мен себептеріне (В.Г. Асеев, В.К. Вилонас, А.Н. Леонтьев, В.С. Мерлин, Д.Н. Узнадзе, П.М. Якобсон) және шетелдік авторлар белгленеді (Дж. Аткинсон, Г. Холл, К. Мэдсен, А. Маслоу, Х.Хекхаузен және т.б.). [5].

Табысқа жетудің себептері туралы мәселені зерттеуде, біріншіден, жетістікке ұмтылу жеке тұлғаның құрылымында орын алатын мәселе.

Заманауи отандық және шетелдік ғалымдар жүргізген гендерлік зерттеулердің теориялық талдауы әлеуметтік ғылымдарда ерлер мен әйелдердің қызметін зерттеу, олардың арасындағы әлеуметтік қарым-қатынастар мен әлеуметтік-мәдени өмірдің бір-біріне ұқсастығы туралы көптеген әдістер мен тәсілдерді анықтады. өте күрделі өзгеше нәрсе.



Ғылыми зерттеулерде «гендерлік», «гендерлік» және «психологиялық гендер» ұғымдарын қолданудың салыстырмалы талдауы гендерлік зерттеулердің психологиялық аспектілерін келесідей сипаттауға мүмкіндік береді.

Психологтар К.Левин, Д.Аткинсон, Х.Хекхаузен онтогенезде табысқа жетудің және оның жалпы дамуымен байланысты болудың уәждемесін қалыптастыру үдерісін мұқият зерттеді және сипаттады, бағалау түрінде күшейтудің оң (және теріс) рөлін көрсетеді ата-аналар мен мұғалімдер). Демек, жетістікке ұмтылудың тұрақтылығы және оның мотивациялық саланың иерархиясында орны оның іс-әрекеттегі тұлғаны қалыптастырудың ішкі процестерін анықтайды. Арнайы ұйымдастыру және іс-әрекеттерді модельдеу арқылы адамның ішкі мотивациялық құрамдас бөлігімен әсер етуі мүмкін. Тәжірибе көрсеткендей, сәтсіздікке жол бермеу үшін сәтсіз және дәлелді адамдар өздерінің әлеуетін жүзеге асыра алатын осындай қызмет саласын таба алмайды немесе таба алмайды. Табысқа жету жағдайын жасау арқылы қызметті қайта құру арқылы жеке деңгейде жеке құрылымды өзгертуге ықпал ететін ішкі мотивацияның өзгеруін қамтамасыз етуге болады. Мұндай адам өзі табысқа жетуге ұмтылатын іс-шараларға араласуға қабілетті.

«Психологиялық гендер» ұғымының мазмұны мінез-құлық пен қызметтің жеке психологиялық деңгейін анықтайды. «Гендер» ұғымы адамның жүріс-тұрысындағы құбылыстың әлеуметтік-психологиялық мәні болып табылады, оның шығу тегі жеке тұлғаның жынысына қатысты, бірақ

олар тек жеке немесе топ болуы мүмкін әлеуметтік қатынастарда ғана қалыптасады [6].

Осылайша, психологиялық құбылыстарды гендерлік талдау ерлер мен әйелдердің әлеуметтік тұрғыдағы мінез-құлқын зерттеу болып табылады. Егер әлеуметтік психологияда дәстүрлі болып табылатын талдаудың деңгейіне қарасақ, жеке тұлғааралық, топтық және топтық қарым-қатынас деңгейінде, психологиядағы гендерлік айырмашылықтарды зерттеу тиісінше ерлердің әртүрлі деңгейлеріндегі және әйелдіктің (жеке тұлғаның деңгейі) психологиялық сипаттамаларын зерттеу арқылы жүзеге асырылуы мүмкін; ерлер мен әйелдердің рөлі (мінез-құлқын қарым-қатынас деңгейі) және әлеуметтік-психологиялық қарым-қатынастарды зерттеу және әлеуметтік-демографиялық топтардың өкілдері - ерлер мен әйелдер (топаралық қатынастардың деңгейі) өкілдерінің бірлескен іс-әрекетін зерттеу арқылы [30].

Ерлер мен әйелдердің арасындағы айырмашылықтар олардың көшбасшылық стилі мен бағыныштыларға әсер ету әдістері сипатталған кезде пайда болды. Ерлер басқару стилін сипаттайды, олар менеджерлер «бизнес» деп атайды. Бұл олардың жұмысын бағынысты адамдармен бірге бірқатар істер (немесе транзакциялар) ретінде қарастырады - қызметтер сапасы үшін немесе сапасыз жұмыс үшін жазалау. Сонымен қатар, олар жиі пайдаланады билік, олар ұстап береді.

Әйелдер көшбасшылары өз мүдделерін топтардың мүдделеріне айналдырып, өздерінің кең мақсаттарын белгілейтін етіп басқарады. Әйелдер өз күштерін жеке қасиеттермен байланыстырады - күйзеліс, қарым-қатынас, адамдармен сөйлесу қабілеті, олардың орнына емес. Әйелдермен әңгімелесу бізге бұл әйелдердің өздерін көшбасшы ретінде көретінін, олардың көшбасшылық стилі мен дәстүрлі командалық құрамының арасындағы негізгі айырмашылықты түсінуге мүмкіндік берді. Розенер өз стилін «трансформациялық» деп атады. Осы стильдің негізгі сипаттамасы бағындырушылармен белсенді өзара әрекеттесу болып табылады [7].

Эмпирикалық зерттеу көрсеткендей, ерлер мен әйелдердің өз-өзіне деген көзқарастары бізде өзін-өзі бағалау деңгейі, ерлер мен әйелдердің басқа адамдардан оң көзқарастарының күтуі өзгеше емес екендігі анықталды; ал автосимпатия ауқымында, өзіндік мүдде, жаһандық өз-өзіне деген көзқарас ерлерге көбірек ұқсайды. Вербалды өзін-өзі бағалауды зерттеу ер адамдарда өзін-өзі бағалау деңгейі жоғары екендігін көрсетті. Зерттеу индикаторларында сәтсіздікке жол бермеудің себептері бойынша айтарлықтай айырмашылықтар жоқ. Ерлер табысқа жету үшін мотивацияның әлдеқайда айқын деңгейі бар екені анықталды. Бұдан басқа, еркектерге тәуекелге дайындықтың айтарлықтай жоғары деңгейі бар.

Зерттеу нәтижелері бойынша келесі тұжырымдар жасалды:

Ер адамдар мен әйелдердің өзін-өзі ұстау ерекшеліктерін зерттеу бізге өзін-өзі бағалау деңгейі, ерлер мен әйелдердің басшыларының басқалардан оң көзқарастарын күтудің өзгеше емес екенін анықтады ал автосимпатия, жеке мүдде, жаһандық өз-өзіне деген көзқарас ерлердің менеджерлерінде айқын көрінеді.

Ауызша өзін-өзі бағалауды зерттеу ер адамдарда өзін-өзі бағалау деңгейінің жоғары екендігін көрсетті.

Зерттеу индикаторларында сәтсіздікке жол бермеудің себептері бойынша айтарлықтай айырмашылықтар жоқ.

Ерлер табысқа жету үшін мотивацияның әлдеқайда айқын деңгейі бар екені анықталды.

Сонымен қатар, еркектерге тәуекелге дайындық деңгейі айтарлықтай жоғары.

Зерттеудің мақсаты - мотивацияның бағытын және ерлер мен әйелдерді жұмыс барысында бағыттайтын ынта түрін анықтау.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Н.В.Афанасьева, И.А.Батулин, В.А.Белых, так и зарубежные (D.McClelland, D.Atkinson, R.Weiner,D.Rotter, K.Levin)стр 4
2. Кубышкина М. Л. Психологические особенности мотивации социального успеха: Автореф. дис. ...канд. - СПб., 1997.
3. Е. Фергюсон и К. Хорни А.И. Винокурова

4. Алешина Ю. Е., Лекторская Е. В. Ролевой конфликт работающей женщины // Вопросы психологии. - 1989. - № 5.
5. В.Г. Асеев, В.К. Вилюнас, А.Н. Леонтьев, В.С. Мерлин, Д.Н. Узнадзе, П.М. Якобсон), так и зарубежных авторов (Дж. Аткинсон, Г. Холл, К. Мадсен, А. Маслоу, Х. Хекхаузен и др.). Чугунова Э. С. Связь профессиональной мотивации и творческой активности инженеров // Вопросы психологии. - 1986. - № 4. Бабаева Л. В., Чирикова А. Е. Женщины в бизнесе // Социологические исследования. - 1996. - № 3.
6. Щербич Л. И. Карьера женщины: ее смысл и значение // Социальная феноменология. - Самара: Изд-во СГУ., 1997.

*Ғылыми жетекші – аға оқытушы Исатаева Б.Б.*

## **ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ БОЙЫНДА КЕЗДЕСЕТІН ЭМОЦИЈАЛЫҚ КҮЙЗЕЛІСТЕР**

**Аманғалиева Шынар Болатқызы**

Карабалина А.А психология ғылымдарының кандидаты

Қай уақыттағы зерттеулерді қарасақ та, жасөспірімдік кезең «өтпелі», «дағдарыс» және жаңа құрылымдардың қарқынды дамитын кезеңі ретінде тұжырымдалып жүр. Ғылымда жасөспірімдік кезеңді тұлға қалыптасуында ерекше сипаттарымен көрініс беретін, өте «сезімтал» шақ ретінде тұжырымдайды. Әсіресе, жасөспірімдік кезеңді балалық пен ересектіктің аралық буыны ретінде қарастыруы көптеген психологиялық мәселелердің туындауының өзегі ретінде алға шығарады. Өмірдің осы сатысында жасөспірім физиологиялық және морфологиялық өзгерістерді басынан өткереді, мұның психологиялық салдары болады. Жас өскін әр түрлі сыртқы факторларға қалай жауап беру керектігін білмейді. Көптеген жағдайларда жасөспірімдер эмоцияларын игере алмай, қызуқандылық танытып жатады. Жасөспірім кезеңге аяқ басқан шақта олар ересектерден тәуелсіз болуға және дербес шешімдер қабылдауға ұмтылады, себебі «мен – ересек» ұстанымы қалыптаса бастайды. Бұл жастағы өзін-өзі таныту үлгілері жақындарына қамқорлық, күрделі отбасылық мәселелерді шешу, спорт, білім игеру. Өзіне-өзі сенімсіздіктің көрінісіне реніш, бірбеткейлік, жасөспірімнің агрессиясы, жанжалдасу, эмоциялық қозу, көңіл-күйдің құбылмалы болуы, ештеңені жақтырмау жатады. Әдетте өзінің бағасын білетін жасөспірімдер жоғары әлеуметтік мәртебеге ие және оқуларында да күрт өзгерістер болады. Өзін-өзі төмен бағалайтын жасөспірімдер эмоциялық күйзелістерге бейім келеді[1].

Күйзеліс – ағзаның күш түсуге, алаңдаушылыққа және күнделікті қарбаласқа реакциясы. Асыра күш түскен жағдайда адамның көңіл-күйі нашарлайды, басқа да белгілер пайда болады. «Күйзеліс» деген сөз ағзаның жай-күйін айқындайды, ол өмірдің қиын жағдайларына бейімделуге тырысады. «Күйзеліс» (ағылш. Stress – қатты күйзелу, абыржу, мөлшерден тыс ширақтылық зорлану, күштеу, қиналу деген мағыналарды білдіреді) қоршаған ортаның кез келген қолайсыз әсерлеріне организмнің арнайы емес серпілістермен жауап қайтаруынан көрінетін, оның қорғану, бейімделу мүмкіншіліктерінің жаңа деңгейде қалыптасуы [2].

Адам аса қиын физикалық және психологиялық қысымға ұшыраған кезде, ең алдымен оның ағзасы қорғануға тырысады. Бірақ одан кейін бейімделіп алады және аса жоғары қысымдағы реакциясы оңтайлы жағдай болып қалады. Мұндай жағдай оң күйзеліс деп аталады. Ол адамның дұрыс психикалық дамуына және қоршаған ортаға бейімделуі үшін қажет. Алайда ағза жиі миға салмақ түсуге немесе физикалық жүктемеге шамасы келмейді. Мұндай жағдайда кез келген қосымша қысым адамның дұрыс жай-күйін бұзуы және ауруға шалдықтыруы мүмкін. Адам өзінің шөлшілмейтін, қаша алмайтын жағдайларымен тоғысқанда, өзінің өзгертілмейтін тағдырымен бетпе-бет кездескенде, мысалы жазылмайтын ауру немесе кейдейліктің алдындағы әлсіздік кезде оған жоғары құндылықтарын белсендіру керек,

күйзелісінің терең мәнін қарастыру керек, себебі жоғары мән-біздің күйзеліске қатынасымыз, күйзелісті өзімізге қабылдауымыз[3].

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша еуропа аймағында шамамен екі миллион жасөспірімдер психикалық денсаулық проблемаларымен – күйзелістен бастап шизофренияға дейін-зардап шегеді және олардың көпшілігі қандай да бір көмек немесе ем қабылдамайды. Ал дүние жүзі бойынша балалар мен жасөспірімдердің 20 пайызында психикалық денсаулық мәселелері кездеседі. Көптеген психикалық бұзылулар қайталанып отырады немесе созылмалы болып келеді. Қазіргі кезде психикалық бұзылулар бұрынғыға қарағанда жас қыздар арасында, әсіресе депрессиялық симптомдармен бірге жиі диагноз қойылады. Психикалық денсаулықтың төменгі деңгейі жасөспірімдердің дамуына айтарлықтай әсер етеді және олардың денсаулығы мен әлеуметтік мінез-құлқында теріс әдеттер: ішімдік тұтыну, темекі және заңсыз заттарды пайдалану, жүктілік, мектептен қалу және құқық бұзушылық пайда болуы мүмкін[4].

Күйзеліс мәселесінің ғылыми теориясында бұл ұғымды ғылыми айналымға алғаш канадалық физиолог Ганс Селье (1936 жыл) енгізген. Ол «Бүкіл ауру стресстен!» деген тұжырыммен күйзелістің әмбебаптық формуласын ұсынады. Сонымен бірге «күйзеліске өмірдің тек жағымсыз жағдайы емес, ол қандайда болса ағзаның стереотиптік, филогенетикалық қорғаныштық, бейімделушілік реакциясы» - деген анықтама береді. Ол күйзелісті белгілі бір төтенше жағдайларда пайда болатын реакция деп қарастырған.

Г.Сельенің пікірінше, күйзеліс «өмірге дәм беретін», қандай жағдай болмасын, нәтижесінде ағзаның бейімделіп, жұмылдандырылуына алып келетін жағымды жағын эустресс деп атаған, ал психологиялық ауырталық, қайғы, бақытсыздық, әлсіздікке әкелетін түрін дистресс деп көрсеткен [5].

Ғалымдар дистресс психологиялық ауруға алып келуі мүмкін деп есептейді, оның себептері көп. Соның бірі, мысалы, кәсіби тұрғыдан дистресс басшының әділетсіз сөгістеріне жұмысшының қарсы жауап бере алмауы (көп жұмысшылар бұл жағдайда басшымен үлкен даудың туындамағанын қалап, өкпесін ішінде сақтағанын жөн көреді). Бұл қолайсыз ықпалдарға физикалық әсерлер (ыстық немесе суық температура, иондағыш сәулелер, электр, жаракат, ауыр қол жұмыстарын атқару т.б.); химиялық әсерлер (улы химиялық заттар, гипоксия т.б.); биологиялық әсерлер (жұқпалар, вирустар, микробтардың уыттары, жәндіктердің улары т.б.); психогендік (жандүниелік жаракаттар, күйзелістер, ауыр қайғы – қасіреттер, көңіл толқулары); элеуметтік жағдайлардың әсерлері (адамдарға шамадан тыс артық ақпараттардың әсерлері, уақыттың тапшылығы, жеке тұлғалар арасындағы кикілжіңдер, қоғамның заңдары мен жеке адамдардың еркіндіктерінің шектелуі, қимыл қозғалыстарының азайуы т.б.) жатады. Адам үшін жағымсыз сөздің өзі стресс жағдайын дамытуда маңызы өте үлкен. Бұлардың барлығы организмге қолайсыз әсерлерді туғызатын стрессорлар деп аталады.

Эмоциялық күйзелістің жалпы даму заңдылықтары физикалық, химиялық ауырталықтармен ұқсас болып келеді. Шамалы жан-дүниелік ауырталықтар адамның кейбір жағдайларға адаптациясын (икемделуін, бейімделуін) туындатса, (мысалы, олардың әсерінен жаңа пәндерді игеруі арқылы оқушылардың еске сақтау қабілеті артады, әртістер жан-тәнімен өздері сомдаған кейіпкерлері бейнесін көрермендерге жеткізеді, кәсіпкерлер нарыққа бейімделеді, т.с.с), шектен тыс ауырталықтар көптеген дерттердің дамуына себепкер болады. сондықтан да қазіргі уақытта тым ауырлап бара жатқан жан-дүниелік ауырталықтардың ауру туындататын ықпалы адаптациялық бейімділіктен басым болып отыр. Ал, эмоциялық күйзеліс – қауіп туғанда не оқыс қорыққанда, не көңілі қалғанда байқалады. Жүйке жүйесінде тежелу байқалады. Күйзеліске тұрақтылық қысымды, стрессогенді әрекет кезінде қалыптасады және көрінеді. Күйзеліске тұрақтылыққа эмоционалдық тұрақтылықты, функционалдық жағдайды реттеу қабілеттілігін т.б. қасиеттерді жатқызуға болады. Ақпараттық күйзеліс субъект тапсырманы орындай алмайтын, талап етілетін қарқында дұрыс шешім қабылдауға үлгермейтін кезде пайда болады. Тосыннан тосын жағымсыз хабар естігенде мәліметтік немесе информациялық стресс пайда болады. Адам не істерін білмей, абыржып қалады [6].

К.Судаковтың пікірінше, ғылыми-техникалық прогресс кезінде адам психологиялық және эмоциялық күйзеліске көп ұшырайды. Сондықтан оның өзін-өзі басқару механизмі бұзылады, ол биологиялық ырғақтың өзгеруіне алып келеді. Сонымен қатар ағзаның гормональдық-иммундік функциялары өзгеруі мүмкін [7].

Күйзелісті жеңудің әр қилы стратегиялары бар. Олардың бірі-эмоцияларды білдіру ептілігі. Екіншісі - жағдайды қайта бағалау, оқиғаның басқа суретін құрастыру және жағымсыз жағдайдың өзінен өзіңіз үшін көптеген пайдалы нәрсені таба білу машығы. Үшінші жол - қайта бағалауға келмейтін жағдайды өзгертуге мүмкіндік беретін мақсатты бағытталған әрекеттер. Жағдай ықтималды қауіпті, күрделі немесе жаңа ретінде қабылдануын доғарғанда, күйзеліс тиылады. Мұнда білуге тиіс жайт, негативтік (теріс) жай-күй тек біздің теріс ойларымызбен ұсталып тұрылады. Нақ солар барлық бәленің көзі болып табылады. Өз ойларыңызбен жұмыс істеуді үйреніп, сіз өз эмоционалдық жай-күйіңізді реттеуді үйренесіз.

Бірінші ереже - өз бойыңыздан теріс ойды қумау, керісінше оған оның басқа ойлар сияқты өмір сүруге өз құқығының бар екеніне түсіністікпен қарау.

Екінші ереже – бұл ойға сыпайы түрде айналып өтуді ұсыныңыз, өйткені әр кезде өзіңізге қызықтырақ, маңыздырақ және пайдалырақ басқа ойлар мен тірліктер бар. Бұл кезде бірден бұл жаңа ойларды, тірліктерді ойлап іске кірісіңіз.

Өмірдегі теріс жағдайда жақсы және пайдалы нәрсені таба білуге үйрену әрқайсымызға маңызды. Себебі өмір қарама-қайшылықтардың бірлігі мен күресінен құралған.

#### **Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Психология современного подростка/ Под ред. Д.И.Фельдштейна. - М.,1995
2. Большая Медицинская Энциклопедия - Советская Энциклопедия, Москва, 1983г.
3. Асмолов А. Г. Психология личности. М., 1990.
4. Самоукина Н. Карьера без стресса. СПб. – Питер, 2003.
5. Селье Г. Стресс без дистресса. - М. Прогресс, 1982
6. Александрова Ю.И. Психофизиология. СПб. – Питер, 2006.
7. Судаков К. Биологические мотивации. – М.: Медицина, 1971

### **ЕРТЕГІ ТЕРАПИЯСЫНЫҢ КӨМЕГІМЕН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Амангелдіқызы Н.**

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

«Бала тәрбиесі – бұл ата-аналардың ерекше азаматтық борышы» деп Н.Ә.Назарбаев айтқандай бала тәрбиесі қашанда маңызды міндеттердің бірі болып табылады [1].

Ертегі терапиясы-психотерапияның құрамдас бөлігі. Баланың ертегі сюжетіне әсерленуі, кейіпкердің қиыншылықтарына алаңдауы оның келешекте өз алдына пайда болатын кедергілерден қиналмай өтуіне іштей дайындығын туындатады.

Практикалық психологияның ертегілік терапия бағыты – баланың жақсылық пен жамандықты айыруына, мінез-құлықтық стереотиптерді тануына көмектесіп, адамдардың өмірде алдынан шығатын сан түрлі қиыншылықты ең соңында жеңе аларына деген сенімін нығайтады [2, 5-7 б].

Ертегі терапиясы тек ата-ана үшін емес, ұстаз үшін де топпен жұмыс жүргізу барысында өте тапқыр әдіс болмақ.

Ертегіні тыңдау бір басқа да, оны сомдаудың жөні бір басқа.

Жалқаудың рөлін ойнаушы бала өзі қайталап отырған болмыстың шын мәнінде кім екенін түбегейлі ұғынады да, ондай одағай әрекеттерді қайталамауға тырысады. Ертегі терапиясы арқылы балалармен эффективті түрде жұмыс жасау практикалық психологияда соңғы он жылдықта кеңінен дамыды. Соңғы уақытқа дейін практикалық психологияда ертегінің психотерапиялық потенциалы жеткіліксіз түрде қолданылған еді.

Ертегі терапиясының көмегімен тек мектеп жасына дейінгі балалармен ғана емес, сонымен бірге төменгі класс оқушыларымен, жеткіншектермен және жоғарғы класс оқушыларымен тиімді жұмыс жасауға болады. Ертегі терапиясының ата-аналарға және мұғалімдерге де арналған түрі бар.

Ертегі жанрының ең негізгі міндеті- бұл өміріміздің қандай да бір жағдайда, қалай жақсы жағынан бағыт жасауға болатынын көрсету болып табылады. Ертегіде балаға «дұрыс өмір сүруіне» ешкім үйретпейді. Ертегі тарихындағы оқиғалар табиғи және логикалы тұрғыда бірінен соң бірі шығып отырады. Осындай бейнемен бала қоршаған әлем тіршілігінің себепті-нәтижелі байланыстарын үйреніп өзіне қабылдайды.

Дегенмен, ертегімен қалай сауатты жұмыс жасау керектігін, оқиғаларды өзінше құрастырып, баланың мінез-құлқына көмегін тигізуді үйреніп білу қажет. Психолог ертегіні қандай да бір жұмыста сенімсіз болған жағдайында да пайдалануға болады. Ең маңыздысы, ертегі бұл - әрбір адамның ішкі жан дүниесінің байлығын дамытуға қабілетті екенін білу керек. Сондықтан біз ертегі терапиясы туралы айтқанда ертегімен емдеу, яғни қазіргі жағдайдағы мәліметтерді, барлық іс- шараларды психотерапия арқылы жалпы және ортақ қорытындыға және ішкі гармонияның жетістігіне әкелу болып саналады.

Себебі адам ертегіде және өмірде құрушы (жасаушы) ретінде қызмет атқарады, ал гармониялық үйлесімсіздік – бұл бұзушы болып табылады.

Сондықтан да ертегіде метафоралық тұрғыда іштей, құрушының үнемі қарама-қарсылықтағы жақсылық және жамандықты, бұзушылық сезімін жеңуіне ықпал етуіне болады. «Бұзушы мен құрушының» шкаласы ертегі терапиясының ішкі диагностикалық шкаласының маңызы бөлігі болып есептелінеді [3, 24-26 б].

Қоршаған әлемнің сыртқы және ішкі қарама-қайшылықтарында адам өзін қалай ұстайды, ол не сезінеді, не ойлайды- осының барлығын «құрушы мен бұзушы» критерийімен талданады. Қоршаған ортадағы бүлдіруші объектілер басқа адамдардаға ауыртпалық пен қолайсыздық тудырады. Сыртқы құрушы өзін қоршағандар мен қорғағандарға қолайлы шарттар жасауға ұмтылады. Ішкі бүлдіруші саналы және санасыз түрде өзінің денсаулығы мен дамып жетілуіне зиян келтіреді. [4, 9 б].

Психотерапия, психокоррекция және баланың жеке тұлғалық дамуындағы ертегінің жетістіктері келесідей түрде көрсетуге болады.

- Ертегіде дидактика мен белгілі пікірлерге жүктеудің болмауы;
- Басты кейіпкер әрекетінің орны анық болмауы;
- Тілдің бейнелігі мен метафоралылығы;
- Жақсылықтың жеңуі мен психологиялық қорғаудың болуы;
- Құпия және сикырдың болуы;

Ертегі терапия әдісін басқа да көптеген психотерапиялық әдістер сияқты жекелік жұмыста және топтық жұмыстарда да қолдануға болады.Ертегі терапиясының әрбір сабақ процесінде біз тапсырманы кең көлемде шеше аламыз. Мысалы: еріксіз зейінді дамыту, өзара көмектесу және қолдау сезімін дамыту, есті дамыту, жеке тұлғаның коррекциясы, мінез-құлықтың эмоционалды реакциясын ұлғайту т.с.с.

Психолог, педагог – ертегі терапиясы процесінің барысында белсенді қатысушы, басты кейіпкер, ол сабақ тақырыбын беруші, бала мінез- құлқын бақылап, оның реакцияларына интерпритация жасаушы.

Бұл жерде психотерапиялық метафоралар жұмысының мақсаты әр баланың мәселелеріне байланысты индивидуальды құрылып таңдалынады. Мамандардың айтуынша метафорлар жүйке жүйесінің оң және сол жақ жарты шар арасындағы байланысты қамтамасыз етеді.

Ертегіні қабылдау процесінде сол жақ жарты шар сюжеттегі- логикалық ойларды шығарумен жұмысын атқарса, сол уақытта оң жақ жарты шар армандауға, фантазияға, қиялға, шығармашылыққа бос болады. Клиентпен жұмыс жасайтын психологтардың айтуынша, бала ертегіні саналы вербалды деңгейде қабылдамауы да мүмкін, бірақ жұмыс бәрібір тиімді болады, яғни санасыздық деңгейде. Саналы деңгейде үнемі өзгерістер болып отырады. Осыған сәйкес нақты факттер бақыланады. Бір ертегі әр балаға әр түрліше әсер етеді, әрқайсысы ол ертегіден өзіне керектісін, өз мәселесіне өзектісін алады. Ертегілердің кейіпкерін таңдауға аса көңіл аударылады (бұл көркем өнер ертегісі немесе психологтың өзі ойлап шығарған ертегісі). Ертегіде қактығысқа

шынайы қатысы бар батырды қатыстырып және онымен ұқсас шынайы символикалық қарым-қатынасты орнату маңызды болып табылады [5, 17-19 б].

И. В.Дубровина атап айтқандай, егер де мәселелердің маңыздылығы ата-аналардың тәрбие арасындағы әдістермен сәйкес келмесе, әкесі баласына жоғарғы талаптарды қойса, онда анасы баласын үнемі қорғап, ара түседі, ал мұндай кезде ертегі сюжеті «сиқырлы корабльдегі топ мүшелері – қатаң капитаннан, капитанның жуас көмекшісі мен жұмыспен айналысып жүрген жасөспірімнен» құралған командалардан турып, өзара ауысуы мүмкін. Балаға ертегі қызық болу үшін, онымен әңгімелесу барысында қызығушылықтары мен еліктеулеріне, мәселелердің анықталуына емес, тарихты таңдау мен құру негізіндегі позитивті аспектілерге сүйену керек.

Балаға жақын түсінікті тақырыпты қолдану, балаға ертегі кейіпкерлерінің бейнесіне енуін жеңілдетіп, осылай өзінің мәселелерін салыстырып, құрылған жағдайдан шығу сияқты тиімділікті байқауға болады. Бұл бағыттың маңыздылығы жұмыс барысында психолог баладағы барлық өзгерістерді бақылауға алады, яғни мимиканың өзгеруі, пантомимика, тыныс алуын бақылау арқылы өзінің әрі жұмыс барысын жоспарлайды. Адамның көз қозғалысының өзі, оның ішкі қалпын, күйін, көздің солға және жоғары қозғалуы жаңа болашақтағы бейнені, ал солға төмен қозғалуы кинестетикалық сезінуді білдіреді.

Сонымен қатар, ертегіні айту процесінде үзіліс жасау, интонацияны өзгерту тиімді. Балалар тек ертегімен жай ойнап, жаттығуларды орындап қана қоймай, өздеріне таныс емес әлемді зерттегендей сезімді сезіну қажет. Ең маңыздысы бала ертегі әлеміне қалай енсе, психолог, тәрбиешілер және ата-аналар баланы тәрбиелеу кезінде өзіндік құндылықтарды игереді [5, 23-25 б].

Ертегі терапиясын адамның рухани жан дүниесіне үйлесе отырып тәрбиелейді. Көптеген адамдар ертегі терапиясын балалармен ғана жүргізу керек деп айтады. Соның ішінде мектеп жасына дейінгі балалармен. Бірақта, психологиялық қызмет барысында ертегі терапиясын қолданғанда адамның жасы мүлдем шектелмейді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев «Нұр Отан» партиясының жолдауынан.
2. Короткова Л.Д. Сказкотерапия в школе. Методические рекомендации – М.: ЦГЛ, 2006.
3. Зинкевич-Евстигнеева Т.Д., Грабенко Т.М. Практикум по креативной терапии. СПб, 1998
4. Ертегі терапиясы, Төлеген. А. , Қазақстан мектебі, № 8, 2012 жыл.
5. Соколов Д.М. Сказки и сказкотерапия. –М., 2014

*Ғылыми жетекші – аға оқытушы, психология магистрі Ж.Н.Керейм ағанбетова*

### **ЖЕПІСТІККЕ ЖЕТУ МОТИВАЦИЯСЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

**Жексенбай Ж. М**

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Психологиялық әдебиеттерде мотив, мотивация ұғымдарына әр түрлі анықтамалар береді. Сондықтан бұл ұғымдарды бірегей анықтау белгілі ғылыми мәселе болып табылады.

Кейбір авторлар (В.В. Юрчук, М. Кордуэлл) мотив ұғымы арқылы психикалық құбылысты сипаттаса, ал басқалары (А.К. Маркова, В.И. Ковалев) жеке тұлғаның қылықтары мен іс-әрекетті таңдау себептерін түсіндіреді. В.И. Ковалев бойынша мотивтер қажеттіліктердің жоғарғы бейнелеу формасында пайда болып, тұлғалық қасиетіне айналатын, әрекет пен адам жүріс-тұрысымын саналы ынталары болып табылады. М.Ш. Магомед - Эминов бойынша мотивация әрекетті ұйымдастырып басқарушы, ішкі және сыртқы ынталарды бір мотивациялық ынтаға біріктіруші және әрекетке байланысты белгілі жүріс тұрысты туындататын адам ағзасының психикалық және саналы реттелінуінің бір түрі болып табылады деген.

Е.П. Ильин мотиві жеке адамның ерікті саналы әрекетінің алғашқы сатысы ретінде, оны, адамды саналы әрекетке ынталандырушы күрделі психологиялық интегралдық құрылым деп белгілейді [1, 146].

Р.С. Немов бойынша «мотивация» термині қазіргі психологияда екі түрлі мағына береді: детерминантты мінез-құлықты (бұған қажеттілік, мотивтер, мақсаттар, талпыныстар жатады) білдіретін факторлар жүйесін анықтаушы ретінде және белгілі бір дәрежедегі мінез-құлықтық белсенділікті стимулдайтын процесс мінездемесі ретінде көрінеді. Көбінесе мотивацияны бірінші мағынада қолданамыз. Мотивацияны адамның мінез-құлқын түсіндіретін психологиялық мінез құлық себептерінің жиынтығы ретінде де қарастырамыз. Оның бастау көзі – бағыттылық пен белсенділік [2, 296].

Мотивация психология ғылымында жеке бастың мінез-құлқы, іс-әрекеті мен белсенділігін реттейтін фактор ретінде қарастырылады. Ал жеке тұлғаның іс-әрекеттің қандайына болсын мотивациялық ерекшеліктерін ескермей әлеуметтік психологиялық тиімді өзара әрекет, қатынас жасау мүмкін еместігі белгілі. Әрбір жеке тұлғаның мотивациясы өзіндік сипатқа ие болатындықтан, нақтылы фактілер мен заңдылықтарды талқылауға өтпей тұрып, негізгі ұғымдарды анықтап алу керек.

XX ғасырдың 30-жылдарынан бастап тек адамға ғана қатысты мотивация концепциялары бөлініп шыға бастады. Алғашқы осындай концепциялардың бірін К. Левин ұсынды. Ізінше гуманистік психология өкілдері А. Маслоу, Г. Олпорт, К. Роджерс мотивация ұғымын анықтайтын өз еңбектерін жарыққа шығарды. А. Маслоу адам

қажеттіліктерін иерархиялық тұрғыдан қарастыра отырып, қажеттіліктердің индивидуальды даму үрдісінде пайда болатынын атап көрсетті.

20 ғасырдың екінші жартысында мотивациялық концепциялар Д. Мак-Клеланд, Д. Аткинсон, Х. Хекхаузен, Г. Келли, Ю. Роттер еңбектерінде толықтырыла түсті. Біз мотивті іс-әрекетті оятушы күш және ол белгілі қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталады; мотив ретінде жеке тұлғаның қызығушылықтары, әлеуметтік құрылымдар, құндылықтар, идеалдар әсері алынады деген пікірді ұстанамыз. Мотивтің мотивациядан айырмашылығы, мотив – субъектінің тұрақты, жеке басына тән қасиеті және белгілі бір іс-әрекет жасаудағы ішкі оятқыш күші болып табылады. Қандай болмасын объектінің себебін білмей тұрып, адамның бір мақсатқа жетем деген ойын қалайша тоқтата алатынын және оның мінез құлқының мән-жайын толық түсіну қиын болады. Түрлі жағдайлардың әсер етуіне қарай. Адам психологиясы әр-түрлі өзгерістерге түседі. Осыған орай оның түркілері де мақсатқа жету үшін қажетті шаралары да өзгеріске түседі. Мотивтің өзгеруі іс-әрекеттің бағыт бағдарына нәтижесіне әсерін тигізеді. Жеке адамды қандай болмасын әрекет не итермелемейтін қозғаушы күш-мотив, оның түрлі қажеттері, яғни бір нәрсеге мұқтаждануы. Адамның қажеттері қоғамдық еңбекте, еңбек ету процесінде қалыптасқан. Сыртқы ортамен байланыс жасауда адамның өмір сүруі үшін ең алдымен ерекше маңызды материалдар қажет (тамақ, баспана, киім, еңбек құралдары т. б.) болады.

Басқа да қажеттілік түрлерін:

- 1) Қауіпсізден қажеттілігі;
- 2) Сыйласымдылық қажеттілігі;
- 3) Басқару қажеттілігі;
- 4) Тәуелсіздік қажеттілігі;
- 5) Жетістікке жету қажеттіліктері [3, 376].

Адамның алдына әр түрлі мақсат қоюға себепші болатын – түрткі, қажеттіліктер. Осы қажеттіліктерді орындау барысындағы жағдайлармен индивидтің өзара әрекеттестігін мотивация деп атаймыз. Адам қажеттің өтеуі үшін бар мүмкіндігін пайдаланып, бұл оның белсенді іс-әрекет етуге талпындырады.

Мотивация мәселесіне байланысты көпшілік зерттеулерде негізгі рөл мотивацияны іс-әрекетпен байланыстырып талдауында деп тұжырымдауға болады.

Әр түрлі бағыттағы зерттеу жұмыстарының авторлары (А.Н. Леонтьев, С.А. Рубинштейн, Л.М. Якобсон, Д.И. Узнадзе, В.И. Ковалев) мотивацияның құрылымын тұлға іс-әрекетінде байқала дамытынын көрсетті. Кез-келген іс-әрекет белгілі бір мотивтерден туындайды да, белгілі бір жағдайларда өтеді. Мотивтер, қажеттіліктер және мақсаттар – адамның мотивациялық сферасын құрайтын негізгі элементтер. Адамдардың қажеттері – іс-әрекетінің қайнар көзі, бастамасы болады [4, 196].

Әрекет дегеніміз түрлі қажеттерді өтеуге байланысты белгілі мақсатқа жетуге бағытталған үрдіс. «Жетістік» түсінігі біздің өмірімізге енді. «Жетістік» және «жетістікке жету» феноменіне философтардың, психологтардың, әлеуметтанушы және педагогтардың көптеген еңбектері арналған.

Философиялық еңбектерде жетістік деген не жанама және тура анықтауға талпыныс жасайды, сонымен бірге белсенділік, ерік жігер, әрекет, тұлға ұғымдары да қарастырылады. К.А. Абульханова-Славская ойынша, белсенділік түсінігі «тұлға өзін іс-әрекетте қалай объектілерді» қарастыруға мүмкіндік берді. Қазіргі ғалымдардың көпшілігі іс-әрекет құрылымы мынандай элементтерді қамтиды, мақсат- мотив- тәсіл- нәтиже. Философтар Н.Н. Трубников, О.Г. Юдин мақсаттың және іс-әрекет нәтижесінің сәйкес келмеу мәселесін анықтады, мақсат қоюшылықта нақты мақсаттарды жүзеге асыратын барлық шынайы салдарды есепке алу мүмкін емес деген. Іс-әрекеттік тұрғыдан қарағанда жетістік - мақсаттың және нәтижелердің жоғары көрсеткішке сәйкес келу болып табылады.

Д.К. Мак-Клеландтың мотивация-лық теориясында адам мотивтері мен қажеттіліктерін жүзеге асыру мүмкіндіктері, жетістікке жетуге ұмтылу, негізгі мотивтік түрткі болып, қанағаттанушылық пен нәтиже түрлерінің болуын жатқызған жетістікке жету мотивациясы қоғамдық тарихи жағдайлармен байланысты қарастырылып, қоғамдағы экономикалық даму, жетістікке жету мотивтерінің ұлттық деңгейімен” айқындалады деген қорытындыға келген [5, 576].

Жалпы, жетістікке жету мотивациясы бұл адамның қандай да бір іс-әрекетті сапалы және жақсы орындап, өзінің іс-әрекетінің нәтижелерін жақсарту болып табылады.

Ал жетістікке жету мотивациясы жоғары адамдардың мақсат және міндеттерді қоюда өзінің мүмкіндіктерін шынайы бағалайды, қиындықтарды жеңуге ұмтылып, іс-әрекетте жоғары нәтижелерге жетуге тырысады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Гордеева Т.О. Мотивация достижения: теории, исследования, проблемы // Сов-ременная психология мотивации /под ред. Д.А. Леонтьева.– М.: Смысл, 2002. –с. 47-103.
2. Хекхаузен Х. Мотивация и деятельность. - 2-е изд. - СПб.: Питер. - М.: Смысл, 2003.
3. Хекхаузен Х. Психология мотивации достижения. Пер.с англ. –СПб.: Речь, 2001.- 240 с.
4. Занюк С.С. Психология мотивации. –Киев, 2001.- 351 с.
5. Ильин Е.П. Мотивация и мотивы. – СПб.: Питер, 2002.- 508 с.

## ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫ ӨТКІЗУДІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Қожалиева Т. А

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Халқымыздың тарихи мәдени мұраларының түрлері сан алуан солардың қай-қайсында адамға, соның игілігіне қызмет етуге бағытталған.

Осындай аса құнды игіліктердің бірі-ұлт ойындары. Бүгінгі таңда ойынды халық педагогикасының құрамды бір бөлігі деп тегін айтпаса керек.

Қазақ халқы материалдық мұраларға мәдени қазыналарға да аса бай халықтардың бірі болып табылады. Сондай қомақты дүниелер қатарына ұлт ойындары да жатады.

Ұлттық ойындардың адамға тигізетін пайдасын халық ертеден-ақ білген. Ойындар атадан балаға, үлкеннен кішіге мұра болып жалғасып, халықтың дәстүрлі шаруашылық, мәдени, өнер тіршілігінің жиынтық бейнесі әрі көрінісі болған. Қазақтың ұлттық ойындары жүгіру, секіру элементтеріне бай. Ойындарды көп ойнап, жүгіріп, далада, таза ауада жүру – жас ағзаның дұрыс та сергек өсуінің көзі болған және де балалар ойын ойнаған кезде ерлікті, өжеттікті, батылдықты, шапшаңдықты сонымен қатар, мінез-құлық ерекшеліктерін, білек-күшін, дененің сомданып шынығуын қалыптастырады. Сондықтан ұлттық ойындарды оқу-тәрбие үдерісінде пайдалану қоғамымыздың ұлттық идеологиясын нығайтудағы өзекті мәселелердің бірі.

Бүгінгі жас ұрпаққа үлгілі, өнегелі тәрбие беру – қазіргі қоғамның басты міндеттердің бірі. Ойын арқылы бала қоршаған ортаны өз бетінше зерделейді, өзінің өмірден байқағандарын іске асырып, қоршаған адамдардың іс-әрекетіне еліктейді.

Ұлттық ойындардың тәрбиелік маңызы туралы М.Жұмабаев ойындарды халық мәдениетінен бастау алар қайнар көзі, ойлау қабілетінің өсуі қажеттілігі, тілдің, дене тәрбиесінің негізгі элементі деп тұжырымдайды. Қазақтың белгілі ғалым ағартушылары А.Құнанбаев, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин халық ойындарының балаларға білім берудегі тәрбиелік мәнін жоғары бағалап, өткен ұрпақтың дәстүрі мен салтын құрметтеп, адамдардың ойы мен іс-әрекетін танып түсінуде жастардың эстетикалық, адамгершілік ой талабының өсуіне, оның атқаратын қызметін жоғары бағаласа, Е.Сағындықов өз еңбегінде: «Қазақтың ұлт ойындары тақырыпқа өте бай және әр алуан болады», - дей келіп, ұлт ойындарын негізінен үш салаға бөліп топтастырған Ғылымның қай саласы болмасын өз тарихын терең зерттеп алмайынша алға баспайды. Демек, зерттеуді өз тарихынан бастау ғылыми жетістіктерін игерумен қатар, оның одан ары бастауына үлкен мүмкіндіктер туғызады.

Оқушылар мен жасөспірімдер ойнайтын мына ойындар көрсетілген: «Орамал тастау», «Сақина салу», «Көкпар тарту», «Хан талапай», «Көрші», «Қимақ» және т.б.

Ойын –оқушылардың негізгі іс-әрекеттерінің бір түрі. Оқушы өмірі ойынға байланысты. Оқушы ойынсыз өсіп-өркендей алмайды. Бұл өмірдің заңдылығы. Еңбек үстінде адамның көптеген ерекшеліктері дамиды, өмір сүру барысында ол түрлі жолдармен жорыққа шығады. Мысалы, үлкендер өздеріне тән ерекшеліктерін еңбектену барысында көрсете, ал мектеп оқушылары сабақ үстінде, ойын үстінде көрсетеді [1, 5-76].

Ойын –оқушылар үшін күрделі әрекет. Оқушылар білімді ойын арқылы да ала алады және үлкендерден үйренеді. Сондықтан сабақтағы ойын арқылы білімін шындап, ой-өрісін кеңейте алады. Ал ойының өз мақсаты, жоспары, тәрбиелік мәні, қажетті заттары, ерекшеліктері болады. Сол ойын арқылы оқушы өмірден көптеген мәліметтер алады, психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады. Оқушының жас ерекшелігіне, зейніне сай, әдейлеп ұйымдастырылған ойындар оқушының ақылы, дүниетанымын кеңейтеді, мінез құлқын, ерік-жігерін қалыптастырады және де сабаққа деген қызығушылығын арттырады.

Аса ірі психологтардың айтуы бойынша, оқушы ойын үстіне қандай болса, өскенде еңбек үстінде сондай болады - дейді. Сондықтан ойын адамның алғашқы қадамы. Оқушының өмірі қоршаған ортаны танып білуі еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері ойын үстінде қалыптасады. Ойын барысында өздерін еркін сезінеді, ізденпаздық, тапқырлық әрекетті байқалады. Ойын үстінде өмірдің өзіндегідей қуанып, ренжиді. Сондықтан мұғалім оқушыны сабақта талабын шаттандыратындай, ойын оятатындай, іскерлігін дамытатындай, болу керек. Оқушылардың ой-өрісінің белсенділігін, саналы ойлана білуін дамыту-жетілдіру, мұғалімнің негізгі міндеті Сағындықов Е. [2, 56 б].

Ойын оқушылар арасындағы дұрыс қарым-қатынастарды тәрбиелеу құралы ретінде таптырмайтын әдіс болып саналады, оның орнын басқа ешқандай да әдіс-тәсіл ауыстыра алмайды. Е.И.Удальцова [3; 47 б.] ойын арқылы балалар жолдастарына нақты қарым-қатынастар көрсететіндігін, адал және әділетті болуды үйренетіндігін, қажет болған жағдайда олардың айтқанына көнетіндігін, қиын-қыстау жағдайларда көмектесуді үйренетіндігін айқындады.

Ой-өрісін жандандыруға ұлттық ойындардың ықпал етуі біздің зерттеуіміздің нысаны болып табылатындықтан, оқу үрдісінде ұлттық ойындарды пайдалануға арналған әралуан әдіс-тәсілдерді егжей-тегжейлі қарастырамыз.

Қазақтың ұлттық ойындары өзінің мазмұнында халқымызға тән ерекшеліктерді, салт-сананы, дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды енгізе отырып, ғасырдан-ғасырларға беріліп, бүгінгі біздің өмір сүріп отырған уақытымызға дейін жетіп отыр, ол өз сабақтастығын бізден кейінгі ұрпақтарға да жалғастырмақ. Қазақтың ұлттық ойындарының

да өзіндік тарихы, даму жолдары, қалыптасу кезеңдері бар. Қазіргі кейбір тарихи деректерге қарағанда, бізге жеткен ұлттық ойындарының біразы сонау көне заманнан бері келе жатқаны белгілі болып отыр.

Ойын қарқыны мектеп оқушыларын жылдам және шапшаң түрде ойлана білуге үйретеді. Олардың тілдік жадыларының даярлықтарын жаттықтырады,

сөйлеу қарқынын дамытуға мүмкіндік береді. Сабақта ойнай отырып оқушылар өздерінің ойларын жеткізуге машықтанады, осының арқасында олардың сөйлеу тілдері бірте-бірте автоматтандырылады. (К.А.Родкин) [4, 87 б.].

Осылайша ойындар мен оны оқу үрдісінде пайдалануға қатысты соңғы зерттеулердің барлығын талдап, қорытындылай отырып төмендегілерді айтуға болады:

а) Ұлттық ойындар ойлау, ерік, назар, сөйлеу, моторика сияқты психикалық үрдістерді жандандырады.

б) Сабақтағы ойын жағдайларында мектеп оқушысы ой-өрісінің даму жағынан терең қанағаттану сезімінде болады және бұл оқудың тұлғалық мәнінің ұлғаюына мүмкіндік береді.

в) Ұлттық ойындардың жемісті және сәттілігі мектеп оқушыларының ойын үрдісіне қызығушылығымен, ойынға қатысушылардың өз білімдерін шығармашылық пен пайдалануға ұмтылысымен байланысты.

г) Ұлттық мазмұнды ойын есептер ой-өрісті жандандыру құралы ғана болып табылмайды, ол эстетикалық және мінез-құлықты тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

Ұлттық ойын – оқушылардың оқу әрекетін, ой өрісін жандандырады, еңбекте дербестік пен инициативаны, жолдастық пен өзара көмекті дамытуға жол ашады. Ұлттық ойынның ең басты ерекшеліктерінің бірі балалардың білімді игеруде ақыл ой қызметін дамыта отырып, өзара қарым-қатынас жасауға жеткен жетістіктерінің көрсеткіші [5, 24 б.] .

Ұлттық ойынның негізгі мақсаты оқыту барысында баланы қызықтыра отырып, білімдік, тәрбиелік мақсаттарына жеткізеді. Ұлттық ойынтәрбие құралы, ақыл ойды кеңейтіп тілді ұстартады, сөздік қорды байытады, ойлау процесін дамытып, сезімдерін күшейтеді.

Қорыта айтқанда ұлттық ойындар - салауатты өмір салтын мұрат тұтқан арманшыл, елі мен жерінің қамын ойлайтын, ұлтқа тән барлық қасиетті қадір тұтатын, дара тұлға – жаңа адамды тәрбиелеп шығарудың маңызды құралы. Сабақ барысында немесе сабақтан тыс кезде баланы ұлттық ойын арқылы өмірге тәрбиелеу үздіксіз процесінің жалғасы. Халықтың ұлттық ойындары - жас ұрпақтың қалыптасып өсіп-өнуіне әсер ететін факторлардың бірі және дәстүрлі мәдениетіміздің бір бағыты. Ойын - дене қозғалысы, шыныққан денесінің шеберлігі, көңіл көтеру, дем алу, бас қосып бірлесіп әдет-ғұрыпты жалғастыруға үндесу. Мектепте оқушыларға ұлттық ойындардың құндылығын насихаттаумен қатар, оларды қолданудың озық тәжірибелерін жинақтау және дамыту керек.

Ұлттық ойындар – ата-бабамыздан бізге жеткен мұра сияқты өткен күн мен бүгінгіні байланыстыратын баға жетпес байлығымыз, асыл қазынамыз, өнеріміз. Сондықтан оны үйренудің, күнделікті өмірде пайдаланудың пайдасы орасан зор. Ойын баланың алдынан өмірдің есігін ашып, оның шығармашылық қабілетін оятып, бүкіл өмірімен жалғаса береді. Ойын сан ғасырлар өтсе де адамзат баласына ақыл-ой жетекшісі, денсаулық кепілі, өмір тынысы болып қала береді.

Ойын баланың денесін, тұлғасын жетілдіріп, дамытып, қоймайды. Сонымен бірге ақыл-ойын, ұлттық рухын, сана-сезімін, намысында қалыптастыратын тәрбие құралы.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Керімбаева Р.Қ., Жиеналиева Р.Д. Бастауыш сыныпта ұлттық-дидактикалық ойындарды пайдалану. //Қазақстан мектебі. -2006.-№10.-Б. 24-25.
2. Құрманбаева С.К. Ұлттық ойындардың бүгінгі мен келешегі / Қазақстан мектебі. - Алматы, 2004.
3. Несіпбаев Б.К. Ұлт мәдениеті мен өнері / Білім. - Алматы, 2003.
4. Атабаев А.С. Ұлттық ойындар - халық мұрасы /Ұлт тағылымы. – Алматы, 2006.
5. Наурызбаев Ж. Ұлттық мектептің ұлы мұраты / Ана тілі. - Алматы 1995.
6. Сағындықов Е. Қазақтың ұлттық ойындары / Оқулық. - Алматы, 1991.

*Ғылыми жетекші – аға оқытушы, психология магистрі Ж.Н. Кереймағанбетова*

### **ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ ҚАҚТЫҒЫС МӘСЕЛЕСІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ**

**Муратбаева Н. А**

ҚЖұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Жер шарындағы адам өміріне және адамдардың қалыпты өмірін қалыптастырушы элементтер қатынасы сақталған. Ол элементтер бізді қоршап тұрады және әрқайсымыздың ағзамызда бар.

Қақтығыс мәселесі психология ғылымының мәселесінің бірі болып табылады. Адамдар арасындағы қарым-қатынас адамға тән табиғи ерекше қажет.



Кез-келген топта болсын оның психологиялық ортасы болады, оның ішінде жеке адамдар арасындағы қарым-қатынасы ерекше орын алады. Топтағы қақтығыс—ол күрделі мәселе. Топтық қақтығыстың пайда болуы әр түрлі. Ал оның жағымды, жағымсыз әсері бар екені белгілі. Топ дегенде біз бірнеше топ еске түседі. Оларға келетін болсақ кіші топ, үлкен топ, ресми және ресми емес, шартты топ, этикалық және тағы басқа. Осы топтар ішіндегі қақтығыс үнемі кездесіп отырады. Топ ішіндегі жеке адамдар қарым-қатынас жасау мәселесі күн сайын өте күрделене түскен әлеуметтік мәселе [1, 76]

Себебі адамдардың психологиялық мінез-құлқы әр түрлі. Жеке адамға тән психологиялық ерекшеліктерін біз адамның бойында қалыптасқан әлеуметтік қасиет деп айтуға болады. Топ ішіндегі қалыптасқан мінез-құлқы сипаттары шұғылданған іс-әрекет түрлеріне сәйкес өзіндік ұстанымдары болатынын көрсетеді. Олардың әрбір нәрсе мен оқиға, қарым-қатынасы, білім деңгейі, түрлі жаңалықтар түрлеріне әсерленіп, қабылдауы, сезініп түсінуі әрқалай. Қоғам—бұл адамдардың тіршілік етуі, әрбір адам қоғамның мүшесі ретінде танылады. Адамның топ ішіндегі өзіндік ерекшелік бейнесі, «мен» - бейнесі, өзіндік мінез-құлқы мен іс-әрекетін, сол топ ішінде нендей қызмет атқарып, қандай орын алатынын көрсететін кез-келген адамның даралық сипаты.

Адамның дара басына тән қасиеттер мен сипаттар, оның ерекшеліктері өмір кезеңдеріндегі түрлі топтар арасында қалыптасқан мінез-құлқын көрсетеді, сол мінез ерекшеліктерінің қандай топтар мен ұжым арасындағы өмір кешкені жайында белгісіз қалдырып отыратын бейнелерден құралатын мінез енді әр түрлі ортаға бейімделіп тіршілік етуі оның психологиялық өзіндік портреті жасалады.

Жеке адам арасындағы күнделікті қарым-қатынаста бір-бірінің кем-кетігі мен мінезіндегі жағымсыз қылықтарын көзіне нұқып айту, не бөтен адамдар арасында әшкерлеу оның наразылығы мен реніш сезімінің шиеленістіре түсетін өзінің себептері болады. Екі адам арасындағы қақтығыс сол топтағы басқа адамдарға да теріс әсерін тигізеді. Адам арасындағы қарым-қатынас қақтығысқа тікелей әсер етеді. Топтағы қақтығысты шешудің әр түрлі әдістері бар. Сол әдістерді шебер қолдану, оны жүзеге асыру бірден бір әлеуметтік психологиялық мәселе болып табылады. Қақтығыс—адамдар арасында көп

кездесіп, көп айтылатын контакт формасы. Бұл форма көптеген жерлерде кездеседі. Бір жағдайда қақтығыс күресте кездеседі. Ол жағдайда қарсыластар бірін-бірі әлсіздендіруге қолданылады. Бұған мысалға біреу екінші біреуді аңду, оған өтірік жала жабу жатады. Ал қақтығыстың екінші формасы боксер немесе фехтовальщиктер жекпе-жектеріне ұқсайды. Мұнда партнерлардың әрқайсысы өз басымдылығын көрсетуге тырысады. Кей кезде бұл қақтығыстар өзіне бағындыру, өзінің қызығушылығы үшін басқаларды пайдалану мақсатында болады.

Ғылыми-әдістемелік, педагогикалық-психологиялық әдебиеттерде ғылыми халықаралық термин—конфликт қазақ тілінде қақтығыс, егесу, керісу, жанжал, дау-жанжал, тартыс деген мағыналарда жиі қолданылады. Бұл аталған ұғым, түсініктер оқушыларға білім беру, оқыту, үйрету барысында, оларды тұлға ретінде қалыптастыруда, олардың мәдени қарым-қатынасында, мінез-құлқында жиі көрініс табатыны белгілі.

Оқушылардың даму процесінде, олардың жас және жеке педагог-психологиялық ерекшеліктеріне байланысты, олар арасындағы қақтығыс және оның басқа түрлерінің келіп шығуы, пайда болуы табиғи нәрсе екендігін де ұнытпаған жөн.

Ғылыми-педагогикалық және психологиялық туындыларға сүйене отырып, қақтығыс (конфликт)тің мынадай түрлерін атауға болады: «тұлғааралық қақтығыстар, отбасындағы (ерлі-зайыптылар) қақтығыстар, басшы-бағынушылар» арасындағы қақтығыстар, әлеуметтік топтар арасындағы қақтығыстар, саяси және мемлекетаралық қақтығыстар және т.б. Сонымен қатар, педагогикалық мамандыққа қатысты «педагогикалық еңбек, қызметтегі қақтығыстар», инновациялық (жаңалықтар енуімен байланысты) қақтығыстар»ды өз алдына бөліп жеке қарастыруға да болады [2, 596].

Қақтығыс, конфликт адамдар арасындағы қарым-қатынас психологиясының негізгі бір компоненті болғандықтан сол ұнамсыз қатынастың келіп шығу себептері, факторлары, жағдайлары, оның түрлері, технологиясы мен механизмі, көріністері, дамуы немесе тежелуі, оларды болдырмау немесе шешімін табу жолдары сияқты мәселелерге жан-жақты тоқталамыз. Мамандық саламызға сай тұлғааралық қақтығыстар мәселесі терең де жан-жақты қамтылады.

Психолог-ғалымдар тұлғааралық қақтығысқа мынадай анықтамалар береді:

«Екі күшті, бірақ қарама-қарсы бағыттағы пікір-көзқарастың қақтығысуы, тартысы» (А. Лурия);

«Тұлғаның терең және өзекті себеп (мотив) және қатынастардан қанағаттанбау нәтижесі» (В. Мерлин);

«Санада ерекше құндылықтар ретінде қалыптасқан екі ішкі сезім-түсініктің тоқтығысуы» (Ф. Василюк және т.б.);

Сонымен, қорыта айтқанда, тұлғааралық қақтығыс дегеніміз — «Адамның ішкі сезім дүниесінің ұзақ созылған арпалысынан, күресінен пайда болған, тұрмыстық ортаның қайшылықтарын аңғартатын, шешімі әлі табылмаған тұлғаның уайым, ренжуі» [3, 396]

Қақтығыстың әр түрлі формалары арасында конструктивті және құнды қақтығыстар кездеседі. Олар басқа адамдарға да, қоғамға да әсер етеді. Конструктивті интеллектуалды қақтығыстар әртүрлі позициялар адамға белгілі бір пайда, қанағаттанушылық береді, әлемдегі жағдайларды жақсарта алады. Қақтығыс жағдайындағы қатынас жеке тұлғалар арасындағы айырмашылықтар уақытында пайда болады. Қақтығыс жағдайлардың, сезімдердің, мақсаттардың, талпыныстардың, мінез-құлқы моделінің, ойлау тәсілдерінің сәйкес келмеуінен туындайды.

Өмірде келіспеушілікті, қақтығыстарды кездестірмеуге болмайды. Бірақ та көп жағдайларда қақтығыстардан туындайтын мінез-құлқы стереотиптері адамға әсер етеді. Олар: қорқыныш, өшігу, қауып төну.

Егер бұл күйзелістер тым күшті және көп уақытқа созылса, олар адамда қорғану реакциясын туғызады. Онда ойлау қабілетінің төмендеуі, іс-әрекетінің, сезімдерінің өзгерісі байқалады.

Қақтығыс проблемалары бойынша бірқатар зерттеу жұмыстары атқарылды. Оның ішінде М.П. Фоллет, Д.Л. Аустин, Ф. Ротлисбергер, В. Диксон, В. Скотт, Т. Парсонс, Р. Дарендорф, Л. Козер, В.В. Дружинина, Д.С. Конторов және тағы басқалардың жұмысын атап өтуге болады. Бұлардың бәрінде де қақтығыс мәселелерінің сан-салалары зерттелген. Қақтығыс проблемасы кейінгі жылдары көптеген ғалымдардың зерттеу объектілері болды. Бірқатар зерттеулерде қақтығыстардың әдіснамалық, теориялық мәселелері қарастырылады (В.П. Ратников, О.Н. Громова, А.В. Дмитриев, Г.В. Атаманчук және т.б.), кейбіреулерінде конфликтінің бағыттарын шешу жолдары қарастырылды (Л.А. Тихомиров, М.Н. Руткевич, А.М. Яковлев және т.б.). Бұл зерттеу еңбектері психология ғылымында ерекше құнды болып табылады, олар ғылымдардың дамуына айтарлықтай үлес қосып, практикалық мәнге ие болды. Олардың әрқайсысы қазіргі таңда ғылым үшін пайдалы, әрі қоғам дамуының талабына орай өте қажет. [4,146]

Қақтығыстар пайда болған сәтте-ақ шешуге болады, ол үшін осы топты, ұжымды құрастыратын адамдар арасындағы байланыстарды және қатынастарды жүйелі түрде терең талдап тұру қажет. Енгізіліп жатқан өзгерістердің салдарын алдын ала ойластыру да қақтығыс жолы. Әр адам өз сөздері мен қадамдарын жан-жақты тексеріп алса—қақтығыс шиеленісуі жоқтың қасы болар еді.

Қақтығыстардың арақатынас себептері—адамдардың билікке таласуы, біріне бірі қоятын қарама-қарсы талаптары, әміршіл тәсілдермен бағындыруы, «екіжүзді» моральды қолдануы.

Адамдар арасында шындығында не болып жатқанын білу, ақ-қара, жаман-жақсы категорияларға бөлу арқылы күрделі құбылыстарды түсіну қиынға түседі. Бұлай ойлау адамдар арасында кінәларды іздеу, оларға қолданатын жазаларды ойластыруға әкеліп соғады. Психологиялық тұрғыдан алғанда қақтығыс адамдардың санасындағы, қатынастарындағы жағымсыз сезімдермен байланысты қарама-қарсы бағыттардың тоғысуы.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. А. Я. Анцунов, С. Б. Баклановский: «Конфликтология» Питер, 2007, 127 бет
2. Александрова Е.В. Социально-трудовые конфликты: пути разрешения. – М., 1993.
3. Андреев В.И. Конфликтология: искусство спора, ведение переговоров и разрешение конфликтов. Казань, 1992.
4. Анцупов А.Я., Шипилов А.И. Конфликтология: Учебник для вузов. – М.:ЮНИТИ, 2000.

*Ғылыми жетекші – аға оқытушы, психология магистрі Ж.Н.Кереймағанбетова*

### **ДАМУЫНДА АУЫТҚУШЫЛЫҒЫ БАР БАЛАЛАРҒА ТҮЗЕТУ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗУ.**

**Файзолла Г.Қ.**

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің 2 курс студенті

Аннотация. Бұл мақалада балалардың ақыл – ой дамуындағы психикалық ауытқулар жайында ой қозғалған. Қазіргі қоғамда ауытқушылыққа ұшыраған балалармен түзету жұмыстарын жүргізу жайында айтылған.

В статье представлены психические расстройства в умственном развитии

детей. О проведении коррекционной работы детьми с отклонениями в современном обществе.

The article presents mental disorders in the mental development of children. About carrying out corrective work with children deviations in modern society.

Тірек сөздер: соматикалық аурулар, дефектолог, олигофренолог, методологиялық концепция.

Қазіргі қоғамда дамуында ауытқуы бар балалардың санының көбею мәселесі көптен бері педагогтардың, психологтардың, дәрігерлердің және социологтардың көңілін алаңдатуда. Олар дамуы артта қалған балаларға жатпайтын, бірақ білім деңгейі шектелген балалар категориясын ашып тапты және оларды «Психикалық дамуы кешеуілдеген (ПДК)» деп атады. Дамудың алғашқы және туынды кемістігі туралы ұғымды Л.С.Выготский енгізді. Туа бітті кемістіктер алғашқы кемістіктерден туындамайтын бірақ солардың негізінде қалыптасатын (саңыраулардың сөйлеуінің бұзылуы соқырлардың бағдарлау қабілетінің бұзылуы) психикалық жетіспеу және әлеуметтік негізден алыс болса, оны психологиялық түзету оңай болады.[1]

С. Певзнер және Т.А. Власова (1968, 1973) ПДК баланың жеке бас қалыптасуындағы эмоциялық даму рөліне көңіл аударды. Баланың ПДК – ананың жүктілігінің алғашқы айларында түрлі патогендік факторлар арқылы орталық нерв жүйесіне әсер етілген қолайсыз жағдайлар арқылы пайда болатындығын анықтайды. Сонымен қатар, ПДК психологиялық-педагогикалық түзетумен қатар, емдеу шараларын да жүргізілу керектігі айқын болды.[2] Кемістігі бар балалардың дүниеге келуі қазіргі таңда көптеген факторлардың әсерінен болып жатыр. Мысал ретінде айтатын болсақ:

1. биологиялық;
2. генетикалық;
3. қоршаған орта;
4. мидың зақымдануы;

5. соматикалық аурулар;

6. әлеуметтік факторлар;

Қазіргі таңда кемтар балалардың дүниеге келуі осы факторларға байланысты.

Айта кететін мәселе қазіргі таңда кемтар балалардың санының көбеюі : тұқым қуалайтын гендік мутацияларға; жүкті кезіндегі ана тарапынан дұрыс күтімнің болмауы және әр түрлі жұқпалы ауруларды жұқтырып алуы; эндокриндік аурулар; ата – ананың резус факторының сәйкес келмеуі; ата – ананың маскүнемдік пен нашакорлыққа салынуы; нашакорлық пен маскүнемдік еліміздегі басты мәселелердің бірі; жүктілік кезіндегі токсикоз; ананың соматикалық ауруға шалдығуы; мидың зақымдануы; туу патологиясы; Осының барлығы болашақ бала денсаулығына үлкен қауіп төндіреді. Сол себептен қазіргі таңда психолог ғалымдардың зерттеулеріне сүйене отырып денсаулығы нашар балаларға түзету жұмыстарын жүргізудің алдын алу шаралары жүргізіліп жатыр. Келесі жағдайлар бойынша оларға түзетету жұмыстарын жүргізуге болады:

1. Арнайы мекемелер құру және соған сәйкес тәрбиелеу жұмысын ұйымдастыру;

2. Бұндай балармен және ата – аналарымен тығыз қарым – қатынас орнату;

3. Оқу және тәрбиелеу жұмыстарын балаларға артық салмақ түсірмейтіндей етіп ұйымдастыру;

4. Олардың белсенділігін және еркіндігін көтеретін әр түрлі әдіс тәсілдер жүргізу;

5. Балалардың мүмкіндіктерін тиімді пайдалану үшін арнайы жабдықтар мен оқу құралдар жүйесін, түрлі техникалық құралдарды кеңінен пайдаланы;[3]

Қазіргі таңда кемістігі бар балалардың әр түрлі топтарын ескере отырып, сонымен қатар әр баланың ерекшеліктеріне тірек қоя құрастырылған коррекциялық-тәрбиелік жұмысты қалпына келтірудің, түзетудің және функциялардың қызметін орнына келтірудің маңызды шарты болып табылады.

Кемістікпен дамудың таза мөлшерлік шектеуге әкеліп тіреуге болмайды. Себебі мұндай даму сақталып қалған мүмкіншіліктерге сүйенетін ерекшеліктерге машықтанады. Арнайы оқыту мен тәрбиелеу жағдайында кемістігі бар балалардың биологиялық жетіспеушілік кедергілері тегістеліп, атап өтіледі. Дефектолог маманның методологиялық концепциясы осыған негізделген. Бұл концепция кемістіктің алдын алуға, баланы әрі қарай тұлға болып қалыптасуына септігін тигізеді. Кемістікпен дамудың сапалық ерекшеліктерін танудың принциптері мен әдістері дефектологияның зерттеу пәні болып табылады.

Қазіргі кезде Қазақстанда жүзге жуық арнайы түзету мектептері бар. Бұл мектептерде орыс және қазақ тілдерінде білім беріледі. Республикамыздағы арнайы мектептер балаларға білім беруде және тәрбиелеуде көптеген жетістіктерге жетті. Арнайы мектептің педагогикалық

ұжымы білім беруде және тәрбие дәрежесін көтеруге өз үлестерін қосты. Бұл ұйымдарда дефектолог, психолог, әлеуметтік педагог, олигофренолог мамандар бірлесе отырып жұмыс жасайды. Арнайы мектеп, жалпы мектептің тәрбиелік міндеттері бірдей. Арнайы мектептің тәрбиелік проблемаларына оқушының жеке ерекшеліктері, кемістіктері бүрделеніп, әлеуметтік, экономикалық, мәдениеттік жағынан жанұя, кемістіктің құрамы, жас ерекшеліктері, тәрбиешілердің арнайы білімдерінің жоқтығы жатады.

Сондықтан тәрбие процесі мұғалім мен тәрбиешінің жұмысына байланысты. сондықтан біз, яғни келешек ұрпақтың мақсаты – мүмкіндігі шектеулі бала – болашақта қандай адам болатыны педагог пен тәрбиешінің жұмысына байланысты. Ұжым тұлғаның мінезіне толығымен әсерін тигізеді. Л.С.Выготскийдің айтуы бойынша «Ең бастысы – адам ұжымда қалыптасады, сол себептен бала ұжымын тәрбиелеу басты міндет болып табылады». Тәрбие процесін жүргізу үстінде тұлғаның жағымды жақтарын айқындау қажет және де есту мүшелері зақымданған балалардың қалыпты қызметке сүйене отырып, түзету жұмыстарын жүргізу керек.

Қазіргі уақытта арнайы түзету мектептерінде, жалпы мектептегідей сынып жетекшісі оқытады және тәрбиелейді. Сынып жетекшісі – өзінің сыныбына тәрбие жұмысын қалыптастыру болып табылады. Арнайы мектеп оқушылары қозғалып болып келеді. Мұғалімдерді тыңдамай, жан-жағына алаңдап, қасындағы жолдасына жұмыс жасауына мүмкіндік бермей, кедергі келтіреді. Осы себептен арнайы мектепте тәрбие мазмұнының рөлі аса зор. Мұғалім оқушыға тек бір жақты қарамай, оның мінез-құлқына, кемістігіне, дәрежесіне, денсаулығына аса зор мән беруі қажет. Кейбір есту қабілеті зақымданған балалар қарапайым нәрсені орындаудан бас тартады. Мұндай кезде мұғалімнің талап қойғыштығы болуы керек. Балаға бас салып ұрыспай, оған түсіндіру, дұрыс жолға бағыт беруі тиіс.

Церебралды органикалық негізде пайда болған ПДК балалардың таным әрекеттері бұзылған, ойлау, зейін т.б. жеткіліксіз деңгейде, баяу қимылдайды, бір істен екінші іске ауысуы да жай, төмен. Тіпті оңға-солға бағдарлану, жазу, қағаз бетінде бағдарлану да қиынға соғады. Мектеп жасына дейінгі балаларды арнайы оқытудың және тәрбиелеудің негізгі міндеті ақыл-есі кем балаларды мектепке дайындау барысында олардың дене, ақыл-ой және адамгершілік даму мүмкіндігін барынша қамтамасыз ету. Біздің елімізде арнайы м.д. мекемелерінің жүйеленген жүйесі құрылған. [4]

Қорыта айтқанда дамуында ауытуы бар балармен түзету жұмыстарын жасау үлкен еңбек пен қажымас қайратты талап етеді. Түзету жұмысын жүргізетін маман жан – жақты білімді бала психологиясын терең зерттеген сонымен қатар барлық түзету жұмыстарын жүргізетін саланы жақсы білетін болу қажет. «Бала елдің болашағы» сол себепті дамуында ауытқуы бар

балалармен жұмыс жасау олардың жағдайын сәл де болса өзгерту әрбір маманның парызы.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. А.В.Семенович «Нейропсихологическая диагностика и коррекция в детском возрасте» Москва 2002 г. Стр: 53 ISBN 5-7695-0772-1
2. Исакова М.С «Арнайы психология» Алматы 2016ж 12-14бет ISBN 978-601-310-353-3
3. А.В.Семенович «Нейропсихологическая диагностика и коррекция в детском возрасте» Москва 2002 г. Стр: 53 ISBN 5-7695-0772-1
4. Исакова М.С «Арнайы психология» Алматы 2016ж 12-14бет ISBN 978-601-310-353-3

*Ғылыми жетекші- әлеуметтік ғылымдар магистрі Қазбергенова Р.А.*

## **ТҰЛҒАЛЫҚ-БАҒДАРЛЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАР НЕГІЗІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ КОММУНИКАТИВТІЛІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

**Рысмағанбетова Н.**

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті

Еліміздің білім беру жүйесінде әлемдік дейгейге жету үшін жасалып жатқан талпыныстар жағдайында әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, терең білімді, ізденімпаз, барлық іс-әрекетінде шығармашылық бағыт ұстанатын, сол тұрғыда өз болмысын таныта алатын жеке тұлғаны қалыптастыру маңызды міндет болып отыр. Осы тұрғыда тұлғалық бағдарлы технологиялар негізінде студенттердің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру өзекті мәселелердің бірі екені байқалды. Білімнің түрлі салаларындағы ғылымдардың, философтардың, психологтардың, педагогтардың тұлғалық бағдарлы оқыту мәселелеріне деген терең және үздіксіз қызығушылығы да қозғалып отырған мәселелеріне деген терең және үздіксіз қызығушылығы да қозғалып отырған мәселенің маңыздылығын дәлелдей түседі. Ол үшін алдымен «тұлғалық бағдарлы оқыту» дегеніміздің не екенін түсініп алғанымыз жөн. Тұлғаны қалыптастыру, оның шығармашылық даралығын дамыту, баланың бар мүмкіншілігін ашып, оны жүзеге асыру білім беру жүйесінің басты бағыттары. [1]

«Тұлғалық-бағдарлы білім беру», «тұлғалық-бағдарлы тұрғы» ұғымдарының түсіндірмесінде әр алуан пікірлер кездеседі. Бұл пікірлердің көптігі былайша түсіндіріледі: кез-келген оқытудың түрі тұлғаны дамытуға бағытталған, яғни олардың әрқайсысын тұлғалық-бағдарлы оқыту деп тануға болады. Бүгінгі таңда оқытудың түрлі модельдері мен технологиялары жасалуда. Олардың әрқайсысы «тұлға», «тұлғаның дамуы», «тұлғалық-бағдарлы білім беру» ұғымдарын өз бетінше түсіндіреді. «Тұлға» ұғымының итималогиясына тоқталсақ. Ағылшынның тұлға («personality») сөзі латынның «persona» сөзінен шыққан. Бастапқыда бұл сөз ежелгі грек драмасында театр қойылымы үшін келетін бетпердені білдіреді. Осылайша, басынан –ақ «тұлға» ұғымына жеке адамның белгілі бір рөлдерді орындағанда енетін сыртқы, әлеуметтік бейнесі деген мән берілген. Кейін бұл сөзбен актердің өзімен оның рөлін белгілеген. Рим халқында «persona» сөзі міндетті түрде рөлдің (әке тұлғасы), белгілі бір әлеуметтік қызметін атап көрсетумен бірге қолданылған. Осылайша, «тұлға» ұғымының бастапқы мағынасы –бұл адамның белгілі бір әлеуметтік рөлі немесе қызметі. «Тұлға» ұғымы философия, педагогика ғылымдарында зерттелуде. Ұғымды түсіндіруде шетел психологияда бірнеше тұлғалар бар: әлеуметтік-генетикалық, биологиялық-генетикалық және психогенетикалық. «Тұлға-индивид-бұл қоғамда индивид қатысатын қоғамдық сипатта болатын қарым-қатынас жиынтығында меңгерілетін ерекше қасиет». «Психологияда тұлға-бұл пәндік іс-әрекетте және қарым-қатынаста индивидтің меңгеретін жүйелі(әлеуметтік)қасиет,ол индивидтің қоғамдық қатынастардың қалыптасу

деңгейін көрсетеді. А.Маслау білім берудің ізгіліктік бағытта жүргізілуін қолдайды. Ол студенттердің қызығушылықтарын, психикасын, жеке ерекшеліктерін есепке ала отырып, бала тұлғасын құрметтеу керектігін айтқан. К.Роджерс өзінің «Мен-тұжырымдамасын» дәлелдей отырып, балаға оның ой-сезімдеріне сәйкес өмір сүруге үйрету керектігін ұсынады. Авторлардың еңбектерінде тұлғалық тұрғыдан білім беру моделін құруда құнды болатын төмендегі ережелерін атап шықсақ:

- тұлға генетикалық және биологиялық факторлардың негізінде қалыптасады. Олардың генетикалық деңгейде салынып тұрған денелік және жүйке-психикалық дамуының белгілі бір бағдарламалары бар. Оларды дер кезінде және дұрыс өрістету баланың психикалық даму деңгейін және баланың әлеуметтік ораға енуін анықтайды;

- бастапқыда бала тұлғалық өсу мен өзін-өзі іске асыруға ұмтылады;

- адам өзінің жеке іс-қимылдарын басқаруға, ортаның әсерін жеңуге, өзін-өзі жетілдіруге, өзін-өзі дамытуға қабілетті саналы тірі ағза;

- баланың мінез-құлқына оның объективті құбылыстардың көрінісі ретіндегі субъективті құбылыстардың көрінісі ретіндегі субъективті әсерленушілігі елеулі әсерін тигізеді;

